

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті



*Егер де көкте құдайдың, кеудемізде
жанның бары рас болса, онда адамзат
тірлігі де риторикадан ажырағысыз.*

С.Лихуд

*Белгілі шешендіктанушы ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Махамбет» республикалық әдеби, мәдени және танымдық журналының бас редакторы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері **Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы 60 жаста***

**«ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ
САЛАСЫНДАҒЫ ШЕШЕНДІКТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РИТОРИКИ В
СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ И СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ»**

Международная научно-практическая конференция

**«ACTUAL PROBLEMS OF RHETORIC IN MODERN
SOCIETY AND EDUCATION»**

international scientific and practical conference

Қазақстан
БҚО, Орал қаласы
17 қараша 2023 жыл

II

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МАХАМБЕТ ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ



*Егер де көкте құдайдың, кеудемізде
жанның бары рас болса, онда адамзат
тірлігі де риторикадан ажырағысыз.*

С.Лухуд

*Белгілі шешендіктанушы ғалым, педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан
Ұлттық құндылықтар академиясының академигі, Қазақстан Журналистер одағының
мүшесі, «Махамбет» республикалық әдеби, мәдени және танымдық журналының бас
редакторы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері*

Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы 60 жаста

**«ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ
ШЕШЕНДІКТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РИТОРИКИ В СОВРЕМЕННОМ
ОБЩЕСТВЕ И СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ»**

Международная научно-практическая конференция

**«ACTUAL PROBLEMS OF RHETORIC IN MODERN SOCIETY AND
EDUCATION»**

international scientific and practical conference

Қазақстан
БҚО, Орал қаласы
17 қараша 2023 жыл

УДК 80/81
ББК 81.2
Қ22

Ғылыми жинақтың жалпы редакциясын басқарған, өңдеген педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі **Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев**

Редакциялық алқа:

педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик **Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев**
биология ғылымдарының кандидаты, профессор **Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиев**
филология ғылымдарының докторы, профессор, академик **Серік Негимов** (Астана)
ҚР Парламенті Сенатының депутаты, сенатор, кеңесші **Сәрсенбай Құрманұлы Еңсегенов** (Атырау)
география ғылымдарының кандидаты, профессор **Қажымұрат Мақсотұлы Ахмеденов**
педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Жаңалық Қылышқызы Балтабаева** (Алматы)
биология ғылымдарының кандидаты **Гүлжихан Смаилқызы Қайсағалиева**
педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Жарқынбике Нуайқызы Сүлейменова** (Алматы)
филология ғылымдарының докторы, профессор **Жандос Смағұл** (Қарағанды)
мәдени тынығу жұмысының магистрі **Мерген Қуанышұлы Сүлейменов**
филология ғылымдарының докторы, профессор **Ахмен Буран** (Түркия, Фырат университеті)
филология ғылымдарының докторы, доцент **Экрен Аян** (Түркия, Мугла Сытқы Кочман университеті)
философия ғылымдарының докторы, профессор, академик **Алтай Тайжанұлы Тайжанов** (Ақтөбе)
химия ғылымдарының кандидаты, академик **Әділхан Төлегенұлы Дүйсебек** (Астана)
педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик **Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов** (Алматы)
филология ғылымдарының докторы, профессор **Мұрат Бөкенбайұлы Сабыр** (Орал)
филология ғылымдарының кандидаты, доцент **Нұрбол Абдоллаұлы Сәдуақас** (Ақтөбе)
философия ғылымдарының кандидаты **Мағжан Садыханұлы Садыханов** (Астана)
педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор **Рауан Нармаханқызы Бегалиева** (Шымкент)
философия ғылымдарының кандидаты, профессор **Сәлімгерей Болатқалиұлы Аймұратов** (Атырау)
философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор **Наргиза Смаилқызы Балтабаева** (Алматы)
магистр **Гүлсін Ероғлу** (Түркия, Гази университеті)
педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор **Марат Қайыржанұлы Әжіғалиев**
философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор **Айдарбек Ахметұлы Ақболатов** (жауапты хатшы)
магистрант **Мақсат Абатұлы Қыдыршаев** (Universita di Siena, Италия)
ғылыми қызметкер **Бақытбаева Гүлбибі Сағынайқызы** (Орал)

Қ22 «Қазіргі қоғамдағы және білім беру саласындағы шешендіктанудың өзекті мәселелері»: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. - Орал: М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, БАҚ және баспа орталығы, 2023. - 262 бет

ISBN 978-601-266-629-8

Жинақта қазіргі қоғам мен білім беру саласындағы шешендіктану (риторика) ілімінің қалыптасуы мен даму белестері, шешендік өнер теориясы мен оны іс жүзінде қолдану, жеке тұлғаны шешендік білік-бағдыларға баулу әдістемесінің көкейкесті мәселелері қарастырылады. Материалдарда шетелдік және отандық ғалымдардың ғылым және білім беру туралы ғылыми-зерттеу нәтижелері, жаңа тың деректері қамтылған. Жинақ шешендіктанудың теориясы мен практикалық мәселелеріне және риториканы оқыту әдістемесімен айналысып жүрген жоғары мектептің профессор-оқытушыларына, ғалым-педагогтарына, орта мектептің мұғалімдеріне, жалпы тіл мен әдебиет жанашырларына арналған.



Мақалалар авторлық редакциялау негізінде жарияланып отыр.

©М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың БАҚ және баспа орталығы, 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті **2023 жылы** Жоғары оқу орындарындағы шешендіктану: **17 қарашада** белгілі шешендіктанушы ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі, «Махамбет» республикалық әдеби, мәдени және танымдық журналының Бас редакторы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері **Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының** 60 жылдық мерейтойына орай **«Қазіргі қоғамдағы және білім беру саласындағы шешендіктанудың өзекті мәселелері»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына қатысуға шақырады.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының негізгі бағыттары:

- Профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының ғалымдық, ритор-педагогтық және көшбасшылық тұлғасы;
 - Қазіргі қоғамдағы шешендіктану: тарихы, философиясы және практикалық қажеттілігі;
 - Қазақ дипломатиялық шешендіктануының тарихи арналары; педагогикасы, психологиясы және әдістемесі;
 - Педагогикалық шешендіктану және ритор-педагогтың шешендік шеберлігін жетілдіру мәселесі;
 - Шешендік дәстүр және ұлт руханияты. Шешендік – ұлттық құндылық көзі;
 - Қазақ мектебіндегі шешендіктану: теориясы, оқыту технологиясы және тәрбиелік мәні;
 - Философия және шешендік өнер. Шешендік тағылым және көшбасшы шешендігі;
 - Риторикалық дискурс: когнитивті-прагматикалық және құрылымдық-стилистикалық аспектілері;
 - Риторикалық мәдениетті қалыптастыру – рухани жетілудің тиімді жолы;
 - Лингвориторикалық парадигма: теориялық және қолданбалы аспектілері;
 - Сырым Датұлы шешендік сөздерінің тағылымдық сипаты;
 - Шешендіктанудағы юмор мәселесі. Тарихи тұлғалар шешендігінің көркем әдебиеттегі көрінісі;
 - Қазақ афористикасының танымдық-тағылымдық сипаты.
- Ғылыми-тәжірибелік конференция **қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдерінде** өтеді.

Өтетін орны: БҚО, Орал қаласы, Достық даңғылы, 162, М.Өтемісов атындағы БҚУ, Бас ғимараты, 205-конференц. залы

Өткізілу формасы: офлайн және онлайн. **Идентификатор:** 680 053 8000.

Коды: 950191

Сілтемесі:

<https://us05web.zoom.us/j/6800538000?pwd=Yy93U004aFFJbFR6aGVBR3dSRnl3QT09>

Ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарына қойылатын талаптар:

Баяндама мәтіні – 5-8 бетке дейін. Шрифт: Wort, Times New Roman, кегль – 12. Аралық интервал – 1, барлық жиектердің ені – 2 см. Жолдың оң жағына автордың аты мен тегі, одан кейінгі жолға ғылыми атағы мен дәрежесі, келесі жолға жұмыс орны, мекенжайы (қаласы, елі), одан кейін электронды поштасы, ортаға бас әріптермен баяндаманың тақырыбы беріледі. Жаңа жолдан мақала мәтіні жазылады. Мақала соңында әдебиеттер тізімі ұсынылады. Әдебиеттерге сілтеме тік жақшада [1,45] рет саны бойынша беріледі.

Ұйымдастыру комитеті материалдарды сұрыптау мәселесін өзі шешуге құқылы. **Мақалалар мен өтініш формасы** kdirshaev_abat@mail.ru электрондық поштасына жіберілуі тиіс. **2023 жылдың 10 қарашасынан кешіктірілген материалдар**, сондай-ақ ғылыми-әдістемелік конференция тақырыбына және талапқа сәйкес келмейтін материалдар қабылданбайды. Мақала авторлары ұсынылған материалдардың мазмұны мен сауаттылығына жауап береді. Қабылданған материалдар қайтарылмайды.

Халықаралық ғылыми-практикалық **конференцияға қатысу тегін**. Конференцияның материалдар жинағы жарық көреді және PDF форматында дайындалып таратылады.

Конференцияға қатысу үшін өтініш үлгісі

1.	Тегі, аты, әкесінің аты (толығымен)	
2.	Мекеме атауы	
3.	Лауазымы, ғылыми атағы мен дәрежесі	
4.	Мекен-жайы (ел, индекс, қала, көше, үй мен пәтердің нөмірі)	
5.	Байланыс телефон	
6.	Электронды пошта (e-mail)	
7.	Мақала атауы	
8.	Конференция бағытының атауы	
9.	Конференцияға қатысу формасы (іштей / сырттай)	
10.	Қонақүй қажеттілігі (иә / жоқ)	

Конференцияға қатысушылардың іссапар шығындары жіберуші ұйымның есебінен төленеді.

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы мен байланыс телефоны:

Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, 090000, Орал қ., Достық даңғылы, 162, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Бас ғимараты, № 211-кабинет. Баяндама мәтіні мына пошталарға жолданады: kdirshaev_abat@mail.ru; baqytbaevaааа@mail.ru; aidarbek_akbulat@mail.ru

Толық ақпарат алу үшін **Бақытбаева Гүлбибі Сағынайқызына** baqytbaevaааа@mail.ru электрондық поштасы немесе 8(7112)51-37-82 жұмыс телефоны арқылы хабарласуға болады.

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

**«Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КеАҚ
мен «Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігі
арасындағы ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Орал қаласы

«17» қараша 2023 жыл

«Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КеАҚ, жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы – *ректоры Серғалиев Нұрлан* Хабиболлаұлы және «Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігі, жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы Дүйсебек Әділхан Төлегенұлы, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Ғылым туралы» Заңын, «Қоғамдық бірлестіктер» туралы Заңын және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып, Осы ынтымақтастық туралы Меморандум (*бұдан әрі Меморандум*) жасасты.

1. МЕМОРАНДУМНЫҢ МӘНІ

Меморандумның негізгі мәні - Меморандумда айқындалған бағыттар бойынша тараптарының өзара бірлескен іс-қимылын қамтамасыз ету, әріптестік қатынастарды, өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту және өзара мүддені білдіретін барлық аспектілер бойынша белгіленген құзырет шеңберінде олардың иелігіндегі ақпаратпен алмасу.

2. МЕМОРАНДУМНЫҢ МАҚСАТЫ

Меморандумның мақсаты – Қазақстанның тұрақты прогресі мен жастар тәрбиесінің негізі болып табылатын ұлттық құндылықтарды зерттеу, оларды орта білім беруде, жоғары педагогикалық білім беруде, сонымен қатар мәдени, әлеуметтік ортада жүзеге асыру мақсаттарында ықпалдаса қызмет атқару.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Осы Меморандумды орындау мақсатында Тараптар өзара ынтымақтастықтың келесі бағыттарын айқындайды:

3.1. Ұлттық құндылықтардың мәні мен қызметіне ғылыми зерттеулер жүргізу, орта білім беру және жоғары педагогикалық білім берудің тұжырымдамасы мен мазмұнын ұлттық құндылықтар аясында жетілдіру бойынша уәкілетті органдарға ұсыныстар енгізу.

3.2. Қазіргі жасөспірімдер, студенттер мен жастар ортасын, олардың дүниетанымын, әлеуметтік, психологиялық хал-ахуалын, құндылық бағдарларын, қауіпті тәуекелдерді бірлесе зерделеу, талдау мақсатында «Қазіргі балалар мен жастардың әлеуметтік-педагогикалық портреті» тақырыбында бірлесе кешенді әлеуметтік педагогикалық зерттеулер жүргізу.

3.3. Ұлттық құндылықтарды, тәрбиелік асыл қағидаларды насихаттау, дәріптеу және білім мен тәрбие үрдісіне енгізу бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектер мен оқу-әдістемелік құралдар жариялау, озат тәжірибелерді саралау және тарату, көрнекті тұлғалардың өнегелі өмір жолын насихаттау.

3.4. Университет студенттері, магистранттары мен докторанттарының ұлттық құндылықтар тақырыбында бірлескен ғылыми жұмыс жүргізуіне ықпал ету, Ұлттық құндылықтар академиясын олардың практика базасы ретінде қолдану.

3.5. Бірлескен жұмыс үшін өзара материалдар, ақпарат алмасулар, залдарды, кеңселерді, алаңдарды бірлесіп пайдалану үшін жағымды жағдайлар жасау.

3.6. Ұлттық құндылықтар мен балалар мен жастар тәрбиесі мәселелері бойынша бірлескен конференциялар мен форумдар ұйымдастыру, дәріс, тренинг, семинарлар өткізу.

3.7. Шетелдік білім беру ұйымдарымен, ғылыми орталықтармен, халықаралық ұйымдармен, қорлармен, үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастықты бірлесе орнату, бірлескен жобаларды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен тыйым салынбаған және Меморандум мақсаттарына сәйкес келетін басқа қызмет түрлерін жүзеге асырады;

4. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ШАРТТАРЫ

4.1. Осы Меморандумның аясында Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, басқа да нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады және өзара ықпалдастықты тең құқықтылық, ашықтық және сенімділік принциптері негізінде жүзеге асырады.

4.2. Тараптар осы Меморандумның тармақтарын орындау мәселелері бойынша бір-бірімен туындаған мәселелерді қарастыру және бірлескен іс-қимылдарды жүргізу үшін Тараптар жіберген басшылар немесе өкілетті өкілдер арқылы өзара әрекет жасайды.

4.3. Осы Меморандум ешқандай Тарапқа қаржылық міндеттемелер жүктемейді. Әрбір Тарап осы Меморандумның өкілеттіктерін орындаумен байланысты барлық шығыстарды, шығындарды, төлемдерді және өзге де төлемдерді дербес көтереді.

4.4. Тараптар қаржылық және заңды ынтымақтастық шарттары бойынша сұрақтарды әрбір нақты жағдайда жеке және азаматтық-құқықтық шарттарды жасасу негізінде анықталатынына келіседі.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. Меморандум Мемлекеттік тілде заң күші бірдей екі данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан жасалды.



5.2. Осы Меморандум жасалған сәттен бастап күшіне енеді және 3 (үш) жыл бойы қолданылады. Осы мерзім өткеннен кейін Меморандум меморандумға Қосымша келісім жасасу арқылы Тараптардың өзара келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

5.3. Меморандум Тараптардың бірінің жазбаша хабарламасынан біржақты соттан тыс тәртіппен мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін және екінші Тарапқа Шарттың тоқтатылғаны туралы хабарлама жіберілген күннен бастап алты ай өткен соң өз қолданысын тоқтатады.

6. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

6.1. Тараптар бірлескен қызмет нәтижесінде алынған ақпаратты Тараптардың бірінің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермеуге міндеттенеді.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ, ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛДАРЫ

<p>«Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КеАҚ</p> <p>090000, Қазақстан Республикасы, Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 162.</p> <p>Басқарма төрағасы - ректоры  Н.Х.Серғалиев</p> <p>17 қараша 2023 жыл</p>	<p>«Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігі</p> <p>010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Б. Момышұлы даңғылы, 16.</p> <p>Басқарма Төрағасы  Ә. Дүйсебек</p> <p>17 қараша 2023 жыл</p>
--	---

БАЙСАЛДЫЛЫҚ БЕЛГІСІ

Профессор Абат Сатыбайұлына

Қарайтұғын белес пе бұл әр тұсқа,
Өмір толы күрес пенен тартысқа.
Ақсақалдық алыстау деп жүргенде,
Ақыл айтар келді, міне, алпыс та!

Сағынышпен еске ала ма жас шағын,
Еңбекпенен өтер сәттер қас-қағым.
Елеңдеген шәкірттерін ортаға ап,
Кемелденер одан сайын жас па бұл.

Ілім іздеп, аттанатын сапар көп,
Күндер, күндер ойлауменен батар көп.
Құраны оның- таусылмайтын шешендік,
Ұраны оның-мәңгі батыр Махамбет!

Аласармас шындар, сірә, тозбас тау,
Алпыс деген-байсалды боп көз тастау.
Ел алдына шығып әркез биіктен,
Оңай емес Жиреншедей сөз бастау!

Жастар үшін ескірмейтін сабақ бұл!
Даналар да ескерткіш боп қарап тұр.
Нақыл сөзін теру керек қазақтың.
Ақылын ап алпыстағы Абаттың!

Ғайсағали СЕЙТАҚ

*Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, Төлеген Айбергенов
атындағы сыйлықтың лауреаты*

ӨНЕГЕ ЖОЛЫ ЖАТЫР ӨМІРІНДЕ

Абат Сатыбайұлына

Сынаққа салғанымен сындарлы күн,
Бұзбайтын қатаң сақтап «Тіл жарлығын».
Сатылай оқытатын шәкірттерін,
Сатыбай баласындай кім бар бүгін?
Білімнің тереңдігін ұғындырар,
Сырымның өнеге етіп ділмарлығын.

Ұлыдай төгіп жатса ұлағатын,
Айтқанын ыждағатпен ұға алатын.
Шыныдай мөлдірейді студенттер,
Демосфен, Цицеронның сұрап атын.
От алып: “Ғалым болам!” - дейді сосын,
Қопарып ғасырлардың мұрағатын.

Көрмесе қиянат пен қайғы Алашы,
Болса деп ізгілікке бай даласы.
Жүреді Ахметтердің соқпағымен,
Қайраса қайратты ұлды қайманасы.
Рухыңды көтерем деп тырысқасын,
Рухани жаңғырады айналасы.

Адалдық танытады жолдасына,
(Басын көп қатырмайды болмашыға).
Жұмысқа асығады апта бойы,
Шабыттың мініп алып жорғасына.
Себебі махаббатпен, мейіріммен,
Келеді Махамбеттің ордасына!

Өнеге жолы жатыр өмірінде,
Көлемді еңбек жазу көңілінде.
Әр ісін сабақ қылып кейінгіге,
Дәрісін оқыр салып қоңыр үнге.
Аман-сау жүрсін біздің ұстазымыз,
Жарқырап “Ерен еңбек” өңірінде!

ЖАНСАЯ МУСИНА

шәкірті, айтыскер ақын,

«Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, VII «Алтын домбыра» иегері

Алғыс алдың елден шын

(Абатқа)

Алпыс жасқа жеттің, міне, тұғыр нық,
Солбір шақтың бізден ән мен жырын күт.

Абат, сенің жүрген жолың, ізіңнен,
Қанша еңбек, төккен терді ұғындық.

Топ басшысы болдың жанды ұғатын,
Тасып жүрді жүректе күш-қуатың.
Мақсатыңның биік шыңы бағынып,
Орындалды ойдағы арман-мұратың.

Жүрек қалап сөз өнерін келгенсің,
Ізденімпаз студент боп енгенсің.
Еткен еңбек жеміс беріп әрдайым,
Ұстаз болып, алғыс алдың елден шын!

Мақтанамыз өзіңменен, **Абатжан!**
Ортамыздан шыққан ғалым - озат жан!
Танытып та жүрсің түркі жұртына,
Шешендерді аузына әлем қаратқан.

Мерейтойды игілікке жараттың,
Қазынасын ел, халықтың балап мың.
Жиналғандар тәнті болып қатысты,
Сөз өнерін қадірлеген қарап шын.

Мерейтойың құтты болсын ардақты,
Арқалаған таудай міндет - салмақты.
Кеудемізде сондай ырза көңіл-күй,
Себебі сен - ұстаз-ғалым жан-жақты!

Жастық шақты бірге өткізген досымыз,
Өзіңменен мақтанамыз осы біз!
Өзің сынды ізбасарлар көбейсін,
Тың еңбекпен түрен салып тосын із!

Шырқатамыз қуанышты асқақ әнін,
Бұл ғанибет - жатырған бастау алып!
Құт болсын туған күні **Абатжанға**,
Алпысы құтты болсын асқаралы!

Тілек иелері: группаластары (1981-1985 ж.ж.)

15 қараша 2023 жыл

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Н.Х.Серғалиев,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректоры, б.ғ.к., профессор

Құрметті ғалым-қонақтар! Ардақты әріптестер, ұстаздар мен студенттер! Біздіңше, бүгінгі күн – Ақжайықтың ғылыми кеңістігінде арайлы да шұғылалы сәттердің бірі. Университетімізде өтіп жатқан **“Қазіргі қоғамдағы және білім беру саласындағы шешендіктанудың өзекті мәселелері”** атты халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференциясына еліміздің іргелі оқу орындарынан әдебиеттанушы ғалым, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, академик Серік Негимов (*Астана*), Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессорлары, педагогика ғылымдарының докторлары Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов (*өнертанушы*), Жаңалық Қылышқызы Балтабаева (*тілтанушы*), Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Жарқынбике Нуайқызы Сүлейменова (*Алматы*), философ ғалым, Марат Оспанов атындағы Ақтөбе медициналық университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы, академик Алтай Тайжанұлы Тайжанов, ҚР Парламенті Сенатының эксдепутаты, сенатор, кеңесші Сәрсенбай Құрманұлы Еңсегенов, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұрат Бөкенбайұлы Сабырлардың келуі және Түркия елінің Фырат университеті, Мугла Сытқы Кочман университеті, Гази университеті, Италия елінің Siena университеті (Universita di Siena) және Шымкент, Атырау, Қызылорда, Қарағанды, Ақтөбе, Ақтау, Петропавл (Қызылжар), Өскемен, Талдықорған қалаларынан, білім, ғылым ордаларынан қонақтардың арнайы қатысуы бүгінгі ғылыми мәжіліске және Махамбет университетіне көрік әрі салмақ әкелгені даусыз.

Қазақ халқында шешендік өнері, шешендіктану (*риторика*) ілімі бағзы мәдениет бұлақтарынан бастап б.з.б. V-VII ғ.ғ. арғы қазақ арналарынан бері жақсы дами бастаған. Ескі Эллада елінде риторикадан дәріс алған ойшыл Анақарыс бабамыз бұған дәлел. Баба мұрасына қайтара үңілген сайын тән жанның, жан жаратқанның аманаты екенін аңғара түсеміз. Қай кезеңде де жақсылық та тілден, жамандық та тілден болғанға ұқсайды. Қашан да сый жеңгендікі, сөз тергендікі емес пе... Ал біздің елімізде жыраулық мектеп қайнары – Жиембет, Шалкиіздер, сондай-ақ Әйтеке би, Сырым, Махамбет шешендігі – қазіргі зерттеуіміздің алтын қайнарлы басқыштары.

Қадірлі қонақтар! Қазақстан Республикасындағы екінші жоғары оқу орны – Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті 90 жылдық белді белесті артқа қалдырып, заманмен бірге қадам басып, заманауи ғылымдар биігін бағындырып келеді. Ғалымдарымыз өткен ғасырдың отызыншы жылдары *махамбеттану ілімінің (академик Қажым Жұмалиев)* түренін салып, алпысыншы жылдары *халықтық педагогика ғылымын (профессор Мәтжан Тілеужанов)* қалыптастыра алса, XXI ғасыр басында *шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негізін (профессор Абат Қыдыршаев)* салды. Бір ғажабы, 2022 жылдан бері университет қабырғасында “Махамбет” республикалық әдеби, мәдени және танымдық журналы даярланады. *Басылымның бас редакторы – профессор Абат Сатыбайұлы.*

Ұлан-байтақ Қазақстанның рухани әлемі – жеке-дара ғылыми мектептерге бай. Керекуде Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Семейде Шәкәрім, Астанада руно балбал тастары, Атырауда Қабдоловтану, Алматыда көзі тірісінде аңызға айналған тілтану, шешендіктану саласының бірегей маманы, ірі лингвист, әдіскер ғалым Нұржамал Оралбаева мектептері күллі Қазақстанға, ТМД елдеріне әйгілі. Бүгінгі мерейтой иесі, ғалым Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев – осы филология ғылымдарының докторы,

академик, әйгілі ғалым Нұржамал Оралбаева мектебінің түлегі. Абат Сатыбайұлы ғылыми кеңесшісі Нұржамал Оралбаевамен бірлестікте зерделеу ісін жүргізіп, шешендіктану ілімін жоғары, арнаулы, орта мектеп бағдарламаларына енгізді. Мерейгер Абат Қыдыршаев алғашқы лекте қазақ орта мектебінде (1985-1990 ж.ж.) бес жылдай молынан тер төгіп, әуелі *“Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы”* тақырыбында кандидаттық диссертациясын (1995) қорғаса, кейін *“Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері”* (Жоғары оқу орнының гуманитарлық бөлімдерінде) тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының докторы атанды. Бұл ғылыми табыс Қазақстанның Батыс аймағы үшін айтулы абырой болды. Бүгінгі таңда Абат Сатыбайұлы – Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі, “Ерен еңбегі үшін” медалінің иегері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Ендігі кезекте қазақ шешендіктану ғылымының теориясы мен әдістемесіне кешенді түрде зерттеулер жүргізіліп, мемлекеттік гранттық жобалар әзірлеу, “Педагогикалық риторика” монографиясының, “Шешендіктану” оқулығының толықтырылған, өңделген басылымдарын шығару келешегі (перспективасы) кезекте.

Ойшыл С.Лихудтың *“егер де көкте Құдайдың, кеудемізде жанның бары рас болса, онда адамзат тірлігі де риторикадан ажырағысыз”* деуі тегін бе. Философ, профессор Сәбитқазы Ақатаев: *“ Шешендік сөз – тек ауыз әдебиеті жанры емес, шешендік сөз әдебиетке де, философияға да ортақ... Ол – әлемді рухани игерудің формасы, пайымдар мен ақыл-ой жиынтығы”* деген-ді. Ал халық даналығында адамның сөзі – оның ақылының өлшемі делінеді. Бүгінгі таңда зиялы адамның сүреңсіз де сәлекет сөйлеуі, яғни, шешен сөйлеу мәдениетінің төмендігі адам баласының оқи және жаза білмеуі сияқты ыңғайсыз көрінуі тиіс, ал білім беру мен тәрбиелеу ісін толық жүзеге асыруды шешендіксіз көзге елестету қиын. Осы асыл сөз түйіндері конференцияның ғылыми лейтмотиві болуы тиіс деген ойдамын.

Құрметті қонақтар, ғылымға жаңа келген жас достар! Аталмыш конференция шешендіктану көкжиегін айқара ашып, жаңа ізденістер мен жаңа ашылыстардың бастауы болғай!

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРІ**



**МИНИСТР
НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Астана қаласы,
«Министрліктер үйі»

город Астана,
«Дом министерств»

Құрметті Абат Сатыбайұлы!

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі және өз атымнан ізгі ниет, игі тілектермен Сізді мерейтойыңызбен құттықтаймын!

Сіз осынау асқаралы алпыс жасқа толайым табыстармен, үлкен жетістіктермен жеттіңіз. Саналы ғұмырыңызды білім мен ғылым саласына арнап келесіз.

Терең білім мен табанды еңбегіңіздің нәтижесінде бүгінде Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, профессор атағына ие болып отырсыз.

Еңбек жолыңызда өскелең ұрпақты біліммен сусындатып, сан буынның қадірменді ұстазы, ардақты тәлімгері атандыңыз. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының екі мәрте иегері болуыңыз біліктілігіңіз бен кәсібилігіңіздің жоғары деңгейін көрсетеді.

Қазақ тіл білімінің әдістеме саласын дамытудағы еңбектеріңіздің, оның ішінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасын зерттеуіңіздің орны айрықша.

Халқымыздың бай шешендік өнерін насихаттауға қосқан зор үлесіңіздің жарқын мысалы – «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері», «Шешендіктану», «Шешендік өнер» сияқты республикаға танымал және көптің игілігіне айналған оқу-құралдарыңыз.

Мерейлі жасыңызда Сізге және отбасыңызға амандық, ғылыми-шығармашылық ізденістеріңізге кең өріс, ұстаздық еңбегіңізге мол табыс тілеймін!

Құрметпен,

Саясат Нұрбек



ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті Абат Сатыбайұлы!

Сізді мерейлі 60 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

«Үстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, педагог атаулыға құрмет қашан да биік.

Орал өңірінде шешендік өнердің туын жоғары көтеріп, педагогика ғылымдарына зор үлес қосқан айтулы тұлғасыз.

Көп жыл бойы ұстаздық етіп, ғылыми еңбектер жазып, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде абыройлы қызмет атқарып, шәкірттердің шығармашылық қабілетін жона білген, шыңдай білген ардақты ұстаз, парасатты ғалым, білгір мамансыз.

Осынау мерейтойға орай қазақ елі үшін білікті педагогикалық кадрларды дайындау, ұлттық элитаны қалыптастыру, өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен өңірдің әлеуметтік-мәдени дамуына қосқан үлесіңіз үшін алғысымды білдіремін.

Өзіңізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға бақ-береке мен қызметіңізге толағай табыстар тілеймін!

**Құрметпен,
Батыс Қазақстан
облысының әкімі**

Н. Төреғалиев

*Орал қаласы,
қараша, 2023 жыл*

О Р А А



ҚҰРМЕТТІ АБАТ САТЫБАЙҰЛЫ!

Сізді 60 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Ақжайық жұртшылығы ұлағатты ұстаз, ғибратты ғұмырын білім саласын дамытуға арнаған үздік педагог әрі қоғам қайраткері, дархан даланың дарабозы, өнегелі өмір белестері тағылымға толы өзіңзді ерекше қадірлейді. Педагогикалық-ғылыми жұмыста асқан жауапкершілікпен, шебер ұйымдастырушылық қабілетіңізбен даралана білдіңіз. Біз қашанда ерен еңбекпен шыңдалған жасампаз болмысыңызды, көсемдік пен шешендік қатар дарыған азаматтық биік тұлғаңызды үлгі тұтамыз.

Сізді бүгінгі мерейтойыңызбен тағы бір мәрте құттықтай отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, шаңырағыңызға шаттық пен береке, ортаймас несібе-дәулет тілеймін. Жас ұрпақ тәрбиелеуде атқарып жатқан еңбегіңіз елене берсін!

Ізгі тілекпен
Орал қаласының әкімі



M. Satqanov
М. Сатқанов

Қайырлы күн, құрметті қонақтар, құрметті шараға қатысушар!

Баршаңызды бүгінгі халықаралық конференцияның өту барысымен құттықтаймын!

Бүгінгі конференцияға алыс-жақыннан келген қонақтар мен еліміздің басқа қалалары мен Түркия елінің университеттерінен офлайн/онлайн қатысып отырған ғалымдар бар. Баршаңызға сәттілік тілеймін!

Біз бас қосып отырған М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті – 90 жылдық тарихы бар Қазақстандағы ең байырғы жоғары оқу орындарының бірі.

1932 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін үлкен тарихи жолдан өткен қара шаңырақ өзіндік брендін қалыптастырып, еліміздегі жоғары оқу орындары ішінен ойып тұрып орын алды. Бүгін де университет түлектері түрлі салада табысты еңбек етіп, еліміздің өркендеуіне сүбелі үлес қосып жүр. Университет ұжымы қазіргі жаһандану дәуірінде тіл үйрену, ғылымға бет бұру, жаңа технологияларды игеру, ұлттық мәдениетті дамыту, заман талабына сай ұстаздар даярлау, болашақ чемпиондарды әзірлеу, халықаралық деңгейде ұлт мүддесін қорғау сияқты маңызды бағыттар бойынша мамандар даярлауда маңызды міндетті абыроймен атқарып келеді. Сондай-ақ, өзіндік дәстүрлері мен құндылықтарын қалыптастырған бірден - бір білім ордасы. Бұл, ең алдымен, қазақ ғылымының көрнекті тұлғалары, биология ғылымдарының докторы, профессор Всеволод Иванов, математик-ғалым Асан Тайманов, академик Қажым Жұмалиев, филология ғылымдарының докторы Мәтжан Тілеужанов сынды корифейлер қалдырған асыл мұра деуге болады.

Бүгінде осынау ғалым ағаларымыздың ізінен ерген университеттегі ұстаздар мен профессорлар құрамы аянбай еңбек етіп келеді. Олардың арасында күні кеше 60 жасқа толған тілтану, әдістану, шешендіктану салаларында тер төгіп жүрген белгілі ғалым, әдіскер-педагог, педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевты** атап өткім келеді. Өйткені, бүгінгі халықаралық конференциямыз да осы мерейтойға орайластырылып өтіп жатыр.

Абат Сатыбайұлы, Сіздің есіміңіз еліміздің ғылыми жұртшылығы мен педагогикалық қауымына кеңінен таныс. Өзіңіздің ғылыми-әдістемелік еңбектеріңізбен және педагогикалық қызметіңізбен ұлттық ғылым мен білім беру ісіне өзіндік елеулі үлесіңізді қосып келесіз. Сонымен қатар, Сіз республикамызда «Шешендіктану» оқулығын тұңғыш рет жазып, мемлекеттік тіліміздің дамуына және мамандар даярлау ісіне зор үлес қосудасыз.

Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, қызметіңізге толағай табыстар тілеймін!

Құрметті қонақтар, құрметті шараға қатысушар! Баршаңызға сәттілік тілеймін!



ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті Абат Сатыбайұлы!

Сізді мерейлі 60 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздің білім және ғылым саласының дамуы мен өркендеуіне қосқан үлесіңіз зор!

Білім көшінің алға қарай жылжуына тәжірибелі, кәсіби, өз саласының білікті маманы ретінде сіңірген еңбегіңіз бен бойыңыздағы үлгі етер қасиеттерді өскелең ұрпаққа, шәкірттеріңізге сіңіре білгеніңіз баршаға аян.

Белгілі шешендіктанушы, бірнеше әдістемелік оқулықтар мен ғылыми мақалалардың авторы ретінде танымал ғалым-ұстазсыз. Сонымен қатар, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, облыстық Билер одағы қоғамдық бірлестігінің төрағасы ретінде өңірміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып жүрсіз.

Сізге, мерейтойыңыз қарсаңында шынайы алғысымды білдіре отырып, ізгі ниетпен зор денсаулық, отбасыңызға амандық, шығармашылық табыс тілеймін!

Құрметпен,
БҚО қоғамдық даму
басқармасының басшысы



Г. Мөкеева

Орал қаласы,
қараша, 2023 жыл

Құрметті Абат Сатыбайұлы!

Сіз ұлттық тілімізді осіп-өркендеуі мен оның мемлекеттік мәртебесін арттыруға, тіл білімінің ғылыми-әдістемелік негіздерін нығайту жолында еңбек етіп жүрген алімізді ғылыми жұртшылығы мен педагогикалық қауымына көңілен таныс, аяқталып кеткен ғылымдарымыздың бірлесісіз. Бұған Сіздің өзіңіз білім алып Орал педагогикалық институтында оқытушылықтан басталған еңбек жолыңыз кафедра меңгерушісі, факультет деканы, «Мағамбет» ғылыми-зерттеу орталығының, «Мағамбет» ұрпақтарлық зерттеулер институтының, «Рухани жаңғыру» институтының, «Қоғамдық даму» департаментінің директоры қызметіне ұласып, ұлымыздың өмір жолыңызда өзіңізге тапсырылған жұмыстарды абыройлы атқарып келе жатқаныңыз дәлел.

Сіздің «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертацияңыз өзіңіздің құнды бағасы, «Шешендік танудың оқытушы ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы докторлық диссертацияңыз шешендік тану ғылымына қосылған соны ұлес болды.

Сіздің қазақ тілін оқыту әдістемесі, шешендік тануды, шешендік өнерді оқыту теориясы мен практикасы, этнопедагогика, ахметтану, мағамбеттану, фарабитану, абайтану, жұбантану, және қазақ афористикасы секілді сан алуан бағыттағы қамтитын ауқымды көп 200-ден астам ғылыми-әдістемелік еңбектеріңіз бүгінгі таңда ғылыми-танымдық алмызды кеңейтіп, қоғамымызды баға жетпес қазынасына айналып отыр. Сіздің еңбектеріңіз студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және ғылыми көпшіліктің қалыңан түсініп келе жатқан бағалы дерек көздері болып саналады.

Қадірменді Абат Сатыбайұлы, біз Сізбен мақтанамыз, өйткені Сіз ғылымның қара шаңырағы атанған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде аспирантурада, докторантурада оқып, кандидаттық және докторлық диссертацияңызды университет жанындағы диссертациялық Ғылыми кеңесте ойдағыдай қорып, ғылым атаңдыңыз.

Бүгінгі 60 жылдық мерейтойыңызда Сіздің қазақ халқының рухани тағдырымен біте қайнасып келе жатқан саналы ұрмысыңыз бен шығармашылығыңызды негізгі өмір мектебіне айналуын тілейміз, осы тыңылызды да тыңдығымыз қалыңыздан таппай, табыстан табысқа жете беріңіз. Осынау илтипат істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта берей! Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ тапмасын!

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
Басқарма Штрасы - ректор



Б.Тілеп

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ



Құттықтау хат

Құрметті Абат Сатыбайұлы!



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғылыми кеңесі атынан мерейлі 60 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймын.

Сіз ұлағатты ұстаз, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, ҚР Журналистер одағының мүшесі ретінде оқытушылық және ғалымдық жолыңызды зор қажыр-қайратпен, үлкен абыроймен жалғастырып келесіз. Ұстаздықпен қатар, ұйымдастырушылық, іскерлік қабілеттеріңіздің арқасында 1990 жылы Орал педагогикалық институтына арнайы шақыртумен қызметке ауысып, 1990-1992 ж.ж. қазақ тілі кафедрасының ассистенті, оқытушысы, филология факультеті деканының орынбасары болдыңыз.

1995-1996 жж. «Қазақ тіл білімі» кафедрасының, 1996-1997жж. «Қазақ лингводидактикасы» кафедрасының меңгерушісі, 2011-2012 жылдары филология, қазақ тілі мен әдебиеті, педагогика және психология факультеттерінің деканы қызметтерін абыроймен атқардыңыз. Сонымен қатар 2009-2011 жылдары Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде еңбек етіп, тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор лауазымында жұмыс жасадыңыз.

2011 жылдың тамыз айынан бастап Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті педагогика факультетінің деканы, Халықаралық көптілді білім беруді дамыту орталығының директоры, сонымен қатар «Махамбет» республикалық әдеби, мәдени және танымдық журналының бас редакторы қызметін белсенді жүргізіп келесіз.

Бүгінгі таңда сіздің жетекшілігіңізбен бір шоғыр шәкірттер мектепке дейінгі тіл ширату мәселесімен, бастауыш, орта, жоғарғы сыныптардағы шешендік өнерді оқыту, жоғары оқу орындарында риториканы оқыту, көшбасшы студенттердің сөйлеу мәдениетін, шешен сөйлеу білік-дағдыларын қалыптастыру проблемаларымен шұғылданып, кең көлемді ғылыми-зерттеу, эксперименттік жұмыстармен айналысып жүр, бұл сіздің білім мен ғылымға салған жемісті жолыңыз деп білемін.

Құрметті Абат Сатыбайұлы, ұстазы жақсының, ұстамы жақсы демекші, Сіз алты белеске қазақ тілі мен әдебиетін дамытудағы тынымсыз қызметіңіз, еселі еңбегіңізбен шығып отырсыз. Осы өнегелі жолыңызды абыройлы жалғастыра беріңіз. Өзіңізге және отбасыңызға денсаулық, ұзақ ғұмыр, төлағай табыстар тілеймін.

Құрметпен,
Басқарма төрағасы – Ректор

Саламат Идрисов

Атырау қаласы, 17 қараша 2023 жыл

Құрметті Абат Сатыбайұлы!

Сізді Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректораты, профессор-оқытушылар құрамы атынан 60 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Ел үшін аянбай қызмет етуді басты парыз санайтын, ұлт мүддесін ойлаған абзал да ардақты азамат ретінде киелі де қастерлі мекен – Махамбеттей өр ақынның, елді жаудан қорғаған от жүректі батырдың туған өлкесінің перзенті ретінде Абат Сатыбайұлы Сіз жүйрік уақыттың үшқыр қанаты қолдап, ордалы отағасының жасы асқар тау – 60 жастың белесіне келдіңіз.

Сіз Қазақстанның жоғары білім беру ісі мен әдістеме ілімі, ахметтану, шешендіктану ғылымдарын дамытуға, зерделеуге аса зор үлес қосқан, күллі өмірін білім беру саласына, ғылым ісіне арнаған, сан мыңдаған шәкірттердің жүрегінде ғылымға сүйіспеншілікті оятқан зерделі ғалым-ұстазсыз!

Сіздің алғашқы еңбек жолыңыздан бастап кәсіби маман тұрғысында қалыптасып, білікті басшыға дейін биіктеуіңізді адал қызметіңіздегі табанды да тегеурінді еңбегіңіз бен ұзақ жылдық басшылық қызметтегі біліктілік деңгейіңіздің жемісті үлгісі қалпында бағалаймыз!

Қадірлі Абат Сатыбайұлы! Мерейтойыңызбен құттықтай отырып, Сізге зор денсаулық, мол күш-қайрат, ұзақ ғұмыр тілейміз!

Құрметпен, М.Өтемісов атындағы Батыс

Қазақстан университетінің

Басқарма төрағасы



Н.Х. Серғалиев

Орал қаласы, 2023 жыл

Серік Негимов,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, академик

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері *Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының* мерейтойы қарсаңында ғалымның шығармашылық еңбегіне орай ұйымдастырылған Халықаралық «Қазіргі қоғамдағы және білім беру саласындағы шешендіктанудың өзекті мәселелері» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушыларды шын жүректен құттықтаймын!

Дүбірлі шараның негізгі темірқазығы, бел омыртқасы қазақ шешендіктану ғылымына ғалым әріптесіміз өзіндік зор үлесін қосып, күллі Батыс өңірінің барлық мекемелерінде осы сала негізінде түрлі шеберлік сағаттарын, тренингтерді, дәрістерді ұйымдастырып, артымыздан ерген жас болашаққа, мамандарға риторика ғылымының қилы қыры мен теориясын, тарихын, тәжірибесін саналарына ұғындыра білді. Айта кетерлік жайт, біртуар ғалым Абат Сатыбайұлының басшылығымен Республикада алғашқылардың бірі болып белді жоғары оқу орындарының арасында «*Үздік шешен студент – 2023*» байқауының өтуі де конференцияға айрықша ажар бергені анық.

Шешендік өнер – қай заманда да, қандай қоғамда да қауымға, көпшілікке қайтарымды әсер ететін, тұлғаның санасын, сезімін баурап, күш-жігерін тасытатын орасан зор қуатты құрал. Шешендік – күні бүгінге дейін құдірет-күшін, қарым-қасиетін жоймаған өнер. Ендеше, осынау бір таңғажайып тамаша өнердің тұңғығына бойлап, кереметіне кенеліп көргенге не жетсін! **Республикалық байқау мақсаты да** – халық арасындағы шешендіктің өз қадір-қасиетін жоймаған, әрқашан дамуын тоқтатпаған ең өміршең өнер екенін аңғарту; шешендіктің, ең алдымен, көкейдегі ойды жүйелі құрау мен айтылмақ пікірді ұтымды жеткізудің, көпшілік алдында сөз сөйлеу шеберлігінің ең жоғарғы сатысы екенін таныту. Студенттерді шешендік өнер негіздерін, яғни, көпшілік алдында түсінікті де қызғылықты және иланымды сөз сөйлеу білігін әбден меңгеруге баулу; шешендік сөзді жанды сөз әрекеті арқылы көрініс беретін эмоционалды-интеллектуалды шығармашылықтың ерекше бірегей түрі екенін меңгерту арқылы шешендіктің жастар көркі екеніне акцент беру; студенттерге сөздің мағынасы қалай мәнерлеп айтылғанынан таныларын, сөздің тәмсілімен тамашалығын аңғарту; мақал айтсаң, жол сілтегенің, мәтел айтсаң, жан жұбатқаның тұрғысында таразылауға ойланту. Қысқасы, нәтижеде жоғары оқу орны студенттерін ертеңгі кәсіби маман тұрғысында ұлттық құндылықтардың көзі **шешендік өнер тағылымына** бойлату, шешен сөйлеу мәдениетіне баулу екені анық. Қазіргі қоғамға, әсіресе, Жаңа Қазақстан қоғамына лидер, патриот, стратег мамандардың ауадай қажет екені белгілі. Осы тұрғыда шешендіктану өнерін насихаттау, меңгерту үрдісінде шешендік білік-дағдылар жастар бойына дарып, мәдени өмірімізге рухани серпіліс танытатыны сөзсіз.

Сондай-ақ, бүгінгі өткізіліп жатырған конференциямыздың да жас буынды тәрбиелеуге үлесінің мол екенін сөз еткім келеді. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының негізгі бағыттары да түрлі тақырыптарды кең көлемде қамтыған. Мәселен, профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының ғалымдық, ритор-педагогтық және көшбасшылық тұлғасы; Қазіргі қоғамдағы шешендіктану: тарихы, философиясы және практикалық қажеттілігі; Қазақ дипломатиялық шешендіктануының тарихи арналары; Жоғары оқу орындарындағы шешендіктану: педагогикасы, психологиясы және әдістемесі; Педагогикалық шешендіктану және ритор-педагогтың шешендік шеберлігін жетілдіру мәселесі; Шешендік дәстүр және ұлт руханияты. Шешендік – ұлттық құндылық көзі; Қазақ мектебіндегі шешендіктану: теориясы, оқыту технологиясы және тәрбиелік мәні; Философия және шешендік өнер. Шешендік тағылым және көшбасшы шешендігі; Риторикалық дискурс: когнитивті-прагматикалық және құрылымдық-стистикалық аспектілері; Риторикалық мәдениетті қалыптастыру – рухани жетілудің тиімді жолы; Лингвориторикалық парадигма: теориялық және қолданбалы аспектілері; Сырым Датұлы шешендік сөздерінің тағылымдық сипаты; Шешендіктанудағы юмор мәселесі. Тарихи тұлғалар шешендігінің көркем әдебиеттегі көрінісі; Қазақ

афористикасының танымдық-тағылымдық сипаты, т.б. Қысқасы, ұсынылған тақырыптардың қай-қайсысы аса өзекті.

Би-шешендер – шешендік өнердің негізгі доминанты (қозғаушы күші). Қазақ шешендік өнерінің піспегі – шешен билер де, күбісі – халық. Ел есінде жүрген шешендік нұсқалардың туындыгері – шешен-би. Студенттің шешендік сөз құрай білу білік-дағдыларын қалыптастырудың нәтижелі болуы шешендік өнерді үйрету әдістемесінің теориялық негіздерін терең анықтаумен тікелей байланысты. Өйткені шешендік өнерді үйрету әдістемесінің мазмұны тек әдіс-тәсілдер жиынтығынан ғана тұрмайды. Бұл жүйеде шешендіктануда (риторика) лингвистика, логика, психология, дидактика ғылымдарының қажетті мәліметтері де маңызды қызмет атқарады. Студенттердің болашақ кәсіби қызметінің ерекшеліктеріне сәйкес, шешендік өнердің заңдылықтары мен шешенге қойылатын көптеген талаптардың қажеттіліктері теориялық тұрғыдан талданып, сараптама жүзінде дәлелденіп, әдістемелік бірзділікпен жүйеленіп орналастырылуы. Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде шешендік өнерді үйрету сабақтарына сұраныстың өсіп келе жатқанына ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау арқылы көз жеткізудеміз. Бүгінгі алқалы жиынның да жастарға берер тәлімі мол деп білеміз. Осы айтылған қоғамдағы өзекті мәселелердің барлығын қамтуға асығатын, шешендіктанудың жілігін шағып, майын ішкен Әбекең екені сөзсіз!

Құрметті Абат Сатыбайұлы! Еліміз әлемдік қауымдастық алдында сан салада қарқынды дамуда. Осы орайда **Сіз - шешендіктану саласының дамуына елеулі еңбек сіңірген қажырлы қайраткерсіз. Тәңір тарту еткен қасиеттің қадірін біліп, ұлт руханиятын жаңа деңгейге көтеру жолындағы еселі қызметіңіз үшін Сізге қазіргі және кейінгі жаңа ұрпақтың алғысы мол. Сізден дарыған қос қазғидат өмірлік дағдымызға айналуда. Ол – үйренуден хәм үйретуден жалықпау. Алдағы уақытта да елдің есінде сақталатын ғылыми-шығармашылық туындыларыңыздың мол болуына тілектеспін! Осы ізгі жолда қажыр-қайратыңыз арта бергей! Сізге, Құдайым, ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, отбасыңызға амандық пен ортаймас несібе-дәулет бергей! Шалқар шабыт тілеймін, Батыс Қазақстан өңірінің Бас аға бұи!**

ӘОЖ 82:316.3

HITABET TÜRK DÇNYASI İÇİN ORTAK DEĞERDİR

Prof.Dr. Ahmet Buran
Türkiye, Fırat Üniversitesi

Sayın Rektör! Batı Kazakistan Üniversitesi'nde M. Otemisov'un adını taşıyan dünya retoriği bilimi üzerine uluslararası bir konferansın dÇzenlenmesine verdiđiniz destek için minnettarım. Kazakistan'da daha önce bÇylesine küresel bir sorunla ilgili bir konferans-sempozyum yapılmamıÇı.Türk halkının bilgeliđinin örnekleri olan konuşmalar, yüzyıllardır kamuoyunun eleştirilerinden sıyrılan değerli bir mirastır. Cicero, "Hatip Üzerine" adlı eserinde üç tip hatip olduđunu söyler: Konuşmasını katı bir düzen içinde sunan hatip, ciddi analiz ve "soğukkanlılık"; izleyicinin duygularını etkilemeyi amaçlayan, belirli ÇađrıÇımlar yaratan daha tanımlayıcı ve mecazi öğeler kullanan tutkulu bir hatip;

Yukarıdaki tarzların her ikisinin de unsurlarını sırayla ustaca kullanan bir hatip. Bir konuşmacı dinleyicileri farklı Çkillerde etkileyebilir. Bazı hatipler seslerinin gücÇ netliđi, tartıÇna becerisi, düşünme mantıÇı ile dinleyicilerini büyülerken, bazıları diđerlerinde bulunmayan duygusallık, ifade nitelikleri, mecazi ve sanatsal konuşmalarıyla ayırt edilir. İyi bir konuşmacı olmak gerçek bir konuşmacı için yeterli deđildir. Esprili olmak, grup önünde konuşabilmek, grup önünde konuşmaya kekemelik yapmadan baÇamak için cesur olmak, konuşma yarıÇmalarında sakin olmak gerekiyor.

GünÇmÇz bilim adamları arasında tanınmıÇbir bilim adamı olan Kydyrshaev Abat Sатыbayuly, kendine özgü sesi, dÇHnce derinliđi, karizması ve geleceÇi ile izleyiciye ilham veren belagat, pedagoji gibi halk edebiyatı söz konusu olduđunda özellikle anılmaktadır. Ona Kazak eđitimi alanında seçkin bir bilim adamı olarak saygı duyuyorum. Herkes yenilik konusunda tutkuludur. İleri retorik yöntemlerinin tanıtılması sürecine aktif olarak katılır.

BugÇnkÇ uluslararası bilimsel-pratik konferansın "Modern toplumda ve eđitimde topluluk önünde konuşmanın acil sorunları"nın sadece Kazak halkına deđil, aynı zamanda Türk kökenli ülkelere de katacađı çok şey olacak etkinliklerden biri olduđuna inanıyorum. bir sonraki nesil.

Sayın Abat! Böylesine şenlikli bir günde size içtenlikle büyük sağlık ve yorulmaz güç diliyoruz!

ӘОЖ 82:316.3

ШЕШЕНДІК – ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Ахмен Буран

*филология ғылымдарының докторы,
профессор (Түркия, Фырат университеті)*

Құрметті ректор мырза! М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде әлемдік риторика ғылымына қатысты халықаралық конференция ұйымдастыруға қолдау жасағаныңызға ризашылығымды білдіремін. Қазақстанда бұрын мұндай әлеми проблемаға қатысты конференция-симпозиум өткен жоқ.

Түркі халқының даналығының үлгісі шешендік сөздер – ғасырлар бойы халық сынынан ерекшеленіп өткен құнды мұра. Цицерон «Шешен туралы» деген еңбегінде шешеннің үш түрі бар екендігін айтады: айтылмақ ойын қатаң тәртіппен, байыпты талдаумен, «салқын қандылықпен» ұсынатын шешен; аудиторияның сезіміне әсер етуді мақсат етіп, белгілі бір ассоциациялар тудыратын көркемдеуіш-бейнелеуіш элементтерді көбірек пайдаланатын қызуқанды шешен; ретіне қарай жоғарыдағы екі стильдің де элементтерін шебер қолданатын шешен. Шешен тыңдаушыларға әр түрлі жолмен әсер ете алады. Кейбір шешендер тыңдаушыларын дауыс күшімен, айқындылықпен, дәлелдеу шеберлігімен, ойлау логикасымен баурайды, кейбіреулер өзгеде жоқ эмоционалдылық, экспрессивтік қасиеттермен, образды, көркем сөйлеуімен ерекшеленеді. Нағыз шешен үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз. Табанда тауып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, мүдірмей сөз бастайтын батыл, сөз сайысында саспайтын сабырлы болуы қажет.

Аудиторияны өзінің ерекше дауыс шерлігімен, ойдың тереңдігімен, харизмасымен және келешекке бастайтын халық әдебиеті, оның ішінде шешендіктану, педагогика туралы сөз қозғалғанда бүгінгі ғалымдардың қатарында танымал ғалым, Қазақстандық әріптесіміз Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының есімі ерекше аталады. Қазақ білім беру саласындағы көрнекті ғалым ретінде құрметтеймін. Әркез жаңашылдыққа жаны құмар. Риториканың (шешендіктанудың) озық тәсілдерін енгізу процесіне белсене қатысады.

Бүгінгі «Қазіргі қоғамдағы және білім беру саласындағы шешендіктанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция тек қазақ жұртына ғана емес, түркі тектес елдерге, кейінгі жас ұрпаққа берері мол шаралардың бірі деген ойдамын.

Қадірлі Абат мырза! Сізге осындай мерейлі күні шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат тілейміз! Ғылым саласында қанатыңыз талмасын!

ӘОЖ 82:316.3

KONUŞMA İLKELERİ

Prof.Dr. Ekrem Ayan

Türkiye, Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi

Bildiğimiz gibi Kazak halkı doçal olarak hitabet sanatına yatkındır. Hem biz hem de diçerleri onun esprili ve zeki, mecazi ve anlamlı, asil ve mübarek, bilge ve bilge dçñncelerinden bahsediyoruz. Kazak hitabet sanatı atalardan miras kalan, altın zinciri kopmamıç çereflı bir sanattır. Denizin derinliklerinde sallanan inciler gibi, pek çok kişinin aklında kalan belagatli sözler, yüzyıllardır insanların hafızasında muhafaza ediliyor.

Profesör Abat Satybayuly'nin adı sadece Kazakistan bilim camiası ve pedagoji camiasında değil, aynı zamanda eserleriyle Türk dçnyasında da yaygın olarak tanınmaktadır. Kanaatimizce o, bilimsel ve metodolojik çalıçmaları ve pedagojik faaliyetleriyle dünya bilimine ve eğitimine önemli katkılarda bulunmaktadır. Bir retorist-bilim adamının çncülççñde dçzenlenen "Modern toplumda ve eğitim alanında belagatin güncel sorunları" adlı uluslararası bilimsel-uygulamalı konferans, sadece Kazak belagat bilimi için değil, aynı zamanda Türkçe konuşulan ülkeler için de büyük önem taşıyor.

Etkinliğin ana direği ve omurgası olan Profesör Abat, sadece Kazakça retoriğinde değil, Türk bölgesinin tüm kurumlarında bu alana dayalı çeşitli ustalık sınıfları, eğitimler, konferanslar düzenleyebilmekte ve gençlerin uzmanlar retorik biliminin çeşitli yönlerini, teorisini, tarihini ve deneyimini anlarlar. Canımız! Ankara ve İstanbul üniversitelerinde düzenlenen sempozyumlarda retorislerin bilimsel raporları bunu kanıtlamaktadır.

Sayın Abat! 60. yaş gününüzde sizi içtenlikle kutluyoruz! Size ve ailenize sağlık ve uzun ömür diliyorum!

ӘОЖ 82:316.3

ШЕШЕНДІКТАНУ САРДАРЫ

Экрен Аян

*филология ғылымдарының докторы, доцент
(Түркия, Мугла Сыткы Кочман университеті)*

Бізге мәлімі, қазақ жұрты – жаратылысынан шешендік өнерге бейім халық. Оның қиыннан қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, ақыл-нақылды қомақты ойлары жөнінде өзіміз де, өзгелер де таңдай қағып айтудамыз. Қазақ шешендік өнері – атадан мирас болып, алтын баулы желісі үзілмей келе жатқан ардақты өнер. Теңіз тербеп тереңінде шайқалған інжу маржандай ғасырлар бойы халық жадында сақталып, жұпталып көптің көкейіне орнаған шешендік сөздер шешендердің даналық сөздерінде ашылады, айқындалады, ал шешендер әлденеше ұрпақтың сана сезімін аралап, көптің көкейіне қонақтаған ойлы, сырлы сөздерді жаттап, жадында сақтайды, керекті жерінде жаңартып кәдеге жаратады.

Профессор Абат Сатыбайұлының есімі Қазақстанның ғылыми жұртшылығы мен педагогикалық қауымына ғана емес, еңбектері арқылы түркі әлеміне де кеңінен таныс. Біздіңше, ол өзінің ғылыми-әдістемелік еңбектерімен және педагогикалық қызметімен әлемдік ғылым мен білім беру ісіне елеулі үлес қосуда. Ритор-ғалымның жетекшілігімен өткізіліп отырған «Қазіргі қоғамдағы және білім беру саласындағы шешендіктанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы қазақ шешендіктану ғылымы үшін ғана емес, түркі тілдес елдерге де аса маңызды.

Профессор Абат мырза дүбірлі шараның негізгі темірқазығы, бел омыртқасы ретінде қазақ шешендіктану ғылымына ғана емес, күллі түркі өңірінің барлық мекемелерінде осы сала негізінде түрлі шеберлік сағаттарын, тренингтерді, дәрістерді ұйымдастырып, жас мамандарға риторика ғылымының қилы қыры мен теориясын, тарихын, тәжірибесін ұғындыра білуде. Тәнтіміз! Оған шешендіктану сардарының Анкара, Стамбул университеттеріндегі өткізілген симпозиумдарда жасалған ғылыми баяндамалары дәлел.

Ардақты Абат мырза! Сізді 60 жасқа толған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін!

ӘОЖ 82:316.3

KONUŞMA BECERİSİ ÜZERİNE

Gülsün EROĞLU

Türk Dili Okutmanı

Türkiye, Milli Eğitim Bakanlığı

Bireysel ve toplumsal hayatta önemli bir yeri olan konuşma; okul, iş ve toplum hayatında başarıya da başarısızlığı belirleyen etmenlerden biridir. Kutadgu Bilig’te “İnsanda dilince değişir kader / Ya yurda baş olur, ya başı gider.” sözleriyle anlatılmak istenen düşünce de aynı inancı yansıtır. Konuşma çağlar boyunca insanın insanla ilişkilerini düzenlemede, kişilerin birbirini etkilemede önemli bir yere sahip olmuştur.

İletişim ne kadar etkili, düzenli ve açık olursa aynı oranda başarı sağlanır. Başarılı iletişimin anahtarı ise güzel konuşma, anlaşılır olma ve sesi etkili kullanmadır.

İnsanları ya bakıġarınızla ya da dilinizden ıkan kelimelerin gzelliĐiyle ve kuvvetiyle etkilersiniz. Tarihe damgasını vuran insanlar, gzel konuřmalarıyla, etkili hitabetleriyle kitleleri srkleyip bařarılarla imza atmıřardır.

Konuřma eĐitiminin insan hayatındaki nemli rol olduğunu gzden uzak tutmadan, etkili ve gzel bir konuřma eĐitimi, zihinsel ve fiziksel boyutları dikkate alınarak ve bu temel zerinde yapılmalıdır.

DoĐru ve gzel konuřmanın kiřlik geliřmiyle de ok yakın ilgisi vardır. Bundan dolayı Đretmen, her řeyden nce řrencilerin konuřma becerisini geliřirmelidir. nk hem Đrenci bařarısı iin, hem de saĐlıklı kiřilik geliřmi iin bu gereklidir.

Konuřma yetisi doĐuřtan getirilir fakat doĐru ve etkili konuřma eĐitim ile elde edilen bir beceridir. Etkili ve gzel konuřma eĐitiminin geliřtirilmesi bireylerin toplum halinde yařamalarında ok byk bir neme sahiptir. Bu sebepten dolayı konuřma becerisinin geliřirilmesinde biz, dil Đretmenlerine byk sorumluluk dřmektedir.

Kazak soydařarımızın konuřma becerilerinin ok geliřmiř olduĐu herkese bilinen bir gerektir. Batı Kazakistan Makhambet temisov niversitesinde bir yılı ařkın sredir grev yapmaktayım. Bu sre boyunca katıldıřım yemeklerde, dořum gn, dřın, Nevruz gibi birok etkinlikte gzlem yapma fırsatı buldum. Kazak soydařarımızın konuřma konusundakendilerini ok geliřtirdiklerini ve bu konuda bařarılı olduklarını bizzat gzlemeleme řansım oldu. Bunda Sayın Profesr Abat Satybayuly gibi alanında ve hatiplik konusunda uzman olan bilim insanlarının ve onun yetiřtirdiĐi Đrencilerin payı byktır.

Sayın Profesr Abat Satybayuly'nin 60. yař gn vesilesiyle dzenlenen "Modern Toplumda ve EĐitimde Topluluk nnde Konuřmanın Acil Sorunları"konulu konferans olduka nemli ve verimliydi.

Sayın Profesr Abat Satybayuly, sizin gibi deĐerli bir bilim insanından ĐreneceĐimiz ok řey var. Yeni yařınızı en iten dileklerle kutlar, sevdiklerinizle beraber mutlu, huzurlu ve uzun bir mr dilerim. Saygılarım ve hrmetlerimle...

ӘОЖ 82:316.3

СӨЙЛЕУ ТӘРБИЕСІ ҚАЖЕТ

Глсін ЕРОФЛУ

Трік тілі оқытушысы

Тркия, Ұлттық білім министрлігі

Сйлеу жеке және қоғамдық мірде маңызды орын алады. Бл–мектептегі, бизнестегі және қоғамдық мірдегі сттілік немесе стсіздікті анықтайтын факторлардың бірі. «Құтадғу білікте»: «Тіліне қарай тағдыр згереді», «Ел басына не жетеді, не жойылады» делінген. Бл сздерде айтылған ой да сол сенімді крсетеді. Сз ғасырлар бойы адам мен адам арасындағы қарым-қатынасты реттеуде, бір-біріне әсер етуде маңызды орынға ие болды.

Қарым-қатынас неғұрлым тиімді, жйелі және анық болса, соғұрлым табысқа жетеді. Табысты қарым-қатынастың кілті - жақсы сйлеу, тсінікті болу және дауысты тиімді пайдалану.

Сіз адамдарға не тріңізбен, не аузыңыздан шыққан сздердің слулығымен және кшімен әсер етесіз. Тарихта ізін қалдырған тұлғалар әдемі сзімен, әсерлі шешендігімен қалың бұқараны зіне баурап, табысқа жетті.

Сйлеу тәрбиесінің адам міріндегі маңызды рлін естен шығармай, ақыл-ой және дене лшемдерін ескере отырып, әсерлі де әдемі сйлеуге үйрету осы негізде жргізілуі керек.

Дұрыс және әдемі сйлеу тұлғаның дамуымен тығыз байланысты. Сондықтан мұғалім ең алдымен оқушылардың сйлеу дағдысын жетілдіруі керек. йткені бл оқушының табысты болуы шін де, тұлғаның салауатты дамуы шін де қажет.

Сйлеу қабілеті туа біткен, бірақ дұрыс, әсерлі сйлеу – білім беру арқылы қалыптасқан дағды. Жеке адамның қоғамда мір сруі шін әсерлі де мнерлі сйлеу тәрбиесін дамытудың маңызы зор. Сол себепті сйлеу дағдысын қалыптастыруда бізге, тіл мұғалімдеріне, лкен жауапкершілік жктеледі.

Қазақ қандастарымыздың сйлеу шеберлігі те дамығаны белгілі. Менің Махамбет темісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде жұмыс істеп жатқаным бір жылдан асты. Осы процесте мен кешкі ас, туған күн, йлену тойы және Наурыз сияқты кптеген оқиғаларды

бақылауға мүмкіндік алдым. Қазақ қандастарымыздың сөйлеу мәдениетін біршама жетілдіріліп, бұл тұрғыда табысқа жеткенін өз көзіммен көрудің сәті түсті. *Бұған профессор Абат Сатыбайұлы сынды өз саласының, шешендік өнерінің майталман ғалымдары мен ол дайындаған шәкірттердің үлесі зор.*

Профессор Абат Сатыбайұлының 60 жылдық мерейтойына орай өткізілген «Қазіргі қоғам мен білім берудегі шешендік танудың өзекті мәселелері» атты конференция өте маңызды әрі нәтижелі болды.

Құрметті профессор Абат Сатыбайұлы! Сіздей асыл ғалымнан үйренеріміз көп. Сіздерді жаңа жылмен құттықтаймын және жақындарыңызбен бақытты, бейбіт және ұзақ өмір сүрулеріңізді тілеймін! Құрметпен және ең жақсы тілекпен түрік қызы Гүлсін Ероғлу.

ӘОЖ 82:316.3

ҒИБРАТЫ МОЛ ҒАЛЫМ

Мұрат Сабыр,

филология ғылымдарының докторы, профессор

XX ғасырдың 90-жылдары - Кеңес Одағының ыдырауы, Қазақ елінің жаңғыруы, тәуелсіздігіміздің жариялануы қараңғы дүлей түннен кейін сәруар таң атқандай дүние жаңарған, сана оянған алапат өзгерістер кезеңі. Сөз жоқ осы кезеңде А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты да елмен бірге түледі, жаңарды. Қазақ филологиясындағы байырғы елге танымал ұстаз-ғалымдардың қатары сайдың тасындай қыз-жігіттермен толықты. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін бітіріп Мұрат Сабыров, Нұрлан Майманов, Люба Құсайыновалар келді, ал ауылдан тәжірибелі мектеп мұғалімдері Абат Қыдыршаев, Болат Жексенғалиевтар арнайы шақыртылды. Ғұлама декан Серікқали Шарабасовтың соңынан ердік, атақты ғалымдар Ғабдырахим Әбуханов, Қалимолла Мырзағалиев, Мәтжан Тілеужановтар салған сара жолмен жүріп, ешбіріміз адасқан жоқпыз, жаман жерді басқан жоқпыз. Сол жас мамандардың ішінен жұлдызы жарқырап, өзгеге ұқсамайтын дара жолмен жүріп, өскен, өнген тұлға-**Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев.**

Абат Сатыбайұлы ардақты ана Зылиха мен асқар таудай әке Сатыбайдың кіндігінен тараған бір ұрпақтың үшіншісі болып Гурьев (*Атырау*) облысы, Теңіз (*Құрманғазы*) ауданы, Киров (*Зормата*) ауылдық кеңесінің Тайланбай ауылында дүниеге келген. 1981 жылы осы ауданның Бөкей хан ауылдық округіндегі (*бұрынғы Котяев селосы*) Н.К.Крупская атындағы орта мектебін (*бүгінде Фариза Оңғарсынова атында*) бітіріп, осы жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының филология факультетіне қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1985 жылы аталған білім ордасын үздік тәмамдаған. Жасынан «*алқада сөз сөйлемес бізден бұрын*» деп тау-тасты жарып сөйлейтін Адайдың жеті қайқысы мен бес жүйрігінің сөз өнерінен, жыр дариясынан сусындап өскен бозбаланың қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын таңдауы да - заңды құбылыс. Ол 1985 жылы Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы К.Маркс атындағы (*қазір Әбу Сәрсенбаев атында*) орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастады. Жақсы мұғалім мектептің жүрегі емес пе. Абат Сатыбайұлы жас маман, жақсы мұғалім ретінде абыройлы қызмет атқарды. Әйгілі Максим Горький 1912 жылы И.Д.Сургучевқа жазған хатында «*Русьтағы ең жауапты және қиын қызметпатшаның қызметі емес, әдебиетшінің қызметі*» деген-ді. Ал бүгінгі Қазақстандағы ең жауапты, қиын да күрделі қызмет - министрдің де, әкімнің де емес мұғалімнің қызметі, оның ішінде ең жауаптысы-қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Жауаптылығы сол, жас маман сауатсыз болса, іс қағазын жаза алмаса, ойын дұрыс жеткізіп сөйлей алмаса, мекеменің маңдайшасындағы атаулардан қате кетсе, жарнама сауатсыз болса, сценарий дұрыс құрылмаса, Наурыз тойы ойдағыдай өтпесе, оқушы тентектікжасап, дөрекілік көрсетсе, басты кінәні қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінен көреміз. Өйткені қазақ тілі мен әдебиеті - рухани тәрбиенің көзі. Сәби дүниені ананың тілімен таниды. Адамзат баласы тал бесіктен жер бесікке дейін жақсы мен жаманды сөз арқылы айырады, ұғады, түсінеді. Демек, адамды адам ететін, ұлт азаматын қалыптастыратын тұғыр - *гуманитарлық білім.* **Абат Сатыбайұлы** - бірінші кезекте, шәкірт тәрбиелей де, шәкіртті білімге қызықтыра да білетін, оған тиісті талап қоя алатын мұғалім. Иә, *Мұғалім* - мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол барлық ой

мен қимыл-әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі (*Ян Амос Коменский*). Мектепке білімді, педагогиканы, психологияны, әдістемені терең білетін, жақсы оқыта білетін мұғалім керек болса, ондай тәжірибелі оқытушы жоғары оқу орнына да қажет. Сондықтан да Абаттың 90 - жылдары қара шаңырақ пединститутқа арнайы шақыртылуы деканаттың дұрыс шешімі болғанын өмір дәлелдеді.

Бүгінде Абат Сатыбайұлы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, «ҚР Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының (2007), атағының (2012) иегері, Ресей Риторикалық қауымдастығының мүшесі (2009), ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері (2012), Еуропалық ғылыми-өндірістік палатасы Алтын медалінің және сапа жөніндегі дипломының (Diplomdi Merito) иегері (Мәскеу, 2013), ҚР Журналистер одағының мүшесі (2015), «Қазақстанның Құрметті ұстазы» (2019), «Жұбан Молдағалиев» энциклопедиясының бас редакторы, жоба жетекшісі, «Үздік педагог-зерттеуші», «Жоғары оқу орнының үздік педагогы» (2020), «Чздік ұстаз» (Алматы, 2021), «Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы», «Астана патриоты» (2023) төсбелгілерінің иегері, Халықаралық Махамбет атындағы сыйлықтың иегері, «Махамбет» республикалық әдеби, мәдени және танымдық журналының бас редакторы (2022). Профессор А.С.Қыдыршаевтың есімі 2023 жылы «Қазақстан ТОП 100 үздік тұлғасы» - «ТОП 100 успешных людей Казахстана» энциклопедиясына, «Қазақстанның Алтын кітабына» («Золотая книга Казахстана») (Астана, 2023) енгізілді. Бұған қоса жуырда Абат Сатыбайұлы «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері (2023 ж., қазан) мемлекеттік марапатына ие болып, «Құрманғазы ауданының құрметті азаматы» атағының иегері (қазан 2023 ж.) атанды.

Абат Сатыбайұлы - Қазақстандағы оқыту әдістемесін, шешендік өнердің теориясы мен тәжірибесін, жоғары оқу орындарында және орта мектептерде риториканы оқыту әдістемесі мен технологияларын зерттеуге мол үлес қосып жүрген бірден-бір нәтижелі табысты ғалым. *Табысты адамның өмірде қолы жеткен жағдайымен емес, табысқа жетудегі жеңген кедергілерімен өлшеу керектігі* тұрасындағы тәмсіл бары мәлім. Осыншама атақ, дәреже, абырой биігіне Әбекең соқтықпалы, соқпақсыз қиын жолдардан өту арқылы жетті. *«Сенбе жұртқа тұрса да қаниша мақтап, әуре етеді ішіне құлық сақтап, өзің сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап»* деген ұлы Абай ғибратын кие тұтты. Еліміз тәуелсіздігін жариялаған өтпелі кезеңдерде теңге тұрақсыз, ақша құнсыз тұста аш құрсақ болса да аққанат армандардың жетегінде жүріп, 1993-1995 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аспирантурасында оқыды. *«Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек»* деп ұлы Мұхтар Әуезов тегін айтпаса керек-ті. Өз ісіне мұқият, жанкешті еңбекқор, бір минутын зая жібермейтін, бірнеше жерде жұмыс істеп, кітапханада кітап кеміруге де уақыт таба білетін Әбекең өз тұстастарына үлгі болды. Талант тоғыз, табандылықпен тоқсан тоғыз. Табандылықсыз ғылымда жетістікке жету мүмкін емес. 1995 жылы ғылымдағы еңбекқорлығымен аңызға айналған академик Нұржамал Оралбаеваның ғылыми жетекшілігімен «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын абыроймен қорғады. 1998 жылы «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» атты жеке монографиясы жарық көреді. Профессор Нұржамал Оралбаева осы зерттеу еңбектің алғы сөзінде: *«Ахмет Байтұрсынұлының өз заманының әдістеме ілімін толық меңгеруі оның өз жүйесін жасауына негіз болғанын А.С.Қыдыршаев өте байыпты дәлелдеген. Еңбекте, әсіресе, А.Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің ірге тасын қалаушы ретіндегі қызметі өте тиянақты, теориялық тұрғыда анық дәлелдемелер арқылы ғылыми негізде жазылған. Қазақ халқының ұлы данышпан азаматының мол ғылыми мұрасын халыққа жан-жақты толық таныстыру-қазіргі ғалым азаматтардың зор міндеті. Осы міндетті А.С.Қыдыршаев абыроймен өзінің зерттеуі арқылы толық атқарған деп санаймын»*, - деп жоғары баға береді.

Талантты да еңбексүйгіш адам үшін тосқауыл жоқ. Бұрынғы Орал педагогикалық институты, бүгінгі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Абат Сатыбайұлы тек ғалым ғана емес, шебер ұйымдастырушы ретінде басшылық қызметтер атқарды. «Қазақ тіл білімі», «Қазақ лингводидактикасы», «Қазақ тілі мен әдебиеті және оқыту теориясы», «Кәсіптік білім», «Қазақ және орыс тілдері» кафедраларының меңгерушісі, филология, қазақ тілі мен әдебиеті, педагогика, мәдениет және өнер факультеттерінің деканы, Тәрбие және әлеуметтік

жұмыстар жөніндегі проректор, «Махамбет» гуманитарлық зерттеулер институтының директоры болып абыройлы қызметтер атқарды.

Адамның қызметі биік идеямен рухтанбаса, жеміссіз де, түкке тұрғысыз(*Н.Г.Чернышевский*). Ғылымға құмар Абат Сатыбайұлы ұстаздық қызметпен қатар ғылыми сара жолдан айныған жоқ. Бұл тұрғыда Шарабасовтың шекпенінен шыққан мықтылардың бірегейі деуге болады. Академиқ Зейнолла Қабдолов жанында жүрген адамға қанат бітіреді деген сөз бар. Ал профессор Серікқали Шарабасовтың соңына ергендер шалқар шабытты, мақсаткер болады.

Абат Сатыбайұлының 2000 жылы «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты монографиясы «Білім» баспасынан жарық көрді. 2001 жылы осы тақырыпта докторлық диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болды. Осы еңбектер нәтижесінде Абат Сатыбайұлы әдіскер ғалым ретінде қалыптасты. Ұлы Абайдың «*Әрбір хакім - ғалым, ал әрбір ғалым хакім емес*» деген сөзі ғалым ұстаз жайлы айтылған анықтама сияқты. Абай сөзінің сырына бойласақ, ғалымдық білуде, білімдарлықта болса, ал ғалым хакім, яғни, ғалым ұстаз – сол білгенін басқаға үйрете алатын, білдіру шеберлігін меңгерген адам. Ал Әбекеңнің білдіру шеберлігі, шәкірттерді үйрету, ғылым жолына бағыттауы - бір төбе. Мәселен, 40-тан астам магистр, екі ғылым кандидатын дайындады. Адамның білімі мен өнері - адамшылық таразысы. Абаттың бойында қалыптасқан ғылым мен сол ғылымды үйрету өнері талай шәкірттің бағын ашты. Ал бүгінгі профессор Абат Қыдыршаевтың соңына ергендердің шетінен еңбеккер, табанды болатынын көріп отырмыз. Ұрпақ сабақтастығы, жақсыдан шарапат деген осы.

Мектеп мұғалімінен ұлағатты ұстазға айналған Әбекең - бүгінде ғибратты ғалым. Оның ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыты - қазақ тілін оқыту әдістемесі, шешендіктануды (риторика), шешендік өнерді оқыту теориясы мен практикасы, педагогикалық, техникалық жоғары оқу орындарындағы және орта мектептердегі риторика, оны оқытудың әдістемесі мен технологиялары, педагогикалық риторика, тілтану педагогикасы мен психологиясы, әдебиеттану педагогикасы мен психологиясы, этнопедагогика, ахметтану, махамбеттану, фарабитану, абайтану, шешендіктану және қазақ афористикасы проблемалары. Осы салаларға қатысты 500-ден астам ғылыми еңбектері, 3 монографиясы, бірнеше оқулық, оқу құралдары жарық көрген. Профессор А.С.Қыдыршаевтың жетекшілігімен он үш авторлық курс даярланды («*Ахметтану*», «*Шешендіктану*», «*Сөйлеу мәдениетінің негіздері*», «*Педагогикалық риторика*», «*Махамбеттану*», «*Тілдік қатынас мәдениеті*», «*Шешен сөйлеу мәдениеті*», «*Даналықтану*», «*Фарабитану*», «*Кабуснама тағылымы*», «*Абайтану*», «*Жұбантану*», «*Қазақ афористикасы*»). Аталмыш курстардың бағдарламалары әзірленіп басылым көрді. Барлық курстар бойынша тұрақты түрде шеберлік сағаттары жүйелі өткізіліп, дәрістер курсы әзірленді.

Атақты физик Исаак Ньютон: «*Мен барлық жаңалықтарымды өзіме дейінгі ұлылардың иығына сүйеніп тұрып аштым*» деген-ді. Абат Сатыбайұлының да ғылымдағы жетістіктері, ғылыми тұжырымдары кеңес заманында іргесі қалыптасқан қазақ филологиясы мен педагогикасынан бастау алады. Тіл мәдениетін зерттеген белгілі ғалым Мәулен Балақаев: «*Тіл мәдениеті деген ұғым тілдің мәдениетке қатысты екенін аңғартпайды, тілдік тәсілдердің кемелдену, ширау, жүйелену дәрежесінің қандай екенін меңзейді. Сондықтан сөйлеудегі, жазудағы тіл жұмсаудың өнегелі үлгілері, сауаттылық, айқын ойлылық, ізеттілік тіл мәдениеті дегенге енеді. Мақсат - сол мәдениетті дамыту, сол үшін күресу*» деген-ді. Профессор Абат Қыдыршаев осы идеяны әрі қарай дамытып, шешендікті игерудің жолдарын саралады. Ғалым: «*Бүгінгі таңда зиялы адамның сүреңсіз де сөлекет сөйлеуі, яғни, шешен сөйлеу мәдениетінің төмендігі адам баласының оқи және жаза білмеуі сияқты ыңғайсыз көрінуі тиіс, ал білім беру мен тәрбиелеу ісін толық жүзеге асыруды шешендіксіз көзге елестету қиын*», - дей келіп, шешендіктанудың ғылым саласы және оқу пәні екенін дәлелдеді. Шешендіктануды шаршы топ алдында сөз сөйлеудің заңдылықтары туралы ғылым ретінде қарастырып, теориялық және практикалыққырларын талдап түсіндірді. Шешендіктану - ғылым, оны кейде сендіру коммуникациясының теориясы ретінде қарастыруға болады. Ғалым: «*Шешендік сөз - жанды сөз әрекеті арқылы көрініс беретін эмоционалды-интеллектуалды шығармашылықтың ерекше бірегей түрі*», - деп тұжырымдайды. Сонымен қатар Марк Тулий Цицеронның «*шешендер жүре қалыптасады*» деген тұжырымынабаса көңіл бөліп, шаршы топ алдында сөз сөйлеуге даярлық пен оны жүзеге асырудың басты кезеңдерін айқын көрсетеді. Олар - *коммуникативті сатыға дейін (тақырып таңдау, мақсат, стиль, т.б.), коммуникативті саты (шешендік қалып, аудиторияны басқару, дыбыстау техникасы, т.б.)*,

коммуникативті сатыдан кейін (сөйлеген сөзді тыңдау, ілгері сөйлеуге материалдарды жетілдіре дамыту). Профессор Абат Сатыбайұлы- республикамызда «Шешендіктану» оқулығын тұңғыш рет жазып, мемлекеттік тіліміздің дамуына және мамандар даярлау ісіне зор үлес қосушы. Бүгінгі таңда «Шешендіктану» оқулығы молсұранысқа ие болып, төрт рет (2004; 2013; 2015;2023) басылып шықты.

Бүгінде профессор А.С.Қыдыршаевтың М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың «Рухани жаңғыру» институтының директоры ретінде атқарып отырған еңбегі ұшан теңіз. Қазіргі таңда ғалымның авторлығымен *«Рухани жаңғыру: жаңа ұрпақты ұлттық рухани құндылықтарға баулу ісі, айқын мақсат, нақты міндеттер»* атты әдістемелік оқу құралы жарық көрді. Профессор Абат Сатыбайұлы - қатепті қара нардай ұжымды өрге сүйреп жүрген азамат, тектілік тұғырындағы тұлға, ұстаз, ғалым, журналист, қоғам қайраткері. Асқаралы алпыстың асуына шығып, елге есеп берер шаққа да жетті.

Әрбір жетістікке жеткен ер азаматтың артында мықты әйел тұратыны белгілі. Атап айтсақ, өмірлік жан жары, жанұя отанасы *Диамара Қабденқызы* - ағайын-туысқа, өз замандас-әріптестеріне сыйлы да абыройлы жан, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Агротехнологиялық институтының «Өсімдік өнімдерін өндіру технологиясы» жоғары мектебінің доценті, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері, «ҚР Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» (2015) атағының иегері.

Сөзімізді түйіндей айтар болсақ, ғибраты мол ғалым, профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев - ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, бағын бағалап, талантын тынымсыз еңбекпен ұштап, ғылыммен көркейіп отырған азамат. Бақ пен дәулет тең келсе, адамның толар кемелі демекші, ғылымың көбейсін, *Дос, Замандас, Кемел тұлға* дегіміз келеді.

ӘОЖ 82:316.3

ШЕШЕНДІКТАНУШЫ АҒА БИ ҒАЛЫМ

Жаңалық БАЛТАБАЕВА,
Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы

Чнемі ізденісте жүретін, зерттеулерге бойлап, жаңа тың ой айта алатын, өз ісіне сенімді адам ғана ғалым бола алады деген қағида бар. Сол қағида үдесінен көрініп жүрген, бүгінде ғылымдағы «тал түсін» мойындатып отырған, бір кезде кенжелеп қалған ғылым- шешендіктану саласын жоғары оқу орындарында оқытудың тұңғыш әдістемесін жасаған әдіскер-ғалым **Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев** – өзіндік өмір жолымен, зерттеушілік қабілетімен, адамдық келбетімен дара тұлға.

Шешендіктану саласының сардары, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев 1963 жылы 15 қарашада бұрынғы Гурьев облысы Теңіз ауданы (қазіргі Атырау облысы Құрманғазы ауданы) Киров (Зормата) ауылдық кеңесіне қарасты Тайланбай ауылында дүниеге келген. Абат Сатыбайұлы да өз құрдастары секілді жеті жасқа келгенде мектеп табалдырығын аттап, Гурьев облысы Теңіз ауданының Байда селолық кеңесіне қарасты Котяев селосындағы Н.К. Крупская атындағы орта мектебін (бүгінгі Бөкей хан ауылдық округіндегі Фариза Оңғарсынова атындағы ЖОББМ) 1981 жылы бітірген. Мектепте зерек оқыған Абат А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының (қазіргі Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті) филология факультетіне құжаттарын өткізіп, қабылдау емтихандарын ойдағыдай тапсырып, студент атанады. I курстан бастап зеректігімен, алғырлығымен көзге түскен Абат жоғары оқу орнын үздік бітіріп, өзінің қалаған мамандығы бойынша Атырау облысы, Құрманғазы ауданының К.Маркс атындағы қазақ орта мектебінде (қазіргі Әбу Сәрсенбаев атындағы) қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып ұстаздық қызметін бастайды. Бірақ институт қабырғасында жүргендегі ғылым жолына түссем деген арманының жетегінде 1990 жылы өзі жоғары білім алған Орал педагогикалық институтының «Қазақ тілі» кафедрасына ассистент болып қабылданып, сатылап оқытушылық, филология

факультеті деканының орынбасары қызметіне дейін көтеріледі. Өз ісіне тиянақты жас маман институт өміріне белсене араласады.

Ғылымның қыр-сырын тереңірек меңгеру үшін білімін аспирантурада жалғастыруды мақсат еткен Абат Сатыбайұлы 1993 жылы қазақ тілін оқыту әдістемесі саласы бойынша қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аспиранты атанады. Бұл қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің қайтадан қолға алынып, әсіресе, даму тарихы, оның қалыптасу жолында ерекше еңбек еткен тұлғалардың ғылыми-әдістемелік мұралары жан-жақты зерттеле басталған кез еді. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде жеке тұлғаның әдістемелік мұраларын зерттеу идеясын бастаған және оны жүзеге асырған қазақ тіл білімі теориясы мен әдістемесінде өз биігі, өз кеңістігі бар, көрнекті ғалым Нұржамал Оралбайқызы екенін үлкен ілтипатпен айтамыз. Өйткені зерттеген тақырыптарының бәрі мәуелі мектепке айналған Нұржамал Оралбайқызына шәкірт болу Абат Сатыбайұлына да бұйырғаны - тағдырдың сыйы десек, артық емес. Білімге құштарлығының, ана тіліне сүйіспеншілігінің арқасында Абат алған тақырыбына бірден қызыға кірісіп, жұмысын уақытында аяқтап шығады. 1995 жылы «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертациясы сәтті қорғалып, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі беріледі. Абат Сатыбайұлы диссертациялық жұмысында алдымен қазақ әдістеме ілімінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлына дейінгі ана тілін оқытуға байланысты мәселелерге шолу жасай келіп, әдіскер-ғалым өмір сүрген кезеңдегі әдістеменің дамуы, тұтастарының әдіскерге әсерін, яғни, ұлы ағартушылар сабақтастығын салыстырмалы түрде талдаған. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлының әдіскер ізбасарларына белгілі бір дәрежеде «көсем» (М.Әуезов), «алғашқы адам» (С.Мұқанов), «айналасына нұр, шуақ себуші» (Ө.Қайдаров, Ө.Айтбаев) болғанын дәлелдеген. Зерттеуші А.Байтұрсынұлының әліппе, оқулықтары мен әдістемелік еңбектеріне қатысты пікір-тұжырымдарды сараптай отырып, ғалымның әдістемелік түйіндерін терең талдап көрсеткен. Сондай-ақ ғалымның қолданған дидактикалық ұстанымдары мен әдіс-тәсілдеріне талдау жасай келіп, әдістемелік еңбектерінің бүгінгі әдістемелік жүйедегі сабақтастығына тоқталған.

Кандидаттық диссертацияны ойдағыдай қорғаған жас маман өзі білім алған және еңбек жолын бастаған институтқа қайта оралып, 1995-1997 жылдарда «Қазақ тіл білімі», «Қазақ лингводидактикасы» кафедраларының меңгерушісі қызметін атқарады. Бірақ Абат Сатыбайұлы ғылымдағы ізденістерін жалғастыруды есінен шығармайды. 1999-2001 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға ғылыми қызметкері болып, «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдерінде)» тақырыбында зерттеу жүргізіп, 2001 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғайды. Шәкіртінің бойынан терең білімді, еңбекқорлықты, парасаттылықты байқаған Нұржамал Оралбайқызы: *«Кандидаттықты екі жылда жазып, докторлықты да дәл екі жылда жазған, өте еңбекқор Абат әлі де талай асуларды талмай алады»* деген үлкен сенім артқан еді. Абыз ұстазының сенімін ақтаған шәкірттің бүгінде бағындырған асулары, жеткен жетістіктері жайында тарқата түссек, өз ісіне тиянақты жас зерттеуші халқының қамын ойлауда жарғақ құлағы жастыққа тимеген, осы жолда көл-көсір қызмет атқарған, мол мұра қалдырған Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің ірге тасын қалаушы екендігін тұңғыш рет дәлелдеп, ғалымның әдістемелік еңбектерінің бүгінгі оқыту ісімен сабақтастығын айқындаған, әліппе, оқулықтары мен әдістемелік еңбектерін жан-жақты талдап, оның әр қырын ғылыми тұрғыда негіздеген кандидаттық зерттеуі бойынша 1998 жылы «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» атты монографиясын жарыққа шығарды. 1995 жылдың қыркүйек айынан бастап, жас ғалым өзі еңбек еткен Орал педагогикалық институтының «Қазақ филологиясы» факультетінде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы әдістемелік бірлестік ашылып, оқу үдерісіне «Ахметтану» курсының енгізілуіне тікелей араласты.

Абат Сатыбайұлы келесі кезекте докторлық зерттеуі негізінде «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты іргелі монографиясын жарыққа шығарды. Еңбекте жеке адамның тілдік қатынас мүмкіндіктерінің даму үрдісінің психологиялық, дидактикалық, филологиялық аспектілері түйінделіп, жоғары оқу орнының гуманитарлық бөлімдерінде шешендіктануды оқыту әдістемесі тұңғыш рет ғылыми негізделіп, алғаш рет аталмыш пәнді оқытудың арнайы қағидаттары мен әдістері және жұмыс түрлері ұсынылған. Сондай-ақ зерттеуде шешендік іс-әрекет заңдарына сәйкесті шешен-дәріскердің кәсіби қалпының үлгісі (профессиограммасы) саралап көрсетілген. Өйткені ғалымның өз сөзімен

айтқанда, «*ауызша шешен сөйлеу шеберлігі – лектордың, насихатшының, кәсіби маман иесінің, студенттің қоғамдық көзқарасының мызғымастығы мен таным көкжиегінің, жан-жақты даярлығының тұңғық қорытпасы, олардың жоғары эрудициясы мен шешендік білім, білік және дағдылар жиынтығын қамтыр мәдениеті*». Жоғары білім – қоғамның әлеуметтік және экономикалық жағынан дамуының шешуші факторы болып отырған кезде кәсіби білімі мен сөйлеу шеберлігі жетілген маман даярлау жоғары оқу орындары алдындағы басты міндет болып табылады. Сондықтан жоғары мектепте білім алушылар ғылым салаларынан теориялық біліммен қатар әдеби тілдің ауызша, жазбаша нормаларын да, оның сөздік қорын да меңгере білулері тиіс. Өйткені жеткілікті сөздік қор, дұрыс сөйлеу дағдылары студенттің болашақ мамандығына сай кәсіби тілде шешен сөйлеу шеберлігінің басты көрсеткіші болады.

Ғалым бұл саладағы зерттеулерін одан әрі жалғастырып, жастардың сөйлеу мәдениетінің төмен деңгейде болуы, шаршы топ алдында сөйлеуде кемшіліктің көптігі, т.б. проблемалардың шешімін табу мақсатында «Шешендік өнер», «Тілдік қатынас мәдениеті» курсының бағдарламаларын әзірлеп ұсынған. Абат Сатыбайұлының тұжырымдауынша, жалпы шаршы топ алдында ауызша сөйлеу өзіндік эмоционалдылығымен, көркемділігімен қызықтыраы сөзсіз, бірақ сөзді логикалық тұрғыда ұйымдастыруға арқа сүйенілмесе, ойлаған мақсатқа сай келмесі де ақиқат, сөйленген сөзде логиканың болмауын психологиялық амалдармен де, тілдің бейнелілігімен де, дауыс мәнерлілігімен де алмастыру мүмкін емес екен. Сондықтан ғалым болашақ мектеп мұғалімінің педагогикалық шешендіктану ілімінен терең білімі болуы қажет деп есептеп, «Педагогикалық шешендіктану» курсының бағдарламасын әзірледі. Бағдарламаның басты міндеттері - студенттерді тілдік қатынас туралы, олардың түрлері, сөйлеу сапалылығы (мәселен, сөз дұрыстығы, тазалығы, дәлдігі, дәлелдігі, байлығы, логикалығы, коммуникативтік жағынан сәйкестілігі), қазіргі қазақ әдеби тілінің нормалары туралы білім көздерімен таныстыру; әдеби тілдің нормаларынан орынсыз ауытқуларды (бұл арада әдеби тілдік норманы бұзушылық туралы) тез аңғару дағдыларын қалыптастыру; өзіндік сөйлеген сөзіне талдау жасай білуге үйрету; сөз сөйлеу сәтіндегі кемшіліктерден құтыла білу дағдысын қалыптастыру; болашақ мұғалімдерді педагогикалық қарым-қатынас мейілінше тиімді болу үшін өзіндік дауысқа (дауыс тонына), сөйлеу аппаратына ие болуға үйрету; кәсіби тұрғыда аса мәнді сөз сөйлеу шығармашылығын туындатуға әзірлеу мәселелерін қамтыды.

А.Қыдыршаевтың «Шешендіктану» атты оқулығы шешендік өнерді жаңадан бастап үйренушілерге, жоғары оқу орындарының студенттеріне, жас мамандарға арналып, бірнеше рет басылып шығып, жоғары оқу орындарында оқулық ретінде пайдаланылып келеді. Сондай-ақ ғалымның «Шешен-лектор профессиограммасы» (2004) атты әдістемелік оқу құралында жоғары оқу орны мамандарының педагогикалық іс-әрекет барысында шешендік өнер элементтерін практикалық тұрғыда қолдануы мәселесінің кейбір басты аспектілері қарастырылған. Еңбек жас маманның кәсіби қалпы, шешен сөйлеуге қатысты тірек сауалдар мен алғы мақсатты жүйелеу, шешен-дәріскер сөзіндегі негізгі тезистің екшелуі және сөйленер сөз нысанының шектелуі секілді мәселелерге арналған.

Ал ғалымның «Шешендік тағылымы» (2004) атты әдістемелік көмекші құралы, студенттер мен магистранттарға және ұстаздарға арналған. Құралдың аты айтып тұрғандай, жалпы көпшілікке түсінікті, әрі тағылымдық танымы мол еңбек деп есептейміз. Өйткені қандай мамандық иесі де жас ерекшелігіне қарамай сөйлеген кезде тыңдаушы қауымға әсер ете отырып, оларды сендіре білу дағдысын меңгеруі тиіс. Жүйелі де түсінікті, бейнелі де тартымды сөйлеуге үйрену психологиялық әзірлік пен алдын-ала жаттығуды талап етері даусыз. Сондықтан автордың «Шешендік тағылымы» еңбегінде келтірілген ой-тұжырымдар тізілген басылымдар көптен жарық көрмегені өз алдына, қазақ тілінде бұл орайлас жинақ жоққа тән, өте сирек екендігі әріптестерінің назарында. Сонымен қатар әдіскер-ғалымның бизнесмендерге, кәсіпкерлерге, студенттерге, барлық деңгейдегі басшыларға арналған «Іскерлік шешендіктану қағидалары» (2007) атты оқу құралы да сөйлеу машығына төселемін деген жұртшылыққа тигізер көмегі үлкен еңбек. Еңбек сәтті өрілген экспромт сөз арқылы мейілінше мол мөлшерде олжаға кенелу, телефон арқылы тиімді қарым-қатынас жасау, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара қарым-қатынасты дұрыс құра білу іспеттес іскери шешендіктану қағидаларының сан алуан түрлерімен таныстыруымен құнды. Сондай-ақ, ғалымның «Кестелі шешендіктану» (2008) атты әдістемелік құралы да сөйлеу өнерін жетік меңгеруге ден қоятын оқырман қауым үшін пайдалы кеңестер беруге арналып, аса жауапкершілікпен жазылған еңбек. Бұл құралдың бір ерекшелігі - еңбекте күнделікті іс-әрекетімізде бірден-бір қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениеті туралы мәліметтер,

шешендіктану сабақтарының фрагменттері кесте, анықтама, қысқаша сипаттама, сызба үлгісінде берілгендігінде.

Өз ісіне, өзі зерттеген мәселеге тиянақты, үлкен ыждағаттылықпен қарайтын ғалым 2017 жылы «Шешендік тағылымы» жинағының жалғасы, толықтырылған, өңделген екінші басылымы ретінде *«Шешен сөйлей білеміз бе?»* тақырыбында оқу құралын шығарды. Бұл еңбекке екі мыңға жуық ежелгі антикалық дәуірден бүгінгі кезге дейінгі отандық және шетелдік ғұлама ойшылдардың, ғалымдар, қоғам қайраткерлерінің, ақын-жазушылардың ақыл-нақыл сөздері, халық мақал-мәтелдері енгізілген. Аталмыш құралды шығарудағы автордың мақсаты – ұлттық құндылық үлгісі шешендік өнер тәліміне кейінгі ұрпақты тәнті ете отырып, орасан рухани шапағат, парасат сыйлау. Ал рухы зор, рухани бай ұрпақ – келешегі кемел көшбасшы елдің сенімді тірегі.

Ұстазының сеніміне ие болған Абатқа қатысты тағы бір айта кететін жайт - қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдері, аға буын ғалымдар туралы зерттеулері. Бұл ретте «Қаныш Сәтбаевтың шешендігі», «Педагог, ғалым Мағжан Жұмабайұлының ана тілін оқытудағы әдістемелік тұжырымдарының құндылығы», «Махамбет – арымас Алаш арысы, бұлқынған асау намысы» (Тәуелсіздік жыршысы ақын тұлғасы қазіргі көсемсөзде, поэзияда, прозада және драмада), «Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымы және аңызға айналған ғалым-ұстаз Нұржамал Оралбай» т.б. мақалаларын атауға болады. Ол – жалпы көлемі 250 баспа табақ мөлшеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті, филология: қазақ тілі, педагогика және психология т.б. мамандықтарында оқитын студенттерге, докторанттар мен магистранттарға және филолог мамандарға, мектеп мұғалімдеріне арналған 4 оқулық, 50 оқу құралы, 6 электронды оқу құралы, 15 оқу бағдарламасы және 35 оқу-әдістемелік құралдарының авторы. Профессор А.С.Қыдыршаевтың жетекшілігімен 13 авторлық курс даярланды (*«Ахметтану»*, *«Шешендіктану»*, *«Сөйлеу мәдениетінің негіздері»*, *«Педагогикалық риторика»*, *«Махамбеттану»*, *«Тілдік қатынас мәдениеті»*, *«Шешен сөйлеу мәдениеті»*, *«Фарабитану»*, *«Абайтану»*, *«Жұбантану»*, *«Даналықтану»*, *«Кабуснама тағылымы»*, *«Қазақ афористикасы»*). Бұл да – ғалымдар арасында сирек кездесетін толассыз еңбек, тоқтаусыз ізденістің нәтижесі.

Ғалым-педагогтің мақалалары АҚШ, Қытай, Түркия, Бразилия, Чехия, Ресей, Бішкек, Ташкент және т.б. алыс-жақын шетелдердің басылымдарында, ғылыми жинақтарында жарияланды.

Абат Сатыбайұлы бұл күнде өзі де жастарды ғылымға баулып, шәкірт тәрбиелеп жүр. Оның ғылыми жетекшілігімен 2 ғылым кандидаты әзірленіп, 40 шақты магистр даярланды. А.Қыдыршаевтың ғылыми жетекшілігімен біршоғыр шәкірттері мектепке дейінгі тіл ширату мәселесімен, бастауыш, орта, жоғары сыныптардағы шешендік, білім ордаларында педагогикалық риториканы оқыту, көшбасшы студенттердің сөйлеу мәдениетін, шешен сөйлеу білік-дағдыларын қалыптастыру проблемаларымен шұғылданып, кең көлемді ғылыми-зерттеу, эксперименттік жұмыстармен айналысуда.

«Адам атаққа емес, атақ адамға қызмет етеді» деген қағиданы берік ұстанған Абат Сатыбайұлы - өзінің маңдай терімен мынадай марапаттарға ие болған ғалым: ҚР «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының (2007), атағының (2012) иегері, Ресей Риторикалық қауымдастығының мүшесі (2009), ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері (2012), Еуропалық ғылыми-өндірістік палатасы Алтын медалінің және сапа жөніндегі дипломының (Diplomdi Merito) иегері (Мәскеу, 2013), «Қазақстанның Құрметті ұстазы» (2019), «Жұбан Молдағалиев» энциклопедиясының бас редакторы, жоба жетекшісі, «Үздік педагог-зерттеуші», «Жоғары оқу орнының үздік педагогы» (2020), «Үздік ұстаз» (2021), «Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы», «Астана патриоты» (2023) төсбелгілерінің иегері, Халықаралық Махамбет атындағы сыйлықтың иегері, «Махамбет» республикалық әдеби, мәдени және танымдық журналының бас редакторы (2022). Профессор А.Қыдыршаевтың есімі 2023 жылы «Қазақстан ТОП 100 үздік тұлғасы» - «ТОП 100 успешных людей Казахстана» энциклопедиясына, «Қазақстанның Алтын кітабына» (Астана, 2023) енгізілді.

Адамның өмір жолының қалыптасуына әсер ететін негізгі фактор оның өскен ортасы, ұшқан ұясы екендігі белгілі. Абаттың ұстаздықты қалап алуы мектептегі сүйікті ұстаздарының ықпалы болса, сөзге шеберлігі, өлең шығаратындығы, еңбекқорлығы бала кезінде Шаршаған әжесінің жанында көбірек болып, кейуананың даналық әңгімелерін құлағына құйып өскендігінен, мамандығы мал дәрігері болса да, оңашада домбыра шертіп «әу» дейтін, өлең

шығаратын қабілеті бар әкесі Сатыбай Қыдыршаұлы мен ел ішінде сыйлы, сөзге салғанда шешен, реті келгенде төгіп-төгіп, осып-осып айтып тастайтын от ауызды, намысшыл да қайсар, ардақты анасы Зылиха Сәрсенқызының тәрбиесі арқылы шешен сөйлеудің құпиясын жастайынан түйсігіне бекіткен десек артық емес. Оның үстіне ғылымдағы бағына шешендіктанудың қыр-сырын зерттеу бұйырды. Абаттың осы сала бойынша жоғарыда айтылған еңбектері шешендіктану пәнінің мазмұнын анықтап, оны оқыту әдістемесінің теориялық-әдістемелік негізін тұжырымдаған алғашқы зерттеу еді. Бойындағы таланты да, зерттеген тақырыбы да сәйкес келіп, шешендіктанудың қыр-сырын жетік меңгерген Абат Сатыбайұлына үстіміздегі жылдың 18 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Қазақ Билер алқасының Құрылтайында Батыс Қазақстан облысының «Аға биі» лауазымы беріліп, арнайы куәлігі тапсырылды. Бұл лауазымда да Абат Сатыбайұлы тындырымды істерді атқарып, небір даулы мәселелердің дұрыс шешімін табатын әділ би болатындығына сенім мол.

Абат өзінің ғұмырлық кәсібін таңдауда қалай қателеспесе, өзіне жар таңдауда да қателеспеді. **Өмірлік жан жары Диамара Қабденқызы** - ғалым ұстаз, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Агротехникалық институтының Өсімдік өнімдерін өндіру технологиясы жоғары мектебінің доценті. Екеуі үш перзенттерін тәрбиелеп өсірді. Қыздары Дана – Казталов ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және бақылау бөлімінің бас маманы, күйеу баласы Абылайхан – кәсіпкер. Үлкен ұлы Орал – Астана қаласындағы Назmony steam мектебінің, келіні Диана – биология пәні мұғалімі. Ал отбасының кенжесі Мақсат – Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің филология факультетінің түлегі, бүгінгі таңда Италия университеті магистратурасында оқиды. Ынтымағы жарасқан отбасында немерелер – Әлісұлтан, Алиана, жиендер - Әбілмансұр, Тамина өсіп келеді.

Ғылыми ізденістің, ұстаздық жолдың «тал түсінде» тұрған Абат Сатыбайұлына әлі де талай биіктерге жетелейтін шығармашылық табыс, отбасына амандық, деніне саулық тілейміз.

ӘОЖ 373.3

БОЛАШАҚ ФИЛОЛОГ МАМАННЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КОРПУСТЫҢ РӨЛІ

Жаңалық БАЛТАБАЕВА,
*Абай атындағы Қазақтың Ұлттық
педагогикалық университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы*

Сөйлеу мәдениетінде ойдың жүйелілігі, дәлдігі, сөздің тазалығы, анықтығы, көңіл күйге әсер ететін көркемдігі маңызды рөл атқарады. Мәдениетті сөйлеу білімгерлердің сөйлеу дағдыларын жетілдіру, әдеби тіл нормаларын дұрыс меңгерулерімен тығыз байланысты. Белгілі тілші ғалым М.Балақаев: «Сөз мәдениеті дегеніміз тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы»[1,115-7]- десе, академик Р.Сыздық: «Сөз мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру...айтпақ ойды тыңдаушыға жүрекке жылы тиетін, «айналасы теп-тегіс жұмыр келген», «әсерлі етіп жеткізу жайын да қатар қамтуы тиіс»[2,3-б.]- деген тұжырым жасаған.

Бүгінгі қоғам талабына сәйкес жоғары оқу орнында білім алушылар болашақ кәсібін терең түсінетін, меңгерген білімін мазмұнды, дәлелді түрде, әдеби тілмен шебер жеткізе алатындай, тіл байлығы мол маман болып шығуы тиіс. Сондықтан жоғары оқу орнында оқытылатын пәндер арқылы студенттерді тіліміздің мүмкіндіктеріне қызықтыру және ойлана шебер сөйлеу үрдісіне, сөйлеу мәдениетіне дағдыландыру маңызды мәселе болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде, болашақ филолог маман терең кәсіби білімімен бірге, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, пікірін жүйелі түрде жеткізе алатын, сөйлеу шеберлігі қалыптасқан

тұлға болуы тиіс. Сөйлеу мәдениеті – адамның жалпы мәдениетінің элементтерінің бірі, ол тіл арқылы қарым-қатынасты ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Ал білім алушылардың сөйлеу мәдениетін арттыруда оларды шешен сөйлеуге үйрету қажеттілігі және студенттерді шешендік өнерге үйретудің мәні үлкен. Өйткені шешендіктануды оқытудың ғылыми- әдістемелік негіздерін зерттеген профессор А.Қыдыршаев шешендіктануды оқытудағы мақсаттың қазіргі әлеуметтік жағдайға сәйкестігін: «Жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдерінің бағдарламасына шешендіктануды енгізу – болашақ мамандардың (филолог, заңгер т.б.) гуманитарлық ойлауын кеңейтудің тағы бір мүмкіндігі. Қазіргі әлеуметтік жағдай бұл ретте ортақ азаматтық құндылықтарға жауапкершілікті басшылыққа ала отырып, «кең құлашты гуманитарлық бағытта ойлау, замана ырғағына қарай өндірістің даму заңдылықтарына сәйкесті кәсіби шығармашылық тұрғыдағы іс-әрекетті құра білуге қабілеттілігі» критерийіне сай мамандарды талап етеді» [3,32-б.],- деп көрсеткен. Қазіргі бәсекелестік өмір сүрудің басты шарты болып отырған кезеңде кәсіби мамандарда жаңа жобаларды жасай білумен бірге, оны дәлелдей, түсіндіре білу дағдылары қалыптасқан болулары керек, осы ретте шешендік өнер мамандарға көмектесетіндігі даусыз. Халық тілінің қайнар бұлағы – шешендік сөздер, бейнелі сөздер, мақал-мәтелдер арқылы студенттердің сөздік қорын байыту сөйлеу мәдениетін жетілдіру жұмыстары арқылы іске асады. Өйткені ғасырлар бойы жинақталған тіліміздің байлығы студенттің ана тілін қастерлеп, тілдегі ұлттық рухты терең тануына мүмкіндік береді. Шешендік сөздер – ұлттық сананың, ұлттық ойлаудың нәтижесі. Ендеше шешендік сөз, мақал-мәтел, қанатты сөз, нақыл сөздер – даналық пен парасаттылықтан туындаған терең ой, логикалық тұжырым, философиялық толғаныс, дүниетаным, өмір тәжірибесі, тағылым-тәлім көріністері, көркем сөзбен көмкерілген қалыптасқан тіркес, қысқа да нұсқа ой үзіктері.

Студент бойында шебер сөйлеуге деген белсенділік оның тілге деген сезімінің оянуына байланысты. Ондай қызығушылықты туғызуда сабақ кезінде сөйлеу шеберліктерін қалыптастыру мақсатына сәйкес ұйымдастырылған жұмыстардың жүйелілігі, тартымдылығы басты рөл атқарады. Сондықтан оқытушы студентті көркем де шешен сөйлеуге ынталандыратын түрлі әдістерді орынды пайдалана білуінің ықпалы күшті болады. Сабақ кезінде, тіптен сабақтан тыс кезде өткізілетін сөйлеу мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар студенттердің белсенділігін оятатындай деңгейде болуы тиіс. Осы ретте қазақ тілінің ұлттық корпусының мүмкіндіктерін тиімді пайдалану қажет.

Ұлттық корпус тек қана лингвистер үшін ғана пайдалы ақпараттық-анықтамалық жүйе емес, оны оқу үдерісінде мектепте де, жоғары оқу орындарында да қазақ тілінің салаларын оқытуда пайдалануға болады. Корпус деген не? Алдымен осы мәселеге тоқталайық. Корпусқа «мәтіндерді электронды түрде жинауға негізделген ақпараттық-анықтамалық жүйе» деген қарапайым қысқаша түсініктеме де беріліп жүр. Ал қазақ тіл білімінде корпусық лингвистиканың негізін салған профессор А.Жұбанов: «корпус дегеніміз - әр тілдегі электронды пішінге келтірілген, яғни бір басқару орталығынан автоматты түрде жұмыс істейтін, лингвистикалық ақпараттарды қамтитын мәтіндер жинағы» деп көрсеткен [4,13-б.]. Қазақ тілінің ұлттық корпусы - белгілі бір тілдегі мәтіндердің белгіленім қойылған базасы, яғни миллиондаған сөзқолданыстан тұратын электрондық мәтіндер базасындағы кез келген сөз өз «паспортын» алады, оның лексикалық мағынасы, грамматикалық белгілері, аудармасы, этимологиясы, мәдени семантикасы түгел көрсетіледі екен.

Корпус не үшін қажет? Ұлттық корпус алдымен тілдің лексикасы мен грамматикасын, ондағы жүздеген жылдар бойы болған өзгерістерді ғылыми зерттеу үшін қажет; қазіргі технологиялық дамудың арқасында ақпаратты іздеуді оңтайландырады; ауқымды материалдарды талдау, өңдеуді, статистикалық мәліметтерді алуды оңайлатады; қажетті сөздіктерді корпус базасына негіздеп құрастыру мүмкіндігі болады, т.б.

Бүгінгі ғылым мен білімнің барлық саласын автоматтандыру өзекті мәселе болып отырған кезде қазақ тіл білімі де осы мақсат үдесінен көрініп келеді. Бұл мәселе Тіл білімі институтында 1969 жылы өткен «Түркі тілдеріндегі статистикалық және ақпараттық зерттеу» атты Бүкілодақтық ғылыми жиыннан бастау алғандығы да белгілі. 1970 жылы математикалық статистика саласының маманы, математик-ғалым Қ.Бектаевтың жетекшілігімен Тіл білімі Институтында «Тіл статистикасы және автоматтандыру» ғылыми тобы құрылып, алдымен қазақ тілінің әртүрлі стильдері бойынша жиілік сөздіктер жасау мәселесімен айналысқан. Мәселен, өткен ғасырдың 90-жылдары классик жазушы М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағы ЭЕМ жадына енгізіліп, нәтижесінде 1995 жылы «М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздіктері» жарық көрді.

Қазақ тіл біліміндегі компьютерлік лингвистиканың зерттелуі Асқар Жұбановтың «Основные принципы формализации содержания казахского текста» (2002) тақырыбындағы докторлық монографиясынан басталады. Ал «Компьютерлік лингвистиканың» заман сұранысынан туындаған саласының бірі - «Корпустық лингвистика». Бұл салаға қатысты А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында «Мәдени құндылықтар ретіндегі қазақ тіліндегі мәтіндер корпусы және сөздіктердің «Тіл- қазына» атты ұлттық компьютерлік қоры», «Қазақ әдеби тілінің аннотацияланған ұлттық корпусы», «Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы метамәтіндік белгіленімдер ұстанымдары мен әзірлемесі» деген тақырыптарда ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, метабелгіленіммен және морфологиялық, лексикалық, морфосемантикалық белгіленімдермен жабдықталған 7 миллионға жуық сөзқолданыстан тұратын бастапқы мәтіндер корпусы құрастырылған. Осы мәселеге қатысты жекелеген зерттеу еңбектермен қатар осы саланың негізін салушы, профессор А.Жұбанов және А.Жаңабекова авторлығымен «Корпустық лингвистика» (2017) атты оқу құралы жарық көрген.

Зерттеушілердің көрсетуінше, корпустық лингвистиканың негізгі түсінігін оның бейнелейтін аясына қарай, корпустағы сақталатын ақпарат бірлігі тұрғысынан, оны әртүрлі негізде топтастыру мен құрастыру және т.б. принциптерді ұстаным етуіне қарай әртүрлі ұғынуға болады. Корпуста сақталатын бірлік – ол пәндік саланың қайсыбір жиынтығы. Мысалы, оларға жататындар: сөз, сөзформа, сөзтіркес, сөйлем немесе толық мәтіндер жиынтығы. Сондай-ақ мәтіндер корпусындағы кез келген сөзді іздеу, сол сөздің *конкордансын* жасауға мүмкіндік тудырады екен. *Конкорданс* – сол сөздің барлық қолданысы бар мәтін үзінділері қамтылған шығармалар тізімі және оларға сілтеме берілген мәліметтер [4, 21-б.]. *Конкорданстың* тиімділігі – «корпуста іздеу» жүйесі арқылы қандай да бір сөзге мысалдар ізделсе, корпус осы сауалға сай мысалдар тізімін шығарып береді, оған бұрынғыдай картотекадан іздегендей уақыт кетпейді. Бұдан электронды корпустық жүйенің тиімділігі анық байқалады. Білімгерлер де, тілшілер де, оқырман қауым да өздеріне қажетті сөзге қатысты мәліметтерді аз ғана уақыт ішінде тауып алатын болады. Өйткені корпуста компьютерлік жадқа енгізілген мәтіндерге автоматты түрде түрлі лингвистикалық талдаулар жасайтын құрылғылар бар. Оның үстіне, сөздерді автоматты талдауға түбір мен қосымшаның жігі анық көрініп тұратын агглютинативті тілдер ыңғайлы екен. Қазақ тілінің Ұлттық корпусында да морфологиялық талдаушы (анализатор) қазақ тіліндегі сөз формаларды автоматты түрде түбір мен қосымшаға бөліп, олардың сөз табына қатысын және қосымшалардың грамматикалық сипаттамасын шартты белгілер арқылы көрсете алады [5, 132-б.]. Ғалымдардың дәлелдеуінше, Ұлттық корпустар тілді ана тілі немесе шет тілі ретінде үйрету үшін де маңызды екен, өйткені қай елде де оқулықтар мен оқу бағдарламалары корпусқа бағытталады. Сондықтан кез келген шетелдік азамат, мектеп оқушысы, мұғалім, журналист, редактор және жазушы корпусты қолдана отырып бейтаныс сөзді немесе грамматикалық форманы қолдану ерекшеліктерін тез және тиімді тексере алады.

А.Жұбановтың пікірінше, дәстүрлі мектеп грамматикалары мен оқулықтарында көбінесе жасанды құрастырылған немесе редакцияланған мысалдар беріледі. Болашақта олардың студенттерге көмегі аз болуы да мүмкін, себебі тілдік бірліктердің тілдесімдегі шынайы қолданысы мүлде басқаша. Осыған қатысты корпустар эмпирикалық дереккөз ретінде лингводидактикада маңызды рөл атқарады. Тілді оқыту немесе үйрету кезінде корпустар студенттердің қызығушылығын арттырады, тілді өз бетінше зерттеп-үйренуге ықпал етеді [4, 27-б.]. Шындығында да жастар арасында кітап оқу мәдениеті, ауызша сөйлеу сауаттылығы, этномаркерлі лексикалық қорды білу және қолдану деңгейі аз да болып тұрғандығы да аян. Осыған байланысты қазақ тілінің ғылыми және пәндік курстарын оқытуда корпустық материалдарды сабақ үдерісінде кеңінен пайдаланған тиімді болары сөзсіз. Ұлттық корпус бірнеше бөлімдерден тұрады: негізгі корпус, мәдени-репрезентативті ішкорпус, параллель ішкорпус, ауызша ішкорпус, мақал-мәтелдер ішкорпусы, ономастикалық ішкорпусы, Ахмет Байтұрсынұлының ішкорпусы, диалектикалық ішкорпусы, тарихи ішкорпус, жарнама ішкорпусы. Осы корпустардың материалдарын пәннің мақсатына қарай пайдалануға болады. Мысалы, Лингвомәдениет таным пәні бойынша мәдени-репрезентативті ішкорпусын пайдалануға болады. Бұл ішкорпустың құрылымы мәдени тақырыптық топтар, мәдени лексикалық қабаттар, мәдени бірліктер және бейнебаяндардан тұрады. Бұлардың әрқайсысы өз ішінде бірнеше тақырыптарға бөлінген. Мысалы, мәдени тақырыптық топтар – адам атаулары, туыстық атаулары, ұлттық тағам, ойындар, киімдер, қолөнер т.б. атауларды қамтыған. Ал мәдени – лексикалық қабаттар – мәдени онимдер, этнографизмдер, көнерген сөздер т.б. болып

бөлінген. Мәдени бірліктер әліпби жүйесімен көптеген сөздерді қамтыған. Ал бейнебаян бөлімінде айсырға, алтыбақан,білезік, кимешек, қамшы секілді ұлттық құндылықты сипаттайтын зат атаулары туралы мәліметтер берілген.

Сабаққа қатысты қажетті материалдарды корпустаң іздеу жүйесі бірнеше филтрден тұрады:нақты сөз арқылы іздеу;морфологиялық іздеу, яғни сөздің жіктелуі бойынша іздеу;сөз табы бойынша іздеу;сөздің соңындағы тыныс белгілері арқылы іздеу.Корпус студенттер мен мектеп оқушыларының өзіндік шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыруға және заманауи ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, оларды практикалық және ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде пайдалануға мүмкіндік береді. Мәселен, сабақта талданатын мәтіндердегі тілдік метафораларды, поэтикалық (контекстік) метафораларды, көпмағыналы т.б. сөздерге корпустаң мысалдар таптырту секілді тапсырмаларды орындатуға болады.Жүйелі, сауатты сөйлеуге дағдыландыру жұмыстарын жүргізгенде жаттығу материалдарында фразалық тіркестер, мақал-мәтелдер, бейнелі сөздер кеңінен қолданылады. Мысалы, практикалық сабақтарда мақал-мәтелдерді пайдалану арқылы сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарын тапқызу студенттің грамматикалық мағынаны түсінуіне әрі сөз байлығын арттыруға мүмкіндік береді.

Болашақ маманды мәдениетті сөйлеуге дағдыландырудағы негізгі мәселе – сөздік қорды байыту. Әдеби тілде сөйлеу үшін адамның сөйлеу дағдысы болу жеткіліксіз, ол үшін тағы да бай сөздік қор керек. Сөйлеушінің сөйлеп тұрғанда кідіріс жасауы керек сөзді ойша іздеуімен байланысты екені белгілі. Кідіріс жиі болса, ол адамды тыңдау қиын, тыңдаушыға әсері шамалы. Сөздік қордың жетімсіздігі сөзді орынсыз қолдануға да мәжбүр етіп, сәтсіздік туғызады. Бұл қолайсыз жағдайлардың бәрі сөздік қордың жеткіліксіздігімен байланысты.

Сөз көп мағыналы тілдік бірлік болғанымен, бірақ бір сөйлемде, бір қолданыста сөз бір мағынада ғана қолданылады. Олай болса, сөз мағынасын білуге, сөз мағынасын ажыратуға студент үйретіліп, сөзді сөйлеуде орынды қолдануға жаттықтырылуы керек. Ал шаршы топ алдында сөз сөйлеу тіліне қойылар талаптарды ғалым А.Қыдыршаев былай жіктейді: 1) дұрыстығы; 2) қысқалығы; 3) эмоциональдығы; 4) байлығы (лексикалық, фразеологиялық, интонациялық); 5) түсініктілігі мен дәлдігі [6, 12-б.]. Сөздік қорды байыту жұмысы тілдің лексикология саласымен байланысты. Сондықтан «тілдік жаттығулардың иінді жерлерінде... сөз байлығынан саумалап мағлұмат бере берген жөн» [7,75-б.],- деген пікірдің өміршеңдігі анық көрінеді. Осы ретте ұлттық корпустағы мәдени бірліктерді орынды пайдалана білген жөн. Мысалы, «Шіркін, сапар шегу қандай жақсы! Сапар – өмірдің баспалдағы»(Ө.Нұршайықов)деген үзіндідегі *өмірдің баспалдағы* деген тіркестің Корпустаң барлық қолданыстарын тапқызу арқылы қанша қолданыс бар екендігін, олардың ерекшеліктерін айтқызуға болады.

Тілдік корпустардағы лингвистикалық ақпараттар жүйесі тіл ғылымының әрбір саласы бойынша нақтыланған тілдік теорияларға негізделіп жасалады. «Электронды корпустар тілдегі (мәтіндегі) лексикалық бірліктер туралы ақпараттар беріп қана қоймайды, оның әрбір құрамдық бөлшегі туралы да мәлімет бере алады[5,106-б.]. Сондықтан да зерттеушілер корпуста тілді компьютерге бағындыру мақсатында тілдің әрдеңгейі бойынша автоматты түрде талдау жасау міндеті қойылатындығын, ал автоматты талдауға, әсіресе, агглютинативті тілдер ыңғайлы екендігін, өйткені мұндай тілдерде түбірмен қосымшаның жігі анық көрініп тұратындығына нақты мысалдар арқылы көрсеткен. Мысалы, «балаларға» сөзінің морфологиялық анализатор төмендегі шеталдайды:

Балаларға

Лемма бала

Морфология зт.лар/кж+ға/бс

1-сурет. «Балаларға» сөзінің морфологиялық белгіленімі

Сондай-ақ корпуста морфологиялық талдауғана емес, тілдің басқа деңгейлеріне жасалатын тілдік талдаулардың барлығы қамтылуы тиіс екендігі және мұндай жан-жақты лингвистикалық талдауды «*тереңан нотацияланған*» корпус жасайтындығы айтылған [5,132-б.].

Қорыта айтқанда, ұлттық корпуста енгізілген тілдік материалдарды сабақ үдерісінде кеңінен пайдалану болашақ филолог мамандарды мәдени семантикаға сай сөз қолданыстарын дұрыс, орынды, талғампаздықпен қолдануға, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға

бағыттайды. Өйткені ұлттық корпуста тек сөздер, олардың мағыналары ғана емес және жекелеген сөздер кездесетін шығармалар тізімі мен үзінділер, мысалдар қамтылады және ұсынылған шығарманың сипаты, автордың ерекшелігі де көрсетілген. Сондай-ақ ұлттық корпус – белгілі бір сөздің тарихи кезеңдерден бергі даму динамикасы, қандай орфографиялық, орфоэпиялық, т.б. тілдік өзгеріске ұшырағаны, қазіргі заманғы қолдану аясы жайында да мәліметтер алуға болатын әмбебап, ақпараттық-анықтамалық ашық жүйе. Сондықтан ауқымы үлкен жүйені сабақ үдерісінде орынды пайдаланған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. - Алматы: Ғылым, 1984. - 184 б.
2. Сыздық Р. Сөз мәдениеті. - Алматы: Мектеп, 1984.
3. Қыдыршаев А. Шешендіктануды оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. дисс. автореф. - Алматы, 2001. - 50 б.
4. Жұбанов А., Жаңабекова А. Корпустық лингвистика. Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2017.
5. Момынова Б., Қ., Имангазина М. А., Анесова У. Г. Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы етістіктердің лексика-семантикалық белгіленім әзірлемесі: әлемдік тәжірибе, классификациялау, коруста белгілеу. Абылайхан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Хабаршысы: «Филология ғылымдары» сериясы. - Алматы, №3(66) 2022. - 128-146-бб.
6. Қыдыршаев А. Кестелі шешендіктану. – Орал: Ағартушы, 2008. - 84 б.
7. Ермеков Ә. Программа жөнінде бірер сөз. – Алматы: Қазақстан мектебі. 1965. - № 7. - 74-76-б.

ӘОЖ 372.8

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ, ОНЫ АЙҚЫНДАУ ҰСТАНЫМДАРЫ

Жарқынбике Сүлейменова,

*Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор*


Ұ Мақалада жоғары мектепте білім беру мазмұны, оны айқындаудың жылпыдидактикалық, жекепәндік ұстанымдары баяндалады. Қазіргі кезеңдегі жоғары мектепте маман даярлауда білім беру мазмұнын айқындау – білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Осы тұрғысынан қазіргі білім беру жүйесінің басты ерекшеліктері, жаңа үлгісі, басты ұстанымдары анықталады.

Ұ В статье излагается содержание образования в Высшей школе, принципы его определения. Определение содержания образования в подготовке специалистов в Высшей школе на современном этапе – одна из актуальных проблем в системе образования. С этой точки зрения определяются основные особенности, новая модель, основные позиции современной системы образования.

Ұ The article describes the content of education in Higher education, the principles of its definition. Determining the content of education in the training of specialists in Higher education at the present stage is one of the urgent problems in the education system. From this point of view, the main features, a new model, and the main positions of the modern education system are determined.

Кіріспе. Білім берудің жаңа үлгісін жасау – Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер талап етіп отырған міндет. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында жоғары білім беру жүйесіндегі өзекті трендтерді атап өтті: «массификация, университеттер мен бизнестің мемлекетпен өзара іс-қимылы (үштік спираль), цифрландыру, интернационалдандыру, академиялық артықшылық бастамалары, жоғары оқу орындарының білім беру қызметтері мен ғылыми зерттеулерінің сапасына қойылатын талаптарды арттыру, қоғамға қызмет етуге бағдарлану, университеттердің корпоративтік басқаруы мен академиялық еркіндігін дамыту»[1].

ЖОО-ларда білімгерлердің санының артуы (массификацияның көрінісі) білімнің капиталға айналуына байланысты. 2023 жылғы деректер бойынша, Қазақстан Республикасында 131 жоғары оқу орны бар [2], оның ішінде жоғары оқу орындары мен жоғары орнанан кейінгі білім беру ұйымдарында білімгерлердің оқитын мамандықтар бойынша білім беру саласында оқитындары – 29,6 пайыздық көрсеткіш [3,144]. Бұл, біздіңше, үлкен көрсеткіш.



Қазақстан Республикасында білімберуді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттерінің біріне сәйкес (Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы) «оқытудың жинақтаушы кредиттік жүйесіне негізделген кадрларды даярлаудың біртұтас үш сатылы моделін жасау (бакалавриат - магистратура - докторантура)» бойынша 2007 жылы үш сатылы білім беру бағдарламаларына көшірілді.

Соңғы жылдардағы жоғары білім беруді реформалау жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуге байланысты мемлекеттік саясат стратегиялары бағытында өзгерістерге негізделіп отырды.

Негізгі бөлім. XX ғасыр соңы мен XXI ғасыр басы еліміздің білім беру жүйесі үшін реформалар мен жаңарулар кезеңі болды. Мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі білім беруді дамытудың ұлттық моделін құру, қазақстандық білім мен ғылымының әлемдік бәсекегеабілеттігін арттыру, рухани құндылықтар негізінде тұлғаны оқытып-тәрбиелеу болды. 2007 жылы «Білім туралы» жаңа заң қабылданды, 2010 жылы Қазақстан Республикасы Орталық Азияда тұңғыш рет Болонья декларациясы енді. Еуропалық білім беру кеңістігіне ене бастады. Ұлттық жоба білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

Зерттеушілер жоғары білім беру жүйесін реформалаудың басты 4 кезеңін көрсетеді:

1-кезең егемендік алғаннан бастап, 1994 жыл аралығы. Жоғары білімінің нормативтік-құқықтық, заңнамалық базасының құрылуы.

2-кезең 1995-1998 жылдар аралығы. Жоғары білім беру жүйесінің жаңаруы.

3-кезең 1999- 2000 аралығы. Білім беруді қаржыландыру және басқарудың орталықсыздандыруы, академиялық еркіндік қызметін кеңейту, жоғары білім беру жүйесін нарықтық экономикаға бейімдеу

4-кезең (2001 жылдан қазірге дейінгі кезең аралығы Жоғары білім беру жүйесінің стратегиялық дамуы, еңбек нарығына сай бәсеке қабілетті ұлтжанды маман даярлау» [4, 20-22].

Қазір ұлттық білім беру жүйесі жаһандану үрдісі кезеңінде. Жоғары білім беру әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының біріне айналуға, себебі экономикалық жетістіктер білім беру сапасымен, тұлғалардың білімділігімен, мамандардың әлемдік бәсекеге қабілеттілігімен анықталады. Қазіргі өзгермелі қоғамда өзбетінше әрекет етіп, шешім қабылдай алатын, өз болашағына жауапкершілікпен қарайтын, шығармашыл, өзінің дамып жетілуін құндылық ретінде түсінетін, үздіксіз білім ала алатын ұлтжанды тұлға – заманауи маман. Жаңа білім беру парадигмасының талаптары маманнан көлемді ақпаратты жылдам әрі сапалы талдай білуді, өз білімін болашақ кәсіби тәжірибелік әрекетінде тиімді де оңтайлы қолдана білу қабілеттерін қалыптастыруды талап етеді. Қазіргі кезеңде білім - капитал.

ЖОО білім беру мазмұнының әлемдік білім беру кеңістігіне енуіне байланысты құрылымдық-мазмұндық моделі түбегейлі өзгерді: білім мазмұны жаңаша құрылды, білім ақпараттандырылды, оқыту стратегиялары мен технологиялары өзгерді. Аталған өзгерістер ЖОО оқытушысының алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр.

1997 жылы Лиссабон келісімінде Қазақстан Республикасы ресми құжатқа қол қойды. 2010 жылы Болон жүйесі негізінде Еуропа білім беру кеңістігіне енді. Нәтижесінде, 2003 жылы кредиттік жүйе қолданыла бастады.

Қазіргі кезеңдегі білім алудың рөлі артты: өмір бойы білім алу парадигмасына, виртуалды білім алу мүмкіндіктерінің артуына, тұлғаның өздігінен білім алуына, өзін-өзі жетілдіруіне басымдық берілді.

Оқытудың жаңаша құрылуының алғышарттары маман даярлаудың құзыреттілік моделін қамтамасыз ететін – оқытуды демократияландыру, ізгілендіру, ізгіліктендіру, ақпараттандыру, саралау, студенттің жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына баса мән беру, интербелсенді, проблемдік, бағдарламалық оқытуды жетілдіріп, оқыту үдерісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу, оны білім беруде кең қолдану және оқытудың нәтижелілігі. Студент кәсіби-теориялық білім, іскерлік, дағдылармен қаруланып қана қоймай, шығармашылық еңбегімен ізденіп, өздігінен білім алуға, өз бетімен ой қорытындысын жасауға қабілетті болуы тиіс. Қазіргі жағдайда оқытудың мақсаты, мазмұны, оқыту формалары мен әдіс-тәсілдерінің тиімділігі оның нәтижесімен өлшенеді. “Білім беру – қоғам мүшелерінің адамгершілік-интеллектуалдық, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбиелеу мен оқыту процесі” [5, 5]. Осыған сәйкес жоғары білім беру маманның болашақ қызметіне сәйкес біртұтас, жүйелі, іргелі білім, кәсіби іскерлік, дағдылармен қаруландыруды және арнайы шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Қоғамдағы қайта құрулар, экономиканың жедел, қарқынды дамуы білім беру мазмұнына қойылатын талаптарды өзгертудің объективті себептері болып отыр. Білім беру, оның мазмұны мен құрылымын айқындаудың теориялық негіздерін анықтауда Ж.Қоянбаев, М.М.Жадрин, А.Бейсенбаева, М.Н.Скаткин, В.В.Краевский, И.Я.Лернер, Ч.Куписевич, В.С.Леднев, т.б. тұжырымдары маңызды.

Ғылыми әдістемелік әдебиеттерде *білім мазмұнына* әртүрлі анықтама берілген. Жалпы тұжырым – білім, дағды, іскерліктер жүйесі. И.Я. Лернер мен М.Н.Скаткин пікірінше, “ұрпақ жалғастығымен берілетін тәжірибелер жүйесі” Б.Қоянбаевтың пайымдауынша: “*білім мазмұны* – ғылыми білімнің, іскерліктің және дағдылар жүйесі” [6, 37]. Бұл қағидаларда білім мазмұны білім, іскерлік, дағды деп дәлелдеуге ден қойылған. Мұндағы назар аударарлық нәрсе: қазіргі қоғамдық қатынастар өзгерген тұста, ғылыми-техникалық прогрестің ұдайы үдемелі тұсында білім мазмұны теориясы жаңаша саралана бастады. Басқаша айтқанда, жан-жақты білім, іскерлік, дағдымен қоса, білім мазмұнының оқушылардың құзыреттілік, шығармашылық қабілеті мен танымдық ақыл-ой өрісін дамыту, қоғам дамуының талаптарына сәйкестендіру, оны жеке тұлға ретінде дамып жетілуіне бағытталған болуы, “ізденушілікке ынталандыратын әдіс-тәсілдердің тиімді жолдарын тұтынып, оны қолдана білуге және білімді құрғақ жаттау емес, ой-толғаныссыз қайталау да емес, саналылыққа негізделген терең түсінікті меңгеру” [6,95]. Осы тұрасында Е.Дайрабаевтың тұжырымы бойынша, білім беру мазмұны деп оқушылардың ақыл-ойын, дене күш-қуаттарын жан-жақты дамыту, дүниеге ғылыми көзқарас қалыптастыру және оларды қоғамдық өмірге, еңбекке даярлауға қажетті негіз болатын білімдер мен іскерліктердің және дағдылардың көлемі мен бағыты. Білім берудің мазмұны ең алдымен қоғамның, мектептің алдына қоятын мақсаттары және міндеттерімен анықталады, сондай-ақ дидактикалық талаптары да ескеріледі” [7].

П.И.Пидкасистый пікіріне жүгінсек: «біліммен ғана қаруландырып қоймай, ерік-жігерінің қуаттылығын, қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға баса мән беру керектігі»[8, 212].

Белгілі ғалым Б.Лихачевтің де ой-түйіндеулерінің осымен астасып жатқанын байқауға болады. Оқушылардың танымдық белсенділігін өзбек тілін оқыту арқылы дамыту мәселелерімен айналысқан ғалым А.К.Гулямов білім мазмұнын құраушы негізгі компоненттер білім жүйесі, іскерлік дағдылар жүйесі, шығармашылық әрекет тәжірибелері және қарым-қатынас жүйесі туралы айта келе, өзбек тілін оқыту әдістемесінің дамуы 1-2 компонент деңгейінде қалып отырғанын дәлелдейді.

Сонымен, білім мазмұны – студент танып, білуге тиісті ғылыми білімдер жиынтығынан құрылған жүйе болса, білім студенттің ғылыми пәннен іріктелген білім мазмұнын әрекеттік негізде меңгерген білік, дағдыларының нәтижесі болып табылады. Білім мазмұнын теориялық жобалау “эмпирикалық ойлаудан ғылыми-теориялық ойлауға көшумен байланысты” болу керек.

«Адамзат үшінші мыңжылдық табалдырығында адамдағы адамгершілікті өрістету мәселелерінің басымдығын бұрынғыдан да көбірек мойындауда. Адамның өнегелік-рухани бейнесі, оның қоғамдағы әл-ахуалы жеке тұлғаға бағдарланған білім беру мен тәрбиеге тікелей байланысты» [9].

Білім мазмұнының ғылыми негіздегі құрылымының айқындығы оның қарастыратын нысанын да нақтылай түспек, олай деуіміздің мәнісі білім мазмұны, оны анықтау – дидактикадағы өте күрделі көпжақты мәселе. Білім мазмұнын құрайтын негізгі ұстанымдар жөнінде ғалымдардың пікірі ортақ түйінге тоғысады, олар ғылыми курстан білім, іскерлік, дағдылар, құзыреттіліктер қалыптастырумен қатар, білім мазмұнының азаматтық, ізгілік сипат алуы, оқу материалының өмірмен тығыз мазмұндық сипатта болуы, курстардың кіріктірілуі, гуманитарлық-этикалық сипаты, жеке тұлғаны жан-жақты дамытушылық сипаты, оқу материалдарының ғылым дамуының деңгейіне сәйкес келуі, политехникалық сипат алуы, жас ерекшеліктерінің ескерілуі [10].

Білім мазмұнының ғылыми-өндіріс дамуына сәйкес келуі, оқытудың мазмұндық-процессуалдық жақтарының бірлігін жүзеге асыру ұстанымы және баланың жеке дара даму ерекшелігіне сәйкес құрылуы қоғам мұқтаждығын ескеру, таңдаған білім моделіне сәйкес болуы, пәнаралық байланыстар негізінде құрылуы, балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру [11; 1;].

Т.Садықов пен А.Әбілқасымова тұлғаның білімімен, білігімен, дағдысымен жүзеге асатын қызметтің белгілі тәсілдерін жүзеге асыру тәжірибелері, жаңа өзекті мәселелерді шешудегі шығармашылық, ізденістік қызметтерінің тәжірибесі, адам қызметінің объектілеріне немесе құралдарына құндылық тұрғысынан қарау тәжірибесін игеру деп көрсетеді [13, 63]. Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. Жоғары мектепте білім берудің дидактикалық негіздері. Оқу құралы.- Алматы, Ғылым, 2003. -165 б. Сонымен қатар аталған ғалымдар білім мазмұны қалыптасуындағы негізі теориялар мен тұжырымдамалары, мемлекеттік білім стандарты, оқу жоспарлары, бағдарламалар, оқу құралдары секілді басты ұғымдарды анықтайды [13, 74- 89].

Демек, жоғары мектепте білім беру мазмұнының негіздері қоғам дамуы заңдылықтарына сәйкес оқу материалдарының шындық өмірмен тығыз байланыста болуымен, оқыту үдерісінің педагогикалық ынтымақтастыққа құрылып, ізгілік сипат алуымен, білімнің жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталуымен сипатталады, яғни білім мазмұны қоғам мұқтаждығын өтеп, қоғам дамуымен біте қайнасуы қажет.

«Жоғары мектеп педагогикасы» оқу құралында: «Білім беру мазмұны дегеніміз - жеке тұлға қалыптастыру барысындағы адам баласының іс-әрекет тәсілдерді меңгере отырып, жүйелі түрде білім алуы, іскерлік пен дағдысын, таным арқылы көзқарасын қалыптастыру және ақыл-ойы мен сезімін дамыту»[14, 93].

Білім мазмұнын анықтауда мақсаттылығына басты назар аударылуы тиіс. Осы тұрғысынан Н.Ж.Құрманова «Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту технологиясы» атты оқу құралында: «Оқу бағдарламалары білім мазмұнының формалдық көрсеткіші болғанмен, жинақы түрде мәселелерді көрсете алатын ерекшелікке ие болады. Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытудың мақсаттарынан бастау ала отырып, бағдарлама білім мазмұнын нақты және жалпы міндеттерді шешетіндей етіп құрастырылады.Берілетін білім мазмұнын қазіргі ғылым саласының дамуымен байланыстырғанда, студенттің жеке тұлға ретінде дамуы мен болашақ маман ретінде қалыптасуына игі ықпалын тигізетін мәселелер алынуы керек. Ол үшін

мақсат айқындалып, сол мақсатқа жетудегі оқу мазмұны белгіленуі керек», - деп тұжырымдайды [15, 23].

З.Б.Бейсембайқызы «Жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты оқу құралында» білім мазмұнын айқындауда көптеген ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, ғылым негіздері басты орын алатынын айқындайды: «...пән мазмұнын айқындауда негізі орынды оқылатын ғылым негіздері алады», - дей келе, ғылым негіздерінің мазмұнын ашады. «Ғылым негіздерін және соған сәйкес келетін оқу пәнін бір жүйе деп алып, оған тұтастық сипат беретін бір-бірімен байланысты элементтерді бөліп қарастыру қажет. Айталық, оқу пәні «Қазақ тіл» - бір жүйе (дербес ғылым) десек, оны құрайтын элементтер мазмұндық блок болып табылады. Оларға: фонетика, лексикология, сөзжасам, грамматика т.т.салалары жасалады. Мысалы, қазақ тілі ғылымын қарастыратын нысанына қарай 3 блокқа бөлуге болады: дыбыс жүйесі, сөздің құрылымдық жүйесі (лексика, морфология, сөзжасам, орфография) және сөйлем жүйесі. Дыбыс жүйесі, сөйлем жүйесі терминдерін А.Байтұрсынұлы қолданғаны белгілі. Аталған блоктар өз ерекшеліктеріне, зерттеу нысанына қарай іштей бірнеше топқа бөлінеді. Демек, ғылымға, оны оқыту үдерісіне жүйелілік тұрғыдан қарау, соған негіздеу өте маңызды, себебі жүйелілік тұрғыдан келу пән мазмұнына ең маңызды, ғылымның қазіргі даму деңгейіне сай келетін, ғылыми фактілерді (бағдарламаға сай) енгізу арқылы негізгі мәселелерді игерген маман дайындауға, ақыл-ойы дамыған, шығармашыл ойлай білетін белсенді зерттеуші тәрбиелеуге мүмкіндік береді» [16, 24-25].

Автор пән мазмұнын құрастыруда таңдау, оқу материалдық таңдаудағы негіздер, таңдау межесі, дидактикалық жағдайлар секілді факторларға негіздеу маңызды екендігіне мән береді [16, 25-26]. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» жоғары білім беру жүйесінде әлемдік үрдістер аясында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту, ғылыми зерттеулер нәтижелерін және технологияларды коммерцияландыру үшін жағдайлар жасау, жоғары оқу орындарында білім алатын (бұдан әрі – ЖОО) жастарды "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін нығайтуға қатыстыру, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру менеджментін және даму мониторингін жетілдіру, ғылымның ел экономикасын дамытуға қосатын үлесін ұлғайту, ғалымның ғылыми әлеуетін және мәртебесін нығайту, мектептегі білімнің жаңартылған мазмұнына кезең-кезеңімен көшу, дуальді оқыту секілді міндеттер қойылған. Сондай-ақ, әлемдік үрдістер аясында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту көзделген. Жаңартылған білім беруге көшуді ескере отырып, жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының мазмұны жаңғыртылатыны, базалық жоғары оқу орнында жоғары оқу орындарына арналған білім беру бағдарламаларын, оқулықтар мен ОӘК әзірлеу арқылы ағылшынша оқытуға көшу жүзеге асырылатыны, мектептер үшін мұғалімдерді іріктеу кезінде "білім беру магистрі" дәрежесі бар мамандар кеңінен тартылатыны, мектеп педагогтерін кәсіби жағынан дамыту біліктілікті арттырудың деңгейлік курстарының бағдарламаларын жаңғырту шеңберінде жалғастырылатыны мазмұндалған [17]. Осы секілді елімізде білім беру жүйесін дамытудың мақсаттарын айқындайтын, негізгі стратегиялық бағыттарын белгілейтін ғылыми-теориялық, әдіснамалық құжаттарда әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру үшін білім беруді дамытудағы стратегиялық басымдықтарын белгілеу көзделген. Бұдан білім беру мазмұнын қоғамның жаңа талаптарына сәйкестендіру, және кәсіби біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру міндетіне ден қойылғанын байқауға болады. Қазақстан Республикасы "Білім туралы Заңында" [5] білім беру саласындағы мемлекеттік саясат ұстанымдары етіп мына қағидаларды белгілеген: әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, білімге қол жеткізуі; білім берудің зайырлы сипаты; жеке адамның білімділігін ынталандыру және дарындылығын дамыту; білім беру сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру үдерісінің үздіксіздігі; оқу мен тәрбиенің бірлігі; білім және білім беру мен өкілеттігін кеңейту; білім берудің ізгілікті және дамытушы сипаты; білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциялануы; оқушыларды кәсіптік бағдарлау; білім беру жүйесін ақпараттандыру.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы) [18] жоғары және үздіксіз білім мен ғылым жүйесін дамыту

мынадай қағидаттарын анықтап көрсетеді: «Барлығының сапалы жоғары білім алу құқықтарының теңдігі; зияткерлік дамуды, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, халық үшін жоғары білімнің қолжетімділігі; оның деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі; оқытудың жеке траекториясын еркін таңдау және үздіксіз білім беру арқылы дағдылар мен құзыреттерді алу; еңбек ресурстарының ұтқырлығы – қызмет бейінін өзгерту және әртүрлі бағыттар бойынша параллель кәсіптік білім алу мүмкіндігі; ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің басымдылығын; мемлекеттік қолдау алу кезінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің ашықтығын, объективтілігін және теңдігін; ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар сараптамасының объективтілігі мен тәуелсіздігін арттыру мақсатында; ғылымды, білімді, бизнесті және өндірісті интеграциялау; халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту; экономиканың басым секторларында технологияларды коммерцияландыруды ынталандыру, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті дамытуға қатысуы үшін көтермелеу және жағдайлар жасау»

Жоғары мектепте білім беру мазмұнын іріктеу Білім беру бағдарламасында, бірүлгі бағдарламаларда, оқулықтарда нақтыланады. Мұндағы іріктелген білім мазмұнының басты мақсаты қоғам сұранысына сәйкес болашақ маманның кәсіби танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыру қажет. Оқу әдістері мен технологиялар да осыған сәйкес құрылуы тиіс.

Білім беру мазмұнының басты құрылымдық компоненттерінің маңыздысы – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру беру стандарты. Стандарт негізінде құрылған Білім беру бағдарламасы болашақ маман даярлығына қойылатын талаптар мен кәсіби құзыреттіліктер мазмұнын және білім беру жүйесіндегі пәндер тізбегі, оның сипаттамасын анықтайды. Елімізде жоғары білім беру жүйесі кредиттік білім беру технологиясына негізделген. Білім беру мазмұнын сипаттайтын деңгейлерді зерттеушілер төмендегідей көрсетеді: жалпы теориялық ұғым қалыптастыру (МЖББС, оқу жоспары, оқу пәні деңгейі) белгілі бір пәннің аясында нені қандай ретпен оқу қажеттігін анықтайды, оқу материалы деңгейі оқулықтар мен оқу құралдарының және т.б. материалдардың мазмұнын құрайтын білім білік дағдылар[4, 146]. «Білім мазмұны – бұл арнайы іріктеліп алынған және қоғамда қабылданған, белгілі бір сферада қызмет атқару үшін меңгеретін адамзат тәжірибесінің элементтер жүйесі. Білім мазмұны - білім, іскерлік, дағды және дүниетанымы мен жалпы тұлғалық қалыптасу деңгейі көрінетін оқу орны белгілейтін түпкі нәтиже» [19, 111].

Жоғары білім беру мазмұны анықтайтын нормативтік-құқықтық құжаттар: Стандарт, мамандық бойынша пәндерді анықтап беретін типтік оқу жоспарлары мен міндетті пәндердің мазмұныны анықтайтын құжат – типтік бағдарламалар. Әр блоктағы міндетті пәндер – болашақ маман үшін міндетті игерілетін пәндер болып табылады.

Қазіргі білім беру мазмұнын сипаттайтын ерекшеліктерін төмендегідей жинақтап көрсетуге болады:



Ескерту: Т. – технология

Сурет 1 - Қазіргі білім беру мазмұнын сипаттайтын ерекшеліктері

Сонымен, білім беру мазмұны саяси-экономикалық дамудың бір факторы ретінде тұлғаның дамуына мүмкіндік беруді қамтамасыз етуі тиіс, қоғамды дамытатын әлемдік бәсеке қабілетті тұлғаны даярлауға сапалы білім алуға, пәнаралық байланысты жүзеге асырып, біртұтас ғылыми көзқарас қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

В.А. Клименко өз еңбегінде жаңа әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес жоғары білім берудегі оқу үдерісі ізгілендіру (тұлғаның жеке қасиеттерін құрметтеуге, оқытушы мен студент арасындағы педагогикалық ынтымақтастық, өзі-өзі дамыту), саралау (жеке қабілеттері 14-менбейімдіктерін қабілетін ескеру), әртапартандыру (білім беру деңгейлерінің формаларының саналуандығы), көпнұсқалы (таңдауға мүмкіндік беру), көпдеңгейлі (әр деңгейдегі білім сапасын игеру -бакалавриатура, магистратура, докторантура) компьютерлендіру- ақпараттандыру (кейігі кездегі АКТ -оңтайлы пайдалану) даралау сабақтастық негіздермен сипатталу керек[20,14-24].

Білім мазмұнының ғылыми негізде құрылуы, деңгейлер арасындағы сабақтастық, пәнаралық байланыстардың болуы, теориялық білімінің тәжірибемен байланысы, маңызды. Жоғары мектепте игерілетін білім мазмұнын айқындауда алдымен осы қағидалар негізге алынады. Осы пайымдауларға сүйене отырып, жоғары білім мазмұнын анықтауда дидактикадағы дәстүрлі тұжырымдар мен жаңа соны ой-пікірлер негізінде келесі ұстанымдарды басшылыққа аламыз:

1) жалпы ұстанымдары: білім мазмұнының қоғам дамуына, ұлттық танымға сәйкестігі мен ғылыми, өндірістің дамуы деңгейіне, сондай-ақ қоғамның қойып отырған жаңа талаптарына сәйкес құрылуы; ізгілік, гуманитарлық, демократияландыру, кәсіби құзыреттілік бағыттары негізінде құрылуы; уәждемелік, оқу-танымдық әрекетін белсендіруді көздеу; жеке дара ерекшеліктерді ескеруге құрылған тұлғалық-бағдарлық оқытуға негіздеу; әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырылған көпдеңгейлік үздіксіз білім беру, ақпараттық білім алу мүмкіндігін кеңейту.

2) жекепәндік ұстанымдар: (пәндік білім беру жүйесі тұрғысынан) жаңа теориялық тұжырымдардың енгізілуі; пәншілік, пәнаралық байланыстар арасындағы синтез; лингвистикалық біліктілігін арттыруға негізделуі; базалық білімнің теориялық, практикалық, кәсіби маңыздылығы; лингвистикалық білімнің теориялық ойлауды дамытуда маңыздылығы; практикалық бағытын жүзеге асыру; қатысымдық деңгейде құрылуы;

3) іскерлік, дағдылар, құзыреттілік жүйесі тұрғысынан: функционалдық-стильдік, қатысымдық, кәсіби-құзыреттілік негізде құрылуы; шындық өмір заңдылықтарымен,

прагматикалық бағытта түзілуі; нәтижелік модельге құрылуы; білімді бақылаудың үздіксіздігі; әрекеттік негізде білім беру; жаттығулардың молдығы;

4) кәсіби бағдар беру тұрғысынан: мектеп бағдарламалары, мектеп оқулықтарымен, яғни мектептегі білім мазмұнымен сабақтастық, бірізділік; болашақ кәсібімен байланыстыру; заман талаптарына сәйкес бәсекеге қабілетті маман даярлау;

5) шығармашылық қабілетін дамыту тұрғысынан: танымдық белсенділік пен шығармашылық қабілетін арттыру; ақпараттық-мультимедиалық технологияны енгізу; өз бетімен жұмыс істеуге, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік беру; проблемаларды шешудегі өзіндік, шығармашылық қызметті қамтамасыз ету; педагогикалық үдерістің педагогикалық ынтымақтастықта жүзеге асырылатын интерактив әдістер негізіне құрылуға жағдай жасау. Сонымен, білім берудің қазіргі мақсаты – “білім алып, білім мен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби құзыреттілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады” [21, 5].

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасында үздіксіз білім беру жүйесінің негізгі буыны – жоғары мектеп бүгінде даму үстінде. Жоғары білікті қазақ тілі маманын даярлау жоғары білім берудің біртұтас құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақ тілі мамандарын даярлауда анықталатын білім мазмұны мемлекеттік стратегиялық құжаттардың негізінде, Білім Стандарты, үлгі оқу жоспары мен оқу бағдарламаларында нақтыланады. Білім мазмұнын белгілеу мемлекеттік стандарттағы жоғары кәсіптік маманды дайындау деңгейіне қойылатын талаптарына сәйкес айқындалады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>).Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы.
2. 5ffd2623f7a7dcbc54ef5e5e4ca39
3. **Статистикалық жинақ.** Қазақстан Республикасындағы білім беру (Статистикалық жинақ, қазақ және орыс тілдерінде. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы: А., 2023 -2024.
4. Мыңбаева Ә.Қ. және т.б. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері: оқу құралы. А., -2016 -236 б.
5. Білім туралы заң. //Қазақстан Республикасындағы Білім туралы Заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. - Алматы: Юрист, 2003. – 180.
6. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. - Алматы, 2002. -384 б.
7. Дайрабаев Е., Дайрабаева А. Педагогика пәнінің негіздері. Оқу құралы. -Алматы: Қазақ университеті, 205, -223 б.
8. Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических колледжей. (Под.ред.И.Пидкасистого). - Москва: ПедагогическоеобществоРоссии, 1998. - 640 с.
9. Құсайынов А.Қ. Білім - болашақ негізі. - А., RONDA. 2010. - 296 б.
- 10.Лихачев Б. Педагогика. Курс лекций: Учебное пособие для студентов пед.учебн. заведений и слушателей ИПК и ФПК. - М.: Юрайт, 1999. - 523 с.
- 11.Гулямов А.К. Методика развития учебно-познавательной активности в процессе преподавания родного (узбекского) языка. Дисс... доктора пед. наук. - Ташкент, 1991, -308 с.
- 12.Давыдов В.В. Видьобобщений в обучении. - М., 1972. - 423 с.
- 13.Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. Жоғары мектепте білім берудің дидактикалық негіздері. Оқу құралы.- Алматы, Ғылым, 2003. -165 б.
- 14.Жоғары мектеп педагогикасы: оқу құралы / Ж.Р. Баширова, Н.С. Әлқожаева, Ұ.Б.Төлешова және т.б. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 190 б.
- 15.Құрманова Н.Ж. Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту технологиясы. - Ақтөбе. 2012. - 115 б.
- 16.Бейсембайқызы З.Б. Жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың ғылыми-педагогикалық негіздері. Оқу құралы, - А., Нұр-Принт, 2014. -113 б.)
- 17.Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://adilet.zan.kz/>.
18. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>)

19. Шалғынбаева Қ.Қ., Албытова Н.П., Сламбекова Т.С. Жоғары мектеп педагогикасы: Магистранттарға арналған оқу құралы: Алматы: ССК, 2017. - 272.

20. Клименко, В. А. Педагогика и психология высшей школы: учебно-методическое пособие / В. А. Клименко, С. Н. Островский, Т. В. Шершнёва. – Минск : БНТУ, 2020. – 268 с.

21. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. 20 қаңтар, 2004 жыл. 2-б.

ӘОЖ 64 (574)

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ - МЕМЛЕКЕТТІК ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕГІ

Ә. Т. Дүйсебек

«Ұлттық құндылықтар академиясы» Қоғамдық бірлестігінің басқарма төрағасы

Ü «Ұлттық құндылықтар жүйесі – мемлекеттік идеологияның өзегі» атты мақалада еліміздегі қоғамның орнықты дамуына ғылыми негіз болар ұлттық құндылықтар жүйесі саралана сипатталған.

Ü В статье «Национальные ценности - основной стержень государственной идеологии» изложены вопросы разработки системы национальных ценностей, которые являются фундаментальной основой устойчивого развития казахстанского общества. Подробно изложено содержание 7-ми ценностей, предложенных ОО «Ұлттық құндылықтар академиясы»: Человек, Семья, Родина, Язык, Духовность, Труд и Природа.

Ü The article «The system of national values is the core of state ideology» outlined the issues of developing a system of national values, which are the fundamental basis for the sustainable development of Kazakhstan society. The content of the 7 values proposed by the Public Association "Ultyk kundylyktar akademiya" is described in detail: Man, Family, Homeland, Language, Spirituality, Work and Nature.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Республика күніне орай мемлекеттік наградалар мен сыйлықтарды салтанатты түрде тапсыру рәсімінде: «Мен Түркістанда өткен Құрылтайда сөйлеген сөзімде жаңа қоғамдық этика туралы айттым. Алқалы жиыннан соң Құрылтайдың кейбір мүшелері маған өз ұсыныстарын жолдады. Олар елімізде **құндылықтар жүйесін қалыптастыру** қажеттігіне назар аударуда. Шын мәнінде, мұны өте маңызды бастама деп ойлаймын. Оны жан-жақты талқылап, қарастыруымыз керек» - деген-ді. Президентіміздің бұл сөзін мен қазіргі жаһандану мен геосаяси шиеленістер тұсында ұлттық идеологиямызды қалыптастыруға бағытталған нақты қадамдардың бірі деп пайымдадым. Себебі қазір бүкіл Қазақстан халқын бір мақсат, бір мүддеге ұйыстырып, ынтымағын арттыратын, өркендеуіміздің өзегі болатын құндылықтар жүйесі аса қажет. Тамыры терең ұлттық құндылықтарымызды тұғырнама еткен мемлекеттік идеология болғанда ғана жолымыз айқын, болашағымыз баянды, тәуелсіздігіміз тұғырлы болмақ. Осы мақалада «Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігі әзірлеген, талқыланып толықтырылған, ғылыми-философиялық тұрғыда дәйектелген Ұлттық құндылықтар жүйесін назарға ұсынып отырмын. Бұл жүйе **Адам, Отбасы, Отан, Тіл, Руханият, Еңбек, Табиғат** деген 7 құндылықтан тұрады және ішкі құраушылары мен мазмұны айқындалған.

Құндылықтар жүйесі **Адам** құндылығымен басталады. Ол **Сапалы өмір** және **Адамгершілік, ар-ождан** құраушыларынан тұрады. Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілгендей мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам. Осыған орай **Сапалы өмір** жеке дара құндылық ретінде көрсетілді. Мемлекеттің басты мұраты, басты құндылығы азаматтардың амандығы, денсаулығы, қауіпсіздігі, өмір ұзақтығы, құқығы, әлауқаты, салауатты өмір салты, адам капиталы болуы тиіс. Осы кезде ғана Әділетті Қазақстан құрудың берік іргетасы қаланады.

Өкінішке орай, Қазақстанда жол-көлік апатынан қайтыс болу мүмкіндігі Еуропа елдеріне қарағанда 11 есеге көп. Жыл сайын 10 мыңнан астам адам опат болады. Өндірістегі апаттар 200-ге тарта адамның өмірін жалмайды. Өрттен, суға кетуден т.б. қаза болып жатқандар саны жан шошытады. Өмір сүру ұзақтығы бойынша Қазақстан әлемдік рейтингте 152 орында (CIA World Factbook 2023 жылғы мәліметтері). Ұлттық статистика бюросының мәліметінше

еліміздегі кедейлер үлесі 5,1%. Мұның барлығы азаматтарымыздың өмір сапасы бағытында қаншама жұмыс жүргізілу қажеттігін көрсетеді. Numbeo сайты мәліметі бойынша Финляндияда мемлекет айына жан басына 377 462 тг. бағытайды, ал орташа жалақы 1 млн.105 мың тг. Мұндай мысалдар өте көп.

Адамгершілік, ар-ождан адамның адамдық болмысын, табиғатын, рухани бейнесін анықтайтын адалдық, әділеттілік, абырой, ар тазалығы, жүрек тазалығы, қол тазалығы, мейірбандық, сүйіспеншілік, ізгілік, әдептілік, парасаттылық, ынсап, қанағат, рақым, ақ ниет, кең пейіл т.с.с. асыл қасиеттердің жиынтығы. Абайдың сөзімен айтқанда, жылы жүрек. Бұл туралы Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Өмірдің өкінбейтін бар айласы, Ол айла-қиянатсыз ой тазасы. Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек, Таза жүрек, тату дос-сол шарасы» деген.

Осы орайда Абайдың «Толық адам» философиясындағы, 38-ші қарасөзіндегі (Қитаб тасдик) «Жылы жүрек» туралы трактаттары адамның жүрегін ұялаған рухы (жаны) көрінбейтін, 5D өлшеміндегі космостың голографиялық проекциясы болып табылады деген кванттық психологияның қағидаларымен дәлелденіп отырғанын айта кеткен жөн. Білім мен тәрбиенің, адамның өмірлік харакеті мен ұстанымдарын көкірек көзін ашып, хикмет кеудесінің өлшеусіз әлеуетін пайдалануға бағыттау-жасампаз және әділетті қоғамды орнатудың алғышарты. Керісінше, нәпсінің ырығында кетіп, дүниелік мақсаттарға әсіре елігу адам бойында дүниеқоңыздық, арамдық, сатқындық, жемқорлық, дарақылық, кулық-сұмдық, пасықтық, жағымпаздық, екіжүзділік т.с.с. құбыжық қасиеттерді ұялатып, надандық пен қасіретке әкеліп тіреді.

Өкінішке орай, осы кезге бірқатар кесепат құбылыстар елімізді жайлады. Transparency International ұйымы 2022 жылғы мәліметі бойынша сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексіне Қазақстан 180 елдің арасында 101-орында. Жемқорлық - надандықтың көрінісі. Оны еңсерудің бір пәрменді жолы әр азаматтың сана-сезімінде ар-ождан құндылықтарын орнықтыру, «көкірек көзін ашып, іштегі кірді кетіру», «малым-жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы» деген халық даналығын тіршілік ұстанымына, білім мен тәрбие қағидасына айналдыру болып табылады.

«Отбасы» құндылығы бір-бірімен біте қайнасқан **«Отбасы берекесі»** және **«Ұрпақ»** құраушыларынан тұрады. Отбасы – азаматтың тірегі, мемлекеттің іргетасы, ұлағатты ұл, инабатты қыз тәрбиелеудің ұясы. Бесіктен басталатын тәрбиенің қайнар көзі. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» дегендей, елдің қуатты болуы отбасылардың берекелі болуымен тікелей байланысты. Өкінішке орай, елімізде отбасы құндылығының құлдырауға ұшырағанын отбасылардың ажырасуы көрсеткіші бойынша Қазақстанның 114 елдің ішінде 16-орында тұрғаны көрсетеді (Ranking.KZ 2022 жылғы мәліметі). Бұл қазақ халқы мәдениетіне жат құбылыс. Отбасындағы берекесіздік, әсіресе, балалардың психологиялық жай-күйіне, әлеуметтік хал-ахуалына зор залалын тигізуде. Соңғы кезде балалардың тәртібіндегі келеңсіз оқиғалар мен қорқынышты құбылыстардың көбеюінің басты себептерінің бірі де осы. Сондықтан отбасы құндылығын қалпына келтіру үшін, қазақ халқының асыл дәстүрлеріне сай қарашаңырақ, әулет абыройы, тектілік, ұрпақ үшін жауапкершілік, отбасындағы татулық пен сыйластық, ата-анаға құрмет пен қамқорлық, ата тәрбиесі, әже тәрбиесі, әке тәрбиесі, ананың ақ сүтін ақтау, ұлағатты ұл тәрбиесі, инабатты қыз тәрбиесі ұғымдарын білім беру мен тәрбие бағдарламаларына енгізіп, айнымас өмір салтына айналдыру өте маңызды. Бұл бағытта қоғамдық ұйымдардың жақсы бастамалары бар, оларға мемлекет тарапынан қолдау керек. Мектеп пен ата-ана ынтымақтастығын нормативтік түрде нақтылап, оқу бағдарламаларына отбасы құндылықтарын енгізу, баланың аман-саулығы мен тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі туралы арнайы Ата-аналар кодексі немесе Заң қабылдануы қажет деп ойлаймын.

«Ұрпақ» құндылығы- ұрпаққа қамқорлық пен жауапкершілік. Қазіргі кезде әрбір баланың аман-саулығы мен дамуына теңдей қолайлы жағдай жасау, құқығын қорғау-мемлекет, ата-ана, мектеп бірлестігінің басты міндеті.

Мемлекет басшысының пәрменімен бастауыш мектептің балаларын тегін тамақпен қамтамасыз ету, «Ұлттық қор – балаларға» жобасы ұрпаққа жасалған зор қамқорлық. Балаларымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оларды жаман қылықтар мен әдеттерден, компьютер, смартфон, құмар ойындарға тәуелділіктен, теріс пиғылды діни ағымдар мен экстремистік, радикалдық топтар ықпалынан қорғау үшін арнайы заңнамалық актілер, нақты шаралар қабылдануы қажет. Тәжікстан Республикасының «Ата-аналардың баланы оқыту және тәрбиелеудегі жауапкершілігі туралы» Заңын (2 тамыз 2011 жыл, №762) үлгі етуге болады.

Мектептерге, оқушыларға бірдей жағдайдың жасалмауы, айрықша мәртебедегі немесе қымбат ақылы мектептердің көбеюі Конституциямыздың 30-бабының 1-ші тармағында көрсетілген «Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі» деген қағидасының бұзылуын көрсетеді. Орта білім беру де бизнеске, табыс көзіне айналып бара жатқаны алаңдатады. Алалаушылық баланың жастайынан әділетсіздікке, кемсітушілікке ұшырауын, олардың арасында әлеуметтік стратификация мен психологиялық қарама-қайшылықты туындатады.

Баланың бақытты болуының іргетасы - ұлттық құндылықтарға негізделген ізгі тәрбие, сапалы білім, кәсіби бағдар алуы, заманауи, өзін-өзі дамыту құзыреттіліктерінің қалыптасуы. Қазіргі кезде сапалы білім беріліп жатыр деп айту қиын. Білім сапасын дәл айқындайтын критерийлерге сүйенген терең зерттеулер қажет. Оқу жүктемесі, оқытылатын пәндердің мазмұны, олардың баланың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, тәрбиелік әлеуеті, кәсіби бағдар беру өз дәрежесінде емес. Оқу жүктемесінің ұлғайтылуы білім сапасын төмендетіп, тәрбие жүйесін әлсіретті. Бағалау жүйесі, БЖБ, ТЖБ-лар білім сапасын шынайы анықтамайды, көзбояушылықты туындатады. Заңмен әлеуметтік мәртебесі, жалақылары көтерілгенмен білім сапасына жауапсыз қарайтын педагогтер саны да көбейіп кеткендей. Балалардың ақылы репититорларға жаппай баруға мәжбүр болуы - осының айқын дәлелі.

Тағы бір айтатын мәселе - балалардың уақытын тиімді пайдалануға жағдай туғызу: еңбекпен, спортпен, өнермен, шығармашылықпен, танымдық саяхатпен айналысуы. Ақысыз, қолжетімді үйірмелер жеткілікті болуы тиіс.

Буллинг, суицид, қатыгездік оқиғалары, NEET жастарының көбеюі бүкіл мемлекеттік деңгейде шұғыл шаралар қабылдауды қажет етеді. Таңдаулы балалардың әдемі көрсеткіштеріне тоқмейілсімей, басты назарды тәрбиесінде, әлеуметтік жағдайында жайсыздық бар балаларға аудару керек. Яғни, білім берудің қазіргі эксклюзивті моделінен инклюзивті моделіне көшуіміз қажет. Мұның айқын мысалы - Финляндия білім беру жүйесі, онда барлық мектептерге бірдей жағдай жасалған, әрбір балаға дифференциалды көзқарас, қамқорлық жүзеге асырылады.

Біз «Қазіргі балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік портреті» тақырыбында кешенді әлеуметтік-диагностикалық зерттеулер жүргізуді ұсынамыз. Бұл балалар ортасындағы шынайы жағдайды анықтап, тәуекелдердің алдын алу, проблемалардың салдарымен емес себебімен күресуге жол ашады.

Білім беру ұйымдарында сынып жетекшілерінің, психолог мамандардың, әлеуметтік педагогтердің мәртебесі мен жалақысын, бастысы біліктілігін көтеру - кезек күттірмейтін мәселе.

Сенбі күні мектептің жабық болуы балалардың көшеде бақылаусыз жүруіне әкелді. «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық» салдарларын көріп жатырмыз. Ата-анасының қасында болады дегеніміз бос сөз, олардың басым көпшілігі тіршілік қамында.

Осының бәрі **Ұрпақ** құндылығын жүзеге асыруды, Оқу-ағарту министрлігінен білім беру моделін өзгертуді, басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп жедел және кешенді шаралар қабылдауды талап етеді.

«**Отан**» құндылығы «**Ел мен Жер, Отан**», «**Тәуелсіздік және тарихи таным**», «**Демократия және мемлекет**» құраушыларынан тұрады. «**Ел мен Жер, Отан**» құндылығы Жер-ана, кіндік қаны тамған жер, атамекен, жерұйық, өскен өлке, ауылым - алтын бесігім, елжандылық, отаншылдық, азаматтық борыш, парыз, жауапкершілік, қайраткерлік т.с.с. ұғымдарды қамтиды. Ерім дейтін ел болса, елім дейтін ерлер - адал азаматтар қатары қалың болады. Жастардың білім алуына мемлекет жақсы жағдай жасап жатыр. Кемшін жағдай - оқу бітірген соң жұмысқа орналасу. Кезінде әрбір бітірушіге жолдама берілетін, әлеуметтік қолдау көрсетілетін. Қазір еңбек өтілің жоқ деп жұмысқа қабылдамау, тамыр-таныстық, пара алу жастарымыздың тауын шағып, шетелге кетуіне тікелей себепкер болып отырғаны ешкімге жасырын емес. Бұл жағдайды еңсермесек, ертең елімізге кім еге болады?

«**Тәуелсіздік және тарихи таным**» құндылығы егемен ел, саяси-идеологиялық, рухани, зияткерлік, экономикалық тәуелсіздік ұстанымдарын, тәуелсіз жасампаз сана, Алаш идеясы, ұлтжандылық, ұлттық рух, батыр бабалар өнегесі, тарихи таным мен әділеттілік, шынайы тарих тағылымдары - болашақтың іргетасы ұғымдарын орнықтырады.

Демократия және мемлекетшілдік құндылықтарын адамның құқығы мен міндеттерін, бостандығы мен жауапкершілігін, заңның үстемдігін, әділеттілікті, саяси сауаттылық пен азаматтық белсенділікті, мемлекетшілдікті өзара байланыста қатар қарастырады. Елімізде

Әділетті Қазақстан идеологиясы аясында басқарушы және сот билігінің әділеттілігі, ашықтық, сөз бостандығы, басшы атқарушы және өкілетті органдарды халықтың тікелей сайлауы, меритократия, жемқорлықсыз қоғам орнайды деген елдің үміті зор. Биылғы жылы 22 қазанда қабылданған ҚР «Қоғамдық бақылау туралы» Заңы (№ 30-VIII ҚРЗ № 30-VIII ҚРЗ) - демократияландырудың айқын нышаны. Демек, бұл орайда жастардың саяси сауаттылығын арттыру, демократия ұстанымдарын санасына дарыту бойынша кешенді жұмыстар қажет. Мектеп басқарудағы және қарым-қатынастағы әділеттілік, ұстаздар мен мектеп басшыларының адалдығы, жемқорлықты жою, балалардың өзін-өзі басқару ұйымдарын жоғарыдан түсірілген шаблонмен емес, олардың таңдау құқығын сақтай отырып дұрыс жүргізу - демократиялық сананың бастауы.

«Тіл» құндылығы «Мемлекеттік тіл» және «Тілдік-коммуникативтік мәдениет» құраушыларынан тұрады. Тіл – ұлттың тұғыры, ұрпақтың ғұмыры. Мемлекеттік тіл мәртебесі – ел мәртебесі. Ана тіліміз - ардың ісі. Президентіміз Қ.Тоқаев айтқандай, қазақ тілі – қазақтың жаны. Қазақ тілі – титулдық халықтың ұлттық коды, Қазақстандағы жалғыз мемлекеттік тіл. *Қазақ тілі – сөз қоры жағынан әлемде үшінші орын алатын айрықша тіл.* Қазақ тілі - данышпандар мен даналар тілі, шешендер мен шайырлар тілі, Алаш арыстарының араша түсіп, жанкештілік жасаған тілі. Мемлекеттік тілге жеке дара құндылық ретінде басымдық беріп, оны барлық қазақстандықтардың басты рухани құндылығына айналдыру қажет. Сонда ғана қазақ тілі ұлтаралық қатынас тіліне, ұлт пен ұлыстарды ұйыстырудың, мәдени-экономикалық прогрестің факторына айналады. Бұл үшін балабақшалар және бастауыш мектеп қазақ тілінде оқуға көшірілуі тиіс. Осы орайда «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ бастамасымен жасалған жаңартылған білім беру стандартына сай бірінші сыныптан бастап үш тілде оқытуды, 4 негізгі пәнді ағылшын тілінде оқытуды жаппай енгізу, «қазақ тілі», «қазақ әдебиеті» пәндерінің оқыту мазмұны мен әдістемесін бұрмалауға ұшырату осы реформа авторларының қазақ тіліне жасаған қиянаты деп есептеймін. Осы реформа салдарынан басым көпшілік балалардың жазу және сөйлеу сауаттылығының төмендеуі, қазақ әдебиетінен мақұрым қалып бара жатқаны туралы жұртшылық жария етуде. Бұл жағдай тез арада түзетілуі тиіс. «Өзге тілде сайрау қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті» деп Қадыр Мырза Әлі айтқандай, ана тілімен ойы өскен ұрпақ қана елімізге адал, жерімізге қорған азамат болары анық.

Жақында қабылданған Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасында қаралған сенімді қадамдар осының бастамасы болар деп сенеміз. Бірақ бұл тек тұжырымдама. Енді тиісті мемлекеттік органдар қазақ тілінде іс жүргізу, әдебиет, медиаресурстар мен видеоконтенттің саны мен сапасын арттыру, ғылым мен технология саласында, ақпарат көздерінде, әлеуметтік желілерде, көпшілік орындарда қолданыс аясын кеңейту бойынша заң күші бар нормативтік құжаттар қабылдауы қажет.

«Тілдік – коммуникативтік мәдениет» қазіргі мидай араласқан жаһандану дәуірінде өзге халықтардың тілін игеріп, татулықта өмір сүру, мәдени қарым-қатынас жасау, дамыған елдердің ғылымы мен білімін, технологиясын, жақсы қасиеттерін үйрену үшін, туризмді дамыту үшін аса қажет. «Ырыс алды - ынтымақ» деген дана сөзді ұстаным етіп, өз Отанымыздағы және басқа елдердегі ұлттармен тиімді достық құрудың амалы.

«Руханият» құндылығының құраушылары – «Діл мен дәстүр», «Рухани игіліктер және мәдениет». **Қазақ ұлтының ділі (болмысы):** көңілінің кең даладай дархандығы, «бауырым деп адамзаттың бәрін сүйген» мейірбандығы, тектілігі, меймандостығы, «тура биде туған жоқ» деген әділдігі, «Алла жүрегімде» деген діні, «төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген ауызбіршілігі, «сабыр түбі сары алтын» деген байсалдылығы, өр мінезділігі, өнерпаздығы, астарлы сөзге шеберлігі, тазалығы, табиғатпен үйлесімділігі. Қазақ ұлты мен еліміздегі ұлыстардың татулығы мен өзара сыйластығы елдегі береке мен рухани жарасымдылықтың кепілі.

«Бес нәрседен қашық бол» деп Абай айтқан антиқұндылықтардан балаларымызды аман сақтау керек. Ділімізге жат, жаңа заманда аяғымызға тұсау, жүрегімізге қаяу болатын жаман қасиеттерден арылуымыз қажет. Олардың орнына жаңа заманның талабына сай келетін жаңашылдық, ширақтық, іскерлік, өзгерістерге бейімділік, ізденімпаздық, уақытты қадірлеу, қарым-қатынас мәдениеті, ыждағаттылық сияқты қасиеттерге үйрену қажет-ақ болып тұр.

Дін – халықтарды имандылық аясында ұйыстыратын құндылық, адамның адами қалпын сақтау үшін жаратушының, Алланың берген сыйы. Діннің қадір-қасиетін дұрыс ұғыну - болашағымызды баянды етудің кепілі. Бірақ, мектеп оқушылары теріс пиғылды діни ағымдардың ықпалынан, хиджаптан заң арқылы қорғалуы керек. Оқушы тек заманауи білім,

зиялы тәрбие алуы керек, мектепте баланың оқушы формасында болуы министрлік бекіткен Мектеп ережесінде көрсетілуі керек. 1998 жылы Алматы облысындағы әл-Фараби атындағы гимназия директоры кезімде оқушыларымызды министрлік бұйрығынсыз-ақ толықтай оқушы формасына көшіргенбіз. Осы форманы олар мақтан тұтатын. Қазіргі күнге дейін бірыңғай мектеп формасына көше алмай, мәселенің дау болып жатқаны мені таң-тамаша қалдырады.

Салт-дәстүрлер – ұлттың бет-бейнесі мен өмір сүру қағидаларын, қасиеттерін анықтайтын құндылықтар. Қазіргі жаһандану дәуірінде, өзге мәдениеттердің ықпалы күшейген тұста үлкенді сыйлау, ата-ананы, қарттарды қадірлеу, ағайын-туыспен ауызбіршілік, қысылғанға қол ұшын беру, ұлттық кәсіп, отбасылық және жалпыұлттық береке-бірлік, табиғатпен үйлесімділік сияқты дәстүрлердің маңызы арта түспек.

Келесі құндылық - **рухани игіліктер және ұлттық өнер**. Бұл бағасы мен байлығы ешқандай өлшемге сыймайтын асыл мұра, алтын қазына: ауыз және жазба әдебиетінің асыл маржандары, өнер мен мәдениет, рухани көсемдердің өмірі мен өнегесі, даналық өсиеттері, тәрбиелік қағидалары, ырым-тиым сөздер, Алаш мұрасы, тарихи жәдігерлер мен мұрағаттар, қазақ үйі, шаңырақ, ұлттық мәдениет, т.с.с. Осылардың асыл маржанын теріп жас ұрпақтың санасы мен жүрегіне орнату – аға ұрпақтың парызы. Бұл жолдағы ең пәрменді қадам-білім берудің ұлттық моделіне көшу, білім мен тәрбиені бірыңғай ұлттық құндылықтарға негіздеп, олардың біртұтастығын қамтамасыз ету. Бұл талапқа білім берудің қолданыстағы стандарты да, биыл қабылданған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» да сай келмейді. Оларды қайта қарастыру қажет. Табиғи болмысымызды сақтап, тамырымызға байланып, дәстүр мен инновацияны үйлестіргенде ғана прогресс, орнықты даму болары анық. Бұған көптеген елдердің даму жолы дәлел. Мұқтар Шаханов ағамыз айтқандай, жас ұрпақты тамырсыздық індетінен қалқалай білмесек, болашағымыз бұлыңғыр.

«Еңбек» құндылығы: «Құнды білім және зияткерлік», «Құтты білік және құзыреттілік», «Жасампаз еңбек және шығармашылық» құраушыларынан тұрады. Қазіргі шексіз ақпараттар нөпірі кезінде бізге **құнды білім** қажет деп санаймыз. *Құнды білім* - халқымызға пайдалы, прогреске жетелейтін білім.

Қазақстанның білім беру саласының бір осал тұсы – білім мазмұнын ғылыми

негізде іріктеуге лайықты көзқарастың болмауы. Отандық дидакт ғалымдары-мызды, олардың ғылыми еңбектерін қадірлемей шетелдік тәжірибені көшірмелеу зиянды үрдісі үстемдік құрып тұр. *Біздің ұстаным-заманауи оқыту технологияларын, шетелдік тәжірибені қолдану керек, бірақ білім мазмұны, білім беру стандарттары мен оқу бағдарламалары адастырмайтын арқау болатын ұлттық құндылықтар тұғырында, ұлттық мүддеге сай құрылуы керек.* Орта білім берудің қолданыстағы стандартындағы құндылықтар толықтай қайта қаралуы керек.

Құтты білік және құзыреттілік – Жүсіп Баласағұнның ізімен адамзатқа құт әкелетін харекеттер. «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес мінезден» деп Әлихан Бөкейхан айтқандай, өз мамандарымыздың бойында еңбекқорлық, әділеттілік, жемқорлықтан адалық, заңға бағыну, уақытты ұтымды пайдалану, қоғамдық этика, басқару және қарым-қатынас мәдениеті, іскерлік, жаңашылдық, шығармашылық сияқты қасиеттер керек. Осы тұста жоғары дамыған халықтардың өнегесін аянбай үйренсек құба-құп.

«Жасампаз еңбек және шығармашылық» – даму мен жетістіктің бастауы, табысқа жетудің кілті. Еңбек-адамзаттың асыраушысы, халықтың әл-ауқатын көтеруші, адами қасиеттерімізді жетілдіруші, ақыл-ойымызды, санамызды толықтырушы, біліктілігімізді артырушы, шығармашылығымызды шыңдаушы, іскерлік қарым-қатынасқа үйретуші, денеміз бен мыйымызды шынықтырушы.

Ұлттық құрылтайдың ашылуында Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев: «Еңбекқорлық біздің негізгі құндылығымыз болуы қажет. Табанды еңбек – еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын басты формуланың бірі және бірегейі», – деді. «Жалқаулық, көрсеқызар, ашу, мақтан, арамдық, өтіріктен ерте сақтан. Күні бұрын жуытпа маңайыңа, есер, есірік, ынжықтық солар жақтан» деп Шәкәрім ескерткендей, балаларымызды жалқаулық, жеңіл пайда табу, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүру» айласынан алыстатуымыз керек.

«Баланы алты жасқа дейін хандай көтер, бетінен қақпа. Алты жастан он алты жасқа дейін құлша жұмса. Он алты жасқа толғасын досындай сырлас, сыйлас» дейді қазақ. Жапон мектептерінде «Гамбари ережесі» – қажырлы еңбек ету қағидаттары енгізілген: арнайы тазалаушы адамдар жоқ, бәрін оқушылар өз қолымен істеуге қалыптасқан. Бұл–нағыз еңбек тәрбиесі, жапондық еңбекқорлықтың іргетасы. Осы берік іргетаста Күншығыс елінің ғажайып жоғары технологиялары құрылуда.

Жаңартылған білім беру стандартында бастауыштағы «Еңбек» пәнін қысқартып, Сурет пәнімен араластырып, мазмұны қойыртпақ «Көркем еңбек» енгізілгені зиянкестік болды. Еңбек пәні қалпына келтірілуі керек. Ұлдар мен қыздар бөлек оқуы тиісті. Ұлды ұлша, қызды қызша тәрбиелеу қажет. Жоғары сыныптарда кәсіби бағдарлы оқытуды күшейту қажет.

Мектеп жанындағы тәжірибелік учаскелер, жылыжайлар, make space аймақтар, оқу-өндірістік кешендер (УПК) арнайы қаржыландырылып, пәрменді жұмыс атқаратын болуы тиіс.

Табиғат құндылығының құраушылары - табиғи қазыналар және экологиялық мәдениет. Еліміздің бір облысының аумағындай ғана жер үшін қан төгіп, жан берісіп жатқан халықтардың жайына қарап, осыншама кең байтақ, асты да қазына, үсті де қазына дархан даланы мұра етіп қалдырған ата-бабаларымызға тағзым етеміз. Бүгінгі азаматтардың да парызы-талан-таражға салып, аздырып-тоздырмай балаларымыз бен немерелеріміздің игілігіне өткізу. Ол үшін «Туған жердің тоғайы тынысың, торғайы - туысың» деп Қадыр Мырза Әлі ағамыз айтқандай, табиғатқа қамқорлық, экологиялық сауаттылық мәдениет құндылықтары өмір салтына айналуы тиіс.

Қорыта келгенде айтарымыз, «Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігі ұсынған осындай құндылықтар жүйесі «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» идеясын жүзеге асырудың барлық салаларын кешенді және өзара сабақтастықта қамтиды. Бұл құндылықтар жүйесі мемлекеттік идеологияның өзегі, қоғамдық дамудың, білім мен тәрбиенің, мәдени-әлеуметтік және кәсіби-экономикалық прогрестің кілті болып қызмет атқаратын болады деп сенеміз.

ӘОЖ 82:316.3

ІСКЕРИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Н. Ә.Ильясова

*Абай атындағы ҚазҰПУ, филология ғылымдарының докторы,
Қазақ тілі теориясы және оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі
(Алматы)*

Резюме. В статье рассматривается взаимосвязь речевой лингвистики и делового общения. Требования к культуре речи определены в психологическом, социальном и ораторском аспектах.

Summary. The article examines the relationship between speech linguistics and business communication. Requirements for speech culture are defined in psychological, social and oratorical aspects.

Ключевые слова: деловые отношения, этика, психологический климат, принцип сотрудничества, навыки публичных выступлений.

Keywords: business relations, ethics, psychological climate, the principle of cooperation, public speaking skills.

Адамдардың кәсіби құзыреттілігі мен мәдени қарым-қатынасын талап ететін іскери қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетінің алатын орны ерекше. Іскери қатынаста тіл ресми сипатқа ие болады. Ресми сипат қоғамдық ортадағы келіссөздерде, жиналыстарда адамдармен әңгімелесу, сұхбаттасу кезінде, мұғалім мен оқушы, профессор мен студент, журналист пен билік өкілі, қарапайым халық пен сала мамандары, т.б. сияқты әртүрлі әлеуметтік топтағы адамдар арасындағы тілдік қатынаста көрініс табады. Іскери қатынасқа түсушілердің атағына, дәрежесіне, қызметіне т.б. байланысты «жоғарыдан төмен», «төменнен жоғары», «вертикальды», «горизонтальды» түрде қарым-қатынас орнайды. Осыдан ресми статусына қарай сөйлеу мәдениеті орын алады. Басшылар мен басшылар, басшылар мен қызметкерлер, басшылар мен жұмысшылар т.б. арасындағы қарым-қатынасқа байланысты этикет нормалары өзгеріп отырады. Сөйлеу жағдаятына байланысты ресми нормадағы тілдік этикеттер, моральдық нормадағы тілдік этикеттер қолданылады. Уақыт мөлшерін дұрыс пайдалану да сөйлеу мәдениетінің басты көрсеткішіне жатады.

Іскери қарым-қатынаста этикалық норманы сақтау негізгі заңдылықтың қатарына жатады. Этикалық норма сөйлеу мәдениетінің талаптарынан туындайды. Сөйлеу мәдениеті психологиялық ахуалды реттеудің тетігі болып табылады. Дәлірек айтқанда, жағымды психологиялық климат қалыптастырудың жолы. Ғалым А.Әлімов жағымды психологиялық климатты еркіндік, өзара

сыйласымдық, жолдастық, бір-біріне бейімделу және бөтен пікір мен көзқарастарды жағымды тұрғыдан қабылдау мен оларды түсінуге деген ұмтылыстан, оларға төзе білуден тұрады деп түсіндіреді [1, 95 б.] Бұдан жағымды психологиялық климатпен сөйлеу мәдениетінің байланысын байқауға болады. Оларды байланыстыратын факторлар мыналар:

1) басқа адамның ішкі жан-дүниесін қабылдай білу. Себебі ақпарат тілдік қатынасқа түсушілердің әрқайсысының танымында бекіген, ақыл-ой сүзгісінен өткенбәріне танысболғандықтан пікір алмасу барысында көптеген психологиялық толқулар орын алады. Келісу/келіспеу, қарсы болу/қолдау, шытырман сұрақтар құрсауына түсіру, ықтиярсыз көнетін сұрақтар беру, үдетпелі сұрақтар беру т.б. Қандай психологиялық әрекет орын алса да, екі жақ (сөйлеуші, тыңдаушы) оның мәнін, мағынасын түсініп, біліп, сезіп отырады. Сондықтан талқылататын мәселені сөйлеуші тек өз көзқарасы тұрғысында ғана емес, тыңдаушының көзқарасы тұрғысында да қабылдай алуы, тыңдаушының эмоциясын түсінуі аса маңызды. Бұл коммуниканттар арасында тығыз эмпатиялық байланыстың орнауына ықпал етеді. Эмпатия «басқа адамның рөлін қабылдау қабілеттілігі» екенін 1934 жылы ағылшын ғалымдары айтқан еді [2]. Іскери қарым-қатынаста эмпатиялық байланыс сәтті орнаса, сөйлеу мәдениетінің жүзеге асқаны деп тұжырымдауға болады;

2)қызығушылықты ояту. Сөйлеуші тыңдаушының қызығушылығын оята білуі білім-тәжірибе-мәдениет бірлігін игергенін көрсетеді. Сөйлеуші өзінің өмірлік тәжірибесінен өткен таным-түсінігін (апперцепция) пайдаланып, тыңдаушының эмоциясы мен сезіміне әсер етуі басты шарт. Ол үшін тыңдаушының эмоциясы мен сезімін өзінің ішкі жан-дүниесінен өткізе алу қабілеті болуы керек. Сонда екі тараптан ынтымақтастық пайда болып, нәтижесінде тыңдаушылардың қызығушылығы оянады, сөйлеушінің сөзіне сенеді, үміт артады. П.Грайстың атақты ынтымақтастық қағидасында адресаттың коммуникативті қызығушылығын есепке алу аса маңызды іс екенін жан-жақты түсіндіріледі. Тілдік қатынастың сәтті жүзеге асуы, алдымен, тыңдаушыға тікелей байланысты екенін айтады. Сөйлеуші мен тыңдаушы арасында ынтымақтастық орнауына негіз болатын басты белгілерді былайша көрсетеді: «1) белгілі хабарды айту; 2) тек қана шындықты айту; 3) тақырыптан ауытқымау; 4) анық сөйлеу; 5) сыпайы болу» [3].

3) сөйлеушінің беделін сыйлау, дәлірек айтқанда, ой-пікірін айтқан адамның (мейлі ол билік өкілі болсын, мейлі ғалым болсын, басшы болсын, мейлі оқушы, мейлі студент болсын, мейлі, жұмысшы болсын, т.б.) сағын сындырмау, ар-намысына тиетін және психологиялық тұрғыдан кедергіге ұшырататын сөздерді айтпау т.б.;Қатысушының беделін сыйлау мәселесі мұғалім мен оқушының, оқытушы мен студенттің, билік өкілі мен бұқара халықтың, журналистердің әртүрлі топтағы адамдармен қарым-қатынасы кезінде аса көп ескеріле бермейді. Сондықтан қоғамда пікірқайшылықтар, түсініспеу фактілері орын алады. Сөйлеушінің беделін сыйлау, негізінен, әлеуметтік статусы жоғары адамға аса қажет. Олар мәдениетін игеріп, барлық заңдылықтарды қолданса, іскери қатынас табысты болады. Іскери қатынастағы сөйлеу мәдениетінің алғышарттары ретінде төмендегі мәселелерді ұсынуға болады:

1. Амандасу;
2. Қолдау көрсету, көмекке әзір болу;
3. Әдептілік таныту;
4. Шынайы болу;
5. Табиғи болмысын сақтау;
6. Ілтипатты болу;
7. Сенім білдіру;
8. Тыңдай білу; т.б.

Бұлар іскери қарым-қатынастағы сөйлеуде көрініс табатын негізгі шарттар.

Іскери қатынастағы сөйлеу мәдениеті тілдік қатынасқа түсушілердің ақпаратты лингвистикалық тұрғыдан дұрыс кодқа сала білуін, этикалық және әдеби норманы дұрыс қолдануын, ақпаратты эксплицитті (ашық) және имплицитті (жасырын) түрде жеткізе білуін, ынтымақтастық, әлеуметтік, риторикалық, сыпайыгершілік ұстанымдарын басшылыққа алуды, «халықаралық әдептілік» және «ұлттық әдептілік» қағидасын білуді, тіл тазалығы, тіл анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнекілігі заңдылықтары мен тілдің мағыналық мүмкіндіктерін қолдана алуды талап етеді.

Іскери қатынастағы сөйлеу мәдениеті ақыл-ойдың дамығанын (эмпатия), өзіндік менін (рефлексия) көрсету сияқты үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Ой-түйсікте орын алған мұндай әрекеттерді сөйлеу процесі арқылы жарыққа шығару үшін нақты дәлелдер, аргументтер келтіру керек. Олар сөздің (ойдың) шындығын көрсетеді, тыңдаушыларды сендіруге ықпал

етеді.Тыңдаушыны сөзбен сендіру өте қиын іс, ол үшін ораторлық шеберлік керек. Ораторлық шеберліктің басты көрсеткіші дәлелдер, аргументтер арқылы сауатты сөйлеу, ойын анық түсіндіре алу, көп нәрседен хабардар екенін көрсете алу, ішкі қобалжуды жеңе білу, дауыс ырғағын, сөйлеу дикциясын нормаға сай қолданып, тыңдаушыларды өз сөзіне сендіре алу, тіпті сөзіне ұйыта алудан көрініс табады.

Ораторлық шеберлік–сөйлеушінің де, тыңдаушының да қызығушылығын тудыратын ортақ мәселенің маңызды түйінін, оның аргументін, мотивін қолдана алу; ойдың шын ықыласпен, таза ниетпен айтылғанын тыңдаушыға жеткізе білу, оның көңіліне сенім ұялату; аудиториядағы эмоциялық көңіл-күйді басқара білу жәнеөзге адамдардың эмоциясын сезіне білу; табысқа жетелейтін эмоциялық күйлерге ене алу және оларды үйлестіре алу, адамды еліктіруге, рухтандыруға, жігерлендіруге, құмарландыруға әсер ететін сөздерді қолдана алу.

Адамның рухына, күш жігеріне әсер ететін мұндай факторлар тілдік қатынасқа түсушілер арасында өзара түсіністік, үйлесімділілік, келісім орнауына, пікіралысушылардың көзқарасының үйлесіп, бірін-бірі құптауына, мақұлдауына, қолдауына ықпал етеді. Бұлар сөйлеу стилін таңдай білуді, қарым-қатынас мәдениетін орната білуді, тақырып мазмұнын терең, орта, жеңіл деңгейде аша білу талаптары жүзеге асқанда орындалады. Мұндай жағдай сену, қуану сияқты психологиялық көңіл-күйге бөлейтін, болымды, жағымды әрекеттерді көрсететін тілдік бірліктер қолданылғанда орындалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. Алматы.2009.-328 б.
2. Goldstein A. P., Michaels G. Y. Empathy development training, consequences. New Jersey London, 1985. 287 p.
3. Грайс Г.П. Логика и речевое общение// Новое в зарубежной лингвистике. Вып. 16. – М.: Прогресс, 1985.-504 с.



ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ШЕШЕНДІКТАНУ:
ПЕДАГОГИКАСЫ, ПСИХОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕСІ

III секция

ӘОЖ 82:316.3

COGNITIVE AND EDUCATIONAL CHARACTER OF KAZAKH
APHORISTICS

¹*Kdirshaev A.S., doctor of pedagogical sciences, professor,
West Kazakhstan State University named after M. Utemisov*

²*Baltabayeva Zh.K., Abai Kazakh National Pedagogical University
professor of the Department of theory and teaching methods
of the Kazakh language of the University, doctor of Pedagogical Sciences
E-mail: kdirshaev_abat@mail.ru; baltabaevazhanalik@mail.ru*

Андатпа: Мақалада қазақ афористикасының теориялық қағидалары қарастырылып, тағылымдық мәні таразыланады. Қазақ афоризмінің анықтамалық сипаттамасы, жіктелімдік таратылымы, табиғаты, терминдер топтамасы зерделенеді. «Аталы сөз атан түйеге татиды», «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Аталы сөзге арсыз ғана қарсы тұрады» секілді тұжырымдардың тағылымдық аспектілеріне акцент беріледі. Қазақ афоризмдері – сан ғасырлық тіршілік тағылымынан нәр алған даналық ақыл-ой тұнбасы. Афоризмдер- ұлтымыздың өмір сүру тәжірибесін паш ететін санамызда ерекше із қалдырған ұлы тұлғалар мен ұшқыр ойлы ұлағатты сөз тізбесі. Жақсы сөз – жанның тынысы. Демек, жақсы сөз айта білгеннің өзі үлкен шеберлік. Ұлы істің бастамасы ұлағатты сөзден басталатыны даусыз. Халық даналығы – ұлттық сана тұнбасы. Халық даналығы тілінде екені хақ. Егер де тіл мүмкіндігі, сөз байлығы мен көркемдігі шектелсе, даналық ой-пікір де дами алмайтыны сөзсіз. Ал даналықты білдіретін түйін-тұжырымдар, ұғым-түсініктер қатарына аталы сөз, мақал-мәтел, қанатты сөз, нақыл сөз, шешен сөз, өсиет сөздерді қосуға болады. Бұлар – даналық пен парасаттылықтан туындаған терең ой, логикалық тұжырым, философиялық толғаныс, дүниетаным, өмір тәжірибесі, тағылым-тәлім көріністері, көркем сөзбен көмкерілген тұрақты қалыптасқан тіркес, шағын мәтін, қысқа да нұсқа ой үзіктері.

Тірек сөздер: Афористика, шешендік сөз, мақал-мәтел, қанатты сөз, гнома, сөз өнері.

Аннотация: В статье рассматриваются теоретические основы казахской афористики, взвешивается воспитательное значение. Изучено справочное описание, классификационное распространение, характер, совокупность терминов казахского афоризма. Делается акцент на дидактических аспектах высказываний типа «Аталы сөз атан түйеге татиды», «Жақсы сөз - жарым ырыс», «Аталы сөзге арсыз ғана қарсы тұра алады». Казахские афоризмы – это отражение мудрости, возвращенной многовековым опытом. Афоризмы – это перечень великих личностей и остроумных изречений, которые оставили особый след в нашем сознании, раскрывая жизненный опыт нашего

народа. Доброе слово - дыхание души. Поэтому умение хорошо говорить – это большое мастерство. Нет сомнения, что начало большого дела начинается с великого слова. Народная мудрость – это сущность национального самосознания. Народная мудрость кроется в своем языке. Если способности языка, словарный запас и искусство ограничены, мудрость и мышление, несомненно, не могут развиваться. А к понятиям выражающим мудрость, можно добавить пословицы, поговорки, пословицы, красноречивые изречения, заповеди. Это глубокие мысли, логические умозаключения, философские заботы, мировоззрения, жизненный опыт, воспитательные сценки, регулярные фразы, прикрытые художественными словами, небольшие тексты, краткие и короткие фрагменты мыслей, возникающие из мудрости и здравого смысла.

Ключевые слова: афористика, риторика, крылатые выражения, гнома, искусство слова.

Annotation: The article examines the theoretical provisions of the Kazakh aphorism and weighs its internship. The reference characteristics of the Kazakh aphorism, classification distribution, nature, a series of terms are studied. «Аталы сөз атан түйеге татиды», «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Аталы сөзге арсыз ғана қарсы тұрады» cognitive aspects such as an accent are given out. Kazakh aphorisms are a wise wise wise move, fueled by centuries of life experience. Aphorisms are a list of great personalities and brilliant, thoughtful words that have left a special mark on our consciousness, demonstrating the experience of our nation's life. A kind word is the breath of the soul. So even the ability to say good words is a great skill. It is indisputable that the beginning of a great work begins with a great word. Folk wisdom is a sediment of national consciousness. Folk wisdom is in the language. If language possibilities, richness of words and artistry are limited, wisdom cannot develop. And among the nodal conclusions, concepts-concepts expressing wisdom, you can include nominal words, proverbs, sayings, winged words, parables, eloquent words, covenants. These are deep thoughts, logical statements, philosophical reflections, worldview, life experience, instructive manifestations, a constantly formed phrase wrapped in an artistic word, a small text, short and concise fragments of thoughts.

Keywords: aphoristics, rhetoric, popular expressions, gnome, art of words.

Kazakh aphorism is an eternal national treasure. This is the source of wisdom. As you know, in the Turkic world and in Europe, all the valuable thoughts left by the spiritual inheritance will be transmitted through the power of the Word. Popular wisdom - the idea of national identity, intelligence tincture. Popular wisdom is in the language. If language is limited, and vocabulary, artificiality and lack of progress, wisdom cannot be developed. In terms of wisdom, we would add parables, proverbs, sayings, aphorisms, proverbs and sayings. This is a deep thought, logical conclusion, philosophical affiliation, worldview, life experience, teaching and learning, the consistent expression of an artistic word, a small text, short and concise sketches created by wisdom and rationality [1; 3; 4; 5].

A good word is half the blessing. To say good words is to go to the listener, not listen to the listener's ear, but listen to the listener's sincere dreams, achieve the goal, find the opposite, feel the mood, feel the feelings, find the key to secrets. When people hear good words, they say: “You have a thick mouth, you are too old!” Based on research, the proverb is an outstanding expression of artistic expression, a powerful force of the national spirit. The word is an example of a rare, bitter, truthful story, a deep, intelligent word. for public utterance on any occasion. A weighty word is an ancient name, first used in the Turkic world in the sense of proverbs and sayings.

Research materials and methods

"Only a shameless one is found fault with a fair word." The winged word is a rational and impressive rhetoric that speaks of social, political, cultural and historical circumstances in society, and at the same time publicly reacts to ordinary people, raising the spirit of the country and raising nationalist moods. The words of the covenant are the essence and meaning of what he has done in life, his many experiences, his teachings, his experiences and his utterances to subsequent generations. Leading a speech is a purposeful and purposeful idea that comes from the lips of wise, smart, brave speakers and the leader of groups that are often talked about and that are widespread among the general public. Tamsil (təmsil) is one of a stable combination, similar to a proverb and a saying. In a word, this is the golden wealth of folk wisdom, the source of our spiritual wealth. And the great strength and vocabulary of our native language, the symbolic and figurative expression of the rich heritage of such a great value of the nation. Consequently, the wisdom of folk wisdom lies in its language, in the power of speech.

Words gives an impulse to thoughts. Thought is kindling. The idea is the pillar of the human spirit, the driving force of human civilization. The word is power. Scientists of the Ancient East made this clear. For the Kazakhs, created by hooves, horses, they are stronger than words, and no one is worth anything. It is amazing that our ancestors cursed the broken, breathed words, stopped the hostile word. In the national mentality of the Kazakh people, it is understood that the soul, age-old education, is inherent in the heritage of the future from the soulful word. Thus, speech art is an inexhaustible wealth embodied in Kazakh blood. And our descendants, who from puberty know how to drink from the boiling stone of Kazakh thought, should know and understand this word. It is clear that the descendants of posterity who know this word will continue to be pure, willing and worthy. The word is magic. The word is a noble mirror that makes the idea a blessing to generations. Both words and thoughts are humanism that represents people, spirit and worldview. Aphorism is a unique conceptual structure that expresses the contemplation of a thoughtful, suggestive word. Aphorism is the only indispensable tool that forms the speaker's vocabulary. Aphorism is the best example of short speech.

The word "aphorism" is found in ancient Greek as "small fragment", "fragment of the whole", "fragmentary," fragment "," brief reference ". This term has existed in Russian since the 18th century. The Dictionary of the Russian Academy (1789) was called the aphorism. S. Ualikhanov, the first user of this term among Kazakh scholars, writes: "There were Kazakh poems, proverbs and aphorisms published by wise ancestors in some eras." The famous scientist pays special attention to two issues, emphasizing the semantic, structural and conceptual issues of this term. The first is that the aphorism is part of a specific author, and the other is his own genre. Views on the nature of aphorisms are also diverse. For example, "Aphorism is a faceted diamond of wisdom" (Garun Agarsky), "Aphorism is an algebra of thoughts" (Georgy Alexandrov), "Aphorism is a thought executing a pirouette" (Zhoris de Bruyne), "Aphorisms are like lawyers, who inevitably only see one side of the matter" (Anthony Burgess), "Good aphorisms are a bitter medicine in a pleasant shell that treats without offending the taste" (W. Schwebel), "The only way to read the book of aphorisms without boredom is to open it at random and find something interesting, close the book and indulge in thought" (Charles-Joseph de Lin), "Aphorism is like a bee: it contains golden honey and a poisonous sting" (Carmen Silva), "The sayings of great people are like gilded spoons: gilding comes from frequent use, so the luster of aphorisms is lost from frequent repetitions" (O. Balzac), "Thinking by aphorisms is characteristic of the people" (M. Gorky), "Aphorisms - tuning forks of life", "Aphorisms are a thought, polished experience volume" (A. Lavrukhin), "Aphorism is an original expression of banal thought" (E. Sevrus), "Aphorism contains half the truth - an unusually high percentage" (Gabriel Laub), "Any aphorism is nut: it's good on the outside and empty on three quarters" (Fernan Wandran), "Aphorist is a producer of attic salt for other people's foods" (Weslav Brudzinsky), "Have you

noticed that we pay much more attention to wise thoughts when quoted, than when we meet them at the author?" (Philip Hamerton), "The Future literature - in aphorism. He must not be eranzed "(Gabriel Laub), "When reading ancient sages, you often find something of your own" (Boleslav Voltaire), "Is it time to introduce banding of winged words?" (Boris Brainin), "I don't need an obituary - it's better to print my aphorisms on this place" (Arkady Davidovich) , t.b. [2; 8; 9].

Research results

Kazakh aphorisms originate from the stories of Sak-Scythian and ancient Turkic scripts. That is, Kazakh aphorisms were originally a source of culture, which was written in the V-VII century. It was about 555 years old and the obvious evidence is as the famous Anacharsis: "My tongue is my enemy", "A happy family is not a magnificent palace, but enchanting laughter, love and affection of your spouse, close friends and dear children", "In the world no age, nothing was lost ", "The house is only the work of the Felstasians and masons, not the result of relations between people living in the house", Toksar (Toksarid): "Friendship is more than just a word of friendship", "Matchmaking is also a sign of friendship", Tonukuk (Ton-ukuk): "Wise is the owner of the word", "When there is a kagan, when there is a wise person, happiness came over the people ", Bilge (Mergen): "Destruction of the Turks is sweet words ", "Distracted by hope, your wings hang down ", "The Turkic people have no enemy but contentment ", Kultegin "Becky boys are not slaves, but your daughters - not slaves ", "Not knowing a young man who did not know his brother, and a son who does not know his father - this is trouble "[4; 15-18 p.]. Therefore, Kazakh aphorisms are the wisdom of wisdom, which acquires the life of a centuries-old life. Aphorisms are the great words of great personalities and great contemporaries, which have a unique mark in our national consciousness, reflecting the experience of nomads and their descendants. Aphorisms in intellectual treasures are the fate of man. Aphorisms are short and diverse thoughts and magic words, a spiritual network that testifies to the continuity of the fate of the nation with the words of generations, an excellent testament to the nature of time, society. Aphorisms is a master class for folk tales that know the value of the word of people who speak the art of speaking. Therefore, aphorisms are the pearls of the great steppe geniuses, mysterious pelicans, word shadows, pearl waves. So it is - an ocean of thought, a unique world like the word give, infinite space.

Of course, aphorism is an absolute truth, ready-made recipes or some kind of instructions. Otherwise, it is right to consider Kazakh aphorisms as a figurative system of science that reveals the original philosophy of Kazakh philosophy and recognizes themes and paths. In short, aphorism is a small philosophical thought, practical nuances, logical logic, a socio-political, moral and ethical and aesthetic approach, a short and exemplary work of art, figurative writing that ensures spiritual continuity in human civilization and culture. The main conditions are logical consistency and conciseness in the provision of thoughts and ideas in terms of life, behavior and attitudes of people, fidelity of thought, understanding and conclusions. In the above work, each thought has its own unique expression.

A number of fans refer to a kind of word art. For example, the brilliant word abay is told in terms of poetry, prose and quotation (aphorism). Therefore, aphorism is the most compact and very compact experience in visualizing life. In this system, the focus is on the mind, not the image, not the picture, not contemplation. The analysis of logical and scientific theses will focus on a unique spiritual experience that can be understood only for understanding, and not for justifying the truth, and not for the purity and argumentation of the argument. For example, in the aphorism genre, the poems of writers who left unforgettable stories are especially striking. Abay is a great thinker at the level of world intellectuals, who deeply realized the vast classical requirements of aphorism and mastered ideas of this type. In addition, Shakarim Kudaiberduly ("The beginning of life is a child, the middle is a man", "Wealth is an abstract art", "Beauty of a face is a gift, and the beauty of a voice and a word is a gift of the soul", "There is no doubt that he is a gift, but everyone knows the beauty of the

face, but the beauty of the word and song is less ”), Gabit Musrepov (“Make it as if you are blind, write as deaf ”), Muzafar Alimbaev (“The monument does not bear memory ”, “The truth can be seen only with clever eyes ” , “Everyone wants his own monument during his lifetime with his own hands”), Kadyr Myrza Ali (“The goal is no less than the smallest”, “Prosperity spoils a person”, “There will be no small problem”, “Strong old age will be strong” “When a great son conquers a father and grandson”), Abish Kekilbaev (“It is impossible for a person to who does not know how to cope with his happiness in his life, can make his life meaningful ”, “The most dangerous scandal in the world is not to be too familiar ”, “Humanity is not art, but science ” is clear from the aphorisms about the depth and homogeneity [2; 4].

Conclusion

To date, the genre classification of aphorism has not yet been fully studied and systematized in a scientific sense, from a conceptual and terminological point of view. This is also true for his main genre of aphorism. Aesthetic and aphoristic works, which are closer to the value of the subject, are in the form of evidence, advice and stories. There are also aphorisms such as winged words, gnomes, apertures, chryses and maxims. For example, “gnome” (Greek - “opinion”, “knot”) is a compound word with two or four verses in a compact manner. This is often found in Arabic, Persian and Indian literature, as well as ancient Greek and Roman poetry. Then, in European literature, this model was used to describe sharp philosophical thought [9, 117-118]. In our opinion, the vitality of aphorism depends on its cognitive characteristics. Aphorism is a unique, effective way to create future generations of the future, without loss of life experience of past generations, without loss of cultural and civic thought and the result of golden bridges of mental dialectics.

Aphorisms were the best example of a short and optimistic speech by a professional. At the same time, proverbs are equally effective scientific findings. Science shows where to find one. The other is thought, perseverance and attention. Therefore, before speaking with a scientist, let's talk about your language and your hand before you touch it. And the speaker group provokes the ideas of a model whose greatness is measured by great inspiration, zeal and perseverance. Consequently, he is captivated by the power of his word, his radiance, his strength, his beauty. In short, aphorism is wisdom. The art of turning a glimpse into a beautiful image. The mystery of wisdom in this art. Having an idea of the wisdom of the wise messages, the reflection of superficial and delicate thoughts will always make you richer, more energetic, your lifestyle and a fruitful tradition of revealing many secrets of life. It is enough to focus on the experience of our ancestors and humanity on earth. So, the great heritage and wisdom of this day is the place of modern youth - people of the future profession, as Abay says. Therefore, aphorism is a healer. So, public figures of the world, people of the world who see the bitterness of life, the abundance of their experience, the depth of their sensitivity, the wealth of their experience and knowledge of the wisdom of the ancestors of ancient generations, world civilization - to a critical point of view. Providing a huge amount of spiritual heritage, a mixture of the golden lights, a form of special studies and models for future generations to earn a living for the country, even in the daily life of the country, in the immediate forefront of the economy of their hands.

References:

- [1] Nazarbayev NA Intelligence - The Book of Truth. Almaty, RS; International Abai Club, 2015. - 316 p.
- [2] Kydyrsayev AS Solution lecture. Uralsk, Publisher Publishing House, 2006.-142 p.
- [3] Kydyrsayev AS Can we speak fluently? (Golden Principles of Speaking Culture). Tutorial. Uralsk, "Polygraphservice" publishing house, 2017. - 364 p.
- [4] Kazakh aphorisms (Mental anthology: abstracts to present). Designer E. Shaimerdenovich.

- [5] Kaidar A.T. Folk wisdom (explanatory dictionary and research of Kazakh proverbs and sayings). - Almaty, "Tolganai N" publishing house, 2004. - 560 p.
- [6] Literary Studies. Glossary of terms (Compilers: Z. Akhmetov, T. Shanbaev). Almaty: "Mother tongue", 1998.-384 pages.
- [7] Borohov E. Encyclopedia of Aphorisms: Pearls of Exile. M.: "Publishing House", 2003. - 686 p.
- [8] Dushenko K.V. Big book aphorisms. 8th, corrected. - M.: "Exmo", 2006. - 1056 p.
- [9] Big book aphorisms. Mystery of Thoughts. - Minsk: Harvest, 2008. -506 pp.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Ақыл – парасат кітабы. – Алматы: RS; Халықаралық Абай клубы, 2015. – 316 б.
2. Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы. – Орал: «Ағартушы» баспасы, 2006. – 142 б.
3. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары): оқу құралы. – Орал, «Полиграфсервис» баспасы, 2017. – 364 б.
4. Қазақ афоризмдері (Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан бүгінге дейін) / Құрастырушы Е.Шаймерденұлы. – Алматы: «Алматы кітап» баспасы, 2012. – 320 б.
5. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: «Тоғанай N» баспасы, 2004. – 560 б.
6. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құрастырушылар З.Ахметов, Т.Шанбаев). – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 б.
7. Борохов Э. Энциклопедия афоризмов: Жемчужины мысли. – М.: «Издательство АСТ», 2003. – 686 с.
8. Душенко К.В. Большая книга афоризмов. 8-е, исправленное. – М.: Издательство Эксмо, 2006. – 1056 с.
9. Большая книга афоризмов. Мудрость тысячелетий. – Минск: Харвест, 2008. – 506 с.
10. Лучшие афоризмы великих людей. Формула успеха / Составитель А.П. Кондрашов. – М.: РИПОЛ классик, 2010. – 640 с.

ӘОЖ 82:316.3

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗІНІҢ БІРЕР ҚЫРЛАРЫ

Н.С.Балтабаева,

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы)

Андатпа. Шешендік сөздер қазақ ауыз әдебиетінің күрделі де көркем бір саласы болып табылады. Қазақтың дәстүрлі шешендік сөздерін: шешендік толғау, шешендік арнау, шешендік дау деп шартты түрде үшке бөлуге болады. Шынайы шешендік қиялдан тумайды, өмірлік оқиғалардан, табиғи құбылыстардан туады, көп жылдық тәжірибе мен сан рет қайталау арқылы сыннан өтіп халық мойындаған қағидаға, даусыз ақиқатқа айналады. Оның үстіне әр дәуірдің әр түрлі сөз шеберлерінің талғамынан, толғауынан өтіп шешендік сөз «тілге жеңіл, жүрекке жеңіл» тиетін сүйкімді үн мен ырғаққа ие болады. Шешендік сөздер үш түрлі болады: кенесу, билік және салтанатты сөз. Ал құрылысы жағынан кіріспе, баяндау және қорытынды бөлімдерінен тұрады. «Өнер алды – қызыл тіл» деп қазақ бекер айтпаған. Қоғам тарихына көз салсақ, қай халықтың болмасын күрделі қоғамдық, мемлекеттік қайраткерлері, қолбасшылары, ғалымдары ойға шебер, тілге шешен болғанын байқаймыз.

Қоғам қашанда дарынды қабілетті адамдарға мұқтаж. Дарынды адамдар қатарын көбейту үшін олардың сөйлеу тілі және танымын дамыту керек. Сондықтан біз мұның негізі халқымыздың даналықпен айтқан шешендік сөздерінде жатыр деп қарастырдық. Қазіргі кездегі оқу-тәрбиенің міндеті осы тың жатқан дүниені, даналыққа құрылған қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді, шешендік өнерді жас ұрпақтың бойына қалыптастырып, сол арқылы рухани байлығын арттыру.

Қазақ жұрты – жаратылысынан шешендік өнерге бейім халық. Оның қиыннан қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, нақыл, қомақты ойлары жөнінде өзіміз де, өзгелер де таңдай қағып айтудамыз. Қазақ шешендік өнері – атадан мирас болып, алтын баулы желісі үзілмей келе жатқан ардақты өнер. Теңіз тербеп тереңінде шайқалған інжу маржандай ғасырлар бойы халық жадында сақталып, жұпталып көптің көкейіне орнаған шешендік сөздер шешендердің даналық сөздерінде ашылады, айқындалады, ал шешендер әлденеше ұрпақтың сана-сезімін аралап, көптің көкейіне қонақтаған ойлы, сырлы сөздерді жаттап жадында сақтайды, керекті, келенді жерінде жаңартып кәдеге жаратады.

Қазақ шешендік өнерінің піспегі – шешен билер де, күбісі – халық. Ел есінде жүрген шешендік нұсқалардың туындыгері – шешен-би. Халық заманы озған сайын әлгіндей сөз үлгілерін талқыға салып, қырлап, өңдеп, құлпыртып әкеліп, кейде тіпті сан-саққа жүгіртіп әркімдердің (шешен-билердің) атынан айтады. Осындай әдеби-халықтық, фольклорлық сұрыптаулардан кейінгі біздің заманымызға келіп жеткен шешендік сөздер шымырқанған қымыздай жұтылған, таңдай татарлық дүниелер болып келеді. Би-шешендер – шешендік өнердің негізгі доминанты (қозғаушы күші). Аталмыш өнер атауының өзі осы қалыптан шығып отыр. Бұл тұрғыдағы ойларымызды алдағы тарауларда кеңірек баяндайтын боламыз [1,31].

Ұлттық өнеріміздің тарихында Майқы би Мәнұлынан (Айса пайғамбардың тұстасы) бастап, Майқы би Төбейұлы (1105-1225 жылдар шамасы), Аяз би Жаманұлы (11-12 ғ.), Мөңке би (1207-1250), Едіге би (1354- 1419), Бәйдібек би (1356-1419 жылдар шамасы), Әз Жәнібек (1406-1473), Жиренше шешен, Шоған би (1584-1642), Өсет би (1676-1723), Қадір-Тайжан, Тоқсан, Жанкісі, Антайлақ, Бөлтірік, Сары, Сырлыбек, Бала би, Ноғайбай, Саққұлақ, Бапан, Шоң, Шорман, Байдалы, Қараменде, Зілқара, Алшынбай, Асаубай секілді, сондай-ақ, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек және Әйтеке билердің жарқын бейнелерін әлі де қазақ даласындағы айтулы шешен-билер есімімен толықтыра, молықтыра айтуға болады [2,24].

Қазақта шешен, би деген ұғымдар дербес тұрып та, қосарланып та айтыла береді. Белгілі бір шешендерін өкіл деп танысақ, мәселен, Жиренше шешен, Зілқара шешен, Әлібек шешен, Сүйінбай шешен, Бөлтірік шешен, Шәңкі шешен, Мүсіреп шешен, Тұяқ шешен, ал енді бір сыңарын би деп түстеу, мәселен, Майқы би, Аяз би, Мөңке би, Әйтеке би, Бала би т.б.деп атау қалыптасқан.

Би атауы – әлгіндей емес, белгілі бір мақсатқа, мемлекеттік мүддеге қызмет ететін, жалпы шешендіктен салыстырмалы түрде тар арнаға ыңғайланған шешендердің тобын көрсететін атау.

Бұдан билердің рөлі тек қоғамдық мәселелерді шешу үстінде ғана айрықша да, одан былайғы тұста шешендік сипаты жойылады деген ой туындамауы керек. Би дегеніміз - ел-жұрттың әдет - ғұрпын, салт - дәстүрін, өткен-кеткен көне шежіресін, тарихын, қоғамдық даму барысын, айнала қоршаған табиғаттың, жан-жануарлардың сан алуан қасиеттерін, құпияларын жетік білетін, бүгінгіге баға беретін, болашаққа болжам жасап, адамдардың көкірек көмбелеріне ой көзімен қарап көре алатын, қырлы-қырлы мінез- құлықтарды айтқызбай-ақ дөп басатын, ғылым-білімнен хабардар, кемел пікірлерін шешен тілмен жеткізіп беруде дара қасиеті бар біртума жандар. Сонымен шешен деген тұста бұл ұғым біздің жадымызда көне Грек пен Римнің сот залдарында алқалы жиындарда тоқтаусыз ағыл-тегіл сөйлеп, аудиторияны сөзіне ұйытып, айтар ойына мүлгітіп тұрған оратор түсінігінде ассоциацияланады да, би ұғымы заңдық,

билік күші бар судья болмысы арқылы көрінеді. Осы екі ұғымды, екі болмысты, табиғатты жақындастыратын, жанастыратын қалып–шешендік, шешендік сөйлеу процесі. Шешендік өнер ілімі (риторика) ерте қалыптасқан антикалық Грек пен Рим теоретиктері, іргелес орыс теоретиктері шешендік өнерді сөйлеу процесі тұрғысынан мейлінше жан- жақты талдады, ілгері еңбектер жазды.

Риторика ілімнің көне және орта дәуірінде Протогор, Демосфен, Цицерон, Аристотель, Квинтилиан, Марк Антоний, Луций Крам қайта өрлеу дәуірінің көрнекті өкілдері Кампонелла, Томас Мор, Петрарка, Данте, Рабле, Шекспир, орыс шешендік өнерінің теориясында Макарич, Усачев, Ломоносов, Рижский, Мерзляков, Галюч, Коменский, Сперанский есімдері тарих бетінде жарқырап қалды [3,29].

Қазақ шешендік өнерінің зерттелу тарихы өткен ғасырдың бірінші ширегінен бастау алады. Мәселен, 1883 жылғы “Дала уәлаяты” газетінің 24-санында Әлихан Бөкейханов ескі билердің шешендік сөздеріне аса ілтипат көрсетіп, оларды жинау, саралау, насихаттау идеясын көтерген. Ал шешендік сөздерге ғылыми түрлендірулер жасау үстіміздегі ғасырдың 20-шы жылдарынан басталған.

Шешендік сөздерді ауыз әдебиетінің жеке саласы ретінде қарастырған бұл тұстағы зерттеулер А. Байтұрсынов, М. Әуезов, С.Сейфуллин есімдерімен тығыз байланысты. Алдыңғы тарауларда аталмыш ғалымдардың еңбектеріне көп орайда жүгініп отыратындықтан, бұл ретте зерттеулерге арнайы тоқталмаймыз.

Бұдан кейінгі кезеңдегі шешендік өнер тарихының зерттелуі Ә. Маметова, Б. Адамбаев еңбектерімен толықты. Сондай-ақ фольклортанушы ғалым С. Садырбаев шешендік сөздерді ішкі үлгілерге жіктеуде өзіндік ой-өrneгін көрсете білді [4,48].

Шешендік сөздердің әр жылдарындағы жиналып басылуына ат салысып, алғы сөздер жазып, өзіндік ой-өрнектер, ғылыми тұжырымдар қалдырып жүрген ғалымдар қатарына Ж. Дәдебаев, С. Қорабай, Н. Төрекұлов, М. Қазбеков сынды бұл істің үлкен жанашырларын атаған лазым, жалпы шешендік өнер аясында туындаған сөздерді шешендік сөздер деп атап, оны әдебиеттің дербес, жеке жанры ретінде ғылыми тұрғыдан бажайлау үстіміздегі ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы А. Байтұрсынов, М. Әуезов және С. Сейфуллин сияқты ғалымдар еңбектерімен тығыз байланысты [5,13].

Шешендік өнерді жаңғырту және оны меңгертудегі сауаттылықты балаларға тиімді оқыту барысында олардың көзқарастарында өзгеріс байқалды. Яғни, бұған дейін оқушыларда берілген кітаптағы мәтінді тек оқып шығу, ережені құр жаттап алу мақсат ретінде көзделген болса, тәжірибиелік жұмыстың нәтижесінде балалардың әрбір тапсырма мен оның анықтамасына өмірмен байланыстыра алу, шығармашылық қабілеттерін шыңдау, сөйлеу мәдениеті мен оқу сауаттылығын қалыптастыру, ұғынып алу қасиеттері қалыптасты.

Дәрісті өзектілеу мақсатында студенттерге, оқушыларға «Әдебиет пәні жалпы білім беретін мектепте оқытудың басты мақсат-міндеттері не» деген сауал тастасаңыз, сан алуан пікірлер мен көзқарастарды туғызасыз. Пікірлер бір-бірінен мағыналық жағынан алшақ болмағанымен, бір-бірін қайталамайтындай сан қилы болып келеді: «Әдебиет пәнін оқудағы басты мақсат халқымыздың бай әдеби мұрасын білу», «Әдебиет пәнінің басты мақсаты туған еліңнің тарихын таныту», «Оқушыларды көркем шешен сөйлеуге үйрету», «Әдептілікке, жақсы, жаманды айыра білуге үйретеді», «Салт-дәстүрімізді танытады», «Ел әдебиетін, мәдениетін білгізеді», «Тарихи кезең мен әдеби үдерістен хабар береді», «Ақын-жазушыларымызды насихаттайды», «Ақын-жазушыларымыздың көркем сөз айшықтарын танытады», «Оқушылардың сөздік қорын молайтады», «Әдеби нормада сөйлеуге төселдіреді», «Әлем әдебиетін білгізеді», «Әр ғасыр әдебиетімен таныстырады», «Елжандылыққа, Отаншылдыққа тәрбиелейді», «Адамгершілікке тәрбиелейді», «Оқушылардың өзіндік пікірі мен көзқарасын қалыптастырады», «Оқушылардың эстетикалық талғамын тәрбиелейді», «Оқушыларды логикалық ойлауға үйретеді» деген сынды пікірлерді тыңдайсыз.

Адамның шебер сөйлеуі, алғашқы баспалдағы дұрыс сөйлеу, сөзді дұрыс таңдау, ойды тұжырып, ықшам жеткізе білу дағдысынан басталады. Айтатын ойдың мақсатына қарай сөздерді дұрыс сұрыптап, өз орнымен реттеп, қиюластыру арқылы ғана өз ойыңды басқа жанға жеткізе аласың. Сөз – ойдың киімі. Сөз ойды жеткізудің ғана құралы десек, сөздің мәнін тарылтқан болар едік. Дұрыс ой жеткізудің ар жағында сөз арқылы басқа санаға ықпал ету, әсер ету әрекеті бой көтереді. Сөздің құдіретті күші ертеден танылған, бағаланған. Сөз мемлекеттің ірі істерінде мемлекет аралық қарым-қатынастарда, қоғамдағы әр деңгейдегі топтардың арасында күрес құралы болып келген. Қазақтың би-шешендері «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» тауып, үлкен мәселелерді дуалы сөзбен шешіп отырғаны осыған дәлел. Оқушының сөйлеу тілін дамытатын, шебер сөйлеуге баулитын, ойды жүйелі баяндауға, сөзді әсерлі құруға үйрететін, шебер сөздік құрылымы мен техникасын танытатын - пән бар болса, ол - әдебиет пәні. Адамның белсенді сөйлеу әрекеті әдебиетті оқу үдерісінде жүзеге асады. Сөйлеу әрекетін адамның моральдық-эстетикалық сенімі мен әрекетінен ажыратып қарауға болмайды. Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту мәселесіне қатысты жазылған әдістемелік еңбектерді саралағанда байқағанымыз – әдіскерлеріміз тіл дамыту жұмыстарын оқушылардың сөйлеу тілі мен жазба тілін дамыту бағытында бірлікте жүргізуді мақсат етеді. Әрі бұл мәселе қазақ тілін оқыту әдістемесі мен әдебиетті оқыту әдістемесіне ортақ зерттеу нысаны екен. Қазақ тілін оқыту әдістемесі саласында көбірек тіл мәдениетіне қатысты қарастырылған. Шешендік өнер нысанын зерттеушілер де аталған мәселені айналып өтпейді. Жалпы оқушылардың сөйлеу тілін дамыту тек белгілі бір пәндер аясында ғана зерттеліп, қарастырылады десек, кателескен болар едік. Жоғарыда айтып өткендей, сөйлеу-адамның өмір бойғы әрекеті. Оқушының сөйлеу тілін дамытуға барлық пәндер атсалысады. Оқушылардың ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру олардың интеллектуалдық әрі мәдени сапаларын дамытумен байланысты іске асырылады. Мұнда оқушылардың даралық қабілеттері, таным белсенділігі, талғамы, өзіндік көзқарасы, қабылдау дағдысы, ойлау дүниесі т.б. толық ескеріліп, соған қатысты жүргізілетін әртүрлі жұмыстардың нәтижесінде сөйлеу дағдылары дамып, қалыптасады. Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту – үш тарапта жүргізілетін жұмыс. Оның бірі, психолінгвистік негіздегі сөйлеу қызметінің теориясына қатысты. Екіншісі, ана тіл мен шет тілін оқып үйренудің заңдылықтарын зерттейтін лингводидактикалық бағыт (*Салықов К. Шығармалар жинағы А., Жазушы. 1995. 145 б.*).

Үшіншісі, әдебиеттану мен сынның, шешендік өнер теориясын, көркем әдебиеттің мүмкіндіктерін қарастыратын әдеби-әдістемелік бағыт. Біздің тоқталмағымыз, әдебиет пәнінің оқушылардың сөйлеу тілін дамытудағы мүмкіндіктері жайлы болмақ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде оқушылардың сөйлеу тілін мен жазба тілін дамыту мәселелерін қарастырған әдіскерлер (Ө. Қоңыратбаев, А.Көшімбаев, Р.Құтхожина, Қ.Бітібаева, Т.Жұмажанова, т.б.) тіл дамыту жұмыстарының әдіс-тәсілдерін көрсететі. А.Көшімбаев: «Мектепте оқылатын барлық пәндер сияқты әдебиет сабақтарында да оқушылардың ауызша сөйлеу тіліне талаптар қойылып отырады» дей келе, оқушылардың сөйлеу тілін дамыту әдіс-амалдарын сипаттайды. (*1. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. А., Мектеп, 1969. 202-203-б.; 2. Құтхожина Р. Қазақ әдебиетін оқыту (методикалық нұсқау), 6 класс. А., Мектеп, 1984. 6-б.; 3. Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., Білім. 2009. 131-133-б.б.*)

Әдіскердің ұсынған әдіс-амалдары:

1. Мәнерлеп оқу;
2. Мұғалімнің ауызша не жазбаша түрде берген сұрақтарына байыпты, дәл, толық жауап қайтара білуге дағдыландыру;
3. Оқылған шығарманың сюжетін баяндап айтып беру;
4. Әдебиеттік шығарма кейіпкерлерінің мінездемесін ауызша баяндап айтып беру;
5. Оқытудың мазмұнын ауызша әңгімелеп айтып беру;
6. Оқушының сабақ мазмұнын ауызша баяндап айтып беруі. Байқап отырғанымыздай, әдіскердің ұсынған әдіс-амалдарының денін ауызша мазмұндау

жұмыстары құрайды. Ауызша мазмұндау жұмыстарының оқушының сөйлеу тілін дамытудағы тиімділігі жөнінде Ә.Қоңыратбаев та көп тоқталады. Әдіскер-ғалым ауызша мазмұндау жұмыстарындағы кейбір олқылықтарды айта отырып, мұғалімдер тарапынан ауызша мазмұндау жұмыстарын оқушыға қатысты өрістете жүргізу талаптарын қояды. Р.Құтхожина тіл дамыту бағытындағы бірнеше жұмыс түрлерін көрсетеді. Мәселен, 1.Сөздікпен жұмыс. 2.Мазмұндау: а) мәтінге жуық мазмұндау; ә) мәтін мазмұнын қысқартып (тезис түрінде) мазмұндау; б) мәтіндегі сөйлеуші жақты өзгертіп (бірінші жақтағы баяндауды үшінші не екінші жақта) мазмұндау; в) мәтіннен қажетті үзінділерді бөліп мазмұндау; г) ауызша мазмұндау; д) сұрақ-жауап. 3.Көркем мәтінге жоспар құру: а) жай жоспар; ә) күрделі жоспар. 4.Шығарма жаздыру: а) белгілі бір әдеби тақырыпқа шығарма жаздыру; ә) сурет бойынша шығарма жаздыру; б) оқушылардың өзі байқаған, көрген-білгендері бойынша шығарма жаздыру; в) инсценировкалар құрастыру т.б. [6, 142], т.б.

Жалпы ежелгі әдеби мұраларымыздың қайсысын алып қарасақ та, онда өткен дәуір шындығымен қоса шығарма авторларының көркем тіл кестесі, айшықты сөз өрнектері, философиялық толғамдары, шешендік ойлары биік дүниетанымдық көзқараспен беріліп отырады. Сондықтан асыл мұраларымыз әдебиетіміздің, мәдениетіміздің қайнар бастаулары ретінде ешқашан өз құндылығын жоймақ емес. Мәңгілік ел мұрасы ретінде халқымыздың игілігіне айнала беретіні сөзсіз. Шешендік сөздердің халықтың өткенін тану және дәріптеуде қосар үлесі орасан. Бұл халық ауыз әдебиеті жанры өткен тарихи тұлғалар – би, шешендеріміздің ұлттың ұлағатты шешімдері мен ұлықты ұлт ретіндегі жолын айшықтайтын сөздері. Шешендік өнердің өткенін танып, тамсанып қою аздық етеді. Оны қазіргі оқушылардың бойына сіңіртіп, құндылығы ретінде санасына ұялату қажет. Сонымен қатар, осы шешендер жолымен қызыл тілдің құнын біліп, парқын сезінуге тәрбиелеу қажет. Яғни, оқушыларға мектеп бағдарламасында берілген шешендік сөздерді жеңіл–желпі оқытып қана қоймай, оның тарихи келбетін, қазақи болмыстағы көрінісін ашып көрсету.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қырғызбай Е. Шешендік өнер – «өнердің падишасы» ежелден дипломатия мектебі болып қалыптасқан // Түркі әлемі.– №3 наурыз
2. Қырықбаева Ж.М. Сөйлеу мәдениетіндегі шешендік // Қазақстан-заман. – 10 желтоқсан
3. Мамырайым Бекжанбек. Шешендік сөздердің ұжымдық және даралық сипаты (Ғылыми жетекшісі: фил.ғ.д., проф.Ыбыраев Ш.) – Түркістан, 2005. – 124 бет
4. Михалькова О.А. Педагогтың шешендік өнерінің негіздері [Электрондық қор] : ЖОО студенттері мен оқытушыларына арналған оқу құралы– Қарағанды: ЖШС "Medet Ghoir", 2014. – 152 б.
5. Молдабеков Ж. Шешендік [Электрондық қор]. – Алматы : Қарасай, 2009. – 432 б.
6. Жұмақаева Б. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. «Қыздар университеті» баспасы Алматы, 2015.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНА ОРТАҚ ЭПИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА ПОЛИГАМИЯЛЫҚ НЕКЕНІҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕЛЕНУІ

Н.С.Балтабаева,

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасының
меңгерушісі, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор*

Н.А.Мажиева,

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы

Аңдатпа. Түркі халықтарының фольклорындағы елеулі жанрдың бірі – эпостық жырлар. Әйтсе де қазақ эпостарының сан алуан сипаттары мен кейбір қырлары әлі де түбегейлі зерттеле қоймағаны белгілі. Мақала қазақ эпостарында кездесетін полигамиялық неке түріне жан-жақты барлау жасалды. Қазақ және әлем эпостарындағы полигамиялық неке түрінің ерекшеліктері туралы толыққанды тың пайымдаулар жасалған. Осы мәселенің қазақ тарихындағы түп-тамырын тереңдей қарастыру, дәстүр жалғастығын анықтау, қазақ эпостарында көріну жағдайларын талдау, қазақы тұрмыс-тіршіліктің тағы бір қырын түбегейлі танып, өзіндік ерекшеліктері туралы айтылады.

Полигамиялық неке түрі қазақ халқының жырларында ғана емес, барлық жазба әдебиетінде де көптеп кездеседі. Әрине, некелесудің бұл түрін қазақтың қанына сіңісті дәстүрі деуге болмайды. Мұны ислам дінін ұстанумен, шарифат қағидаларымен байланыстыруға негіз бар. Сонымен бірге көп неке құрудың басқа да өзіндік себептері жеткілікті болған.

Полигамия (поли ... және грек. gamos алғанда – неке, көп-некелік), **ТОПТЫҚ** некені, көп әйел алушылықты білдіретін термин. Мысалы, еврей халқының патшасы Соломонның шамамен 700-ге жуық әйелі және 300-ге жуық күні (еріксіз әйелдері) болған-мыс. Сондай-ақ, аса атақты көп әйел алушылардың бірі - Мұхаммед пайғамбардың өзінің 15 әйелі болған деген мәлеметтер бар.

Көп әйел алушылық әлем халықтарының көркем туындыларда молынан кездеседі. Мысалы, әлемге әйгілі «Махабхарата» жыры бастан-аяқ сезім мен махаббатқа құрылған. Жырдағы сюжеттің көркемдігі көз тартады. Өмірдегі қателіктер мен бір-біріне жасалынған қиянаттар, т.б. іс-әрекеттердің босқа кетпейтіні, иесін іздеп табатыны туралы ұғымдар нанымды суреттелген. Бұл жырда көне үнді халқының наным сенімі, дәстүр-салты жақсы бейнеленген. Көп әйел алу дәстүрі аса ерекше көрініс береді және әйелдер арасындағы келісушілік өте жақсы қарым-қатынаста екендігі сөзсіз. Патшалар мен брахмалардың және варнның төменгі саты өкілдерінің өздерінің бірнеше әйел алуға мүмкіндіктері болған. Үнді елінде бұл әдеттегі қағидалардың бірі болып саналған деген дәйектердің бары сөзсіз.

Ежелгі үнді халқының ғасырдан ғасырға жеткен «Артхашастра» атты саяси энциклопедиясында көп әйел алу туралы, оның заңды түрде қандай мақсатта іске асатындығы туралы айтылған. Мысалы: «Стремясь обрести сына, муж мог взять вторую жену при условии, что первая жена была бесплодна, либо не рожала по другим причинам, либо рожала только девочек или мертвых» [1, 31 б.]

Түйін сөздер. Эпос, полигамиялық неке, көркемдеу тәсілдері, наным-сенім, салт-дәстүр.

Қазақ халқының үйлену дәстүрінде көп әйел алушылықтың қай кезден бастап енгені белгісіз. Ислам дінінің келуі халық арасында бұрыннан осы дәстүрді бекіте түскен тәрізді. Яғни, полигамиялық неке түрінің шығу тарихы туралы айтатын болсақ, жері үшін күрескен батырлардың қаза болып, азайуы себеп болып отырды. Олай дейтініміз өмірі жаугершілікпен өткен халықтың арасында баланы жетім, әйелді жесір қалдырмау, тезірек көбейіп отыру басты мәселеге айналып отырғаны белгілі. Сондықтан да дала заңы көп әйел алушылыққа оң қараған деп есептеуге негіз бар. Бұл жерде де көп әйел алушылық мақсат емес, өмір қажеттігінен туғанын байқаймыз. Артынан ерер ұрпақ қалдыру мәселесі бірінші орынға шыққан. Жас қыздар отбасысыз қалып, сол себептен көп әйел алу үрдісі дәстүріне айналған.

Мәселенің зерттелу тарихы. Қазақ «Жалғыздық құдайға ғана жарасады» деп санаған. Сөйтіп өзіне жар болар қалыңдықты елден ел, жерден жер кезіп іздеп, түрлі

қиындықтар мен кедергілерден сүрінбей өтіп қана мақсатына жету немесе қарсылас батырды жеңу арқылы өзіне жар ету ұғымы негізінен ежелгі түсінікке барып тіреледі. Ал кейіннен жырлар желісінде кездесетін көп әйел алушылық үрдісінің көрінуі ислам түсініктерінің таралуымен байланысты болған. Мысалы, «Дотан батыр» жырында кездесетін байдың 40 баласы оның 9 әйелінен туғаны, «Манас» жырында да батырдың бірнеше әйел алатыны көрініс береді. Әрине, мұндағы мақсат батырлардың көп әйел алғандығы туралы тізіп жазу емес. Олардың көп әйел алудағы мақсаты мен жырдағы әртүрлі көріністерін анықтау. Яғни, «Манас» эпосында «Батыр Манастың Қанікейге үйленуі» тарауында: Манас үш әйел алады, үшеуіне де көңілі толмайды, «енді өзіме тең, ойымдағы қызды аламын», деп алдына мақсат қояды.

Ойымдағы қызды алам,
Керемет пейілі кеңді алам.
Ақыл-ойы өзіме,
Үйлесетін теңді алам!
Алты жылдық зиянды,
Білетұғын қызды алам.
Ақыл қосып жаныма,
Жүретұғын қызды алам.
Жан жолдасқа жаман сөз,
Айтпайтұғын қызды алам.
Жәдігейдің үйіне,
Кірмейтұғын қызды алам.
Қылтың менен сылтыңды,
Білмейтұғын қызды алам, - [2, 79 б.] – дейді Манас батыр.

Мұнда батыр қыз бойына дараланатын қасиеттерді атап өтеді. Халық қалаулысы, ғасырлап жырлаған батырдың жары аталған талаптарға сай келуі батыр мен халықтың тілеуі деп есептеу орынды.

Сол сияқты, «Қырымның қырық батыры» құрамындағы «Орақ, Мамай батыр», «Нәрік» жыры, «Жаңбыршыұлы Телағыс», т.с.с. жырларда полигамиялық неке көрінісі анық байқалады, яғни көп әйел алу мақсатының өзі өмір шындығы, тағдыр шешімі болып келеді. Соның бірі, «Нәрік» эпосының мазмұны да өзіндік қырымен ерекшелінеді. Мұнда жар таңдау мотивінің көрінісі бар.

Жырдың басталуы Қазан шәрінің ханы – Нәрік, жасы сексенге толған шағында, әйел алуға бел буады. Қарамағындағы қырық биін шақырып кеңес құрады. Қырық бидің ішінде ең үлкені Әліби деген еді. Нәрік ханның әйел алуы туралы естіген билерінің ішінен Әліби сөз алады: «Сен қартайдың, қатындарыңның бәрі жас. Енді қатын алып неғыласың, қайратың жоқ», [3, 225 б.] - деген сөзі болды.

Бірақ қайткенменде, *Нәрік хан қырық биін ертіп ноғайға аттанады. Ел ішіне келгесін, үй тіккізеді. Әліби ханның алдына жиырма қыз жинап: - Тақсыр, жиырма қыз жиналып келіп тұр. Осыдан таңдап алыңыз, - деді.*

Нәрік үйден шығып қараса, жиырма қыз тұрады.

Оларға көзі түспейді. Ең шетте тұрған бір қызды көреді. Оның үстіндегі киімі жыр- тық еді.

Сонда Нәрік хан сұрайды: - Анау шетте тұрған неғылған бала? – деп.

Сонда Әліби: - Бұл бір жарлының қызы. «Қал», - десе, қалмай, артымыздан еріп келгені. Ол қыз ешкімге керегі жоқ, - деді.

Нәрік сонда Әлібиді шақырады.

Келген кезде: «Білегіңді сыбанып, алақаныңды жай», - деп, жанына қолын салып, бір шеңгел алтын алып, Әлібиге берді. «Осы білегіңді түсірмей, мынау алтынды анау тұрған балаға апарып бер», - деді. Және Нәрік хан: «Қыздың жасын біле кел», - дейді, сонда Әліби: «Ол қыздың жасы он үште екен», - деді.- Нәрік үйге кіріп бара жатып. [3, 226 б.]

Мұндағы бірнеше сәтті айтуға болады. Біріншіден, 13 жастағы қыздың өз еркімен келуі. Әрине, ханға тұрмысқа шығып, бала сүйгізіп, онда өзінің және отбасының тұрмысын жақсарту мақсаты алға жетелейді... Екіншіден, ханның тек он үш жасар жарлы қызға көңілі түскендігі және хан өзінің мәрттігін көрсетіп, екеуінің жас ерекшелігіне қарамастан еріп

келуін бағалап, сый-сияпат жасайды. Бұдан түйетініміз, бірінде қыздың көңілін аулағандығы болса, келесі, мені тандар деген үмітпен келгендерінің өзі батыр үшін үлкен құрмет санағаны деп білеміз. Мұндай көріністер жырларда жиі кездеседі, мысалы «Қыз Жібек» жырындағы Төлегеннің әр қызға бір аттан сыйлағандығымен ұқсас келеді.

Сөйтіп жүргенде, ханға бір қойшы кездесіп, жөн сұрасады. Сонда Нәрік хан өзінің жар іздеп, қалыңдық таңдап жүргенін айтады:

...Нәрік деген хан мен едім.
Бір жақсы әйел алам деп,
Шығып едім далаға.
Тоқсан баулы ноғайдан
Бір қыз іздеп таппадым.
Сонда қойшы сөйлейді:
... Ол Асылнұр деген ноғай еді,
Өзі сексендегі шал еді,
Кемпірі жетпісте бар еді,
Адал өзінде қара жоқ,
Менді деген қызы бар,
Он сегізде жасы бар.
Мендіні көрген адам қасынан кете алмайды.
Ешбір адам баласы оған жете алмайды...
Жақсы әйел алатын болсаңыз,
Қасынан көріп кет деді. [3, 227 б.]

Хан қойшының айтқан Асылнұр деген ноғайдың үйіне келіп, өзін таныстырады.

Сонда Нәріктің айтқаны:

- Аздың болмайды екен көптігі,
Аштың болмайды екен тоқтығы.
Тоғайды тоқсан күн кездірген
Бір перзенттің жоқтығы.
Бесеу еді қатыным
Жиырма бесте алды бар,
Он бес жаста арты бар,

Бесеуі де әйелден асқан парқы бар, - деп назын айтады. Мұндағы өмірдің кеңдігі де, тоқтығы да бір перзентке зар болғандығы екендігіне көз жеткіземіз. Сонда Менді сөйлейді:

- Мынау тұрған бабамыз,

Қасымда тұрған анамыз.
Қарап өзің көр деді.
Екі қыз малың тең берсең,
Тиермін саған мен деді.
Төсегің таза салармын,
Көрпеңді таза жабармын.
Шөлдесең сусын берермін,
Тоңсаң отын жағармын,
Өлгенше, сұлтаным,

Сүйегің таза бағармын [3, 229 б.]6 -дейді. *Жырдың негізгі мақсаты* – дүниеге үзілмес ұрпақ сыйлау өмірдің қағидасы болары хақ. Сондай-ақ, қыздың өз ата-анасының тұрмысы ойландырмай қоймайды. Яғни, қыз «Екі қыз малың тең берсең» деп, өз шартын алдын-ала орындауын талап етеді. Күйеуге шығып бара жатып әкесінің жағдайын жасауы, қыз

баланың әруақытта өз жұртының тілеушісі болып жүретінінің белгісі. Тағы бір айтар жәйт, жас қызға үйленген хан бала сүйді ма? деген сұрақ тууы мүмкін. Ал осы Нәрік ханнан аты аңызға айналған Шора батыр тарайды.

Сол сияқты, ғалым В. И. Сподина өз зерттеуінде солтүстік халықтарының полигами-ялық неке түрінің өзіндік қырларын былай деп талдап көрсетеді: «Если в семье лесного ненца нужна была работница, то мальчику сватали взрослую девушку. Со временем он мог взять себе ещё одну жену, молодую. В этом случае первая жена становится старшей женой

(‘налка пуша’, букв.: «большая жена»), а вторая – младшей («нюча пуша», букв.: «маленькая жена»). Зачастую старшая жена была инициатором привода в дом младшей. В целом же, в ненецкой традиции число жён – показатель социального престижа мужчины, а в эпосе – свидетельство могущества воина-вождя, особенно если в его семью входят жёны-иноземки (хантыйки, энки, нганасанки)», - дейді [4, 7 б.]. Осыдан, эпостардағы полигамиялық неке патшаның немесе батырдың әлеуметтік беделі мен мәртебесінің жоғарылығы басым болып тұрса, полиандриялық неке керісінше отбасының әлеуметтік жағдайының төмен, яғни өмір сүру деңгейінен туындағанына көз жеткіземіз.

Сол сияқты, фольклортанушы Е.Н.Пушкарева ненецтердің бірнеше әйел алуы туралы талдауында: «Наличие двух жён было в обычае и у ненцев. В ярабца (эпические сказания о страданиях, злоключениях, борьбе и победе героя) нередки случаи упоминания второй жены: «... через много лет девушку-сироту родственники выдают замуж второй женой», «у старика Выя <...> было две жены» и др.» [5, 101 б.]

Батырлардың әйелдері кейде қырыққа дейін жететіндігін тарихымыздағы нақты деректер айтады. Мұны жаугершілік заманның шарты деуге де болатын секілді. Жаудан олжаға түскен тұтқын қыздар мен әйелдерді ерлігі асқан батырларға үлестіретін салт болған. Батырлардың әйелінің санының көбеюіне мұның да әсері болғаны сөзсіз.

Шығыс эпостары мен қазақтың лиро-эпосындағы жар іздеу мотивінде ғашықтық, сүйіспеншілік басым болып келсе, қазақтың батырлық жырларының ғашықтықтан туған мотив емес, отбасын құру тілегінен туған, дәстүрлік ұғымы басым екені байқалады. Ол келешекте өзіндей, не өзінен де асып түсетін ұрпақ қалдыру тілегіне келіп тіреледі. Оған дәлел ретінде Қобыландыдан – Бөгенбай, Киікбай, Алпамыстан – Жәдігер, Тарғыннан – Әжігерей, Айқожа, «Қырымның қырық батыры» жырындағы аты аңызға айналған, халық ғасырлап жырлаған батырдан-батыр тарайтын Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары, Қарадөң батыр және оның ұрпақтары, т.б., көптеген батырлардан тараған ұрпақтары туралы айтуымызға болады. Бұлардың кейбіреулері ерлігін әкесінен де асырып жібергені дәлел.

Әрине, эпостық туындылардағы некелесу мәселесінің бәрі оңды бола беруі де мүмкін емес. Батыр болдым, хан болдым, төрелік менікі дейтіндер де табылатыны сөзсіз. Халықтың армандаған батыры болғандықтан әрине оның қалағаны орындалуы да шарт. Осыған орай, «Айман мен Шолпан» жырындағы бірқатар ерекшелікпен таныса аламыз. Қазақ халқының көрнекті лиро-эпикалық (балладалық) жырларының бірі «Айман-Шолпан» эпосында да салттың қатал жолымен екі жастың бағын байлаумен басталып, бірақ қыздардың ақылдылығының арқасында қызға үміткер батыр қателігін түсінеді. Егер басқа жырларда батырлар өз елінің қызына қорған болып, ерлігімен танылса, Көтібар қызға қиянат жасап, келеңсіз мінезімен танылады. Жырдың алғашқы жолдарында-ақ «болыпты ұлдан кемтар Маман бейбақ» деген сөздерді оқимыз. Осы сөздің ауырлығын көтере алмаған Маманның қорлыққа әкетілуіне оның сөзін сөйлер айбарлы ұлы жоқтығы да себепкер екені аңғарылады. Көтібардың үш әйелі бар бола тұра, Айманды тартып аламын деуі - оның намысқа шапқанын көрсетеді.

Батырдың үлкен дауда олжалаған Маман байдың екі қызы – Айман мен Шолпан ер мінезімен, жұрт қызығарлықтай ақылдылықтарымен танылады.

Айманның Көтібардан алпыс күнге дейін неке қимауға рұқсат сұратып алуы да көне жырларда ұшырасатын тәсілдің бірі. Сондай-ақ, батырдың бірнеше әйел алатындығы туралы айтылады. Жоғарыда тоқталғандай, батырлардың бірнеше әйел алу мақсатының өзіндік себептерінен туындайтыны туралы қазақ жырларында түрлі үлгіде яғни, оңы мен солының көрінісін береді.

Осыдан көп әйел алуды, яғни тоқал болуды тудыратын мынадай себептер шығады:

- жаугершілік заманда баланы жетім, әйелді жесір қалдырмау, яғни мұнда левират заңы – әмеңгерлік неке жалғасын тапқан;
- бәйбішесі бедеу болған жағдайда немесе қыз туа берген жағдайда, яғни ұрпақ жалғас- тырушысы жоқ болғандықтан тоқал алатын болған;
- тағы бір жайт ол батырдың жорықтағы олжасы;
- сыннан өтіп, өз қалаулысына еркімен қосылу;

- халықты жаудан құтқаруда қыздар менің жарым осы деп өз еріктерімен қосылған.

Әрине, елін, жерін қорғайтын батырды аңсап, соның жары болсам екен, одан батыр бала тусам екен деген қыздарға екінші-үшінші әйелі болса да ерсі көрінбеген. Ол сол заманның тәрбиесі, қазақ даласының, әр отбасының философиясы деп түсінуге болады. Бір қарағанда некелесу кезінде әйел тек меншік орнына жүретін зат секілді көрінуі де мүмкін: оны сыйға тартады, ұрлайды, сатып алады, сайыста т.б. жарыстарда жеңіп ала алады демекші. Бірақ бұдан бір жақты көзқарас тумауы керек. Осыны ескерген қазақ халқы қызды өріс санаған. Ел мен елді туыстыратын дәнекер ретінде қараған.

Қорытынды. Айта келе, біз бұл мақаламызда қазақ эпостарындағы полигамиялық неке түрінің көрінісі мен оның туындау себептерінің негізі қандай екендігін қарастырып көрдік. Қазақ жырларының қайсібірін алсаңыз да халықтың психологиялық ой тереңдігі, философиялық көзқарасы жан-жақты танылады. Жырлардың рухани жәдігер ретінде де, ұлттық кодты айқындаушы көркемдік нысан ретінде де құндылығы ондағы дала заңдарының өз шешімін табуында. Өздеріңіз байқағандай оның бірнеше себептері бар. Елін қорғаған батыр, ғасырлап жырлаған халқының қалаулысы, аңсары, яғни, бірнеше әйел алу мақсатының нақты себептерінің орындалуына әкеледі.

Сонымен бірге бұл некелесу түрі қазіргі тұрмыс-тіршілігімізде де кездеседі. Бұл мәселеде қазіргі жастардың көзқарастары екіұдай болуы түсінікті, сондықтан бұл неке түрінің астары терең. Қай кезде де мұндай таңдауға барудың өзіндік себептері болған және ол негізінен отбасы мәселесімен тығыз байланысты болып келген. Бұл тақырыптың қоғамдық ой-пікірдің ашық алаңы саналатын көркем әдебиетте де терең әрі молынан қарастырылуы әдеби дәстүр мен ұлттық құндылықтардың астасып жатуынан болса керек. Әрине, жұмыс әлі де зерттеуді қажет ететіндігі сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Артхашастра // История государства и права зарубежных стран: учебное пособие. В 2 ч. Ч.2, кн. 1. / Под ред. Н.А.Крашенинниковой. М., Юридический колледж. 1995. С.37.
2. Адамзаттың «МАНАСЫ» /Жауапты шығ. Ш.Ыбыраев. - Алматы: Рауан, 1995. - 255 б.
3. Қырымның қырық батыры. – Алматы, «Арыс» баспасы, 2005. – 544 б.
4. Сподина В.И. Многоженство как форма брачных обычаев коренных народов севера: этнические категории нравственности // Вестник Челябинского государственного университета. 2011. № 12 (227). История. Вып. 45. С. 5–9.
5. Пушкарева Е.Н. Картина мира в фольклоре ненцев: системно-феноменологический анализ. - Екатеринбург, 2007. С. 101–102.

УДК 82-2(574)

Ә.КЕКІЛБАЙДЫҢ «ҮРКЕР» РОМАНЫНДАҒЫ БИЛЕР ОБРАЗЫ

М. Дауылбай,

*Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің докторанты*

Ж.Ә.Аймұхамбет,

ф.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры

Андатпа: Тарихи тұлғалардың кесек болмысы суреткерлік шеберлікпен танылған «Үркер» романы – Әбіш Кекілбай шығармашылығындағы биік белес. Романға ханнан туып, ел үстінде күн кешкен киелі тұқым – төрелерден басқа, халықтың өз ішінен шығып қамшы ұстаған аузы дуалы – қызыл тілін безеген шешендер де арқау болған. Суреткер жазушы ұлт тарихындағы ұлы тұлғаларды, олар тұтынған сөз өнерін өз романында жан-жақты көрсетеді. Ел басына екіталай күн туғанда, ағайын арасын дау кеулегенде, ел шетіне жау келгенде ақыл-парасаттарымен ерлікке, елдік пен бірлікке,

адамгершілікке үндеген билер Ә.Кекілбай романында жеке-жеке тұлға дәрежесінде өз биіктерінен көрінген.

Аннотация: Роман «Уркер», в котором плеяды исторических личностей признаны художественным мастерством, – это вершина творчества Абиша Кекильбая. Помимо священного семени – Тора, родившегося у хана и позагравшего над страной, у народа были и чеченцы, у которых из – под себя торчали хлысты, а также красноязычные чеченцы. Писатель-художник всесторонне демонстрирует великие личности в истории нации, искусство слова, которое они потребляли, в своем романе. С наступлением нового дня, когда на окраину страны придет враг, танцы, призывающие к подвигу, единству и человечности, проявились в романе А. Кекильбая в чине личности.

Abstract: The novel "Urker", in which the pleiades of historical figures are recognized as artistic skill, is the pinnacle of Abish Kekilbai's creativity. In addition to the sacred seed, the Torah, born to the khan and tanned over the country, the people also had Chechens with whips sticking out from under them, as well as red-speaking Chechens. The writer-artist comprehensively demonstrates the great personalities in the history of the nation, the art of the word they consumed, in his novel. With the advent of a new day, when the enemy will come to the outskirts of the country, dances calling for heroism, unity and humanity appeared in the novel by A. Kekilbaya in the rank of personality.

Шешендік сөздерді Х.Досмұхамедов «билік сөз» деп атаса, А.Байтұрсынұлы «ділмар сөз» деген болатын. Қазақ даласында әйгілі шешендер көп болған. Олардың қатарында Майқы би, Аязби, Мөңке би, Едіге би, Бәйдібек би, Әз Жәнібек, Жиренше шешен, Шоған би, Әнет би, Қадірғали би, Досай, Ескелді, Балпық, Есей, Бекболат, Тайжан, Ақтайлақ, Бөлтірік, Шоң, Шорман, Алшынбай, Құнанбай сияқты толып жатқан есімдер ойымызға оралады.

Аталған би-шешендердің өмір сүрген дәуірлеріне қарап, шешендік сөз өнерін зерттеген Б.Мамырайым оны үлкен үш кезеңге бөлген болатын. Олар:

«Қазақ хандығы қалыптасқанға дейінгі;

Хандық дәуір кезіндегі;

XIX ғасырдың екінші жартысынан кейінгі» [1, 8].

Қазақ тарихында ерекше дамыған осы өнерді насихаттаған жазушының өзі де осы ділмарлардың қатарынан орын алатыны оның сөз саптауларынан көрінеді.

Әбіш Кекілбай сөз өнеріндегі дәстүр мен дәуір туралы айта келіп, былай деген екен: «Өнердің өткен шежіресіне жүгінсек те, өзге әдебиеттердің қазіргі тіршілігіне үңілсек те, аңғарарымыз бірақ жәйт: уақыт, дәуір қай мәдениетке де барлық кезде дәстүрді байыту, молайтуды алға тосып отырыпты. Өзге мәдениеттен үйрену ешбір ұлттық мәдениетті құлдыратып жібермеген, қайта көркейткен, озық мәдениеттің деңгейіне тартқан, қатарға қосқан. Ендеше, біз бүгін таңда дәстүрімізді қалай қорғау керек деген мәселені емес, оны қалай байытудың қамын көбірек ойлағанымыз дұрыс. Байытудың өзі – қорғау» [2, 12].

Тарихи тұлғалардың кесек болмысы суреткерлік шеберлікпен танылған «Уркер» романы – Әбіш Кекілбай шығармашылығындағы биік белес.

Романда қазақ хандары туралы сөз болғанда алдымен айтылатыны ауызбіршілік. Шәйбан тұқымынан ат құйрығын үзіп, Шу бойына келіп қоныс тепкен Керей мен Жәнібектен бастап, қазақ хандарының айтары бір: «Ал бұрынғы сары жұрт сахара елден кеттік. Бөтен ел, бөтен жұрттың ығына кеп паналадық. Енді бізге алдымыз да жат, артымыз да жат. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарсақ қана ел болып, ірге көтеріп кете аламыз. Аузымыздан жазып, арамызға алалық кірер болса, тағы да табанға түсіп, бөтеннің боданында қаламыз» [2, 78].

Романға ханнан туып, ел үстінде күн кешкен киелі тұқым – төрелерден басқа, халықтың өз ішінен шығып қамшы ұстаған аузы дуалы – қызыл тілін безеген шешендер де арқау болған. Қазақ үшін Тәуке ханнан кейінгі аруақты адамдар да сол би-шешендер. Халықтың қалауымен Ұлы жүздің тізгіні мен қамшысы үйсін Төле бидің,

Орта жүздің тізгіні мен қамшысы арғын Қазыбектің, Кіші жүздің тізгіні мен қамшысы әлім Әйтекенің қолына көшті. Мәртөбедегі ұлы жиыннан қайтқанда үш жорғаның біреуі Әбілқайырды қатарымда жүр деп қасына шақырғанда, өз құлағына өзі сенбегені рас. Осы кездесуді жазушы былай суреттейді:

«Жиыннан қайтқан ұлы дүрмектің алдында тұрқы есік пен төрдей шұбалған шабдар жорғаның үстінде шалқая ыңылдап, екі иығына екі кісі мінгендей апай төс, алпамса кісі келе жатты. Ол – атақты Әйтеке би» [3, 86]

Би Әбілқайырдан Тайланмен екеуінің арасында қандай жек-жаттық байланыстың барын сұрайды. Құрдастықтан басқа ештемесі жоғын түсінгеннен кейін, айырылысар жерге келгенде би атының басын іркіп, тамағын кенеп былай дейді:

«– Тегің сұлтан. Басың жас. Көрерің алда. Жігіттің есі кіретін тұсқа енді жеттің, Алаштың алмағайып заманы таусылмас. Төренің бағы – қарашының қайраты. Қарымдыдан құрдас жиғаның жөн екен» [3, 92]. Әбілқайыр мен Тайлан арасындағы достықтың шыңдала түсуінің бір себебін жазушы осылайша «жарып айтатын» Әйтекенің көрегендігімен ұштастырады.

Тәуекел бір кісіде жеткілікті болса, ол Әйтекеде еді. Бұхара мен Самарқан, Елек пен Торғай арасын мекен еткен ақ сүйек пен бұқара халықтың бәріне бірдей сыйлы Әйтеке Кіші жүздің сүйегі болып табылатын Алшыннан, Алшынның ағаатасы Әлімнен, Әлімнің алты баласының ең жуан тамыры Төртқарадан, Төртқараның Қарашынан, Қараштың Сейітқұлынан тарайтын. Сейітқұлдың сегіз баласының ең атақтысы Самарқанның әмірі, әрі бассардары Жалаңтөс– ханнан да қадірлі жан еді. Кезінде жоңғарға төтеп бере алмай тұрған Салқам Жәңгірге көмекке келген осы Жалаңтөс Бақадүр болатын.

Жазушы осы айтқандарын шығармаларында жүзеге асыра білді. Әйтеке, Қазбек, Төле билердің жас шамалары бір-біріне қарайлас болмағанмен, жазушы қазақтың осы үш биін бір дәуірдегі замандастар ретінде көрсеткен. Ол атақты үш биді бір-бірінен бөле жармайын деген тілектен туса керек. Себебі, қандай қиын түйінді де Әйтеке бауыздап, Қазыбек ұшалап, Төле мүшелеп берер еді. Қандай қиқарларың да Әйтеке айтқанда құлақ аспасқа, Қазыбек айтқанда құптамасқа, Төле айтқанда «төресі» осы» деп жығыла кететін. Қара қылды қақ жарған бұл шешендер туралы қазақ «Әйтеке жарып айтады, Қазыбек қазып айтады, Төле тауып айтады», «Тура биде туған жоқ» дегенді тегіннен-тегін айтпағаны белгілі.

Мәртөбеде исі қазақ бас қосқанда осы үш биден бір ауыз сөз естігісі келіп тұратын жұртолардың әр сөзін өмірлеріне қағида етіп ұстады. Жиналған көп үш биден заман құлқыны туралы сұрағанда, олар бірінің ойын бірі жалғап былай дейді:

Төле би: – жылқы көп кісінесіп, әйел көп кісімсініп кеткен жоқ па, – дегенде, Қазыбек: – жылқы көп кісінесе, ел шетіне дүбір жетейіндеп жүргені, әйел көп кісімсінсе, қадірлерінің өтейін деп жүргені, – дейді. Сонда Әйтеке: – Ел шетіне дүбір жетсе, атыңның жалы панаң болар, көк сауытың – қатын, көк найзаң – балаң болар, – дейді.

Өмірден алынған осындай ғибратты сөздер туралы Қ.Жарықбаев: «Тіл байлығының алтын қорынан саналатын осынау ғибратты сөздер өмір шындығын, халықтың тұрмыс-салты мен тіршілігін, психологиясын, қоғамдық прогресін тайға таңба басқандай дәл де шебер, мәнді етіп бейнелеуімен де құнды» [4, 3], – деген болатын. Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, билердің айтып отырғаны қазақ болмыс-бітімін (менталитетін) ашып көрсететіні белгілі.

Билердің сөзіне құлақ түрген көпшілік өздерін мазалап жүрген кәрілік пен жастық туралы сауал қояды. Төле: – Үй сыртында төбең болса, ерттеулі тұрған атың ғой, ел ішінде кәрияң болса, жазулы тұрған хатың ғой, – дегенде, Қазыбек: жалтылдайды екен деп жастықты сөкпе – бәрінің шыққан тегің сол; қалтылдайды екен деп қарттықты сөкпе – ертеңгі жетер шегің сол, – дейді. Ол екеуінің пікірін жалғастырған Әйтеке: – Ар

сатып алған атақтан тер сатып алған мал артық, сақалын тосқан кәріден еңбегін тосқан балаартық, – деп түйіндейді.

–Тағы не білгілерің келеді? – деген Тәукеге: – Жомарттықтың қандайы жаман, сараңдықтың қандайы жақсы екендігін үш бидің өз аузынан естігілері келетінін айтады. Оны жазушы былай жеткізеді:

«– Жомарттықта суайттың куәге жомарттығы, молданың дуаға жомарттығы жаман, – деді Төле.

–Жомарттықтың және бір жаман түрі: Еркектің жетекке көңілшектігі, ұрғашының етекке көңілшектігі, – деді Қазыбек.

– Дуаға жомарт молда малынан қағылар, куәге жомарт суайт абырой-арынан қағылар, жігіттің көңілшектігі – атының соры, әйелдің көңілшектігі – ...ң соры, ең жаман жомарттық – уәдеге жомарттық, – деді Әйтеке.

– Ең жақсы сараңдық – қасың сұрағанда «барға» сараңдық, досың сұрағанда «жоққа» сараңдық, – деді Төле қамшысын қолына қайта алып.

–Көрсен қызардың алдында жарыңа сараңдық, айналдырған аурудың алдында жаныңа сараңдық лазым» – деді Қазыбек көп алдына қайта шығып.

–Тамыр мен тамырдың арасында боқшаға сараңдық, дос пен достың арасында бопсаға сараңдық, – деді Әйтеке екі бидің соңын ала сөйлеп» [4, 90].

Үш бидің қолдарына түсе бермейтінін білген жұрт олардан көп нәрсені біліп алмаққа құмар. Ертең ауылға барғанда үш бидің сөзін ауыздан-ауызға жеткізетін осы – халық.

Сондықтан олар ұл мен қыз туралы сұрағанда, Төле: – Ұл өссе – ұрпақ, қыз өссе – өріс, – деп жауап береді. Қазыбек: – Ұл бала аптыққаннан өлсін, қыз бала тұншыққаннан өлсін, – десе, Әйтеке: – Дәулетіңнің қадірін ұлың өскенде білерсің, абыройыңның қадірін қызың өскенде білерсің, – деген ұлағат айтады. Үш бидің ұл мен қыз туралы айтқан осы даналықтары көп жылғы өмір тәжірибелерінен алынғаны белгілі. Сол сияқты ерлі-зайыптылар мен жақсы-жаман туралы айтқандары да көптің көңілінен шығап, көкіректеріне жатталып қала берді.

Төле: – Жарақтыдан құтқарса – атың мұра, жалғыздықтан құтқарса – қатын мұра, – десе, Қазыбек: – Төсекте қызық көрмеген – тамұқта жаны шошымас, жар құшып бауыры күймеген – ұл сүйіп еріні тұщымас, – дейді. Әйтеке: – Азынаған айғырды үйірінде көр, аңқылдаған жігітті үйінде көр, – дегенде ерлі-зайыптылар туралы тоқсан ауыз сөздің түйінін айтып отыр. Дуалы ауыздан шыққан сөз кім-кімді де жөнге салатыны белгілі. Олай болса, үш бидің осы даналықтары күні бүгінге дейін ел ішінде тәрбиелік қызмет атқарып отыруы – заңды. Тағы да қандай сұрақтарың бар, – деген Тәукеге көпшілік үш биден адам құлқына қатыста үш ауыз сөз айтуын сұрайды. Адамның жақсы-жаман мінезі жөнінде Төле: – Биікке шықсаң – көңілің ашылар, жақсымен тілдессең – зейінің ашылар, – дегенде, Қазыбек: – Аты жаманның арманы кетер, баласы жаманның дәрмені кетер, – дейді. Ал, Әйтеке болсаол жөнінде: – Ниеті жаманның иманы кетер, әйелі жаманның мейманы кетер, Алланың сүйгені – азан, халықтың сүйгені – қазан. Күлтөбеге жақын ауыл біздікі екен. Жиналған көп әлеумет, жүріп дәм татындар, – деді.

Жазушының Мәртөбедегі ұлы жиынды қайта-қайта еске алуының астарындаосындай ұлағаттар жатыр. Сөз қадірін түсінген қазақ жиналған жерде би-шешендерден сөз тыңдап, көңілдеріне тоқитын болған.

Үш бидің осы қасиеті туралы шешендік сөздерді тыңғылықты зерттеген С.Негимов былай дейді: «...мемлекет мәмлегерлері Үйсін Төле бидің, Қаздауысты Қазыбек би, айыр тілді Алшын Әйтеке бидің таспадай өріліп, кестедей төгілген тұрлаулы тұжырымдары, билік кесімдері, үлбіреген нәзік сезіммен, жан толқытар ғажайып құлшыныспен, терең тебіреніспен айтылған айшықты да, асыл ойлары аспандай көнермейді, көктемдей қартаймайды»[5, 39]. Осы пікірге сүйенетін болсақ, ауыздығасөз,аяқтыға жол бермеген аузы дуалы шешендер – елінің ұйытқысы болған.

Олар – ауызбіршілік пен ынтымақ, қазақтың ұлы мұраттары: азаттық, тәуелсіздік жолында, елдің ынтымақ-бірлігі жолында өмірлік тәжірибесі мен білгендерін сарқа пайдалаған көсемдер. Автор қазақ даласында өмір сүрген осындай ғұламалардың философтардан әсте кем емес екендігін көрсету мақсатында олардың даналық сөдеріне көп орын беріп, әділ биліктерінен мысалдар келтіріп отырғанды жөн санаған. Себебі, қазақ халықының рухани әлемінде ең қастерлі, ең аяулы өнердің бірі – шешендік өнер.

Қорыта айтқанда, шешендік өнерді зерттеуші Б.Адамбаевтың пікіріне сүйенетін болсақ, би-шешендер тек билік айтып қана отырмаған, олар – ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда өмір сүріп, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған жоңғар шапқыншылығына қарсы үш жүзді бастаған жандар»[6]. Үш биді шартты түрде үш жүзге телігенмен, шын мәнісінде олардың аталы сөзіне исі қазақ тоқтаған, ел басына күн туғанда қазаққа жол көрсеткен де сол төбе билер болатын. Олардың сөз өнеріндегі орны, тарихи миссиялары көптеген туындыларға арқау болды. Соның бірегейі Ә.Кекілбайдың «Үркер» романы дер едік.

Суреткер жазушы ұлт тарихындағы ұлы тұлғаларды, олар тұтынған сөз өнерін өз романында жан-жақты көрсетеді. Ел басына екіталай күн туғанда, ағайын арасын дау кеулегенде, ел шегіне жау келгенде ақыл-парасаттарымен ерлікке, елдік пен бірлікке, адамгершілікке үндеген билер Ә.Кекілбай романында жеке-жеке тұлға дәрежесінде өз биіктерінен көрінген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мамырайым Б. Шешендік сөздердің ұжымдық және даралық сипаты: фольклортану ғылымд. канд. ғыл. дәрежесін алу үшін дайын. дисс. авторефераты (10.01.09) / Мамырайым Бекжанбек; Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. – Түркістан, 2005. – 20 б.
2. Әбіш әлемі. Республикалық тарихи, әдеби, мәдени журнал. – №12. – 2019. – 12 б.
3. Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. – Үркер. Роман. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2010. – 352 б.
4. Жарықбаев Қ. Ақылдың кені. – Алматы: «Қазақстан», 1991. – 253 б.
5. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: «Ана тілі», 1997. – 208 б.
6. Қирабаев С. «Үркер» романы // Уақыт және қаламгер. Әдеби сын. 12-кітап. – Алматы: Жазушы, 1986. – 264 б.

ӘОЖ 82:316.3

РИТОР – ПЕДАГОГТЫҢ ДӘРІСКЕРЛІК КӘСІБИ ҚАЛПЫ

А.С.Қыдыршаев,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, п. г. д., профессор, академик
kdirshaev_abat@mail.ru

М. Қ.Әжіғалиев,

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, педагогика
ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Ү Мақалада ритор-педагогтың дәріскерлік кәсіби қалпын қалыптастыруға қатысты шешендіктану теориясының заңдылықтарын пайдаланудың ғылыми қағидаларына сипаттама жасалған.

Тірек сөздер: ритор-педагог, сөз сөйлеудің әзірлігі мен сөз дыбысталуының бірлігі, ойлау мен эмоция консонансының үйлесімділігі

Ü В статье дана характеристика научных принципов использования законов теории ораторского искусства, касающихся формирования лекционно-профессиональной позиции педагога-ритора.

Ключевые слова: ритор-педагог, единство готовности речи и звучания слова, гармония мышления и эмоций

Ü The article describes the scientific principles of using the laws of the theory of oratory, concerning the formation of a lecture and professional position of a teacher-rhetorician.

Keywords: rhetorician-teacher, unity of readiness of speech and sound of the word, harmony of thinking and emotions

Шешендіктану (риторика) - шаршы топ алдында сөз сөйлеудің заңдылықтары туралы ғылым. Солай десек те, біз көбіне-көп бұл атауды «шешендік өнер» сөзімен алмастыра қолданамыз. Мәселен, антикалық дәуірде шешендіктануды «барлық өнер атаулының падишасы» атаған. Оны кейде «сендіру коммуникациясының теориясы» ретінде анықтайды. Бұл арадағы басты мәселе - адамның ойланысы логикалық және бейнелі екі формада көрініс беретіндігінде, оларға танымның қос түрі (ғылым және өнер) сәйкес келетіндігінде, олардың бір-бірін өзара толықтырып тұратындығында. Демек, *шешендік сөз* - жанды сөз әрекеті арқылы көрініс беретін эмоционалды-интеллектуалды шығармашылықтың бірегей түрі. Ол бір мезгілде адамның санасына да сезіміне де әсер етеді. Шаршы топ алдында сөйлеу шеберлігі адамға тән ойланыстың қос формасын шебер қолдана білуден тұрады. Бүгінгі таңда зиялы адамның сүреңсіз де сөлекет сөйлеуі, яғни, шешен сөйлеу мәдениетінің төмендігі адам баласының оқи және жаза білмеуі сияқты ыңғайсыз көрінуі мүмкін, ал білім беру мен тәрбиелеу ісін толық жүзеге асыруды *шешендіксіз* көзге елестету қиын.

Шешендік өнер ұғымы біртіндеп кәсіби және қоғамдық өмірімізге мейілінше кеңірек сыналып енуде. Бүгінде осы бағыттас курстар - бірқатар университеттердің бағдарламасындағы пәндердің бірі. Десек те, көпшілік үшін аталмыш ұғым мәні әлі де толықтай ашыла қойған жоқ. Шешендік өнер мен шешендіктанудың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар? Шешендік өнер ме, әлде шешендік шеберлік пе? Шешендік - шаршы топ алдында сөз сөйлеудің тек формасына қатысты, яғни, сыртқы қалпын шебер безендіру, боямалау өнері ме, не өз алдына терең де күрделі, мәселен, мазмұндық міндеттер қоя ма? Біздің кәсіби және қоғамдық тәжірибемізге қайта оралған шешендік өнер сияқты іс-әрекеттің күрделі түрінің мәнін түсінбеумен байланысты сауалдардың баршасына да жан-жақты мұқият талдамалар жасау аса қажетті [1;2;3;4;5].

Алғашқы кезекте бізді нақты педагогикалық іс-әрекет барысында шешендік өнер элементтерін практикалық тұрғыда қолдану мәселесі ойлантады. Сол себептен де, осы мақалада тұтас шешендіктану ілімі туралы емес, жоғары оқу орны оқытушысының - ритор-педагогтың дәріскерлік шешендік шеберлігінің бірер негізгі аспектілері жөнінде таразыламақпыз. Демек, бүгінгі таңда жоғары оқу орны оқытушысының шешендік өнерді яғни, дәріске даярлану және оны жүзеге асырудың күллі білігі мен дағдыларын бірлікте қамтитын жоғары деңгейдегі кәсіби қалыпта меңгеруі ауадай қажет. Бұл жағдай оқу аудиториясына әрбір сөйленген сөз мазмұнын мейілінше толық әрі терең меңгеруге көмектесері даусыз.

Жалпы заңдылық атаулы белгілі бір жүйелі өзгерістерге негізделген, ішкі мәнділікпен тығыз байланыстарға ие құбылыс. Ал белгілі бір заңдылықтарды білу негізінде шешендік іс-әрекетті жетілдіруге әрі тиімділігін арттыруға әбден болады. Қажетті байланыстарды анықтай отырып, тиісті заңдылықтарды сөзбен жүйелеу - құбылыс мәнін терең танып білу деген сөз. Әрбір заңдылықты танып-білу деңгейі, ғасырларға ұласар құбылыс мәнінің белгілі бір қырын бейнелейді. Бұл таным үрдісі міндетті түрде адамға тән дерек көздерінен заңдылық қағидаларын жүйелеуге ауысуға

сәйкес келіп отырады. Біздің алғы мақсатымызға қатысты шешендік өнердің мейілінше берік тұжырымдалған негізгі үш заңдылығын жүйелеп, оған сипаттама берелік.

Бірінші заңдылық - белгілі бір қоғамдық саяси ұғым тұрғысында әсер етудің топтық жағдайын ескеру заңдылығы. Шешендік өнердің бірінші заңдылығын сақтау үшін әрбір жас маманның, шаршы топ алдында сөйлеушінің, кез келген жоғары оқу орны дәріскері - ритор-педагогының төмендегідей кеңестерді басшылыққа алуы аса пайдалы:

- *сөйленер сөзге даярлықты тақырыпқа сәйкес жетекші құжаттар мен нұсқауларды талқылаудан бастау. Тақырыпты таразылай келе, объективті тұрғыда негізгі ойды нысанаға алу. Біздіңше, тек қана теориялық жағынан даярлығы мықты, саяси тұрғыда сауатты оқытушы-ритор-педагог қана сөйленер сөздің нысанына терең бойлай алмақ.*

- *күні бұрын шешендіктің және саяси пікірсайыстың амалдарын оқып үйрену.*

Екінші заңдылық - сөз сөйлеудің әзірлігі мен сөз дыбысталуының бірлігі туралы. Шешендік іс-әрекеттің бұл заңдылығы ойлау мен сөйлеу үрдістерінің ажырағысыз бір тұтастығынан туындамақ. Сөйленер сөз - ең әуелі даярлануы, ақылға салынуы тиіс. Бұл үрдіс ұзаққа созылуы да мүмкін. Сондай-ақ тыңдаушылардың көз алдында экспромт (тосын) түрінде жүзеге асырылуы да мүмкін. Сөзсіз мұның бәрі шешеннің эрудициясына, тәжірибесіне бірден-бір байланысты. Дегенмен де қай жағдайда да сөздің дыбысталу кезеңі сөйлеуге әзірлік үрдісін қамтиды. Бұл орайдағы заңдылық егер сөзді бір шешен әзірлеп, оны өзге біреу оқыған жағдайда ғана бұзылмақ. Ешқашан да өзге біреуге өз ақылыңды, қабілетіңді, жанды дауысыңның тембрі мен интонациясын аудару мүмкін емес. Тек өзге біреуге мәтінді, сөздер мен фразалар ретін жазып беруге болар. Бұл арадағы ескерер тұстың бірі - адам атаулы өзге біреу үшін сөйлер сөзді қаншама жақсы етіп әзірлеуге тырысса да, ол оны өз ақылымен түйіндері даусыз. Ал ол өзгенің ақыл-ой санасына дөп келмеуі әбден анық. Бұған дәлелдің бірі - тарихта өзгенің қолымен жазылған сөзді айту арқылы атағы асқақтаған шешен атаулының жоқтығы. Мәтін - егер де оны өзге біреу әзірлесе, ол тек сөздің жансыз сұлбасы ғана. Ендеше бұнымен сөз сөйлеуші шешеннің көл-көсір әсер туғызуы әсте мүмкін емес. Тыңдаушылар жазушы (логограф) ойы мен мінбедегі сөз сөйлеушінің дисгармониясын бірден аңғарады.

Шешендік іс-әрекеттің екінші заңдылығының табиғи арнасы ежелгі дәуірден бастау алады. Заңдылықтың табиғатын таразылап ұсынар кейбір тұжырымды пайымдауларға кезек берсек, төмендегіше түйіндерді әркез ескеру артық емес. Мәселен, ежелгі софистер пікіріне жүгіне айтар болсақ, даналыққа ұмтылушы талантты оқытушы-дәріскер үш түрлі қасиетке ие болуы тиіс: *ойлана білу; өз пікірін үйлесімді айта білу; өз міндетін жақсы орындай білу.*

Атақты Аристотельше, мінбеде тұрып, шаршы топ алдында сөйлеуші төмендегілерді айыра ажыратып, баса ескеруі тиіс: *ой анықтығы; сөз (сөйлеу) анықтығы; қоғамдық қызығушылықты бағдарлау анықтығы.*

Шешендіктану дегеніміз - сөздерді кең тұрғыда жан-жақты сарапқа салу. Бұл орайда, Цицеронға сүйенсек, әрбір шешен: *ойлап таба білуі тиіс; орналастыра білуі тиіс.* Осы орайдағы түйіндерді таразылай келіп, М.В.Ломоносов шаршы топ алдында сөз сөйлеуші шешен: *идеяны ойлап табу тиістілігін; оларды орналастыруы, сөзбен бейнелеуі қажеттілігін; сөздің дыбысталуы туралы ойлануы керектігін айтады.* Ал М.М.Сперанский кімде-кім адамдармен істес болғысы келсе, жақсы ойлана білуі өз алдына, одан да жоғары ғажап сөйлей білуі тиістігін жазады. Қысқасы, жоғарғы өрілген ойлардан кімде-кім анық ойлана алса, сол қанық баяндамақ деген түйін туындамақ. Демек, дүлдүл шешендердің тұжырымды түйіндерінен *ой -> сөз -> іс* тізбегінің ажырағысыз бірлігі анық байқалады. Осы тізбек шешендік іс-әрекеттің екінші заңдылығының басты өзегі. Қазіргі таңда шешендік іс-әрекеттің бар теориясы негізінде жатқан тізбектің алғашқы сатысы туралы мүлдем айтылмайды. Шаршы топ алдында

сөз сөйлеуде шешенге ойлану міндетті емес сияқты, көбіне-көп сөз бен істің бірлігі туралы айтылады. Құр сөйлеуді әркім де біледі. Ал тың да батыл ойларымен екінші бірі қуанта бермейді. Бұған қоса өз ой-пікірін аудиторияға анық жеткізе білетін қабілеттілер тіпті де аз.

Сонымен сөз сөйлеу мен оған даярланудың бірлігі заңдылығы оқытушыны неге міндеттейді? *Біріншіден*, барлық дәрісті де жеке өзіңіз талдап әзірлеу. Оқу материалын өз ақылыңызбен «пісіріп- түсіру». Мәтінді өз баяндау стиліңізбен жазу. Ауызша сөйлеу стиліне мүлдем лайықсыз жазылған оқулық не оқу құралдары бойынша сөйлемей, өзіндік тілдік құралдарыңыз арқылы жазу. Мәселен, академиялық шешендік сөз шеберлері Г.Н. Грановский, В.О. Ключевский, М.О. Әуезов, Қ.И. Сәтбаев, Қ.Жұмалиевтер жаңа тақырыптағы дәрістеріне даярлық сәтінде ұзақ ойланып, тіпті одан да көбірек уақыт ой қорытқан. Әрбір дәріс оқылған соң, оның мәтіні тыңдаушыларға негізгі ой толық та анық жеткенге дейін електен өткізіліп, екшеліп, сараптала түседі. Нәтижесінде дәріс академиялық шешендіктің жоғары шеберлік шыңына көтеріледі.

Екіншіден, сөйленер сөзді жазып шықпай, жақсы айта алмайсың. Бұл ретте Марк Тулий Цицерон қаламды тілдің ең үздік көмекшісі таныған. Тек қана жадыға, сызбаларға сенуге болмайды. Жазу жұмысының нәтижесінде фразалар сығымдала, ұштала түседі. Ойды логикалық тұрғыда дамыта түсу қабілеті қалыптасады. Мәтін парақтарындағы жазбалар астарынан тілге тиек болып отырған нысанның бейнесі көрінеді. Егер де санада «ішкі көріністерді сезу» тізбегі жатар болса, сөзді оқу сәтінде мәтіннен ауытқу не оған көзінді салмаудың еш қорқынышы жоқ. Қалыпты сүрлеуі салынған ой жолында аудиторияны өзіңе ілестіру аса қиын да емес. Алайда, егер дәріскер негізгі ойдың бір беттен екіншіге қалай өрбитінін анық көз алдына елестете білмесе, онда ол қағаздан бас алмастан оқуға мәжбүр.

Біздіңше, бұл ретте екінші заңдылықтан туындайтын төмендегідей тұжырымдалған бірнеше тәжірибелік кеңестерді ескеру пайдалы:

- *өзгенің сөзіне құл болушы шешен тілді болуы мүмкін емес;*
- *өзгенің сөзімен жарқырап өз көрінемін дегенше, ең дұрысы, сөзіңмен сөйлеу артық;*
- *өзге біреудің жазып әзірлеген ақылды сөзі, шешеннің сөйлеу сәтінде мүлдем әсер тугызбауы мүмкін;*
- ой еңбегімен айналысушы адамдармен істес болу үшін, өзіңіз де ойлаудан шаршамауға тиіссіз;
- *қашан да сапалы сөйленген сөз оған әзірленуге кеткен уақытпен пара-пар.*

Кәсіби шешендік іс-әрекет туралы қазіргі көзқарастарды ежелгі теориялармен бірлікте жіті зер сала оқып-үйрену ритор-педагогтың *дәріскерлік кәсіби қалпы (профессиограммасы)* кестесін ұсынуға мүмкіндік береді (*1-сызба*).

Цицерон айтқан шешендік әрекеттің идеалды бейнесі шешендік өнерді жетілдіруге әдістемелік білік-дағдылар жүйесін жете меңгеру арқылы өтуге мүмкіндік береді. Бұл ритор-педагогтың ойланып шебер сөйлеу іс – әрекетінің баспалдақтары, жекелеген операцияларының тұтас үрдісі ретіндегі шығармашылық ойлаудың өзіндік жүйеленуі. Ұсынылған сызбаның құндылығы сонда - бұған сүйене отырып, сонау софистерден бастап, қазіргі таңда айтылған ой-пікірлерге дейін, қанша қаласаңыз да мысалдар келтіруге болатындығы.

Шешеннің аудиториямен өзара байланыс іс-әрекетінің мәні *үшінші ойлау мен эмоция консонансының үйлесімділігі заңдылығын* анықтайды. Ритор-педагог ешқашан да белгілі бір ойдың адам санасына ақыл-ойға оңтайлы әсер етудің амалдары арқылы немесе сенімі мен сезіміне иррациональды әсер етудің амалдары арқылы жеткізілуі мүмкін екендігін естен шығармауы тиіс. Егер де ритор-педагог ақылға әсер ету бағытын ұстанса, онда ойлаумен үйлесімділікке жетуге, яғни, сөз сөйлеу нысанын адекватты түсінуге ұмтылуы тиіс. Егер де ритор-педагог сезімге әсер ету бағытын

ұстанса, яғни, құлшыныстарды туғызуға, осыған ұқсас сезім қалтарыстарын, иірімдерін, бейнелі ұғымдарды туындатуға ұмтылса, онда бұл іс-әрекетімен эмоция консонансына қол жеткізеді.

Шешендіктің шынайы қалпы сөздің дыбысталу мезетінде ғана айқындалады, яғни, шешендік іс-әрекеттің үшінші заңдылығы өз күшіне енген сәтте ғана көрініс бермек. Өз кезінде-ақ Демосфен шешендік өнердің ең басты шарттарының бірегейі ретінде сөздің дыбысталуына ерекше мән бергендігі белгілі. Шешен ешқашан да тыңдаушыларынсыз өз шешендігін бағалай алмақ емес. Дегенмен өнер атаулыны жете түсініп, орынды бағалау үшін, сезіне алу, сәйкесті құлшынысты бастан өткере білу жеткілікті. Ал өнер нысанын туындату үшін міндетті түрде талант, көл-көсір еңбек және ұлаңғайыр ақылдың қажеттілігіне дау жоқ [3;4;5].

Сонымен бұл заңдылық оқытушыға ұжымдық ойлауды басқаруды, тыңдаушыларды назардан тыс қалдырмауды міндеттейді. Біздіңше, осы заңдылықты басшылыққа ала отырып, ритор-педагог төмендегі кеңестерді ескеруі тиіс:

- адамдардың оқу материалын және жаңа ұғымдарды қабылдауға әзірлік деңгейін әркез ескеру, баяндау стилін аудиторияға ыңғайлау;
- үнемі қарым-қатынас мәнері мен мінбедегі өз мінез-құлқыңды жүйелеу;
- ойлауды белсендіру, шаршауды жоюға ұмтылу, оқтын-оқтын тыңдаушылардың ойлану деңгейіне салмақ салу;
- аудиторияның реакциясы арқылы сөйленген сөздің тыңдаушыларға қаншалықты әсер еткендігін бақылау және ақпарат берудің барлық каналдары арқылы мақсатты әсер етудің тиімділігін күшейту [1;4].

Сөзімізді жинақтай келе, шешендік іс-әрекеттің үшінші заңдылығын қалыпты сақтау үшін төмендегідей тәжірибелік қағидаларды ұсынамыз:

-Тыңдаушылар сіз ойлағандай емес, мүлдем басқаша ойлануы және оны көз алдына елестетуі мүмкін екендігін есте сақтау. Оқтын-оқтын олардың ойы қажетті бағытта өріліп отырғандығына көз жеткізу.


-Тыңдаушылармен көз жанары арқылы да, сөз арқылы да байланыс ұстау. Өзара байланыстан айырылу - ойлануды басқарудан айырылу екендігін ескеру.

-Тыңдаушының орнына өзіңізді қойып көру, сонда олардың сізден не күткендігін түсінесіз.

- Ритор-педагогтың үздік сөзі - сөйлеу үсті мезетіндегі ой пайымдауы.

Қысқасы, шешендіктану теориясының заңдылықтары – шешендік іс-әрекеттің нақты ережелері іспеттес қағидаларын ғылыми тұрғыда түсіндірудің негізі. Ал біздің тарапымыздан ұсынылатын әдістемелік қағидалы кеңестер – заңдылықтарды тәжірибеде сақтаудың кепілі, жоғары оқу орны ритор-педагогының профиограммасының қалыптасуына септігін тигізері даусыз.

1-сызба. Дәріс оқуда шешендік шеберлікті жетілдіру бағдарламасы



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография. – Алматы: «Білім» баспасы, 2000. – 270 бет.
2. Қыдыршаев А.С. Ритор-педагогтың лекторлық кәсіби қалпы//Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының хабаршысы – Вестник Академии Педагогических наук Казакстана, №1, қаңтар-ақпан, 2013. – 13-19-б.б.
3. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Оқулық. IV басылым. Орал: «Полиграфсервис» баспасы, 2023. – 424 бет.
4. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлеймін десеңіз... (Шешен сөйлеу мәдениетінің кешенді әдістемелік қағидалары). Оқу құралы. Орал: «Полиграфсервис» баспасы, 2023. – 750 бет.
5. Сейсембай М. Миссия выполняема. Технология счастливой жизни. – М.:Альпина ПРО, 2023. – 380 с.

ӘОЖ 82:316.3

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РИТОРИКА, РИТОР-ПЕДАГОГ ТҮЛҒАСЫ ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫРЛАРЫ

А.С.Қыдыршаев,

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
п.ғ.д., профессор (Орал қаласы, Қазақстан)*

Г.С.Бақытбаева,

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
Қоғамдық даму департаментінің ғылыми қызметкері*

И.Т.Масабаева,

магистр

Егер де көкте құдайдың, кеудемізде жанның бары рас болса, онда адамзат тірлігі де риторикадан ажырағысыз (*С.Лихуд*). Өнердің ең алды - сөз өнері. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді (*А.Байтұрсынұлы*). Осы ғұламалардың тұжырым-түйіндеріне сүйене ой өрсек, мұғалімге сөз өз ойын сапырылыстырып айту үшін емес, шәкірттің ойына қозғау салу үшін беріледі. Ал педагогикалық әңгіме өткізуге төселу үшін, тіпті, дарынды адамның өзіне де көп көмек керек [1; 2; 3].

Елімізде әлемнің бәсекеге мейілінше қабілетті әрі серпінді дамып келе жатқан мемлекеттерінің қатарына қарай қадам басу жолындағы негізгі басымдықтардың сапында осы заманғы білім беруді дамыту, кадрлардың біліктілігі мен оларды қайта даярлауды ұдайы арттыруға баса мән берілуі тегін емес. Білім беру реформасы - Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Білім беру ісінде креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда. Бұл салада біліктілік талаптарын, оқыту әдісі жүйесін қайта қарау қажет. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жаппай қолдауға ие болып, қоғамдағы жаңғыру үрдістеріне зор серпін берді. Бұл бастаманы әрі қарай жалғастырып қана қоймай, оның аясын жаңа мазмұнмен және бағыттармен толықтыру қажет. Осы тұрғыдан ой таразыласақ, бүгінгі таңдағы педагогикалық білім беру тұжырымдамасы оқытушының кәсіби, ең алдымен, достық пейілдегі тиімді қарым-қатынасқа негізделген риторикалық мәдениетін арттыруды көздейді. *Оқытушының кәсіби риторикалық мәдениеті -*

шынайы шындыққа, студент тұлғасының гармониялық тұрғыда қалыпты дамуына қол жеткізуге бағытталған эмоциональды-сезімталдық кейіптегі ойлана шебер сөйлеу әрекеті үстіндегі адамгершілік-эстетикалық және интеллектуалды қалпы (профессиограммасы).

Ритор-педагогтың кәсіби риторикалық мәдениеті оның сыртқы кейінде де, тиісінше сөйлеу әрекеті үстінде де вербальды не бейвербальды қалпымен айқындалады. Көбінесе оқушылар не нәрсені де қалайша ұсынуына қарай өзгеріссіз қабылдайды. Ал оқытушы риторикалық тұлға, педагог-ритор ретінде бірден-бір аудиторияға әсер етуші және аудиторияаралық байланыс орнатушы болмысында бір мезгілде өз сөзімен, өзіндік адами әдебімен, сөз сөйлеу мәнерімен, сөз мазмұнымен, оқытып жатқан оқу пәнінің көмегімен студент тұлғаны бірлескен түйіндер жасауға әзірлейді, негізгі басты нысанды терең ұғынуға, түсіністікке ыңғайлайды, нәтижеде оқыта отырып тәрбиелейді, өмірге бейімдейді. Бұған педагогикалық диалогтың субъект-субъектілік қатынасты сақтаушы қалыптасу үстіндегі студентті қатып қалған қарым-қатынас фобиясынан ажырата отырып, өзіндік көзқарас-пікірің болу керектігі іспетті үрейден ада ететін, сөз сөйлеу қадамындағы батылдығын, өзін таныта түсу мәдениетіне белсендіре, құлшындыра ұмтылдыратын демократиялық стилі септеседі [4; 5; 6; 7; 8].

Тұлға қарым-қатынаста шыңдалады десек, тұлғалылық, яғни, дидарласушысын тындай білу, сөйлесе білу білігі қарым-қатынаста қалыптасады. Тұлға үлгісінен тұлға туындайды, сондықтан оқытушы-педагог төңірек аудиториясы құрметтей сыйлайтын, мәдениетті, зиялы, ибалы тұлға ретінде қалыптасу үстіндегі студентке тиімді қарым-қатынас ырғағын жұғысты етер өзіндік өнеге беруші, тағылым таратушы болуы тиіс. Демек, бұл бағытта сөйлер сөзін өзіндік кәсіби іс-әрекетін ұйымдастыру мен басқару құралы ретінде меңгерген педагог-ритор тұлғасын қалыптастыру мәселесіне айрықша мән берілуі тиіс (В.А.Аннушкин, А.К.Михальская, А.А.Мурашов, А.С.Қыдыршаев, М.Қ.Әжіғалиев). Әсіресе, бұл риториканы (шешендіктану) сендіре тиімді сөйлеу ілімі ретінде ғана емес, сөйлеу мәдениетінің, шешендік шеберлік өнерінің биігіне қол жеткізуді игеруші болашақ педагог тіл мамандарын даярлауға қатысты аса өзекті. Бұл ретте аталмыш курс студенттерді семинарларда сөйлеуге, әр түрлі конференциялардың жұмысына қатысуға, университетішілік, мектепішілік газет-журналдарды әзірлеп шығаруға, мектептегі педагогикалық практикадан өтуге және ілгерідегі мектеп оқушыларын жұмысқа даярлаудағы ғылыми-тәжірибелік бағытымен аса маңызды. Бұның бәрі өзінді ритор маман ретінде танытуға бейімдейді. Ал бұған күні кешегі мектеп оқушылары көбіне-көп даяр емес. Ендеше, ертеңгі маман тұлғасындағы бүгінгі студенттер бойында болуға тиісті аса қажетті білік-дағдыларды қалыптастыруға бағытталған бірқатар міндеттер туындайды. Олар: *сөйлеушінің сөйлеген сөзін талдай білу; өз сөзіңді әзірлеуде риториканың классикалық қағидаларын қолдана білуге дағдылану; шаршы топ алды сөз сөйлеуге даярлану; өз курстастарының алдында оқу пәніне орайлас сөз сөйлеу тәжірибесінен өту* [9; 10; 11; 12; 13; 14].

«Педагогикалық риторика» (бакалавриат, III курс) курсына оқытушы мен оқушы арасындағы педагогикалық қарым-қатынас пен этикаға баса мән беріледі. Біздіңше, бұл реттегі аса маңызды тұстар мыналар: *Өзін мұғалім рөлінде сезіне отырып, мектепте өткізілетін активті, пассивті педагогикалық практикаға алдын-ала даярлану; сыныпта достық пейілдегі комфортты жағдаят тудызу білігін меңгеру; өзінің педагогикалық іс-әрекетінде оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, оқытуды жекелік-бағдарлық вариативті жағдайды негізге ала ұйымдастыру* [5; 6; 7; 8].

Қазіргі кезеңде оқытушы-педагогтың, сонымен қатар мектеп мұғалімдерінің педагогикалық риторикаға қызығушылығы күн санап арта түсуде. Эксперимент нәтижелеріне, зерттеу еңбектеріне сүйене сан тарау тұжырымдар жасауға болар еді. Бұл ретте педагогикалық шешендіктану (риторика) ілімі әрбір педагогке өз сөзін дәл де нақты, логикалық тұрғыда иланымды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ал оқушылар

тарапынан пікірлестер табуға, сабақтарды шығармашылық тұрғыда үйлестіре, дәстүрлі сабақтардағыдай емес, қызғылықты да тартымды өткізуге, ұсынылар ақпараттарды бұрынғыдан бірнеше есе мол беруге септеседі. Педагогикалық риторика мұғалімге өзара пікірлесу, сөйлесу мүмкін еместей көрінетін ең ауыр сыныптармен қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ мұғалім не оқушы тарапынан өзара тіл табысуға еш құлқы, ұмтылысы, мүмкіндігі жоқтай, тіпті қарым-қабілеті таяздау көрінетін алынбас қамал сияқты орталарда монологтік сөз сөйлеуге мүмкіндік туғызады. Кез келген педагогикалық тұрғыда әсер етудің сәттілігі мұғалімнің сөз сөйлеу үстінде өзін-өзі танытуы арқылы көрінбек. Мұғалім сөйлеген сөзі арқылы оқытады, тәрбиелейді, өзіндік көзқарасына иландыра жұмылдырады, пікір алмасады, оқушылардың санасында мейілінше тереңірек сыналап ене түсер әсері жоғары образдарды тудырады. *Риторика - көркемдік тұрғыда әсер ету амалдарының жүйесіне орай айтсақ, жоғары эстетикалық тұрғыда әсер ету арқылы ауызша сөйлеу туралы ғылым.* Егер де педагог өз ойын жай айтып қана қоя салуға ұмтылмай, дидарласушы оқушысына белгілі бір межелі әсерді дарыту, алғы ортақ іске жұмылдыруға ұмтылдыру бағытын ұстанатын болса, онда педагогтың алғашқы сөзінен бастап осындай ұшқынды көруге тиіспіз. Яғни, осы іспетті межеленген алғы мақсатқа нақты қол жеткізу үшін, сөйленер сөз атаулыны тура мағынасында жоспарлы түрде алдын-ала даярлау керек. Тап осы тұста риторика қағидалары көмекке келіп, сөйленер сөзді лайықты тұрғыда әзірлеуге септеседі. Педагогикалық шешендіктану оқу үдерісі сәтінде туындап отыратын сандаған сауалдарға ("*Неге?*" "*Неліктен?*" "*Не себепті?*") жауап береді. Ал осы тұста болашақ педагог мамандарға ұсынылатын кеңестер де бір шоғыр. *Мәселен, жан-жақты білімді, өз ісін жан-тәнімен сүйетін мұғалім неге көпшілік жағдайда оқушысына түсініксіз, яғни, шәкірттерімен тіл табыса алмай жатады? Ал оның өткізген сабақтары мереке іспетті болудың орнына неге шыдамдылыққа жасалған ауыр экспериментке ұқсас болуы тиіс? Әр түрлі аудиторияларда мұғалімнің айтқан сөзіне неге мүлдем қарсы реакция туындап жатады? Айтылған сөзге сәйкесті жоспарлы нақты істі қалай туындатуға болады? Мұғалімнің үнемі ойлағанындай болуы үшін не істеуіміз керек? Сабақ басында қатты толқып, толғаныста болған мұғалім оқушыларының қолдауына неге ие болмайды? Неге кей жағдайда оқушылардың мысқылдай, мазақтай қараған көзқарастарына ұшырап, ал кейде сабақ өткізуге кедергі келтіруге дейін де барады? Педагог оқушыларға қызғылықты мәліметтерді ұсына отырып, неге кенеттен ара-тұра сыныпқа қарата жекуге мәжбүр? Бұндай жағдаят болмауы үшін не істеу қажет? "Қанағаттанарлықсыз" баға алған оқушыны жұбатамын деп жүріп, мұғалім белгілі бір көзделген нәтижеге неліктен қол жеткізе алмайды? Сондай-ақ мұғалім алдынан сабақ үстіндегі жағдаят ерекшелігінен туындап жататын әр қилы сауалдар да ("қалай?") шығып отырады. Мәселен, сабақ үстінде, егер де сынып оқушылары уақыттың тез өтуін ғана ойлап отырар болса, сынып назарын белгілі бір маңызды мәселеге бұра қалай жинақтауға болатындығы; сыныптағы қай оқушымен көбірек пікір қайшылығы туындап қалудың ыңғайы барын қалай анықтауға болады? Яғни, оқушылардың арасындағы сынып көңіл-күйін бұзып отыруға, ортақ мәселеден басқа жаққа тартуға бейім тұратын, тілдік қарым-қатынас жасауға қиындық келтіретін, тіпті мүмкіндік болғызбайтын оқушылармен қалай тіл табысуға болады? Кейде мұғалімнің өзі де байқамай қалатын тұстың бірі - қарапайым ғана фраза арқылы оқушыларды ойлантуға, айтылғанға құлақ қоюға, шығармашылықпен ой түйіндеуге ұмтылдыруы. Осы бағыттас фразалардың сыры неде? Ең керекті тіркестерді қалай екішеп алуға болады? Оқушыларға бірден-бір тиімдірек әсер ететін сөздерді іріктеудің жолын қалай білуге болады? Құр дидактикалық ақыл айту мен ескерту жасаудан қалай құтылуға болады? Әр түрлі сынып ерекшелігіне сәйкесті қажетті "кілтті" қалай іріктеуге, табуға болар еді? Оқушыны күлкілі нәрсеге күлуге, қызықты тұсқа қуануға, бұлжымас қағидаларды орнымен қабылдауға қалай ыңғайлауға болады? Мұғалімнің сөзі оқушылар*

үшін ғана айтылып жатқанына әрбіреуінің көзін қалай жеткіземіз? "Ең қысқа сөз - мағыналы көзқарас" дегендей, бір ауыз сөз шығармай-ақ шулы сыныпты тәртіпке қалай шақыруға болады? Өзіңнің және шәкірттеріңнің диқиялық ақаулықтарыңды қалай жоюға болады? Қойылған бағаға келіспейтін әрі мұғалімді сабақтың негізгі мәселесінен ауытқытып әкетуге тырысушы, мейілінше өзіміңіл оқушымен пікірталастыруда қалай жеңіске жетуге не оның көзін жеткізе басым түсуге болар еді? Оқушының бұрын қажет емес деп білгісі де келмеген мәселесіне оның ынтазарын қалай оятуға, сұранысын қалай туғызуға болады?

Оқытушы-педагог кәсіби тәжірибе жинақтау барысында мейілінше тез ойланып, орынды айтылған бір ауыз сөздің белгілі бір күрделі жағдаяттан шығуға септесер сәтіне тап болары сөзсіз. Ал үздіксіз даму үстіндегі, сондай-ақ толқымалы қалыптағы оқушылар құрбылары алдындағы социометрикалық статусын көтеру үшін мұғалімдерімен сөзге келіп қалу, тілдік қағысуларға баруға бірден-бір ыңғайлы болып келеді. Осындай жағдайда педагогикалық риториканың амал-тәсілдері мен заңдылықтарын жан-жақты білген мұғалім көзі ештеңені көрместей, құлағы ештеңені естіместей, сөз ұқпастай ыңғайдағы еш нәрсемен келіспестей оппоненттері тарапынан өзін қолдайтын нағыз пікірлестерді көре алады. Ал кімде-кім педагогикалық риторика ілімі туралы хабардар болмаса, оның заңдылықтарынан, қағидаларынан бейхабар болса, онда мұғалімге үнемі "Оқушылар тарапынан жоспарланған шабуыл қашан болуы мүмкін?" "Жалпы бұндай болуы мүмкін бе?" деген іспетті сауалдарға ойлануға тура келеді. Сабақ үрдісіндегі бұндай сауалдардың мұғалім ойына келуі бір жағынан қызғылықты секілді көрінгенімен, екінші тұрғыдан қате. Сондай-ақ осы бағыттас ойлар сабақ барысының қалыпты өтуін қиындатып, мұғалім мен оқушы арасындағы толыққанды дәрежедегі қарым-қатынастың орнауына кедергі келтіреді. Тіпті мұндай жағдаятта өзара шығармашылық тұрғыдағы қарым- қатынас туралы ойлау да мүмкін емес.

Қазіргі уақыттағы үздіксіз білім алудың қажеттігін ескерсек, білім берудің, маман мұғалім кадрлардың біліктілігін арттырудың жолдарын айқындау жөн. Біздіңше, бұл мәселенің шешімін таптырар бір қыры - *қазіргі мектеп мұғалімінің педагогикалық шешендіктану ілімінен терең білімінің болуы*. Бүгінгі педагогикалық шешендіктану (*мектеп риторикасы*) риторикалық ойлау кезеңімен бір тұтастықта пайда болған. Сократ, Платон, Аристотельдердің өздері оқыту үдерісін диалог тұрғысында, тіпті, жиірек пікіралмасу тұрғысында жүргізген. Онда өзара пікіралмасу үдерісі риторикалық іс-әрекет күйінде ұйымдастырылған. Бұнда әрбір реплика ойлау үдерісінің бірден-бір белгісін қамтиды, сондай-ақ бұл бір мезгілде әрбір дидарласушының нақтылы өзіндік көзқарасының танылуына бағытталды. Орта ғасырлық академиялық шешендік - шешендіктанудың осы кезеңдегі маңызды аспектісі. Ал риториканың өзі сол кезеңдегі барлық университеттерде оқылатын бірден-бір ғылыми пән болды. Оның басты өзегі - *адамның өзін сөзі арқылы танытуы*. Сәйкесінше орта ғасырлық ғалымдар да адамның осы тұрғыда өзіндік дамуының қалыптасуына, өзін-өзі танытуға баулыды.

Зерттеушілерге сүйенсек, антикалық дәуірде-ақ риториканың өзі бірегей философия ретінде қарастырылған, ал орта ғасырлық дәуірде бұл зат атаулының мәні ғана емес, сөз мәнін ұғушы адамның қоршаған әлемді бейнелеуі болып табылады. *Бұл орайда «сөздің мағыналық тұңғиығына терең бойлай білгейсіз, сонда сіз мына жарық дүниені адасудан жартылай құтқарасыз» деген Р.Декарт сөзі ойлантады*. Демек, дидактикалық шешендіктанудың дамуының әр түрлі кезеңдерінде сөз мағынасын анықтауға және оның ойды білдіруге әрі жүзеге асыруға ешбір кедергі болмауы, қайта керісінше, оның дәл жеткізілуіне, ұсынылуына бірден-бір себепкер болуына баса мән беріледі. Сөз - қоршаған әлемге қаратылған терезе, қоршаған ортаға бізді танытушы. Бірақ бұл терезенің бізге таныс әрі жақын не бейтаныс та сырт кеңістікті бөле-жара танытуға жасар қызметін ескермей жатамыз. *Демек, педагогикалық шешендіктану - оқушылармен арадағы өзара түсіністіктің жоқтығына жиірек өкініш білдіретін*

мұғалімдерге бірден-бір аса қажетті өз ойын мейілінше түсінікті білдіру мен оны мейілінше дәл түсіну мүмкіндігі. Ал мұның себеп-салдары қос коммуникантқа да, олардың қолданар сөздеріне де, дәлірек айтсақ, сөздердің орналасу ретіне, әрқайсысының қилы сөздеріне байланысты қалыптасқан ассоциациясының жекелік жүйесіне де тірелуі мүмкін. Мәселен, бізге мәлімі - жекелеген сөз атаулының адам көңіл-күйіне, қалпына белгілі бір деңгейде әсер ететіндігі. Ал қазіргі мектеп мұғалімі-педагог қауымы үшін мұның мәні әлдеқайда тереңірек, себебі ол әрдайым оқушымен өзара түсінісуге, жағдаятты тиімді қабылдауға ұмтылары даусыз. Сондай-ақ тілдік қарым-қатынасқа қатысушыларды айырып көрсетерліктей сөз айқындылығы, мағыналық анықтығы мезетте-ақ құбылып отыруы әбден заңды. Олар бір қарағанда бір-біріне түсінікті де қарапайым көрінетін ортақ мәселе туралы айтып отырғанмен, олардың әрқайсысы «өзіндік тілмен» көрініс бермек.

Ендігі кезекте «Педагогикалық шешендіктану» бағдарламасының бағыттарын айтар болсақ, болашақ мұғалімді сан қилы коммуникативтік-сөйлеу жағдайында түрлі тілдік құралдарды еркін қолдана білуге үйрету ауадай қажет. Бұл ретте ең алдымен оларды бірден-бір кәсіби іс-әрекетке байланысты педагогикалық қарым-қатынас мәдениетіне үйрету, мүлтіксіз таза, дұрыс терминологиялық тілде дәл де мәнерлі сөйлеу білік-дағдыларының қалыптасуына баулу керек. Біздің тарапымыздан ұсынылып отырған бағдарлама педагогикалық мамандықтарда оқитын студенттерге (келешек қазақ тілі мен әдебиеті және бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімдеріне) арналған. Бұл орайдағы «Педагогикалық шешендіктану» курсы нақтылы айқындалған кәсіби- педагогикалық бағытқа ие. Сол себептен де негізгі жұмыс формасы зертханалық немесе тәжірибелік сабақтардан құралып, дәріс саны оқу жоспарының өзіндік ерекшеліктеріне негізделіп, мүмкіндігінше семестр бойында кемінде екі бақылау жұмысын жүргізу көзделеді. Аталмыш курс мақсаты студенттерге оқытудағы, тәрбиесіндегі және оқушыны дамытудағы өзіндік орны бар коммуникативтік қалыпқа ие педагогтың кәсіби іс- әрекетіндегі маңызды құрал сөйлеу мәдениетін меңгеруге көмектесу. Ал курс міндеттері төмендегіше: студенттерді сөйлеу, тілдік қатынас түрлеріне, сөйлеу іс-әрекетіне, сөйлеудің сапасына (дұрыстығы, тазалығы, дәлдігі, байлығы, мәнерлілігі, коммуникативтік сәйкестілігі) қатысты білім негіздерімен, қазіргі қазақ әдеби тілінің негізгі нормаларымен таныстыру, оларды сақтауға қол жеткізу; риторикалық қағидаттар негізінде өзінің сөйлеген сөзін және оқушыларының сөзін талдай білуге үйрету; болашақ мұғалімдерді педагогикалық қатынастың жоғары деңгейде тиімді жүзеге асуына септесер өзіндік дауыс тонына, сөйлеу аппаратына ие болуға баулу; кәсіби тұрғыда аса мәнді сөйлей білу шығармашылығын қалыптастыруға әзірлеу.

Курс құрылымына келсек, бағдарлама негізгі үш сатыға жіктелген. Алғашқы сатыда курс негіздеріне енетін сөз, сөйлеу, тілдік қатынас, сөйлеу іс-әрекеті, оның құрамдас бөліктері (компоненттері), тілдік қатынас формалары мен түрлері, сөйлеу сапасы сынды ұғым-түсініктермен таныстыру көзделген. Бағдарламаның екінші сатысында болашақ мұғалімнің дауыс тонын қалыптастыру мен олардың сөйлеу техникасын жетілдіру бағытындағы жұмыстар қарастырылады. Мұғалімнің эмоцияға бай әсерлі кейіптегі, логикалық негізге сүйеніле, сан қилы интонациямен құбылта да құлпырта берілген жанды (динамикалы) сөзі оқушылардың оқу материалына ынтызарлығын еселеп арттырады. Хабарланған материалды жадында жете тоқуға, ықыластана оқуға септесіп, оқушының қабылдау зейінін күшейте түсуге көмектеседі. Нәтижеде мұғалімнің оқушымен мейілінше терең әрі тығыз қарым-қатынасының орнығуына мүмкіндік туғызады. Бағдарламаның үшінші сатысында студенттерді мұғалімнің өзіндік кәсіби іс-әрекетінде қолданатын әр түрлі стильдерге тән сөйлеу жанрларымен (дәріс, баяндама, есеп, пікіралмасу (дискуссия), жиналыста сөйлеу, өмірбаян, мінездеме, күнделік, т.б.) таныстырылады. Бағдарламада

көрсетілген ауызша, жазбаша сөз сөйлеуге қатысты білік-дағдылардың студенттердің бойында қалыптасуына баса назар аударылады.

«Педагогикалық шешендіктану» бағдарламасы бойынша жұмыс бейне-жазбаларға, қазіргі техникалық құралдармен жабдықталған лингафон кабинеттеріндегі зертханалық сабақтар жүйесіне негізделген жазбаша және ауызша тапсырмаларды орындауға сүйеніледі. Сондай-ақ, педагогикалық практика барысындағы мұғалімнің сөйлеген сөзіне, мақсатты бағытта үнемі жүргізілген бақылауларға негізделеді. Бағдарлама жоғарыда айтылғандардың барлық элементтерінің басын біріктіретіндей сабақтарды ұйымдастырудың түрлі нұсқаларын (вариант) әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл ретте сөйлеу техникасына қатысты жаттығулар жүйесі аталмыш курстың барлық тарауларын оқып-үйренуге қатысты сабақтарда қолданылуы міндетті. Ал бағдарлама мазмұны төмендегіше:

- *Сөз сөйлеу - оқытудың аса маңызды құралдарының бірі. Педагогикалық қатынас мәдениеті.* Сөйлеу мәдениеті және шешендіктану (риторика) ерекше қолданбалы пәндер, оларды педагогикалық жоғары оқу орындарында оқытудың пәні, мақсаты, міндеттері, сөйлеу мәдениеті мен шешендіктанудың өз алдына бөлек ғылыми пән ретінде қалыптасуының негізгі кезеңдері. Сөйлеу мәдениетінің шешендіктанумен, стилистикамен, әдеби тіл тарихымен, қазіргі қазақ тілімен байланысы. Сөйлеу мәдениеті мен шешендіктану талдамаларының қалыптасуына ұлт тілтанушыларының, жазушыларының және педагогтарының үлесі.

- *Тіл және сөз (сөйлеу),* олардың негізгі қызметі, қатынас түрлері. Сөйлеу іс-әрекеті туралы ұғым. Сөйлеу іс-әрекетінің түрлері (*сөйлесім, оқылым, тыңдалым, жазылым*). Қатынас және сөйлеу іс-әрекеті. Мұғалім сөзі - оқыту мен тәрбиелеудің құралы. Педагогикалық коммуникацияның ерекшеліктері.

- *Сөз сөйлеудің ауызша және жазбаша формалары, олардың ерекшеліктері.* Монолог, диалог, полилог туралы түсінік. Мұғалім сөзінің монологтық және диалогтық түрлері, олардың сабақ барысындағы орны. Мұғалім іс-әрекетіндегі вербальды, бейвербальды (ым-ишарат) қатынас.

- Оқу-сөйлеу жағдаяттары мен мұғалімнің сөйлеу стильдері туралы түсінік. Оқу-сөйлеудің типтік жағдаяттары, олардың ерекшеліктері.

- *Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің сөйлеу тазалығы мен дұрыстығы.* Норма туралы түсінік. Норма - әлеуметтік құбылыс. Норма және қалыптасу (кодификация) мәселесі. Норманың көп нұсқалылығы және ауыспалылығы. Норма қызметі және эволюциясы. Сөйлеудегі жиі ұшырасатын қателіктер және норма келешегі. Оның жүйеге, нормаға және қағидаларға қатысты олқы тұстары.

- *Мұғалім сөзінің дәлдігі.* Мұғалім сөзіндегі терминдер мен кәсібилік. Терминдерді қолданудағы ұқыптылық. Терминдерді қолданысқа енгізу амалдары. Мұғалім сөзінің логикалығы. Жиі кездесетін логикалық қателіктер, оларды болдырмау амалдары. Мұғалім сөзінің байлығы мен мәнерлілігі. Сөйлеу жағдаятына орай таңдалған құралдардың сабақ тақырыбы мен материалға сәйкестігі. Кәсіби сөйлеу барысындағы тұрақты қолданыстардың (*штампылы тіркестер, шартты сөздер, ырғақтылық, әуезділік, үнемділік, саздылық қалыптары*) үйлесімділігі. Мұғалім сөзіндегі образдылық тудырар құралдар. Қателіктер жиынтығы. Сөйлеудегі қателіктер мен олқы тұстар. Оқушылардың сөйлеуін бағалау шарттары.

- *Мұғалімнің сөйлеу мәдениетінің реті.* Сөйлеу этикеті. Сәлемдесу, қоштасу, кешірім өтіну, алғыс білдіру қалпын таныту құралдары, байланыс орнату құралдары, т.б. Такт, қолдау, қарапайым кейіп таныту, келісім қалыптары. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі сөйлеу этикасы және сөйлеу этикеті.

- *Дауыс қалпы, сөйлеу техникасы. Мұғалім дауысының кәсіби сапалылығы: жағымдылығы (ырғақ тазалығы мен анықтылығы); дыбыстау қарқындылығы және кең диапазонды ырғақтылығы; сөйлеу жағдаятына сәйкесті табиғи құбылуы, икемділігі; ұшқырлығы (еш ышқыныссыз әсерлі де жағымды естілуі); төзімділігі*

(жоғары деңгейде дыбыстауға қабілеттілігі, шыдамдылығы); бейімделгіштігі (тембрлік, әуезділік, динамикалық икемділігі); дыбыстық кедергілерге шыдамдылығы (тембрден жаңылмау, дауыс жағымдылығын сақтай білуі, түрлі дыбыстық кедергілерге қарсы тұра білуі); толғанысын тежей білуі (өз дауыс тонында эмоцияны аңғартпауы және сөздің мағыналық құбылуына қарамастан адресатқа әсер ете білуі).

- *Дауыс, сөйлеу және дыбыстау бірлігі.* Сөйлеу аппараты, оның қызметі. Сөйлеу сәтіндегі тыныс алуды ұйымдастыру. Тыныстау (тыныс алу) механизмі (құрылымы), дауыс қалпы және артикуляция бірлігі. Өн айту мен сөйлеу, олардың бірлігі мен өзіндік ерекшеліктері. Резонаторлар туралы түсінік. Дыбыс спектрі және дауыс тембрі. Дауыс күші мен жоғарылығы, қарқындылығы. Сөйлеу ырғағы (темп), кідіріс. Түрлі акустикалық жағдайлардағы сөз сөйлеу реті. Дыбыстау сәтіне талдау жасау және дыбыстау сәтінің моделі. Дауыс қойылысындағы жекелеген ерекшеліктерді есепке алу. Мұғалім мен оқушының дауыс гигиенасы.

- *Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі сөйлеу қалпы (сөйлеу шығармашылығы, жанрлары).* Мәтін, мәтіннің басты белгілері және оның ерекшеліктері мен құрылымы туралы түсінік. Сипаттау, баяндау, талдау. Текст типологиясы және жалпы коммуникацияға қатысты мәтіндердің сан алуандылығы, олардың маңызы мен ерекшеліктері. Алғашқы және кейінгі сөйлеу жанрлары.

- *Ауызша сөйлеу қалпы.* Әңгіме - педагогикалық тақырыпта бір немесе бірнеше тұлғалармен дидарласу, пікірлесу формасы. Әңгіменің дәрістен айырмашылығы. Әріптестермен әңгімелесу (кәсіби қатынас). Ата-анамен әңгімелесу. Қарым-қатынас мәдениеті, оның қырлары, әңгімелесу үстіндегі мәдениет, оқушылар қатыстырылған ата-аналар жиналысында әңгімелесушіңді (дидарласушыңды) тыңдай білу. Есеп, оның тілдік ерекшеліктері. Себеп-салдарлық-бағалаушылық байланыстың көрініс табуы (анықтық, айқындылық, нақтылықтың берілуі).

- *Талқы, ойталқы (диспут), пікіралмасу (дискуссия), пікірталас,* осы ауызша қарым-қатынас формаларына тән ортақтық, әрқайсысына тән ерекшеліктер. Ойталқы мен пікіралмасуды ұйымдастыру. Пікіралмасу тақырыптарының қағидатты жүйесі. Пікіралмасу бағытында сөз сөйлеу, оның ерекшеліктері. Пікіралмасудағы сөйленер сөздің эмоциональдылығының талап үдесінде болуы. Эмоциональды бағалауды жүзеге асырудың құралдары. Жүргізуші (модератор), оның рөлі.

- *Шешендік сөз,* оның ерекшеліктері. Шешен сөйлеу амалдары. Шешен сөзіндегі ым-ишарат. Тыңдаушылармен байланыс орнатудағы вербальды құралдар. Шаршы топ алды үгіт-насихат бағытында сөз сөйлеу, оның ерекшеліктері, интонациялық бояуы (ырғағы, тоны). Әңгіме-публицистикалық стильде ауызша ой бөлісу бағытында сыни тұрғыда сөйлеу. Ой бөлісудің тоны. Тыңдаушылармен қарым-қатынас орнату мәдениеті. Құттықтау сөз. Мәжілістерді, конкурстарды, жиындарды, т.б. ұйымдастыру, жүргізу.

- *Жазбаша сөйлеу қалпы.* Мазмұндама - өткен жағдаят негізінде құрастырылатын мәтін. Өткен материалдар негізіне мәтін мазмұнының сәйкестігі. Қысқа да нұсқа мазмұндау. Ықшам нұсқадағы мәтін деңгейі және тілдік-сөйлеу міндеттері. Конспект, оның түрлері (толық, қысқа тезистік); тезис, резюме (түйіндеме), оның ерекшеліктері. Кітап аннотациясындағы, алғы сөз бен соңғы түйіндегі қысқа да ықшам мазмұндау қалпы, жазбаша пікір берудегі, хат жазудағы, пікіралмасудағы ықшамды мазмұндау. Екшеулі, іріктеулі қалыптағы мазмұндау (жан-жақты електен өткізіле және қысқа мазмұндау). Материалдарды іріктеу, елеулі тұстарды ара-тұра оқу. Әдеби тақырыптағы ойталқыдағы, пікір білдірудегі, рецензия жазудағы екшей, іріктей мазмұндау.

- *Аннотация* - әңгімеге арқау болып отырған оқиғаға қатысты мәтіннің мазмұны, негізгі даму көздері, авторы турасында мәліметтер берілетін ықшам үлгідегі қысқа да нұсқа мазмұндаудың бір түрі. Аннотацияның әзірлену бағытына қатысты түрлері. Мамандыққа қатысты әдебиеттер, жаңа педагогикалық әдебиеттер турасындағы аннотация. Аннотацияның жазылуы. Пікір (мұғалімнің баяндамасы туралы,

мамандыққа қатысты кітаптар туралы, т.б.). Пікір және рецензия (сәйкестігі және айырмашылығы). Рецензия түрлері. Пікір жазудағы және рецензия әзірлеудегі дәйек сөздерге сілтеме жасау этикасы. Баға беруді таныту құралдары.

- *Реферат*. Мамандыққа қатысты жаңа кітаптар жөнінде, педагогика қақында және т.б. бойынша жазбаша реферат әзірлеу. Реферат ерекшеліктері. Реферативті журналдармен танысу. Шолу рефератының ерекшеліктері. Биография және өмірбаян, ортақ тұстары мен айырмашылықтары. Биография мен өмірбаянның іскерлік тұрғыдағы баяндаудың түрі екендігі. Белгілі педагогтың, мұғалімнің, оқушының өмірбаяны. Мінездеме элементтері қосылған биография. Әдебиеттегі педагогикалық тақырыптағы биографиялық және автобиографиялық жанр.

- Жеке тұлғаға берілген *мінездеме*-талдама жасаудың түрі. Оқушы мінездемесі (мұғалімге, ата-ананың біріне берілген мінездеме, т.б.). Салыстырмалы мінездеме (екі оқушыны, ата-ананы, мұғалімдерді, т.б.).Топтық мінездеме (сыныпқа, үйірме мүшелеріне, т.б.). Жеке тұлғаға берілген мінездеменің стильдік тұрғыда жіктелуі. Әдебиеттегі педагогикалық тақырыптардағы авторлық мінездеме. *Сұхбат* - радио және теледидар жанры. Мұғаліммен, мектеп директорымен сұхбат, оқушы ата-анасымен, мектепке (сыныпқа) шақырылған соғыс, еңбек ардагерімен, жазушылармен сұхбат, т.б. Коммуникативтік қойылымға және сөйлеу жағдаятына байланысты сұрақтарды екшей, жүйелей білу. Әңгімелесу және сұхбат жүргізуге даярлығы мен импровизациясы.

- Педагогикалық тақырыптағы *баяндама*. Реферативтік бағыттағы (әдебиеттерге шолу) баяндама. Баяндама - жұмыс тәжірибесін (өзіңіздің не жинақтаған материалдарыңыз бойынша) жинақтау үлгісі. Шаршы топ алды ауызша сөйлеу формасы ретінде баяндама ерекшеліктері. Баяндаманы даярлау. Тыңдаушылармен байланыс орнату құралдары. Назар аударту құралдары, танымал болу (танымалдылық) құралдары. Баяндамада сандық материалдар мен дәйексөздер келтіру. Баяндамадағы негізгі ырғақтылық, логикалық екпін, кідірістер. Себеп-салдарлық-бағалаушылық және мақсаттық қарым-қатынасты аңғарту құралдары. Ғылыми болжам мен зерттеу, хабарлау міндеттерін аңғарту құралдары. Баяндамадағы негізгі және қыстырма құрылымдардың қолданылуы.

- Ата-аналарға, мөлтек аудан тұрғындарына арналған *дәріс*, т.б. Монолог-дәріс, диалог-дәріс. Тыңдаушылармен байланыс орнату. Дәріс ырғағы. Дәріске дайындалу. Танымалдылық амалдарын қолдану. Дәрісті тілдік тұрғыдан өңдей әзірлеудің ерекшеліктері. Іскерлік хабарламаның және талдаманың түрлері ретінде үйірме, әдістемелік бірлестік жұмыстары (ауызша, жазбаша) бойынша есеп.

- Газет жанры ретінде мұғалім туралы *очерк*. Педагогикалық қарым-қатынастағы *хат*. Ата-аналар хаты, оқушылармен (сыныппен) хат алмасу. Газетке хат жолдау. Ауызша хат (радиоға жолданған, мектеп радиогазеті арқылы берілген хаттар). Әдебиеттегі педагогикалық тақырыптағы хат. Эпистолярлық жанр. Байланыс орнату құралдары. Жеке хат жазысудағы әңгіме стилі. Автор хатының жинақтылығы.

- *Күнделік*, оның түрлері. Кәсіби бағытқа икемделген жеке педагогикалық күнделік. Еркін үлгідегі жазбалар. Әдебиеттегі педагогикалық тақырыптағы күнделік жазбалары. *Мектеп қабырға газеті* (электронды газет). Балалар газетінің ерекшеліктері. Балаларға арналған БАҚ материалдарының жанрлық түрлері. Мектеп үнқазының (жаршысының) жұмысын ұйымдастыру негіздері.

Демек, «Педагогикалық шешендіктану» курсы мұғалімді кәсіби қарым- қатынасқа үйрету сынды нақты практикалық бағытқа ие. Жоғарғы ретте тарата айтылған бағдарлама нұсқасында аталмыш курстың мазмұны (*нақтылы білім мен риторикалық ұғымдар қалыптастырылатын коммуникативті-риторикалық білік; риторикалық идеялар*) айқындалған. Бағдарлама интегративті қалыпқа ие. Бұнда курстың жалпы идеясына сай, яғни, мақсатты бағытта тиімді кәсіби қарым-қатынасқа үйретуге бағытталған түрлі тілтану (сөйлеуге баулу) пәндерінің (сөйлеу мәдениеті, шешендіктану (риторика), прагмалингвистика, т.б.) материалдары қамтылған. Сол

себеппен де бүгінгі зерттеу жұмыстарымызда қарым-қатынастың ерекшеліктеріне баса акцент беріледі. Нәтижеде педагогикалық шешендіктанудың қалыптасу ерекшеліктері, оның негізгі категориялары айқындалып, педагог дауысының өзіндік ерекшелігі, педагогикалық жестілер, мұғалімнің сөйлеу мәнері, тыңдау мәдениеті, оқу мәдениеті, мұғалімнің сөйлеу стилінің интонациялық белгілері (*мұғалім сөзіндегі интонациялық стиль*) таразыланып, сөйлеу мәдениетіндегі педагогикалық интонациялық стильдер жүйесі жіті зерделенуде. Сондай-ақ, мұғалімнің коммуникативтік әрекетінде маңызды орын алатын педагогикалық сөйлеу жанрлары саралана зерттелуі тиіс. *Мәселен, ақпараттық оқу диалогы, түсіндіру түріндегі монолог, түсіндіру мақсатындағы диалог, педагогикалық күнделік түзу, мұғалімнің әрекетін бағалау-таразылау бағытындағы сөзі, т.б. Бұған қоса мұғалім сөзіндегі жиі қолданылатын жанрлар, мәселен, ауызша әңгіме, салыстырмалы талдамалар, ата-аналарға арналған дәріс, педагогикалық тақырыптардағы пікіралмасулар т.б.*

Заман талабына орай жұмыс берушілердің, аңғарымпаз үздік оқытушылардың ұсыныстарына сәйкес жекелеген факультеттердегі оқу жоспарларының жетілдірілуі, бакалавриаттың ерекшеліктеріне орай қосымша жаңа мамандықтардың (маманданулардың) ашылуы жалпы шешендіктану, сондай-ақ, жеке шешендіктану курстарының, мәселен, журналист шешендігі, іскерлік қатынастағы шешендік, әлеуметтану, экономика, құқықтану мамандықтарына арналған арнайы шешендіктану курстарын енгізуді, олардың бағдарламалар жүйесін талдап әзірлеуді күн тәртібіне шығаруда.

Студенттерді оқытудағы эксперименттік-зерттеу тәжірибиелері педагогикалық шешендіктану курсы жүргізуде инновациялық сабақтар фрагменттерінің, бейнефильмдердің, телесұхбат, телехабарлардың, шеберлік кластарының, тақырыптық дөңгелек үстелдердің бейнежазбаларының ерекше орын аларын байқатады. Осы реттегі оқу құралдары ғана қарым-қатынас үрдісінің дәл өзін, мұғалім мен оқушы арасындағы сөйлеу- сөйлесу әрекетін жан-жақты талдау нысаны тұрғысында қарастыруға толық мүмкіндік береді. Демек, жоғары оқу орындарында және орта мектептерде шешендіктануды оқыту арнайы видеотека құруды және бейнеәдістемелік талдамаларды жүйелі жүргізуді қажет етеді [15; 16; 17].

Қысқасы, бүгінгі негізгі міндеттерінің бірі - *«педагогикалық шешендіктану» («педагогикалық риторика»)* атауын аталған кәсіби бағыттағы оқу пәнін оқытудың ғылыми - әдістемелік жүйесін теориялық тұрғыда негіздей, эксперименттік тұрғыда саралай түсу. Бұл орайдағы басты концептуальды қағидалы ұстаным мұғалім мамандығының коммуникативті салаға бірден-бір қатыстылығына сәйкесті педагогикалық жоғары оқу орнының әрбір түлегінің еркін сөйлей білуіне, қарым-қатынас мәдениетінің білік-дағдыларын меңгеруіне, аудиториямен байланыс орната алуына (белгілі бір деңгейде аудиторияға әсер етуі) негізделеді. Педагогикалық шешендіктану оқу-тәрбие үрдісінде туындайтын сан түрлі коммуникативті міндеттерді шешуге даяр болу қабілеттерін қалыптастыруға қатысты мұғалімнің кәсіби коммуникативтік құзіреттілігінің негізін қалауы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қыдыршаев А.С., Әжіғалиев М.Қ. Педагогикалық шешендіктану. Бағдарлама. – Орал, 2007. – 24 бет.
2. Әжіғалиев М.Қ. Жоғары оқу орындарында «Педагогикалық шешендіктану» курсы оқытудың әдістемелік жүйесі. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғыл. дәреж. алу үшін дайындал. дисс... авторефераты. Көкшетау, 2010. – 29 бет.
3. Педагогикалық риторика. Типтік оқу бағдарламасы. Құрастырушылар: Ж.Қ.Балтабаева, Қ.Ө. Есенова, А.С.Қыдыршаев. Алматы, 2016. – 14 бет.
4. Леонтьев А. А. Педагогическое общение. - М.,1996.

5. Педагогическое речеведение: словарь - справочник / Под ред. Т.А.Ладыженской. - М., 1993.
6. Битянова Н.Р. Риторика и техника преподавания учителя. - М.,1994.
7. Ершова А.П., Букато В.М. Режиссура урока, общения и поведения учителя. - М.Воронеж, 1995.
8. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. - М.,1987.
9. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. - Орал, 2004. - 156 бет.
10. Қыдыршаев А. С. Шешен - лектор профессиограммасы. - Орал, 2004. – 56 бет.
11. Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы. - Орал 2005. – 142 бет.
12. Қыдыршаев А.С. Қазіргі мектеп мұғалімі және шешендіктану ілімі// «Орал өңірі» газеті, 2006, 5 қыркүйек, - 2 бет.
13. Қыдыршаев А.С., Төлегенова Д.Қ. Іскерлік шешендіктану қағидалары. Оқу құралы. - Орал, 2007. – 68 бет.
14. Қыдыршаев А.С. Кестелі шешендіктану. - Орал, 2007. – 88 бет.
- 15.Аверьянов А.И., Рассказова А.Л., Чижова К.И. Психолого-педагогические аспекты деятельности современного педагога. Методические рекомендации для студентов МГПИ. 2010.
16. Морева Н. А. Основы педагогического мастерства : Учеб. пособие для вузов - Просвещение, 2006.
17. Дейл Карнеги. Как влиять на людей и выработать уверенность в себе, выступая публично. - Москва: Издательство АСЕ, 2022.

ӘОЖ 82:316.3

КӘСІБИЛІК НЕГІЗІ ПЕДАГОГТЫҢ ШЕШЕНДІК ШЕБЕРЛІГІНДЕ

А.С.Қыдыршаев,

*Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, педагогика
ғылымдарының докторы, профессор*

Қ.Р.Қажымова,

Педагогика және психология мамандығы бойынша Философия докторы (PhD)

Г.С.Бақытбаева,

*Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
Қоғамдық даму департаментінің ғылыми қызметкері*

Адамның хайуанаттан артықшылығы – тілі. Ал оны орынды қолдана алмаған адам хайуаннан бетер. Әдептің басы да байқап сөйлеуден бастау алмақ. «Адам мәдениетінің алғышарты - дұрыс сөйлей білу. Дұрыс сөйлей білмеген адам күлдірем деп күйдіреді, сүйіндіремін деп сүріндіреді, білдірем деп бүлдіреді, қуантам деп қуратады, келтірем деп кетіреді, емірентем деп езілтеді, жұбатам деп жылатады. Сөйтіп, тілін білмеген түбін білмейді», - деп жазды Ғ.Мүсірепов. Демек, зиялы адамның татымсыз, нашар сөйлегені - сауатсыз адамның оқи, жаза алмауымен бірдей. Бұл адамзат тірлігі де шешендіктен ажырағысыз дегенді аңғартса керек-ті.

Елімізде әлемнің бәсекеге мейілінше қабілетті әрі серпінді дамып келе жатқан мемлекеттердің қатарына қарай қадам басуы жолындағы негізгі басымдықтардың сапында қайта даярлауды ұдайы арттыруға баса мән берілуі тегін емес. Асылы, білім беру реформасы - Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі. Бұған жалғас айтсақ, қазіргі уақыт үздіксіз білім алудың қажеттігін айқындайды. Ал білім берудің, маман мұғалім кадрлардың біліктілігін арттырудың жолдары қандай? Біздіңше, бұл мәселенің шешімін

таптырар бір қыры - қазіргі мектеп мұғалімінің педагогикалық шешендіктану ілімінен терең білімінің, білік-дағдысының болуы [1; 2].

Қазіргі мектеп мұғалімінің шешендіктануға (риторика) сұранысы да мол. Бұның себебі де сан алуан. Біріншіден, шешендіктану ілімі мұғалімге өз сөзін дәл де нақты, логикалық тұрғыда иланымды айтуға мүмкіндік береді. Ал оқушылар тарапынан пікірлестер табуға, сабақтарды шығармашылық тұрғыда үйлестіре, дәстүрлі сабақтардағыдай емес, қызғылықты да тартымды өткізуге, ұсынылар ақпараттарды бұрынғыдан бірнеше есе мол беруге септеседі. Екіншіден, шешендіктану мұғалімге өзара пікірлесу, сөйлесу мүмкін еместей көрінетін ең ауыр сыныптармен қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ мұғалім не оқушы тарапынан өзара тіл табысуға еш құлқы, ұмтылысы, мүмкіндігі жоқтай, тіпті қабілет-қарымы таяздау көрінетін алынбас қамал іспетті орталарда монологтық сөз сөйлеуге мүмкіндік туғызады. Үшіншіден, кез келген педагогикалық тұрғыда әсер етудің сәттілігі мұғалімнің сөз сөйлеу үстінде өзін-өзі танытуы арқылы көрінбек. Мұғалім сөйлеген сөзі арқылы оқытады, тәрбиелейді, өзіндік көзқарасына иландыра жұмылдырады, пікіралмасады, оқушылардың санасында мейілінше тереңірек сыналап ене түсер әсері жоғары образдарды тудырады. Бұл ретте шешендіктану - көркемдік тұрғыда әсер ету амалдарының жүйесіне орай айтсақ, жоғары эстетикалық тұрғыдағы әсер арқылы ауызша сөйлеу туралы ғылым. Егер де мұғалім өз ойын жай айтып қана қоя салуға ұмтылмай, пікірлесуші оқушысына белгілі бір межелі әсерді (реакция) дарыту, алғы ортақ іске жұмылдыруға ұмтылдыру бағытын ұстанатын болса, онда мұғалімнің алғашқы сөзінен бастап осындай ұшқынды көруге тиіспіз. Яғни, осы іспетті межеленген алғы мақсатқа нақты қол жеткізу үшін, сөйленер сөзді тура мағынасында жоспарлы түрде алдын-ала даярлау керек. Тап осы тұста шешендіктану қағидалары көмекке келіп, сөйленер сөзді лайықты тұрғыда әзірлеуге септеседі. Демек, мұғалім болу - өнер. Бұл орайда оқушыға түсінікті болу үшін қабылдау психологиясын білу маңызды. Тіпті, қабылдау жөніндегі ғылымды - герменевтиканы шешендіктанудың бір қыры десек те болғандай. Себебі қабылдау адам санасының тұңғығында өріліп отыратын, бақылау сәтінде есепке алуға қиынырақ соғатын жеке тұлғалық даму өмірлік тәжірибесіне, сондай-ақ оның көңіл-күйі мен психологиялық қалпына байланысты. Ал оқытудың, мұғалім мен оқушының диалогын ұйымдастыруды өнер, шығармашылық іс тұрғысында түйіндесек, мұндай іс- әрекет ойсыз болмақ емес. Ойлау жоқ жерде нағыз шығармашылық та жоқ. Төртіншіден, шешендіктану оқу үрдісі сәтінде туындап отыратын сандаған сауалдарға («Неге?» «Неліктен?» «Не себепті?») жауап береді. Мәселен, жан-жақты білімді, өз ісін жан-тәнімен сүйетін мұғалім неге көпшілік жағдайда оқушысына түсініксіз, яғни, шәкірттерімен тіл табыса алмай жатады? Ал оның өткізген сабақтары мереке іспетті болудың орнына неге шыдамдылыққа жасалған ауыр экспериментке ұқсас болып келеді? Әр түрлі аудиторияларда педагогтың айтқан сөзіне неге мүлдем қарсы реакция туындап жатады? Айтылған сөзге сәйкесті жоспарлы нақты істі қалай туындатуға болады? Мұғалімнің үнемі ойлағанындай болуы үшін не істеуіміз керек? Сабақ басында қатты толғаныста болған мұғалім оқушыларының қолдауына неге ие болмайды? Тіпті, кей жағдайда, оқушылардың мысқылдай, мазақтай қараған көзқарастарына кезігіп, ал кейде сабақ өткізуге кедергі келтіруге дейін неге барады? Мұғалім оқушыларға қызғылықты мәліметтерді ұсына отырып, неге аяқ астынан ара-тұра сыныпқа қарата жекуге мәжбүр? Бұндай жағдаят болмауы үшін не істеу керек? «Қанағаттанарлықсыз» баға алған оқушыны жұбатамын деп жүріп, мұғалім белгілі бір көздеген нәтижеге неге қол жеткізе алмайды? [2,17 - 46].

Сондай-ақ мұғалім алдынан сабақ үрдісіндегі жағдаят ерекшелігінен туындар сауалдар да («Қалай?») шығып отырады. Мәселен, сынаптағы қай оқушымен көбірек пікір қайшылығы туындап қалудың ыңғайы барын қалай анықтауға болады? Оқушылардың арасындағы сынып көңіл-күйін бұзып отыруға, ортақ мәселеден басқа жаққа тартуға бейім тұратын, тілдік қарым- қатынас жасауға қиындық келтіретін, тіпті

мүмкіндік болғызбайтын оқушылармен қалай тіл табысуға болады? Кейде мұғалімнің өзі де байқамай қалатын тұстың бірі - қарапайым ғана фраза арқылы оқушыларды ойлантуға, айтылғанға құлақ қоюға, шығармашылықпен ой түйіндеуге ұмтылдыруы. Осы бағыттас фразалардың сыры неде? Ең керекті тіркестерді қалай іріктеп алуға болады? Оқушыларға бірден-бір тиімдірек әсер ететін сөздерді іріктеудің жолын қалай білуге болады? Құр дидактикалық ақыл айту мен ескерту жасаудан қалай құтылуға болады? Әр түрлі сынып ерекшелігіне сәйкесті қажетті тетікті қалай іріктеуге, оның «кілтін» қалай табуға болар еді? Оқушыны күлкілі нәрсеге күлуге, қызықты тұсқа қуануға, бұлжымас қағидаларды орнымен қабылдауға қалай ыңғайлауға болады? Мұғалімнің сөзі оқушылар үшін ғана айтылып жатқанына әрбіреуінің көзін қалай жеткіземіз? «Ең қысқа сөз - мағыналы көзқарас» дегендей, бір ауыз сөз шығармай-ақ шулы сыныпты тәртіпке қалай шақыруға болады? Өзінің және шәкірттерінің дидактикалық ақаулықтарын қалай өңдеуге болады? Қойылған бағаға келіспейтін әрі мұғалімді сабақтың негізгі мәселесінен ауытқытып әкетуге тырысушы, мейілінше өзіміз оқушымен пікірталастыруда қалай жеңіске жетуге не оның көзін жеткізе басым түсуге болар еді? Оқушының бұрын қажет емес деп білгісі де келмеген мәселесіне оның ынтызарын қалай оятуға, сұранысын қалай туғызуға болады?

Кейде мейілінше тез ойланып, орынды айтылған бір ауыз сөздің белгілі бір күрделі жағдаяттан шығуға септесер сәтіне тап боларымыз аян. Ал үздіксіз даму үстіндегі, сәйкесінше толқымалы қалыптағы оқушылар құрбылары алдындағы социометрикалық статусын көтеру үшін мұғалімдерімен сөзге келіп қалу, тілдік қағысуларға баруға бірден-бір ыңғайлы болып келеді. Осы жағдайда риторикалық амал-тәсілдер мен заңдылықтарды жан-жақты білген мұғалім көзі ештеңені көрместей, құлағы ештеңені естіместей, сөз ұқпастай ыңғайдағы еш нәрсемен келіспестей оппоненттері тарапынан өзін қолдайтын нағыз пікірлестерді көре алады. Ал кімде-кім шешендіктану ілімі туралы білімі болмаса, оның заңдылықтарынан, қағидаларынан бейхабар болса, онда мұғалімге үнемі «оқушылар тарапынан жоспарланған шабуыл қашан болуы мүмкін?» «жалпы бұндай болуы мүмкін бе?» деген іспетті сауалдарға ойлануға тура келеді. Сабақ үдерісіндегі бұндай сауалдардың мұғалім ойына келуі бір жағынан қате де. Сондай-ақ осы бағыттас ойлар сабақ барысының қалыпты өтуін қиындатып, мұғалім мен оқушы арасындағы толыққанды дәрежедегі қарым-қатынастың орнауына кедергі келтіреді. Тіпті мұндай жағдаятта шығармашылық тұрғыдағы қарым-қатынас туралы ойлау да мүмкін емес.

Бүгінгі дидактикалық шешендіктану риторикалық ойлау кезеңімен бір тұтастықта пайда болған. Сократ, Платон, Аристотельдердің өздері оқыту үдерісін диалог тұрғысында, тіпті жиірек талас тұрғысында жүргізген. Онда өзара пікірталасу үдерісінің бірден-бір белгісін қамтыды, сондай-ақ бұл бір мезгілде әрбір дидактикалық нақтылы өзіндік көзқарасының танылуына бағытталады. Орта ғасырлық академиялық шешендік - шешендіктанудың осы кезеңдегі маңызды аспектісі. Ал риториканың өзі сол кезеңдегі барлық университеттерде оқылатын бірден-бір ғылыми пән болды. Оның басты өзегі - адамның өзін сөзі арқылы танытуы. Сәйкесінше орта ғасырлық ғалымдар да адамның осы тұрғыда өзіндік дамуының қалыптасуына, өзін-өзі танытуға баулыды.

Антикалық дәуірде-ақ риториканың өзі бірегей «философия» ретінде танылды, ал орта ғасырлық дәуірде бұл зат атаулының мәні ғана емес, сөз мәнін ұғушы адамның қоршаған әлемді бейнелеуі болып танылады. «Сөз мағынасының тұңғығына терең бойлай білмейсіз, сонда сіз мына жарық дүниені адасудан жартылай құтқарасыз», - деп сипаттайды Р.Декарт. Демек, дидактикалық шешендіктанудың дамуының әр түрлі кезеңдерінде сөз мағынасын анықтауға және оның ойды білдіруге әрі жүзеге асыруға ешбір кедергі болмауы, қайта, керісінше, оның дәл жеткізілуіне, ұсынылуына бірден-бір себепкер болуына баса мән беріледі. Сөз - қоршаған әлемге қаратылған терезе, қоршаған ортаға бізді танытушы. Бірақ бұл терезенің бізге таныс әрі жақын не

бейтаныс та сырт кеңістікті бөле-жара танытуға жасар қызметін ескермей жатамыз. Демек, шешендіктану - оқушылармен арадағы өзара түсіністіктің жоқтығына жиірек өкініш білдіретін мұғалімдерге бірден- бір аса қажетті өз ойын мейілінше түсінікті білдіру мен оны мейілінше дәл түсіну мүмкіндігі. Ал мұның себеп-салдары қос коммуникантқа да, олардың қолданар сөздеріне де, дәлірек айтсақ, сөздердің орналасу ретінде, әрқайсысының қилы сөздеріне байланысты қалыптасқан ассоциациясының жекелік жүйесіне де тірелуі мүмкін. Мәселен, бізге мәлімі жекелеген сөз атаулының адам көңіл-күйіне, қалпына белгілі бір деңгейде әсер ететіндігі. Ал қазіргі мектеп мұғалімі үшін мұның мәні әлдеқайда тереңірек, себебі ол әрдайым оқушымен өзара түсінісуге, жағдаятты тиімді қабылдауға ұмтылары даусыз. Сондай-ақ, тілдік қарым-қатынасқа қатысушыларды айырып көрсетерліктей, сөз айқындылығы, мағыналық анықтығы мезетте-ақ құбылып отыруы әбден заңды. Олар бір қарағанда бір-біріне түсінікті де қарапайым көрінетін ортақ мәселе туралы айтып отырғанмен, олардың әрқайсысы «өзіндік тілмен» көрініс бермек. Қысқасы, мұғалім сөзі - оқыту мен тәрбиелеу құралы. Демек, мұғалімге сөз ойын сапырылыстырып айту үшін емес, шәкіртінің ойына қозғау салу үшін беріледі. Ал педагогикалық әңгіме өткізуге төселу үшін тіпті дарынды адамның өзіне де көп көмек керек. Олай болса, «Педагогикалық шешендіктану» ілімі келешек жоғары оқу орнын бітірушілерге сөйлеу өнері жөнінде білім қорын берумен бірге сөз сөйлеу білік-дағдыларын жинақтауға септеседі. Ғылымның басты мақсаты - кәсіби коммуникативтік компетенцияны мейілінше молырақ меңгерген, коммуникативтік қатынас жағынан аса сауатты мұғалім даярлауға алғы шарт жасау.

«Педагогикалық шешендіктану» курсы айқын түрде екшелген кәсіби-практикалық бағытқа ие. Негізгі жұмыс формасы практикалық және зертханалық сабақтардан құралады. Лекция саны факультеттердің оқу жоспарларының өзіндік ерекшеліктері мен оқытудың арнайы міндеттеріне сәйкес айқындалады. Семестр бойында ең кемі екі бақылау жұмысын жүргізу қарастырылады. Курс мақсаты - студенттерге оқытудың, тәрбиелеудің және оқушыларды дамытудың маңызды амалы ретінде, педагогтің кәсіби іс- әрекетіндегі маңызды құралы ретінде сөйлей білуге көмектесу. Курс міндеттері - студенттердің тілдік қатынас туралы, олардың түрлері, сөйлеу сапалығы (мәселен, сөз дұрыстығы, тазалығы, дәлдігі, дәлелдігі, байлығы, логикалығы, коммуникативтік жағынан сәйкестілігі), қазақ әдеби тілінің нормалары туралы білім көздерімен таныстыру; әдеби тілдің нормаларынан орынсыз ауытқуларды (бұл арада әдеби тілдік норманы бұзушылық туралы) тез аңғару дағдыларын қалыптастыру; өзіндік сөйлеген сөзіне талдау жасай білуге үйрету; сөз сөйлеу сәтіндегі кемшіліктерден құтыла білу дағдысын қалыптастыру; болашақ мұғалімдерді педагогикалық қарым-қатынас мейілінше тиімді болу үшін өзіндік дауысқа (дауыс тонына), сөйлеу аппаратына ие болуға үйрету; кәсіби тұрғыда аса мәнді сөз сөйлеу шығармашылығын туындатуға әзірлеу. Курс құрылымындағы кіріспеде қарым-қатынас тегі, сөйлеу әрекеті, қарым-қатынас түрлері, сөз сапасы, қазіргі қазақ әдеби тілінің нормалары сияқты аталмыш курс негіздерін құрайтын бөліктерімен таныстырылады. Курс бағдарламасының алғашқы бөлімінде болашақ мұғалімнің дауыс тонының қалыптасуы, оның сөз сөйлеу техникасын жетілдіру жұмыстары қарастырылады. Эмоционалды тұрғыда мәнерлі кейіпте интонациялық жағынан құбылта да құлпырта, толқыта айтылған сөз оқушылардың оқып жатқан пәнге (тақырыпқа) қызығушылығын арттырады, айтылған материалды ұғыныңқы қабылдауға және есте жақсы сақтауға септеседі, мұғалімге оқушымен мейілінше тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Бағдарламаның екінші бөлімінде студенттер мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде (лекция, баяндама, есеп, пікіралмасу, жиналыстағы сөйленер сөз, өмірбаян, мінездеме, күнделік жүргізу, т.б.) қолданатын мәтін белгілерімен, оның құрылымдық ерекшеліктерімен, негізгі сөз сөйлеу жанрларымен таныстырылады. Студенттердің бағдарламада көрсетілген сөз сөйлеу жанрларына сәйкесті мәтін құра білу білік, дағдыларының

қалыптасуына баса мән беріледі. «Педагогикалық шешендіктану» курсының бағдарламасы бойынша жұмыс қазіргі жаңа техникалық құралдармен (спектроанализатор, интонограф, шумомер, т.б.) жабдықталған лингофон кабинетіндегі зертханалық сабақтар жүйесін жүзеге асыруды, вокальды жаттығуларды қолдануды, сондай-ақ мұғалімнің педагогикалық практика барысында сөйлеген сөзін үздіксіз мақсатты бақылауды қарастырады. Аталмыш бағдарлама негізінде мәселенің әр түрлі бөліктерінің элементтерін біріктіретін сабақтарды ұйымдастырудың түрлі нұсқалары не жекелеген сөйлеу жанрларына қатысты шығармашылық жұмыстар жүргізілуі мүмкін [6;12;13;14].

Курс кіріспесінде тілге тиек болар мәселелер бір алуан. Мәселен, шешендіктану және сөйлеу мәдениетінің ерекше пән екендігі, педагогикалық жоғары оқу орнында оны меңгерудің міндеттері. Жеке тұлғаның рухани әлемін қалыптастыруда, оның әлеуметтік белсенділігін арттырудағы сөздің мәнділігі. Тіл, сөйлеу (сөз), тілдік қатынас. Тілдік қатынастың негізгі функциялары. Сөйлеу әрекетінің құрылымы. Сөйлеу әрекеті және тілдік қатынас. Мұғалім сөзі - оқыту мен тәрбиелеу құралы. Ауызша және жазбаша сөйлеу формалары, олардың ерекшеліктері. Монолог және диалог туралы түсінік. Мұғалім сөзінің монологтік және диалогтік түрі. Мұғалім іс-әрекетіндегі бейвербальды коммуникация (ым-ишарат); Оқу педагогикалық жағдаят туралы түсінік. Типтік оқу-педагогикалық жағдаяттар. Мұғалім сөзінің стильдік тұрғыда әрқилылығы; Норма туралы түсінік. Қазіргі қазақ әдеби тілінің басты нормаларының сипаттамасы. Мұғалім сөзінің дұрыстығы, тазалығы; Мұғалім сөзінің деректік және терминологиялық тұрғысынан дәлдігі. Мұғалім сөзінің логикалығы, мәнерлігі және орындылығы; Мұғалімнің сөз саптау мәдениеті. Сөйлеу этикасы. Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетіндегі сөйлеу этикасы; Сөйлеу мәдениеті туралы сөздік анықтағыштардың негізгі түрлеріне сипаттама.

Курс бағдарламасының негізгі бөлімінде келешек кәсіби маманға аса қажетті мәселелер қарастырылады. Мәселен, мұғалімнің дауысы, сөйлеу техникасы. Мұғалім дауысының кәсіби тұрғыда сапалылығына қойылар талаптар: жағымдылығы (ырғақтық тазалығы әрі анықтылығы); дыбыстау қарқындылығы және ырғақтылығы жағынан кең диапазонда болуы; икемділігі, табиғи құбылуы; ұшқырлығы (сөйлеуші тарапынан еш ышқыныссыз әсерлі естілуі); төзімділігі (жоғары дәрежеде дыбыстауға қабілеттілігі, шыдамдылығы); бейімделгіштігі (түрлі дыбыстық кедергілерге қарсы тұра білуі, тембрлік икемділігі); түрлі дыбыстық кедергілерге шыдамдылығы (акустикалық жағдайларға орай тембрден, әуезден жаңылмаушылық, дауыс жағымдылығын сақтай білу); толғанысты (толқушылықты) барынша жасыра білу (эмоцияны сездірмей сөйлей білу және айтылған сөздердің мағыналық құбылуына қарамастан адресат мінез-құлқына әсер ете білу қабілеттілігі). Сөйлеу әрекетінің негізгі қырлары. Сөйлеу әрекетіне қатысты органдар, олардың фонация сәтіндегі қызметі; сөйлеу сәтіндегі тыныс, резонаторлар туралы түсінік, дыбыс спектрі және дауыс тембрі, дыбыс күші және қарқындылығы; дауыс тонының негізгі теориялық қағидалары, есту қабілеті, дауыстың өзара әсері, сөйлеу органдарын икемдеу, ыңғайлау мәселесі, кері байланыс туралы түсінік, есту қабілетінің әр түрлілігі, дауыс тонын реттеу ережелері; мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде қолданылатын сөйлеу жанрлары, мәтін туралы, мәтіннің басты белгілері және оның құрылымы туралы түсінік; ауызша сөйлеу мәдениеті, шешендік сөз, оның ерекшеліктері, шешен сөйлеу (шаршы топ алдында сөйлеу) амалдары; сыни тұрғыда сөйлеу, құттықтау сөз, жиналыстарды, конкурстарды, сот мәжілістерін ұйымдастыру және жүргізу; ата-аналарға, жұртшылық алдында, белгілі бір шағын аудан тұрғындары алдында оқылар лекция, лекцияның мазмұны мен тілдік жағынан безендіру ерекшеліктері. Мәселен, заң тақырыбындағы лекциялар; шаршы топ алды ауызша сөз сөйлеу түрлері, баяндама ерекшеліктері, әдістемелік бірлестіктегі, педагогикалық кеңестегі, ата-аналар жиналыстарындағы баяндама, жұмыс тәжірибесі турасындағы салыстырмалы баяндама (тәжірибе алмасу үлгісі), рефераттық қалыптағы

баяндама (әдебиеттерге шолу); талас, ойталқы (диспут), пікіралмасу (дискуссия), полемика; пікірталасты ұйымдастыру және жүргізу, пікіралмасу бағытындағы сөйлеу; ауызша және жазбаша есеп беру (үйірме, әдістемелік бірлестік жұмысы туралы), оның ерекшеліктері; жазбаша сөйлеу мәдениеті, конспект, тезис, түйіндеме (резюме), олардың ерекшеліктері; аннотация, оның мәні, аннотация түрлері, жаңа педагогикалық әдебиеттердің, мамандыққа сәйкесті еңбектердің аннотациясы; мамандыққа сәйкесті және педагогикаға қатысты жарық көрген еңбектер бойынша жазбаша реферат әзірлеу, реферат ерекшеліктері, реферативтік журналдармен танысу; пікір және рецензия, оларға тән ортақ белгілер мен айырмашылықтар; биография және өмірбаян, автобиографиялық жанр және педагогикалық тақырыптағы әдебиеттер; сынып оқушысына мінездеме, клуб, үйірмеге сипаттама; мектеп қабырға газеті. Балалар газетінің, мектеп радиосы мен телехабарларының тілдік ерекшеліктері, бұқаралық ақпарат құралдары материалдарының жанрлық әрқилылығы, мектепшілік газетті әзірлеу жұмысы, т.б. [7; 8; 9].

Қоса айтарымыз, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасы 1934 жылы құрылған. Кафедраның негізгі міндеттерінің бірі - «педагогикалық шешендіктану» («педагогикалық риторика») атауын алған кәсіби бағыттағы оқу пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесін теориялық тұрғыда негіздеу, эксперименттік тұрғыда саралау. Кафедраның құрылуының басты концептуальды қағидалы ұстанымы мұғалім мамандығының коммуникативті салаға бірден-бір қатыстылығына сәйкесті педагогикалық жоғары оқу орнының әрбір түлегінің еркін сөйлей білуіне, қарым-қатынас мәдениетінің білім-дағдыларын меңгеруіне, аудиториямен байланыс орната алуына (белгілі бір деңгейде аудиторияға әсер етуі) негізделеді. Педагогикалық шешендіктану курсы оқу-тәрбие үрдісінде туындайтын сан түрлі коммуникативті міндеттерді шешуге даяр болу қабілеттерін қалыптастыруға қатысты мұғалімнің кәсіби коммуникативті құзіреттілігінің негізін қалауы тиіс.

Жоғарыда «Педагогикалық шешендіктану» курсы мұғалімді кәсіби қарым-қатынасқа үйрету сынды нақты практикалық бағытқа ие дедік. Типтік бағдарламада және оның түрлі нұсқаларында аталмыш курстың мазмұны (нақтылы білім мен риторикалық ұғымдар негізінде қалыптастырылатын коммуникативті-риторикалық білік; риторикалық идеялар) айқындалады. Бағдарламалар интегративті қалыпқа ие. Бұнда курстың жалпы идеясына сай, яғни, мақсатты бағытта тиімді кәсіби қарым-қатынасқа үйретуге бағытталған түрлі тілтану (сөйлеуге баулу) пәндерінің (сөйлеу мәдениеті, шешендіктану (риторика), прагмалингвистика, т.б.) материалдары қамтылған. Сол себептен де кафедра мүшелерінің, магистрлары мен магистрант-ізденушілерінің зерттеу жұмыстарында осы қарым-қатынастың ерекшеліктеріне баса акцент беріледі. Нәтижеде педагогикалық шешендіктанудың қалыптасу ерекшеліктері, оның негізгі категориялары айқындалып, педагог дауысының өзіндік ерекшелігі, педагогикалық жестілер, мұғалімнің сөйлеу мәнері, тыңдау мәдениеті, оқу мәдениеті, мұғалімнің сөйлеу стилінің интонациялық белгілері (мұғалім сөзіндегі интонациялық стиль) таразыланып, сөйлеу мәдениетіндегі педагогикалық интонациялық стильдер жүйесі жіті зерделенуде. Сондай-ақ, мұғалімнің коммуникативтік әрекетінде маңызды орын алатын педагогикалық сөйлеу жанрлары саралана зерттелуде. Мәселен, ақпараттық оқу диалогы, түсіндіру түріндегі монолог, түсіндіру мақсатындағы диалог, педагогикалық күнделік түзу, мұғалімнің оқушы әрекетін бағалау-таразылау бағытындағы сөзі, т.б. [10, 47 - 57].

Заман талабына орай жұмыс берушілердің, аңғарымпаз үздік оқытушылардың ұсыныстарына сәйкес жекелеген факультеттердегі оқу жоспарларының жетілдірілуі, бакалавриаттың ерекшеліктеріне орай қосымша жаңа мамандықтардың (маманданулардың) ашылуы жалпы шешендіктану, сондай-ақ, жеке шешендіктану курстарының, мәселен, журналист шешендігі, құқықтану мамандықтарына арналған

арнайы шешендіктану курстарын енгізуді, олардың бағдарламалар жүйесін талдап әзірлеуді күн тәртібіне шығаруда.

Кафедрадағы осы бағыттағы қолға алынған сан алуан жұмыстардың нақтылы нәтижелері де салмақты. Мәселен, «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдері бойынша) тақырыбында докторлық диссертация (А.С.Қыдыршаев) қорғалды. Сондай-ақ, «Қазақ мектебінің VII сыныбында шешендік өнерді оқыту әдістемесі» (Ә.С.Мұқанбетқалиев), «Жоғары оқу орындарында «Педагогикалық шешендіктану» курсының оқытудың әдістемелік жүйесі» (М.Қ.Әжіғалиев) тақырыптарында кандидаттық диссертациялар қорғалды. Бұған қоса 40 (қырық) (М.Қ.Қаракенов, И.С.Сұлтанязова, А.Ж.Аралбаева, З.Т.Мұхамедиярова, З.Т.Тәжіғалиева, Г.Г.Тұрғаналиева, А.Қ.Әбуғалиева, С.Ж.Құбаева, т.б.) магистрлік диссертация қорғалды. «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» (2000), «Шешендік өнер», «Шешендіктану» (2004), «Шешен-лектор профессиограммасы» (2005), «Шешендік тағылымы» (2006), «Іскерлік шешендіктану», «Педагог мамандардың шешендік шеберлігін жетілдіру талаптары» (2007), «Педагогикалық шешендіктану», «Кестелі шешендіктану», «Тілдік қатынас мәдениеті» (2008), «Шешендіктану: теориясы мен практикасы» (2012), «Шешендіктану» (екінші басылымы) (2014), «Шешен сөйлей білеміз бе?» (2017), «Шешен сөйлеймін десеңіз» (2023) т.б. монография, оқу құралы, бағдарламалар жарық көрді. Бүгінгі таңда шешендік өнерге қатысты сан алуан тақырыптарында магистрлік диссертация, дипломдық, курстық жұмыстар әзірленуде.

Студенттерді оқытудағы эксперименттік-зерттеу тәжірибелері педагогикалық шешендіктану курсының жүргізуде инновациялық сабақтар фрагменттерінің, кинофильмдердің, телесұхбат, телехабарлардың, шеберлік сағаттарының, тақырыптық дөңгелек үстелдердің бейнежазбаларының ерекше орын аларын байқатады. Осы реттегі оқу құралдары ғана қарым-қатынас үрдісінің дәл өзін, мұғалім мен оқушы арасындағы сөйлеу-сөйлесу әрекетін жан-жақты талдау нысаны тұрғысында қарастыруға толық мүмкіндік береді. Демек, жоғары оқу орындарында және орта мектептерде шешендіктануды оқыту арнайы видеотека құруды және бейнеәдістемелік талдамаларды жүйелі жүргізуді қажет етеді [11].

Кафедрада мектеп шешендіктануының (мектепте шешендік өнерді оқытудың) өзекті мәселелері де талдау нысанына ілігуде. Бүгінгі таңда бұл салада бағдарламалар жобалары (I-XI сынып) әзірленіп, I-III, V-IX, X-XI сыныптарға арналған шешендіктану оқулықтарының нұсқалары даярлануда. Сондай-ақ, М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың қазақ филологиясы кафедрасы еліміздің жоғары оқу орындары мен мектептеріндегі шешендіктану оқытушылары үшін конференциялар мен семинарлар ұйымдастырып, мектеп мұғалімдері үшін арнайы курстарды жүйелі өткізуде. Мәселен, «Қазіргі қоғамдағы және білім беру саласындағы шешендіктанудың өзекті мәселелері» («Актуальные проблемы риторики в современном обществе и в сфере образования») тақырыбында республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізіліп, онда «Қазіргі қоғамдағы шешендіктану: тарихы, философиясы және практикалық қажеттілігі», «Жоғары оқу орындарындағы шешендіктану: педагогикасы, психологиясы және әдістемесі», «Қазақ мектебіндегі шешендіктану: теориясы, оқыту технологиясы және тәжірибелік мәні» атты секциялар жұмыс жасады. «Кәсіби іскер маманның ауызша сөйлеу арқылы әсер ету моделі», «Шешендік - педагог көркі», «Шешендіктану сабағының фрагменттері» тақырыбында шеберлік сағаттары ұсынылды. Бүгінгі таңда кафедра жанынан магистратура ашылып, табысты жұмыс жасауда. Ал мұның бәрі профессор А.С.Қыдыршаевтың коммуникативтік-риторикалық ізденістерін кеңейтуге, дамытуға толық мүмкіндік береді. Ал ұсынылып отырған мақаламызда ғалым мектебінің осы бағыттағы кейбір тұжырым- түйіндері берілген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қыдыршаев А.С., Әжіғалиев М.Қ. «Педагогикалық шешендіктану» курсының бағдарламасы. Орал, 2007. - 24 б.
2. Әжіғалиев М.Қ. Жоғары оқу орындарында «Педагогикалық шешендіктану» курсының оқытудың әдістемелік жүйесі. Педагогика ғыл.канд. ...дисс. авторефераты. Көкшетау, 2010. - 24 б.
3. Михальская А.К. Теоретические основы педагогической риторики. - М., 1993. - 99 с.
4. Мурашов А.А. Педагогическая риторика. - М., 2001. - 480 с.
5. Ассуирова Л.В., Десяева, Зиновьева Т.И. и др. Педагогическая риторика. - М., 2013. - 256 с.
6. Педагогикалық риторика. ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген және енгізілген типтік оқу бағдарламасы. Құрастырғандар: Ж.Қ.Балтабаева, Қ.Ө.Есенова, А.С.Қыдыршаев. Алматы, 2016. - 13 б.
7. Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Алматы, 2000. - 270 б.
8. Қыдыршаев А.С. Шешен-лектор профессиограммасы. Орал, 2004. - 56 б.
9. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Орал, 2014. - 304 б.
10. Шешендік өнер. Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті (педагогикалық шешендіктану): Бағдарламалар жинағы. Орал, 2015. - 60 б.
11. Қыдыршаев А.С. Кәсіптік білім беруді жетілдірудегі риторикалық технология заңдылықтарының сақталу жүйесі // «Жаңа кәсіптік білім берудің өзекті мәселелері» атты IV дәстүрлі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Түркістан, 2016. - 26-32-б. б.
12. Пинкер Стивен. Тіл – инстинкт. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. – 386 б.
13. Пер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл. – 320 б.
14. Бове Куртланд, Тилл Джон. Қазіргі бизнес-коммуникация. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 736 б.

ӘОЖ 82:316.3

РИТОР-ПЕДАГОГ СӨЗІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ТЕЗИСТІҢ ЖҮЙЕЛЕНУІ

А.С.Қыдыршаев,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, п. г. д., профессор
kdirshaev_abat@mail.ru

Ұ Мақалада жоғары оқу орны ритор-педагогының сөйлер сөзіндегі негізгі тезистің жүйелену аспектілері екіше түйінделеді. Нәтижеде шешендік сөз композициясының құрылымдық элементтері таратылып ұсынылады. Автор мақалада тезисті айтылар басты идеяның сөзбен бейнеленуі, тезистің жүйеленуін күрделі психологиялық-лингвистикалық міндет тұрғысында айқындайды. Сондай-ақ, талдау барысында сөйленер сөздің жоспары, композициясы сияқты ұғымдарына нақтылы акцент беріле талдау жасалады.

Мақала тұжырымында шешендік сөз композициясының құрылымдық элементтерінің жұмсалыуына «қабылдауға әзірлеу», «мәселені қоя білу», «жоспарды іске асыру», «нысанды ұстану», «шындыққа иландыру», «нұсқау беру», «ойды түйіндеу», «қорытынды жасау», «көпшілікті жұмылдыру» арналарын қосады. Ал

мақсатты іс-әрекет бөлігінде «зейінді аудару», «өзектілігін көрсету», «мақсатты түсінуге мүмкіндік беру», «тірек ұғымды ашу», «шешім ұсыну», «әсерді еселей түсу», «қорытындыға келу», «міндеттер қою», «іс-әрекетке шақыру» ұғымдары таратылады.

Кілтті сөздер: тезистің жүйеленуі, шешендік сөз композициясы, сөйленер сөздегі басты ой ұшығы.

Ü В статье раскрываются аспекты систематизации основных тезисов выступлений лектора - преподавателя вуза. В результате чего вычленяются структурные элементы композиций речи автора. В статье автор определяет словесное изображение главной идеи тезиса и его систематизацию на сложном психолого-лингвистическом уровне. Кроме того, акцентируется внимание на анализе таких понятий, как план и композиция речи.

В своей основе статья определяет использование в композиции красноречия дополнительных структурных элементов, таких понятий, как «подготовка к восприятию», «умение ставить цель», «осуществление плана», «придерживание объекта», «правдивость», «инструкция», «подведение итогов», «умение делать выводы», «организовывать массы людей».

А цели осуществляются через понятия «привлечение внимания», «указание на актуальность», «возможность понимания цели», «раскрытие основного понятия», «предложение решения», «увеличение действенности», «прийти к заключению», «умение ставить цели», «побуждение к действию».

Ключевые слова: систематизация тезиса, композиция ораторского слова, ключевая мысль выступления.

Ü In article aspects of systematization of the main theses speech of the lecturer - the teacher of higher education institution reveal. Therefore structural elements of composition of speech of the author are isolated. In article the author defines the verbal image of the main idea of the thesis and its systematization at difficult psikhologo-lengvistichesky level. Besides, the attention is focused on the analysis of such concepts, as the plan and speech composition.

In the basis article defines use in composition of eloquence of additional structural elements, such concepts, as «preparation for perception», «ability to set the purpose», «plan implementation», «an object priderzhivaniye», «truthfulness», «instruction», «summing up», «ability to draw conclusions», «to organize masses of people».

And the purposes are carried out through the concepts «drawing attention», «instruction on relevance», «possibility of understanding of the purpose», «disclosure of the main concept», «decision offer», «increase in effectiveness», «come to conclusion», «ability to set the purposes», «motivation to action».

Keywords: systematization of thesis, composition of oratorical speech, key idea of the presentation.

Қазіргі таңдағы шешендіктану (риторика) ілімі - ойлана шебер сөйлеу үрдісінің жүйесін танытатын, ойланудан вербализациялауға дейінгі үрдістің күллі сатыларын есепке алатын классикалық риторика ғылымының заңды жалғасы. Риторикалық канондар - адамның өзіндік сөйлеу жүйесінің алгоритмі. Демек, шешендіктану арналары, риторикалық канондар, үздік шешен классиктер туралы мағлұматтар - сөйлеу өнерін жете игеруге аса қажетті база. Біздіңше, шешендік өнер тек шартты түрде ғана өнер делінеді, ал, шын мәнісінде, бұл бойында бұған қатысты аса қажетті белгілері жоқ болса да, әрбір адам игере алатын басым дәрежедегі шығармашылық іс-әрекет. Ендеше, әрбір са- уатты адам үздіксіз де қажырлы, мақсатты да ұмтылысты еңбектің нәтижесінде шешендік өнер негіздерін, яғни аудитория алдында түсінікті де қызғылықты және иланымды сөз сөйлеу білігін әбден меңгере алады. Ал қазіргі таңда осы орайлас білік дағдысыз кәсіби маманның қалыптасуын көзге елестету мүмкін емес.

Негізгі ойды тура да нақты баяндауға ұмтылмау - көпшілік жағдайда дәріскерлерде кездесетін дағды кемдігі мен тартымсыздық қалпын аңғартар олқылықты құбылыс. Бұндай жағдайда тыңдаушылардың бар энергиясы шешен не айтқысы келгенін аңғаруға кетер болса, сөйленген сөз тыңдаушыларға тиісті дәрежеде әсер етпейді. Осы ретте шешен өзінің тың да батыл ойын тезис күйінде айқара ашып салмауы тиіс.

Тезис - бұл басты ойдың (идеяның) сөзбен бейнеленуі. Дәріс мақсатына анық сілтеме берер негізгі пайымдама немесе фраза. Тезисті жинақтай жүйелеу үшін шешен өзіне-өзі: «Мен адамдарға тұтас тақырыптың өзегі ретінде не айтамын?», «Тыңдаушыларға міндетті түрде не туралы айтуға тиіспін?», «Мен ең басты деп нені есептеймін?», «Өз санамда не қалуы тиіс?» секілді сауалдарды қойғаны орынды.

Тезистің жүйеленуі—күрделі психологиялық-лингвистикалық міндет. Күрделілігі сол - басты ойдың оп-оңай қалқып аларлықтай үстіртін қалыпта жатпайтындығы. Оны бағыттталып отырған аудитория мен сөз сөйлеудің нақты мақсатына орайлас алғы межені есепке ала отырып (әлеуметтік сұранысқа қоса) ойлап шығарған жөн. *Тезис - дәлелді талдаудың бар- ша инструкциясының өзегі.* Соған сәйкесті ол санада шегеленуі тиіс. Бұл орайда қазіргі шешендіктануды зерттеушілердің бірі былайша жазады: «*Важно определить тот содержатель- ный и композиционно-стилистический центр, стержень, вокруг которого организуется вся речь. Тем самым определяется общая стратегия речи, роль и функ- ций отдельных компонентов*» [1, 78].

Қысқасы, тезисті барша сындарға, полемикаларға, өмірдің сан алуан қиындықтарына төзуі тиіс фразаны ұштау оп-оңай емес. Салған жерден белгілі бір талаптарға жауап берерліктей қысқа да нақты тезисті жүйелеу қиын-ақ. Көбінесе алғашында бірнеше фразалардан тұратын ой шекарасын кескіндейтін жұмыс, алдын-ала қағазға түсірілген тезисі белгіленеді. Ілгері мазмұнмен жүргізілер жұмыс барысында ол талапқа сәйкесті екшеледі, қысқарады және ақырында жүйеленеді. Ал, сөйленер сөз нысанының шектелуіне, яғни бастыны айтуда сөздің аз, ойдың мол болуы ұстанымы жүзеге аспақ.

Сөйленер сөздің сапасына мысқал да зиян келтірместен ойды қалай тығыздауға, сөзді қалай шектеуге болады? Тақырыпты тұтастай меңгеру – мәселенің бір жағы. Оған адам ғұмыры жетпеуі мүмкін. Екіншісі – жинақталған білім тығыздығына сәйкесті белгіленген аудиторияға орайлас тұщымды да тәлімді, қилы қалтарысты елең еткізер сөз сөйлей білу. Бұның алдыңғысы да соңғысы да аса қажетті.

Сөйленер сөздегі негізгі сауалдардың молдығы, көбінесе, автордың басты ойды жеріне жеткізе ойластырмағанын аңғартады. Егер де әрқайсысына көл-көсір уақыт кететін болса, төртеуден аса баптарды белгілеудің қажеттігі шамалы. Бұған аудиторияның да жадына одан аса мәліметті сіңірудің ауыр тиерін ескеру артық емес. Кейде іс мәнісін меңгеруге екі мәселенің өзі-ақ жеткілікті болып жатады.

Қысқасы, аз сөзбен көпті айту – оқытушының лекторлық шеберлігінің озық көрінісі. Қазақтың Қабдоловынша айтсақ, «көп біліп, дөп сөйлеген – шешен, аз біліп, көп сөйлеген – мылжың».

Оқыту үрдісінде оқытушының жекелік ұстанымы да көп нәрседен хабар береді. Көрсетілімдердің қарапайымдылығы, үрдістер мен құбылыстардың көрнекі бейнеленуі, тірек белгілер, символдар елестетуді оятады және көргенін есте ұзақ сақтауға себепші.

Таныс нәрсені қалайша қызықты етуге, ал жаңа мен күрделіні қалайша түсінікті етуге болады? Біріншіден, егер де тақырып ескі болса (бұрын айтыла-айтыла мезі етілген тақырып болса), онда оны жаңа да тың деректермен және мейілінше байқалып тұрған қызығушылықтармен үйлестіре дамытуды керек етеді. Екіншіден, егер де тақырып тың да бұрынғылардан ерекшелеу болса, онда оны тыңдаушылардың тұрмыстық тәжірибелеріне және көпшілікке мәлім ережелерге сүйене отырып дамыту тиімді. Дегенмен де екі жағдайда да көтерілген мәселе мен оның нысанына байланысты

мейілінше көбіреу бағыттама ұстану керек-ақ. Жалпы кім-кімгеде пәнді нашар білсе, оған оны баяндау да мейілінше қызықсыз, оның сөйлегенсөзінің мазмұны кедей болған сайын, онда тың да жаңа материалдардың мардымсыздығын аңғартады.

Тіпті тың да жақсы іріктелген материалдар – бұл архитектуралық құралдардың қоймасы ғана. Әлі фундаменті күйыла тұрса да, сөйленер сөз сарайы тұрғызылмаған. Тақырып бар, мақсат айқын, негізгі ой тезис үлгісінде жүйеленген, дегенмен де әлі даму үрдісі жоқ. Оны ойлау, аудиторияға ұсынбас бұрын, алғашында й- өз сананда негізгі идеяны баяндаудың іп ой ұшығын мәжелеу деген сөз. Қашан да өзіңмен-өзің отырып сараптау, яғни ән ой дамуының жүйелілігін анықтау пайдалы.

Егер де не туралы сөйлеймін, неге сөйлеймін, қанша сөйлеймін сауалда- ың рына жауап табылса, лекция тақырыбы не ашылады деп сенуге әбден болады. Ендігі кезекте сөйленер сөздегі ой де ұшығын анықтау мен лекция жоспарын ле әзірлеу ғана қалады.

Сөйленер сөздің ой ұшығы ану лекцияның басынан аяғына дейін нді негізгі ойдың даму логикасын, мақсатқа да бағытталған қозғалыстың жүйелігін ген аңғартады. Ол композицияның базасы ай болып табылады, яғни материалдардың дың кіріспеде, негізгі бөлімде және қорытындыда жүйелі орналасуы.

Жоспар - лекциядағы ой ұшығында тармақтала орналасып, мәтіндік үлгіде безендірілген сөйленер сөздің негізгі элементтерінің жүйесі. Мәселен, рып проблемалы лекцияның шамамен мөлшерлеген жоспарының үлгісі нмен төмендегіше:

Тақырып _____
(сөйленер сөз нысанының атауы)
 Әлеуметтік міндеті _____
(қоғамдық қажеттілігі)
 Лекция мақсаты _____
(шешеннің саналы түрдегі ұмтылысы)
 Басты тезис _____
(басты қорғаушы ой, идея, ереже)
 Негізгі мәселелер:
 проблемасы _____
(қиын жағдаят)
 мүмкін болар жолдар _____
(альтернативті келістер)
 ұсынылар шешім _____
(іс-әрекетке жол табу)

Ой ұшығы индуктивті, дедуктивті, аналогия бойынша құрылып, саралау бағытында хронологиялық және т.б. қалыпта болуы мүмкін. Сөйленер сөздегі ой ұшығын межелей отырып, лекцияның шамамен мөлшерленген жоспарын құрастырғаннан кейін, сөйленер сөздің (лекцияның композициясын құруға көшкен орынды.

Сөйленер сөз композициясы – бұл оның құрастырылуы, жинақталуы, реттелуі, құрамды бөліктерінің орналасуы, баяндалу тәртібі. Дәстүрлі композиция үш блок материалдарын қамтиды: кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды (*1-кесте*).

1-кесте. Шешендік сөз композициясының құрылымдық элементтері

Элементтер	Элементтердің жұмсалуды	Мақсатты іс-әрекет	Тәсілдер мен амалдар
Басы	Қабылдауға әзірлеу	-зейінді аудару -қызығушылығын туғызу -тыңдауға мәжбүрлеу -сүйкімділік туғызу -тәртіптілік	-өзіндік ерекшелік таныту тың дерек, жағдай, мысал -жағымды кездейсоқтық -юморлы ескертпе -мәлімдеме, сендіру

Ой байламы	Мәселені қоя білу	-өзектілігін көрсету -қарама-қайшылықтығын анықтау -істің мәнін ұғындыру -жаңамен елктіру	-бірге ұйымдастыру тәсілі -кереғар жағдаят -адамдар мен идеялар драмасының мысалы -контрасты салыстыру
Баяндау	Жоспарды іске асыру	- мақсатты түсінуге мүмкіндік беру -келешекті болжау -бағыт ұстану	-қызығушылықтарына баса мән беру -оқиғаның қысқа сипаттамасы -басты міндетті еске салу
I сауал	Нысанды ұстану	-тірек ұғымды ашу -құрылымды көрсету	-анықтау, бөлу -негізгі схема, сурет
II сауал	Шындыққа иландыру	-тезисті (идея) негіздеу -элементтерге баға беру -тезиске екшеу	-дәлелдеме (айғақ) -көзқарас, пікірлер құрамы -түсінбеушілік, сынау
II сауал	Нұсқау беру	-теорияны тәжірибемен байланысту -шешім ұсыну	-эксперимент мәліметтері -көрсетімдік мысалдар -альтернатив, аналогия
Еске салу	Ойлы түйіндеу	-сөз аяғын басқы тұспен байланыстыру -мақсатқа қол жеткенін көрсету -ойдың жүзеге асқанын көрсету -әсерді еселей түсу	-проблемаға оралу -ең күшті айғақ -қолдауға шақыру -афоризм, қанатты сөз
Қамту	Қорытынды жасау	-қорытындыға келу -қолдауға ие болу	-жинақтаушы бекітілім -эмоционалды тәсілдер
Тілек	Көпшілікті жұмылдыру	-міндеттерді қою -жұмылдыру - іс-әрекетке шақыру	-келешегі -шақыру -ұрындар

Сөйленер сөз композициясы туралы М.В. Ломоносов былай жазады: «Расположение – есть изобретенных идей соединение в пристойный порядок... Храброго вождя искусство состоит не в одном выборе добрых и мужественных воинов, но не меньше зависит и от приличного установления полков».

Дәріс материалдарын орналастыруда жүйелік, үдете түсу, органикалық біртұтастық пен үнемдік қағидаттарын басшылыққа алу орынды. Идея дамуының жүйелілік қағидаты педагог шешеннен баяндауды әрбір ілгергі ойдың алдыңғыдан туындап жататынындай не бір-бірімен етене байланысты қалыпта болуындай тұрғыда ойластыруды қажет етеді. Бұл және эмоционалдык шегіністермен қыздырылады. Сөз соңында мақсатқа жету үшін аудиторияға психологиялық тұрғыда ұшқын ендіруге қол жеткізу міндетті. Бұл арада ең бір сенімді айғақтар мен әсер етудің психоэмоционалдык тәсілдерін қолдану тиімді. Аталмыш қағидат зейіннің құлдырау заңдылықтары мен әсер етудің эстетикалық заңдарынан туындайды.

Мейілінше аз мерзім, күш-қайрат және сөйлеу құралдарын жұмсай отырып, максимум тиімділікке қол жеткізу қағидаты шешеннің алға қойылған мақсатқа барынша қарапайым, белгіленген аудиторияға сәйкесті құрылымдық жинақтылықтың, сөйленер сөздің тұтастығының, сәйкесінше, шешендік өнер туындысы ретіндегі сөйленер сөздің аяқталғандығының міндетті жағдайы. Аталмыш қағидатты орынды ұстану – аудиторияның назарын аудартуға, етене ұмтылыс жасауға, нақты жүйеленіп жинақталған мақсат арқылы тыңдаушылардың ойлағанынан шығуға, ілгергі материалды баяндауға кең жол ашуға септесетін сөздің басқы тұсындағы идеяның толысуын жүзеге асыру. Бұның бәрі кіріспеде жүзеге асырылады. Бұдан кейін негізгі бөлімде мақсатқа қол жеткізілгені жөнінде айту міндетті. Мұндай жағдайда сөйленген сөз аяқталған шығарма іспеттес қабылданады.

Әсер етуді үстемелету қағидаты айғақтардың дәлелдемелік күшінің, сезім мен құлшыныс қуаттарының мәнділігін біртіндеп ұлғайта түсуді міндеттейді. М.В.

Ломоносовқа сүйене айтсақ, алғашында аудиторияны ақылмен қабылдауға «әзірлеу» керек. Алғашқы минуттарда күшті айғақтар мен бұрқыраған эмоцияларды таныту тиімсіз.

Сөйлеу барысында тыңдаушылардың зейіні солғындап төмендей бастағанда, қызығушылық мейілінше күшті дәлелдеме көздерімен сендіру амалдары мен баяндау схемасына қол жеткізуге ұмтылысын аңғартады.

Педагогикалық жұмыстың бірден-бір сәттіде нәтижелі болуы-жоспарлаған нәтижелерге жетуде шешеннің де, тыңдаушылардың да мүмкіндігінше аз күш-жігер мен уақыт шығындауында. Бұл орайда Аристотель өз тұсында: «... если мы имеем даже самые точные знания, все-таки нелегко убедать не- которых людей, говоря на основании этих знаний, потому что оценить речь, основанную на знании, есть дело обра- зования, а здесь перед толпою это не-IS возможно. Здесь мы непременно долж- ны вести доказательство и рассуждения общедоступным путем ...» , - деген [2, 17-18].

Ал, енді лекция оқуда көбірек кездесетін композициялық олқылықтар қандай? Біздіңше, бұлар төмендегіше:

- сөз басының болмауы, тақырыпқа шұғыл туралай енушілік пен сөйленген сөздің мезі етер бір қалыпты болуы;
- бір ойдан екінші ойға ауысардағы, бір мәселеден екінші мәселеге өтердегі түсініктілік пен нақтылықтың болмауы;
- бөлімаралық сәйкесті көлемділіктің бұзылуы (кіріспенің созылыңқы вболуы, негізгі мәселелердің көптігі, қорытындының тым келте қайырылуы);
- теориялық пайымдаулардың пбасымдылығы мен эмоционалды сергітудің болмауы;
- ой дамуының логикасы сақталмауына сәйкесті пайымдаулардағы бос сөзділік.

Жалпы адамдар теориядан гөрі дерекке (болған оқиға, істелген іске) көбірек сенері даусыз. Мәселен, біз өз сөзімізде мүмкін болар салыстыруларды қолдана білсек, онда теориялық идеяны жандандыра отырып, оларды өмірдің өзіндей етуге мүмкіндік туады, ақырында, өзгелерді өз түйіндеу-пайымдауларымыздың дрыстығына сендіре аламыз.

Біздіңше, лекцияға әзірлік барысында төмендегідей мәселелер турасында ойлану керек-ақ:

- мақсатқа қол жеткізудегі ең ды қызғылықты әрі қысқа да нұсқа жол қайсысы екендігі;
- баяндау барысының қарапайым әрі түсінікті болуы;
- пайымдаманың аудиторияны еліте еріте алуы.

Осы айтылғандарды жадыда ұстай де- отырып, лекция композициясына жауап берерліктей, лекциядағы ой ұшығын Біз анықтауға және нақты тезисті жоспар құруға ұмтылған жөн (*1-кесте*).

Нәтижеде тезисті жоспар мен композицияны байланыстыра отырып, бұларды нақты мысалдармен, айғақ-дәлелдермен толықтыра келе, шешендік на мәнгерлегіш құралдарды қолдану барысында лекция мәтінінің алғашқы нұсқасы жасалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Толмачев А.В. Ораторами становятся / В кн, «Наука убедать». - М.: Молодая гвардия. - 1969. - 592 с.
2. Мурашов А.А. Основы педагогической риторики - М.: Мысль 1996. - 281 с.
3. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Оқулық бакалавриат білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы жоғары оқу орнының филология бөлімінің студенттері үшін дайындалған. 4-басылым. – Орал, «Полиграфсервис» баспасы, 2023. – 424 бет.

АҚЫН Ғ.СЕЙТАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МЕТАФОРЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Хасанов Ғ.Қ.

*филология ғылымдарының докторы, доцент
М. Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қаласы.*

hasan.gabit@mail.ru

Андатпа: Ғ. Сейтақ өз поэзиясында әртүрлі сипаттағы метафораларды шеберлікпен қолдана біледі. Оның қазіргі поэзиясында енді зерттеліп жатқан когнитивті және бинармды метафоралар да жиі кездеседі. Ақын жырларындағы дәстүрлі метафоралар жаңа сөзді ауыстырып қана атайтын сөз ауысулар, осы себепті, оларды күрделі деп тануға болмас деп ойлаймыз. Дегенмен де ақын тілінде тілдік метафоралар бірден танылып тұратыны байқалады.

Аннотация: Г. Сейтак умело использует в своей поэзии метафоры различного характера. В его нынешней поэме также распространены когнитивные и бинарменные метафоры, которые сейчас изучаются. Мы считаем, что традиционные метафоры в песнях поэта не просто заменяют новое слово, а заменяют слова, по этой причине их нельзя признать сложными. Однако видно, что в языке поэта сразу узнаваемы языковые метафоры.

Annotation: G. Seitak skillfully uses metaphors of various nature in his poetry. In his current poem, the cognitive and binomial metaphors that are now being studied are also common. Traditional metaphors in the poet's poems refer to word transitions only as a replacement for a new word, for this reason, we think that they cannot be recognized as complex. However, in the language of the poet, linguistic metaphors are immediately recognized.

Ақын Ғ. Сейтақ өлеңдері көркемдік негізге құрылған тілдік құралдарды қолдана отырып, ұлттық болмыстың ой-санасын айқындап көрсетеді. Әлемдік деңгейдегі ұлттық, тілдік құралдар жоғары көркемдігімен ерекшеленеді. Бұл тіл қисындылығына бірден-бір әкелетін жол.

Тілдік метафора (*гр. metaphora – ауысу*) – сыртқы не ішкі белгілеріндегі (тұлғасындағы, атқаратын қызметіндегі т.б.) ұқсастыққа қарап бір зат атауының басқа бір затқа атау болуына байланысты сөз мағынасының ауысу заңы. Мағына ауысуының бұл тәсілінің негізінде ұқсату заңдылығы жатыр. Қазақ тіл білімінде бұл мәселені алғаш сөз еткен ғалым Ғ. Мұсабаев болатын. Ұқсату заңының нәтижесінде ұғымның көшуінен туатын бұл ұғым мен түйсікке қатысты болады. Ол былай деп жазады: «Ұғым түйсіктен (представление) басталады. Сырттағы зат адам түйсігіне әсер еткенде адам ойлай бастайды. Ұғымды сөз жинақтап аяқтайды. Сөйтіп, адамның сезім күйі ұғым мазмұнын қабылдағандай дәрежеге жеткен кезеңде, сөз — түйсікті ұғымға айналдыратын форма деуге болады. Ұғым айналадағы заттық ақиқаттың, біздіңше, шындық болмыс сезімге әсер етуінен пайда болады. Онсыз, яғни заттық ақиқатсыз, ешбір ұғым да тумас еді» [1, 15].

Сөз мағынасының құбылуы тілдегі ішкі дерексіздену мен ауысу заңының әсерінен болады деп деген ой туады. Адам өз өмірінде сөз ауыстырмай тіл қолданбайтыны анық. Осы бір тілдік үдерістен келіп, метафоралық сөз ауысулар туып отырады. Белгілі қазақ ғалымы Б. Хасанов метафора құбылысына мынадай тұжырым жасайды: «метафора – тіл байлығын құлпыртқан қат-қабат мағына туғызушы әрі терең сырлы мән беріп, сөзді астарлай қолдану тәсілі. Метафора – көркем әдебиетке ғана тән

құбылыс емес, сөйлеу мәдениетіміздің көне тарихымен құрдас қалыптасқан, образды ойымыздың дамуынан көрініс беретін маңызды элемент» [2, 190].

Зерттеушінің пікірінше, кез келген ақын-жазушының шығармасында немесе авторы белгісіз халық туындыларында метафораның басты екі түрі кездесіп отырады.

Соңғы кездегі лингвистикалық сөздіктерде метафора туралы анықтамалар бір-бірінен алшақ кетпейді. Мәселен, метафора туралы А.Б. Салқынбай мен Е. Абақан өз сөздігінде төмендегідей лингвистикалық тұжырымдамасын береді: «Метафора – сөздің басқа мағынада қолданылуы. Риторика мен лексикологияда метафора номинациялық құрал ретінде қарастырылады» [3, 124]. Осы ойларды көрсету үшін, мәселен, ақынның мына «Алтын Орда» жырын оқиық:

Алтын Орда ,

Дана – жерде,

Хан – төрде,

Халқың – жолда ...

Шындық ұлдың шырқырап даусы келер ,

Жете алмай жүр жазаға малтып ол да («Алтын Орда», Ғ. Сейтақ, 5).

Алтын Орда,

Сөз – жүректе, көз – сенде, антың – қолда,

Өз жерінде нық тұрған жан бақытты,

Енді құлай көрмесін халқың орға! («Алтын Орда», Ғ. Сейтақ, 5).

Міне, осындағы «Дана – жерде, Хан – төрде, Халқың – жолда ..., жүректе, көз – сенде, антың – қолда» сияқты метафоралар дәстүрлі емес, авторлы метафоралар екені аңғарылады. Тіпті, бұл метафораларда когнитивтік сипат басым болып тұрғаны тағы да бар.

Тіл білімінде метафоралық қолданыстардың лингвистикалық болмысын анықтауға, олардың құрылымдық семантикалық ерекшеліктеріне сай классификациялау талпыныстары жасалынып келеді. Шын мәнінде, сөзжасамдық заңдылықтарды пайдалану арқылы жазушы, ақындар жаңа метафоралық сөз ауысуларды енгізіп жатыр десек қате болмас. Мәселен, ақын өлеңінен мысал алалық:

Тұрса егер Сарыарқаның самалы есіп,

Әп – сәтте көктем – көңіл қалады өсіп.

Жап – жасыл жөргегіне орап алып,

Сәбиін тербегендей дала – бесік («Кіндікқала», Ғ. Сейтақ, 13).

Заман – мұз, болашақ – Күн, бірлік – таға,

Көк шыңға шығаратын шындық қана.

Азатпын, мен – қазақпын деп туатын

Әкелер ұрпақты да Кіндікқала! («Кіндікқала», Ғ. Сейтақ, 14).

Міне, осындағы «көктем – көңіл дала – бесік, заман – мұз, болашақ – Күн, бірлік – таға» метафорасы сөзжасамдық тәсілден туып, тілік айналымға еніп, сіңіп кеткен.

Б. Хасанов және Б. Қасым өз еңбегінде метафоралардың саяси метафора мен термин жасауда да белсенділік танытатынын атай кетеді. Адам атау беруде алдымен ұқсатады, ал сол ұқсастыққа қарай әлгі заттың аталуы танымдық үрдістердің нәтижесі болмақ. Демек, метафора таным арқылы таңбаға жүгінеді.

Метафораның сөз жасаудағы қабілеті туралы Б. Қасым «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» еңбегінде: «Жалпы ұғымнан конкретті ұғым тумайды, конкреттіліктен жалпылық туады. Сондықтан, осыны біріккен сөздерден байқауға болады, тасбақа белгілі тас та, бақа да емес, тастай қатты брони бар бақа тәрізді бір мақұлық, өнеркәсіп дәл өнер де, белгілі кәсіп те емес, орысша «промышленность» дегеннің абстракциялы баламасы. *Алты бақан, адалбақан* сияқтылар метафоралық тіркестерден жасалғандықтан, қазіргі білдіретін мағыналары да ауыс, мүлде басқа ұғымға ие болып кеткен» - деп жазады [4, 209].

Метафоралардың тілдегі маңызына тоқталған кезде дәстүрлі метафоралық тәсіл бойынша ұқсату заңына сүйеніп, қазақ тілінде көпмағыналы сөздер шыққан делінген ой айтылады. Бұл ой Ә. Болғанбайұлы мен Ғ. Қалиұлының «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» еңбегінде берілген [5, 90]. Метафора мағына дамуына, жаңа атаулардың жасалуына іргетас болады. Күрделі атаулар осы көпмағыналы сөздердің негізінде де жасалынып отырғанын атап өтуіміз орынды. Олар былай дейді: «Тілдік (сөздік) метафора сөзге жаңа мағына қосып, оның семантикалық шеңберін кеңейтіп, әрдайым үздіксіз дамытып отырады» [5, 90]. Тілдік метафораның осы қасиеті сөз мағынасының дамуына себепші болып, олардың қолданыс аясын дамытып, өсіре түседі. Мағыналық дамудың адамның әлемді тануымен, бай тәжірибенің толығымен астанып жататыны белгілі. Сондықтан да, сөздің мағыналық шеңберінің өсуі заттар мен құбылыстардың өзара ұқсастығынан туындап жатады. Метафора – адамның әлемді тануы және сол танылған білімді тілде бейнелеудің бірден-бір тәсілі.

Мәселен,

Кек билеп өр сананы,

Атылды ер садағы.

Қайтпады, ақ патшаның

Қылышы төнсе – дағы! («Нарынның нар ұлдары», Ғ. Сейтақ, 16).

Жортты елде – қорқау, құзда – құлан,

Мықтылар үйде туып,

Түзде арыған.

Жұрты үшін басын тіккен ажалға да

Маңдайын Махамбеттің мұз қарыған. («Бас пен доп», Ғ. Сейтақ, 23).

Атауыштық метафоралар таза ұқсату заңдылығы бойынша жасалса, соңғы екі түрі сөздердің мағынасын ассоциациялы бейнелі түрде қайта жаңғырту барысында атауға енгендігін байқауға болады. Танымдық метафораларға метафоралануға ассоциациялар негіз болған атаулар және дерексіз ұғымдардың атауларын жатқызамыз.

Ал үшінші топқа атаулардың эмоциялық-экспрессиялық мағыналары қолданыста айқын көрінетін, бағалауыштық мағынасы басым метафоралар жатқызылады. Бір атауларда бағалауыштық мағына басым болса, бірінде экспрессиялық мағына үстемдік танытады. Екеуінің айырмашылығын көрнекті орыс ғалымы В.Н. Телия: «В отличие от оценочного знания экспрессивно окрашенное значение отображает прорыв эмоционального, субъективного, лично заинтересованного отношения в семантику слово, что и составляет экспрессивный эффект этого значения и его целесобразность в языке» деп көрсетеді [6, 56].

Метафораны жасау немесе жасай алмау бұл ойлаушы, сөйлеуші адамды сипаттайтын критерийлердің бірі ретінде танылады. Зерттеушілер сөзімен айтқанда, метафора әлемнің жеке тілдік көрінісін бейнелейді, себебі индивидуальдылық жеке адамның белгілі тілдік құралдарды таңдауына байланысты, яғни әр адамға, сөз суретшісіне, арнайы тек соған ғана тән қасиет бар. Метафоралар мәнмәтінде жаңа ұғым немесе атау болғанымен, оқырман қауымға беретін әсері мол. Себебі, олар жазушының шеберлігімен эмоционалды-экспрессивті негізде жасалады.

Жазушының тіл шеберлігі сөзді бейнелі етіп қолдануына байланысты айқындалады. Мұндай шеберлік, А. Байтұрсыновтың пікірі бойынша, (адам санасының үш негізіне сүйену барысында жүзеге асады: 1) ақыл; 2) қиял; 3) көңіл. «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңдеу, яғни ойдағы нәрселердің тұрпатына, бейнесіне, ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау» болады [7, 141].

Осы үшеуіне сүйену негізінде ақын өзін толғандырып отырған затты не құбылысты жеткізеді. Сонымен қатар, ақынның жаңа қолданыстарының пайда болуына негіз болатын осы үш нәрсе білеміз.

Сөзге метафоралық тәсіл арқылы ауыс мағына жамайтын сөз біткеннің бәрі емес, тілдегі заттар мен құбылыстардың атын, іс-әрекетін, сапа мен белгілерін білдіретін сөздер. Бұлар сөзге нақтылы мағына қосып, семантикалық аясын дамытып, үнемі кеңейтумен болады. Сөзге қосылған үстеме (туынды) мағына заттың, құбылыстың бойында бар сан алуан ерекше белгілердің негізінде ауыстырып қолдану арқылы жасалады деп шамалаймыз. Сондықтан бір сөзден тараған қосымша мағыналар бір сөз табына да, кейде әр сөз табына да қатысты болып келеді.

«Метафора қолдану сипатына қарай негізінде екі түрге бөлінеді:

а) тілдік (сөздік) метафора;

ә) поэтикалық (сөйлеу кезінде туындайтын контекстік) метафора [5, 90].

Мысалы:

Жылы сөз күтіп әркімнен,

Қош айтпан қалың қауымға.

Буланса көгім, бәлкім мен

Жауатын қайта жаңбырмын,

Әзірге, Жайық, қалдырдым... («Астанаға көшкен жігіттің сыры», Ғ. Сейтақ, 128).

Орал,

Сен – көздегі қарашық,

Атыңа жұрт таласып,

Өзінше әркім бал ашып,

Кеткендей әбден ел есі, міне. («Орал», Ғ. Сейтақ, 124).

Тілдік метафоралар – туынды сөздерде метафоралық қасиеттер күңгірттеніп, соның нәтижесінде жаңа лексемалардың пайда болуы. Метафора аталым тұрғысынан бейнелілік қасиетінен өтіп, тек ұғымға атау беру қызметіне көшеді. Поэтикалық метафора – саналы түрде белгілі мақсат үшін көркемдік құрал ретінде көркем әдебиет пен көсемсөз стилінде қолданылады.

Халқымыздың әр сөзін орынды қолданған, көрнекті ақын М. Мақатаев айтқандай: «Күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып өзіне қайтарамын» деген белгілі ұстанымын Ғайсағали Сейтақ ақын да ұстанады.

Дәстүрлі тілдік метафоралардың мағынасы халықтың таным-түсінігі, ой-өрісі, тіршілігі мен тұрмысына байланысты. Олар – мағынасы көпшілікке түсінікті, жиі қолданысқа түсетін бейнелі метафоралар. Дәстүрлі метафораның авторы жоқ. Олар – мақал-мәтелдер тәрізді халық қазынасы. Дәстүрлі метафоралар сөз айшығы ретінде тілде тұрақты қолданылады. Бірте-бірте дәстүрлі метафоралардың бейнелілік қасиеті солғындап, күңгірттенеді. Дәстүрлі метафоралар поэтикалық метафоралар тәрізді, негізінен, көркем әдебиетте қолданылады. ақынның «Баспен доп» атты өлеңінен мысал келтірелік:

«Болады халық әлі от көргендей,

Түлемес кәрі дала көктем келмей.

Қазақтың басы жерде қой қарап жүр,

Аспаннан Құдай емес,

Доп төнгендей. («Бас пен доп», Ғ. Сейтақ, 24).

Осы жолдардағы «кәрі дала» деген дәстүрлі метафораларды қолдану арқылы ақын өзінің осы әсем дүниеде қазақ үшін «дала – қасиет» деген қасиетті ұғымнан қалай тәрбие алып жаратылатынын жазады. Тағы да мысал алалық:

Жермен жексен болып – ақ барады оба,

Сездіргісі келмей ме жараны о да.

Күй төресін жасырып қойыныңа,

Қалай шыдап жатырсың,

Қарамола?!

Қарамола... («Қарамола», Ғ. Сейтақ, 26).

Ақын өзінің риторикалық сұрауын беру арқылы адамдарды қайырымдылыққа үндейді. Сондай-ақ, осы «Қарамола» өлеңінде ақынның «күйден» тәрбие алып, сол қоңыраумен «күй - төремен» өмірден тәрбие тапқанын айтады. Мәселен:

Тірлікте тебіскеннің озғаны жоқ,

Тот басқан темірдің де тозғаны көп.

Сен әлде аң – таң болып жатырсың ба

Ұрпағым неге орнымнан қозғады!? деп («Күйшіден кешірім», Ғ. Сейтақ, 27).

Осы өлеңдегі «тебіскеннің озғаны» метафорасымен ақын өзара қырқысудың қажетсіз екенін айтады. Тағы да мысал алалық:

Қаба алмай арғымақты, ит өледі...

Ұрпақтан өзге нендей сый көреді!

Танытып Құрманғазы құдіретін

Құлаққа бейіттен де

Күй келеді. («Бейіт басындағы күй», Ғ. Сейтақ, 30).

Осында «күйшінің құдіреті» метафорасы ақынның даралығын көрсетеді.

Ақын «Қос арыс» өлеңінде «жүректі қайғының тілуі» ретінде танып, ауыстырып қолданады. Мәселен:

Он тоғызыншы жыл еді,

Жүректі қайғы тіледі.

Қазаның орны толмасын

Тұтқандар аза біледі. («Қос арыс», Ғ. Сейтақ, 30).

Ақын бірқатар дәстүрлі метафорадан келіп туындаған метафораларды қолданады.

Мысалы:

Қара бұлт жапты ақ үйді,

Бәрі де оны таниды.

Ақыны жырмен азалап,

Жоқтады ел Ишанғалиды («Қос арыс», Ғ. Сейтақ, 31).

Тілдік метафоралардың негізінде авторлы және терең басқа да метафоралар туындап, жасалып жатады. Осы сөзімізге дәлел ретінде ақын жолдарынан тілдік метафоралар келтірелік:

Серкелері жармасқан соң әр талға,

Елді қорғар қалмағандай қалқан да.

Көсемдердің көптігінен не пайда

Бар жағынан жүрмеген соң халқы алда!?

(«Халқым менің надан емес», Ғ. Сейтақ, 35).

Талайлардың алдында өктем де едім,

Өтті менің басымнан көктем керім.

Жүрегіме бір пәле шабуыл жасап,

Қысылып – ақ барады өкпем менің («Шоқанның соңғы сөзі», Ғ. Сейтақ, 35).

Осындағы «серке, жүрегіме бір пәле шабуыл жасап,» деген тілдік метафора дәстүрлі қалыпқа сай келеді. Тағы бір мысал келтірелік:

Жарым қалып барады жаудыраған,

Көздің жасы жаңбырдай жауды маған.

Қас қаққаниша от-өмір өткені ме –

Тау құлаған алдымда, жау құлаған... («Шоқанның соңғы сөзі», Ғ. Сейтақ, 36).

«От-өмір» тілдік метафорамен беруі ақынның тіліміздің лексикасын жоғары, терең дәрежеде меңгергендігін танытады.

Ақында астарлы ой «шындықтың басын өтіріктің алуы» деген дәстүрлі метафоралармен беріліп отырады. Мысалы:

Кездер өтті қу түлкі қашып алдан,

Өтіріктер шындықтың басын алған.

Майдан қайнап Мұхтардың маңдайында,

Заманды ойлап, талайдың шашы ағарған («Маңдай мен майдан», Ғ. Сейтақ, 38).

*Сол соқпақты сан адам шиырлаған,
Байлық қанша қазаққа бұйырмаған!?*

Қос аяқты қасқырлар қаптап кетіп,

Жан бұйымға айналды, тиынға – мал («Маңдай мен майдан», Ғ. Сейтақ, 38).

Ал «Қос аяқты қасқырлар» сөзін ол, негізінен, дәстүрлі қалыптан аса алмай, «**Жан бұйымға айналды, тиынға – мал**» т.т. сол сияқты дәстүрлі метафоралармен береді. Мәселен:

*Арыстандай мертіккен құлап Айдан
Күн кешкенде, тұра алмас жыламай жан.*

Көздей ме ылғи мылтығын уақыт-мерген,

Бітпейтін де секілді мына майдан («Маңдай мен майдан», Ғ. Сейтақ, 39).

Одан басқа ақын дәстүрлі метафораларды да жиі қолданып отырады. Мысалы:

*Кемедейін айдында жүзіп арман,
Шақырды ма әлде оны қызық алдан.*

Мәңгі бақыт емес пе қазақ үшін –

Кәрі Оралда Сәкеннің ізі қалған («Сәкен мектебі», Ғ. Сейтақ, 41).

Осындағы ақын қолданған метафоралар шоғыры бір-біріне жақын мәнде берілген.

Мәселен:

*Ақын ойын ірікпей жайып кеткен,
Озбыр заман оны да айыпты еткен.*

Ортасында Оралдың орнады отау,

Бірақ өзі құлады тайып көктен («Сәкен мектебі», Ғ. Сейтақ, 41).

Ақын өзінің жырларында дәстүрлі метафораларды жиірек қолдану арқылы өзінің қазақ ұғымына жақын екенін үнемі танытып отырады. Мысалы:

Бәйтерекке айналар бала қайың,

Бұла ұлдарын беруге бала дайын.

Бұл мектептің бүгінде бәсі биік,

Бауырлары көбейген ағадайын («Сәкен мектебі», Ғ. Сейтақ, 41).

Ақын осы өлеңде баланы қайың сөзімен ауыстырады. Осы жолдардан оның қазақы туыстықты бәрінен де жоғары қойып, қадірлейтіні байқалады.

Қыран құсы халықтың құздан ұшты,

Көкіректе өртеп бір қызғанышты.

Қасымы жоқ Оралдың несі жақсы,

Кейде кештеу қорғадық біз намысты («Қасым көшесінде», Ғ. Сейтақ, 4.).

Өлеңнің екінші шумағында ақынды «халықтың қыран құсы» десе, сол Қасымсыз «Оралдың несі жақсы» деген сезімін білдіреді.

Ақын, жалпы, даланы көп жазған адам, сондықтан па екен, оның жырларында дала суреттері өте көп қолданылады. Кейде ақын өзінің мөлдір таза сезімін, сұлумен алмастырып береді. Мысалы:

Балалар өсті, өкінбен,

Уайымым жалғыз – сен гана.

Самал жел сүйіп бетіңнен,

Құшағына алғай кең дала («Әнші жарының аманаты», Ғ. Сейтақ, 45).

Мәселен:

Жалпақталға сыймадық, даламызға,

Енді біздің жазылмас жарамыз да.

Қайран жастық, әттең-ай, білмей қалдық

Бір сатқынның жүргенін арамызда («Соңғы сөз», Ғ. Сейтақ, 48).

Жалпақталда жасырын ұйым құрған Ғұбайдолла Әнесов бастаған 14 жігіттің елді азат етудегі ерлігін ақын жырламай қала алмайды. Сонда оларды бір сатқынның сатқанын метафорамен жазады.

Өзінің «Соңғы сөз» атты өлеңінде желтоқсан ызғарында «жапырақтың жұлынуы» сияқты ерекше метафоралармен алмастырады. Мәселен:

Зіл басқандай Ақ Жайық атырабын,

Қаламымды қайғыға батырамын.

Қош бол, қара орманым, қалың елім,

Желтоқсанда жұлынды жапырағың («Соңғы сөз», Ғ. Сейтақ, 49).

«Жапырақ» дәстүрлі метафорасымен баланы, ұрпақты алмастырып береді, осыны ақын жастардың желтоқсан желіне тоңған жапырақ сөзімен дәл суреттейді. Мысалы:

Өтті-кетті елу жыл арадағы,

Уақыт өзі бәрін де саралады.

Азаттықтың тауына шықты қазақ,

Желтоқсандар жаңғырып санадағы («Елу жылдан кейін», Ғ. Сейтақ, 49).

Бұнда желтоқсан көтерілісінің арқасында «азаттық тауына қазақтың шыққанын» дәстүрлі метафорамен алмастырып береді. Тағы да мысал алайық:

Елшісін жібергендей дала мұнда,

Кіршік жоқ аспанның да қабағында.

Өмірде қылыш емес, өлең қымбат,

Тұрса әлем ақындардың жанарында («Жыр бағы», Ғ. Сейтақ, 52).

Ақын осы туған жерге арнаған өлеңінде туған дала оған «елшісін жібергендей» болып көрініп, «әлем ақын жанарында тұрар» деген дәстүрлі метафоралармен алмастырып, қолданады.

Белгілі тілші-ғалым Б. Қалиұлы өзінің зерттеуінде метафора туралы былай деп жазады: «Өмірде жаңадан пайда болған заттар мен құбылыстардың барлығына жаңа ат тауып беру оңай емес. Сондықтан кейде әлгі жаңа затты (ұғымды) тілімізде бұрыннан бар байырғы сөзбен атауға тура келеді. Мұндайда, әрине, кез келген байырғы сөз атау бола алмайды.

Жаңа затқа соған ұқсас, тілімізде бұрыннан бар заттың атауы ғана ат бола алады. Осы тұрғыдан метафора деп – сөз мағынасының ауысуы мен өзгеруін айтуға болады. Яғни, екі заттың ішкі-сыртқы ұқсастығы мен сәйкестігіне қарай бірінің аты екіншісіне ауысады да, соған орай байырғы сөздің мағынасы да өзгереді» [8, 78].

Ақын жырларындағы дәстүрлі метафоралар жаңа сөзді ауыстырып қана атайтын сөз ауысулар, осы себепті, оларды күрделі деп тануға болмас деп ойлаймыз. Дегенмен де ақын тілінде тілдік метафоралар бірден танылып тұратыны байқалады. Тағы да мысалдар келтірелік:

Озбыр заман тоқтатып арынымды,

Алаяқтар сорлатар тағы кімді!?

Ерте кетіп барамын мен өмірден,

Жая алмастан тереңге тамырымды («Соңғы сөз», Ғ. Сейтақ, 49).

Негізінен кез келген ақын өзін анықтаумен өз өмірін өткізеді ғой, ақын Жұбан ақынды «жыр ардағы» деп есептейді. Мысалы:

Асырса ел мерейін жыр ардағы,

Аспандап ақындықтың тұрар бағы.

Кеткендей Ақ Жайықтың жүзі жайнап,

Өпкендей самалымен Жұбан бағы («Жыр бағы», Ғ. Сейтақ, 51).

Қазақтың дәстүрлі ұғымындағы «нар жігіт» сияқты атауларды орнымен ауыстырып, Жұбан ақынның ақындық мінезін беру үшін қолданады. Бір ерекшелігі, бұларды басқаға емес, ақынды алмастыруға қолданады. Мысалы:

Нар тұлға, отты жанар, ашық маңдай,

Енді одан ұл туады асып қандай!?

Күздің де құшағында жылу бар деп,

Осында гашық біткен асыққандай («Жыр бағы», Ғ. Сейтақ, 52).

Ақын өлеңінде Жұбан ақынды «қырдан көрінер қыран» ретінде сезініп, бейнелейді. Мәселен:

Көрінер қыран – қырдан, өлең – ойдан,

Кенде емес дана қазақ кемел ойдан:

Жұбатар, жыласа, елді ұл керек қой,

Жұбан деп, білмесе егер, неге қойған!? («Жұбан және желтоқсан», Ғ. Сейтақ, 51).

Ақын тіліндегі бірқатар дәстүрлі метафоралар жеке ақынның қолданысынан шыққан жекелік метафорадан алынып қолданылады. Мысалы, Е. Раушановтың «Қара бауыр қасқалдақ» өлеңінің ізімен ел үшін туған ерді «қасқалдақ» метафорасымен ауыстырады.

Ақын сүйсе, жасырмай, құшады ерек,

Арман басқа, мендегі “құса” бөлек:

Көз тігемін сен туған топыраққа,

Бір қасқалдақ тағы да ұша ма? деп... («Қоңырдың қасқалдағы», Ғ. Сейтақ, 53).

Ақын тіліндегі бірқатар дәстүрлі метафоралар теңеулер іспетті түрде қолданылады. Бұл тілімізде баяғыдан қолданылып келе жатқан тұрақты үдеріс болғандықтан, бірқатар зерттеушілер бұл ерекшелікті байқап, сөз еткен. Мысалы, теңеулерден метафоралардың жасалуы туралы Т. Қоңыров былай дейді: «Мәселен, таза метафоралар қатарына ауысқан мына сөздер соның куәсі болып табылады. Өтірікші мағынасында жұмсалатын «су» метафорасы «судай өтірік» теңеуінен, «ит» - «ит сияқты жаман» теңеуінен, «түлкі» - түлкі сияқты қу» теңеуінен, «қасқыр» - «қасқыр сияқты жауыз», «қасқыр сияқты озбыр» және «қасқыр сияқты қарулы» теңеулерінен, «арыстан» «арыстандай айбатты» және «арыстандай қайратты» теңеулерінен пайда болған. Қазақ тілінде теңеулердің қысқаруынан туған мұндай метафоралар өте көп» [9, 25]. Осы теңеу сипатты сөзден туған метафоралар ақында жиі кездеседі және бұл авторлы метафора деңгейінде қолданылады. Мысалы:

Келген-ді Одақ кеше теңдік бермей,

Кету де мүмкін емес ерлік көрмей.

Тоқтардай қанаты бар тұлпар елдің

Шер керген кеудесіне жел біткендей («Ғарышқа ұшты қазақ», Ғ. Сейтақ, 56).

Осында ақын қазақ елін «тұлпар» сөзімен алмастырады. Тағы да мысал алайық:

Мінген ер қанатты құр атын,

Ақ бұлттар желпиді кекілді.

Төрт жылда бір соғып тұратын

Көктің ол елшісі секілді («Аспан елшісі», Ғ. Сейтақ, 57).

Сондай-ақ, осы өлең жолдарындағы «секілді, тәрізді» шылауымен жасалғандай кейіптегі метафоралар поэзияда кездесіп отырады. Мысалы:

Біледі ел,

Қалдырып сан ізді,

Жұлдыздар салатын жол барын.

Жерде емес, аспанда тәрізді

Тұрағы ән – Хатимолланың («Аспан елшісі», Ғ. Сейтақ, 57).

Бұндағы белгілі дәстүрлі әнші Қатимолла Бердіғалиевті ақын «ән-Қатимолла» деп атаған метафораны ақын поэзиясындағы тағы бір ерекшелік осы деп санауға болады. Тағы да мысал алайық:

“Тауда менің жүрегім... Сондамын мен”-

Деген саған бір сәлем жолдадым мен.

Ойсыз кейде өтеді зорға күндер,

Ұлы аралдың ақыны, қолда жырмен («Тауда менің жүрегім», Ғ. Сейтақ, 58).

Солтүстікті көрмедім,

Батысты да.

Замананың сағаты шатысты ма!?

*Бір-ақ рет болса да, тауға шығар,
Жүрегіме батты зой жатыс мына* («Тауда менің жүрегім», Ғ. Сейтақ, 58).

Ақында осы тектес ойлар жетегінде өлең жазу басты орында тұрады. Мәселен, ақын «ұлы арал ақыны, замана сағаты» өлеңінде теңеп барып алмастырады. Тағы да мысал алалық:

*Мейлі,енді аяз ұрып, жел кеулесін,
Бір басқа күн туғанда көнбеу де – сын.*

Көздері қанталаған қызыл иттің

Тырнағы басып жатты ел кеудесін («Жұбан және желтоқсан», Ғ. Сейтақ, 50). Мұнда Кеңестік қызыл тоталитарлық жүйені «*Көздері қанталаған қызыл иттің, тырнағы басып жатты ел кеудесін*» деген метафоралармен ауыстырып қолданады.

Жалпы алғанда, ақын жырында дәстүрлі метафоралар көптеп қолданылады, оның үстіне, авторлы деуге келетіндей метафораларда түйдегімен қолданылады. Негізінен ақында авторыл метафоралар басымдау болатыны көрініп тұр. Дәстүрлі метафораларға мысалдар келтірелік:

*Көк теңіз көңіл шайқаған,
Жүйріктей жүйткіп жыл өткен...*

Оралар ма екен қайтадан

Төлеген мен Жібектер!? («Ақ Жайық пен Ақұштап», Ғ. Сейтақ, 55).

*Жыл сайын жас тал солқылдар,
Жылгалар құяр сай да көп.*

Жағаға ұрар толқындар

Жайықтың қызы қайда? – деп («Ақ Жайық пен Ақұштап», Ғ. Сейтақ, 56).

Бұл шумақтарда «Төлеген мен Жібек» махаббаттың символы ретінде берілсе, ақын Ақұштап Бақтыгереваны «Жайық қызы» деген метафорамен алмастырады.

Қорыта келгенде, ақын Ғ. Сейтақ өз поэзиясында әртүрлі сипаттағы метафораларды шеберлікпен қолдана біледі. Оның қазіргі поэзиясында енді зерттеліп жатқан когнитивті және бинармды метафоралар да жиі кездеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кеңесбаев І, Мұсабаев Р. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы,1962.
2. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы, 1966.
3. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік – Словарь, 1998.
4. Қасым Б. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989.
5. Болғанбайұлы Ә. Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: «Санат» баспасы, 1997.
6. Телия В.Н. Метафоризация и ее роль в создании языковой картины мира //Роль человеческого фактора в языке. - М: Наука,1988. -172-204 б.
7. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, 1991.
8. Қалиұлы Б. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін. – Алматы, 2012.
9. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. –Алматы: Мектеп, 1978.
10. Сейтақ Ғ.С. Маңдай. – Алматы, 1990.

Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ ТАРИХИ ПРОЗАСЫНДАҒЫ БИ-ШЕШЕНДЕР ОБРАЗЫ

С.Абылғазиева,

педагогика және психология магистрі

№11 лицей, Ақтау қ., Қазақстан

sarua@mail.ru

Ә.Қабылов,

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Ш.Есенов атындағы КТИУ, Ақтау қ., Қазақстан

adilet.kabylov@yu.edu.kz

Аннотация. Мақалада көрнекті қазақ жазушысы Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» және «Елең-алаң» романдарындағы би-шешендер образдарының сомдалу ерекшеліктері қарастырылады. Тарихи тақырыпты терең зерделей отырып, өткен кезеңдегі қазақ қоғамындағы маңызды оқиғаларды суреттеген жазушы бұл романдарда Төле, Қазыбек, Әйтеке билермен қатар, Мәті бидің образын тамаша сомдаған. Билер институтының қазақ қоғамындағы рөлі, шешендік өнер мен би-шешендердің қоғамдағы орны романдағы нақты мысалдармен талданады. Романдардың идеялық-көркемдік ерекшеліктерімен қатар, жазушының көркем тілі, ондағы шешендік сипаттар да пайымдалады.

Кілт сөздер: роман, сюжет, шешендік өнер, проза, композиция, идея, көркемдік шешім, тарихи таным.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности изображений биев-ораторов в романах «Плеяды – созвездие надежды» и «Всполох» Абиша Кекилбаева. Глубоко изучая историческую тему, писатель, который описал важные события в казахском обществе в прошлом, блестяще изображает образов известных казахских биев Төле, Казибек и Айтеке, а так же Мати би. Анализируется важности риторического искусства, роль института биев (судей) в казахском обществе на конкретных примерах. Наряду с идейно-художественных особенностей романов, осмысливается художественный язык произведения и ораторские качества автора.

Ключевые слова: роман, сюжет, ораторское искусство, проза, композиция, идея, художественное решение, исторический память.

Annotation. The article discusses the features of the images of the Biyeв-Orator in the novels “Pleiades – the constellation of Hope” and “Froceless” by Abisha Kekilbaev. Deeply studying the historical theme, the writer who described important events in Kazakh society in the past, brilliantly depicts the images of famous Kazakh Biyeв Tole, Kazibek and Aitex, as well as Mati Bi. The importance of rhetorical art, the role of the Institute of Beyes (Judges) in Kazakh society with specific examples are analyzed. Along with the ideological and artistic features of novels, the artistic language of the work and oratory qualities of the author are comprehended.

Key words: novel, plot, oratory, prose, composition, idea, artistic solution, historical memory.

Ә.Кекілбаевтың ұлттық рух пен дүниетаным, кейіпкердің ішкі жан толғанысы молынан көрініс тапқан әдебиеттегі шоқтығы биік шығармалары – «Үркер» мен «Елең-алаң» романдары. Шығармалардағы орталық кейіпкерлер – Әбілқайыр, Тәуке, Бөгенбай, Тевкелев секілді тарихи тұлғалар мен бүкіл елдің атынан сөйлеген Қазыбек, Төле, Әйтеке секілді билер. Бұлар – өмірде болған, қазақ тарихында өшпес із қалдырған тұлғалар. Тұтастай өмірде болған оқиға желісіне негізделгендіктен, бұл шығармалар

шын мәнісінде тарих деректеріне құрылған көркем туынды болып табылады. Дилогияның мазмұндық-стильдік өзегіндегі ерекше көрінетін көркемдік құбылыстардың бірі – би-шешендер бейнесі мен шешендік дәстүрдің бейнеленуі.

Ә.Кекілбаев – әдебиетімізге кемел ой-пайымымен, көркем сөз кестесімен олжа салған гуманист жазушы. Оның шығармаларының негізі халқымыздың тарихымен, өткен жолымен тығыз байланысты. Қазақтың би-шешендері туралы деректер мен шешендік дәстүрді Ә.Кекілбаев өз шығармаларына мейілінше арқау етті. Ол, әсіресе, Әйтеке биге қатысты деректерді жан-жақты зертделеді әрі билер институтының ролін зерттеу мен көркем шығармаларында жан-жақты танытуға үлкен үлес қосты. «Үркер» мен «Елең-алаң» романдарында да билердің қазақ қоғамындағы орнын көркем бейнелегенін көреміз.

Ә.Кекілбаев шығармашылығының тарихилығын зерттеуші ғалым Ж.Дүйсенбаева жазушының тарихи деректерден ауытқымай, тұлға таныту шеберлігін, тарихи деректер мен халықтың аңыздарды қоса отырып тұлға жасау, тарихи деректерді көркем қолдану шеберлігін ерекше атап өтеді [1,49]. Романдардағы бүкіл оқиға дамуы, әрекет, тіршілік шындығы Әбілқайырдың сараптауынан өтіп, соның ойы, толғанысы арқылы өрістейді. Басқа да сұлтандар тәрізді ол да билікке құмар, эгоистік сезімнен де құр емес. Алайда оның басқа туыстарынан өзгешелігі – өзін қарапайым ұстап, ішкі сезімдерін сыртқа шығармай баса алады, ел алдында әділ болуға тырысып, халық қолдауынан үміт күтеді. Өзі батыр, әскери қолбасшы қатарына қайратты, шешен, алғыр жігіттерді (Есет, Бөгенбай, Жәнібек, Тайлан т.б.) жинап, оларға сүйенеді, соларды ақылшы тұтады. Төле, Қазыбек, Әйтеке, Мәті билердің даналық сөздерін пайымдау, қалмақтарға қарсы күрес әрекеттері Әбілқайырдың ойына ой қосып, елдің азаттығы, бірлігі жайлы тың бастамаларға жол салады. Әсіресе Мәртөбеде, Күлтөбеде, Ордабасыда өткен жиындар оның дұрыс түсінігіне бағыттайды.

Роман тілі де шешендік өнер поэтикасынан егізделген. Романдағы айтылар ойлар да, халықтың мінез-құлқынашу да солардың мекені болған даланың кеңдігімен, тарихымен байланыстық аралады. Өткен заман шындығын бүгінгі ұғым, мораль тұрғысынан қарасты ру көп жағынан астарлы ойға меңзейді. Бейнелеудің символдық үлгілерін, фольклорлық аңыздарды пайдалану, халық тұрмысының жан-жақты бейнеленуі шығарманың реалистік сипатын жетілдіре түседі.

Ә.Кекілбаев романдарында көптеген батырлардың бейнелері Әбілқайыр ханға байланысты оқиғалар арнасында ашылып отырса, «Үркерде» би-шешендер тобы өзгелерден оқшау, анығырақ көрінеді. Онда қазақтың Төле, Қазыбек, Әйтеке билермен қатар, Мәті бидің образы айрықша суреттелген. Жазушы Мәті би секілді халықтың арасынан шыққан қайталанбас шешендерінің бейнесін тамаша сомдаған. Сол секілді қазақтың қабырғалы жезтаңдай үш биінің образын да шынайы бейнелейді. Билердің ел алдында атқарған әлеуметтік қызметі сол тарихи кезеңге сай келеді. Бұрынғы шешендердің қалай сөйлегенін келешек ұрпақ бізге жеткен олардың шешендік сөздері мен осындай көркем шығармалардағы шеберлікпен сомдалған тағылымды бейнелері арқылы білетін болады.

Жазушы тұтас тарихи кезеңнің дүрбеленді оқиғаларын сол дәуірде ғұмыр кешкен тарихи тұлғалармен сабақтастыра алған. Романда суреттелетін көптеген билер Тәукенің тұтастары болған. Тәуке ханның елді біріктіру ісінде батырлардан гөрі билерге арқа сүйегені – тарихи шындық. Мысалы, романда: «Тәукеден кейінгі аруақты, атақты адамдар солар болыпты. Ұлы жүздің тізгіні де, қамшысы да Үйсін Төле бидің, Орта жүздің тізгіні де, қамшысы да Арғын Қазыбек бидің, Кіші жүздің тізгіні де, қамшысы да Әлім Әйтеке бидің қолына көшті. Ол тұста тайпа басы төрелердің қатарынан табылғанға билер емес, орда басы билердің қатарынан табылғанға төрелер масаттанып қалушы еді», – деп көрсетеді [2,80].

Бұл туралы «Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы» былай дейді: «Төле би мен Ұлы жүздің аға биі Қазыбек Келдібекұлы, Кіші жүздің аға биі Әйтеке Бәйбекұлы – бәрі Әз-

Тәуке ханның бас кеңесшісі, ақылшысы болды. Төле би Тәукенің Түркістан қаласын орталық етіп, үш жүз ұлыстарын бір орталыққа бағындыруға, сөйтіп бірегей Қазақ хандығын нығайтуға жоңғар-ойрат шыпқыншылығына қарсы бауырлас қазақ, қарақалпақ, өзбек халықтарының жауынгерлік одағын құруға бағытталған шараларын жүзеге асыруға қатынасады» [3,244-245].

Тәукенің тұсында билердің дәурені жүріп, қазақтың төл заңы жазылғаны белгілі. Хан бытырап кеткен рулардың басын біріктіру ісінде атадан қалған асыл сөздің иелері арқылы халыққа ықпал етуді көздеді. Қаламгер бұл саяси жәйтті Ордабасыдағы басқосудың шағын суретін жасау арқылы көрсеткен. Романның: «Әйтеке жарып айтады, Қазыбек қазып айтады, Тәуке тауып айтады», – дегені бұрынғыдан қалған ұлы сөз еді. «Үш арыс қазақ оларды сөйлетіп қойып қақаған қаңтарда арқардың сорпасын ішкендей бусанып, тал бойы түгел еріп, балбырап отырар еді-ау!» [4,82], – деген қуатты жолдар халқы қадірлеген би-шешендердің бітімін дәл беріп тұр. Сол заманның билерге деген сенімі мен сөзге тоқтап, лебізді қадірлеген қазақтың болмысын бейнелеген. Жазушының тарихты терең білетіндігі қосылып, билер бейнесін сәтті шығаруға септігін тигізген.

«Әділ сөйлеу, ойды шегелеп, нақтылау, жарып айту – батырлық пен байлықтан, даналық пен білімпаздықтан туады», – дейді Н.Төреқұлов [5,157]. «Үркерде» Ә.Кекілбаев үш биді татулық пен бірліктің ұраны еткен. Жазушы «Әйтеке би» деген танымдық, зерттеу еңбегінде билер жөнінде былай дейді: «Бір ғасырда, бір кезеңде, бір мақсат жолында тізе ажыратпай бірге күрескен үш сабаздың тағдыры үш қилы болғанға ұқсайды. Біреуі асарын асап, жасарын жасап, ағайын ортасында, сонау бейіштей әсем Баянауыл аймағында дүние салып, әуелі аманат ретінде сол араға қойылып, артынан Түркістандағы Әзірет Сұлтанның киелі қорымына әкеліп жерленді. Біреуі төбе би болып қана қоймай, өле-өлгенше бір ұлыстың төре билеушісі бола жүріп, қастандыққа ұшырап, шейіт кетеді де, иісі түркі байтағы Шаш шаһарының қақ ортасынан топырақ бұйырып, үлкен-кіші бірдей тәуеп етер әулие атанды. Ал үшіншісі... Туған жылы – белгісіз. Өлген жылы – белгісіз. Жатқан жері – белгісіз. Белгілісі – Алаш ішінде Алшыннан, Алшын ішінде Әлімнен, Әлім ішінде Төртқарадан. Төртқараның Қарашы, Қараштың Сейітқұлы [6,512].

«Үркер» романында қазақтың үш биінің халық алдындағы ділмарлық шешендігін суреттейтін тамаша көріністер бар. Күлтөбедегі жиыннан кейін, әз Тәукені күллі қазаққа ортақ хан сайлап, сұпы Әжіні күллі қазаққа пір сайлап, Жеті жарғының жосығын қабылдаған ұлы жиын аяқталғасын жұрт тараса қоймайды. «Ертең елге барғанда айта баралық, үш би бізге не дейді екен? Соны естіп кеткіміз келеді», – деп тұрып алады. Осы жиын үстінде жиылған жамағат үш бидің сөзін тыңдап, өздері қойған сұрақтарына жауап алады.

«Сонда үш биден не сұрайсыңдар?» – дейді Тәуке хан.

– Әуелі заман құлқынан үш ауыз сөз айтсын», – деген сауалына үш би кезек-кезек тұрып бір-бір ауыз сөзбен жауап береді.

Төле би:

– О, әлеумет, осы жылқы біткен кісінесіп кеткен жоқ па, әйел біткен кісімсініп кеткен жоқ па? – деп сауал тастап өтсе, Қазыбек би оны жалғастырып:

– Жылқы біткен кісінесе, ел шетіне бір дүбір жетейін деп жүргені болмасын, әйелдер көп кісімсінсе, қадірлерінің өтейін деп жүргені болмасын! – деп жалғастырады.

Осы кезде Әйтеке би қамшысын көтеріп, алға шығып:

– Ел шетіне дүбір жетсе, атыңның жалы панаң болар, көк сауытың – қатын, көк найзаң – балаң болар, – деп түйіндейді».

Қарап отырсақ, билер сөзі – тек ұйқасқа құрылған жай шешендік емес, замана халін болжап, халықтың рухын көтеретін, оларды алда-жалда бола қалған қиыншылыққа дайындап, ойына ой қосып, санасын сәулелендіретін болжаушылық пен тапқырлыққа құрылған хас шешендік. Оны кейінгі сөздерінен де байқаймыз.

«Енді не сұрайсындар? – деген Тәукенің сұрағына жиылған жұрт тағы бірнеше сауал қойып, үш бидің шешендігіне тағы бір көз жеткізеді. Бұл, шынында да, тек үш биді сынау ғана емес, олардың осынау елдің басы қосылған жиында дүние, қоғам, ел туралы ордалы ойларын естіп, ел ішіне таратып жүрмек ниетін де көрсетеді. Ертеде осындай ас пен той, үлкен жиындарды көшелі кісілердің, ел ағалары мен ділмар шешендердің айтқан сөздері елден елге тарап, кейінгі ұрпаққа жетіп отырған. Жазушы осындай шешендік дәстүрдің көріністерін өз шығармаларында шыншылдықпен көрсете білген

«Енді үш би кәрілік пен жастық қақында не мәслихат қосады екен?», – деген жұртшылықтың сауалы енді жалпы өмір, адамның жас кезеңдеріне ауысады. Төле би:

– Үй сыртында төбең болса – ертеулі тұрған атың ғой, ел ішінде қарияң болса – жазулы тұрған хатың ғой, – деп барып тоқтаса, оны Қазыбек би іліп әкетіп:

– Жылтылдайды екен деп жастықты сөкпе – бәріңнің шыққан тегің сол, қалтылдайды екен деп қарттықты сөкпе – ертеңгі жетер шегің сол, – деп жалғастырады.

Әйтеке би:

– Ар сатып алған атақтан тер сатып алған мал артық, сақалын тосқан кәріден еңбегін тосқан бала артық! – дейді.

Жазушы шығармасындағы мұндай эпизодтарды қазақ билерінің көркем әдебиеттегі образын сомдаудағы ерекше үлгілер деп қарауымызға болады. Әбілқайыр ханның екі сүйенерінің бірі – әр кез оған ақылшы, қысылғанда демеуші, сыйынар пірі, алдағы заманның жайын батыл болжаушы – Мәті би де, екіншісі – тарихи оқиға тұсында кезігіп, елді жауға қарсы күреске жұмылдырушы Әйтеке би. Бұларды ортақ тілек, елдік мүдде табыстырған. Екі бидің екеуі де бас мүддесін ел мүддесімен ұштастыруды алдыңғы орынға қойған тұлғалар. Тәуке хан заманында қазақты бір тудың асына жинауға үгіттеуге батырлардан гөрі билердің салмағы басым болды. Қаламгер ханға екі бірдей биді тегін кеңестіріп, сөйлетпеген. Сол билердің бағасы – тарихи тұлғаның бағасын да бергендей. Билердің бағасы – халық бағасы, халықтың ойы. Жазушының мақсаты – билердің халық алдында атқарған өнегелік істерін сол кезеңге сай әрекет үстінде нанымды бейнелеу болып табылады.

Қазақтың билер институты – көркем әдебиетте М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясынан бері толассыз жазылып келе жатқан тақырып. Қазақ әдебиетіндегі тарихи романдардың баршасында да билер институты бейнеленген. Оларды жалпақ оқырманға халықты ұлт етіп ұйытушы күш ретінде көрсетеді. Әйтеке – сондай бірегей билердің бірі. «Тұлға тұрпаты, жүріс-тұрысы, жан-жағына көз тастасы, елдің қас-қабағын баққан биден гөрі қасындағылардың бәрінен айдынын асырып, асқақтай қарайтын батырға келіңкірейді. Бірақ билік деген де – батырлықтың бір түрі ғой. Шырғалаңы мен шытырманьы көп қыр тіршілігінде қырық құйқылжыған қарқылжың дауларда бір пәтуға тұрақтау – барымтаға барып қайтудан әлдеқандай қиын шаруа. Оған да тілдің ебімен қоса, жүректің тәуекелі керек-ті. Ал тәуекел қазақта «бір кісіде жеткілікті болса, осы Әйтекеде жеткілікті болар реті бар», – дейді жазушы [2,432].

Ә.Кекілбаевтың қазақ ауыз әдебиетінің бай мұрасын терең меңгеріп, оның баяндау мәнерімен қатар, формалық түрлерін де жаңғырта, байыта отырып дамытқаны туралы әдебиеттанушы ғалым А.Ісімақова былай дейді: «Кекілбаев в поисках нового способа повествования преобразует существовавшие, открытие еще народной прозе жанровые схемы, запетлевшие определенное видение мира и человека. Но эти схемы обретает новую жизнь в атмосфере современной повести XX века» [7,254.].

«Үркер» романындағы ханның ақылшысы әрі халық қамқоры ретінде билер ортасынан дараланып, ерекше сомдалған образ – Мәті би образы. Мәті би – жиынтық бейне. Ол туралы жазушы шығармаларының тарихи, өмірлік негіздерін көп зерттеген әбіштанушы ғалым Ж.Дүйсенбаева: «Мәті би бейнесін қалай сомдағаны жайында сұрағанымызды жазушы: «Мәті би ойдан шығарылған. Бірақ баласы Тайланның бейнесі арғы түбі Тайлақ батырдан алынды. Бидің бейнесін сомдауда Әлім Мөңке

бидің және басқа халық шешендерінің сөзі пайдаланылды. Романдағы бірнеше билер, батырлар өз атақ-жөндерімен алынды», – деп жазады [8,166].

Тарихта Мәті би деген адамның тарихта болғаны айтылады. Мысалы, «Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясында» мынадай дерек келтірілген: «Мәті би (1627-1711) – би, тарихта болған адам. Шыққан тегі Кіші жүздің Керейіт руынан. Тәуке ханның кезінде шешендік өнерімен, әділ төрелігімен көзге түсіп, кейінірек Әбілқайыр сұлтанның кеңесшісі болған» [9,123]. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін түйіп, тура айтатын Мәті бидің шешендігі жөнінде халық арасында «Сөздің мәтінін мәтелдеп, Мәті бидей айтсаңшы», – деген сөз қалған. Ә.Кекілбаевтың романдарынан бөлек, М.Есламғалиевтің «Әйтеке би» кітабында да Мәті би туралы мәліметтер берілген. Кейбір тарихшылардың жазбаларында Мәтінің шын есімі Малдыбай, енбі бірі Мамыр болған деген пікірлер бар. Жазушы Мәті би образын сомдағанда оған жиынтық мән үстеп, басқа да билердің сипаттарын дарытуы мүмкін екенін де ескеру керек. Мысалы кейбір зерттеушілер Мәтінің образында басқа да билердің, мысалы Сейіт бидің шешендік сөздерінің де сипаттары кездесетінін айтады. Көркем жиынтық бейне болғандықтан, ондай болуы заңды.

Бидің билігі – оның бітімгершілік қасиетінде. Романдардағы билерге қатысты суреттелетін оқиғалардың барлығы да елді біріктіруге, елдің арасына сызат түсірмей ынтымақшылыққа үндеуге, ортақ жауды жеңуге жұмылдырылған. Қалай болғанда да, бітімге келу, тұтанған дауды өршітпей тоқтату – басты мақсат болған. Ә.Кекілбаевтың суреткерлік, ойшылдық шеберлігі – сол би-шешендер айтқан билік сөздерді ұстартып, көркемдік мақсатқа жұмсауында жатыр. Шешендік сөздер бізге сол күйінде жетпегені белгілі. Ел арасында арагідік айтылып жүрген сөздерді өз жанынан жаңғыртып, сырлап-өңдеп, сондай көркемдік деңгейге жеткізген – жазушылар. Ә.Кекілбаевтың романдардағы билер сөзіне жан бітіріп, жасанта құбылтуы – соның жемісі.

Мәті би ойдан шығарылған кейіпкер болғанымен, шығарма оқиғасына шебер кіріктірілгені сондай, оны автор қиялынан туған кейіпкер деп атау қиын. Асылы, Мәті бейнесінде қазақтың көптеген билерінің ортақ сипаттары жинақталып, жазушы оларды оқиғаның өрбуіне қарай ұтымдылықпен жинақтай білген. Романдағы Мәті – халық даналығының, шешендік ерекшелігінің, азаматтығының үлгісі десе болғандай. Мәтінің шешендігі – оның замананың жайын пайымдап, болжағыштығында, нақты жағдайларға баға беруінде, сөйлер сөзге тапқырлығында, санаға сіңіріп айтатын ділмарлығында. Оның келіні Патшайым да – шешен. Қазақтың тарихында отбасымен шешен болып, халыққа танылған адамдар көп болған. Мысалы, Жиренше мен Қарашаш, Төле би мен келіні Данагүл т.б. Автор шешендік дәстүрлі романдарда келтіргенде халық тарихында бар осындай сара жолды көрсеткісі келген болуы керек.

Тағы бір ескерілетін мәселе – Мәтінің бейнесін сомдауда жазушы адайдың Сейіт биінің сөздерін де пайдаланған. Адайдың Шылым тайпасынан тарайтын Өрдектің баласы Есен әрі батыр, әрі шешен болыпты. Оның ұлы Сейіт би де қызыл тілге дес бермеген шешен болған екен. Сейіттің: «Жарлылығымды сұрасаң, жалғыз түйемен ел соңында кешіп жүрдім, жарлылық бұдан өтіп не болсын; Мырзалығымды сұрасаң, сол жалғыз түйемді сүйіншіге беріп, ал көшкенде жұртта қалдым, мырзалық бұдан өтіп не болсын; Батырлығымды сұрасаң, Есекмерген батырды жау қамағанда қарттығыма қарамай қоршауды жарып өтіп, Есекмергенді алып шықтым, батырлық бұдан өтіп не болсын; Соғыста қапияда тұтқынға түстім, пақырлық бұдан өтіп не болсын; Сол тұтқында жүріп қызыл тілмен балқытып, жаудан басыма бостандық алдым, шешендік бұдан өтіп не болсын; Байлығымды сұрасаң күндердің күні болғанда бес балам бес ауыл болып, әкем Есенге ас бергенде бес ақ отау тігіп, бес жүз асау бие байлап, бес саба пістіріп, бес астау әкелдім, байлық бұдан өтіп не болсын», – деген сөзі әлі күнге дейін айтушының шабытын көтерер, тыңдаушының құлақ құрышын қандырар, қолмен ұстап кезбен көргендей, құлақпен естіп көкірек сезгендей, сөз қадірін өз қадірім деп білген халықтың шешендік өнерін жылдан жылға арттыра түскен аталы сөз, асыл мұра

сияқты. Бұл шешендік сөзде – байдың мырзалығы, батырлығы, жарлылығы, шешендігі сөз болып, сол сөздерді жоғары шешендік деңгейде танытады. Бұл – халықтық шешендік дәстүрдің өміршендігін көрсетсе керек.

Романда, сондай-ақ Мәтіге қатысты ел аузындағы Сейіт биге таңылатын мына бір оқиғаға байланысты сөздері де пайдаланылған. Түлкінің ізіне түсіп келген екі аңшы ін аузында кездесіп, ін ішінде жатқан түлкіге таласыпты. Бұрынырақ келген жаяу аңшы: «Бұл менің байырғы қонысым. Бұл түлкіні бұрыннан көріп, қарға аунасын, жүні жетілсін деп күтіп жүргенмін» – дейді. Аттылы аңшы: «Жоқ, бұл түлкі – менің аңым, қансонарда түлкі ізіне алыстан түсіп келемін, сен болсаң осы арада қосылып отырсың, – депті.

Сол түйіні жоқ даудың үстінен шығып қалған Сейіт би: – Түлкі ұрғашы болса ін сақтайды, онда түлкі жаяу аңшынікі, жер иесі сол, ал еркегін түз сақтайды, еркек болса аяғы жеткен атты аңшынікі, – деп билік айтқан екен. Орынды билікке екі аңшы да келісіпті. Сонда Сейіт би: «Келіссендер інді қазындар», – деп жүріп кетіпті.

Сейіт биге қатысты эпизодтар романда былайша берілген: «Жалғыз, үй, жалғыз шал қаршадай қара бала мен шудасы тізесіне түскен қара бурамен қала беріпті. Қалың жауға талай жалғыз шапқан Мәті би батырды білмейтін қазақ кемде-кем. Баяғыда Салқам Жәңгірді қамап тұрған қалың қолға бір өзі тиісіп, ханды қашырып, өзі тұтқынға түсетін Мәтіні кім білмесін! Артынан мынадай төтен ерлігіне тәнті болып, алдына шақыртып алған қонтайшының: «Дүниедегі ең тәтті нәрсені қателеспей айтып берсең, басыңа бостандық берем», – дегенінде: «Ақ некелі жардан тәтті не болушы еді, ақтан туған ұлдан тәтті не болушы еді, азамат екенінді біліп өлген ажалдан тәтті не болушы еді! Иен дүниеде осы үш тәттінің үшеуінен де дәм таттым. Енді, өлтірсең де өзің біл, босатсаң да өзің біл!» – деп қас дұшпанынан ат-шапан айып алып қайтатын Мәтіні кім білмесін! Қызыл тілім мен сара көкірегімнің жолына тұзақ болады деп, иініне асыл ілмей, алдына мал түсірмей, жанына ағайын, жекжат жолатпай, «қара қылды қақ жарған тура би» Мәтіні кім білмесін! Биліктен әлдеқашан қалған кезінде бір замандасының артынан бата оқи барғанда: «Көкірегі жарылқаушы – жалғыз тәңір, жердегі жарылқаушы – Мәті би екенің рас болса, жарылқа! – деп, шаужайына жармасқан бір есалаң кемпірге астындағы тақым артар жалғыз көлігі – шудасы жерге түскен қара бурасын түсіп беріп, жаяу қалатын мәрт Мәтіні кім білмесін!» [4,256].

Жазушы шешендік сөздің мазмұнын сақтап, оған аздаған көркемдік өң берген. Сейіт биді Мәті бимен алмастырған. Шешендік сөз мәтінін сөзбе-сөз алмай, көркемдік бояу дарытқан. Мұнда Мәті бидің ұлылығын көрсету үшін адамгершілік асыл қасиеттерді соның бойына үйіп-төгеді. Қартайып, бала-шағасына қараған кезде де сара жолынан таймаған Мәтінің жомарттығы мен қайырымдылығын кейінгі ұрпаққа үлгі етеді. Сонымен қатар, бидің қартайған кезінде аз ғана жерге егін салып, соны қарап, еңбек еткен ісінің де үлгі-өнегелік орны бар.

«Үркер» романында Әбілқайырдың Мәті бимен алғаш рет кездесуі түсті жорыту үшін оның үйіне келетін жерінен басталады. Әбілқайырдың сапарға шыққанда табиғат жаратылысымен кездесуі, яғни ми қайнатқан ыстықта қалың құрақ өскен жыланшық өзенге кез болғаны немесе сапар кезінде қалың қамысты тулатып келе жатқан бір күшті көретіндігі. Бұл сәтті жазушы былай суреттейді: «Қолын қорамсаққа соза берді. Қамыс арасының оқыс тарғылданып бара жатқанын байқады да, әлгі жер-жаһанды түгел сатырлатып келе жатқан жойқын дүниенің маңдай тұсы, дәу де болса, осы шама-ау деп, шіреніп тұрып тартып кеп жібереді. Әлдене арс етіп жоғары шапшығандай болғасын, бүкір садақты бүгілте тағы да зу еткізеді. Сұлқ тұрған сұр қамыс түгел бұлқынып, астан-кестен болды да қалды. Біраз уақыт тулап-тулап, ақыры ол да басылды. «Апыр-ау, бұл не екен?» – деп, аяғын ептеп басып, жақындап барып көз тастаса, сала құлаш сары ала жолбарыс көлденеңінен түсіп сұлап жатыр. Бұл шап беріп селебесін суырып, жақындай түсті. Кенет... Әлгі сұлқ жатқан сары ала жолбарыстың құрсақ тұсы бүлк ете қалды да, құлағы жымыған арлан бөрі боп атып шығып, қалың құрақтан бір-ақ секіріп,

қара адырға қарай тұра ағызсын кеп» – деп суреттелетін жері – миф жанрындағы құбылушылықтың бір түрден екінші басқа түрге енуіне дәлел. Ал қауіптен қашу нәтижесінде дүниеге келген жанды-жансыз нәрселер романда Әбілқайырдан қашқан арлан бөрі мен қызыл түлкінің жан сала бас сауғалап қашу амал-әрекеттері арқылы іске асады. Осындай жағдайлар кезінде жазушы Әбілқайырды батыр, құралайды көзге атқан мерген ретінде суреттейді.

Фольклорлық шығармадағы қаһарманның түс көруі – ертеден келе жатқан тұрақты мотив. Абылайдың түсін жорушы Бұқар жырау болашақ заманның кескін-келбетін, хал-жағдайын дәл жорып көрсетеді. Ал жазушы Әбіш Кекілбаев Әбілқайыр түсі арқылы өткен замандағы қазақ халқының бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ортақ жауларын күл-талқан еткен ерлік жорықтарын көз алдымызға елестеді. Міне, жазушы аңыздан ақиқат дәуір туғызып, сіздің сол замандар шындығына көзіңізді жеткізе біледі. Түсті жақсыға жору және оны халық ішінен шыққан Мәті бидей дана қартқа қорытындылатып айтқызу әпсананың реалдық болмысын арттыра түскен. Бұл аңыз-әпсаналық хикая Әбілқайырдың алға қойған басты мақсаты ел билеу ісінде қандай жол таңдағанын көрсететін кішігірім бағдарламасы тәрізді. Аңызды, мифті тек даяр күйінде ғана емес, оған терең философиялық мағына дарытып, халықтың өткен өмір өткелдері мен болашақ тағдырының жұмбақ кезеңдерін суреттеуде автор тарихи шындық тұрғыдан зерделей көрсеткен. Әбілқайыр ендігі басшының арандатушы емес, қайта есі кеткен елді арандатудан арашалаушы болу керектігін түсінеді.

Романдағы Мәті бейнесі – халықтың батырлығы мен даналығының жинақталған бейнесі. Мәтінің ойларынақты жағдайларда, романдағы Әбілқайырмен кездесу кезінде, баласы Тайланмен арақатынасында, баласын Патшайымға үйлендіру жағдайына қатысты айтылады. Сонымен бірге, жазушы түрлі шегіністер арқылы әрқилы жағдайлардағы Мәтінің шешендік сөздерін келтіріп, оның образын толықтырып отырады.

Тайланның батырлығының негізі Мәтідей әкесінің тәрбиесінде жатыр. «Әке көрген оқ жонар» дегендей, текті атадан туған Тайлан соның арқасында халқының қамқорлығын көріп, ел қатарына қосылады, Әбілқайырмен дос болады, Жомарттың Патшайым секілді ақылды қызына үйленеді. Халық даналығының үлгісі Мәтіні Әбілқайыр да танып, ақылшы қылады, сыйлап өтеді. Оның ақыл-кеңестері қашан да ханның есінде болып, ел билеу ісінде ойында жүреді. «Жөн білетін текті жігітке ел ұстау деген де сөз бе екен! Ол үшін үлкенге ізет, қатарға қадір, ініге ілтипаттан басқа не қажет болушы еді! Бұл жұрттың соңына ереміз бе деп үміттенетін азаматынан бар дәметері сол-ақ қой!» – деген Мәтінің сөздерінде ел басқарар жас тұлғаға өсиет боларлық үлкен сенім жатыр.

Мәті образы – қазақ қоғамында сол заманда берік орын алып, қоғамдық-әлеуметтік зор роль атқарған билер институтының белді өкілі Мәті би арқылы Әбілқайыр секілді ел билеушісінің берік қорғаны әрі ақылшысы бола білген және халықтың көңілінен шығып, ел тұтқасы болған қарапайым халық қалаулысының бейнесін сенімді де шынайы бейнелеген образ болып табылады. Бұл қазақ әдебиетіндегі билер бейнесін сомдау дәстүрін жалғастырған әрі оны көркемдікпен дамытқан жазушының зор білімдарлығы мен шеберлігінің белгісі деп білеміз.

Қазақтың шешендік дәстүрі – ауыз әдебиетінен бері келе жатқан, сан ғасырлар бойы халықтың асыл сөз өнерінің асқар шыңы әрі билік пен бітімгерлік секілді елшілік, отаншылдық пен адамгершілік мақсатта қызмет етіп келе жатқан феномен. Ол кейін көркем сөз өнеріне, әдеби шығармаға көркемдіктің бір қасиеті ретінде кірігіп, уақыт пен замана талабына сай жаңғырып, жасана дамып келеді. Халықтық шешендік дәстүрді кеңінен меңгеріп, оны суреткерлік шеберліктің бір қыры ретінде дамытқан қаламгерлердің бірі әрі бірегейі – көрнекті қазақ жазушысы Әбіш Кекілбаев.

«Әбіш суреткер ретінде адам өмірінің әлеуметтік мән-мағынасына үңіліп, оны философиялық ойшылдықпен өрнектейді. Жазушы өнерінің кейінгіге ғибраттық, ой

саларлық, сабақ боларлық мәні де осында. Ол ашқан өз замандастары мен тарихи кейіпкерлердің жас ұрпаққа ұсынар тағылымы да әдебиеттің мазмұнын байытуға қызмет етеді», – деп академик С.Қирабаев айтқандай [10,18], қаламгер шығармашылығында халық өмірі жан-жақты суреттелуімен қатар, қазақтың шешендік дәстүрі де жан-жақты көрініс тапқан деп айта аламыз.

Жазушы өзінің кең тынысты «Үркер» мен «Елең-алаң» тарихи романдарында өткен ғасырлардағы қазақ шешендерінің ғажайып образдарын жасады. Атап айтқанда, жазушы сомдаған қазақтың атақты үш биі – Төле, Қазыбек пен Әйтеке билердің, сондай-ақ төлтума бейне – Мәті бидің образдары – қазақтың билер институтының дала өміріндегі ролі мен ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын айқын танытқан сүбелі тұлғалар болып табылады. Ал «Аңыздың ақыры» романындаға авторлық баяндау мен кейіпкердің ішкі әлемін аралап өтетін ой-толғам арналарынан шешендік тілдің бейнелеу тәсілдері мен тілдік қолданыстарын табуға болады. Ә.Кекілбаев – ата-бабаларымыздан келе жатқан қазақтың шешендік дәстүрін жаңа әдебиет заңдылықтарына лайықты дамытып, ұлттық сөз өнеріміздегі айтқыштық, тапқырлық, ділмарлық, шешендік қасиеттердің мүмкіндіктерін жете көрсеткен қарымды қаламгер. Оның әдеби мұрасы болашақ ұрпақтардың рухани тәрбиесіне де дарып, еліміздің болашағы үшін де қызмет ете берері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дүйсенбаева Ж. Әбіш Кекілбаев шығармасындағы тарихи тағылым. – Алматы: 2007.
2. Кекілбаев Ә. Елең-алаң. Роман. Алматы. Жазушы, 1986.
3. Қазақ ССР. Энциклопедия. Алматы. Қазақ энциклопедиясы. Алматы, 1986.
4. Кекілбаев Ә. Үркер. Роман. Алматы. Жазушы, 1982.
5. Төреқұлов Н. Даланың дана ділмарлары. Алматы. Қазақстан, 2001.
6. Кекілбаев Ә. Сапарнама // 12 томдық шығармалар жинағы. 7-том. Алматы. Өлке, 1999.
7. Ісімакова А. Асыл сөздің теориясы. Алматы. Таңбалы, 2009.
8. Дүйсенбаева Ж. Әбіш Кекілбаев және заман шындығы // Алматы. Нұрлы әлем. 2009.
9. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә.Нысанбаев. I том. – Алматы. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. 1998.
10. Қирабаев Ә. Әдебиет пен Әбіш – егіз ұғым // «Әбіш Кекілбайұлы және Ұлы дала ұлағаты» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Нұр-Сұлтан, 5 желтоқсан, 2019.

ӘОЖ 82:316.3

РИТОР-ПЕДАГОГ ҮЛГІСІ

А.С.Қыдыршаев,

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
п.ғ.д., профессор*

Ж.С.Қыдыршаев,

Атырау облысы, Құрманғазы аудандық жалпы білім беретін кешкі орта мектеп директорының әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары

Серікқали Шарабасов – белгілі әдебиеттанушы ғалым. Бұған нақты дәлелдің бірі – ғалым еңбегінің нәтижесі ретінде баспа жүзін көрген «Қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанры» атты монографиясы (А., «Өлке» баспасы, 2000). Аталмыш монографиялық зерттеуі қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының тарихы, теориясы, сыны, 60-80

жылдардағы эпиканың шағын көлемді шығармаларының көркемдік ізденістеріне зерделеу жасалуымен құнды. Монография авторы қазағымыздың қоғамдық мұраттарына тарихи-философиялық, әдеби-теориялық терең талдамалардың әлі де таяздығын, халқымыздың қоғамы ой өруіндегі қазақи мінез-характер мәселесінің шешім табуы мардымсыз екендігін алғашқылардың бірі ретінде баса айта алды. Автор зерттеуде аталған жылдардағы қазақ әңгімелеріндегі жаңа соқпақ, тың өріс, қазақ характерінің табиғаты, жанрдың бағыт-бағдары, архитектурасындағы өзгешеліктер мен дәуіріне сәйкес озық пішіндердің пайда болуын егжей-тегжей баяндайды. Әрине, белгілі бір кезеңдегі көркем әңгімелерді талдау нысанына іліктіру, оған әдебиеттану ғылымының жеткен биігінен ғылыми түсінік беріп талдау, жанр құбылысын зерде сүзгісінен өткізу оңай шаруа емесі анық. Бұл орайдағы ғалымның ұстанар қағидаты – жанр табиғатын талдауда, тұжырым жасауда, пікір айтуда шалағайлыққа ұрынбаудың кепілі ретінде әдебиеттің өткенін білу ғана емес, ертеңгісін қатар сезіну. Ғалым сол тұстың өзінде-ақ көлемнен де, ойдан да, образ оюдан да ықшамдылық тілейтін әңгіме жанры көп жазушыға қол еместігін меззей келе, суреткерлердің жанр тануларында селкеулік барын айта алған. Автор әдебиеттану ғылымының әңгіметану секілді қомақты саласына қатысты өзіндік салмақты ойларын тұжырымды да дәлелді ұсынады. Кейбіріне құлақ түрелік: *«Әңгіме жанры да қоғам және адам тектес. Дәуіріне қарай икемді»*; *«Эпикалық шағын түрін қанша мақтасақ та, бұл өзі соңғы кезде «Қызыл кітапқа» кіретіндей жанрға айналып бара жатыр» (3-б.)*; *«Эссе-көркем прозаның сирек түрі, табиғаты тылсым құбылысқа толы түрі. Ол француздың «әрекеттенемін», болмаса, латынның «безбендеймін» деген сөз мағыналарына жуықтайды» (9-б.)*; *«Эссе-объектіні дәріптеуден гөрі, құбылыстарға әлеуметтік талдау, қоғамдық баға беру арқылы құнды» (14-б.)*; *«Қысқа әңгімелер – үлкен өмірдің шақпақ-шақпақ үзіндей. Бұл жанр түрінің спецификасы еркін, қызу қанды эсседен, публицистикалық суреттеулерден, сатиралық миниатюралардан мүлдем бөлек. Қысқа әңгімелер – шағын жанрдың ерекше түрі. Бұл өзекті проблемаға құрылған, композициясы жағынан өте сығылған пружина іспеттес дүние. Қысқа әңгімелерде ішкі динамика, характердің қақтығысы сұмдық ұшқыр. Тілі барынша шақ, ұста жұмсалады» (16-б.)*; *«Жалпы әңгіме-новелла атаулыға ықшамдық керек болса, қысқа хикаяларға нығыздалған, қан-жынан арылған тазалық керек. Мұнда мүлт деталь, босаң арқау, әшекейлі сұлу сөздер бірден көзге қарығады. Шығарма сынынан, шынылы-табиғи нұрынан айрылады» (19-б.), т.б.* Демек, Серікқали Шарабасов – қазақ әңгіметану ғылымында өзіндік үлесі бар ғалым. Автор сөзімен айтсақ, *«қазақ көркем әңгімесі белгісіз ғарыштық ғаламаттан әлдеқалай түсе қалған метеорит емес. Қазақ ауыз әдебиеті атты қасиетті жерге тұқым боп себіліп, өсіп-өніп шыққан жеміс. Әрбір өсімдік сияқты оның тіршілік тынысы, өркендеу мерзімі бар»*. Ал оны мәпелеушілер – әдебиетті зерттеушілер. Солардың бірі – Серікқали Ғабдешұлы. Әрине, әдебиеттанушы ғалым жоғарғы іспетті тереңнен түйінделген тұжырымдарды жайдан-жай ойдан шығара айта салудан аулақ, бұл – қазақ әдебиетіндегі сан алуан саңлақ жазушыларымыздың аталмыш жанрға сәйкесті жүздеген туындыларын оқи, талдай, сүзгіден өткізе жасалған теориялық байлам. Бұл тұрғыдан келгенде, С.Ғ.Шарабасов – әдебиет сыншысы да [1; 2; 3].

«Бидің айтқанын құл да айтады, бірақ аузының дуасы жоқ» (Төле би) дегендей, екінші бірі қазақ әдебиетінің тұлғалы туындыгерлерінің шығармаларына өзіндік ғылыми дәл түйін жасай алмасы да ақиқат. Ал ғылымда байсалды С.Шарабасовтың белгілі ақын-қаламгерлерінің туындыларына, шығармашылығына байланысты айтқан пікірлеріне ғалым-әріптестері, жалпы оқырман атаулы сүйсіне де, ойлана да, шынайы сеніммен *«Секең айтса, жөн айтады»* тұрғысында қарайды. Мәселен, бұған ғалым-әдебиетшінің ақын Жанғали шығармашылығы турасында айтқан тұжырымы дәлел. Тындап көрелік: *«Жанғали – Батыс өлкесінің өте-мөте сараң, бірақ барынша бірегей поэзия өнерінің небір есте жоқ ерте кездегі ұрығы. Сол дән қазіргі поэзияның құнарлы*

топырағына енді де, сыршыл әрі пәлсафашыл нұрлы лирикаға айналды. Лирикада мінез болады десек, ақын өлеңдері Махамбет жырларындай өршілдікті, ашуды, бұрқануды, ұрыншақтықты тілейді, өлеңдерінің өн бойында бір булығы жатады...» (1996 ж.). Бұл секілді адамды өзіне баурап алар, стилі бөлек баға-байламға көзі түскеннен кейін, Жанғали аға поэзиясын оқымайтын оқырман тауып көріңіз. Кейде поэзияның бағын ашар осындай шынайы сын пікірлер деп жатпай ма? Тағы бір мысал, 1996 жылы С.Шарабасовтың (Т.З.Рысбековпен бірлестікте) қазақтың Қадырының шығармашылығы туралы «XX ғасыр ақыны» атты мақаласы басылым көреді. Шағын мақалада авторлар тарапынан орынды түйіндер жасалғанын байқаймыз. Бірқатары төмендегіше: «Қадыр Мырзалиев – әдебиеттің киесі – Қыдыры»; «Дүние тұңғығына үңілу, одан рухани игілікті қопару, оны парасат тарихқа айналдыру-дара қаламгердің қасиеті. Ағамызға құдай бұл бітімді мол сыйлаған. Оның әрбір жыры құрғақ фактіге емес, сезім мен интуиция бесігіне бөленген жүрек суырар ойлы да өршіл өлең»; «Қадыр Мырзалиев – ақылды философ, сезім таразысын тең ұстап отыратын рационалист лирик. Мұндай эстетикалық қасиет әр нәрсеге өте сабырлы, парасатты қарайтын Шығыс поэзиясына тән. Көне шығыс поэзиясы – дүниетану даналығы. Қадыр аға осы даналық поэзиясын игерген»; «Ақын өлеңдеріндегі көркем жинақтау тәсілдері, логикалық байыптауы таңқаларлық. Қадыр лирикасы өте шағын, бірақ мазмұнға бай, әсіресе, қорытындысы қорғасындай ауыр. Қадыр өлеңіндегі антонимдік параллель, антитеза, түрлі салыстырулар, біздіңше, қазақ өлеңінің, соның ішінде, Қара өлең күдіретінің салтанаты. Өмір-өлім, бейнет-зейнет, дала мен қала, биіктік пен тереңдік, өтірік пен шындық, түр мен мазмұн, жақсы мен жаман бәрі-бәрі бір-бірімен ымырасыз айтысады, содан ақыры дөп-дөңгелек өмір философиясы дік ете түседі». Аңғарғанымыз – ғалым көпшіліктің көкейіндегісін нақты айта алған.

Профессор С.Ғ.Шарабасов – абайтанушы ғалым. Кейде ойға қаласың, абайтанушы болу үшін де міндетті түрде том-том монографиялар жазу міндет пе? Абай мұрасын, даналығын әдебиетші ретінде терең түсіне отырып, өз субъективтік көзқарасы тұрғысында қалың көпшілікке жеткізе білу де оңай шаруа болып па? Абайтанушы ретінде ғалым: «Абай ғақлиясы – қазақ әдебиетіндегі алғашқы проза бастауы және тосын үні»; «Абай – өздігінен білім алып, дүниенің төрт бұрышына даналықпен көз тіккен ғұлама»; «Абай қара сөздерінің эсселік қасиеті басым. Мұнда көркем хикаядан гөрі, сыншыл кеңес, өзіндік пікір көбірек. Қарасөз – қазақ халқының психологиясын жаза баспай тапқан эссе». Абайтанушы ғалым, маман әдебиетші пікірі осылайша түйдек-түйдегімен өріле береді. Бір қызығы - қалтарысы көп өмірдің бір иіріміне қатысты сіздің қойған сауалыңызға ұстаз ғалым Абай дана өлең тармақтарын көз жұма жатқа айтумен жауап береді. Демек, Абайдың адамдық кредосы Серікқали Ғабдешұлына де сіңгеніне таң қаласың... Осыған жалғас ұстаз ағаның адамдық келбеті де менмұндалайды. Оның өзі: «Қиянатқа жоқ ем, көмекке, мейірімге көп ем. Топас-тоғышар, алымпаз-жемқор, семіз қара, бипыл сарыларға қарыздар емеспін» («Рухани арылу» (физиологиялық очерк)); «Жақсы адамға қол бермегенің – жаманды өсіргенің. Періштені жылытқаның – шайтанға дем беріп, дәсерсітіп қойғаның» (Бұ да сонда) деп өреді. Секеннің өмірдегі адамдық кредосының бірі де - осы.

Әдебиеттанушы ғалым С.Шарабасов – Оралхантануға да өзіндік үн қосушы. Ғалым бұл ретте: «Задында, Оралхан – жазу машығы ала бөтен, өзінше жаңалық айтуға икемі бар жазушы. Автордың бір шығармасы екінші шығармасына мүлдем ұқсамайтын, бір кітабы екінші кітабынан сапа жағынан марқайып отыратын ерекшелігі үстем қаламгер. Жазудың кекселігі – кенеулі ой мен сарабал мазмұн және ойнақы пішінде». Бұл автор тарапынан Оралхан Бөкеевтің көзі тірісінде айтылған, тамыршыдай дөп аңғарыла, сахнаға көтерілген әрбір кесек туындыны бақылай отырып берілген баға. Ғалымның Оралхан шығармаларын сыни талдауының бірер үзігі былайша ұсынылды: «Табиғаты тылсым жанр түрі тұла бойына көркем шығарманың фабуласы мен сюжетін, сондай-ақ публицистикалық баянын сіңіре білген. Мәселен, «Ақатай» бөлімі таза

новеллалық қасиетімен одағайланса, «Ел мен Жердің» кіріспе бөлімінде журналистика қолтаңбасының ізі бар. Соңғысында автор шаруашылықтың міні, берекесіз бастықтар қылығын фотографиялық тілмен сипаттап кетеді»; «Оралхан эссесі кермек дәмді текірек публицистикадан гөрі, сылдыраған келісімді лирикалық прозаға қарай ойысады», т.б.

Қысқасы, белгілі бір жанр аражігін айыра білуге суреткерлік, сыншылдық, ғалымдық, байқампаздық керек екендігін ескерсек, әдебиеттанушы ғалым С.Шарабасов бойында бұлардың күллісінің бар екендігі даусыз. Секең – сыншы, Секең – ғалым, Секең – жазушы, Секең – публицист, Секең – журналист, Секең – байқампаз, шәкірт қылығын қалт жібермей аңғарар, талантты тамыршыдай таныр ұстаз... Бізді ғалым-ұстаздың өз саласында не айтса да, не жазса да негізсіз, жадағай пікір айтуға бармауы қуантады. Бұл нағыз әдебиеттанушы ғалымға тән қасиет. Маман әдебиетші – ұстаз ретінде Секең қай тұста да әдебиетіміздің даму үдерісіне бей-жай қарай алмады. Бұл, біздіңше, мүмкін де емес... Бізді, «Шарабасовтың шекпенінен» шыққан шәкірттерін марқайтар мәліметтің бірі – Серікқали ұстазымыздың «Әдемілік пе, әдейілік пе?» атты мақаласымен 1977 жылы «Қазақ әдебиеті» газеті ұйымдастырған конкурстың жеңімпазы атануы. Бұл оқиға барысын Секеңнің досы белгілі ғалым Серік Мақпыров былайша баян еткен-ді:

Профессор З.Қабдолов:

-Шырағым, КазГУ, КазПИ-ді бітірмегенсіз. Орал пединституты Қажымның институты ғой. Бірақ ренжіме. Ешкімнен ой ұрламай, қазақ әңгімесі туралы реферат жаз. Бір жылдан соң көрелік,-дейді.

-«Жазған құлда жазық жоқ» дегендей, Серікқали көз майын тауысып, біраз ізденіп, оқып ақыры Т.Әлімқұловтың сын, зерттеу еңбектеріне кезігеді. Оқи отырып ренжіп, түңіле бастайды. Сөзге талғамшыл, керемет терең жазушының өзі де мүлт кеткендей ме, қалай?! Сөзді көп қайталайтын тұстары баршылық екен. Бұның түсінігінше «бояушымын» деп жүріп, сақалды да бояп жіберген. Осылайша даяр болған жиырма беттік рефератты Қабдолов ағасына жіберіп, өзі қаламгер досы Қажығали Мұханбетқалиевке бара қалады. Ол рефератты ұнатып, бұған айтпастан материалды «Қазақ әдебиеті» газетіне береді. «Таланттағы тапшылық» айдарлы реферат бір күні «Әдемілік пе, әдейілік пе?» деген тақырыппен газетте жарқ ете қалады. Сөйтіп, автор әйгілі қаламгерлер Ғ.Мүсірепов, Х.Ерғалиев, министр Т.Шарманов т.б. қатар «Қазақ әдебиеті» газетінің лауреаты болып шыға келеді... [4].

Ал бұл проблемалы мақаласында Серікқали ағамыз әдеби тіл мәдениеті мәселесіне үн қосқан-ды. Сол сәттің өзінде жас тілші-әдебиетші ғалым, ізденуші: «Деталь – сирек құбылыс, егер сәтінде кездесе, жазушы бақыты. Ал шығармадан шығармаға, кітаптан кітапқа рабайсыз көше берсе, туындының көркемдігін бұзады», - деп бір түйіп тастайды.

Серікқали Шарабасов ағамыз – ешкімге ұқсамас өзіндік мәнер-дағдысы бар, шәкіртін өзіне еліте алар, сөзіне ұйыта алар, өнеге дарыта алар сирек кездесер ұстаздар сапынан. Жалпы «ұстаз» сөзінің мәні шәкірттерін жақсылыққа баулу, өзгені бақытқа жеткізуге үйрету, тәрбиелеу ұғымына ойысса керек. Осы ұғымнан туындата өрсек, ұстаз-шәкірттерінің өмірге көзқарасын, сенімін қалыптастыратын, өмірде өзіндік жолын табуға бағыт-бағдар сілтейтін, төңірегіне білім-тәрбие шапағатын шашып, адамилық сәулесін төгетін ойшыл да биік тұлға. Қайран Серікқали ағамыз осындай жан еді. Біздіңше, ұстаздық үздік қасиетінің, шынайы үлкен абырой-беделінің тәрбиелік күші – шәкірт атаулының берілген кеңес-бағдарды санаға тоқи отырып, еш міндеттеусіз, зорлаусыз өз ерік-қалауымен іс-әрекет үстінде болуында. Шынында да, адам атаулы өзінің айрықша сыйлайтын, имандай ұйитын, мақтан тұтатын ұстазының айтқанын екі етпей, тапсырмасын ауырсынбай, оны шын пейіл-ықыласымен, ынталана, шабыттана орындамақ. Бір байқағанымыз, «Серікқали аға айтып еді, тапсырып еді» деп, қалай да сол тапсырманы орындау мақсатында, ұстаз сенімінен шығу жолында

зымырап жүрген студенттерді әр кез көру еш қиындық туғызбайтындығы... Иә, ұстаз болу үшін де, үлкен табандылық, үйретуден жалықпау, ең бастысы мамандығыңды сүю қажеттілігі даусыз. Бұл үшін ұстаздың өзі көп тұста үлкен жігер, мол ынтамен оқып-үйренуі, білім қорын берер, іс-әрекетке баулыр шәкірттерін зерделей алуы, білім, білім-дағдыларды олардың зердесіне ұялатудың ұтымды амалдарын талмай іздеп, табуы да қажет. Бұл ретте Серікқали ұстазымыз тарапынан сабырлы ыждағаттылықты, терең зерделілікті, қажымас қайраттылықты, тапжылмас табандылықты, көл-көсір еңбекқорлықты көретінбіз. Өзімізге үлгі тұтатынбыз... [5].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғалым-ұстаз Серікқали Шарабасов және қазақ филологиясы мәселелері / *Облыстық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары*. Жалпы реакциясын басқарған педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.С.Қыдыршаев. – Олар: «Ағартушы» мемлекеттік тілді оқыту орталығы, 2007. – 224 б.
2. Қыдыршаев А.С. Серікқали Ғабдешұлы Шарабасов – әдебиеттанушы ғалым, білікті ұстаз / Ғылыми жинақ. – Орал, 2007. – Б.5-9
3. Шарабасов С.Ғ. Қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанры. Зерттеу, эссе, проза. – Алматы, «Өлке» баспасы, 2000. – 183 б.
4. Шарабасов С.Ғ. Әдемілік пе, әдейілік пе? // «Қазақ әдебиеті» газеті, 1977ж., 15 шілде.
5. Қыдыршаев А.С. Қайталанбас ұстаз – ғалым тұлғасы // «Үш қоңыр» республикалық әдебиет, мәдениет және өнер газеті, №18, 06 мамыр 2022 ж. – Б.1-8

ӘОЖ 82:316.3

АУЫЗША СӨЙЛЕУ, ПІКІРАЛМАСУ, ШЕШЕН СӨЙЛЕУ БІЛІК-ДАҒДЫЛАРЫН ШИРАТУ АМАЛДАРЫ

А.С.Қыдыршаев,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, п. г. д., профессор

Д.А.Шақуова,

БҚО Казталов ауданы әкімі аппаратының Ұйымдастыру және бақылау бөлімінің бас маманы

А.Р. Ахметжанова,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің II курс магистранты

Ү Мақалада қазіргі таңдағы тілдік қатынастың барлық түрлерін игерген жоғары мәдениетті адамдарға қоғам қажетсінуі айқын аңғарылуына баса ақцент беріледі. Бүгінгі жоғары оқу орны студенттерінің ауызша сөйлеу, пікір алмасу, шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға бірден-бір қатысты негізгі қағидалар електен өткізіле тарамдалады. Нәтижесінде студенттердің ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру бағытында сөйленер сөздің композициялық қағидалары, шаршы топ алды сөздің стилистикалық ерекшеліктері, сөйлеу мәнерлігін қалыптастырудағы шешендік құралдары, аудитория зейінін аудару және кідірту амалдары ұсынылады. Ділмарлық - бұл адамның тіл мәдениетіне деген ынтасы, яғни таза сөйлеу - ой айқындылығының белгісі. Студенттердің пікірсайыс мәдениетін қалыптастыру бағытында дәлелдеудің құрылымы мен қағидалары, айғақтама түрлері, айғақтаманың риторикалық әдістері, айғақтамалардың өзгермелі тәсілдері (дидарласушыны дискредитациялау техникасы, изоляциялау техникасы, апелляция техникасы және т.б.), пікірсайыстағы теріске шығарудың амалдары екішеленеді. Студенттердің

шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру бағытындағы коммуникативтік қатынастың сапалық белгілері айқындалады.

Кілтті сөздер: шешендіктану, ауызша сөйлеу мәдениеті, сөйленер сөздің композициялық қағидалары, шаршы топ алды сөздің стилистикалық ерекшеліктері, парадокс, апелляция, сөйлеу мәнерлігін қалыптастырудағы шешендік құралдар, риторикалық сұрау, афоризм, аудитория зейінін аудару және кідірту амалдары, пікірсайыс мәдениеті, дидактикалық техникалар, дискредитациялау техникасы, изоляциялау техникасы, апелляция техникасы, шешен сөйлеу мәдениеті.

Ü В статье рассматривается алгоритм систематизации целей и ключевых вопросов ораторского искусства на началах теории и практики риторики. Особенно большое внимание уделено разработке моделей по активизации мыслительных операций в риторике эстетики и этики устной разговорной речи. Общество нуждается в людях, которые владеют высокой культурой акцентированных языковых отношений. На сегодняшний день студентам высших учебных заведений при формировании устной речи требуются для умения обмениваться своими мыслями, выражать свое мнение, ораторские навыки и красноречие. Одно из основных правил красноречия - это заинтересованность человека к культуре языка. Поэтому студентам для формирования устной речи предлагается освоить такие навыки, как стилистические особенности устной речи, привлечение аудитории к языковым культурам и формирование коммуникативных отношений.

Ключевые слова: цельная конструкция риторического действия, модель воздействия через устную речь, методика отбора ключевых мыслей для устного выступления.

Ü The article provides the algorithm of systematization of goals and basics and key issues of declamation on the basis of theory and practice of the knowledge of rhetoric. Special attention is paid to the development of models for enhancing mental operations in the rhetoric of aesthetics and ethics of oral conversation. The society needs people who possess high culture and accentuated linguistic relations. Today, students of high schools require knowledge and skills to exchange their views, thoughts, oratorical skills, eloquence. One of the main rules of eloquence is the interest of person in the linguistic culture. As a result, for the formation of oral speech of students they are offered such tasks as the study of stylistic features of spoken language, the relation of rhetoric, attracting of audience to the language cultures and the formation of the communicative relations.

Keywords: block construction of rhetorical action, model of impact through oral speech, the method of selecting key ideas of oral presentation.

Шешендік - кісі көркі. Шешендіктану - ізгілік себетін, шынайылыққа, әдемілікке ұмтылдыратын күрделі сала. "Талаптыға нұр жауар" дегендей, шешендіктану саласын терең меңгеру арқылы өз сөзінді өзгенің тындарына, өзгеге ұғынықты да аса қажетті боларына көз жеткізу қиын емес. Демек, сауатты да шешен сөйлей білу - заман талабы. Қазіргі таңда тілдік қатынастың барлық түрлерін игерген жоғары мәдениетті адамдарға қоғам қажетсінуі айқын аңғарылуда. Ал бүгінгі күні мұндай білімнің қажеттілігі айдай анық. Бұл орайда баса ескерер ерекше тұс - егер де адамның жалпы мәдени деңгейі жеткілікті дәрежеде жоғары болса ғана, жинақталған кәсіби білім мен дағды жемісті жетістікке жеткізе алатынын болашақ мамандардың терең түсінуінің қажеттігі.

Жалпы сөз сөйлеуді шебер меңгеруді қажет етпейтін мамандық жоқ. Ал адам іс-әрекетінің кейбір салаларында ол аса қажетті де тиімді жұмыстың міндетті алғы шарты. Сауатты да шешен сөйлей білу дағдысы адамдар арасында жылы да жағымды қарым-қатынас орнатуға және сақтауға мүмкіндік береді. Әшейінде мағынасы көмескі, тіптен

қажетсіз көрінетін сөзді өз орнында, дәл мезетінде шебер де шынайы қолдана білсе, ол теңдессіз күшті құралға айналары сөзсіз.

Біздің қарым-қатынасымыз сәтті болу үшін тек қана тілді, оның грамматикасы мен сөздік қорын жақсы біліп қою жеткіліксіз. Пікірлесушіңді қызықтыра отырып, оған әсер ету өз бағытыңызға аударып, баурап алу өзіңізді ұнататын адамдармен, өз қарсыластарыңызбен сөйлесе білу дос-жаран арасындағы әңгімеге қатыса білу ақырында шаршы топ алдында сөйлей білу үшін өз сөзіңді орынды үйлестіре білуге үйрену аса қажет.

Аристотель өзінің "Риторикасында" күллі адам баласының белгілі дәрежеде шешендіктану іліміне қатыстылығын анықтайды. Демек, кәсіби маман педагог-психолог, заңгер, әлеуметтік қызметкер, саясаткер, менеджер, діни уағыздаушы өз мамандықтарының шарықтаушегіне жеткісі келсе, сөйлеу өнерін жете меңгеруі тиіс. Себебі оларға адамдармен үнемі қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, кеңес беруге, ұстаздық етуге, ресми жағдайда шаршы топ алдында сөйлеуге тура келеді. Осы орайда аудиторияға көздеген ме- жеде әсер ету мақсатында шаршы топ алдында сөйлеуге әзірлену және сөйлеу заңдылықтары туралы ғылым саласы шешендіктану көмекке келеді. Баса айтарымыз, бұл ауызекі сөздің күшімен белгілі бір ақпаратты жеткізу амалдары туралы жай ғылым саласы ғана емес, сонымен қоса сөзді өзге адамға әсер ету құралына айналдырушы, сөйлеген сөздің сенімділігін, әсер туғызушылық әрекеттік қалпын қамтамасыз етуші заңдылықтар мен ережелердің шоғыры деуге болады [1, 15-50].

Қазіргі жоғары білім беру саласындағы күн тәртібінен түспейтін мәселенің бірі - таңдаған мамандығы бойынша тиісті деңгейде теориялық- практикалық білік-дағдысы бар кәсіби маман даярлау жайы. Осы түпкі мақсаттан туындата отырып, жоғары оқу орны студенттеріне алғашқы кезекте қажетті ауызша сөйлеу, пікіралмасу, шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға қатысты негізгі қағидалар шоғырын ұсынуды жөн көрдік.

I. Студенттердің ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға қатысты: 1) шаршы топ алды сөз сөйлеуде кітаби стиль түрлерінен (*публицистикалық; ресми-іскери; ғылыми; көркем-әдеби*) хабардар болуы; 2) ауызекі сөйлеу стиліне қатысты қағидаларды білуі (*сөздердің еркін түрде үйлесе келуі; қысқа сөйлемдер; бейтарап лексика; бағалау мәнді жұрнақтар; тілдің бейнелеуіш құралдары; экспрессивті тұрғыда сөйлеуге бейімділік*); 3) сөйлеуге даярлығы (*сөз мақсатының айқындалуы; аудитория мен жағдаятқа талдау жасау; сөз сөйлеуге қажетті қағидаларды іріктеу және шешеттеу; материал жинау; сөйленер сөз жоспарын құру; сөйлеу сәтіне керекті сөздерді әзірлеу және екшеу; дауыстап сөйлеу тәжірибесі*) [2, 20].

Ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда сөйленер сөздің композициялық қағидаларын ескеру орынды. Бұл ретте ескерілер тұстар төмендегіше: 1) *композициясы (сөз басы, кіріспесі (тұтас сөздің 8/1 бөлігі); негізгі бөлім; түйін (этикеттік формулалар; тезис, индукция, дедукция; айғақтама, аналогия; негізгі ой үзінгі қайталау; аудиторияны құлшындыру);* 2) *композициялық қағидасы (логикалық жүйелілік; үнемдеу қағидаты; үдету, үстемелету қағидаты);* 3) *композициялық олқылықтары: (логикалық жүйеліліктің сақталмауы (жоспар баптарының бір-бірімен ұласпауы); қозғалған мәселелердің көптігі (3-4); қарастырылып отырған мәселеден ашақ кетушілік; сөйленер сөздің жекелеген қағидаларының күрделенуі (сауалдардың көптігі); теориялық пайымдаулардың тым молдығы; негізгі қағидалар дәлелдемесінің жоқтығы; сөйленер сөз құрылымының жаттанды таптаурын реңде болуы);* 4) *сөйленер сөздің композициялық-логикалық желісі. Кіріспе (міндеттері: тақырыпқа қызығушылығын ояту; аудиториямен байланыс орнату; аудиторияны сөйленер сөзді қабылдауға бейімдеу). Аудиторияның зейінін аудару амалдары: (Қаратпа сөз (аудиторияны өзіңе қарата айтылар сөз); сөйленер сөздің мақсатын баяндау, тақырыптың басты тарауларына шолу жасау; уайым-қайғыларын бөлісу амалы;*

аудитория қызығушылығын ескеру; сәйкесті оқиғаға жүгіну; географиялық не ауа райы жағдайларын ескеру; беделді тұлғаларға не танымал ақпарат көздеріне жүгіну; шешен тұлғаның ерекшелігін ескеру; аудиторияға сауал тастау; тосын пікір (парадокс); юморлық тұрғыда ескерту). Бекіту тәсілдері (шын жүректен шыққан сөз, жеке-дара аудиторияға қарата айтылар сөз, комплимент); дәлелді қолдану техникасы (оқиға, жеке толғаныс, салыстыру, анекдот); пайымдауды туындату техникасы (мәселенің ашық қойылуы, қарсы пікір); тікелей айту техникасы (тақырып бойынша сөз сөйлеудің себебі); негізгі бөлімді әзірлеу қағидаттары (индуктивті; дедуктивті; аналогия бойынша; хронологиялық; логикалық-сипаттамалы; себеп-салдарлық). Қорытынды (мақсаттары: айтылғандарды жинақтау; сөйленер сөздіңегіне қызығушылықты арттыру; айтылғандардың мән-мағынасына салмақ беру; міндеттер қоя білу; іс-әрекетке шақыру). Әдістері: (айтылғандарды жинақтау; негізгі мәселелерді не тұжырымдарды қысқаша қайталау; мәселенің келешегін аңғарту; соңғы сәтті иллюстрациялау тұрғысында беру; лепті (ұранды) сөз).

Студент жастардың ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда шар-шы топ алды сөздің стилистикалық ерекшеліктері де есте ұсталғаны жөн. Бұл орайдағы қағидалар үзіктері төмендегіше: 1) қысқа да нұсқа, жай (аса күрделі емес) сөйлемдер; 2) сөйлем құрылымдарының еркіндігі; 3) ауызекі сөйлеу кезеңі; 4) байланыстырушы (дәнекерші) құрылымдар (және, бірақ, десек те, сондай-ақ, солай десек те, солай ма); 5) сегментті құрылымдар (бұған байланысты, осыған байланысты, бұған сәйкес); б) сөйлемдерді байланыстырғыш сөздер, тіркестер (қарастырайық, алалық, келесісіне көшелік, меніңше, менің ойымша, біріншіден, келесіде атаймыз (сөздердің не оралымдардың қайталануы); 7) Аппеллятивтер (көз алдымызға елес-тетіп көрелікші, келіңіздер, бірлесе ойланып көрелік); 8) есімшелі оралым-нан гөрі бағыныңқы сөйлем дұрыс; 9) ырықсыз етістен гөрі сабақты етіс дұрыс; 10) сөздердің «пассивті» қордан гөрі «активті» қордан болғаны, зат есімді етістіктерден гөрі етістіктің өз табиғатынан болуы тиімдірек (Осы аппарат өндіреді - бұл аппараттың өнімділігі); 11) «Өтімді де үйлесімді» сөздер мен сөз тіркестері (мүмкін, сіз байқаған шығарсыз, уақыттың көбірек бөлігін, әрдайым бірге); 12) Жіктеу есімдіктері (мен, сіз, біз); 13) Сілтеу есімдігі (сол, осы, мынау), 14) Жинақтаушы жалаң және сұраулы сөйлемдер.

Даусыз ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда баса ескерілер мәселенің бірі - сөйлеу мәнерлігін қалыптастырудағы шешендік құралдар. Мәнерлілік құралдарының міндеті - эмоционалды фон құру, айтылған іргелі ойларға қатыстылық сезімін ояту. Мәнерлілік - сөз сөйлеу стилінің сен-діргіш сапасы, идеялардың көркем бояуы, ерекше елеңдетер эмоционалды толғаныс пен эстетикалық ләззат атмосферасын туындата келе, тыңдаушылар назарын аударту құралы.

Ал осы реттегі негізгі құралдар сапында стилистикалық фигураны атаймыз. *Стилистикалық фигура* - айтылған ойға тікелей байланысты сөздердің тіркес құрамында үйлесімді қалыпта орналасуы (мәселен, «биологиялық компьютер» адамның миы мағынасын аңғартса, «биолог компьютері» тіркесі жасанды екені мәлім). Оның тарамдары да сан алуан. Бірқатары төмендегіше: 1. *Риторикалық сұрау* шешендік тәсілдерге жататын айшықты сөз тіркесі. Риторикалық сұраулы құрылым ойды, сезімді әсерлету үшін жауабы өзінен өзі-ақ айқын нәрсені әсерлі леппен, сұрау түрінде айту. Бұл күмәндану, шүбә келтіру мүмкін емес деген айрықша сенімділікті білдіреді («Өлім асусыз тау, кімнің бауыры сау? Пулсыз берді, құнсыз алды, оған не дау? Бізге аяулы, алушыға да қалаулы»). 2. *Қайталау*. Айшық-таудың қайталау түрлері (анафора, эпифора) - шешендік сөздердің көркемдік белгілерінің бірі. Қайталанған элементтер белгілі бір ойға, айтпақ болған нәрсеге екпін түсіреді, көңіл аудартады («Бір бала бар атадан өте туады, бір бала бар - атаға жете туады, бір бала бар - кейін қарай кете туады» (Қаз дауысты Қазыбек шешен сөзі). Анафора - сөз басында, тіркес басында айтылар түйіннің құрамындағы жекелеген сөздердің немесе оралымдардың келуі (Кім көрді көктің жерге құлағанын, кім көрді күннің жарық сұрағанын... (И. Байзақов). Эпифора -

сөз соңында (әсіресе, өлеңді сөзде) бір сөздің не сөз тіркесінің бірнеше қайталанып келуі. Бұл қажетті бір ойға, құбылысқа ерекше назар аударып, сөз әсерін арттыру үшін қолданылады («Қыз бала көркем көрінер, беттегі нұрлы қанменен... Еділ көркем көрінер, жағалай біткен талменен...» (А.Керейұлы). 3. *Градация* - жиі қолданылатын риторикалық фигуралардың бірі. Бұл сөздердің, көбінесе синонимдердің, бірінен-бірінің мәнерлі, эмоционалды бола түсуі қалпында ор-наласуын білдіреді. *Градация* (лат. *Gradatio* - *біртіндеп көтеру*), яғни да-мыта айшықтаудың бір түрі: алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды асыра, асқақтата түсу («Қобыланды батыр» жырындағы *Тайбурылдың шабысы*). *Түйдектету* («Қиқу салып, құзға ұшқан, Құздан суық мұзға ұшқан, Мұздан биік бұлтқа ұшқан» (Т. Жароков). *Баяулату* («Әм жалықтым, әм жабықтым» (Абай). Кейде екеуі қосарланып қолданылады. Мәселен, «Безілдем! Сарнат! Зарлат! Үздіктіріші! Керек жоқ! Лақтыр әрі! Қысқарт! Қысқарт!» (І. Жансүгіров). 4. *Антитеза* (шендестіру) - шешендік сөз үшін қажет анықтау тәсілінің бірі. Антитезада әртүрлі мағынадағы жекелеген сөздер, сөз тіркесі, тіпті тұтас фразалар қарсы қойылады. Бұл іспеттес оралымдар қажетті ойды белгілі бір феномендер, бағалар, пайымдаулар арқылы үдете түседі («Қардан артық ешнәрсе жоқ, Ұстасаң қолыңды тоңдырады. Қазаннан қара еш нәрсе жоқ, Ішіндегісін ішсең, мейіріңді қандырады. Қара бөрік хан басында, ақ киіз аяқ астында емес пе? Қыран құс қырымға, құзғын құс ырымға деген. Менің ішімнің саралығына қа-рамай, түсімнің қаралығына қараған сіздің көзіңіз де көз емес, ағарып кеткен без екен. Көзі соқырдан көңілі соқыр гаріп, есуастан есірік-гаріп! Сол есірік пен көңілі соқырдың я бірі, я «пірі» болмасаң не етті?» (Сыр бойында жасап өткен Таныс қыздың ділмар сөзі). *Антитеза*, біріншіден, кереғар ұғымдарды бетпе-бет қоятын айшықтаудың бір түрі ретінде екі затты не құбылысты шендестіру арқылы басқа бір құбылыстың, ұғымның, нәрсенің суретін, сыр-сипатын, кескін-кейпін аңғартады. («Қар - аппақ, бүркіт - қара, түлкі - қызыл. Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға» (Абай). Екіншіден, қазіргі әдебиеттанудағы қарама-қарсылықты (контрасты) айқындау, көбінесе ашық, антоним сөздер арқылы да беріледі. Мұнда авторойыолқолданғансөздерден теренде жатуы да мүмкін («Өссе, тілім, мен де бірге өсемін. Әшсе, тілім, мен де бірге өшемін» (Ә.Тәжібаев). 5. *Метафора* - сөйленер сөздің бейнелілігі мен мәнерлігін қалыптастыруда кең көлемде қолданылар шешендік құралдардың бірі. Байырғы шешендік сөздерде жиі кездесетін көркемдеуіш құрал (Ашу деген - ағын су, алдын ашсаң арқырар, ақыл деген - дария, алдын тоссаң тоқырар; Сен - темір де, мен - көмір, еріткелі келгенмін, сен көкте ұшқан құс болсаң, мен іліп түсер сұңқармын, сен тоғай ара-сындағы қабан болсаң, мен - жолбарыс, алысқалы келгенмін; өлім деген - ұзақ жолдың алысы; әкең - асқар тау, шешең - аққан бұлақ және т.б.). 6. *Кейіптеу* - жансызды немесе абстракты нысанды жанды зат ретінде бейнелеу (кескіндеу). Әртүрлі табиғат құбылыстарын, жансыз нәрселерді адам кейшіне келтіріп немесе қалай да жан бітіргендей етіп суреттейтін көркемдік тәсіл (*Қазақ халқының эпостық жырларында атқа тіл бітіріп, адамша ойлап, сезінетін етіп көрсету кездеседі; Ауырып домбыра да ыңыранды. Сансыз саусақ қаңғып, қыдырады. Бірде ысып, бірде суып, күйіп-жананып, Жүректе сандыраған күй жынданды* (Ілияс). 7. *Аллегория* - қияли (алыс) түсініктерді, оқиғаларды, құбылыстарды нақты (жақын) бейнелеу. Аллегория (грек. *allegoria* - астарлы сөзбен бейнелеу) - әдебиетте, жалпы көркемөнерде, белгілі бір идеяны астарлап суреттеу үшін бір нәрсенің, көбінесе адамның мінезін, құлқын, амалын екінші нақты нәрсе-нің бейнесінде көрсетіп айту тәсілі (*А.Байтұрсынұлының «Қырық мысалы», оның ішіндегі «Иттің достығы» шығармасы*). 8 *Салыстыру*- сөйленген сөз нысанындағы ұғымның екінші бір ұғыммен қарапайым алмасуы, салыстырылуы (мәселен, *салыстыру - ғылыми деректерді баяндаудың дәстүрлі негізгі құралдарының бірі. «Әлемдегі күллі құбылыстарды тек салыстыруарқылы ғана танимыз»* (К.Д. Ушинский). 9. *Эпитет* (*сипаттама*) заттың не құбылыстың айрықша белгісін, нақтылық сипатын беру (Қысқы кеш, қоңыр кеш. Көптеген эпитеттерде ұлттық бояу-

бедер болады /алма мойын, бота көз, қолаң шаш, қоңыр дауыс, ақша бет). Поэзияда әр ақынның өз қолтаңбасын танытатын әсерлі, күрделі эпитеттер мол кездеседі (Жалынды күй, сарынды күй, ыңыранған күй, ырғалған күй, жынданған күй, жандырған күй, жылатқан күй, жұбатқан күй, жорға күй, тәтті күй, шерлі күй (I Жансүгіровтің «Күйші» поэмасындағы күй сипаты). Эпитет - бояу. Айтылмақ ойдағы белгілі бір заттың, құбылыстың қалпы дәстүрлі шешендік сөздерінде эпитет түрінде еркін де жиі пайдаланады (Асусыз тау, арылмас дау, екі ауыз сөз, торқалы той, алалы жылқы, топырақты өлім, ақтылы қой және т.б.). 10. Сөйлеу мәнерлілігі *афоризмдерді (түйінделе әрі екшеле ұшталған фразалар арқылы берілген жинақы ой-ларды танытатын қысқа да нұсқа даналық сөздер)*; мақал-мәтілдерді (баға жеткізгісіз халық даналығының арсеналы, ақыл-ой симфониясы, атақты тұлғалардың саф алтынға парапар ақыл-нақыл сөздері); канатты сөздер, дәйекті сөздер, өзге де формалар мен лингвистикалық әдебиеттерде біршама жазылған троптарды орындайтын қолданылуымен қамтамасыз етіледі.

Ауызша сөйлеу мәдениетіне қатысты бірқыдыруаудитория зейінін аудару және кідірту амалдары қолданылады. Бір шоғыры мыналар: I. Сөз басында: 1. Кідіріс, визуальды байланыс. 2. Танысу(15-20 секунд), аудиторияның қабылдауына ыңғайлану. 3. Сыртқы қалып. 4. *Аудиторияға қатысты ұстанар дистанция*: тым жақынырақ - 15-46 см; өз ортаңда - 46 см-1,2 м; әлеуметтік жағдайда - 1-23,6 м; қоғамдық ортада - 3,6 м. 5. Сәлемдесу (кешірім сұрамау). 6. Аудиторияға қолдау білдіру (комплимент). 7. Уақытылы бастау. 8. Басы артық қағаздың болмауы. II. *Сөз сөйлеу барысында*: 1. Жаңалық (белгіліден белгісізге қарай жүру). 2. Сөйленер сөзіңіздегі талас (кереғарлық) (конфликт) тудырар жағдаяттар. 3. Нақтылы деректерге негізделген пайымдамалардың жүйелілігі. 4. Сөйленер сөздің жандылығы (ырғақ-тылығы) (секундына 3-5 сөз). 5. Интонацияның мәнерлілігі (ақпарат 40%). 6. Юмор, жылы жымыс. 7. Кідіріс (пауза). 8. Дене қимылы (жест), қозғалыс. 9. Сауал. 10. Тосыннан жасаған үзіліс. 11. Ара-тұра диалогтасу (аудитория тамырын басу мақсатында). 12. Ілгергі сөз не туралы боларына емеурін білдіру. 13. Аудиториядағы адамдардың атын атай отырып, назарын аудару. 14. Сұрақтарға позитивті реакция білдіру.

II. Студенттердің пікірсайыс мәдениетін қалыптастыруға қатысты: 1) *Дәлелдеудің құрылымы мен қағидалары былайша өріледі*: а) Тезистің қысқа да нұсқа жинақы болуы; ә) Тұтас сөз бойында тезистің өзгеріссіз қалуы; б) Тезис мазмұнында логикалық кереғарлықтың болмауы; в) Айғақтамалардың шынайы болуы; г) Айғақтамалардың мейлінше жеткілікті болуы. f) Айғақтамалардың шынайылығы тезистегі ойға байланыссыз-ақ дәлелденуі; 2) *Айғақтама түрлері төмендегіше*: а) Рациональды (деректер; беделді тұлғалар; аксиомалар). ә) Иррациональды (психологиялық) (адамдарға жүгіну; аудиторияға жүгіну). 3) *Айғақтаманың риторикалық әдістері (Кәсіби дәлелдерге негізделген)*: *Фундаментальды әдіс* (сандар, деректер); *Қарама қайшылық туғызу* (қарсы шығу) әдісі (оппоненттің айғақтамасынан қарама-қайшылық табу, қорғану әдісі); *«Түйіндер шығару» әдісі* (дәл айғақтамалар өзіміз күткен түйіндерге қол жеткізеді); *Салыстыру әдісі* (себептің қажеттілігі: салыстырудың сәтті іріктелініп алынуы; қарсыластың салыстырмаларының солқылдақтығын дәлелдеуге болады); *«Иә,... бірақ...» әдісі* (ұсынылған альтернативаның әлсіздеу жағын қарастыруға мүмкіндік туғызады); *«Бөлішектеу» әдісі* (дидарласушының сөйлеген сөзін бірнеше бөліктерге бөлу: бұл дәл; бұл туралы әр түрлі көзқарастар бар; бұл түгелімен әрі түбімен қате, күшті айғақтамаларға жоламау; әлсіз тұстарды жоққа шығару); *«Бумеранг» әдісі* (дәлел боларлық күші жоқ, десек те, ойлы тұрғыда айтылуы жағынан бұлтартпас іс-әрекеттерге бағыттайды); *Көзге ілмеу әдісі* (бұлтартпас деректерді байқамаған болу, көзге ілмеу); *Баса мән беру, үстемелеу әдісі* (акцент беру; дидарласушының алғы мезетте өзін қанағаттандыратын мәселені шығаруы); *«Біртіндеп жүзеге асыру» әдісі* (іс мәнісінің субъективті тұрғыда біртіндеп өзгеруі); *«Сұрау салу» әдісі* (сұрақтар алдын ала беріледі; сауал қою - айғақтаманың

айрықша түрі; дидарласушының өзіндік ұстанымын ақтаруға (ашуға) мәжюүрлек); «Тек сөз жүзінде қолдай білу» әдісі (алғашқы кезекте оппонентке тиімді боларлық дәлелдер келтіру, содан соң қарсы соққы беру (шабуылға көшу).

Қағидалары	Қатесі
<i>Тезис</i>	
<ol style="list-style-type: none"> 1. Тезис қысқа да нұсқа жинақы болуы тиіс. 2. Тұтас сөз бойынша тезис өзгеріссіз қалуы тиіс. 3. Тезис мазмұнында логикалық тұрғыда кереғарлық болмауы жөн. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Тезистегі ой шашыраңқылығы, жинақылықтың жоқтығы «қолға ұстар нақтылықтың болмауы). 2. Тезисті жоғалтып алу. Тезистің ауысуы. 3. Тезистегі ой қарама-қайшылығы.
<i>Айғақтамалар</i>	
<ol style="list-style-type: none"> 1. Айғақтамалар шынайы болуы тиіс 2. Ұсынып отырған тезис үшін айғақтамалар мейілінше жеткілікті болуы жөн. 3. Айғақтамалардың шынайылығы тезистегі ойға байланыссыз-ақ дәлелденуі тиіс. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Теріс (жалған) негіздеме (негізгі қателік осыдан басталмақ). 2. Негіздеменің осалдығы. 3. Шынайы дәйексіз босқа даурығу.
<i>Көрсетілім (демонстрация) амалдары</i>	
<ol style="list-style-type: none"> 1. Дедукция. 2. Индукция. 3. Анология. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Негізгі қайнар сөздің (тұғырдың) жоқтығы. 2. Индукцияның кемдігі. 3. Құбылыстың тек сыртқы ұқсастығы.

4) *Айғақтамалардың өзгермелі әдістері («ойдан шығарылған» амал- дар, «қақпанға түсіру» тәсілдері): әсірелеу техникасы* (әсірелеудің және жалпылаудың барлық түрі. Мысалы: Бұның бәрі - технократиялық қылықтар); Анекдот қолдану техникасы (тыңғылықты ұсынылған ай- ғақтамаларды ойлы тұрғыда айтылған ескертпе күл-талқан қылуы әбден мүмкін); Беделді тұлғаларды пайдалана білу (сөйленер сөзімізде айтылар түйін мүлдем басқа мәселе бола тұра, қажетті дәлелдеме бола алмаса да, танымал авторлардан дәйек келтіру); Дидарласушыны дискредитациялау техникасы (болжам жасауға болады; қатысушыларға дидарласушының келтірер дәлелін түсіндіруге болады); Изоляциялау техникасы (сөйленген ақтаруға (ашуға) мәжбүрлеу); «Тек сөз жүзінде қолдай білу» әдісі (алғашқы кезекте оппонентке тиімді боларлық дәлелдер келтіру, содан соң қарсы соққы беру (шабуылға көшу), сөзден жекелеген фразаларды суырт-пақтатып алу, оларды кесінді күйінде ұсыну); Бағытты өзгерту техникасы (оппоненттің біздің негізгі айғақтамаларымызға тойтарыс бермей, келесі мәселеге көшуі); Ығыстыру техникасы (оппоненттің жанама тақырыпқа ауысуы); Адастыру техникасы (пікір алмасу / дискуссия / соза түсу: ешбір мәні жоқ сөздерді қолдану, талқыланған мәселелерді қайталау, үтір- нүктесіне дейін түсіндіруді талап ету; кейде қарсы болуды, келіспеушілікті бірден айта салмай, сағыздай созу қарсыласыңды қақпанға түсірудің бір тәсілі саналады); Апелляция техникасы (оппоненттің өз жағдайын түсінуге шақыруы, белгілі бір айқындалмаған қағидаттар мен моральдық- этикалық нормалар негізінде шешім табылмаған іскери мәселелерден аттап кетуді өтінуі); Ауытқу техникасы (өзіміз тарапынан айтылғандардан ашық тұрғыда ауытқу); Сұрақ - қақпандар техникасы (толғанысқа түсіру есебінде іс нәтижесімен бірлестікке негізделеді: а) қайталау бір мәселенің не бекітілімнің әлденеше рет қайталануы, ақыр соңында оны дәлел ретінде оңай қолдануға әбден болады; ә) мәжбүрлеу: оппоненттің

өзімен келісуге (келісімге келуге) үгіттеуі: «әрине, бұл дерек-терді сіз жоққа шығармайсыз»; б) альтернативалық: ойдан шығарыла жүйеленген мәселелер бізді оппонентке тиімді белгілі бір жауаптарға ғана итермелейді; в) қарсы сұрақтар: оппонент жауап берудің орнына бірден қарсы сұрақтар қояды);

5) *Пікірсайыстағы теріске шығару-дың амалдары: юмор, ирония, сарказм, «орынсыздыққа дейін апару», «абсурд тұрғысына жеткізу»; «қайтарма соққы» (бумеранг амалы). Оның бір түрі - айтылған репликасынан ұстау; сауалдармен шабуылдау; жеке адамға жүгіну. Өзіндік амал түрі - логикалық қателік (тезистің ауысуы). Тек қана негізделген айғақтамалармен бірлікте. Түрі-көпшілікке жүгіну;*

6) *«Қақпанға түсіру» тәсілдері: Жалған ұялыс таныту (әрине, сізге, мәлім... Мүмкін емес, әлі күнге шейін белмейсіз бе?); айғақтаманы ойдан шығару (әлсіз дәйек, комплимент); жасына, біліміне, жағдайына сілтеме жасау; мәселені істің паноальылығы не зияндылығы тұрғысындағы көзқарас-тармен алмастыру; іс-әрекет мерзімін алмастыру; өзіне сенімді, күдік тумай- тындай, кесімді тон; жүректен оқу, сөйлеу (сіздің оған ерекше аяушылық білдіре сөйлеуіңіз; сіздің жеке өз мүддеңізді көздеуіңіз); тікелей, көзін бақырайтып қойып жәбірлеу, қорлау (беделін түсір); жоспарлы тұрғыда таласты бұзу [2, 30 б.].*

III. Студенттердің шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға қатысты:
Біріншіден, шешен тұлғаға тән қасиет-қағидалардың үлгісін (қыран қанаттылық, сұңғыла ойлылық, терең ақылдылық, телегей білімділік; көргенділік-білгірлік; судан тұнық сөз; дауыс саздылығы; сұңқар үнділік, келісімді келбеттілік; сұлу тұлғалық; сыртқы түрінің мәдениеттілігі) басты стратегиялық меже тұтуы (С.Негимов, «Шешендік өнер». А., 1999 ж.).

Екіншіден, шешендік игеру шарттарын білуі (тыңдаушылар білетін мәселені тәттіштеп айтудан сақтану; тыңдаушынды қадірлей білу; шешен сөзінің анық, дәл, айқын естілетін бо-луы; ым, ишаратты қолдана білу; тың- даушыларға үнемі назар аудару сөйлеу; шешен ойының әбден ығыр болған, үйреншікті сөздерден басталмауы; сөздің қысқа да тужырымды болуы, сөздің жүйелі болуы).

Үшіншіден, шешендік қалыпты аңғартар тілдің ұтымды байлығын қолдана білу аса маңызды. Бұл орайда баса айтылар тұстар мынадай: 1) *Мақал- мәтелдер* (халықтың тіл байлығының алтын қазынасы; іс-әрекет ережесі; аз сөзді келіп, терең мағынаны білдіреді («Сөздің көркі - мақал, жүздің көркі - сақал») Мақал-мәтел шешен сөзіне әр береді); 2) *Фразеологиялық тіркес* (ой мәнерлігіне сеп; ойды әсерлі, көріністі етеді; идиомалық тіркес (*қарақылды қақ жару; жүрегі шайылу; қас пен көздің арасында, аузымен орақоружәне т.б.*); *фразалық тұрақты тіркес* (*көз қырын салу, тасы өрге домалау; жар құлағы жастыққа тимеу; қайратқа мінужәне т.б.*); *Еске! Тілде қалыптасқан құра-мын жөн-жосықсыз өзгертіп айтып, жаза беруге болмайды / «табан ауызында» (дұрысы - «табан астында»).* Бір тілде бар идиомалық тіркестерді екінші тілге сөзбе-сөз аударуға болмайды. / *«Вот где собака зарыта» (қатесі - «Иттің көмілген жері міне, осы»; дұрысы - «Мәселенің түйіні міне, осын- да жатыр»/.* Тұрақты тіркестерді өзгертіп айтуда ешқандай мағына болмаса, оларды стильдік қатеге жатқызамыз/ *Әбігерге түсу - әбдігер болу (дұрысы); беделін төмендету - беделін түсіру (дұрысы); дәм татып кетсін (дұрысы);* 3) *Қанатты сөздер* (ұшқыр ойдың қанаты / *«Жақынды араз, татуды жат қылатын - өсек» (М. Әуезов); «Адамның ішкі сезімінің айнасы - көз» (С. Мұқанов);* 4) *Синонимдік қатардағы сөздерді екішай білуі* (синонимдер - тіл байлығының асыл қазынасы. Мысалдар: айбалау, байқау, аңдау, аңғару, аныстау, бағдарлау, байыптау, парықтау, бағамдау, парлау. Әдеп, иба, ибадат, инабат, ізет, тағызым. Зерек, алғыр, ұғымпаз, ұғымды, ұғымтал, ұққыш, зейінді, тапқыр, тұтқыр, зейінтал. Шешен, шежіре, ділмар, тақтақ, майталман, тілді, самар, тілуар. 2. *Сөз байлығы* (сөз сапасының аса маңызды құрамдас бөлігі. Мәселен, әдетте жеке адамның сөз байлығы (шамамен 8-10 мың сөз) жалпы халықтық тілдің байлығы ұғымымен ұштасады. Асыл тастар: інжу, лағыл,

дәурия, ақық, гауһар, маржан, жақұт, моншак, зүбәржат, алмас, меруерт, замартас, иешім тас, кәрібтас, мөлдір тас, мәрмәр, сутас, табас, ақтас); 3. *Сөз тазалығы* (тіл тазалығы, сөзімізде бөгде тілдік элементтердің болмауы; әдеби тіл нормасы ретінде танылмаған шет тілдік сөздер, диалектизмдер, ауызекі тілге сөзгер, ділуар) [3,49].

Төртіншіден, студенттердің сөздің коммуникативтік сапасын айқындар белгілерін (сөз дұрыстығы; сөз байлығы; сөз тазалығы; сөз қысқалығы мен нұсқалығы; сөз дәлдігі) айқын тани білуі. Себебі, сөзді дұрыс қолдана білмеген жерде дәлдік жоқ. Дұрыс та дәл сөйлеу үшін сөздің мағынасын, орнын, стильдік иірімдерін жақсы білу керек, бай лексика, тілдік тәсілдерге жетіктік, өмірді жан-жақты білуі, ой қуаттылығы қажет. Бұл орайда да мына мәселелер ескерілуі тиіс: 1. Сөз дұрыстығы (сөзді, грамматикалық тұлғаларды, сөз тіркестері мен сөйлемді тілдегі мағынасына сай қолдану; ақиқатты дәл бейнелейтіндей етіп пайдалану, мысалы, тұлғасы тұрақты сипат алған фразеологиялық тіркестердің, мақал-мәтелдердің құрамын орынсыз өзгерту, мақсатсыз ауыстыру сөз дұрыстығы емес. Бірер мысал төмендегіше:

Дұрысы	Бұрысы
1. Өз етегің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда;	1. Аяқ киім тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда;
2. Көшпен көрген ұлы той;	2. Елмен көрген ұлы той;
3. Екі аяғын бір етікке тығып.	3. Бір аяғын екі етікке тығып.

2. Сөз байлығы (сөз сапасының аса маңызды құрамдас бөлігі. Мәселен, әдетте жеке адамның сөз байлығы (шамамен 8-10 мың сөз) жалпы халықтық тілдің байлығы ұғымымен ұштасады. Асыл тастар: інжу, лағыл, дәурия, ақық, гауһар, маржан, жақұт, моншак, зүбәржат, алмас, меруерт, замартас, иешім тас, кәрібтас, мөлдір тас, мәрмәр, сутас, табас, ақтас); 3. Сөз тазалығы (тіл тазалығы, сөзімізде бөгде тілдік элементтердің болмауы; әдеби тіл нор- масы ретінде танылмаған шет тілдік сөздер, диалектизмдер, ауызекі тілге тән қарабайыр сөздер секілді әдеби тілден тысқарылау жатқан бәйәдеби элементтерді қаламгерлеріміз кейіпкер тілін даралау, тілдік мінездеме беру, персонаждардың білім дәрежесін, ой-өрісін, мәдени деңгейін көрсету, ауызекі тілге тән сипат беру мақсатымен эстетикалық жүк арта қолданады. Бәйәдеби элементтерді уәжсіз, мақсатсыз қолдану сөз тазалығына нұқсан келтіреді; сөйлеу дағдысында сөз тазалығына нұқсан келтіретін, сөз әсерлілігінен айыратын «қызметсіз» қыстырынды сөздер ұшырасады («жаңағы», «нетіп», «әлгі», «мәселен», «ал енді», «мысалы» т.б.); 4. Сөз қысқалығы мен нұсқалығы (Аз сөзбен көп мағынаны жеткізу - сөз мәдениетінің бір қыры. Бірақ қысқа баяндаудың бәрі шеберлік емес. Шеберлік аз сөзге көп мағына сыйғыза білуде; Бастан аяқ бір сарынмен сөйлемей, сөз алуандығына көңіл бөлу, шұбырынды сөз, сіреспе тіркес, «Қызметсіз» қыстырындыларға жол бермеу дұрыс). *Ал көп сөзділіктен аулақ болу үшін мыналарды есте ұстау жөн:*

- таптаурындылық (тавтология), яғни бір ойдың өзге сөздермен, көбінесе түбірлес сөздермен қайталанып келуін аңғару;

- бір тектес мағыналы қазақ және сөздерінің таптаурындылық шетел байланыстығын ескеру;

- қыстырма сөздер (сөйлемдер) мен шексіз көптілігінен оралымдардың сақтану;

- анықтауыштарды, тым желікпе әсірелеулерді, тым ұсақтап бөлшек- теулерді талғамсыз, орынды-орынсыз ойланбай, елеп-екшемей қолдануға ын- тызар болмау;

- паразит сөздерден аулақ болу («иә», «я», «так», «яғни», «мысалы», «жаңағы», «неғып» т.б.).

5. *Сөз дәлдігі* (сөзді тілдегі мағынасына лайық қолдану, сөздерді өз мағынасына сай қолданбауға, дәлдіктен көз жазып қалуға, әсіресе, басқалардан гөрі дыбысталуы ұқсас, бірақ мағынасы әр басқа, не бір түбірден тарап, дербес мағынаға ие болған сөздерді (паронимдер) жұмсауға жол бермеу; сөз қолданысымыздағы ұқыпсыздыққа жол бермеу;

мағыналас сөздерді, олардың деректі, дерексіз ұғымды біл- діретін түрлерін талғап, таңдай білу; сөзді білгенмен, оның қандай затты, құбылысты белгілейтінін білмеген немесе шалашарпы ғана білу дәлдіктен көз жаздырады. Кейде зат пен құбылыстың дәл қалай аталатынын білмеуіне оған ден қоймау да сөз дәлдігінен жаңылдырады; логикалық дәлдіктің сақталуы. Сөзді тілдегі мағынасына сай қолданумен бірге сөзде логикалық қайшылықтың болмауын ескеру (Бірақ тілімізде кейде логикалық дәлдіктен ауытқу (оксюморон) боларын ескеру); сөз дәлдігі сөйлеу тіліне де қатысты).

Бесіншіден, студенттің шешен сөйлеу мәдениеті деңгейін көтеруге қажетті дағдыларды білуі (әдеби тіл стильдерін таразылау, өз бет оқу шеңберін ұлғайту; атақты актерлер мен дүлдүл шешендерді жиі әрі мұқият тыңдау, еліктеу; өзіңді үнемі бақылауда ұстау, күнделікті сөйлеу стилі мен тіліндегі мүкістіктермен күресу (мүкістерді дер кезінде, уақытында жою); шаршы топ алды сөз сөйлеуге көбірек машықтану, сөз сөйлеу мәтінін күні бұрын жазып әзірлену, мұқият редакциялау; сөйлеу мәдениеті мәселесіне байланысты арнайы әдебиеттерді оқу, қазақ тілі сөздіктерімен санасып отыру және т.б.). Қысқасы, жоғары оқу орнының әрбір ғалым ұстазы білім беру жүйесінде қай саладан дәріс оқыса да, аталған қағидаларды риторикалық технологияны басшылыққа ала ескергені жөн болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану: теориясы мен практикасы. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ Редакциялық баспа орталығы, 2012. – 230 б.
2. Қыдыршаев А.С. Кестелі шешендіктану. – Орал: «Ағартушы» баспасы, 2008. – 84 б.
3. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2004. – 560 б.
4. Қыдыршаев А.С., Әжіғалиев М.Қ. Педагогикалық шешендіктану. Бағдарлама. – Орал, 2007. – 24 бет.
5. Әжіғалиев М.Қ. Жоғары оқу орындарында «Педагогикалық шешендіктану» курсының оқытудың әдістемелік жүйесі. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғыл. дәреж. алу үшін дайындал. дисс... авторефераты. Көкшетау, 2010. – 29 бет.
6. Педагогикалық риторика. Типтік оқу бағдарламасы. Құрастырушылар: Ж.Қ.Балтабаева, Қ.Ө. Есенова, А.С.Қыдыршаев. Алматы, 2016. – 14 бет.
7. Леонтьев А. А. Педагогическое общение. - М.,1996.
8. Педагогическое речеведение: словарь - справочник / Под ред. Т.А.Ладыженской. - М., 1993.
9. Битянова Н.Р. Риторика и техника преподавания учителя. - М.,1994.
10. Ершова А.П., Букато В.М. Режиссура урока, общения и поведения учителя. - М.Воронеж, 1995.
11. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. - М.,1987.
12. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. - Орал, 2004. - 156 бет.
13. Қыдыршаев А. С. Шешен - лектор профессиограммасы. - Орал, 2004. – 56 бет.
14. Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы. - Орал 2005. – 142 бет.
15. Қыдыршаев А.С. Қазіргі мектеп мұғалімі және шешендіктану ілімі// «Орал өңірі» газеті, 2006, 5 қыркүйек, - 2 бет.
16. Қыдыршаев А.С., Төлегенова Д.Қ. Іскерлік шешендіктану қағидалары. Оқу құралы. - Орал, 2007. – 68 бет.
17. Аверьянов А.И., Рассказова А.Л., Чижова К.И. Психолого-педагогические аспекты деятельности современного педагога. Методические рекомендации для студентов МГПИ. 2010.
18. Мореева Н. А. Основы педагогического мастерства : Учеб. пособие для вузов - Просвещение, 2006.
19. Дейл Карнеги. Как влиять на людей и выработать уверенность в себе, выступая публично. - Москва: Издательство АСЕ, 2022.

ШЕШЕН СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНЕ БАУЛУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.С.Қыдыршаев,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, п.ғ. д., профессор

Ж.С.Қыдыршаев,

*Атырау облысы, Құрманғазы аудандық жалпы білім беретін кешкі орта мектеп
директорының әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары*

О.А.Қыдыршаев,

Назmony steam мектебінің мұғалімі, магистр (Астана)

Ü Мақалада шешен сөйлеу мәдениетін жұғысты ете білген студенттің рухани тұлға әрі жарқын индивид ретінде қалыптасарына барлау жасалады. Жоғары оқу орны студенттерін шешендік мәдениетке баулудың практикалық мәселелері қамтылады. Мақалада студенттің шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастырудағы тәжірибелік бағыттар сапында студенттердің шешендіктану (риторика) ғылымы туралы түсінігінің болуы, шешендіктанудың негізгі нысаны мен міндеттерін білу, әрбір тұлғаның әңгімешілдігін бағдарлай білу, ұжымдық ізденіс үлгісін таныту, қарым-қатынас үрдісіндегі философиялық шындыққа жақындау мақсатындағы сөз сөйлеу, сөз сөйлеу сынағынан өту, даяр сөзді талдай білу қарастырылады. Нәтижесінде шешен сөйлеу сапасын бағалаудың екі үлгісі ұсынылған.

Кілтті сөздер: шешенсөйлеумәдениеті, шешендіктану, риторика, риторикалық мәдениет, тренинг, Конфуций, гармония, алгоритм, Дзен, шешен сөйлеу сапасын бағалау, сөйлеу ырғағы, дауыс тоны, регламент, логика, эмоция, ым-ишара, мимика, аудитория, тактика, реакция.

Ü В статье поднимаются вопросы становления студента как духовной личности и яркого индивида, владеющего навыками ораторского мастерства. Наряду с этим рассматриваются практические проблемы привития студентам высшего учебного заведения культуры риторического общения. В статье затрагиваются проблемы формирования у студентов представлений о науке ораторского искусства, приобретения студентами знаний риторического характера, основных целей и задач риторики, умений наблюдать за ораторским искусством каждой личности, обучения образцам коллективного поиска, навыкам анализа готовых фраз, совершенствования у студентов риторических умений в целях приближения к философской правдивости в процессе коммуникации, которые способствуют формированию культуры ораторской речи у студентов. В заключение представлено два образца оценки качества риторической речи.

Ключевые слова: культура ораторской речи, риторика, риторическая культу- ра, тренинг, Конфуций, гармония, алгоритм, Дзен, оценки качества риторической речи, ритм речи, тон голоса, регламент, логика, эмоция, жест, мимика, аудитория, тактика, реакция.

Ü The article rises the issues of the formation of the student as a spiritual personality and bright individual possessing the oratory skills. Also it studies the practical issues of plying the students of higher educational institution of culture with the culture of rhetorical communication. The articles touches the problems of formation in students of views on the science of oratory, acquisition by students of rhetorical knowledge, understanding of the main goals and objectives of the rhetoric, formation of skills to observe the art of oratory of each individual, training in samples of collective search, training the skills of analysis of ready-made phrases, improving the students' rhetorical skills in order to approach the philosophical truth in the communication process that contribute to the formation of culture of oratory in

students. In conclusion, the paper presents two samples of quality assessment of rhetorical speech.

Keywords: culture of oratorical speech, rhetoric, rhetorical culture, training, Confucius, harmony, algorithm, Zen, assessing the quality of rhetorical speech, the rhythm of speech, tone of voice, Rules of Procedure, logic, emotion, gesture, facial expression, the audience, tactics, response.

Шешендік (риторикалық) мәдениет бағалау-бағдарлау бағытындағы сөйлеу әрекетін айқындайды. Ал шешендік мәдениетті өз бойына ұялата білген студент рухани тұлға және айқын да жарқын индивидтік қалыпта көрінері даусыз. Демек, шешендік мәдениетті, біліктілікті қалыптастыру - бұл тек оқытудағы бір ғана бағыт емес, сонымен бірге өзге де оқыту пәндеріне әсер ету құралы да, интеллектуалдық және эмоционалдық тұрғыда жетіле дамудың тиімділігін қамтамасыз ететін, студенттің әлеуметтік тұрғыда бейімделуінің тиімді жүруіне бірден- бір қажетті алғы шарт [1].

Осы іспеттес тұжырымдарға сүйене келе, жоғары оқу орны студенттерін шешендік мәдениетке баулуға септесер бір шоғыр тәжірибелік түйіндерді ұсынуды жөн көрдік. Бұл бір жағынан, эдвайзер-тәлімгерлер ісінің ақырғы нәтижелерінің көрсеткіші де. Біздіңше, бұл орайдағы *алғашқы білік-дағдылардың бірі - студенттердің шешендіктану (риторика) ғылымы туралы түсінігінің болуы*. Бұл ретте ел ішіндегі ежелгі аңыз-әңгімеге сүйене ой түйе болар еді. Мәселен, шаршап-шалдығып келе жатқан жолаушы бір дәу тастың түбіне тыныстауға кідіреді. Оның жанынан үйіле тастар тиелген ауыр қол арбаны мықшындай итерген жұмысшы өтіп бара жатады.

- Әй, мейірімді адам, сен не істеп жүрсің?- деп сұрайды одан жолаушы.

- Көрмей тұрмысың, менің есім кетіп, сілем қатып ауыр қол арбаны сүйреп келе жатқанымды, - деп жақтырмай жауап қатады ол.

Бір кезде тап сондай ауыр жүк тиелген қол арбаны сүйреткен екінші жұмысшы өтеді. Жолаушы оған да алдыңғы сауалын қояды. Ол:

- Осы жұмыс арқылы отбасыма және өзіме күнделікті нәпақамды табамын, - дейді.

Жолаушы үшінші жұмысшыға да осы сауалды қояды:

- Қайырымды адам, сен не істеп жүрсің?

Үшінші жұмысшы тоқтап, маңдайындағы терді қолғабымен сүртіп, сәл кідіреді де жүзіндегі шуақты жымысты қалпымен алдыңғы алаңдағы қабырғасы қаланып жатқан келешекте тұрғызылмақ ғимарат орнын қолымен көрсете келе:

- Мен мына ғажайып сарайды салып жатырмын, - деп жауап береді.

Демек, кез келген затты, құбылысты, іс-әрекетті әр қилы анықтауға, сипаттауға болады. Сол сияқты шешендіктану ғылымын да әртүрлі сипатта айқындауға әбден болар еді. Оған мысал жеткілікті [2, Б. 40-41].

Қысқасы, риториканы (*грек тілінде «сөйлеймін» деген мағынада*) сөздің көмегі арқылы сендіре білу шеберлігі тұрғысында түсінуге тиіспіз. Бұл ретте «риторика» («шешендіктану»); «шешендік»; «ауызша сөйлеу шеберлігі»; «шешендік өнер» ұғымдары синонимдес. Демек, өнердің ең алды - сөз өнері. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді (*А. Байтұрсынұлы*).

Екіншіден, шешендіктанудың негізгі нысаны мен міндеттерін білу. Сөз де - кілт, көңіл құлпын ашады (Мақал). Сағди ғұлама айтқандай, адамның хайуанаттан артықшылығы - тілі. Ал оны орынды қолдана алмаған адам хайуаннан бетер екендігін сезгенде, жүрек шаншиды. Ал шешендік өнерге жаңа ден қойып жүрген студент атаулы мақсаты жеңілірек, бар болғаны аудиторияны ойланту, не өз пікірін тексеру, не проблеманы көтеру ғана, т.б. Яғни, мақсат биігінен көріну үшін белгілі бір міндеттер шешім табуы тиіс. Олар мыналар: *рухтандыру; сілкіндіру; дәлелдеу; сендіру; түсіндіру;*

тіл табыса білу; әсер ету; сенуге мәжбүрлеу; толғандыру; үгіттеу; ұсыну; ояту; ой бөлісу. Сондай-ақ бұл ретте *Жиренше шешеннің «Жігітке бірінші - білім, екінші - ғылым, үшінші - ұғым керек»* деген сөзіне назар аудару жөн.

Үшіншіден, өз әңгімешілдігімізді бағдарлай білу. Бұл орайда әрқайсысымыз жақсы сөйлеудің жай ғана естіріп жақсы ойлау екендігін білгеніміз артық емес. Ендеше, студент нағарына ұсынар кешенді тренингтердің орны бөлек. *Мәселен, «Біз әңгімешілміз бе?» тренингі. Мақсаты.* Өз әңгімешілдігіңнің қандай деңгейде екенін білу. (Мен әңгімені шебер айтып жеткізе білемін бе, мені қалай тыңдайды?) *Даярлық.* Қатысушылар алдын ала үйге берілген тапсырмаларды орындайды. *Кеңес.* Оқиғаларды жаза отырып, мәтінді редакциялау, оны жаттап алу; ауызша сөйлеген сөзің қанша уақытты аларын секундомер арқылы өлшеу; айтар әңгіменді айна алдында тұрып әзірлеу. *Жағдай.* Уақыт шектеулі, сізге әңгіме айтуға 1-1,5 минут беріледі. *Тапсырма.* Өз пікіріңізді қорғап қалуға тура келген бір тұрмыси жағдаятты қысқаша сипаттап жазу. Сен қандай аргументтерді қолдандың? Қолжазбаны қолданбай-ақ осы жағдайды баяндап бер. *Тренинг барысы.* Қатысушылардың бәрі де үстел басында айнала отырып, өз тарихын әңгімелейді. (Бір әңгіме тарихына үңіл.) **Үлгі (Студент әңгімесі):** *Менің өмір жолымда өз пікірімді қорғап қалуға қатысты жағдаяттар көптеп кездесті. Сондай өмірлік маңызды жағдаяттың бірі ата-аналарыма байланысты. Олар маған өмір сүруді үйреткісі келді. Әрине, олардың өмірлік тәжірибесі менен анағұрлым басым да. Әрі олардың маған жамандық ойламайттынын да жақсы білемін. Десек те, бұл ретте менің өзіндікаргументтерім де жоқ емес. Әркімнің өмірі өзінше өрілмек, ендеше оны әрқайсымыз өз ақылымызбен жүріп өтуіміз керек деп білемін. Әрине, кейбір тұста өзгенің де пікірін тыңдау артық емес, десек те түйінді өзің жасауға тура келеді. Қателік жіберсек, өз қателігіміз болғанға не жетсін. Ілгеріде бұл өз қателігіңнен үйрену, кейін ондайға жол бермеу үшін де керек. Ал енді өзімнің іс-әрекетіме сенімді болсам, оны неге жүзеге асыруға ұмтылмасқа. Бұл жолда қателік жіберсем де, оған ешкімді кінәламаймын, себебі қателік өзімнен. Өмір де адамға осы үшін берілген. Өмір сүрудің өзі қателесу мен қателіктен үйренуден тұрмақ. Рефлексия. Кімнің (қайсымыздың) әңгімесі саған көбірек ұнады? Неліктен? Сеніңше, кімді көбірек тыңдады деп ойлайсың? Әңгіме саған несімен тартымды болды? Өзің айтқан әңгімеге ризасың ба? [2;3]*

Төртіншіден, ұжымдық ізденіс үлгісі: «Адамдардың мені түсінбегеніне емес, оларды өзімнің түсінбегеніме налимын» (Конфуций ойының астары неде?). *Мақсаты:* Өзара ақылдаса отырып, жоғарғы тұжырымды түйіндеудегі *Конфуций (Кунцзы) (б.з.д. 561-469 ж.)* ойының астары неде екендігіне жауап табу. Осыған дейінгі жинақталған өзіндік тәжірибемізге сүйене келе, аталмыш фразаның грамматикалық және логикалық құрылымын ескере отырып, авторды сынау тұрғысында емес, қайта ұжымдық тұрғыда ізденіс үлгісін танытып, аталмыш нақыл сөздің астарлы мағынасының өзегін айқындап көрелік. *Талдау-пайымдаудың бір нұсқасы төмендегіше болмақ.* Ең алдымен ұсынылып отырған афоризмнің күшті және әлсіз тұстарын табу жөн. Бұл кейін нақыл сөз дәйегімен қаруланып, әлсіз де солқылдақ тұстарды кері ысырып отыру үшін қажет. Топ мүшелерінің барлығы даяр болысымен (даярлық уақыты - 5 минут) талдауға кезек беріледі (Әркімге берілетін сөз сөйлеу уақыты 1-1,5 минут.) Уақытты үнемдей білген жөн: ой қайталауға жол бермеу, тың ойларды екшей ұсыну, жинақтау тиімді.

Әрине, ұлы ойшылмен сөз таластыру жеңіл шаруа емес, сондай-ақ айтылған түйіннің тұңғығына терең бойлау да оңай дүние бола қоймас. Таңғаларлығы, қаншама ғасырларды артқа тастаса да, ежелгі қытай философының түйінді тұжырымы өз өзектілігін бүгінгі кезеңге дейін сақтай алған. Кім біледі, бұл нақылдың мағынасы бүгінгі біздің қабылдауымыздай болмас. Бір кезде Конфуций осы фразаны айта отырып, мүлдем басқа ойды меңзеген шығар. Қысқасы, ұсынылған нақылдың мағынасы туралы пікірлердің бір жақты болуы мүмкін емес. Десек те, аталмыш нақыл

сөздің бір талдамасы, яғни адамға белгілі бір нәрсе туралы айтарда одан өзінің не талап етерін, не қалайтының туралы түсіндіруге тырысу маңыздырақ дегенді аңғартады. Бұл - логика заңдарына сүйене отырып, тыңдаушының ойлау деңгейіне жақындауға тырыса түсіндіру деген сөз. Мәселен, маған формула іспеттес ұғымның мәнін дидактасушыма талдай түсіндіру ұнайды. Өкінішке орай, барлық жағдайда бұлай болуы мүмкін емес, себебі көп тұста адамдар бірін- бірі түсінбейді не түсінгісі келмейді. Біздіңше, Конфуций осы тұрғыда ой өрген. Өзіңді түсінгісі келмейтін адамдармен тілдесу сәтіндегі мәселенің барлық қырларының тиімді шешім табуы тек өзімізге ғана байланысты еместігін аңғартады. Сондықтан оған көп нали беруге болмас. Егер де сен дидактасушының пайымдамаларын түсінбесең, онда сен ол сияқты ойлау деңгейіне әлі жетпеуің де мүмкін ғой. Әрине, бұл ойланарлық жағдай. Сондай-ақ бұл қарым-қатынас мәдениетінде жаңа биік шыңдарды бағындыруға да құлшындырмақ. Демек, адам баласы әркез өз бетімен білім қорын толықтырумен айналысуы тиіс. Яғни, өзгені түсіну үшін, тек терең білімділік, білімпаздық, ойлау деңгейінің биіктігі ғана маңызды емес, сондай-ақ дидактасушыға назар аудара отырып, оны жан дүниенмен түсінуге тырысу, таза адами сергектікпен сезіну де қажет-ақ. Мүмкін Конфуций адамдарды түсінбей қалған тұстарында өз бойындағы жоғарыда аталған адами қасиеттердің кемшін соққанын байқаймын дегенді айтқысы келген болар. Сөзсіз, адамдардың бір-бірін ұғысуы үшін, білімдарлықтан бір де кем түспес аталған қасиеттердің болмауы кім-кімді де налытпай қоймайды. Бұл ретте ұжымдық талқылау кезінде туындаған өз пікірінді жазып отыру тиімді. Аналогиялық тапсырма. «Адам санасына ой атаулы сезім қақпалары арқылы енбек» деген Гельвеций тұжырымын талдап көріңіз. Өз пікіріңізді жазыңыз. Бұл жаттығудың негізгі көздер мақсатын айқындап, жазбаша қағазға түсіріңіз [3].

Бесіншіден, қарым-қатынас үрдісіндегі философиялық шындыққа жақындау мақсатындағы қысқаша сөз сөйлеу. Қанатты сөздерге үңілсек. Шешендіктану бойынша алған біліміңмен, өзіндік өмірлік бар тәжірибенді іске қоса отырып, ұсынылған қай қанатты сөз өзімізге жақынырақ екенін анықтап көрелік. Нәтижесінде ұсынылған үш толғаныстың қайсысы мейілінше әділірек екенін өз сөзімізбен дәлелдеу тиімді болар еді. 1. Жақсылық жасауға асығыңыз! 2. «Жақсылық жасамасаң, жамандық көрмес едің». 3. «Жақсылық жаса да, оны суға лақтыр» (шығыс нақылы). Даярлық барысы. Әрқайсысы өзіндік пайымдамаларының төңірегінде біріккен үш топқа жіктелген пікірлестерінді тапқайсың. «Шабуылға» қатысушылар назарына ұсыну үшін өз пікірлерінді жақтау мақсатында қандай ұжымдық дәйектер ұсынатындарыңды өзара топшілік талқылап алғайсыз (даярлыққа 5 минут). Өз шешендерінді анықтап, «үш тұғырды» (этос, лотос, пафос) еске- ре отырып, қысқаша сөз сөйлеуге алдын ала әзірленіңдер (әзірлікке 3 мин). Миға шабуыл. Сөз сөйлеу реті анықталғаннан кейін әрбір топқа өздерінің қысқа сөздерін сөйлеуге кезек беріледі, сондай-ақ олардың әрқайсысы оппоненттерінің сауалдарына жауап қайтаруы тиіс. Жеке талдау. Топ таратылады. Аудиторияда толық тыныштық сақталып, әрбір қатысушы парақ қағазға аталған үш қанатты сөздің қай философиялық мағынасын қабылдауға бейім және неліктен екендігін жазады. Жауаптардың нұсқалары мынадай: әрдайым жақсылық жасауымыз керек, оның үнемі тез жасалуы өте орынды. Себебі әлемде қаншама зұлымдықтар мен жағымсыз эмоциялар жинақталған десеңізші. Қолдан ештеңе жасаудың қажеті жоқ, себебі өмірде бәрі де табиғи үйлесімді (гормониялы) тұрғыда келетініне сенімдімін. Жақсылық әр кезде бар, сондықтан оны арнайы жасаудың қажеті жоқ. Жақсылық пен жамандық өзінен-өзі теңесе келіп отырады. Жақсылық жасағың келсе, жаса, бірақ оны жарнамалап, оған акцент берме, қайта «суға лақтыр»... Жүзіп шықса, біреуге керек болғаны, тұншығып жатса, онда оның біреуге жақсылық болып сіңбегені. Қорытындысын шығару. Жүргізуші жауап жазылған топтамаларды үш бөлікке бөле отырып, жұмыс нәтижесін хабарлайды. Ұсынылған пайымдамалардың қайсысының қолдаушылары, пікірлестері көбірек болса, сол топ - жеңімпаз. Тренинг

жөнінде қатысушылардың пікірлерін жинақтай келе, жүргізуші пікіралмасуды түйіндейді. Тренингке қатысушылар өз кезегінде алған әсерлерін бөлісе отырып, нені түсінгендері, неге көздері жеткендері, нені білгендері туралы әңгімелейді. Қысқасы, бұл іспеттес тиімді жасалған миға шабуылдау үдерісі логикамен, философиямен, психологиямен, әдебиетпен байланысты және әр тұлға бойында жоғары шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға сеп.

Алтыншыдан, сөз сөйлеу сынағы. (Алгоритмді бағындыру жолында.) Үлгі. Сәлеметсіздерме, қадірлі қауым! Бүгінгі күні Сіздерді көргеніме қуаныштымын. Бүгін мен сіздерге ежелден бергі досымыз - сөз «қоқырсықтары» туралы айтпақшымын. Әрине, мәселе қала көшелерін бүлдіріп жатқан қоқырсықтар емес, біздің сөйлеген сөзіміздегі басы артық «қоқырсықтар» туралы болмақ. Біздің тілдік қарым-қатынасымыздағы «қоқырсықтар» - «паразит сөздер» жиынтығы. Бұлар айтар сөзімізді көп сөзді етіп, мейілінше түсініксіз әрі сұрықсыз қалыпта танытады. Күнделікті өмірде, мәселен, осы топқа енетін «бұл», «әлгі», «иә», «жаңағы», «а-а-а», «не», «нетіп», «сондай-ақ» секілді тағы басқа сөздерді айта аламыз. Көбіне-көп біз бұл іспеттес сөздердің аузымыздан қалай шығып кеткенін, айтар әңгімеміздің бөлінбес бір бөлігі ретінде қолданылатынын байқамай да қаламыз. Бұл іспеттес паразит сөздердің айтылар ойдың мағынасын солғындатып, көмескілендіріп те жіберерін байқау қиын емес. Нәтижесінде біз бір-бірімізді түсінуден қалып, өзара қарым-қатынасқа риза болмаушылыққа, ұғыспаушылыққа дейін баруымыз әбден мүмкін. Тіпті, «осы адам таза да сауатты, бірегей мөлдір сөйлейді» дегенде де, кей тұста одан көңіліміз қалуы ғажап емес. Өкінішке орай, бүгінде теледидар арқылы да құлағымызды жарып жіберерліктей дәреке дауыс тондарын естіп жатамыз. «Естіген құлақта жазық» жоқ деген. Кейде көше бойында ұшырасқан адамдар белгілі бір жерге қалай баруды сұрап жатады. Бұл шамамен мынадай үлгіге саяды: - Әлгі ... Қалай еді ... Кешіріңіз ... Сіз ... әлгі ... қалай ... баратынын айтып жібермейсіз бе, әлгі ... қалай еді, әлгі бар ғой, ... эээм ... ия ... Медколледжге ...?

Бұл секілді адамдарды іштей аяйсың, мүмкіндігінше мұндайларға жолағың да келмейді. Бұл ретте көпшілікке: «Бір- бірінмен адамша сөйлесе білгейсіңдер! Тіліңізді уақытылы қоқырсықтан тазартуды ұмытпағайсыңдар!» - дер едік. Әлгі ... Кім еді ... Әлгі ... Ол бізбен сөйлесуде, біз оны түсінгіміз келеді. Ал біздің арамызда түсінбестік кеңістігі пайда болып үлгерді. Сөйлеу мақсаты: сөзіміздегі қоқырсық сөздер мен тіркестердің зияны туралы айту. Сөз сөйлеу сынағының құрылымы: Сәлемдесу. Сөйлер сөз мақсатын айту: «Сөйлеу тіліміздегі қоқырсық сөздер туралы» баяндау. Тілдік қатынастағы қоқырсық сөздер, олардың зияны. Қоқырсық сөздерге мысал келтіру. Қала көшелерінде кездесер бір диалог үлгісі. Қоқырсықты тазалауға кеңес. Еске! Сөз құрылымында белгілі бір ой қайталанып келген тұста жаңа ақпараттармен толықтыра ұсыну дұрыс.

Жетіншіден, даяр сөзді талдау («Даналық жұғыстылығы»). Адамдармен дидарласа келіп, егер де біз бір-бірімізді тек тындап қана қоймай, айтылған сөздердің байыбына терең бойлай білсек, кез келген іс атаулыны оп-оңай, жеп-жеңіл әрі айқын да нақты шешкен болар едік-ау деген риторикалық сауалды өз-өзіме жиірек қоямыз. Біз көбіне-көп өз пікірімізді айтып қалу үшін, сөз сөйлеп жатамыз, ал өзгені тыңдауға мүлдем даяр емеспіз. Сонымен қоса «Одна голова хорошо, а две лучше» деген орыс мақалының орындылығына күмән келтірмейміз. Сондықтан өз әріптестерімнің назарына ешбір қосымша түсінік қоспастан ежелгі заманнан келе жатқан бір ой үзігін ұсынғым келеді. Әріптестерімнің төменде берілген ой үзігінің астарына терең бойлай білеріне сенімдімін. Ой үзігі: Көру үшін - қарау керек, Есту үшін - тыңдау керек. Тек өзінді ғана емес.

Ендігі кезекте «Дзеннің 1001 тарихы» атты кітабындағы бір аңыз желісін талдап көрелік. Дзен - буддизм тармақшаларының бірі. Бұл ілімді VI ғасырдың соңында Қытайға Үндістаннан Бодхихарм есімді монах әкелген. Ол уақыт өте келе осы және

бірнеше көршілес елдерге кең тарады. XII ғ. бұл ілім Жапонияға енеді. Аталмыш ілім үндінің «медитация, пайымдау» деген сөзінен тараған. Мұның мәні неде? Дзен ізбасарлары қасиетті мәтіндерге сүйенбестен, адамзат сана-сына бойлауды (ешбір қосымшаларсыз, мәселен, сөз, жазу көмегіне сүйенбей) басты межеміз деп есептейді. Олардың мақсаты адамға қайталанбас жаңын рахатқа бөлейтін, ерекше мейірлендіретін сәуле сыйлау. Мәселен, «Кеседегі шәй» тарихына үңілейік.

Мэйдзи дәуірінде (1868-1912 жж.) өмір сүрген жапондық Дзен шебері Нан Ин өзінде Дзеннің не екенін білгісі келіпбас сұққан университет профессорын қабылдайды. Нан Ин оны шәй ішуге шақырады. Ол қонақтың кесесіне шәйді толтыра құяды да, одан әрі кідірместен құя түседі. Кесенің толуын бақылап отырған профессор одан әрі шыдай алмай: «Кесе лық толды, енді оған сыймайды ғой!» - дейді. Сол мезетте Нан Ин: «Осы кеседегі шәй секілді Сіз де өзіндік пікірге толысыз. Егер де Сіз өз кесеңізді ең әуелі босатпасаңыз, мен Сізге Дзенді қалай көрсетемін, қалай ұғындырамын», - дейді. Бір де бір ойшыл есектің есек екендігі турасындағы шындықты есекке ұғындыра алмайды. Есектің қашан да есек боларын оның өзі ұғына алмақ емес. Демек, кім де кім өз идеяларымен ғана толық болса, ол ешқашан да нағыз ойшылды да, нағыз кедейді де естімейді. Жағдаятты тек өзара пікіралмасу арқылы шешуге болады, болмаса бұл ретте өзіндік мазмұнға ие өз пікіріңді ғана тықпалай берудің қажеті шамалы. Өзінді тындасын десең, өзің де тындауға даяр болғайсың. Тындай отырып, саған не айтқысы келгенін түсінуге тырысқайсың. Осындай жағдайдан кейін сені де ерекше ынта-ықыласпен тындарына күдіктенбей-ақ қой. Келіңіздер, тындайық әрі сөз мәніне, дыбыстау тонына үңілетік. Мүмкін сенің сұрағыңа жауап әлдеқашан даяр да болар? Кесеңді босатқайсың. Бұдан саған келер зиян жоқ. Бұл туралы сіз қалай ойлайсыз? Өзіндік пікіріңізді білдіргеніңіз жөн. (Сөз мақсаты; құрылымы; сөз байлығы, бейнелілігі; мәлімет қорының деңгейі; сөз тезісі; тірек ұғымдар және т.б.)

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы// Егемен Қазақстан. – 2010. – 14 желтоқсан.
2. Қыдыршаев А.С. Кестелі шешендіктану. – Орал, 2008. – 84 бет.
3. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. – Орал, 2023. – 424 бет.

ӘОЖ 82:316.3

РИТОР-ПЕДАГОГ СӨЗІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК-ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҮЙЕСІ

А.С.Қыдыршаев,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, п. г. д., профессор

Қ.С.Қыдыршаева,

Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, М.В.Ломоносов атындағы ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Ү Мақалада ритор-педагогтің шаршы топ алды сөз сөйлеуге даярлануының әдістемелік-тәжірибелік сатылары жүйелі тұрғыда жіктеле ұсынылған. Бұл ретте «сөйленер сөз», «сөйленер сөз мазмұны», «алғы мақсат», «аудиторияны білу», «алғашқы ой үзіктері», «негізгі ой», «даярлану сатысы», «ішкі байланыс», «ым-ишарат», «кідіріс», «уақытты ескеру», «дискіге жазу», «имидж қалыптастыру» мәселелері турасында кешенді ойлар екішеледі. Нәтижесінде ритор-педагогке тәжірибелік сараптаудан өткізілген тиімді кеңестер берілген. Бұл саптағы ғылыми-әдістемелік кеңестердің бір шоғыры мыналар: сөйлер сөзді емес, айтар идеяны есте сақтауға жаттығу; жаттауға ұмтылмау; дауыстап айтуға жаттығу; қашан да

сөйлер сөзге не презентация соңына дейін дайындалу; әзірлікті көрнекі құралдармен біртұтастықта жүргізу; әзірлікті тыңдаушымен бірлесе жүргізу; даярлықты сөзге адал тұрғыда сын айтар аудиоредактормен бірлікте жүргізу; әр кез ішкі байланыстың тиімділігін ескеру; ойымыздың байыпты да байсалды логикалы өрілуіне назар аудару; қолданылған ым-ишараттардың орындылығы және т.б.

Тірек сөздер: сөйлеу мәдениеті, ритор-педагог, аудитория, шешендік, сөздің мазмұны.

В статье представлена систематизированная классификация методикопрактических уровней подготовки публичного выступления риторика-педагога. В связи с этим предлагаются наиболее ценные мысли по таким проблемам, как «выступление», «содержание выступления», «основная цель», «знание аудитории», «отрывки первых мыслей», «основная мысль», «уровень подготовки», «внутренняя связь», «мимика», «жест», «заминка», «учет времени», «запись на диск», «формирование имиджа». А также риторика-педагогу даны полезные советы, эффективность которых доказана экспериментом. В частности, в работе предложены следующие научнометодические рекомендации: запоминать не само выступление, а его основную идею; не стремиться к заучиванию речи; упражнения, направленные на развитие четкости произношения; подготовка речи или презентации вплоть до самого выступления; процесс подготовки должен проводиться в комплексе с наглядными пособиями; подготовка должна проводиться совместно со слушателями; в процессе подготовки необходимо использовать аудиоредактор с целью корректировки и исправления недочетов в выступлении; на каждом этапе осуществлять учет эффективности внутренней связи; обращать внимание на содержательное, полноценное и логическое построение мысли; уместно применять мимику и жесты и т.д.

Ключевые слова: культура речи, риторика-педагог, риторика, аудитория, содержание выступления.

The article provides systematic classification of methodological and practical levels of preparation of public performance of the rhetoric teacher. The author presents the most valuable notions such as «performance», «content of speech», «main purpose», «knowledge of the audience», «fragments of first thoughts», «basic idea», «level of training», «internal connection», «mimics», «gesture», «hitch», «time tracking», «recording on disc», and «image formation». This provides useful tips for a rhetoric teacher, which are experimentally proven to be effective. In particular, the paper proposes the following scientific and methodical recommendations: exercise on remembering not the speech itself, but its basic idea; do not strive to learn the speech by heart; exercises aimed at developing clarity of pronunciation; preparation of speech or presentation up to the performance; the preparation process shall be accompanied with visual aids; the preparation should be conducted together with the audience; using of an audio editor in the course of preparation to correct deficiencies in the performance; tracking the efficiency of internal connection at every step; paying attention to meaningful, full and logical structure of thought, appropriateness of facial expressions and gestures, and etc.

Keywords: culture of speech, rhetoric teacher, rhetoric, audience, public speaking.

Бүгінгі студент – ертеңгі іскер кәсіби маман. Ал іскер көшбасшы маманның сөйлеу мәдениеті қалай болуы тиіс? Атақты Сырым Датұлы: «Сөз анасы – құлақ, су анасы – бұлақ, жол анасы - тұяқ» деген. Дана Абай: «Көңілсіз құлақ - ойға олақ», - деп түйеді. Мақсатымыз - егер тыңдар құлақ болса, осы мақала барысында келешек іскер мамандарымыздың сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына жәрдемі тиер бірер тәжірибелік қағидалы тұжырымдарымызды да ұсынбақпыз.

Шешендік өнерді меңгеру - табыс кепілі. Бұл ең алдымен риторика-педагогке қажет. Мақала барысында айтылар кеңестер - көзге түсу үшін емес, тыңдар құлақ үшін, тиімді

сөз сөйлеу туралы. Кімдердің құлағы үшін? Қандай құлақтар үшін? Алғашқы кезде өзіміздің құлағымыз үшін дер едік. Сіз не айтып тұрғаныңызды ең алдымен өзіңіз естуіңіз керек. Өз тыңдаушыларыңыздың құлағын назарға ұстау жөн. Кімде-кім оқу сәтінде қателесе, қашан да сол тұсқа кері оралып, дұрыстап қайтадан оқи алады. Ал тыңдаушы бұлай істей алмайды. Тыңдаушыға хабарды жеткізу - іскер де шешен маман ісі, ағарту саласында ритор-педагог ісі [1;2;4].

Жалығып кеткен жағдайда не қызықсыз болып жатса, оқырманға өзі оқып жатқан дүниесін кері ысырып қоя салуға қашан да болады. Ал аудитория жалыққан жағдайда не қызықсыз болса, тыңдаушы сізді тыңдауды қойып мүлдем басқа нәрсені ойлары хақ. Бұл ретте оңтайлысы - өз идеяларыңызды тыңдар құлаққа жағымды және назар аударуды қажет ететін жанды дауыспен жеткізіп айтуға ұмтылу. Ал сөзіңізді эмоционалды қалыпта юмор араластыра қысқа түрде жеткізе алсаңыз, аудитория сіздікі. Ұсынылып отырған мақалада кеңестерімізді қысқа да нұсқа, мейлінше жинақы қайыруды жөн көрдік. Материалдарды көрер көз үшін емес, «тыңдар құлақтар үшін» ұсынамыз. Көпшілік жағдайда сөйленген сөз жазып алғандай естіліп жатады. Дұрысы қандай үлкен аудиторияның алдында сөйлегенде де, күнделікті сөйлеген қалыптағыдай болу. Тәжірибе көрсеткендей, қарындашпен, қағазбен өткізген ұзақ уақыт көпшілік алдында табысқа жетуге кепілдік бере алмайды. Сөйлеу сәтінде қағазға жазылған әдемі сөздерді қолдану міндетті емес. Мақала материалдарын іскер мамандардың аудиторияда, мәжіліске арналған залдарда сөйлеген сөздері мен шаршы топ алдындағы шешендік тәжірибелерінің жиынтығы ретінде қабылдаған жөн. Бұл ретте студент жастардың жеке ерекшелігі мен өзіне сенімділігін қалыптастыруға ұмтылысы баса ескеріледі. Студент жастардың бойына шешендік дағдыларды белсенді түрде қалай жұғымды етуге болады? Біздіңше, барлық іс осы бағытқа орайлас әзірленген еңбектерге бірден-бір байланысты. Сол себепті де ұсынылатын кеңестерімізде барынша практикалық мүддені көздеуді орынды көрдік. Қысқасы, мақала барысында өрілген кеңестерді басшылыққа алсақ, нәтижесінде ізденуші жас маман бойында бұрынғыдан да жақсы сөйлеудің, әрбір іскер адамға қажетті топ алды не іс басында шебер сөйлеудің белгілі бір дағдылары жинақталып, істері нәтижелі тұрғыда оңға басары сөзсіз. Әрине, кеңесіп пішкен тон қашан да келте болмасы анық.

Данышпан Демосфен: *«Кімде-кім өз сөзін алдын ала дайындаса, сол халыққа нағыз берілген, шын мәнінде халық үшін қызмет ететін жан, ал көпшілік сөзімді қалай қабылдайды дегенге немқұрайлы қараушылық сендіруді емес, күшпен көндіруді мақсат еткендік»,* - деп түйіндеген. Жалпы ұйымдастыра білген қашан да ұтады. Ритор-педагог іс-әрекетінің алдын ала ұйымдастырылуы - нақты, логикалық тұрғыда ойлануға және тиімді қалыпта хабарлама жасауға бастар жол. Сөз сөйлеудің қандай формасын (сөз сұлбасы, тірек сөздер не толық конспект) қолдансақ та, кім-кімнің де бұл орайдағы алғашқы қадамы бастапқы жоспар ретінде қабылданады. Бұлар әрқилы. Олар сан алуан жаңа дағдыларды талап етеді. Олар өте-мөте нәзік қимылды қажет етеді. Бұл орайда баса ескереріміз: сөйленер сөздің көру үшін емес, тыңдар құлақ үшін екендігі. *Сөйлеу мәдениетін дамыту үшін дауыстап сөйлеу бірден-бір маңызды. Бұл ретте өлең, жаңылтпаштар, алдын ала сөйленер сөздің жобалы нұсқаларын оқытудың ешбір артығы жоқ.* Керісінше, өте пайдалы. Өз дауыс ырғағыңызды және көпшілік алдында өзіңізді қалай алып шығарыңызды алдын ала көріп-біліп болжағанға не жетсін. Барынша аз жазып, көбірек сөйлеуге, өз-өзіңе көбірек сұрақтар бере отырып, динамикалы қалыпта сөз сөйлеудің техникасын дамытуға ұмтылу орынды [1;3;4].

Сөйленер сөз. Қашан да аудитория шешеннен тыңдаушыларды жалықтырмай, тақырыпқа сәйкесті ақпарат беретін не сенім ұялатар түйін айтатын және көпшілікке беймәлім тосын сыйлармен риза қылар мезеттерге толы тұшымды сөз күтеді. Сонымен қатар аудитория кейін дұрыс шешім қабылдау үшін, шешеннен нақтылы ақпарат, сөз мазмұнына сәйкес мағыналы тұрғыда бағыт сілтер, алғы істерге орайлас үлкен сенім туғызар тұжырым күтеді. Көбіне көп мәжілістер өткізілер залдар үшін, тосын-сыйлар

мен түрлі көңіл көтерер сергіту сәттері тән емес. Бірақ бұл осы реттегі сөйленер сөздің бір сарындас не жалықтырар қалыпта болуы керектігін аңғартпайды. Тіпті керісінше де. Қайта бұл реттегі сөз жанды да қайталанбас қалпымен ерекшеленсе ұтымды болмақ.

Сөйленер сөздің мазмұны. Ең алдымен, істі бастамас бұрын, сөйленер сөзге және оның мазмұнына өзіңіздің қатысыңыз, көңіл-күйіңіз, көзқарасыңыз туралы айқындыққа жету, ең бастысы, өз-өзіңізді мысқал да алдаусыратпай, адал болғаныңыз жөн. Себебі сіздің бұл реттегі кішкене де болса жағымсыз көзқарасыңыз ұйымдастыру ісінің, әзірліктің және сөйлеу сәтінің әрбір аспектісіне жайыла отырып, ақырында аудиторияның сөзіңізді жағымсыз қабылдауына апарып соқтыруы мүмкін. Егер де сіз өз сөзіңізде айтар идеяларыңызға көпшіліктің қарсы болуы мүмкін деген сезімнен бастасаңыз, осы сезімді тыңдаушыларыңызға жұқтыруыңыз мүмкін, нәтижеде олар өзіңіз қорқасоқтап күткендей қатты қарсылық білдіруі әбден мүмкін.

Мақсаты. Іштей өз-өзіңізден: «Мен не үшін сөйлеуге тиіспін?» - деп сұрап көріңіз. Егер де бұл сұраққа сіздің жауабыңыз болмаса, іздеп тауып көріңіз.

Әрбір сөйленер сөздің айқын мақсаты болуы тиіс. Сөз сөйлеуге келгенде айқын да анық себебіңіз болмаса, сөйлемеген жөн. Өзіңіздің де, тыңдаушыларыңыздың да алтын уақытын құр босқа жоғалтпағанға не жетсін.

Аудиторияны білу. Өз-өзіңізден іштей: «Мен кімге (кімдерге) сөйлеймін?» деп сұрап көріңіз. Қашан да қандай болмасын даярлықты бастамас бұрын, өз аудиторияңызды білген жөн.

Алғашқы ой үзіктері. Кезекті тақырып бойынша өзіңіз айтар мәліметтердің бәрін де қағазға түсіріңіз. Жинақталған материалдарды салған жерден жүйелей бастау міндетті емес. Басыңызды артық нәрселерден босатып, ойлар тасқынына ерік беріңіз. Бұндай сәт сіздің ойлап шығарушылық қабілетіңіздің еселеп артуына септеседі. Біз бұларды «*ой үзіктері*» дегенді жөн көреміз. Шаршап не жалығып кетсеңіз, ой үзіктерін теруді қоя салып, өзге іспен айналысыңыз. Миыңыз бәрібір жұмыс жасай береді. Ақырында аса қажетті, нақтылы да қызықты ой міндетті түрде жүйеленеді.

Негізгі ой. Сөйлер сөздің басты ойұшығын жүйелей отырып, жазып шығыңыз. Бұлайша істеу - аудиторияны, мақсатты және күтілер нәтижені анықтауға бірден-бір сеп. Бастысы, жазғандарың белгілі бір саланы аңғартардай (мысалы, идеяны, концепцияны, өзіңізді, өнімді) болғаны дұрыс. Мысалы, *менің сөз сөйлеудегі мақсатым - ұсынылып отырған жобаның жүзеге асыруға оңтайлылығы әрі пайдалылығына кеңес мүшелерінің көзін жеткізу.*

Егер де сіздің негізгі ойыңызда басты сөз «*тәрбиелеу*» болатын болса, мүмкіндігіне қарай бұның орнына басқа сөзді алғаныңыз жөн. Себебі «*тәрбиелеу*» сөзінің көзге көрінбейтін жасырын психологиялық мағынасы - шешендерге өз тыңдаушыларына шекеден қарап сөйлеуге, нотация оқуға, әкелік мәнерде сөйлеуге мәжбүр ететіндей. Ал егер де сіз «*хабарлау*» сөзін таңдап алсаңыз, онда міндетті түрде негізгі ойға аудиторияға хабарлаудың қажеттілік себебін айтуды енгізген дұрыс («*Оларға бұл ақпарат не себепті қажетті?*»). Ал көпшілік жағдайда шешен үшін «*мәлімет беру*» - өзгелердің білуі аса қажеттілік туғызбаса да, өзі білетін тақырып төңірегінде айту секілді эгоистік тұрғыдағы ойды талқылауға жол ашар алғышарт іспеттес. Мейілінше тиімді де қомақты нәтижелерге қол жеткізу үшін үнемі бірден-бір керекті тірек сөздерді іріктей білу, қолдана білу жөн. *Мәселен, сендіру, көз жеткізу, иландыру, қол жеткізу, дәлелдеу.* Кім болса да, біреуге өзіңіздің негізгі ойыңызды дауыстап айтып көріңіз. Одан осы орайдағы мақсатыңызды сұрауды өтініңіз. Қорғана бермей, мейілінше шынайы болуға тырысыңыз. Бұл ретте өзіңіздің негізгі ойыңызды қорғауға, бекіте түсуге немесе өзгертуге ұмтылыңыз. Сонда ғана сіз оны күштірек, салмақтырақ ете түсесіз, негізгі ойыңыз сіздің миыңызда қомақтала, шегелене түседі. Нәтижесінде өзіңіз таңдаған негізгі ойыңызды, сөйлер сөзіңізді толық жүзеге асыра аласыз.

Даярлану сатысы. Шешендердің басым көпшілігі сөз сөйлерге дейін-ақ өзінің не айтарын және тыңдаушыларға өз ойлары мен идеяларын қалай тиімді жеткізерін нақты біледі. Ал бұған тер төге әзірленудің, бел шеше даярланудың арқасында қол жетпек. *Қалай даярлануға болады? Біздіңше, оның кейбір қағидалары мыналар: сөйлер сөзіңізді емес, айтар идеяңызды есте сақтауға жаттығу; жаттауға ұмтылмау; дауыстап айтуға жаттығу; әр кез сөйлер сөзіңізге не презентацияңызға ақыр соңына дейін дайындалу; көрнекі құралдар қолданар болсаңыз, әзірлікті тұтас бірлікте жүргізе білу; мүмкіндік бар жерде әзірлікті тыңдаушылармен бірлесе жүргізу; даярлықты сіздің сөйлеген сөзіңізге адал жүрекпен сын айтар аудиоредактор болар адаммен бірлікте жүргізу әбден тиімді.*

Ішкі байланыс. Тыңдаушылармен ішкі байланыс орнатқайсыз. Өз сөзіңіз бағытталар аудиторияның мөлшерін біле отырып, оның әрбір бөлігімен байланыс орнату жөн. Егер де аудитория мейілінше үлкен болса, ондай жағдайда дәрісхананы ойша төрт бөлікке бөле отырып, көз жанарыңызбен бір бөлік орталығынан екіншісіне ауысып отыруға бағыт ұстану дұрыс. Бұндай ретте жекелеген бөлімнің әрбір адамына сіздің үнемі жіті назар аударатыныңыз хақында көзқарас қалыптаспақ. Ал адамы аз кішкене топтарда кейде қатысушылардың әрқайсысына назар аударуға ұмтылғайсыз.

Ым-ишарат. Әрбір ым-ишаратыңыз табиғи болуы тиіс. Егер де олар сіздің сөйлеген сөзіңізден туындап жатса, әбден орынды болғаны. Ешқашан да ым-ишарат қолдануға алдын ала дайындалмау, басқаша жағдайда олар ойдан шығарылған ебедейсіз әрі жасанды болмақ. Кең көлемді де, күшті де жағымды ым-ишараттар сіздің баяндауыңыздың мән-мағынасын арттыра түседі. Қашан да өзіңіздің ең үздік көрнекілік екендігіңізді есте сақтағайсыз. Қимыл-қозғалыстан қорықпау керек. Бір орында қақшиып қаққан қазықтай қозғалмай тұруды жөн дей алмаймыз. Сонымен қатар әрлі-берлі мағынасыз қозғала беру де дұрыс емес. Күшті идеялар ұсынған тұста тұрыс-қалпыңды өзгерту, кідіріс сәтінде бірер қадам ілгері аттау сөзге жандылық қосып, құрыс-тұрыстарды жазуға сеп.

Кідіріс. Кідірісті орынды қолдана білген дұрыс. Тиімді қолдана білсек, олардың әсері ерекше әрі олардың көбірек болғаны жөн. Сіз үшін кідіріс ойыңызды жинақтап алу үшін де қажет. Кідіріс тыңдаушыларға естігендерін ой елегіне сала отырып екшей түсу үшін, одан әрі тыңдау үшін де қажет. Жалпы көпшілік аудитория ауызша айтылар хабарларға бейім болып келеді.

Уақытты ескеру. Әзірлікке кеткен уақытты ескеріп отыру, өзіңізге бөлінген уақыт мөлшерінен аспау жөн. Сөйлер сөзіңізді жеделдете айтпағаныңыз жөн. Басы артық материалды алып тастау, мазмұнды ықшамдап ұсыну тиімді.

Дискіге жазу. Бірер әзірлік мезетіңізді дискіге жазған жөн. Сөйлеген сөзіңізді табиғи қалыпта жазу үшін микрофонды 60-90 см қашықтықта орналастырған тиімді. Сөзіңіздің айқын да жанды шығуын қадағалау. Даярлық сәтіңіздегі сөзіңіздің айқын да жанды шығуын қадағалау. Даярлық сәтіңіздің бір-екі көрінісін видеокұрылғыға жазып алу. Кейін көрініс сәттеріне объективті түрде баға бере көз жүгірту.

Имидж. Әзірлік кезінде айнаны қолданбау. Байқауымша, өз көзіне қарауды дағдыға айналдырған дұрыс секілді. Бірақ айнаға қарай отырып объективті болу қиын. Көбіне біз өзіміздің көргіміз келгенді ғана байқаймыз. Өзіңді ыңғайлы да сенімді ұстау үшін әзірлік кезінде шаршы топ алды сөз сөйлерде киер киіміңізбен даярланған артық болмайды. Біздіңше, бейнеқұрылғыдағы өзіңіздің қалай сөйлегеніңізді тексеру мақсатындағы сұрақтар тізімі мыналар: *ішкі байланыс тиімді жасалды ма? Көз жанарымен барлық тыңдаушыны шола қамтыдық па? Барлық тыңдаушыларды назарда ұстай алдық па? Даусымыз ортақ проблемаға (күн тәртібіндегі мәселеге орай) қам жеу мақсатында, көпшілікті өзіне тарта елегізге жанды қалыпта шыға алды ма? Өзіміз табиғи күйде әрі салмақты көріне алдық па? Ойларымыз байыпты да байсалды логикалы өріле алды ма? Сөйлеген сөзден негізгі бөлімді бөліп алуға болар ма еді? Сөзіміз мақсатына жете алды ма? Қолданылған ым-ишараттар орынды болды*

ма? Дауысымызбен, қимыл-қозғалысымызбен не өзіндік мәнерімізбен тыңдаушыларымызды ашуландырып алған жоқпыз ба? Тыңдаушылар жүйкесіне жағымсыз әсер еттік пе? Дәлелді тұжырымдарымыздың мән-мағынасын төмендететіндей басы артық сөздер (мүмкін, секілді, сияқты) қолданған жоқпыз ба? Тыңдаушыларды асықтырып сөзімізге ілесе алмай қалатындай тым асығыс ырғақта жеделдетіп сөйлеп кеткен жоқпыз ба? Маңызды идеяның мәнін үдету, арттыра түсу мақсатында не бірден-бір мәнді ойларды көпшілікке жеткізу үшін мейлінше баяу қалыпта сөйлеу барысында ырғағымызды өзгерте алдық па? Түсінікті сөйлей білдік пе? Тыңдаушылар сөзімізді тек есту ғана емес, не туралы айтып тұрғанымызды түсінуі тиіс. Көрнекіліктерді сенімді түрде жеңіл қолдана алдық па? Таңдалған имиджге киімі сәйкес келе ме? Тыңғылықты әзірлігіміз сәйкесті имидждің айқын көрінуіне дәлел бола ала ма? Қысқасы, бейнеқұрылғыны қарай отырып, өзіңді объективті түрде бағалау жөн. Егер де сөзіңізге көңіліңіз толып, мәселен, жерде жайқалып өсіп тұрған мәуелі ағаштың энергиясын алғандай әсерде болсаңыз, бұл - сөзіңіздің табиғи да ғажап өрілгені. Ал егер де бейнекөрініс лабиринтінде өзіңді жоғалтып алғаныңызды байқасаңыз, онда көрнекі құралдар мөлшерін азайтыңыз. Бұл жағдай сізге көбірек еркіндік бере отырып, көпшіліктің айтылар сөзге әсерін үстемелемек, бірақ бұл жағдай сізге еш қысылыс туғызбауы тиіс. Сіз алуан приборларды құбылта қолданып тұрған «жұлдызды кеменің» капитаны емессіз. Сіз аудиторияға белгісізді ашу, проблеманы шешу үшін, жаңалықтармен таныстыру үшін қажет екеніңізді ескергейсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қыдыршаев А.С., Төлегенова Д.Қ. Искерлік шешендіктану қағидалары. Орал, 2007. - 68 бет.
2. Қыдыршаев А.С., Әжіғалиев М.Қ. «Педагогикалық шешендіктану» курсының бағдарламасы. - Орал, 2007. -24 бет.
3. Қыдыршаев А.С., Сұлтаниязова И.С. «Тілдік қатынас мәдениеті» курсының а бағдарламасы. - Орал, 2008. - 32 бет.
4. Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы. - Орал, 2005. - 142 бет.

ӘОЖ 82:316.3

ШЕШЕНДІКТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЛИНГВОРИТОРИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ МЕН ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІ

А.С.Қыдыршаев,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, п. г. д., профессор
Ж.С.Қыдыршаев,
Атырау облысы, Құрманғазы аудандық жалпы білім беретін кешкі орта мектеп директорының әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары
О.А.Қыдыршаев,
Назтопу steam мектебінің мұғалімі, магистр (Астана)

Ü Мақалада шешендіктану ғылымының лингвориторикалық мәселелері қарастырылып, жеке тұлғаның шешен сөйлеу білігін қалыптастыру қағидаларына талдау жасалған және шәкірттерге тәжірибелік тапсырмалар жүйесі берілген.

Тірек сөздер: жеке тұлға, сөз сиқыры, шешендіктанудың жіктелімі, шешендік сөз дағдысы.

Ü В статье рассмотрены лингвориторические проблемы ораторского искусства, также дана система практических заданий для учащихся и анализ аспектов формирования навыков ораторской речи.

Ключевые слова: личность, волшебство слов, классификация риторики, навыки ораторской речи.

Ü The article studies some aspects of formation of personality rhetorical skills. It also provides some questions and tasks in these field to reinforce the knowledge.

Keywords: personality, magic of the word, the classification of rhetoric, oratory skills.

Белгілі бір ғылым саласына терең үңілу зерттеушінің қызыға ұмтылушылығы болмай, нәтиже бермек емес. Десек те, бізге қажеттісі - мәселенің танымдық жағы, яғни, ойымызға еселеп ой қосу, нәтижеде шешендіктану ғылымының табиғатын таразылау. Осы мақсаттан туындата келіп, төменде шешендіктану ғылымының лингвориторикалық, танымдық жүйесіне қатысты кейбір мәселелер мен бұл реттегі теориялық қағидаларды шәкірт атаулы бойына жұғысты етер тәжірибелік тапсырмалар жүйесіне тоқталуды жөн көрдік.

Ең әуелі, сөз сиқыры туралы. Көптеген данагөй ғұламаларымыз кейінгі ұрпаққа қалдырған афоризм үлгісіндегі мұралардағы адам баласы сөзінің киелілігіне, құдіреттілігіне, сиқырлығына, таңғажайып құпиялылығына бас иеді. Жалпы шешендіктанудың лингвоқұрылымдық жүйесінде тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін аңғартар қанатты сөздердің, афоризмдердің өзіндік орны бар.

Сөз - қоғам дамуының ағымын аңғартады және ілгері даму үдерісіне мүмкіндіктер туғызады. Сөз - адамның санасы мен еркіне бірден-бір әсер ететін, оларға білім беретін, сенімін қалыптастыратын, азаматтарды нақты әрекеттерге жұмылдыратын өте күшті қарудың рөлін атқарады.

Сөз сөйлеу құдіретіне ие адамның жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрінен де жоғары сатыда екендігін ескерсек, сөзді орынды қолдану, құбылта білу өте жоғары бағаланбақ. Бұл сияқты қабілет адамның жалпы мәдениетінің, білімділігінің құрамды бөлігі де [1, 4].

Ал сөз құдіреті хақындағы афоризмдердің бірер шоғырын былайша топтар едік:

1. Басқа амандық, табыс күтсең ісіңнен, Жарамсыз бір сөз шығарма тісіңнен (Ж.Баласағұн);
2. Сөйлеп көріңіз, мен сіздің кім екеніңізді айтайын (Сократ);
3. Жалғанда не терең? Сөз терең. Не сұлу? Сөз сұлу. Не өткір? Сөз өткір. Сөз құдіреті ғажап: алтынды мыс, мысты алтын етіп көрсете алады. Тасжүректі қорғасындай балқытып, балқыған қорғасынды тастай ете алады. Кір көңілді тазартып, кірсіз көңілді кірлете алады... Мұралардың ең қымбаты - сөз. Сөз - күн шалмас қараңғы көңілді шалады. Күн жылытпас суық көңілді жылытады. Сөз құдіреті ақты қара, қараны ақ етуге жетеді. Асыл адам да, асыл нәрсе де тозады, жоғалады. Асыл сөз мәңгі жасайды (Ғ.Мұстафин).
4. Сөз - ұлы күш, өте кішкентай, тіпті елеусіз бола тұра ғажап нәрселер жасай алады (Августин Аврелий);
5. Сөз - ұлы нәрсе. Ұлы дейтін себебіміз - сөзбен адамдарды біріктіруге де болады, жауластыруға да, жеккөрінішті етуге де болады. Адамды біріктірмейтін, бөлетін сөзден сақтаныңыздар (Л.Н. Толстой);
6. Адамның сөзі - оның тұтас алғанда өзі де... Сөз - жеке тұлғаның кең тұрғыда танытар мінез-құлықтың бірліктегі бөлігі (Пол Л.Сопер);
7. Қашан да бізді атқарған ісімізге, қалып-күйімізге, сөйлеген сөзімізге және қалай сөйлегенімізге қарай бағалайды (Дейл Карнеги).

Сұрақтар мен тапсырмалар: 1) Сөз - адамға әсер ету құралы. 2) Сөз дегеніміз - адамның сәулесі. Сен осы түйіндермен келісер ме едің? Сөзіңді дәлелде; 3) Қай кезеңде де сөз сөйлей білу білігінің жоғары бағалануы нәліктен? Сен шаршы топ алдында еркін сөйлей білуді, әріптесіңді әңгімеге тартуды, дидактасушыңа сөзіңнің дұрыстығын дәлелдеп пікірталастыра әрі сендіре алуды жете білу аса қажетті де маңызды деп есептейсің бе? Жауабыңды дәлелде.

Екіншісі, шешендіктану пәні туралы. Сандаған мың жылдар ағымындағы риториканың барысында оның орны мен мәніне орай түрлі көзқарастар алмасты. Мәселен, ежелгі Грецияда риторика сендіре білу өнері, ежелгі Римде жақсы сөйлеу өнері, орта ғасырдағы, қайта өрлеу дәуірінде сөйленер сөз әдемілеу өнері ретінде танылды. Соған сәйкес әр кездегі түйіндер де әр қилы болды. Кейбірі: 1. Шешендік - сенім дәнекершісі (Корак); 2. Шешендік - дидарласушымыздың жүрегі мен ақыл - ойын баурап алуға, оны не нәрсеге болса да сендіруге, иландыруға септесетін бізге берілген сый (Ж.Лабрюйер); 3. Риторика - әрбір нақты жағдайларға сәйкесті сендіру амалдарын таба білу қабілеттілігі (Аристотель); 4. Риторика дегеніміз - жақсы сөйлеу өнері (Квинтилиан); 5. Шешендік дегеніміз - кез келген нақтылы зат туралы шебер сөйлеу өнері және сонысымен өзгелерді өз ойына ойыстыра білу (М.В.Ломоносов); 6. Шешен сөз мақсаты - негізгі пікірді баяндап, түрлі дәлелдермен сипаттап түсіндірумен қоймай, пікірге нандыру, сендіру, ұйыту, иман келтіру (А.Байтұрсынұлы). *Сұрақтар мен тапсырмалар: 1. Ұсынылған түйіндердегі шешендіктануға қатысты көзқарасты анықтаңыз. Ж.Лабрюйер, М.В. Ломоносов, А.Байтұрсынұлы пікірлеріндегі сәйкестілік, үндестік неден байқалады? Айналадағы кез келген зат не құбылыс туралы шебер сөйлеуге болатындығы жөнінде өз ойыңызды айтып көріңіз. 2. Антикалық дәуірден бері риториканың (шешендіктану) әрі ғылым, әрі өнер ретінде қарастырылуының себебі неде? Шешендіктанудың қай қырлары ғылымға, қай қырлары өнерге сәйкестендіріледі? 3. «Шешендіктану дегеніміз - межелі мақсатқа орайлас үндесе өрілген әсерлі тұрғыда сөз сөйлеуге қатысты теориялық және практикалық шеберлік жиынтығы». Шешендіктануға орай ұсынылған анықтамадағы «мақсатқа орайлас», «үндесе өрілген», «әсерлі сөйлеу» дегенді қалай түсінесің?*

Үшіншісі, шешендіктанудың (риторика) жіктелімі. Пайда болу және өмір сүру кезеңіне сәйкес шешендіктану жіктелімі әр қилы. Мәселен, классикалық шешендіктану (Біздің жыл санауымызға дейінгі V ғ. - XIX ғ. ортасы) және неориторика (XX ғ. ортасынан соңына дейін); тек-түріне орай жалпы (шешендік сөздің қалыптасуының жалпы заңдарын қарастырады) және жеке (шешендік сөздің әртүрлі жанрлық ерекшеліктерінің қалыптасу заңдылықтарын елеп-екшейді); негізгі оқу міндеттеріне орай теориялық (білім негіздерінен хабар етеді) және практикалық (білік-дағдыларын қалыптастырады); жанрлық қамтылу көлеміне қарай кең деңгейлі (ауызша және жазбаша жанрларды қамтиды) және тар деңгейлі (тек ауызша сөйлеу жанрлары ғана қамтылған) шешендіктану тұрғысында жіктеледі. *Сұрақтар мен тапсырмалар: 1. Классикалық риториканың құлдырай бастауына не себеп болды? Риториканың қайта өркендеуіне қажеттілік қалай пайда болды? Риториканың қайта қанат жайып өркендеуіне сенің көзқарасың? 2. Қазіргі таңдағы риторикаға (тар не кең деңгейлі) көзқарас қандай? Жазбаша және ауызша сөйлеу шеберлігі жетекші рөл атқаратын мамандық салаларын атаңыз; 3. Қалаған мамандығың үшін терең меңгеру қажеттілігін тұғызатын шешендіктану саласын ата.*

Төртіншісі, шешендік сөздің негізгі түрлері. Қазіргі кезде шешеннің айналысар іс-әрекет саласына, сөйленер сөзінің жалпы тақырыбына және шешеннің алғы мақсатына байланысты шешендік сөздер әртүрлі жіктеледі. Десек те, шешендік сөздердің басты түрлері әлдеқашан сараланған. Олар: әлеуметтік-саяси, академиялық, әлеуметтік-тұрмыстық, сот, дін (гомилетика), әскери, дипломатиялық, іскерлік шешендігі. Бұлайша жіктеудің негізіне сөйленер сөздің әлеуметтік- функционалды белгілері алынған. Әрбір шешендік сөздің түрі сөз сөйлеудің әлеуметтік көзқарас тұрғысындағы атқарар функцияларына байланысты іштей белгілі бір сөз түрлерін біріктіреді. Мәселен, әлеуметтік саяси шешендікке - әлеуметтік-саяси және саяси-экономикалық тақырыптағы баяндамалар, есеп тұрғысындағы баяндама, саяси сөз, дипломатиялық сөз, саяси шолу, митингілік сөздер; Академиялық шешендікке - жоғары оқу орнындағы дәріс, ғылыми баяндама, ғылыми шолу, ғылыми хабарлама; Сот шешендігіне - прокурорлық немесе айыптау мақсатындағы сөз, қоғамдық айыптау сөзі,

адвокаттың немесе қорғану мақсатындағы сөз, қоғамдық қорғау сөзі, айыпталушының өзін-өзі қорғау сөзі; Әлеуметтік-тұрмыстық шешендікке - мерейтойлық сөз, үстел басындағы сөз (тост), көңіл айту сөзі (қабір басындағы сөз); Діни шешендікке - құдайға сыйыну, мешіттегі сөздер жатады.

Шешендіктің барлық түрлерін түгел қамтымаса да, қазіргі шешендік сөздерді бұлайша жіктеу негізінен біршама толық әрі дұрыс болып танылады. Десек те, мұнда дискуссиялық (пікірсайыс) және сөзталас сөз түрлері, реплика, пресс-конференциялардағы жауап, «дөңгелек үстел» басындағы сөз секілді шешендік сөздің тиімді форма-лары, сондай-ақ радио мен теледидар-да қолданылар шешендік сөз түрлері көрініс таппаған.

Әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-саяси, академиялық, сот, діни түрлеріне қоса шешендікті әлеуметтік-саяси шешендіктің бір түрі ретіндегі парламенттік шешендік; дипломатиялық шешендік (халықаралық конференциялардағы сөз не дипломатиялық ант үрдісіндегі сөз); әскери шешендік (бұйрық сөз, нұсқау сөз, әскери-саяси тақырыптағы сөз сөйлеу, рухтандырушы сөз); сау- да шешендігі (жарнама); лекция-насихат шешендігі (ғылыми-теориялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми-әдістемелік лекциялар, кинолекция, дәріс-экскурсия, дәріс-концерт, дәріс ақпарат, репортаж, естелік, инструктаждық көрсетілім); диалогтық шешендік (жүзеге асырылу формалары: сөзталас, пікірсайыс, ойталқы, әңгіме, іскерлік мәжіліс, сұхбат, пресс-конференция, іскерлік ойындар, «дөңгелек үстел», сұрақ-жауап кеші) тұрғысында да жіктеуге болар еді. *Сұрақтар мен тапсырмалар: 1. Төмендегі сөйлеу жанрларын шешендік сөз түрлеріне қарай топта: ғылыми баяндама, шабуыл (шайқас) алды сөз, митингідегі сөз, даттау сөзі, сабақ үдерісіндегі мұғалім сөзі, діни үгіт - насихат сөзі, БҰҰ мәжілісіндегі елші сөзі, тағам үстіндегі сөзі, жұмыс есебі, қолдау (қорғау) сөзі, тұлелерге құтты қадам тілеу сөзі, кәсіпорынның болашақ дамуы туралы сөз, қаралы жиындағы сөз (мәйіт басындағы сөз); 2. Төмендегі есімдері аталған атақты сөз зергерлері шешендіктің қай түрінің өкілдері? А.Ф. Кони, Қ.И. Сәтбаев, М.О. Әуезов, Ф.Н. Плевако, Қ.Жұбанов, В.О. Ключевский, Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, Н.Ә. Назарбаев, Ә.Кекілбаев, Ә.Дербісалин; 3. Белгілі бір шешендердің (мәселен, Демосфен, Цицерон, Қ.И. Сәтбаев, М.О. Әуезов және т.б.) сөз мәтіндерін бере отырып, ол сөздерді шешендіктің қай түріне жатқызуға болатынын анықта.*

Бесіншісі, шешендіктанудың өзге ғылым салаларымен байланысы. Шешендіктану - тарихи құбылыс, яғни, белгілі бір уақытқа, қоғамға сәйкес өзгеріп отырады. Осы орайда М.Т. Цицерон: «Шешенде диалектиктің тапқырлығы, философияның ойы, ақынның тілі, заңгердің жады, трагиктің дауысы болуы тиіс», - дейді [2,47]. Демек, шешендіктану күрделі синтетикалық қалыпқа ие. Ол тіл білімі (стилистика, сөйлеу мәдениеті, тілдік қатынас теориясы және т.б.), философия, психология, логика, этика, поэтика, актерлік шеберлік және тағы басқа ғылым салаларымен байланысты. Әрине, түрлі саладағы мамандар шешендікті қилы тұрғыда қарастырады. Мәселен, *лингвистика* - ауызша сөйлеу мәдениетінің теориясын қарастырып, шешендерге шаршы топ алдында сөйлеуде туған тіліміздің байлығын қалай қолдану турасында кеңестер береді. *Психология* - ауызша сөз сөйлеуді қабылдау, сөйлеген сөздің ұжымдық санаға әсерінен туындар мәселелерді қарастырып, адамдарға тән шешендік тұлға және аудитория психологиясын зерттейді [3; 4]. *Логика* - шешендерді өз ойын үйлесімді де жүйелі баяндау, ұсынылып отырған мәселенің шынайлығын дәлелдеу мен жалған түйінді жоққа шығару бағытындағы дұрыс ойлау амалдарын үйретеді [5, 10]. Міне, осы бағытта түйіндер легін жалғастыра беруге әбден болады. Қысқасы, шешендіктанудың өзге ғылым салаларымен байланысын білу аса қажет. *Сұрақтар мен тапсырмалар: 1. Сен қалаған мамандыққа шешендіктанудың тигізер көмегі қандай? 2. Орыс ғалымы М.В. Ломоносовтың сөзіне сүйенсек, кім- кімге де шешендік шеберлікті терең меңгеру үшін табиғи қабілет, ғылым, риторларға еліктеу, белгілі тақырып негізінде сөйлеп жаттығу және өзге ғылым салалары туралы білу талап етіледі [1, 45-46].*

Шешендіктанудың философиямен, логикамен, психология- мен, этикамен байланысын дәлелдеңіз; 3. «Шешен актер емес» тезисін жоққа шығар не дәлелде; 4. Орыс тілінің белгілі зерттеушісі В.В. Виноградов: «Шешендік сөз - синкретті жанр. Ол бір мезгілде әдеби шығарма да, сахналық көрініс те бола алады», - деп жазады [6, 106]. Шешендіктанудың поэтика мен актерлік шеберлікпен байланысын негіздеңіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. - Орал: «Ағартушы» баспа-лингвистикалық орталығы, 2004. - 156 б.
2. Қыдыршаев А.С. Кестелі шешендіктану. Оқу-әдістемелік құрал. - Орал, 2008. - 84 б.
3. Поваляева М.А. Психология и этика делового общения. - Ростов н/Д: Феникс, 2006. - 347 с.
4. Панфилова А.П. Теория и практика общения. - М.: Издательский центр «Академия», 2007. - 288 с.
5. Смирнов Г.Н. Этика деловых отношений. - М., 2006. - 184 с.
6. Культура русской речи: учебник для вузов / под ред. Л.К. Граудиной, Е.Н. Ширяева. - М., 1998.

УДК 82-2(574)

**АҚЫН ЖАРАСҚАН ӘБДІРАШОВ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ**

Б.П.Халелова,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, магистр

Қазақ поэзиясы бүгінгі таңда заманның ұлы дүбірімен тыныстаған үздік өнерге айналды. Өмір – ғұмырдың түбегейлі, түбірлі құбылысын толғаған ата өнер шеберлік пен парасаттылықтың жаңа сатысына көтеріледі.

Поэзия – сөз өнері, көркемдік шеберліктің теңдесі жоқ озық үлгісі. Ол – айналамыздағы дүниені, өмірді танып-білудің күшті құралы, біздің қоғамдық ой-санамыздың, көркемдік эстетикалық сезіміміздің үлкен сенімді саласы.

Поэзияның оның ішінде лириканың болмысын терең түсінген қазақтың дарынды ақындарының бірі – Жарасқан Әбдірашов. Ақын жырлары әу бастан-ақ «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» қасиетімен ерекшеленеді. Ішкі үндестік пен үйлесімге бағынатын өлеңдерінің табиғаты толқын мінездес.

«Кіріспе» демей

«Кірісу» қойдым жыр атын.

Кірісу менің -

Міндетім,

Хақым,

Мұратым!

Өмірде мынау бәріне,

Бәрі, бәріне

Кірісу керек

Кірісу керек шын ақын! - дейді.

Шын ақын өзінің тағдыры арқылы да, өзгелердің тағдыры арқылы да қоғамдық шындықты суреттейді. Екінші сөзбен айтқанда, ол әлеуметтік маңызы бар шығармалар ғана жазады. Нағыз ақынның шығармашылығында өзіндік өмір тарихы, адамдық табиғаты, халықтық қасиеті байқалмай қалмайды. Мәселен, Жарасқанның

«Дала, сенің ұлыңмын» атты поэмасы эпикалық сарынмен жазылған дастан. Поэма ақынның табиғи бітім-болмысын танытса, «жырдың өне бойынан темпераментті стихиялық қуаттың молдығын» (*А.Кеңшілікұлы*) байқаймыз.

Дала – дала тынысын сезетін бірқатар ақындар ұрпағының сәбилік дәуірінен бастап бүкіл ғұмырының айнымас адал серігі, аялайтын алтын бесігі, рухани тірегі, жан-жүрегі. Дала – қазақ ақындарының бойтұмарындай қасиеттеп, ата-баба аруағына табынғандай сыйынатын пірі. Қазақ поэзиясында дала туралы егіліп, сыр толғап, төгіліп жыр сомдаған ақындар өте көп. Ал Жарасқан жырлаған дала тақырыбы басқа ақындардан гөрі кең ауқымды.

Туған дала,
Көп үніңнің бірі едім.
Өмірімнің
Көңілімнің нұры едің...
Өзің жайлы өлеңімді бірақ та
Әлі күнге оқи алмай жүр елім.
Тебірендім,
Теңізімді сыпырдым.
Теңеу іздеп,
Талай таңды атырдым.
Сезімімді сыйғызарлық сөз таппай
Тек ішімнен тынып келе жатырмын.

Ақын бұл толғауында туған даланы өзіне дейін де талай жырлаған көп ақынның бірі екендігін мойындап, далаға махаббаты мен сүйіспеншілігінің, жан тебіренісінің өзі ойлағандай қағаз бетіне түсе алмай жатқандығына налиды.

Туған дала,
Менсіз талай қамалдар
Алыныпты!..
Сенің арың-
Маған да ар,
Кешір мені,
Кеш келіпшің өмірге!
Кеш туыппын!
Кеш қалыппын!
Не амал бар?
Саған уақыт сәл қиындық жолдаса-
Қағаберіс қалмаспын мен,
Енді аса!..
Бірақ мені кешірме сен,
Өмірде
Өлең қылар өз ерлігім болмаса!..

Романтикалық асқақ пафосы мол ақын даламен шын жүрекпен сырласып, қазақ камын мұң еткен еңселі тұлғаға айналды.

Туған дала
Тұрдым-ау бүгін де атып!..
Кешір!
Түсін!
Кінә жоқ ұлыңда түк!..
Қалай ғана шыдаймын -
Көз алдымда

Жатса біреу шындықты шырылдатып?! - дегенде қара бұлтпен қамшыласқан найзағай жарқылындай ақын жанының тегеурінді қуатын сезінесің. «Құрығынан

Мансаптың! Қорқып, «сөйлер тұста үндемей қалған! Пенделердің рухани мүгедектігі лирикалық қаһарман намысын қамшылайды.

«Тартысып өткен елімнің, тағдыры жатыр соңында» деп Қадыр ақын айтпақшы, дала – жазылмаған тарихымыздың шежіресі. Жарасқан дала тарихын Таулар арқылы сөйлетеді.

Туған дала,
Кең болғанмен аумағың
Танданғанмен достарың һәм жауларың,
Тарихына
Тағдырыңа келгенде-
Сөз салады Тауларың!..
Уақыт қана емдей алар емдесе...
Ауыр дертке шалдықтырар ел неше?..
Қайғырыпсың қара аспанның астында -
Қаратау боп сен кеше...

Қазақ халқының тарихында кең даласынан айырылып басқа жерге қоныс аударуға мәжбүр болған сонау «Қаратаудың басынан көш келеді» деп «ақтабан шұбырынды» кезеңінен бастап қаншама қилы кезеңдер өтті. Ақын халық қайғысын, дала қайғысын қара аспанның астында қайғырып тұрған Қаратау кейпінде суреттесе, енді бірде:

Шаттандырып азаттығың,
Теңдігің
Мақтандырып қазақтығың,
Өрлігің
Күлімдейсің көк аспанның астында-

Көкшетау боп сен бүгін!.. - деп азаттығы мен теңдігі шаттанып тұрған дала еңсесі биік Көкшетау болып күлімдейді. Ақын даланы «ерен өлкем», «еңселі өлкем», «ер өлкем» эпитеттерімен көркемдеп, болашаққа үмітпен қарайды. Өр өлкесінің «Асқақтайсың алыс аспан астында – Алатау боп сен ертең!..» деп, басқа елдермен иық тірестіре тұратынына сенімді.

Табиғат пен махаббатты жырлау – ақын үшін ең абзал борыш, үлкен міндет. Бұлар бейне ақын жанының бүкіл шындық айнасы секілді.

Туған дала
Енді бір сыр толғайын:
Бір аруың болды күнім
Болды айым!
Ол үшін де,
Сен үшін де,
Қиналмай
Қыршыныңнан қиылуға мен дайын!..
Маған теңеп,
Мұнша неге жыр етті-
Демегейсің...
Махаббаттың нұры өпті!
Мендік жүрек сүйер болса,
Жаңылмай
Сүйеді тек сен деп соққан жүректі!

Лирикалық кейіпкер туған даласына өз жүрегінің от сезімін сыр етеді. Дала мен ақын тағдыры ортақ, махаббат та ортақ. Ол даласы үшін де, күні мен айына айналған аруы үшін де қыршынынан қиылуға дайын. Ақын жүрегі жаңылмайды. Ол сүйген қыз жүрегі де туған дала кейпінде соғады.

Туған дала,
Жаным сенен от алды.

Сен деп білем:

Анам,

Әкем

Атамды.

Екеу болып аттанбақпын ертеңге

Батаңды бер,

Батаңды бер,

Батаңды!..

Дала – ақынның анасы, дала – ақынның әкесі. Жаңа өмір баспалдағына екеу болып аттанарда ақын даласынан бата сұрайды. *«Мен бақытты боларымасенбеймін, ең алдымен сен бермесең батаңды!»* деп туған даласынан бата алмай аттанса, болашағының да нұрлы болатынына сенбейді.

Туған дала,

Момын дейді сені жұрт,

Қабағыңды шалмағандай тегі бұлт.

Жекпе-жекке шақырғанда жауларың,

Кеткен жерің жоқ еді ғой шегініп.

Қарайын деп,

Қылайын деп қан-жоса

Жан-жағыңнан жабылғанда қарғаша,

Берген жерің жоқ еді ғой намысты,

Кек сақтамас кең мінезің болмаса.

Ақын кең байтақ даланың төсінде, бостандық үшін жанын шүберекке түйіп, ұлы мұрат жолында шейіт болған батыр бабалардың өжет рухын суреттейді.

Сендік арды,

Сендік намыс,

Ұятты

Ардақ тұтып,

Жұлдыздарың жиі ақты!..

Туған дала,

Түсінгенге-

Тағдырың

Эстафета таяқшасы сияқты.

Ару даланың үлкен кеудесінен өз жүгін алып өтіп, ізіне мақтанышпен қарауға тұрарлық жұлдыздар қаншама! Дала тағдырың ақын эстафета таяқшасына теңейді. Бірімен-бірі жалғаса беретін адамзат сапарының жүгін келешек ұрпаққа тапсыруға міндетті.

Білемін мен:

Ауыр кезді,

Аш күнді.

Бастан кешті,

Жанарыңа жас тұнды.

Қайран бабам

Бірақ оны

Әкеме

Аман-есен өз қолымен тапсырды!..

...Әр күніңе, әр айыңа,

Жылыңа

Ғасыр жүгін арқалатып,

Жырыма

Айналдырдым!

Сондықтан да, мен оны

Салтанатпен ұсынармын ұлыма!..

Алмағайып заманды кешірген бабасы да, қанын төгіп, елін қорғап қалған әкесі де, даланы өлмес жырға айналдырған ақын да ұрпағына туған даласын аман-есен табыс етеді. Болашақ ұрпақтың баба-дәстүрін қастерлейтін дала қасиетіне табынатын азамат болатынына сенеді.

Жарасқан бір поэманың ішіне даланың келбетін, рухының биіктігін, уыздай таза пәктігін, үлпілдеген нәзік сезімі мен қайсарлығын сыйғыза білген. Ақын жүрегінен шыққан дүниелер нағыз өмір шындығының бір бөлшегі даланы да жырлау арқылы да ол өзінің көкейкесті ойын жеткізеді.

Шығармайын дыбысыңды,

Дымыңды,-

Десе де кім

Өшіре алмайды үніңді.

Сені мылқау ету үшін,

Әуелі

Кесу керек менің мына тілімді!

Ақын өлеңдерінде ылғи да терең оймен қабаттасып ащы шындық жатады. Сөздері ұстараның жүзіндей өткір. «Өжет қазақ, өр қазақ өз тілінде сөйлесін!..» деп ана тілін қастерлеп өткен ақын тілді қыспаққа алған заманға назаланып сөйлейді. Демек, поэзия – қыр сыры мол жанр. Сезімнен тыс поэзия болмайды. Ал лирика тікелей сезімдік туынды екені мәлім. Ең асыл сезімнің алдында ағынан жарыла сөйлеп, сыршыл сезімге бас имей өткен ақын бар ма? Бұл ретте, мәселен, Жарасқан мен Қадыр да – әдебиетке жалын жастық, өмірге құштарлық, махаббат, мейірім тақырыптарында ғажайып жырлар сыйлаған ақындар.

Жарасқан:

О, махаббат,

Сегіз әріп,

Бір арман...

О, бір арман

Қырық қыздан құралған!

Мұңды жырсың

Тебіренсем,

Толғансам

Бір қыз болып жолығасың сен қашан?.. - деп тұңғыық мұхитындағы махаббат кемесін сарылып күтсе, Қадыр:

Ғашықтарды жылатқан, еңіреткен

Қатал еді қаншалық тәңір неткен!

Көп іздедім мен сені айналадан

Көп іздедім мен сені тәңіректен!- деп саналы жүректің сырласын іздеп толғанады.

Поэзия қуаты – сезім қуаты. Адам рухын асқақтатқан сол сезім құдыретінен поэзия жаратылады. Ол ақылдан да, әлемдегі бар тіршіліктен де биік өзіне бас игізетін тылсым күш.

Қалай ғана жырлаймын мен сені

Қамсыз тірлік басқан кезде еңсені.

Шалқыған ой әлеміне шақырған

Шаттығымның өлшемі!

Жарасқан жан қалтарыстарындағы сезім сырларын жыры арқылы жеткізбек болып, осы тылсыммен тыныстады. Ал Қадыр поэзиясы:

Махаббат сырың жұртқа танымалы

Тулайды әнің болып қаным әлі.

Мен саған есеп болмай, өсек болмай,

Жыр бол деп жалынамын, - деп от жалынға оранған сезімді жыр арқылы емдейді.
«Өмір» деген арман мен құштарлықтан, ләззат пен сағыныштан тұратын сиқыр әлемнің сан қырын ақынның өлең жолдарынан аңғарасың.

Күндер өтер,

Айлар өтер,

Жыл өтер...

Күту, аңсау, жабырқатар,

Жүдетер!..

Сендік сезім,

Сендік төзім,

Сендік сыр

Махаббаттың жұмбақтығын жыр етер(*Жарасқан*).

Қымызынды құйып жатып зереңге,

Сыр жасырып үлгердің-ау тереңге!

Айна көзден ақ балығын сезімнің

Енді қайтып көрмеймін бе, көрем бе?! (*Қадыр*)

Жарасқанның ар махаббаты, от махаббаты, бал махаббаты, у махаббаты, Қадырдың асау махаббаты, бұлбұл махаббаты табиғи тұтастығымен сезімнің сері пернелерін тап басып, жанарды бірде күйдіріп, бірде ысыта алады. Небір теңеу, эпитет, метафора, ұлттық бояумен астасып, сөздің ажарын ашады.

Жарасқан:

Асылдай ма едің сарсаңға салған талайды?! (*теңеу*).

Оралғаны ма қайтадан

Орағытып ескен самалдай (*теңеу*).

Ақ махаббат – менің асыл мұратым (*эпитет*).

Мұңды жырсың –

Тебіренсем,

Толғасам...(*эпитет*)

Мені толқытқан

Қара көзің бе екен?! (*эпитет*).

Менен асқан отты ақын

Жоқ сияқты сеніңше (*эпитет*).

«Махаббат у» деседі, жаным... (*метафора*)

«Махаббат бал» дегенді – сен сияқты

ғашығын өпкендер айтқан! (*метафора*)

Қадыр:

Сорлы жүрек солқылдайды сол жақта(*эпитет*).

Махаббаттың сүттей ақ туын тіктің (*теңеу*).

Мендік асау махаббатты жүгендер күш қайда бар? (*эпитет*)

Серке күндер,

Ерке түндер,

Қайдасың?! (*эпитет*)

Айна көзден ақ балығын сезімнің... (*эпитет*)

Адаспас ақыл – сезім тайгасында (*эпитет*)

Жалғасын күн нұрымен

Жас жүректер аңсаған(*эпитет*).

Сен – кәдімгі найзағай

Мен кәдімгі жайтартқыш (*метафора*).

Қос ақынның ізгілік, тазалық, адалдық атаулыға іңкәр жүрегінің лүпілін сезбеу мүмкін емес.

Мен саған көрінсем деймін –
Қайта оралмас уақыттың ажары болып!
Мен саған көрінсем деймін –
Қайталанбас бақыттың базары болып (*Жарасқан*).

Түнересің, түршігесін,
Күліп тұрып күрсінесің,-
Сүю деген осы да!
Сүйсінесің риясыз,
Жылап тұрып жымиясың, -
Сүю деген осы да! (*Қадыр*)

Сен ізде мені -
Жолым көкжиекке сіңіп жоғалғанда.

Сен ізде мені -
Жасыл бақ жапырағынан тоналғанда(*Жарасқан*).
Тұтқында жатқан адамға жабықтан түскен жарықтай
Сенің сөзің мен үшін
Таңдайы кепкен бақшаға кезінде жеткен арықтай
Сенің сөзің мен үшін(*Қадыр*).

Анафора, эпифоралық қайталау арқылы ақындар өлеңнің интонациялық екпінін күшейтіп, табиғи сезімнің сыршылдығын аңғартады.

Достар,
Самарқау тірліктен безінгілерің келе ме,
Сезімнің не екенін сезгілерің келе ме,
Түн сайын таусылмас қиялға беріліп,
Таң алдында ғана көз ілгілерің келе ме,
Махаббат дейтұғын асқақ әнге сап,
Көктемгі дариядай тасып толыңдар!
Басқа емес, мыны... мына мен құсап,

Ғашық болыңдар, ғашық болыңдар!..- деп Жарасқан жыр жүректің нәзік соғысын дүниенің дүбірі мен діріліне ұластырып, ақ әлемге жар салса,

Қадыр ақын:

Сен болмасаң көздің жасы моншақтап,
Сорлы жүрек солқылдайды сол жақта.
Сен бар жерде бәрі, бәрі, бәрі бар,

Бәрі, бәрі, бәрі де жоқ сен жоқта, - деп сағыныштың сырлы ырғағы болып сыңсып, дүрсілдеп соққан жүрекке айналады.

Поэзия – табиғи да терең сезімді оятудың құралы. Қос ақында абстракциялы еш нәрсе жоқ, бәрі нақтылы. Шығармаларынан алыстан тақырып іздемейді. Ешкімде жоқ «махаббат» жырланбайды. Бәрі таныс, бәрі түсінікті. Жүрек лүпілдеп соққан сайын сырмен бірге муза төгіледі. Сонша асқақ шындық адам жүрегінің қалыпты ырғағымен жетеді. Олардың жүрек сөзі – тұнған поэзия.

Өлеңдегі әсемдік белгілі бір гармониялық жарасымдылықта десек, бұған Жарасқан Әбдірашов поэзиясынан дәлелді молынан кездестіреміз. Ақынның поэзиялық ой-мазмұнды әсерлі де әсем жеткізуге өлең ішіндегі дыбыстардың мәнерлеушілік күшіне, эстетикалық, көркемдік сипатына зер салғанын аңғарамыз. Ақынның қаруы – тіл. Күллі құбылыстар құпиясы мен сабақтастығын айтып бере алатын күш – поэзия, ал поэзия тілі – образды қуат пен бейнелі суреттің, сұлу ырғақ пен төгілген ұйқастың негізі. «Жарасқан – көбінесе өлең ырғағын ұйқасқа түсетін екпінмен өлшейтін ақын. Ұйқасатын сөздерінің бояуы қанық ажарлы мағыналы болып келеді де, санаға өткір сәулесін түсіреді, есте оңай сақталады» (*Ә.Қайырбеков, «Саға»*).

Мысалы:

Таста бәрін!
Қайтадан баста бәрін!
Әлі де алда шырқайтын
Асқақ әнің!

Ақ бұлақтар!
Алқынған Ақ бұлақтар!
Қазір-Көктем,
Алдың - Жаз
шапқылап қал!

Ақын кетіп барады көшеменен,
Екпінінен бір дауыл еседі ерен...
Жанарында найзағай семсер сілтеп,
Кеудесінде қара бұлт көшеді өлең.

Ұйқастың көркемдік, эстетикалық, эмоциялық қырларын жетік меңгеру – ақындық мәдениеттің бірден-бірүлкен белгісі, биік сипаты, күшті құралы. Өлеңтану ғылымының қағидасы бойынша, ұйқас орналасуына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Ал Жарасқан көбінесе қара өлең – а а б а, шалыс ұйқас – а б а б, егіз ұйқас - а а б б, шұбыртпалы ұйқас – а а а а, аралас ұйқас – а б в г д в, ерікті ұйқас – а а а б в б а түрлерін пайдаланған.

Мысалы, қара өлең ұйқасы:

Өйткені, біз өрт ішінде өнгенбіз, - а
Өмір үшін - өлімге көнгенбіз! - а
Соғыс көрген әкелерден – жаралып, - б
Соғыс көрген аналардан – емгенбіз. - а
(«Созыстан соң туғандар»)

Шалыс ұйқас:

Арқаға мезгіл салмағын, - а
Албырттықпенен көп артып. - а
Балалық шақтың арманын, - а
Алдық па, досым, жоғалтып?.. – б

Жарасқан жырларында фигураның бір түрі қайталау көп кездеседі. Бұл амал – тәсіл өлең эвфониясы үшін қызмет етеді, интонациялық екпінін күшейтеді. Қ.Жұмалиев: «Кейде бір сөзді әдейі бірнеше рет қайталайды, кейде дауыс толқынын өзгертіп, сонымен байланысты тыныс белгілеріне де өзгеріс туғызады. Міне, осылардың бәрін бір сөзбен атағанда фигура дейді», - деп түсіндіреді.

Қайталаулар:

1. Есне қайталау:

Арызым бар, Табиғат, айтар менің,
Нар ұлдарын еліме қайтар менің...
Қайтар менің еліме нар ұлдарын –
Қайтар қайталанбайтын нар ұлдарын!
(«Арызым бар, Табиғат»)

2. Әдепкі қайталау (анафора)

Кездерім көп қия құздан құлаған,
Кездерім көп ағыл-тегіл жылаған!
Кездерім көп жыртып-жыртып жүректі
Амалсыздан тағы қайта құраған.
(«Екі Жарас»)

Жатыр аңсап ортайған көлдер сені,
Жатыр аңсап қартайған шөлдер сені.
Жатыр аңсап жауқазын жаңа шыққан
Қызылқұмда арнаған қалашықтар...
(«Ақ бұлақтар»)

3. *Жай қайталау*
Бір жүрек салған,
Шын жүрек салған жараны,
Жүз жүрек түгіл
Мың жүрек емдей алмайды!

4. *Кезекті қайталау (эпифора)*
Досым мені қайғыртпаса екен –
Достарын сатып.
Құсым мені қайғыртпаса екен –
Аспанын сатып.

Қойлы ауылдағы табыскерлерім,
Сендердегі орден – менікі!
Байқоңырдағы ғарышкерлерім,
Сендердегі орден – менікі!
Құрылыстағы ылайшыларым,
Сендердегі орден – менікі!

Мұндағы қайталаулар жыр шумағын толтыру үшін емес, әр сөзді айқындай, тілдік-баяулық қасиеттерін нақтылай түсу мақсатында қолданылған.

Әдебиет теориясында *аллитерация*, *ассонанс* деп аталатын үндестік пен үйлесім – ақын жырларына тән қасиеттердің бір қыры.

Дыбыстық қайталаулар:

1. *Ассонанс*

Арман!
Алыс жолда жаншылар,
Армансыздар арасынан аршып ал!..
Есіңе түсер ертеңнің
Еншісі болып жыр құсы.
Есіңе түсер еркеңнің
Елде жоқ
Әсем күлкісі.

Мұнда «а», «е» дауысты дыбыстары қайталанған, тармақтар сол дыбыстардан басталып, шумақтың өне бойына арқау болып тұр.

2. *Аллитерация*

Тебірендім,
Теңізімді сапырдым.
Теңеу іздеп,
Талай таңды атырдым.

Бақыт деген не нәрсе,
Бақыт деген!
Бірге алу ма аяқты уақытпенен
Бала кезден тұрлаусыз тіршіліктің
Бал мен уын, әйтеуір, татып келем.

Бұл үзіндіде бірыңғай «т», «б» дауыссыз дыбыстар әр тармақтың басында келіп, өлеңнің әсерлілігін арттыра түскен.

Ақын дыбыстарды сөйлете білуге шебер. Мұны поэзиялық ойдан, сезімнен, мағынадан әсте ажыратуға болмайды. Нақтылай айтқанда, поэзия «дыбыс пен мағынаның арасында» тербеліп тұрады. Аллитерация мен ассонанс өз алдына бөлек тіршілік етпейді. «Өлеңнің бас жағында аллитерация мен ассонанстың көбеюіне әсер еткен әуезділік одан әрі қалыптасқан дыбыстық қайталаулар арқылы өлең ішінде белгілі бір эпитеттер мен метафоралардың екшеліп шығуына да жағдай жасайды. Олар да орайластық принципіне бағынады» (М.Әуезов. «*Уақыт және әдебиет*»). Бұл пікірді Жарасқанның мына өлең шумағы арқылы дәлелдеуге болады:

Армысыңдар, алмас жүзді анттарым,
Ақ боз атты дәстүрім мен салттарым!
Армысыңдар,
Дүбірлеген даңқтарым,
Сұңқар мінез дәстүрім мен салттарым!
(«*Армысыңдар, қарттарым!*»)

Ақын жырлары дыбыстар үндестігімен, яғни, гармониялық сипатымен ерекшеленді. Жарасқан Әбдірашов шығармаларындағы поэзиялық қайталаулар (еспе, анафора, жай, кезекті, дыбыстық) сөзді шебер тізіп қиыстырудан туған өрнектеулер, біріншіден, өлеңнің көркемдік мазмұнын, эмоциялық-образдық күшін арттырса, екіншіден, белгілі бір ойды, сезімді, пікірді, көзқарасты білдіреді. Бұл ретте Т.Медетбеков айтқандай: «Жарасқан сілтеген қылыштай кесіп те сөйлеген жоқ, өңменге қадалған кездіктей тесіп сөйлейді. Ол көп жебенің бірі болған жоқ, көбі сөгетін жебе болды».

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.Әбдірашов. Соғыстан соң туғандар. – Алматы, 1993.
2. З.Ахметов. Поэзия шыңы – даналық. – Астана, 2002.
3. Т.Әлімқұлов. Қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері. – Алматы, 1957.
4. Ә.Қайырбеков. Саға. – Астана, 2003.
5. А.Кеңшілікұлы. Айтылмай қалған ақиқат //Заман Қазақстан, №46, 1997.
6. Т.Медетбеков. Көбе сөгер жебе еді //Қазақ әдебиеті, № 57, 2002.
7. Ж.Әбдірашов. Құлпытас. 2003.
8. Қ.Мырзалиев. Ой орманы. (Үкілі үзінділер). 1965.
9. З.Қабдолов. Сөз өнері. – Алматы, 1983.
10. М.Әуезов. Уақыт және әдебиет. – Алматы, 1962.
11. М.Дүйсенов, К.Сейдаханов, С.Негимов. Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты. – Алматы, 1982.
12. З.Ахметов. Поэзия шыңы – даналық. – Астана, 2002.

РИТОРИЧЕСКИЙ ДИСКУРС: КОГНИТИВНО-ПРАГМАТИЧЕСКИЙ И СТРУКТУРНО-СТИЛИСТИЧЕСКИЙ АСПЕКТЫ

О.Г.Полянина

старший преподаватель

ЗКУ им.М.Утемисов,

г.Уральск (Казахстан)

lyolka0370@mail.ru

Андатпа: Риторикалық дискурс – бұл тарихи, экстралингвистикалық және элеуметтік-мәдени факторларға байланысты белгілі бір стратегияларды жүзеге асыратын нақты уақыт режимінде болатын коммуникативті құбылыс. Оны біз реципиенттен адресат мүддесі үшін белгілі бір посткоммуникациялық әрекетті жасау / жасаудан бас тарту қажеттілігі, қалауы немесе мүмкіндігі туралы дербес шешім қабылдауға қол жеткізу мақсатында әсер ету көзқарасымен біріктірілген бірқатар элеуметтік-функционалдық дискурстардың (саяси, ғылыми, құқықтық, жарнамалық, публицистикалық, діни) мәтін түрлерін қамтитын прагматикалық метадискурс ретінде анықтаймыз.

Аннотация: Риторический дискурс представляет собой коммуникативное явление, происходящее в реальном времени, реализующее определенные стратегии, обусловленное историческими, экстралингвистическими и социокультурными факторами. Он определяется нами как прагматический метадискурс, включающий типы текста ряда социо-функциональных дискурсов (политического, научного, юридического, рекламного, публицистического, религиозного), объединенные установкой на воздействие с целью добиться от реципиента принятия самостоятельного решения о необходимости, желательности либо возможности совершения / отказа от совершения определенного посткоммуникативного действия в интересах адресанта.

Abstract: Rhetorical discourse is a communicative phenomenon occurring in real time, implementing certain strategies, conditioned by historical, extralinguistic and socio-cultural factors. We define it as a pragmatic meta-discourse, including text types of a number of socio-functional discourses (political, scientific, legal, advertising, journalistic, religious), united by an attitude to influence in order to get the recipient to make an independent decision about the necessity, desirability or possibility of committing/refusing to commit a certain post-communicative action in the interests of the addressee.

Современное состояние лингвистики характеризуется окончательным утверждением в ней коммуникативно-функциональной и развитием когнитивной парадигмы, в рамках которых традиционная лингвистическая проблематика выводится на новый уровень рассмотрения. В центр исследовательского интереса выдвигается взаимодействие языка с различными мыслительными структурами и процессами и отражение этого взаимодействия в прагматическом контексте – ситуации речевого общения. Современное состояние лингвистики характеризуется окончательным утверждением в ней коммуникативно-функциональной и развитием когнитивной парадигмы, в рамках которых традиционная лингвистическая проблематика выводится на новый уровень рассмотрения. В центр исследовательского интереса выдвигается взаимодействие языка с различными мыслительными структурами и процессами и отражение этого взаимодействия в прагматическом контексте – ситуации речевого общения.

Риторический дискурс – определяется нами как прагматический метадискурс, включающий типы текста ряда социо-функциональных дискурсов (политического, научного, юридического, рекламного, публицистического, религиозного), объединенные установкой на воздействие с целью добиться от реципиента принятия самостоятельного решения о необходимости, желательности либо возможности совершения / отказа от совершения определенного посткоммуникативного действия в интересах адресанта. Понятие риторического дискурса восходит, во-первых, к античной риторике, которая возникла как теория публичной речи, изучающая разнообразные формы преимущественно языкового воздействия на слушателя (аудиторию), или, по Аристотелю, пытающаяся «найти возможные способы убеждения относительно каждого данного предмета». Риторика систематизировала рекомендации, касающиеся композиции речей, способов аргументации, убеждения и эмоционального воздействия на слушателя, средств оживления и украшения стиля (риторических фигур). Одним из важных положений античной риторики было положение о свободе принятия решений в отношении предмета убеждения.

Риторический дискурс представляет собой коммуникативное явление, происходящее в реальном времени, реализующее определенные стратегии, обусловленное историческими, экстралингвистическими и социокультурными факторами. При создании риторического дискурса оратор придерживается определенных стратегий, под которыми имеется в виду выбор наиболее эффективного способа достижения поставленной цели. Стратегии определяют возможности прагматического, композиционного, стилистического и лексико-грамматического выбора. Текстовые реминисценции, основанные на апелляции к прецедентным текстам, широко используются в различных видах риторического дискурса и увеличивают воздейственность публичной речи. Для эффективного воздействия на общественное сознание создается определенный имидж оратора, который определяет позитивное восприятие информации аудиторией и ее положительную оценку оратором. Важным способом управления общественным восприятием является введение моделей позитивного восприятия и оценки информации. В модель воздействия включаются определенные национальные характеристики, свойственные данному социуму. Создаются такие публичные выступления, в которых осуществляется воздействие на массовое сознание и на которые реакция адресата заранее предсказуема. Эффективность ораторской речи повышается в результате использования умело выбранных шуток, которые помогают установлению контакта между оратором и слушателями, а также помогают оратору выйти из затруднительных ситуаций. Построение большинства шуток обеспечивает сначала создание определенного напряжения, а затем его разрешение. В этом случае и необычное словоупотребление, и неординарность ситуации производят желаемый эффект. В американской публичной речи допустимо использование шуток даже в серьезных обращениях. Важную роль в повышении эффективности ораторской речи играет эффект первого впечатления, который в определенной степени создается в результате представления оратора слушателям. Речь председателя, представляющего оратора, отличается повышенной экспрессивностью, которая достигается за счет использования стилистических средств и риторических приемов [5].

В современной лингвистической науке наиболее распространены коммуникативно-прагматический и когнитивный подходы. И если первый рассматривает дискурс как способ (форму) межличностного вербального взаимодействия, осуществляемого в определенных обстоятельствах (ситуации), то когнитивный является неким сочетанием части коммуникативного подхода и ситуативного. Он позволяет раскрыть две функции дискурса – когнитивную, связанную с непосредственным его участием в процессе познания, и коммуникативную, которая определяет роль дискурса в речевом общении, т.е. данный

феномен имеет прямое отношение к передаче знаний и оперированию ими. При когнитивном подходе определение дискурса основывается на связи явления с процессами мышления человека, при коммуникативном подходе дискурс рассматривается как непосредственная часть процесса общения людей. По мнению Т.В. Милевской, «обе точки зрения не исключают, а, скорее, дополняют друг друга, так как когнитивные процессы не безразличны к прагматическим параметрам коммуникативной ситуации» [2].

Рассматривая универсальные характеристики типов текста, относящихся к риторическому дискурсу, в сочетании с их специфическими особенностями, представляется возможным осуществить полное типологическое описание риторического дискурса с одной стороны, и конституирующих его типов текста с другой. К основным риторическим типам текста мы относим: – публичное выступление (в политике, научной дискуссии, торжественных социальных актах); – речь адвоката перед судом (защитительная речь); – речь прокурора перед судом (обвинительная речь); – проповедь; – тексты рекламно-апеллятивного характера (рекламное объявление, лозунг, листовка, граффити и т. п.); – публицистические тексты прессы. Названные виды текстов в наибольшей степени обладают, на наш взгляд, дискурсивными риторическими характеристиками и представляют основные социо-функциональные дискурсы, формирующие риторический метадискурс (политический, научный, юридический, религиозный, рекламный дискурсы).

Риторические тексты естественной коммуникации в определенной степени моделируемы, т.к. строятся по правилам, формирующимся в коллективной практике, и отражают становление и развитие определенных сфер общественной жизни какого-л. народа (народов). Риторический дискурс, несомненно, представляет собой одну из констант европейского социокультурного контекста.

Логико-структурная схема риторического текста-рассуждения предполагает такие этапы: 1) обращение к слушателю; 2) тезис (мысль, которую надо логически доказать, обосновать или опровергнуть); 3) аргумент (обоснование высказанной мысли, 2–3 доказательства, подтверждаемые примерами); 5) вывод; 6) заключение (призыв к действию). В риторике развернутые тексты-рассуждения могут быть представлены кратким видом умозаключения – силлогизмом. Эта логическая операция позволяет учащимся существенно пополнить доказательный контент дискурса. В работе над риторическими текстами-рассуждениями целесообразны такие задания: 1) дополните краткое риторическое рассуждение (силлогизм); 2) попробуйте раскрыть обычную вещь в новом, необычном, противоречивом свете и доказать свою точку зрения; 3) рассмотрите цитату автора в качестве аргумента и подумайте, какой тезис вы бы могли предложить; 4) прочитайте тезис, дополните высказанные суждения аргументами (фактами, примерами, собственными впечатлениями); 5) закончите текст-рассуждение призывом к действию (риторическим вопросом, восклицанием). Диалогический дискурс риторики многомерен, зависит от взаимной интенции, эффективность его развертываемости обусловлена умением оппонентов точно воспринимать речь и уместно реагировать.

Коммуникативно-прагматический аспект культуры речи состоит в умении носителя языка выбирать форму выражения мысли в зависимости от ситуации общения, т. е. выбирать стиль и жанр будущего высказывания, как письменного, так и устного. Например, выражающие одну мысль предложения-высказывания Начнутся дожди – пойдут грибки и При условии повышенной влажности можно ожидать активного роста грибов реализуются в текстах разной функциональной разновидности. Этические нормы речевого поведения также необходимо соблюдать, поскольку они, по словам И. А. Стернина, обеспечивают регулирование целенаправленного взаимодействия партнеров [4]. Именно этический аспект регулирует выбор ритуального способа выражения приветствия (Привет!

Здравствуйтесь! Добрый день!), прощания (Чао! Пока! До свидания!). По-видимому, под культурой речи следует понимать традиционный для данного общества взгляд на «хорошее» и «плохое» в общении. Жизнь требует, чтобы мы говорили правильно, доступно, выразительно. Владение родным языком, умение общаться, вести гармоничный диалог – важные составляющие профессиональных умений в различных сферах деятельности. В какой бы области ни работал специалист с высшим образованием, он должен быть интеллигентным человеком, свободно ориентирующимся в быстро меняющемся информационном пространстве.

Таким образом, две исследовательские парадигмы, когнитивная и коммуникативная, выступают в качестве приоритетных в современной лингвистике, поэтому было бы правильным, рассматривать их во взаимосвязи друг с другом. Так, И.П. Сусов утверждает: «Язык – есть по своему назначению когнитивно-коммуникативная система. Изучая тот или иной язык, надо не упускать из вида неразрывную связь двух главных его функций – когнитивной и коммуникативной».

По нашему мнению, коммуникативно-прагматический подход наиболее полно отражает сущность понятия «дискурс», а именно представляет его как инструмент коммуникативного взаимодействия и решения конкретных задач в данной коммуникативной ситуации. Основываясь на теории речевых актов, коммуникативно-прагматический подход отождествляет эти акты речи с действиями человека, определяя дискурс как их упорядоченную последовательность в процессе общения [3].

Список литературы:

1. Комарова З.И. Коммуникативно-прагматическая парадигма в дисциплинарно-методологическом пространстве современной лингвистики // Вестник Челябинского государственного университета. 2013. № 1. С. 66-71.

2. Михальская А. К. Педагогическая риторика : учебное пособие / А. К. Михальская. — Изд. 2-е. — Ростов н/Д: Феникс, 2015. — 379с. — (Высшее образование).

3. Милевская Т.В. Дискурс и связность // Филология на рубеже тысячелетий. Материалы Международной научной конференции. -Ростов н/Д: «Донской издательский дом»,2000.

4. Стернин И. А. Практическая риторика: учебное пособие для вузов / И. А. Стернин. 8-е изд., стер. Москва: Академия, 2014. 269 с.

5. Чикилева Л.С. Риторический дискурс: когнитивно-прагматический и структурно-стилистические аспекты: Монография. М.: Флинта: Наука, 2005. -316 с

ӘОЖ 82:316.3

ФОРМИРОВАНИЕ РИТОРИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ СТУДЕНТОВ В СОВРЕМЕННЫХ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ УСЛОВИЯХ

А. Утарова

*Магистр педагогических наук
ЗКУ им. М.Утемисова, г.Уральск
ansagan90@mail.ru*

Аңдатпа: Мақалада қоғамның қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайында студенттердің риторикалық мәдениетін қалыптастыру, дамыту және жетілдіру мәселелері қарастырылады, риториканың заңдары мен "алтын" ережелеріне сәйкес әр түрлі риторикалық жанрлардың ауызша көпшілік алдында сөйлеу мәтіндерін құрудың риторикалық модельдері сипатталған.

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы формирования, развития и совершенствования риторической культуры студентов в современных социокультурных условиях жизни общества, описываются риторические модели построения текстов устных публичных выступлений разных риторических жанров в соответствии с законами и «золотыми» правилами риторики.

Abstract: The article examines the issues of formation, development and improvement of students' rhetorical culture in modern socio-cultural conditions of society, describes rhetorical models for constructing texts of oral public speeches of various rhetorical genres in accordance with the laws and "golden" rules of rhetoric.

Современная ситуация в обществе и образовании побуждает обратить особое внимание на речевые науки, занимающиеся проблемами эффективного коммуникативного общения. Предмет риторики и культуры речи рассмотрен с точки зрения истории, актуального содержания и сопоставления с другими дисциплинами, имеющими отношение к речи.

Риторика (от греч. *rhetorike* — ораторское искусство) — это наука об ораторском искусстве, о мастерстве публичного выступления перед аудиторией, то есть риторика призвана научить, как эффективно при помощи речи воздействовать на аудиторию, как достичь успеха, выступая публично. Человеческое общение на две трети состоит из речевого. Именно при помощи речи чаще всего происходит общение между людьми. Речевая деятельность человека является самой сложной и наиболее распространенной, без нее невозможна никакая другая деятельность, она предшествует, сопровождает, составляет основу всякой деятельности человека (юридической, управленческой, производственной, коммерческой, финансовой, научной и др.). Специалист, выполняя работу, вынужден что-то обсуждать, советоваться, вести переговоры, задавать вопросы, отвечать. От того, насколько умело осуществляется речевая деятельность, зависит и успех профессионального дела.

Речевая деятельность — процесс, который складывается, формируется из деятельностных актов. Их характер, содержание зависят от различных ситуаций, в которые попадает человек. Например, необходимо устроиться на работу, реализовать изготовленную продукцию, принять участие в конференции. Эти и другие обстоятельства определяют характер речевой ситуации. В первом случае необходимо подготовиться к собеседованию, во втором — продумать агитационную речь (диалог), в третьем — написать доклад. Речевые ситуации бывают разнообразными, но этапы осуществления речевой деятельности в основном одни и те же. Этапы речевой деятельности для говорящего. 1. Прогнозирование. Внутренний план высказывания — результат обдумывания, рассуждений. 2. Порождение, структурирование высказывания. Из памяти извлекаются нужные слова, по синтаксическим моделям строятся предложения. Механизм порождения речи, к сожалению, еще недостаточно изучен. 3. Самый ответственный. Начинается говорение. Субъект речевого действия повествует, докладывает, рассуждает, иными словами, творит звучащую речь, использует вербальные средства общения. Речь, высказывание — продукт речевой деятельности, ее порождение.

По речи можно определить:

- у психологическое состояние говорящего → речь взволнованная,
- искренняя, льстивая, грубая, ласковая;
- у целевое назначение речи → убедить, проинформировать, сагитировать;
- у коммуникативную значимость → речь содержательная, бессмысленная, пустая, глубокая, осмысленная;
- у отношение говорящего к собеседнику → презрительное, ироническое, хвалебное, угрожающее. О нем судят по обратной связи, по тому, как воспринимают сказанное, как на него реагируют. Чтобы понять значение обратной связи, напомним,

что в речевой деятельности принимают участие говорящий и слушающий, первый порождает речь, а второй ее воспринимает, поэтому следует рассматривать речевое действие не только в генеративном плане, с точки зрения его порождения, воспроизведения, но и в перцептивном, с точки зрения его восприятия. [2]

Предпринятый нами в работе исторический экскурс свидетельствует о том, что понятие риторики всегда рассматривалось в связи с культурным контекстом той эпохи, в котором оно функционировало, и естественным образом испытывало на себе влияние этого контекста.

Современная культура, ориентированная на гуманистические идеалы, в качестве нормы речевого общения признает общение индивидов «в горизонте личностей» (мировоззрений, ценностных смыслов). Основную идею диалога, которая заключается в том, чтобы уметь сохранять индивидуальное мнение, но не подавлять мнения других и не навязывать собственное, а пытаться только понять, отражают риторические тексты, которые отличаются от множества других тем, что в них есть апеллирование к должному и интенция убеждать.

В результате рассмотрения риторики (речевой деятельности) в контексте культуры нами было уточнено понятие «риторическая культура», которое, являясь функциональной частью общей культуры (так как оно выполняет функцию «выращивания» общей культуры посредством ценностно ориентированного способа речевого взаимодействия людей), понимается нами как система актуальных ценностно ориентированных норм речевого взаимодействия, овладение которыми способствует «окультуризации человека».[3]

В коммуникации человек использует пять разных знаковых систем: слова, интонация, тембр голоса, жесты, пластика, энергетический импульс. Первые три традиционно относятся к компетенции лингвистики, четвертая – к невербальной коммуникации, пятая – к экстрасенсорике.

Содержание когнитивного компонента риторической компетенции педагога сводится к знанию теоретических основ общей и педагогической риторики, риторической аргументации, особенностей педагогической коммуникации, закономерностей создания и условий эффективности профессиональной публичной речи, специфики реализации речи в профессиональной педагогической деятельности в сфере высшего образования. Операциональный компонент предполагает умение создавать и реализовывать успешные публичные речи разных риторических жанров в профессиональной педагогической деятельности в сфере высшего образования, владеть навыками риторической рефлексии.

Риторические жанры педагогического дискурса, посредством которых педагогическая деятельность реализуется как специфическая речевая деятельность, разнообразны и обусловлены апеллированием речи преподавателя, риторической аргументации к этическому, логическому и эмоциональному началам (категориям этоса, логоса и пафоса).

Специфика риторических жанров рассматриваемого институционального дискурса определяется их антропоцентричностью, выраженностью межличностных установок, диалогизированностью, политематичностью, субъективностью, синтезом элементов различных функциональных стилей, зависимостью от ситуации общения, отражением особенностей речевого этикета

В качестве примеров риторических жанров педагогического дискурса приводятся слово преподавателя о своем предмете, побуждающая речь, эпидейктическая речь, эссе, риторический анализ текста, оценочное суждение, отзыв, рецензия, риторический анализ речевого поведения педагога и обучающегося в разных ситуациях педагогического общения; беседа, диспут, дискуссия, дебаты, и др..

Важная роль в системе риторических жанров отводится академической лекции и ее разновидностям (модуль-лекции, лекции-погружению, лекции-дискуссии, видеолекции, интерактивной лекции, мини-лекции и др.).

По мнению Л.Н. Горобец, именно уровень владения риторическими жанрами и определяет уровень сформированности риторической компетенции педагога. Мотивационный компонент связан с пониманием важности риторического знания и его прикладного характера в профессиональной педагогической деятельности, необходимости овладения риторической культурой в целом, желание педагогов совершенствовать свои риторико-коммуникативные умения.[1]

Ведение таких риторических тетрадей позволит студентам вводить мудрые мысли в создаваемые ими тексты, шлифовать собственную речь, включать в речь в соответствии с ситуацией общения «жемчужины» словесного творчества. Знание фразеологизмов, крылатых слов, пословиц и поговорок, цитат украшает речь оратора. Известно, что лучшие мастера красноречия не только тщательно продумывали содержание выступления и облекали его в соответствующую содержанию риторическую форму, но и постоянно совершенствовались в своей профессиональной сфере и в области языка. Многие из них вели дневники, оттачивали язык на афоризмах, из опыта писателей брали художественные приёмы, многие из которых стали риторическими, обращались к метким оборотам речи, учились работать со словом, строить фразу. «Следить за мыслью великого человека есть наука самая занимательная»,-писал А.С. Пушкин.

Французская поговорка гласит: «Человек-это стиль». Чувство языка, изысканность речевой манеры, изящество стиля- всё это мы постигаем благодаря произведениям искусства, накопленному веками опыту в области поэзии, художественной литературы, ораторского искусства.

В ходе изучения риторики студенты получают важные риторические знания. Такими лежащими в основе теории ораторского искусства знаниями являются законы и «золотые правила» риторики. Законы риторики — это правила и приёмы ораторского искусства, способствующие достижению общериторического идеала.

Существует четыре основных закона риторики:

1. Закон гармонизирующего диалога.
2. Закон ориентации и продвижения в пространстве речи адресата.
3. Закон эмоциональности речи.
4. Закон удовольствия.

Помимо законов риторики, соблюдение которых обязательно для всех, начинающий оратор, пытающийся освоить риторическую мудрость, должен знать три правила риторики и руководствоваться ими в ситуациях речевого взаимодействия.

Всему этому учит риторика. Изучая риторику, студенты имеют возможность обогатить себя ещё одной культурой — риторической. Риторическая подготовка и знания, полученные в её процессе, позволят студентам сформировать навык думать логично, связно, чётко, быстро, как говорил Рене Декарт, «мыслить схемами» [2], что так необходимо в современном мире. При подготовке текстов публичных выступлений разных риторических жанров следует познакомить студентов с примерной моделью текста того или иного жанра.

Таким образом алгоритм изложения информации поможет студентам логически и композиционно оформить текст выступления и привести его в соответствие с требованиями, предъявляемыми к жанровой природе текста, а речевые клише, с помощью которых информация вводится в текст, послужат материалом для справок, к которому начинающий оратор может обратиться в случае затруднения во избежание коммуникативных неудач и нежелательных в момент речи продолжительных интонационных пауз, так называемых «обрывов речи», и которым он может воспользоваться, поскольку клише (от франц. cliché) или речевой стереотип —

готовый, легко воспроизводимый в определённых ситуациях речевого общения оборот, позволяющий оформить мысль и структурировать речевой отрезок .

В исследовании было концептуально доказано, что роль педагога в культурологической парадигме образования изменяется в отличие от традиционной, знаниево-ориентированной. [4].

Список литературы:

1. Горобец, Л.Н. Риторические жанры педагогического дискурса / Л.Н. Горобец // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. – 2008. – № 62. – С. 219–225.

2. Риторика: Учебное пособие / Сост. В. Д. Еременко, Е. Ю. Лимар. — М.: РАП, 2013.

3. Теоретические аспекты процесса формирования риторической культуры преподавателя высшей школы // Образование и наука. Изв. Урал, отд-ния Рос.акад. образования. 2002. Вып. 4 (16). С. 13-29.

4. Культура русской речи / под ред. Л. Ю. Сковородникова [и др.]. — М.: Флинта; Наука, 2003. — 840 с

ӘОЖ 373.3

ПЫСЫҚТАУЫШ МҮШЕ МЕН БАҒЫНЫҢҚЫ СЫҢАРДЫҢ АУЫСПАЛЫЛЫҒЫ

Т.Б.Жукеев,

Филол. ғыл. кандидаты, доцент
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті
Қазақстан, Қарағанды қ.
toleu_1911@mail.ru

Аңдатпа: Жай сөйлем ішіндегі етістік пысықтауыштың бағыныңқыға ауысуы – олардың (пысықтауыштардың) сөйлем басында қолданылып, басқа мүшелерді жетегіне ертіп күрделенуінің нәтижесінде болған. Пысықтауыш неғұрлым күрделенген сайын, соғұрлым негізгі сөйлемнен интонациялық жағынан оңашалана бастайды. Енді осы мәселеге мақалада тоқталайық.

Аннотация: Переход глагольного модификатора в простое предложение к подчиненному-произошел в результате их (модификаторов) усложнения, употребляемого в начале предложения и сопровождающего других членов. Чем сложнее составитель, тем больше он начинает интонационно изолироваться от основного предложения. Теперь остановимся на этом вопросе в статье.

Abstract: The transition of the verbal modifier into a simple sentence to a subordinate one occurred as a result of their (modifiers) complication used at the beginning of the sentence and accompanying other members. The more complex the compiler is, the more intonationally he begins to isolate himself from the main sentence. Now let's focus on this issue in the article.

Сабақтас құрмалас сөйлемнің пайда болуының екі жолы бар екендігі белгілі. Бірінші жолы бойынша, екі жай сөйлем мағына жақындықтарына қарай іргелесе айтылып, одан салалас құрмалас сөйлем (паратаксис) пайда болады. Кейін келе алдыңғы сыңардың етістік баяндауышы грамматикалық трансформацияға түсіп, нәтижесінде сабақтас құрмалас сөйлемдер (гипотаксис) пайда болған. Бұл көзқарасты С.Жиенбаев, Қ.Есенов, Т.Қордабаев, Г.С.Кнабе, Ф.И.Гордеев секілді ғалымдар

қолдады. Бұл бағыт қазақ тіл білімінде негізгі бағыт болып есептеледі және құрмалас сөйлемдер жөнінде жазылған оқулықтар осы теория негізінде жазылып жүр.

Енді бір топ ғалымдар сабақтас құрмаластың пайда болуының жоғарыда аталған жолына қоса екінші жолын ұсынып, ғылыми тұрғыда өз тұжырымдарын берді. Бұл жол бойынша, жай сөйлемнің өз ішінен бір мүшесі күрделене келе, предикативтік единицаға ие болу арқылы (өз ішінен бастауыш бөліп, нәтижесінде бастауыш-баяндауыштық қатынастың пайда болуы арқылы) қалыптасқан. Алғаш рет бұл идея аққад тілін зерттеуші А.О.Рифтиннің мақаласында айтылған болатын. Ол былай дейді: «... құрмалас сөйлемнің екі жолмен дамығанын айтуға болады. Бірінші жолы – екі жай сөйлемнің салаласа байланысуы. Бұл салаластың қатынасынан одан әрі сабақтас қалыптасады.

Екінші жолы – жай сөйлем ішіндегі оралымдардың жетілуі арқылы қалыптасады. Бұлар да нәтижесінде екі сөйлемнің байланысуын береді». [1, 66]. Бұл пікір мақала деңгейінде А.Ысқақов [2], Б.Ағыламов [3, 174] секілді қазақ зерттеушілерінің тарапынан қолдау тапқанмен, өміршең бола алмады. Мүмкін, Қ.Есеновтің бұл теорияны сынап, арнайы мақала жазғаны да өз әсерін тигізген шығар [4, 41]. Қазір бұл теория қайта айтылып жүр [5, 48-49]. Біз де қазақ тіліндегі сабақтастардың екі жолмен қалыптасқандығын қолдаймыз.

Енді мәселенің басын ашып алу үшін қазақ тіліндегі сабақтас құрмаластарға назар салайық. Сабақтас құрмалас сөйлемдердің 8 түрі бар екені белгілі. Олар: 1) Амал бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем; 2) Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем; 3) Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем; 4) Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем; 5) Үлестес сабақтас құрмалас сөйлем; 6) Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем; 7) Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем; 8) Салыстырмалы сабақтас құрмалас сөйлем [6, 709-723]. Осылардың ішінде алғашқы төртеуі пысықтауыштармен сәйкес келеді. Өйткені бұлар өз басыңқысымен пысықтауыштармен бірдей тұлғада (көсемше, есімше және қимыл есімі тұлғаларында) пысықтауыштарға тән заңдылықтардың негізінде құрмаласып, пысықтауыштармен бірдей қызмет атқарады және бірдей сұраққа жауап береді. Тіл білімінде осындай мәндегілер адвербиалды сөйлемдер деп те аталып жүр. Осы бағыныңқы сөйлемдерге ортақ бір заңдылық бар. Мұндай заңдылық бағыныңқы сөйлемнің басыңқыны түрлі жақтан айқындай айтылу қызметіне негізделеді.

Пысықтауыштар да, бағыныңқы сыңарлар да көсемшелер мен есімшелерден жасалады және басыңқымен бірдей формада байланысады. Мысалы: 1. *Жөнейт қу бастан сырт айналып қаша жөнелді* (Ә.Кекілбаев). *Осы кезде вертолеттің дүрілі естіліп, үшеуі бірдей елеңдей қалған* (О.Бөкеев).

2. *Мұнда келгенде Әмірші өзге сарайлардағыдай қақырайып тақта отырмайды* (Ә.Кекілбаев). *Біз оқығанда, стипендия да аз болатын* (О.Бөкеев).

Алдыңғы жұп сөйлемдер – көсемшеден болған пысықтауыш пен бағыныңқы сөйлем. Екеуі де өз басыңқысымен *-ып* формасы арқылы байланысқан. Алғашқы сөйлемде *-ып* тұлғасы пысықтауыш мүшеге тіркесіп, байланыстырушылық қызмет атқарса, бағыныңқы сыңарда екі түрлі қызмет атқарады: біріншіден, бағыныңқы сөйлемнің баяндауышын жасауға қатысып тұрады; екіншіден, бағыныңқы сыңар мен басыңқы сыңарды құрмаластырады. Екінші жұп сөйлемнің алғашқысы – жатыс септікті есімшеден болған мезгіл пысықтауыш та, кейінгісі – жатыс септікті есімшеден болған мезгіл бағыныңқы. Екі категория да бірдей тұлғадан жасалып, бірдей сұраққа жауап беріп, ұқсас қызметте тұр. Сөйлемде есімше нөлдік формада тұрса, онда ол қатынас анықтауыштыққа айналады. Есімше пысықтауыштық қатынаста болу үшін көлемдік септікте тұруы шарт. Ал бұл тұлға бағыныңқы сөйлемді құрмаластыруда жай сөйлемдегі пысықтауышты байланыстыру әдісімен тең дәрежеде тұр. Яғни бағыныңқы сыңар басыңқы сыңармен жай сөйлем мүшелерінің бір-бірімен байланысу әдісімен бірдей әдіспен құрмаласады.

Пысықтауыштардың сөйлем басында қолданыла бастауы бағыныңқы сөйлемнің пайда болуына негіз болды. Пысықтауыштар жалпы ереже бойынша пысықтайтын сөздерінің (баяндауыштың) дәл алдында тұрады. Ал олардың сөйлем басына қарай ұмтылып, сөйлем алдында қолданылуы – оңашалану процесінің басталып, нәтижесінде өз ішінен бастауыш бөліп бағыныңқыға айналған.

Көсемшелерден болған бағыныңқылар.

Қазіргі қазақ тілінде көсемшелердің мынандай жеті түрі танылып орнықты: 1) *-а, -е, -й*; 2) *-ып, -іп, -п*; 3) *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі*; 4) *-ғанша, -генше*; 5) *-мастан, -местен*; 6) *-ысымен, -ісімен*; 7) *-майынша, -мейінше*.

Көсемшенің сөйлемдегі негізгі қызметі – пысықтауыштық қызмет. Олар сөйлемде негізгі етістік арқылы айтылған іс-әрекеттің тәсілін, сынын, мезгілін сипаттап пысықтауыштық қызметте жұмсалады. Бұл қызмет – пысықтауыштың негізгі қызметі. Көсемшелердің тілдегі басқа қызметтерінің бәрі сол қызметтен өрбіп қалыптасқан.

Көсемшелердің сөйлемде алты түрлі қызметі бар:

1) Көсемшелер негізгі етістік арқылы айтылған іс-әрекетті мезгілдік, сын-қимылдық, себептік, мақсаттық жағынан сипаттап, жанама қимылды білдіреді. Бұл – көсемшелердің сөйлемдегі негізгі қызметі. Көсемшенің пысықтауыштық қызметі – одан өрбитін басқа қызметтерінің қайнар көзі.

2) Көсемшелердің қосымша қызметінің бірі – күрделі етістік жасау және аналитикалық формант құрау.

3) Көсемшелер бірдей дәрежеде бір мүшеге қатысты болып және салаласа байланысып бірыңғай баяндауыштарды жасайды.

4) Көсемше тұлғалары күрделенген сөйлемнің оралымды бөлшегін жасауға қатынасады. Бұл – көсемшенің негізгі амал-әрекетті сипаттауыштық, амалдық қызметімен астарласып жатыр.

5) Көсемшелер бағыныңқы сөйлемнің баяндауышының қызметін атқарады. Мұнда екі бірдей қызметте жұмсалады: біріншіден, ол бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы бола тұра, сол сыңарды басыңқы сыңарға тәуелді етіп тұрады; екіншіден, сабақтас құрмаластың сыңарларын еш қосымшасыз байланыстырып тұрады.

6) Көсемше жұрнақтары баяндауыштық қызметте сөздің соңында үш жақтың бірінде жіктеліп, шақтық мағынада қолданылады. Бұл қызмет көсемше жұрнақтарының негізгі қызметтерінің бірі болып табылады.

Көсемше жұрнақтары осы қызметтерде бәрі бірдей тең дәрежеде жұмсала бермейді. Көсемшелердің жұмсалу жиілігін кесте арқылы көрсетейік:

№	Қызметтері	Көсемшенің жұрнақтары						
		-а	-ып	-ғалы	-ғанша	-мастан	-ысымен	-айынша
1	Пысықтауыштық қызметі	+	+	+	+	+	+	+
2	Күрделі етістік пен аналитикалық формант жасауы	+	+	-	-	-	-	-
3	Бірыңғай баяндауыш жасауы	+	+	-	-	-	-	-
4	Күрделенген сөйлемнің оралымды бөлшегін ұйымдастыруы	+	+	+	+	+	+	+
5	Бағыныңқы сыңардың баяндауышы қызметін атқаруы	+	+	+	+	+	+	+
6	Шақтық қызметте жұмсалуы	+	+	-	-	-	-	-

Кестедегі «+» белгісі көрсетілген құрылымды жасауға қатынасады дегенді, ал «-» белгісі көрсетілген құрылымды жасауға қатынаспайды дегенді білдіреді.

Кестеден байқалып отырғандай, көсемшелердің бәрі бірдей аталған қызметте жұмсала бермейді екен. Бұлардың жіктелетін тұлғаларының (-а, -ып) жұмсалу өрісі кең екен де, жіктелмейтін формалары көсемше қызметтерінің бәрінде бірдей жұмсала бермейді екен. Көсемшелердің бәрі үш қызметте бірдей жұмсалады: пысықтауыштық қызмет, күрделенген сөйлемнің оралымын жасау және бағыныңқының баяндауышын жасау. Осы үш қызметке көсемшелердің бәрі бірдей қатысуы – олардың (үш қызметтің) арасында тікелей байланыс бар екендігін дәлелдей түседі. Біздің негізгі ойымыз – көсемше оралымдар мен бағыныңқылардың шығу тегі пысықтауыштық қызмет екендігі нақтылана түседі.

Сабақтас құрмаластың бағыныңқы сыңарының жай сөйлемнің бір мүшесінен пайда болу механизмі қалай жүретінін біз деривациялық процесс арқылы дәлелдеп көрейік:

1. Қонақтар шайға қанды.
2. Қонақтар **отырып** шайға қанды.
3. Қонақтар **отырып** шайға мейілінше қанды.
4. Қонақтар сары майды араластыра **отырып**, шайға мейілінше қанды.
5. Қонақтар сары майды араластыра **отырып**, бәрі шайға мейілінше қанды.

Барлық бес сөйлемдегі хабар біреу-ақ. Ол – қонақтардың шайға қанғандығы. Алғашқы сөйлем қалған сөйлемдердің тууына, бір-бірінен өрбіп қалыптасуына негіз болып тұр. Бағыныңқы компоненттің қалыптасуына негіз болған екінші сөйлемдегі көсемше пысықтауыш болған. Бұл мүше – маңайына басқа мүшелерді шоғырландыратын орталық. Көсемше неғұрлым күрделенген сайын, соғұрлым оңашалана түседі. Төртінші сөйлем пысықтауыштың бағыныңқыға ауысу процесіндегі аралық бір кезең – көсемше оралымды күрделенген сөйлем. Осындай себептен біз көсемше, есімше оралымдарға пысықтауыш пен бағыныңқы сыңардың аралығындағы ауыспалы, синкретті құрылым ретінде қараймыз. Ал келесі кезеңде көсемше оралымды күрделенген сөйлем сабақтас құрмаласқа ауысқан. Бір субъект формальді түрде екіге жарылып, екі грамматикалық бастауышқа айналған. Бағыныңқы сыңарда бастауыштың өзі айтылған да, басыңқы сыңарда ол нақтыланған. Басыңқы сыңардағы есімдік бастауышты (*бәрі*) біз «дубль – бастауыш» дейміз.

-ып, -іп, -п көсемшелерінің пысықтауышты, оралымды күрделенген сөйлемді және пысықтауышты жасауға қатысына мысалдар келтіріп, салыстыра талдайық:

Бір аттан барып тақтай орындыққа жайғасты (О.Бөкеев). **Бала дутарын құшақтап**, есіктен шыға жөнелді (Ә.Кекілбаев). **Көк желек жамылған бау-бақша кілт азайып**, ығы-жығы адам мен иін тірескен қоңырқай дуалдар көбейе түсті (Ә.Кекілбаев).

Біріншісі – көсемше пысықтауышты жай сөйлем, екіншісі – көсемше оралымды күрделенген сөйлем, соңғысы көсемше бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем. Үшеуі де *-ып* формасынан жасалған. Сыңарларының арасындағы грамматикалық мағына – қимыл-сындық. *-ып* тұлғасы – қимыл-сындық мағынасы үшін төл тәсіл. Бұл – жоғарыдағы үш категория үшін де ортақ. Сондай-ақ, бұл тұлға арқылы мақсат пысықтауыш; себеп, мақсат, қарсылықты оралымдар; себеп, мақсат, мезгіл, қарсылықты, үлестес сабақтас құрмаластар жасалады. *-ып* көсемшесінің күрделенген сайын синтаксистік қызметінің артуы – қазіргі таңда әдеби тіліміздің стильдік тәсілдерінің кеңеюіне байланысты болса керек.

-а, -е, -й тұлғалы құрылымдарға мысал:

Кештете осы ауылға Дәрмен келді (М.Әуезов). **Таңертеңгі шайын іше сала**, ернекті бойлап қыдырып кетті (Ә.Кекілбаев). **Шай жиыла бере**, Абай жастыққа құлай түсті (М.Әуезов).

Бірінші сөйлемде *-е* – көсемше формалы мезгіл пысықтауыш. Екінші сөйлем – көсемше оралымды толымсыз күрделенген сөйлем. Оралымды бөлшек пен негізгі бөлшектің арасындағы мағыналық қатынас – мезгілдік. Соңғы мысал *-е* көсемше тұлғасынан болған мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем. Көсемшенің бұл тұлғасы пысықтауыштардың мекен және мөлшер түрлерінен басқа түрлерін (амал, мезгіл, себеп, мақсат) жасайды. Күрделенген сөйлемнің оралымды бөлшегі мен сабақтас құрмаластың бағыныңқысын жасауға бұл жұрнақтар тең дәрежеде қатысады. Олар: себеп, амал, мезгіл, шартты және қарсылықты түрлері. *-а*, *-е*, *-і* тұлғалары арқылы жасалған пысықтауыштарды оралымдар мен бағыныңқылармен салыстыра қарасақ, мақсат пысықтауыштық қызметі оралымдар мен бағыныңқыларға өрби алмаған. Оның есесіне бұлар күрделі құрылымдардың басқа түрлерін (шартты және қарсылықты) жасайтын болған.

-ғалы тұлғасының құрылымдарды жасауына мысалдар келтірейік:

Осыны Абай жол бойында есімкелі бір сейіле алмады. Енді Ырғызбайдың түнгі әрекетін естігелі, Абай қатты қимылға басты. Манастар келгелі, Құнанбай ауылынан жан-жаққа қарай үсті-үстіне шапқыншылар ұшыртып кетіп жатыр (М.Әуезов).

Мысалдардағы сыңарлардың бәрі де мезгілдік қатынаста жұмсалған. Бұл тұлға арқылы мезгіл және мақсат пысықтауыш, мезгіл және мақсат оралымды күрделенген сөйлем жасалады.

Мақсат пысықтауыш: *Ана бір жыл аталы бір ауылға көріскелі бара қалды* (Ә.Кекілбаев).

Мақсат оралым: *Бір күні ханымның тапсырысымен бір жаққа барғалы, Бибінің өзімен сөйлесіп отарған-ды* (І.Есенберлин).

Сонымен, көсемшелердің пысықтауыштардан оралымдарға және бағыныңқыларға ауысуы туралы мынандай тұжырымдар ұсынамыз:

1) Көсемшенің сөйлемдегі негізгі қызметі – пысықтауыштық қызмет. Көсемшелердің тілдегі басқа қызметтерінің бәрі осы қызметтен өрбіп қалыптасқан.

2) Көсемшелердің сөйлемде алты түрлі қызметі бар. Солардың ішінде үш қызметте көсемшелердің бәрі бірдей жұмсалады: пысықтауыштық қызмет, күрделенген сөйлемнің оралымын жасауы және бағыныңқының баяндауышын жасайды. Осы үш қызметке көсемшелердің бәрі бірдей қатысуы – олардың арасында генетикалық байланыс бар екендігін дәлелдей түседі.

Есімшелерден болған бағыныңқылар.

Етістік категорияларының бірі – есімше. Есімше етістіктерше салт-сабақты, болымды-болымсыз болып жіктеліп, баяндауыштық қызметте шақтық мағынаны білдіреді. Сондай-ақ, есімдерше көптеледі, септеледі, тәуелденеді. Түркі тілдерінде есімшенің синтаксистік қызметі туралы мәселеге біраз зерттеу еңбектер арналды. Есімшенің негізгі синтаксистік қызметі – анықтауыштық және баяндауыштық қызмет. Бұл – жалпы түркі тілдерінде қалыптасқан пікір.

Есімше жіктеліп барып шақтық қызметте баяндауыш мүше болады, зат есімнің немесе белгілі бір заттық мағынадағы сөздің алдында қолданылып анықтауыш болады, субстантивтеніп бастауыштың қызметінде жұмсалады, септеліп барып толықтауыш, пысықтауыш (көлемдік септіктерде) болады және жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде тұрып оралымның жетекші сөзінің қызметін, бағыныңқының баяндауышы қызметін атқарады. Осылардың ішінде есімшенің негізгі синтаксистік қызметі – екеу. Олар – баяндауыштық және анықтауыштық қызмет.

Соңғы шыққан Академиялық грамматикада есімшенің мынадай формалары аталады: *-ған* (*-ген*, *-қан*, *-кен*), *-ар* (*-ер*, *-р*, *-с*), *-атын* (*-етін*, *-йтын*, *-йтін*), *-ушы* (*-уші*), *-мақ* (*-мек*, *-бақ*, *-бек*, *-пақ*, *-пек*) [6, 531].

Осы тұлғалардың жоғарыда аталған синтаксистік қызметтерде жұмсалу жиілігі әрқалай. Осындағы ең актив тұлға – *-ған* формасы. Сондықтан біздің есімшенің

пысықтауыштық қызметте жұмсалуды мен бағыныңқының баяндауышы қызметін атқаруына байланысты жасайтын талдауымыз осы тұлғаға қатысты болады.

Өткен шақтық *-ған, -ген* формасы жан-жақты синтаксистік қызметке ие. Ол анықтауыштық, баяндауыштық, толықтауыштық және пысықтауыштық қызметте жұмсалады. Сондай-ақ, оралымды ұйымдастырып, жетекші сөзінің қызметін және бағыныңқының баяндауыштық қызметін атқарады. Бұл тұлғадан жасалған сөйлем мүшелері дара және үйірлі болады.

Есімшенің етістіктің басқа категорияларынан ерекшеленетін бір белгісі – есімдерше септелуі. Есімшелердің септелуінде зат есімдердің септелуінен көп ерекшелік жоқ. Қазақ тілінде жеке есімше формалы етістік септелетіні секілді жеке есімше сөйлемдер де септеледі. Бұл қасиет агглютинативті тілдер тобына жататын бүкіл алтай тілдеріне (монғол, тұңғыс-манчжур және түркі тілдері) тән [7, 5].

Предикативтік қатынастағы есімше құрылымдардың септелуіне мысалдар келтірейік:

1. *Сен көрген жолаушы келді.*
2. *Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды.*
3. *Майбасар үп-үлкен басымен балаша қылжақтап отырғанға Абай қызығып күле бастады* (М.Әуезов).
4. *Құлақ естігенді көз көреді* (мақал).
5. *–Шешең арғы бетке ауа қаиқанда, неге еріп кетпедің?* (О.Бөкеев).
6. *Бұ жолы жорық ұзаққа созылатын болғандықтан, сарайға бас уәзірін тастаған-ды* (Ә.Кекілбаев).
7. *Сол түні барлық жандары үйінде болып шыққанымен, бәле сол үйде туды* (Ғ.Мүсірепов).

Мысалдардың алғашқы төрт септікте (атау, ілік, барыс, табыс септіктері) тұрған құрылымдар үйірлі сөйлем мүшелері болады да, кейінгі жатыс, шығыс, көмектес септіктерін қабылдағандар бағыныңқы сөйлемдер болып тұр.

Атау септікті есімше құрылым *жолаушы* сөзін анықтап, үйірлі анықтауыш болған. Сын есімнен болған анықтауыш статикалық белгіні білдірсе, есімшеден болған анықтауыш динамикалық белгіні білдіреді және шақтық мағынасын сақтайды.

Есімшелі құрылым ілік, барыс, табыс септіктерінде заттанып, етістік болудан қалады. Олар шақтық мәнінен, басқа сөздерді меңгеру қасиетінен айырылады. Бұл құрылымдарда тек әрекеттің, оқиғаның болуының фактісі ғана аталады. Бастауыш-баяндауыштық қатынастағы есімше құрылымдардың бұл септіктерде бағыныңқының қызметін атқара алмауының себебі – жоғарыда айтылғандарға байланысты болса керек.

Есімше құрылымдар жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде етістік қасиетін, шақтық қызметін, предикативтілігін, басқа мүшелерді меңгеру қабілетін сақтайды. Бұл соңғы үш септіктегі құрылымдар қазақ тіл білімінде бағыныңқы деп танылады.

Енді қарапайымнан (пысықтауыштан) күрделіге қарай (бағыныңқыға) кеңістіктік септіктерде есімше құрылымдардың септелуіне мысалдар келтірейік.

Жатыс септігі. Бұл септік іс-қимылдың орнын, мекенін білдіреді. Қолданысқа қарай жатыс жалғаулы сөз мезгілді де білдіреді. Біздің зерттеу нысанымыз болып отырған үш құрылым да жатыс септігін қабылдайды және олар мезгілдік қатынаста жұмсалады:

Тағыз бір оралғанда Сүгірәлі қамшысын көлденең тістеп алып, оң қолын бос алған екен (Ғ.Мүсірепов).

Ханша бұны естігенде, төсегіне құлап түсті (Ә.Кекілбаев).

Бала сүрініп құлай бергенде, атшабар да қармап көтере берді (М.Әуезов).

Үш құрылым да негізгі құрылыммен мезгілдік мағынада жұмсалған: біріншісі – мезгіл пысықтауыш, екіншісі – мезгілдік қатынастағы есімше оралым, үшіншісі – мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем. Жатыс септікті есімше бүкіл түркі тілдерінде мезгіл бағыныңқыны жасайды [7, 139].

Жатыс септікті есімше бағыныңқының мезгілдік мағынада жұмсалуды – сол фразаның лексикалық құрамына, басыңқы сөйлемнің баяндауышының грамматикалық формасына да байланысты.

Бұл тұлға (жатыс септіктегі есімше) негізінен мезгіл пысықтауыш жасайды. Ал жатыс септікті есімше оралым мен бағыныңқының мағыналық түрлерін жасауы ұқсас. Оралымдардың мезгілдік түрін жасайды және бұл өнімді тәсіл болып есептеледі. Мезгіл бағыныңқыны жасауда жатыс септікті есімше кеңінен қолданылады.

Шығыс септігі. Шығыс септігі іс-әрекеттің, қимылдың қай жерден, неден басталғандығын білдіреді. Сондай-ақ, бұл септік іс-қимылдың себебін білдіреді. Келесі кезекте біз есімше пысықтауыштан бастап бағыныңқыға дейінгі шығыс септігінде себептік қатынаста септелетін құрылымдарға мысалдар келтіреміз. Бұл қызметте шығыс септігі есімшеге тікелей жалғанбай, *-дық (-дік)* есім сөз тудырушы дәнекер жұрнақ арқылы жалғанады.

Түсінбегендіктен, түсіне алмағандықтан сезбей қалар деп ойлады (Ғ.Мүсірепов).

Оған сенгендіктен де, мен жәнсіз қызғана бермеймін («Жас алаш» газеті).

Өндірістің өз тілі әлі туа қоймағандықтан, жегіндегі жігіттер бірін-бірі жауыр атқа, мойнын алдырған өгізге теңеп қалжыңдасады (Ғ.Мүсірепов).

Берілген мысалдардағы ерекшеленген құрылымдар (пысықтауыш, оралым, бағыныңқы сыңар) негізгі құрылыммен себептік қатынаста жұмсалған. Бұл септелуден біз бірінші сөйлемде жеке сөздің септелуін көрсек, соңғы фразда сөйлемнің септелуін байқаймыз. Алғашқы сөйлемде септік жалғауы жеке сөзді меңгеруші етістікпен байланыстырып тұрса, соңғы құрылымда (сабақтас құрмаласта) есімше бағыныңқыны кейінгі басыңқы сыңармен байланыстырып тұр. Басқаша айтқанда, бағыныңқының септелуі арқылы шығыс септігі жеке баяндауышқа ғана тән болып тұрған жоқ, ол бүкіл сөйлемге қатысты.

Көмектес септігі. Септіктің бұл түрі қазақтан басқа түркі тілдерінде септік жалғауы деп танылмайды. Арнаулы грамматикалық тұлғасы бар көмектес септік қазақ тілінің ғана ерекшелігі. Басқа түркі тілдерінде бұл септік жалғаудың қызметін *біле (білен)* шылауы атқарады [9, 165].

Көмектес септігінің негізгі мағынасы – іс-қимылдың қандай құралмен атқарылғанын білдіру. Сондай-ақ, контекске қарай іс-қимылдың амалын, мақсатын, мекенін білдіреді. Етістіктің есімше тұлғасына жалғанып, қарсылық мәнді құрылым жасайды. Бұл форма арқылы жасалған пысықтауышты кездестіре алмадық және қазіргі грамматикалық еңбектерде пысықтауыштың қарсылықты мағыналық түрі кездеспейді. Сондықтан есімше формалы құрылымдардың септелуі оралымдардан басталады.

Жас ханша қақырайып хан сарайда отырғанымен, өзінің айбарсыз, дәрменсіз екенін, азулы бәйбіше бала көріп басына бастағанын байқады (Ә.Кекілбаев).

Қыркүйектің алғашқы күні жаңбырсыз басталғанмен, көп сағындырмай келетін жаңбырдың хабаршысы кісінеп жатыр (О.Бөкеев).

Келтірілген құрылымдардың сыңарлары өз басыңқыларымен қарсылықты мәнде жұмсалған. *-ған* формантты есімше көмектес септік жалғауында тұрып қарсылықты мәнді оралым мен қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем жасайды. Сабақтас құрмаластың басқа мағыналық түрлерін жасауға қатыспайды. Бұл құранды форма қарсылықты мәнді тудырудың төл тәсілі болып есептеледі.

Сонымен, жатыс септігі мен шығыс септігі арқылы пысықтауыш та, оралым да, бағыныңқы да жасалады. Ал көмектес септігі есімше оралым мен бағыныңқы сыңарды ғана жасайды. Көмектес септігі есімше пысықтауышты жасауға қатыспайды.

Сөзімізді қорытындылай келсек:

1. Қазіргі қазақ тіліндегі пысықтауыштық функциядағы бағыныңқылар етістік пысықтауыштың күрделенуі арқылы өзіндік предикативтік орталыққа ие болуы арқылы пайда болған.

2. Көсемшенің пысықтауыштық қызметі бағыныңқыға ауысқан. Көсемше тұлғасының оралымды жасаудағы қызметі оның (көсемшенің) пысықтауыштық қызметтен бағыныңқыға ауысу үстіндегі аралық синкретті единица деп білеміз.

3. Қазақ тілінде жеке есімше формалы етістік септелетіні секілді жеке есімше сөйлемдер де септеледі. Есімше пысықтауыштың көлемдік септіктерде меңгерілу қасиетінің күрделі құрылымға қарай (бағыныңқыға қарай) ауысуы – күрделенген сөйлемнің жетекші сөзінің синкреттенуіне әкеледі. Көлемдік септіктегі есімше тұлғалы оралымның жетекші сөзі – пысықтауыштық қызмет пен бағыныңқының баяндауышының қызметтері бойына түйіскен синкретті тұлға.

4. Қазіргі қазақ грамматикасында сабақтас құрмалас сөйлемнің 8 түрі бар:

- 1) Амал бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем;
- 2) Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем;
- 3) Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем;
- 4) Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем;
- 5) Үлестес сабақтас құрмалас сөйлем;
- 6) Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем;
- 7) Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем;
- 8) Салыстырмалы сабақтас құрмалас сөйлем

Осының алғашқы 4 бағыныңқы сабақтастарды (амал, себеп, мезгіл және мақсат бағыныңқылар) оқыту барысында олардың пысықтауыштардың өзіндік бастауышқа ие болу арқылы күрделенуі арқылы пайда болғанын, ал оралымды күрделенген сөйлемдердің оралымды компоненті пысықтауыштың күрделену процесіндегі аралық категория екенін ескеру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1) Рифтин А. О двух путях развития сложного предложения в аккадском языке // Советская языкознание. Том 30, – Ленинград: Изд.-ие Ленинградского научно-исследовательского института языкознания. 1937. – С. 59-67.

2) Ысқақов А. Қазақ тіліндегі құрмаластағы бағыныңқы сөйлемнің даму жолы туралы // Известия АН КазССР. Сер. лингвистическая. – 1948. Вып. 5. №77. – С. 57-62.

3) Ағыламов Б. Қазақ тіліндегі көп бағыныңқылы сабақтастарды зерттеу мәселесіне // Қазақ тілі және әдебиеті мәселелері. 7- шығуы (Аспиранттар мен ізденушілер жинағы). – Алматы, 1971 (мұқабада – 1970). – 172-180- б.

4) Есенов Қ. Сабақтас құрмалас сөйлем жайында // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1958. №10. – 40-47- б.

5) Қапалбеков Б. Көсемше бағыныңқылардың дамып қалыптасуы мен мағыналық түрлері: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2000. – 143 б.

6) Қазақ грамматикасы. – Астана: 2002. –784 б.

7) Предикативное склонение причастий в алтайских языках (коллективная монография). – Новосибирск: Наука, 1984. – 192 с.

8) Есенов Қ. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. – Алматы: Ғылым, 1974. – 197 б.

9) Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Фонетика, морфология. – Алматы: Мектеп, 1981. – 264 б.

Қ.МЫРЗАЛИЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФИТОНИМДЕРДІҢ
ЛИНГВОМӘДЕНИ БЕЙНЕСІ

Р.Ж.Сисенбаева,

Аға оқытушы, магистр

М.Өтемісов атындағы БҚУ

Raushan_sisenbaeva.71@mail.ru

Андатпа: Мақалада Қ.Мырзалиев поэзиясындағы фитонимдердің қолданысы қарастырылған. Ақын поэзиясын оқу барысында өсімдіктер дүниесінен мол мәлімет алынатыны нақты мысалдармен көрсетілген.

Кілт сөздер: табиғат, өсімдіктер дүниесі, дүниетаным, дала, жусан, қызғалдақ, емен, мықтылық, сұлулық.

Аннотация: В статье рассматривается использование фитонимов в поэзии К. Мырзалиева. На конкретных примерах показано, что в процессе чтения поэзии поэта из растительного мира извлекается много информации.

Ключевые слова: Природа, растительный мир, мировоззрение, степь, полынь, тюльпан, дуб, сила, красота.

Abstract: The article discusses the use of phytonyms in K. Myrzaliev's poetry. Concrete examples show that in the process of reading the poet's poetry, a lot of information is extracted from the plant world.

Keywords: nature, flora, worldview, steppe, wormwood, tulip, oak, strength, beauty.

Саналы адамзат ұрпағы – өзін қоршаған табиғат ананың бір бөлшегі. Сондықтан да адам баласы саналы ғұмыр кешкелі қай өнердің түрінде болмасын табиғатты бейнелемеген, оның сұлулығына тамсанбаған, онымен сыр бөлісуге ұмтылмаған өнер иесі сирек. Қадыр Мырзалиев поэзиясының да көлемді бір бөлегі табиғатты жырлауға арналған. Ақын табиғат сұлулығына құр тамсанып қана қоймай, сол тірі табиғаттың адамзат тіршілігімен байланысына, адам баласының қоршаған ортаға тек материалдық тұрғыда ғана емес, рухани жағынан да тәуелді екеніне ой жібереді.

Ақынның табиғатқа деген көзқарасын міндетті түрде оның өскен ортасы, балалық шағымен тығыз байланыста қарастырғанымыз жөн. Өйткені кез келген өнер иесінің шығармашылық жолда қайта оралып соғар алтын қазығы оның бала кезден санасында сақталған құбылыстар екендігін қазір зерттеушілер жазып та жүр. Сондықтан кейін өзі қалалық болған ақынның жыр жолдарында «құба жон», «ақ тақыр», «шөлейт дала», «изен» мен «жусанның» сөз болуын заңдылық деп түсінеміз. Бұл әрине тек Қ.Мырзалиевке тән ерекшелік деп бөліп айтып отырғанымыз жоқ, бұл түп-тамыры ауылдан шыққан барша қазақ ақындарына тән қасиет. Қазақ поэзиясында ауылды жырға қоспаған, даланың кеңдігі мен таудың биіктігін сөз етпеген ақын жоқтың қасы.

«Мен өзім, достар, о бастан далалық гүлдің бүршігі ем» немесе «Төркін-далам, мұнша неткен киелі ең» - деп поэзиясында жырлағанындай, Қ.Мырзалиев - жер, табиғат тақырыбын жетік меңгерген дала перзенті. Оның поэзиясында сондықтан да шынайы табиғат суреттерінің тұтас галереясы жасалған. Қадыр шығармаларындағы тұнып тұрған фитонимдер – қазіргі тілімізде пайдаланып жүрген өсімдік атаулары. Мысалы, *қамыс, жусан, селеу, шағыл, сексеуіл, қызғалдақ, жауқазын*, т.б.

Қазақ тілінде танымдық деңгейге көтерілген: *тобылғы, бетеге, жалбыз, қарағай, емен* сынды өсімдік атауларының ішінде, әсіресе *жусанның* алатын орны ерекше. Себебі қазақ үшін жусан – туған жердің, қазақ даласының символы. «Жусан» деген сөзде қазақтың жанын жадыратып, сағыныш, қимастық сезімдеріне бөлейтін ерекше

күш бар. Халық үшін жусан – қасиетті өсімдік. Ертеректе ел азаматтары алыс сапарға аттанғанда бір уыс жусанды өзімен ала кетіп, туған жерге деген сағынышын басқан.

Басқаларды білмеймін,

Бас ауырса,

Жусаныңды иіскеп-ақ,

Жазылам мен!

... Сүйгеніммен қалсам сәл ренжісіп,

Сыйлап сенің гүлінді,

Татуласам! [1,78].

Шеттегі әскерлерге, қару емес,

Гүл беріп, туған жерге қайтарыңдар! [1,215].

Қадыр ақын танымында жусан өсімдік қана емес, жусан – дәрі, дертіне дауа болса, гүл – нәзіктіктің, достықтың, махаббаттың, бейбітшіліктің символы.

Қайғыдан бір кездері әппақ болған

Даланың ақ шашындай селеуі де [1,265].

Ал шөл далада өсетін бас жағы үлпілдеген селдіреуік ақ шөп – селеуді өмір талқысын көп көрген бозарған шашпен теңеуінде дала бейнесінің қазақы бояуын тап басып дәл суреттеген, бір-бірімен сәтті үйлесім тауып, өлеңнің бейнелілігін арттырып тұрғанын көреміз. Табиғатпен бір болып, біте қайнасқан халықта мұндай теңеудің болуы заңды да.

Сол сияқты қазақ халқындасексеуілдің шоғындай/қызарып, маздаған; ыстық; көздері сексеуілдің шоғындай жанып тұрды т.б. тіркестерден сексеуіл өсімдігінің жылуы, отын туралы ассоциацияланады. Жанып біткеннен кейін де оның шоғы ұзақ уақыт сақталады. Сексеуілдің бойындағы ерекше қызуы бар қасиетімен қатар түр-түсті суреттегенде де халық тілінде «сексеуілдің шоғындай» тілдік бірлігі қолданылады.

Ақ аюдың жонындай

Айналаның өң-түсі.

Сексеуілдің шоғындай

Сарыарқаның түлкісі [1, 175].

Ақын алай-дүлей бораннан кейінгі айналаны ақ аюдың жонына, сол аппақ қардың үстіндегі түлкінің түсін тұрақты теңеумен (сексеуілдің шоғындай) айшықтап, өзіне жақсы таныс ағаш атауын қолдану барысында сол ағаш жайлы халықтың таным-түсінігінен хабар берген. Әрі аллитерация (с әрпі қайталанып) өлең өрімін құбылтып, оқырманға әсерін күшейтіп тұр.

Жоғарыдағы аталған қасиеттерімен қатар сексеуіл өте қатты ағаш. Оның қаттылығы тілімізде «сексеуілдей қатты» тілдік бірлігінде көрініс табады.

Бұл далада өседі екен құлпырып

Қызғалдақ пен ақындар.

Бұл далада өседі екен қасқайып

Сексеуіл мен батырлар! [1, 80]

Ақын жазғытұрым кезінде шешек ататын жіңішке ұзын сабақты, ал қызыл түсті, үлбіреген дала гүлі [2, 483] мен ақынды, сол далада қасқайып өсетін сексеуіл мен батырдың өсуін салыстырмалы түрде бейнелеген. Қызғалдақ пен ақынның арасындағы ұқсастықтары қандай? Нәзіктік, пәктік, сұлулық, айнала қоршаған ортадан аялауды, еркелетуді қажет етуі, т.б. Ал діңі мен бұтақтары бұраң-бұраң боп келетін, құмды жерлерде өсетін, шөлге төзімді, морт сынатын жапырақсыз қатты ағаш [3,134] пен батырдың ұқсастығы ше? Тағы да сол - сексеуілдің қаттылығы, төзімділігі, морт сынғыштығын батырдың қасиеттерімен байланыстырады. Яғни Қадыр ақын табиғат құбылыстары мен адам мінездерінің ұқсастықтарын тауып, олардың бір-біріне жақындығын, тамырластығын айтып тұрғаны анық.

«Қызғалдақ» атауының шығу төркініне көз жүгіртсек, көне түркі тілінде гүл атаулы *ғалдақ*, *шешек* болып аталғаны тарихтан мәлім (қызғалдақ, сарғалдақ,

бәйшешек). Б.Қалиұлы мұндағы *ғалдақ* түркі сөзі болса, *шешек* моңғол сөзі дейді. Моңғол тілінде цэцэг «шешек, гүл» сөзі бар екені рас. Ал *гүл* сөзі араб, парсы тілдерінен еніп, *ғалдақ*, *шешек* жалпы есімдерін ығыстырып шығарған [4, 84-85].

Сексеуіл - түркі сөзі, қазақша «аттың құйрығы» деген мағына береді. Шындығында да, жапырағы түсіп, бұтақтары төмен иілген тұста сексеуіл ат құйрығынан айнымай қалады. Гректер оны «холоксилон», яғни «тұзды ағаш» деп атайды. Ғылымға да сексеуіл осы «Haloxylon» атауымен енген[5].

Міне көріп отырғанымыздай, ақын өлеңдерінде Қазақстанның кең жазиралы жазығында өсетін дала мен шөл өсімдіктерінің атауы басым. Өйткені Қадыр ақынның көп қалам тартқан тақырыбы - қазақтың дархан даласы, оның бүгінгі мен өткені. Дала сырын, оның құбылмалы табиғатын жырлауда ақын өзгеше стиль, ажарлы тіл, нақышты бейнелеу құралдарын пайдаланған.

Сонымен бірге Қ.Мырзалиев поэзиясында дала өсімдіктерімен қатар ағаштардың, бау-бақша өсімдіктері, дәнді дақылдардың да атаулары назардан тыс қалмаған: *қарағай, емен, ақ қайың, алма, жүзім, тары, күнбағыс, бидай, т.б.*

Емен атауы да қазақ халқының «қайсарлық», «ерлік», «өрлік», «төзімділік» сияқты ұлттық мінез-құлықтарын ассоциациялайды. «Емендей мықты», «емендей ерегісу», «емендей қату» сияқты тұрақты тіркестермен қатар тілімізде «еменнің иілгені сынғаны, ер жігіттің екі сөйлегені өлгені» деген мақал да кездеседі. Емен ағашына осындай қасиеттерді жинақтап, халық танымында нағыз ер-азаматқа тән мінезге ұқсастырылған[6, 74].

Біздер - емен бабалардың
Қалған шымыр жаңғағымыз.
Әкелер мен ағалардың
Сүйенетін балдағымыз[1, 214]
Күл болмайды
Емен екі жанбаса.
Тұтатып көр,
Егер бұған шанбасаң![1, 32]
Елеңдеме
Көтереді бәрін де емен-дене /Заман деп.../
Қара тасты қақ жарып
Қаптап өскен қарағай [1, 15].

Ұлттық ұғымға сай Қ.Мырзалиев танымында да ауырлық-салмақтықтың белгісі, кейде “беріктік” пен “мықтылық”, “қайсарлық”, “батырлық” концептісі емен, қарағай ағаштарымен модельденген.

Жаңғақ атауының этимологиясы туралы тоқталсақ, Л.В.Дмитриева да біраз өсімдік атауларының түбірі – етістік сөздер екенін айтып, оларға мысал ретінде жаңғақ, шаттауық, ырғай сөздерін келтіреді. Жаңғақ атауының түбірі – жау (jaу) деген етістік. Ол көне түркі тілінде «көктен түсу, құлау» деген мағына берген. Оған –ақ аффиксі қосылған[4, 84].

Халықтық білімде тағы бір ерекше бейнеленетін фитоним – ақ қайың. Қайың – орыс халқы үшін ерекше маңызы бар ағаш. Орыстарда қайың (березка) жас қыздың, сұлулықтың, нәзіктіктің, тазалықтың, пәктіктің, жастық шақтың эталондық үлгісі ретінде рәмізделеді. Ал қазақ үшін қайың «жалғыздықты», «ақын жанын», «мұңды», «мықтылықты», «беріктікті» ассоциациялайды. Қазақ поэзиясында қайыңға арнап жыр жазбаған ақын кемде кем. Мағжан, Жүмекен, Мұқағали, Темірхан, Есенғали сынды ақындар қайыңмен сырласа отырып, өздерінің ішкі жан-дүниелерімен, сезімдерімен бөліссе, Қадыр ақын:

Жайқалсын, өртенбесін ақ қайындар!
Жерге бұл Тыныштық деп ат қойындар![1, 225]
Жігіт-емен күбірлейді кешкұрым,

Қыз-қайыңды мықынынан құшақтап /Көктем күдіреті/,-
деп жырлайды. «Жігіт-емен» мен «қыз-қайың» қолданыстарының ерекшелігі мұнда тіршілік дүниесіндегі жанды нәрсе мен жанды нәрсені бір-біріне ұқсату байқалады. Жалпы «жігіт-емен» метафорасы арқылы жігіттің бойындағы мықтылықты көрсетсе, Қадыр ақын да орыс ақындарының ізімен «қыз-қайың» тілдік бірлігі арқылы қыз баланың бойындағы нәзіктікті сөз етеді.

Миуа-жеміс піскенде

Қызығын көрмеу обал-ақ.

Алмаңмын сенің,

Түскенде

Алысқа кеткен домалап [1, 89]

Алма ағашы – өзім де,

Сен – көк түйін алмасың /Қырау көміп тал басын/

«Миуа-жеміс», «алма ағашы-өзі», «сен-көк түйін алмасың» метафораларында екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жақындатып-жанастыру негізінде астарлы тың мағына берілген. Қазақ дүниетанымында ұрпағы жайылған ата-ананы «мәуелі бәйтерекке» теңесе, Қадыр ақын «ұрпақ қызығын көру» деген қазақи ұғымды піскен жемістің қызығын көру деп астарлы жеткізеді. Жалпы көркем әдебиетте мақал-мәтелдер көріктеуші бейнелі тәсіл, көркемдік нәр беру, эмоциялық уыттылық таныту үшін алынатыны белгілі. Олардың әрқайсысының астарында жасырын қосымша мағына және прагматикалық бағдар жатады. Қай қаламгер болмасын өз шығармасында мақал-мәтелдерді дайын күйінде де, авторлық өңдеумен де қолданады. Олардың шығарма тілінде өзгеріске ұшырауы автордың өзіне тән стилі әрі көркем тілдің аясының емін-еркін екендігін көрсетеді. Ақынның «Алма ағашынан алысқа түспейді» мақалын «алысқа кеткен домалап»деп өңдеп құбылтуы арқылы, есейгесін анасының жанынан жырақта болып, қызығымды көрсете алмадым деген өкінішін сеземіз.

Аязға алма беті тыз етіп бір,

Азамат шекараны күзетіп тұр [1, 199]

деген жолдардан тұрақты эпитет (алма бет) арқылы қызыл шырайлы, топ-толық, жас, балғын жүзді қазақ сарбазының бейнесін көреміз, демек эпитетте ұлттық бояу-бедер болатыны сөзсіз.

Қол созып күнге, анаға,

Көктейді жырдың терегі [1, 86]

Күзелген шөп – даланың

Төбе шашы тік тұрған [1, 162]

Жұлдыздар өңшең – аспанға

Жабысқан алтын шөңгелер [1, 165].

Көктем сайын біз іздейміз өзінді

Өмірзая жауқазындар ішінен!.. [1, 295]

Жауқазын жыр, жапырақ ой болып жалғыз қорегім,

Жұрттың маған, менің жұртқа жоқ сияқты ед керегім [1, 114].

Адам өзін қоршаған ортадағы заттарды, құбылыстар мен әрекеттерді, олардың пайда болуы мен дамуын, ішкі-сыртқы заңдылықтарын тығыз қарым-қатынас арқылы танып біледі, санасында белгілейді. Жоғарыдағы «жырдың терегі, күзелген шөп - даланың төбе шашы, алтын шөңгелер, өмірзая жауқазын, жауқазын жыр, жапырақ ой» құбылтуларынан ақынның дүниедегі бір құбылысты, екіншісіне ұқсату арқылы оларға көркемдік көзімен қарағанын көруге болады.

Сыңсып өссе далаңда биік егін,

Сабағы боп бидайдың иілемін [1, 76].

«Бидайдың кеудесін көтергені – дақылының жоқтығы, жігіттің кеудесін көтергені – ақылының жоқтығы» деген мақалды алып қарайтын болсақ, бидай дақылы толық дәні болмағандықтан басын көтеріп ұстайды, сол сияқты жігіт те ақылының аздығынан

кеудесін керіп ұстайды. Яғни академик Ә. Қайдардың пікірінше, өсімдіктердің де, жан-жануарлардың да, адамның да тым биіктеп, шамадан тыс жоғары көтерілуінің бір сыры мазмұнының кемдігінде деп түсінуге болады [7, 249]. Ал Қадыр ақында иілген бидай сабағы, демек лирикалық кейіпкер кеудесін көтеріп, өзін жұрттан биік ұстамайды. Оны Құшағың боп досыңа ашыламын, Жұдырық боп жауыңа түйілемін,- деп жалғасқан өлең жолдарынан да көруге болады.

«Бидай» атауы – тілімізде ең әріден келе жатқан көне атау. XI ғасырға тән М.Қашқаридың «Диванында» *бидай* (byudaj), XIII-XIV ғасырға тән көне қыпшақ тілінің ескерткіші – Кодекс Куманикуста *богдай/бодай/бугдай* түрінде ұшырасады [4, 55-56].

Тұяқсыздар – адам емес – томар түп... [1, 219].

Ақын үшін томардың бейнелік жағы – «тұяқсыздық», «ұрпақсыздық», «тұқымсыздық». Күйеуі мен жалғыз ұлын соғыс жалмаған қарт ананы томармен –екі жағы кесілген ағашпен ұқсату- ақынның дүниетанымын көрсетеді. Өйткені томардың төменгі жағында тамыры, жоғары жағында бұтағы да жоқ. Егер тамыры болса, ол ағаш бұтақтарынан бұтақ өніп, жапырақтары жайқалар еді. Осы сияқты қазақ танымында ассоциацияланып, адамның бір тамырдан тарап, ары қарай өсіп-өнуін ұрпақтың жалғасуы дейді.

Жалғыздықтың от қапырық аптабы

Жетім гүлді солдыруға батпады [1, 102].

Бұл жолдарда астарлау бар. Жетім гүл – әкесіз өскен бала. Ақынның қатал тағдыры. Ағайыннан бауырмалдық, мейірімділік көрмесе де, жат жандардың жылуын сезініп өскендігі туралы баяндалады.

Жалпы Қадыр ақын жырларында адамға – табиғат көзімен, табиғатқа - адам көзімен баға беріледі. Бұл жерде ақын шығармашылығына тән тұтастық табиғат пен адам арасындағы ажырамас бірлікті байқатады, «Табиғат пен адам – егіз» дегенді ұқтырады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мырзалиев Қ. Көш. А., Жазушы, 1973, 306.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Құраст.: Қ.Күдерінова, О.Жұбаева, М.Жолшаева және т.б. – Алматы, 2011. – Т.10. – Қ-М. –752 б.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Құраст.: Қ.Күдерінова, О.Жұбаева, М.Жолшаева және т.б. – Алматы, 2011. – Т.13. – С-Т. –752 б.
4. Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы: Ғылым, 1988. -159 бет.
5. [Сексеуіл \(turkystan.kz\)](http://turkystan.kz)
6. Шормакова А.Б. Қазақ тіліндегі өсімдік әлемінің лингвомәдени бейнесі// филос. докторы (PhD) дәреж. дисс. 6D021300. - Алматы, 2020. -178 б.
7. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толағай, 2004. – 560 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

А.Т.Абужалитова

*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
аға оқытушы, қазақ тілі мен әдебиеті магистрі*

Орал қаласы

akbarshyn@mail.ru

Д. М.Какимова

*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі*

Орал қаласы

daneker.kakimova@mail.ru

Аңдатпа: Ежелден ой ұшқырлығын, зеректігін бағалаған халқымыздың ғасырлар бойы жиып, көздің қарашығындай сақтап келген асыл мұрасы - сөз өнері ұлтымыздың өрісі, мәртебесі, тұрмыс - салты мен мінез-құлқының көрінісі. Жас ұрпақты ұлттық сана - сезім рухында тәрбиелеуде ана әлдиімен даритын ана тілін дамытуда, ауызекі шешен сөйлеуге үйретуде, сөз өнеріне баулуда сөздің алар орны зор. «Сөз қадірім, өз қадірім» деп, кендігін де, елдігін де бір сөзге сыйғыза білген халқымыздың асыл қазынасының бірі, қадірлі - інжу маржаны - шешендік сөздер.

Аннотация: Благородное наследие нашего народа, которое издавна ценило сообразительность, смекалку, многовековую память - искусство слова - это отражение поля, статуса, образа жизни и поведения нашей нации. В воспитании подрастающего поколения в духе национального самосознания большое место отводится развитию родного языка, обучению разговорной речи, приобщению к искусству слова. «Слово достойное, свое достоинство» - одно из сокровищ нашего народа, которое умело уместить в одном слове и простор, и народность, и драгоценность - жемчужина - красноречие.

Annotation: The art of speech is a reflection of the field, Status, way of life and behavior of our nation. In the education of the younger generation in the spirit of national consciousness, in the development of the native language gifted by Mother Aldi, in the teaching of spoken oratory, in the art of speech - the word plays a great role. "The word is my dignity, my own dignity" - one of the precious treasures of our people, who managed to fit both breadth and country into one word, is a precious pearl - oratory.

Шешендік сөздер қазақ ауыз әдебиетінің күрделі де көркем бір саласы болып табылады. Қазақтың дәстүрлі шешендік сөздерін: шешендік толғау, шешендік арнау, шешендік дау деп шартты түрде үшке бөлуге болады. Шынайы шешендік қиялдан тумайды, өмірлік оқиғалардан, табиғи құбылыстардан туады, көп жылдық тәжірибе мен сан рет қайталау арқылы сыннан өтіп халық мойындаған қағидаға, даусыз ақиқатқа айналады. Оның үстіне әр дәуірдің әр түрлі сөз шеберлерінің талғамынан, толғауынан өтіп шешендік сөз “тілге жеңіл, жүрекке жеңіл” тиетін сүйкімді үн мен ырғаққа ие болады. Шешендік сөздер үш түрлі болады: кеңесу, билік және салтанатты сөз. Ал құрылысы жағынан кіріспе, баяндау және қорытынды болып бөлімнен тұрады.

“Өнер алды – қызыл тіл” деп қазақ бекер айтпаған. Қоғам тарихына көзсалсақ, қай халықтың болмасын күрделі қоғамдық, мемлекеттік қайраткерлері, қолбасылары, ғалымдары ойға шебер, тілге шешен болғанын байқаймыз.

Қоғам қашанда дарынды қабілетті адамдарға мұқтаж. Дарынды адамдар қатарын көбейту үшін олардың сөйлеу тілі және танымын дамыту керек. Сондықтан біз, мұның

негізі халқымыздың даналықпен айтқан шешендік сөздерінде жатыр деп қарастырдық. Қазіргі кездегі оқу-тәрбиенің міндеті осы тың жатқан дүниені, даналыққа құрылған қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді, шешендік өнерді жас ұрпақтың бойына қалыптастырып, сол арқылы рухани байлығын арттыру.

Қазақ жұрты – жаратылысынан шешендік өнерге бейім халық. Оның қиыннан қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, нақыл, қомақты ойлары жөнінде өзіміз де, өзгелер де таңдай қағып айтудамыз. Қазақ шешендік өнері- атадан мирас болып, алтын баулы желісі үзілмей келе жатқан ардақты өнер. Теңіз тербеп тереңінде шайқалған інжу маржандай ғасырлар бойы халық жадында сақталып, жұпталып көптің көкейіне орнаған шешендік сөздер шешендердің даналық сөздерінде ашылады, айқындалады, ал шешендер әлденеше ұрпақтың сана сезімін аралап, көптің көкейіне қонақтаған ойлы, сырлы сөздерді жаттап, жадында сақтайды керекті, келеңді жерінде жанартып кәдеге жаратады.

Қазақ шешендік өнерінің піспегі – шешен билер де, күбісі – халық. Ел есінде жүрген шешендік нұсқалардың туындыгері – шешен-би. Халық заманы озған сайын әлгіндей сөз үлгілерін талқыға салып, қырлап, өңдеп, құлпыртып әкеліп, кейде тіпті сан-саққа жүгіртіп әркімдердің (шешен-билердің) атынан айтады. Осындай әдеби-халықтық, фольклорлық сұрыптаулардан кейінгі біздің заманымызға келіп жеткен шешендік сөздер шымырқанған қымыздай жұтылған, таңдай татарлық дүниелер болып келеді.

Би-шешендер – шешендік өнердің негізгі қозғаушы күші. Аталмыш өнер атауының өзі осы қалыптан шығып отыр. Бұл тұрғыдағы ойларымыз алдағы тарауларда кеңірек баяндайтын боламыз.

Ұлттық өнеріміздің тарихында Майқы би Мәнұлынан бастап, Майқы би Төбейұлы (1105-1225 жылдар шамасы), Аяз би Жаманұлы (11-12 ғ.), Мөңке би (1207-1250), Едіге би (1354-1419), Бәйдібек би (1356-1419 жылдар шамасы), Әз Жәнібек (1406-1473), Жиренше шешен, Шоған би (1584-1642), Әсет би (1676-1723), Қадір-Тайжан, Тоқсан, Жанкісі, Антайлақ, Бөлтірік, Сары, Сырлыбек, Бала би, Ноғайбай, Саққұлақ, Бапан, Шоң, Шорман, Байдалы, Қараменде, Зіл-қара, Алшынбай, Асаубай секілді, сондай –ақ, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек және Әйтеке билердің жарқын бейнелерін әлі де қазақ даласындағы айтулы шешен-билер есімімен толықтыра, молықтыра айтуға болады.[1,89]

Қазақта шешен, би деген ұғымдар дербес тұрып та, қосарланып та айтыла береді. Белгілі бір шешендерін өкіл деп танысақ, мәселен, Жиренше шешен, Зілқара шешен, Әлібек шешен, Сүйінбай шешен, Бөлтірік шешен, Шәңкі шешен, Мүсіреп шешен, Тұяқ шешен, ал енді бір сыңарын би деп түстеу, мәселен, Майқы би, Аяз би, Мөңке би, Әйтеке би, Бала би т.б.деп атау қалыптасқан.

Билердің рөлі тек қоғамдық мәселелерді шешу үстінде ғана айрықша, одан былайғы тұста шешендік сипаты жойылады деген ой туындамауы керек. Би - ел-жұрттың әдет - ғұрпын, салт - дәстүрін, өткен-кеткен көне шежіресін, тарихын, қоғамдық даму барысын, айнала қоршаған табиғаттың, жан-жануарлардың сан алуан қасиеттерін, құпияларын жетік білетін, бүгінгіге баға беретін, болашаққа болжам жасап, адамдардың көкірек көмбелеріне ой көзімен қарап көре алатын, қырлы-қырлы мінез-құлықтарды айтқызбай – ақ доп басатын, ғылым-білімнен хабардар, кемел пікірлерін шешен тілмен жеткізіп беруде дара қасиеті бар біртума жандар.

Шешен деген ұғымда біздің жадымызда көне Грек пен Римнің сот залдарында алқалы жиындарда тоқтаусыз ағыл-тегіл сөйлеп, аудиторияны сөзіне ұйытып, айтар ойына мүлгітіп тұрған оратор түсінігінде ассоциацияланады да, би ұғымы заңдық, билік күші бар судья болмысы арқылы көрінеді. Осы екі ұғымды, екі болмысты, табиғатты жақындастыратын, жанастыратын қалып- шешендік, шешендік сөйлеу процесі.

Шешендік сөздерді ауыз әдебиетінің жеке саласы ретінде қарастырған зерттеулер А.Байтұрсынов, М.Әуезов, С.Сейфуллин есімдерімен тығыз байланысты. Алдыңғы тарауларда аталмыш ғалымдардың еңбектеріне көп орайда жүгініп отыратындықтан, бұл ретте зерттеулерге арнайы тоқталмаймыз.

Бұдан кейінгі кезеңдегі шешендік өнер тарихының зерттелуі Ә. Маметова, Б. Адамбаев еңбектерімен толықты. Сондай-ақ фольклортанушы ғалым С. Садырбаев шешендік сөздерді ішкі үлгілерге жіктеуде өзіндік ой-өнегін көрсете білді.

Шешендік сөздердің әр жылдарындағы жиналып басылуына ат салысып, алғы сөздер жазып, өзіндік ой-өрнектер, ғылыми тұжырымдар қалдырып жүрген ғалымдар қатарына Т. Дәдебаев, С. Қорабай, Н. Төрешұлов, М. Қазбеков сынды бұл істің үлкен жанашырларын атаған лазым, жалпы шешендік өнер аясында туындаған сөздерді шешендік сөздер деп атап, оны әдебиеттің дербес, жеке жанры ретінде ғылыми тұрғыдан бажайлау үстіміздегі ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы А. Байтұрсынов, М. Әуезов және С. Сейфуллин сияқты ғалымдар еңбектерімен тығыз байланысты.

Аталмыш ғалымдар алғаш рет шешендік сөздерді ғылыми зерттеудің көзі (объектісі) ретінде арнайы қарастырды. Мәселен, А. Байтұрсынов 1926 жылғы “Әдебиеттанушы” атты еңбегінің “Шешен сөз” деген тарауында шешендік сөздерді бес түрлі ішкі жанрлық үлгілерге жіктеді: а) саясат шешен сөз; ә) билік шешен сөз; б) қошамет шешен сөз; в) ділмор шешен сөз; г) уағыз. [1,98]

Бұл тұстағы шешендік сөздердің функционалдық сипатын жазған, Ш. Уәлиханов еңбектеріндегі ой сарабын тереңдеткен, дамытқан ғалым Халел Досмұхамедов.

“Қазақ халық әдебиеті” атты зерттеуінде Х. Досмұхамедов халық әдебиетін қырық алты түрге жіктей отырып, соның бір үлгісіне, жанрлық түрге “Билік сөз” деп шешендік сөздерді жатқызады. “Өртүрлі сот істері кезіндегі билердің тамаша үкім сөздері, екі жақтың ұтымды даулары мен тапқыр жауаптары, әдетте, ұйқасты мәтел не өлең түрінде айтылады. Поэзияның бұл түрі билік сөз (замечательные приговоры судей биев) деп аталады” – деп атап көрсетеді.

Кең көлемде жиырмасыншы жылдары қазақ әдебиетінің тарихын жасауға батыл қадам жасаған еңбек М. Әуезовтың “Әдебиет тарихы” десек, автор аталмыш еңбекте қазақтың шешендік сөздерін әдебиет тарихынан орын тептіріп, “Билер айтысы” деген терминді атау беріп, өзіндік ілімнің әлі де болса теориялық шымырлануы қажеттігін былайша аңғартады: “Билер айтысының қазір де барлық түрлері жиналып болмағандықтан, екінші бұл түрдегі айтыстар ерекше көп болғандықтан, бұл күнде түгел жіктеп, бөліп қоюға болмайды. Сондықтан, қазірде қандай түрлері кездесетінін айтамыз. Бірақ бұл жіктеу уақытша ғана және ылғи ішкі мағынасына қарап жасалған жіктер болады”.

Бұдан кейінгі кезеңде жалпы шешендік өнер аясында пайда болған шешендік сөздердің құлақ кесті үлгісі ретінде қандай жәдігерлер қарастырылуы, аталуы тиіс деген көкейдегі ойдың пердесін сыпырған, бұл төңіректегі теориялық ой-толғақтың нені шиырлауы керектігін Әуезовтен кейін тағы да атап көрсетіп, әдебиет тарихының тұтас бір дәуіріне арнаған еңбек С. Сейфуллиннің еңбектегі ой-зердесі М. Әуезовтің ой-пікірлерімен астасып, шешендік сөздердің негізі ретінде дау-дамайда, талас-тартыста туған билер сөзі алынуы керектігін зерделеген ой-әлемі жанрға “билер сөздері” деген термин – атау ұсынғандығынан аңғарылады.

Сондай-ақ С.Сейфуллиннің ғалым ретіндегі ой-тұжырымдарының құндылығының тағы бір қыры мынада: автордың қазақ билерінің болмысының халық өмірінің сан-алуан қырларымен байланыстылығын, билердің көп қырлы функциясын айта алғандылығында.

Әдебиетші ғалым С.Негимов бұл турасында “..бұған қоса ол әрі батыр, әрі әнші-ақын, жыршы, сыншы, сәуегей, шежіреші, ғұлама, бір сөзбен айтқанда, әмбебап дарын екендігін ескертеді”, - деп пайымдайды. [2,118]

Қазірде жаңаша ойлау диалектикасы тұрғысынан әдеби мұрағаттарымызды қайыра екшеп жатқан тұста билер функциясының аясын барынша кең арнада қарастырып жүрген еңбектердегі теориялық ой-пікірдің жоғарыдағы С.Сейфуллин еңбегінен бастау алатынын көреміз. Мысалы зерттеуші Мұқадес Есламғалиұлы би – көсем, би – шешен, би – ақын, би – заңгер, би – емші, мәмлегер, би – батыр, би – саясаткер, қоғам қайраткері, би – ойшыл-ғалым, би – психолог, әртіс, би – тәрбиеші деп қазақ билерінің халық өміріндегі, қоғам алдындағы он түрлі қызметін түстегенде, жоғарыдағы С. Сейфуллиннің пікіріне сүйгендігін байқаймыз.

Осылайша шешендік өнердің аясын айқындап, халықтық негіздері мен ұлттық сипатын бағдарлап, көркем сөз ретіндегі теориялық табиғатын тексере бастаған ғылыми-зерттеушілік ой-ағым отызыншы жылдардан кейінгі уақытта әдебиеттану ғылымындағы бел алып кеткен “тұрпайы социологизмнің” салқынына ұшырады. Сейфуллин зерттеулерінде табы сезіле бастаған бұл оңсыз теорияның ықпалы 1945 жылы қорғалған. Ә. Маметованың “Қазақ билерінің шешендік сөздері және оның әдебиеттегі тарихи орны” атты диссертациясына кері әсер етіп, кейін 1948 жылы шыққан “Қазақ әдебиеті тарихы” атты кітапта жал-құйрығы күзеліп, кейбір концепциялары алынып тасталды.

Ұлттық шешендік өнер, шешендік сөздер теориясының дамуының келесі бір кезеңі тікелей әдебиетші ғалым Балтабай Адамбаев еңбектерімен айқындалады. Балтабай Адамбаев М. Әуезов, С. Сейфуллин, Х. Досмұхамедов ұсынған “билер сөзі” терминін “шешендік сөздер” терминімен алмастырып, тақырып аясын айқындап, жанрдың ішкі үлгілерін мазмұнына қарай үшке, құрылысына қарай екіге бөледі.

“Шешендік сөздердің әлеуметтік және әдеби эстетикалық мәнін, жанрлық-көркемдік ерекшеліктерін ашып анықтау үшін сөз нұсқауларын талдаймыз және мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау деп үш салаға топтап зерттейміз”, - дейді [1,67].

Қазақ халқында белгілі бір мәселені талқылау кезінде шешен адамдардың тапқыр ойымен, шебер тілімен ауызша айтқан мазмұнды, көркем пікірін шешендік сөз дейміз.

Ақындық, шешендік өнердің өсіп-өркендеуіне қажетті жағдай еркін сөйлеуге бостандық, сөз бостандығы. Бұл жөнінде де қазақ қауымында сөзге тыйым салынбаған, сынға шек қоймаған. Тілімізде “би”, “шешен” деген сөздердің бір мағынаға бірігіп, кірігіп кеткені белгілі, би болу үшін бір ғана сөзге шеберлік жеткіліксіз. Бұл ең алдымен елдің шежіресін, тарихын ұлылы-кішілі ел басынан өткен уақиғаларды, тарихи қайраткерлерді, әсіресе дау-дамай, соғыс біткен мәселелеріне реттеу тәртібін екінші сөзбен айтқанда, әдет-ғұрып заңын жетік білуге тиіс. “Ойлансақ мың бір пәле тілден туған, шешендер топ ішінде белді буған”, - деп Шал ақын бекер айтпаса керек. “Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар” дегендей көп ішінен дарынды шешендер шыққан. Шешендердің басым көпшілігі билеуші тап өкілдері болған. Көбінесе шешендер жер дауы немесе жесір дауы немесе ердің құнымен байланысты айтылған билік төрелік сөздер. Шешендік сөздер, өнер көп жағдайда әншілік, күйшілік тіпті ақындық сияқты өнер танымай кейбір тыңдаушы адамдардың “жақсылар” мен жайсаңдардың жеке бастарының қасиеттері ретінде де бағаланған. Ақындар сияқты шешендер арнайы өнер жарысына түспеген, түсуге арналған, олардың шешендігі белгілі бір дауларды шешу үстінде көрінген, шешендік – тапқырлық сөздері белгілі бір мақсатпен байланысты туыған. Олардың дауласқан, айтысқан мәжілістеріне екінің бірі араласа алмаған. Алайда үстем тап өкілдері ру басы – билер шешендік өнерді өзінің шын иесі халықтан бөліп – жарып әкете алмаған. Нағыз кедей мен жарлы жалшыдан небір күміс көмей, жез таңдай халық шешендері шығып, әдеби тілімізді, тілдік қорымызды байытуға қалыптастыруға қазақтың алғашқы авторлары өлең-жырлары, аңыз-әңгімелері, шешендік сөздері өз Жәнібек хандығының төңірегінде дамыған. Қазақтың шешендік өнері үш жүздің басын қосқан Тәуке ханның тұсында ханның ордасы Түркістан қаласында жанданған, ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген даңқты дала Демосфендері

мен Цицерондары Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би және қара жігіт Әйтеке шешендердің атақ-даңқтары да осы кезде шыққан.

Халық “Әйтеке бауыздап, Қазыбек іреп, Төле мүшелеп берер” деп Әйтеке айтса, “қандай қиқар даукесің де қалай құлақ аспасқа”, Қазыбек айтқанда төресі осы тығыла кетпеске лажы жоқ еді деп кесіп айтқан. Сондай-ақ халық тағы да “Әйтеке жорып жеткізіп айтады” деп үш биге байланысты бағасын беріп қойған.

Елімізде қалыптасқан шешендік сөздердің басқада қайталанбас өзіндік ерекшеліктері де мол. Бұлар – “аттың жалы, түйенің қомында” көшпелі өркениеттің мақсат-мүддесіне сай ауызекі, суырыпсалмалық дәстүрінде туған мұралар.

Суырыпсалмалық қазақ өнерінің қай-қайсысына болмасын тән, бірегейі құбылыс. Дәстүрлі қазақ өнерінің негізгі қасиеті сақталған жыраулық өнерді, ақындық өнерді, жалпы кең мағынасындағы ақындық өнерді импровизациясыз пайымдау аса қиын. Қазақ шешендік өнерінің бұл сипатын С.Негимов тілімен айтсақ: “Қазақ шешен билерінің импровизациялық қабілет қарымы шешендік өнердің ең жоғарғы биігіне шыққан деуге болады. Әрине қаумалаған қауымды дүр сілкіндіру, ой-қиял теңізіне жүздіру, ынта-ықыласын арттыру шешеннің табиғат сыйлаған қасиетінің үстіне табанды ізденістерімен, білім қорын үнемі жаңартып, түйінді қорытындылар шығарып, мәнерлі, әсерлі, әуезді тілмен жеткізумен ерекшеленеді”. Соңғы кезде қазақ балаларына арналған ауыз әдебиетінің үлгілерін, оның салаларын оқытуға ерекше көңіл бөлінуде. Оқу материалдарына аңыз әңгімелер, мақал-мәтелдер, жырлар, шешендік сөздердің түрлерін балалардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізу дүние танымын кеңейтуге, жан-жақты дамуына ықпал етеді. Жас ұрпаққа қазақтың би – шешендерінің өмірінен мәлімет беріп қызықты тұстарынан сөз қозғау өнегелі істерге апарар жол. [2,98]

Шешендік сөз – адамзат тарихындағы рухани материалдық мәдениеттің дамуының негізгі құралдарының бірі шешендікке құрылған әңгімелерді, аңыздарды және өлеңдерді бастауыш сыныпта оқыту бала тілін ұштайды, сөздік қорын байытады, өмірге деген көзқарасын оятып, дүниетанымына жол ашады.

Бастауыш сынып оқушыларына қазақ халқының атақты шешендері Қаз дауысты Қазыбек, Төле, Әйтеке билерді ана тілі пәні арқылы таныстырып, олардан қалған құнды да мол мұраларды оқыту, ұлағатты сөздерін жатқа айтқызу – уақыт талабы.

Ғалым – педагог Ы.Алтынсарин нақыл сөздерді жинады және оларды жариялады. Ол өзінің хрестоматиясына “Ізбасты”, “Байұлы”, “Жәнібек батыр”, “Жиренше шешен” тағы басқалардың көргендікке, тапқырлыққа құрылған “даналық әліппелерін” енгізіп, кезінде оларды оқуға ұсынған. Алғашқы ұстаз аталы сөздің құндылығын сол кезде-ақ білген.

Шешендік сөздерді тұңғыш зерттеушілердің бірі - М. Әуезов болса, 30-жылдары оларды іріктеп, жинап, халықтың керегіне жаратуға үлес қосып, қамқор болған, асыл сөздерді оқырман қауымға ұсынушы және балаларды ізгілікке тәрбиелеуде таптырмас құрал екенін оқытушы С. Сейфуллин болды. Сәкен Сейфуллин өзінің “Қазақ әдебиеті” дейтін кітабында шешен билердің әлеуметтік қызметтерін, шешендік сөздердің ауыз әдебиетінде алатын орнын анықтап, бірсыпыра нұсқауларын жариялады.

Одан кейін қазақ шешен сөздерін арнайы зерттеген ғалым Әмина Маметова. Ол өзінің “Қазақстан шешен билерінің сөздері және қазақ әдебиетіндегі оның орны” кандидаттық диссертациясында белгілі қазақ билерін атап, олардың аттарынан айтылатын сөздердің әдебиет мәнін толығырақ анықтай түседі. Сонымен, ана тілі сабақтарының танымдық мақсатына мыналар ескерілуі қажет:

1. Шешендік сөздерді халқымыздың қадір тұтуы
2. Шешендік сөздердегі ұлттық мәдениет және парасаттылық
3. Асыл сөздің астарындағы ұлағатты сөздер
4. Дау-жанжалдардың бітімін екі –ақ ауыз сөзбен шешіп, ел мен елді бітістіріп, жарастырып келелі мәселелерді тындырып отыратындығы

Билер мен шешендердің көрегендігін, даналық сөздерін оқытып, жатқа айтқызу жас ұрпақты шешендікке, ата-бабадан қалған мол мұраны игертуге баулиды. [2,110]

Қазақ шешендік сөздері — бастау алар қайнар бұлақтарын түркілік танымнан түптен тартып, өзіндік ұлттық ерекшеліктерді, қасиеттерді бойына жинақтап, көркемдік қуатымен, ғибраттық сарынымен дараланған, сондай-ақ, ас бай поэтикалық тілімен өзгеше қалыпта көрінген, халқымыздың рухани азығына айналған көркемдік құбылыс.

Бүгінгі қолымызға жиналған мәліметтерді саралай келгенде шешендік сөздердің көлемінің тым ауқымды, ішкі жанрлық түрлерінің де алуан түрлі екендігіне, классикалық әдебиеттің келелі мәселелерін шешуде кәдеге асып жатқан шығармалар екендігіне көз жеткіздік.

Бастауыш сыныптарда шешендік сөздерді оқытудың негізгі мақсаты бастауыш сынып оқушыларының өз ойы мен пікірін еркін жеткізе алатын, жауаптаса алатын тұлға деңгейіне көтеру, яғни ұлттық шешендік сөйлеудің айла амалдарын шешендік өнердің сыр мен сымбатын, тапқырлықты, тақырыптық тәсілдерді қолдану бүгінгі ұрпақтың бойына сіңіру.

Оқушыларға шешендік сөздерді туралы сөз қозғағанда ең алдымен мұғалімге назар аудару керек. Мұғалімдер күнделікті сабақ беру үрдісінде шешендік сөздерді орынды жерінде ойын дәлелдеуде дәнекер етсе, оқушыларды тілге шебер ойы орамды мәдениетті сөйлеуге тәрбиелейді.

Бір сөзбен айтқанда бұл зерттеудің жаңалығы – оқушылардың шешендік сөздерді меңгеру нәтижесінде сана-сезімі мен ақыл ой ұшқырлығы, сөз шеберлігі, дұрыс ойлау жүйесін қалыптасатын, төменгі сыныпта шығармашылық қабілетін арттыруға болады.

Қорытындылап қарасақ, шешендік сөздерге халық даналығы, инбаттылық пен ізгілік нышандары жатады екен.

Шешендік сөздердің бастауыш сыныпта, балаларға, олардың тілін дамытуға, сөздік қорын байытуға қаншалықты қажет екенін көріп отырмыз.

Бастауыш сыныптарда шешендік сөздерді оқытудың ерекшелігі. Ежелден ой ұшқырлығын, зеректігін бағалаған халқымыздың ғасырлар бойы жиып, көздің қарашығындай сақтап келген асыл мұрасы - сөз өнері ұлтымыздың өрісі, мәртебесі, тұрмыс - салты мен мінез - құлқының көрінісі іспеттес. Жас ұрпақты ұлттық сана - сезім рухында тәрбиелеуде ана әлдиімен даритын ана тілін дамытуда, ауызекі шешен сөйлеуге үйретуде, сөз өнеріне баулуда - сөздің алар орны зор. «Сөз қадірім, өз қадірім» - деп, кендігін де, елдігін де бір сөзге сыйғыза білген халқымыздың асыл қазынасының бірі, қадірлі - інжу маржаны - шешендік сөздер.

Ана тілін ардақтау, тілді құрмет тұту, оны талғампаздықпен жұмсау, үздіксіз үйреніп отыру, тілдік амал - тәсілдерді қарым - қатынас мақсатына сай қолдана білу - жалпы мәдениетке қойылатын аса қажетті шаралар. Осы шарттарға жауап беретін сөз – шешендікке ұласады. Тегінде сөз өнерінің шеберлері қоғамдық өмірде болып жататын әр тарапты өзгерістерді, құбылыстарды, адамдардың мінез әрекетіндегі жағымды - жағымсыз көріністерді, елдің тұрмысында ұшырасатын жағдайларды кезінде көрегендікпен байқап шешендік сөзбен жақсылық пен татулыққа меңзеуге, қайырымдылыққа, адамгершілікке еңбекқорлыққа тәрбиелеуге ықпал жасаған. Шешен билер сөз өнері арқылы дарынды, талантты жастарды сөз өнеріне ынталандырып баулып отырған.

Шешендік сөздер адамзат өркениеті тудырған рухани - мәдени құндылықтардың бірегейі.

Шешендік өнерді меңгертудің басты бір әдісі - оқушылар алдында түрлі проблемалық жағдайлар қойып, соның шешімін тапқызу, тіл арқылы білдіру, онда да тілін әсерлі де дұрыс, дәл, орынды болуын қажет ету. Сондықтан да әдістер жүйесін іріктеуде проблема - лық әдістер жүйесін танымдық, ізденімпаздық тұрғыдан қалыптастырып, дамытатын әдістер ретінде қарастырудың маңызы ерекше. Проблемалық жағдайды шешу кезінде оқушылар өзіне сенімді болады, қызығушылығы

артады, білімге деген көзқарасы өзгеше сипат алады. Сабақта шешендік сөздердің астарын талдау, дауды шешу, шешендік сөздерді ары қарай жалғастыру, образға ену, мәнерлеп айту, шешендік сөздерді толықтыру, топта талқылау, пікір айту, ой қорыту тағы басқа әдіс - тәсілдерді проблема қоя отырып тиімді қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Оқушыларды шешендік өнерге бейімдеуде монолог әдісі, пайымдау әдісі, эвристикалық әдіс, репродуктивті әдіс, диалог әдістері кеңінен қолданылады. Осындай әдіс - тәсілдердің арқасында оқушының бойында белсенді оқу әрекеттері қалыптасады, оқушының жеке ізденіс қабілеті дамиды, оқушының өзінің шешендік тәжірибесін жүргізу мүмкіндігі қалыптасады, нәтижесінде сөздік қоры молаяды, яғни дәстүрлі сабақпен салыстырғанда меңгерілетін жаңа сөздер екі есеге артады. Оқушының жеке дара қабілеті дамиды.

Бүгінгі шәкірттеріміз – ертеңгі маман, ел билейтін, халыққа қызмет ететін, әр алуан-алуан маман иелері. Ол өз тілінде еркін сөйлей алатын, өз ой - пікірін жұртшылыққа ауызша және жазбаша түрде сауатты жеткізе білуі керек. Міне, оқушының ана тілінде сөйлеу мәдениетін, тіл шеберлігін арттыру үшін шешендік сөздерді сабақта қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, тұлғалық сезім мәдениетін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізіледі. Сондықтан олардың алдында сөйлеген сөздері шебер де көркем болуға тиіс.

Тарихтан белгілі билер мен шешендер, ақын - жыраулар шығармашылығы тіл игерудің үлкен мектебі екені сөйлеу тілінің шеберлігіне қарай бағалау, соған байланысты халықтың немесе елдің тағдырын шешу сияқты үрдістің маңыздылығы да бабалар дәстүрінің негізі. Әрине шешендікке қойылатын талап қоғамның дамуына байланысты жаңаша сипат алады. Бұл ұлттық озық дәстүрімізді әлемдік өркениеттілікпен ұштастыра отырып, шәкірт бойына қалыптастыру - біздің парызымыз болмақ. Ол мақсатты орындауда оқушының бойында танымдық және практикалық бағыттағы бірнеше міндеттер қойылады. [3,9]

Танымдық бағыт бойынша:

- қарым-қатынас жасауда сөйлеу әдебін үйрену;
- шешен сөйлеудің талаптары мен шарттарын ұғындыру;
- ауызекі сөйлеуде шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;

Практикалық бағыт бойынша:

- ауызекі сөйлеу, жазу, тыңдау;
- тіл мәдениетін жетілдіру;
- сөздікпен жұмыс, мәтінді талдау;
- тірек сөздер арқылы мәтін құрастыру;
- сөйлеу талаптарына сай дағдыларды жетілдіру;

Соңғы жылдары еліміз егемендік алғаннан кейін шешендік өнердің қажеттілігі күн санап артып келеді. Қорыта келгенде бұл күнде шешендік сөздің рөлін көтеру - тіл мәдениетін көтерудің бір шарты.

«Білім негізі - бастауышта» деген қанатты сөзде үлкен шындық пен жауапкершілік жатыр. Болашақ ұрпақтың жағдайын бүгіннен ойлап, олардың тұлғалық қасиеттерінің жастайынан дұрыс дамуын қарастыруымыз керек. Ол үшін тұлғаға бағытталған оқытудың тәрбиелік мәнін аша түсуіміз керек. Бастауыш мектеп баланы оқуға үйрету мен тәрбиелеу, оның тұлға ретінде өзін - өзі ашуға, жалпы дамуының қалыптасуына жағдай жасайтыны негізгі саты. Бастауыш мектептегі тың өзгерістер әлемдік білім беру тәжірибелерін зерделей отырып, жеке тұлғаға бағдарлай оқыту, тұлғаның өзіндік ерекшеліктерін ескеру арқылы оның жан - жақты дамуын қамтамасыз ететін жаңа педагогикалық технологияларды оқу, жүзеге асырудың нәтижесінде көрініп отыр. [4,98]

«Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» өз бетімен білім ала алатын және алған білімін өмірдің түрлі жағдайларында қолдана білетін жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететін оқытудың жаңарған технологияларына көшу талабын қойып отыр. Осы орайда егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне - өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеу - мұғалімнің басты міндеттерінің бірі болып отырам. Бастауыш сыныпта оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, халықтық педагогика арқылы баланың бойында ұлттық мінез - құлық, кішіпейілділік, сыпайылық, рухани - адамгершілік сияқты ізгі қасиеттерді дарыту қажет. Мектеп табалдырығын аттаған жас бала ертеңгі ел тұтқасы десек, оларды парасатты, саналы азамат етіп тәрбиелеу – әрбір ұстаздың борышы. Еліміз тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болды. Осы тұста шешендік өнердің қажеттігі күн санап артып келеді. Елдің тәуелсіздігі өзімен бірге ойлау тәуелсіздігін санадағы, танымдағы тәуелсіздікті, тіл тәуелсіздігін ала келді. Еліміздің Конституциясында қазақ тілі - мемлекеттік тіл болып қабылдануына байланысты мемлекеттік тілдің мәртебесі жоғарылады.

Жас ұрпақты ұлттық сана - сезім рухында тәрбиелеуде, ана әлдиімен даритын ана тілін дамытуда, ауыз екі шешен сөйлеуге үйретуде, сөз өнеріне баулуда - сөздің алар орын зор.

Өйткені жалпы білім беретін мектептің басты мақсаты – дара тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау болса, сол тұлғаның басты көрсеткіші – сөйлеу әрекетін еркін меңгеруі, өз ойын ашық айта алуы ғана емес, сонымен қатар, оның өзіндік сөйлеу стилінің қалыптасуы.

Бүгінгі заман талабы іскер, белсенді, қандай жағдайда да өздігінен шешім жасап, жол таба білуге бейім адам тәрбиелеуді қажет етіп отыр. Сондықтан жалпы білім беретін мектеп қабырғасында әр оқушыны дара тұлға деп танып, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға алғышарт жасауға мән берілуі тиіс. Бастауыш сыныптарда шешендік сөздерді оқытудың негізгі мақсаты бастауыш сынып оқушыларының өз ойы мен пікірін еркін жеткізе алатын, жауаптаса алатын тұлға деңгейіне көтеру, яғни ұлттық шешендік сөйлеудің айла амалдарын, шешендік өнердің қыр - сырын, тапқырлықты, тақырыптық тәсілдерді қолдану бүгінгі ұрпақтың бойына сіңіру. Жас ұрпаққа қазақтың би – шешендерінің өмірінен мәлімет беріп қызықты тұстарынан сөз қозғау өнегелі істерге апарар жол және де билер мен шешендердің көрегендігін, даналық сөздерін оқытып, жатқа айтқызу жас ұрпақты шешендікке, ата - бабада бабадан қалған мол мұраны игертуге баулиды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Адамбаева Б. Алтын сандық.- Алматы: Жазушы, 1989.- 195 б.
2. Негимов С. Шешендік өнер.- Алматы: Ана тілі, 1997.
3. Қалимұқашева Б.Д. Шешендік өнерге баулудың дидактикалық принциптері. Бастауыш мектеп.-Алматы: Мектеп, 1999.-№ 10.- 10-12-б.б.
4. Шешендік шиырлары - Алматы: Қайнар, 1993.

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҮРҒЫДА ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Л.Қ. Өмірзақова

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің аға оқытушысы

Ü Мақалада оқу үрдісіндегі студенттердің шығармашылық тұрғыда қалыптасуының ерекшеліктері сараланады. Педагог-хормейстердің кәсіби-әдістемелік профессиограммасының табиғатының кейбір тұстары таразыланады.

Тірек сөздер. Хор ұжымы, педагог-хормейстер, интерпретация, шығармашылық белсенділік, психологиялық фактор, хор партиясы, вокалды-хор жұмыстары.

Ü В статье рассматриваются вопросы проектирования формы индивидуального занятия, содержания, методы усвоение учебного материала по классу хорового дирижирование.

Ключевые слова: Хормейстер, дирижирование, творчество

Ü The article deals with planning individual forms of lessons, the content, learning methods of teaching material in choral conducting

Keywords: Choirmaster, conducting, creativity

Педагог-хормейстердің кәсіби мүмкіншілігі оның хормен жұмысқа дайындығы, хор ұжымын құру және музыкалық туындыны интерпретациялау мен игеру үрдісін ұйымдастыру дағдысында көрініс табады. Дегенмен хор іс-әрекеті барысында дирижердың кәсіби шығармашылық белсенділігі жоқ болса, онда бұл үрдіс хордың өнімді шығармашылық құрылымына тұлғаның шығармашылық тұрғыдан өздігінен дамуына ешқандай жаңалық әкелмейді.

Сондықтан да, хормейстерлік дайындықтың басты мәселесі шынайы шығармашылық оқу жүйесін құру болып табылады. Шығармашылық оқу үрдісінде педагог өзінің шеберлігін ғана көрсетіп қоймайды, студенттер де шығармашылық тұлға ретінде дамиды. Бұл үшін кәсіби шығармашылық белсенділік тұрғысынан хормейстерлік қызметтің ерекшелігін (специфика) егжей-тегжейлі талдау қажет.

Шығармашылық белсенділікті түсінуге екі көзқарас бар: *біріншісі* – шығармашылық белсенділікті объективті жаңашылдықпен байланыстырады және әлеуметтік маңызға ие. *Екінші көзқарас бойынша* оқу қызметінің өзі шығармашылықпен қабаттас. Студент үшін кезкелген оқу жұмысы жаңашылдықпен байланысты. Сондықтан да студенттер ұйымдастырылған оқу-танымдық қызмет аясында кәсіби білім-білік дағдыларды игеруге шығармашылық тұрғыда қадам жасауы керек. Әрине, студенттер оқу үрдісінде күн сайын жаңалық ашпайды. Бірақ олар білімнің жаңа әлемін ашуда өздігінен ізденіс жұмыстарын жүргізуі керек. Біздің зерттеуіміз үшін екінші көзқарас аса маңызды. Хормейстерлік дайындық үрдісінің өзінде-ақ студент өзін жаңа құндылықтарды ашушы ретінде сезінеді. Бұрыннан белгілі ескіден бар нәрсенің өзінен жаңа белгілерді табады. Қарапайым хор орындауының өзінен терең мағына мен сұлулықты сезінеді. Музыкалық туындыны көркем шығармашылық құбылыс дәрежесінде түйсінеді. Дирижерлау музыкалық іс-әрекеттің ерекше түрі. Хормейстер дегеннің өзі шығармашылықпен тығыз байланысты. Дирижерлік – аппарат, техникалық амалдар мен дағдылар әрбір студенттің жеке иелегінде болады, аталған техникалық амалдар мен дағдылар тек педагог пен студенттің біріккен белсенді шығармашылық қызметінде ғана қалыптасады.

Музыкалық туындымен жүргізілетін жұмыстың бастапқы кезеңінде музыкалық материал, әдеби мәтін, автор ремаркаларымен таныстыру жүргізіледі. Кейін тұлғалық және кәсіби білік-дағдыларды жұмылдыра отырып, автор ойын түйіндеп музыкант туынды бойынша концепция құрастырады.

Педагог пен хормейстер студенттің іс-әрекетінің мақсаттылығы мен нормативтік рөлдік алғышарттары мен алдынала анықталған ұйымдастырылған шараларымен вокальдық хормен орындайтын туындының орындалуына байланысты арнайы мазмұнымен ерекшеленеді. Бұл қызмет тікелей хормейстер мен әншілердің өзара әрекеті арқылы жүзеге асады. Осы өзара әрекеттің нәтижесінде екі тарапта бір-біріне ықпалды әсер етеді. Процеске қатысушылар арасындағы өзара әрекеттің бұзылуы мақсатқа (нәтижеге) қол жеткізуге кедергі келтіретін бірден-бір себеп болып табылады.

Кеңестік ғалымдар В.И.Андреев, С.В.Кульневич және шетелдік А.Маслоу, К.Роджерстің талдауларында студенттің шығармашылық белсенділігінің дамуына оңтайлы оқу ортасы болып, қолайлы жағдай жасалған кезде ғана тұлғаның шығармашылық қабілеті толық ашылады және дамиды делінген. Демек, кәсіби шығармашылықты қалыптастырудың басты шартына ретінде төмендегідей қағидалар:

- студенттің шығармашылық белсенділігі көрініс табуы үшін қолайлы психологиялық орта қалыптастыру жөн;
- хормен жұмыста кәсіби шығармашылық белсенділікті ынталандыру тиімді;
- студенттердің қателіктеріне шыдамдылық қарым-қатынас тұрғысында қарау орынды;
- басқалардың тұлғалық бірегейлігіне түсіністікпен қарау, шығармашыл жандарды қорғау және оларға жанашырлықты қарым-қатынас ауадай қажет;
- өз бойындағы шығармашылық сапа белгілерін, құндылығын тануға тәрбиелеу аса тиімді;
- қоршаған ортаның барлық қасиеттеріне назар аударуға тәрбиелеу жөн.

Студенттердің шығармашылық дамуын белсендіруге мүмкіндік беретін шарттарға оқу үрдісін ұйымдастыру формалары да жатады. Оқу үрдісін ұйымдастыру формалары сан алуан. *Мысалы: дербес, топтық, ұжымдық.*

In summary, constructing a comprehensive model of a grammatical item necessitates completeness, ensuring that each element receives thorough and consistent treatment within a general model. However, it's essential to recognize that describing English grammatical constructions, based on the author's experience, cannot be exhaustive in every detail. Language is a complex system influenced by various linguistic and extralinguistic factors, making it challenging to create an all-encompassing model. Nonetheless, the aim is to equip students with models that empower them to address various grammatical intricacies and cultivate a habit of exploring the deeper implications underlying linguistic correlations related to grammar [15,96].

Grounded in the theory of cognitive linguistics, this paper demonstrates how linguistic and non-linguistic experiences collaborate to construct a functional language system.

The model outlined in this paper can serve as valuable guidance for teachers looking to implement the cognitive model in their teaching. By effectively capturing students' attention and creating a friendly and engaging classroom atmosphere, teachers can motivate students to take initiative in their learning journey, thereby enhancing their comprehension of the subject matter.

It's important to clarify that the paper's aim is to provide an overview of the primary applications of the cognitive model in Foreign Language Teaching (FLT), and it does not claim to be exhaustive in this regard. There is potential for further exploration by applying the cognitive model to adult language learners, extending the scope of research and practical implementation.

References

1. Lakoff G. *Women, Fire, and Dangerous Things: What Categories Reveal about the Mind*. Chicago: The University of Chicago Press, 2012.
2. Barry 1997. Barry A. M. *Visual intelligence, perception, image, and manipulation in visual communication*. Albany, NY: State University of New York Press, 1997.
3. Bloh 1983. Bloh M. Ya. *Teoreticheskayagramatikaangliyskovoyazyika*. Textbook, 1983. Available online at . Last accessed 19.11.2016. Chomsky 1957.
4. Chomsky N. *Syntactic structure*. The Hague: Mouton, 1957. Chomsky 1968. Chomsky N. *Language and mind*. New York: Harcourt, Brace and World, 1968.
5. Croft 2000. Croft, W. *Explaining language change: An evolutionary model*. England Pearson Education Limited, 2001, 78. Croft 2001.
6. Croft W. *Radical construction grammar*. Oxford, England: Oxford University Press, 2001. Goldberg 2003.
7. Goldberg A. *Constructions: A construction grammar model to argument structure*. Chicago: University of Chicago Press, 1995. Ivanov 2005.
8. Arif 2009. Arif M. "Young learners' second language visual literacy practices". Available online at . Last accessed 19.11.2016.
9. Ivanov I. *Interaktivnometodi za rabota v multikulturnasreda*. Narachnik. Shumen, 2005. Kemp, Dayton 1985. Kemp J. E., D. K. Dayton. *Planning and producing instructional media*. Harper and Row, 1995. Lacoff2002.

10. Langacker 2002. Langacker R. Foundations of cognitive grammar. (vol.1). Stanford, CA: Stanford University Press, 2001. Langacker 2002.
11. Oates, Reder web. Oates J. M., L. M. Reder. "Memory for pictures: Sometimes a picture is not worth a single word". Available online at . Last accessed 16.11.2016. Paivio 2006.
12. Levin J. R., R. E. Mayer. Understanding illustrations in text. In Brinton B.K., Woodward A., M. Brinkley (eds.). Learning from textbooks. Erlbaum, 1993. 95-113.
13. Langacker R. Foundations of cognitive grammar. (vol.2). Stanford, CA: Stanford University Press, 1999. Levin, Mayer 2003.
14. Paivio, A. "Dual coding theory and education". Available online at . Last accessed 23.11.2016. Piaget, Inhelder 2000. Piaget J., B. Inhelder. The development of perception. New York: Basic Book, 2000.
15. Pinker 1989. Pinker S. Learnability and Cognition. Cambridge, MA: MIT Press, 1989. Rice et al. 2002.

УДК 82-2(574)

АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК МОТИВТЕР

А.С.Бүркітбаева,

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті, Ақтау қ.
E-mail: anar.burkitbayeva@yu.edu.kz

Андатпа: Бұл мақалада ақын-жыраулар шығармашылығындағы адамгершілік тақырыбы сөз болады. Адамгершілік тақырыбының негізгі объектісі-адам, оның ішкі әлемі туралы, оның қазақ поэзиясында көріну ерекшеліктері сөз болады. Адам бойындағы адамгершілікке жат қылықтардың әр ғасырдың ақын-жырауында өзінше өрнек табуы өлең жолдары арқылы көрінеді. Адамгершілік немесе гумандық қасиеттердің әлемдік әдебиетте сөз болуы да нақты мысалдармен дәлелденеді. Адамгершілік мотивтердің XIX ғасырдағы көрінісі Махамбет поэзиясы арқылы көрінсе, зар заман ақындарындағы сыйластық қасиеттердің кетуі сол замани қоғамның жағдайының өзгеріске түсуімен байланысты ерекшеленеді. Бұрын жоқтықта, бірлескен халықтың енді малы мен дәулетіне масығып, қонағына «кет» деуі адамгершілік моральдың құлдырауынан еді.

Адамгершілік тақырыбында сөз ететін жырау не ақынның кәсібі – адамтану, міндеті – адамды зерттеу, мақсаты – адам, оның биік мақсаттарға қол жеткізудегі жеткен табыстары туралы белгілі бір байламға келу.

Мақалада қазақ поэзиясындағы адамгершілік мотивтердің көрінісі арнайы тақырыптар аясында қарастырылып, өлең жолдарынан мысалдар келтіру арқылы дәлелденеді. Адамгершіліктің басты көрінісі-ақындық «меннің» көрінісі арқылы поэзиядағы көрінісішығарма иесінің өзінің тұлғасын, яғни лирикалық «менін» айтуы; шығарма иесінің өзіне-өзі мінездеме беруі; шығарма иесінің туындысында оның өмірбаяндық кезеңдерінің көрініс табуы.

Мақалада ақындық талантты білдіру үшін қолданылатын шығармашылық «мен» туралы таратылып отырады. Ақын – көркемдік тіл қуаты құнарлы, сөзі шымыр, ойы алдаспандай өткір творчество адамы. Ақынның жұрты алдындағы беделі қандай? Осы мақсатта біздің қарастырған шығармашылық «мен» туралы таратып айта кетейік.

Кілт сөздер: адамгершілік, сөз кестесі, ар, иман, құндылық, білім, ғылым

Аннотация: В этой статье речь пойдет о нравственной теме в творчестве поэта-жырау. Основной предмет нравственной темы-речь идет о человеке, его внутреннем мире, об особенностях его проявления в казахской поэзии. Бесчеловечность человека проявляется в поэтических песнях каждого века. Наличие гуманных или гуманных качеств в мировой литературе также подтверждается конкретными примерами. В то время как проявление нравственных мотивов в XIX веке проявляется через поэзию Махамбета, отток уважительных качеств у поэтов зар-Замана отличается тем, что состояние современного общества меняется. Раньше в небытии, теперь опьяненные скотством и богатством совместного народа, говорили гостю "уйди" от падения нравственной морали.

Что касается нравственности, то профессия поэта-человековедения, задача-изучение человека, цель-прийти к определенной связке о человеке, его достижениях в достижении высоких целей.

В статье рассматривается проявление нравственных мотивов в казахской поэзии в рамках специальных тем и подтверждается приведением примеров из стихотворных строк. Главным проявлением нравственности является проявление поэтического «я» в поэзии через выражение владелица произведения говорит о своей личности, то есть о лирическом «Я»; дает характеристику самому хозяину произведения;находит отражение в произведении владельца произведения его автобиографические периоды.

В статье рассказывается о творческом «я», используемом для выражения поэтического таланта. Поэт-человек творческого творчества, обладающий силой художественного языка, острым словом и острым умом. Какова репутация поэта перед публикой? С этой целью давайте поговорим о творческом «я», который мы рассматривали.

Ключевые слова: мораль, таблица слов, совесть, Вера, ценность, образование, наука

Annotation: This article will focus on the theme of morality in the work of poets and zhyrau. The main object of the theme of morality is a person, about his inner world, about the features of his manifestation in Kazakh poetry. The fact that inhuman behavior in a person finds its own expression in the poets and poets of different centuries is expressed through verses. The fact that moral or human qualities are a word in world literature is also evidenced by specific examples. The manifestation of moral motives in the XIX century is reflected in Makhambet's poetry, while the disappearance of respectful qualities in the poets of the ZAR era is associated with a change in the state of modern society. It was because of the decline of moral morality that the Joint people, who had previously been absent, were now imbued with their cattle and wealth and told their guest to "go away".

The profession of the poet, speaking on the topic of morality, is human science, the task is to study Man, the goal is to come to a certain conclusion about man, his achievements in achieving high goals.

The article discusses the manifestation of moral motives in Kazakh poetry within the framework of special topics and proves them by giving examples from verses. The main manifestation of morality is the manifestation of the poetic "I" in poetry through the expression of the author's personality, that is, the lyrical "I"; the self-characterization of the owner of the work;the reflection of his autobiographical stages in the work of the owner of the work.

The article is distributed about the creative "I", which is used to express poetic talent. The poet is a person of creative creativity, whose power of artistic language is fertile, his words are sharp, his thoughts are deceptive. What is the reputation of the poet in the eyes of his people? To this end, let's spread about the creative self that we have considered.

Keyword: morality, word table, conscience, faith, value, education, science

Сөз зергерлері, ақын-жыраулардың адамгершілік тақырыбында негізгі объекті етіп алғаны – адам, оның ішкі әлемі, өмірлік ұстанымы. Мораль проблемасы, адам бойындағы қордаланған тоғышарлық жат қылықтар, ардан ада жандардың – би-сұлтандардың, әділетсіз хандардың психологиялық мінез-құлықтарына баға беру тағы да ақын-жыраулардың үлесіне тиеді.

Адамтану ілімінің атасы – әдебиет те адамгершіл, адами қасиеттерді көпшілік бойына сіңіруді мақсат етеді. «Шын мәніндегі әдебиет үшін, егер ол әдебиет, яғни адамтану болса, онда адамгершілік ізденістердің болуы міндетті», – деген [1, 411 б.] ғалым пікірін ескерсек, бұдан мораль, гуманизм, адамгершілік дегеннің өзі ақынның, жазушының, творчество өкілінің әдебиеттегі өресі екені көрінеді. Сол көркем туынды арқылы ұлағатты ұрпақтың ақыл нәрімен сусындап, ізгілік пен гумандық қасиеттерімен суарылуына ықпал етеді.

Адамзат қоғамы тарихында адамгершілік тақырыбының ғасырлар бойы күн тәртібінен түспей келуі – адам мен оның қалыптасу шарттарының құндылығын тағы да растайды. Жалпы алғанда, адамгершілік және азаматтық сезімдер мен қасиеттердің молдығы не аздығы жеке адамның ғана рухани құдірет күшін көрсетіп қоймай, тұтас бір дәуірдің, сол қоғамның бет-бейнесін береді.

Жәңгір – типтік образ, бірнеше Жәңгірлердің жиынтығы. Ал адамгершіліктен адалық – белгілі бір билеушінің бойынан табылса, онда қасірет тұманының шалғаны, өйткені азап шегетін – халық. Азаматтық тарихта Жәңгірдің үстемдік еткен саясатынан, шен-шекпенділерден бұқпаланған жымьсық әрекетінен – қаншама жазықсыз ел жапа көрді, босып, қашып, ұсталып, Орынборға айдалып кетті емес пе?! Сонда бір адамның бойындағы тоғышар, адами жат қылық қаншаманы көз жасына батырып, қаншаны елінен безіндірді, жерінен аулақтатты, бала-шағасынан айырды?

Адамгершілік, ар пиғылдың өзгеруі, «зар заман» аталатын ағым ақындарында кеңінен жырланады. Ағадан – құрмет, ініден – ізгілік кетуі сол замани қоғамның жағдайының өзгеріске түсуімен байланысты ерекшеленеді. Бұрын жоқтықта, бірлескен халықтың енді малы мен дәулетіне масығып, қонағына «кет» деуі адамгершілік моральдың құлдырауынан еді.

Адамгершілік, гумандық қасиет бір мағынада ұғынылады. Демек, адамгершілік адам өміріне ауадай қажет, адамды сыйлау, құрмет тұту, жәрдем беру, әдепті, инабатты болу, шыншыл болу, өзгенің, еліңнің бақытты тірлігі үшін өзін құрбан ету, жанкешті мінез таныту – адамдық қасиеттердің жиыны деуге болады.

Адам санасында адамгершілік қасиеттер ерте кезден-ақ қалыптасқан. Алғашқы қауымдасу кезінде бір-біріне жанашырлық танытып, бауырмалдық көрсетуден, еңбектің арқасында адами құнды қасиеттердің негізі қаланды. Таптық қайшылық жайлаған қоғамда үстемдік етушіге қарсылық көрсету, сөйтіп зәбірленушіні қорғау, бостандыққа ұмтылу, ұлттың, ұлыстың адамгершілік рухын нығайтып, ынтымаққа жол ашу, елін, жерін қорғау – биік адамгершіліктен туатын қасиеттер.

Гуманизм концепциясының Римдіктерде «humanitas» – «адамшылық», «адамзат бастауы» мағыналарын берсе, қытайлықтар адамгершілік ұғымын «жэнь» сөзі арқылы, үнділерде «mahatmyakaṅga» – аяушылық, яғни жақыныңа жанашырлық таныту деген мағынада жұмсалған екен. Мұның өзі аяушылық, жанашырлық таныту, адамдарды сүю идеясының ежелден әр елдерде де ұлы ұғым ретінде әспеттелгенін білдіреді. Міне, бұл гуманизмнің алғашқы көрінісі. Қытайдың Қайта өрлеу дәуірінің өкілдері адамзат дамуының басты құндылығын өзін-өзі жетілдіру мүмкіндігімен байланыстырса, Иран және Орта Азияның ойшылдары адам баласына ең жоғары моральдық қасиеттердің – достық, кеңпейілділік, ақжүректілік тән екендігін айтады, Италияның Ренессанс дәуірінің өкілдері ақыл – адамзат бастауының биік мәреге жетуі деп танып, адам баласының ақылды жеткізуші тұлға екенін дәлелдеп беруге тырысқан.

Гуманист атаулының бәрі де дүниедегі ең құнды нәрсе – адам, оның ішкі әлемін өз заманы, қоғамдық тұрғысынан зерттеуге тырысады. Ағадан – құрмет, ініден – ізгілік

кетуі сол замани қоғамның жағдайының өзгеріске түсуімен байланысты ерекшеленеді. Бұрын жоқтықта, бірлескен халықтың енді малы мен дәулетіне масығып, қонағына «кет» деуі адамгершілік моральдың құлдырауынан еді.

Гуманизм идеясының жоғары этикалық категория екенін, адамзат дамуында оның негізгі принцип болып табылатынын, қазақ ақын-жыраулары бұл идеяны ерте кезден-ақ басты бағдарына алып, өсиет айту, ұрпағына тәлім-тәрбие үйрету салтын терең ұғынғанын байқаймыз. Гуманизмнің қазақтың көшпенді табиғатына тән екендігі, өйткені аттың жалында жүрген қазақтың бойында мейірбандылық, даналық, қонақжайлық қасиеттердің бітісі ол табиғи құбылыс, ұлттық мінез. Кейін фольклор жанрында, ауыз әдебиеті, жыраулар поэзиясы арқылы гумандық биік қасиеттер, қайырымдылыққа насихаттаған туындылар дүниеге келді.

Адамгершілік тақырыбы – әлі де қаузай түсетін маңызды жайлардың бірі. Өйткені адамгершілікті сан қырынан педагогика-психологиялық, философиялық, этика-эстетикалық, тарихи және әдеби жағынан зерделеу әлі күнге дейін өзінің көкейкестілігін жоймай отыр.

Әдебиеттегі адамгершілік тақырыбын сөз еткенде жазушылардың шығармаларындағы кейіпкерлердің адамгершілік әлемі Е. Карбозовтың «Т.Ізтілеуов шығармашылығындағы адамгершілік мәселелер» (фил.ғыл.канд.дисс. Алматы, 2005); Ә. Сұлтанханның «Орта ғасырдағы түркі әдебиеті мен қазіргі қазақ поэзиясындағы рухани адамгершілік дәстүр жалғастығы» (фил.ғыл.канд.дисс. Алматы, 2005) атты зерттеу еңбектерінде қарастырылды. Ал поэзиядағы адамгершілік көбіне кеңінен ашылып сөз болмайды. Әрине, жекелеген ғылыми зерттеу еңбектерінің барлығын да жоққа шығаруға болмайды. Орыс ғалымдары В. Славина, А. Шишкин, Н. Шамота, В. Дмитриевтердің кеңес әдебиетіндегі гуманизмді қарастырған еңбектерінде гуманизмнің революциялық, активті, жалпыадамзаттық, нақты, әскери, социалистік, демократтық, оптимистік, буржуаздық, жалған, теріс, эгоцентристік, экзистенциалистік, тағы басқа түрлерін ажыратады.

Адамгершілік тақырыбында сөз ететін жырау не ақынның кәсібі – адамтану, міндеті – адамды зерттеу, мақсаты – адам, оның биік мақсаттарға қол жеткізудегі жеткен табыстары туралы белгілі бір байламға келу. Адамгершілік тақырыбының мазмұны, аясы өте кең болғандықтан біз өз жұмысымызда зерттеу объектісі ететін гумандық қасиеттерді мынадай сала бойынша бөліп қарағанды орынды санадық. Зерттеу жұмысында адамгершілік құндылықтардың жыраулар толғауларымен паш етілуі, олар жырлаған толғаулардың дидактикалық мәні, ерекшелігі ғасыр көгінде үрдіспен жалғасқан жыраулық-ақындық мектептің баға жетпес мұралары ретінде қаралады. Әрине, қазақ поэзиясында адамгершіліктің көрінуі біз қарастырған аядан өте кең ауқымда сипатталады. Бірақ нысанаға алған тұжырымдарымызды осы мәселелердің төңірегіне топтастыруды мақсат еттік. Аталған мәселелерді қажет жағдайда ілгері-кейінді немесе аралас та, бір-бірінен туындатып та талдау қажеттігі туды.

- 1) қонақжайлық, кеңпейілділік мінез;
- 2) қауым, уақыт сыры, адамның жас ерекшелігінің сыны мен сипаты;
- 3) діндік тағылымының адамгершілікке тәрбиелеудің басты құралы болу себептері;
- 4) қазақ поэзиясында жақсы мен жаманның бейнеленуі;
- 5) білім, ғылымға ынтықтықтың мәні мен маңызы.

Елдің елдік мәселелерін қозғауды мақсат еткен жыраулардың орны XIX ғасырда ақындармен алмасқан еді, әрине бұдан жыраудың я рөлі кеміп, я тарих сахнасынан мүлде шығып қалды деген ой тұмауы тиіс. Ақын да, жырау да өз дәуірінің перзенті. Әрине, XIX ғасырда жыраулардың орны ақындармен алмасады, әйтсе де жыраулардың тілінде ақынға тән лиризм (Бұқар, Үмбетей толғауларындағы сыршылдық), ақындардың желдіртіп, жырауларша толғау айтып, көсілетін тұстары болған. Осы арада әдебиеттегі, поэзиядағы лирикалық кейіпкердің көрінісіне назар

салайық. Ақындық поэзиядағы «меннің» қолданысын саралаудың маңызы зор деп білеміз. Зерттеуші Л. Тимофеев «лирикалық образ арқылы нақты адамның жан тебіренісін көре отырып, оның осы толқуына себеп өмірлік биографиясын да түйсінуге» болатындығын [2, 350 б.], зерттеуші Г. Поспелов «лирика – ақын жүрегіндегі эмоциялық көңіл-күйді жеткізуші, ал эмоциялық ойлау – медиативті (толғаныс) тіл» [3, 106 б.] деген анықтама береді. Кенес дәуірінің зерттеушісі Л. Гинзбург:

«Лирическая поэзия – далеко не всегда непосредственный разговор поэта о себе и своих чувствах, но это раскрытая точка зрения, отношение лирического субъекта к вещам, оценка» [4, 5 б.]. Осы арада ақындық поэзиядағы «меннің» көрінуін саралап кетуді жөн санадық.

Зерттеуші Т. Тебегенов ақындық поэзиядағы автор тұлғаның айқындалуына қатысты «меннің» 3 түрде көрінетіндігін айтады [5, 65 б.].

а) шығарма иесінің өзінің тұлғасын, яғни лирикалық «менін» айтуы;

б) шығарма иесінің өзіне-өзі мінездеме беруі;

в) шығарма иесінің туындысында оның өмірбаяндық кезеңдерінің көрініс табуы.

Біз өз зерттеуімізде ғалым Т. Тебегеновтың бұл саралауын негізге ала отырып, поэзиядағы ақындық «меннің» көрінуін былайша бөліп қарастырдық.

1) Махамбеттен бастап дараланған ерлік «мен».

2) Перзентінің қазасына қайғырған ақындардың элегиялық «мені». Элегиялық «меннің» айрықша көрінуі Батыс өлкесі ақындарының жырлары негізінде қарастырылады.

3) Ақындық талантты білдіру үшін қолданылатын шығармашылық «мен». Ақын – көркемдік тіл қуаты құнарлы, сөзі шымыр, ойы алдаспандай өткір творчество адамы. Ақынның жұрты алдындағы беделі қандай? Осы мақсатта біздің қарастырған шығармашылық «мен» туралы таратып айта кетейік.

1) Ақын өзінің сөзін тыңдар әлеуметті сағынады. Бұл әсіресе толғау-жырларында анық байқалады.

Майлықожа:

Бісміллә деп бастайын,

Ал, жақсылар, тыңдаңдар

...Бұлбұлың келді сайрауға

Миуалы гүлдер дарағым

Базар жырау:

Көре алмай халқым сендерді –

Көптен бері көбеңсіп,

Қалыпшын тоғым шайқалмай

2) Ақынның білгірлігін, білімін сынға салуы. Бұл ақындар тілінде өткен ғұлама-шайхылардың есімін тілге тиек етуімен байланысты. Және де әр өлкенің дәстүрлі ақындық орта ықпалын да анықтайды.

Ұзақбай жырау:

Қожа Ахмет Иассауи

Пірден пірге төре екен.

...Зарыққанды жебеген,

Құр емес дейді зайырдан

Базар жырау:

Ғали-Сина, Фирдоуси,

Орасан озық білгірлер,

Шыққан дейд тәжік, парсыдан.

Әбубәкір, Науаиы

Шығыпты айрықша ғалымдар

Өзбек пен қазақ халқынан.

Хафиз, Жәми, Мақтұмқұл,
Деп айтад шыққан сөзге дүр.
Хиуаның түрікпен сартынан

3) Ақындардың сөз қағыстыруында бір-біріне өр талаптар қойып, ақындық қуатын қайрап, шамырқана толғайды. Өзін көтермелеп, қарсыласын кішірейте сөйлеуі – ежелгі ақындық айтыстың дәстүрлі әдісі.

«Қашағанның Избаспен айтысында»:

Сен – бір жабы, мен – тұлпар,
Сен қарға да, мен – сұңқар,
...Мен – теңіздегікемемін.

Басармын да кетермін,
Батарсың да кетерсің

4) Ақынның топ алдында өзінің ақындық қарымын таныту үшін бейнелі метафоралармен беруі.

Базар:

Тереңдігімтеңіздей,
Қайратым – қоңырөгіздей

Қалнияз:

Табаны тайпақ сүргінмін,
Тауысқан топты жорғалап.

5) Халықтың өлең-жырға құмарын қандыру да ақынның қаумалаған көпшілік алдындағы парызы саналатын. Мұнда ақын көп сусынын қандырап халықтың қалаулы азаматы, той-думанның дүлдүлі ретінде танылады.

Базар:

Құмарын тарқат алқаның,
Ықыласын көптің қайтармай.

Майлықожа ақын:

Ақынның анық жүйрігі
Жөнелсе сөзге құйылып,
Иіріміндей дарияның
Алдына жұртты үйіріп,
Майдай жағып маңызы
Есіткен тұрса сүйініп,
...Үйездеген жылқыдай,
Тыңдаса халық үйіліп.

6) Ақын жүрегіндегі жан толқынысын, шерлі мұңын жеткізеді.

Аралбай:

Еңсесі кеткен жүйрікпін
Еріксіз шауып бұланған.

Қайғы толса қалыбыңа,

Ұшқындап шығар зыбаннан.

Ғалым Б. Кәрібозұлы лирикалық және ақындық «меннің» бір ұғым еместігін көрсете келе, біз саралаған шығармашылық «меннің» «ақындық көңіл-күйге, түрлі психологиялық сәттер мен сезімдерге негізделіп дүниеге келетіндіктен, онда жалпылық сипат басым, жеке ақынның ғана емес, адам баласының барлығының басында болатын жағдайлар жырланатындығын» айтады [6, 23 б.]. Зерттеуші Б. Кәрібозұлы біздің зерттеуіміздегі шығармашылық және элегиялық «менді» біртұтас ақынның ішкі сезімін, толқынысын танытатын тұтас лирикалық «менге» сыйдырып отыр.

Біздің ақындық қарымын танытатын шығармашылық «мен» деп айрықша бөлуіміздің де мәнісі бар еді. Өйткені, шаршы топта қызбалықпен сөз бастау ақындарға оңайға түскен жоқ. Бұқар жыраудың «шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргем жоқ» дегені де тегін емес. Дуалы сөзбен жиналған топтың аузын қаратып, ақын-жырау атану

үшін де ел бағасына лайық құрметке ие болу керек болған. Міне, ақын-жыраулар өздерін ерекше бітімді, кесек тұлғалы етіп, айрықша теңеулермен сипаттауы арқылы ақындық қиялының ұшқырлығын, сөзінің асылдығын, ойының маржан ділмәрлігін дәлелдеу үшін шығармашылық «менін» еркін қолданған.

Қоғамдық жағдайдың өзгерісімен бірге ақындардың да тақырып аясының кеңі түскені, жеке адамға қатысты маңызды мәселелердің басты орынға қойылып жырлануымен ерекшеленді. Халық ел мұңын көксеуші батырларын дәріптеді, сұлулыққа, іңкәрлікке құмартты, өмір мен өлімнің бағамын парықтайтын жырларды аңсады, жақсы кім, жаман кім – міне, ақындардың өнернамалық өзегінің қаузайттын тақырыптары осы төңіректе болды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Кузнецов Ф.Ф. Размышление о нравственности. – Москва: Советская Россия, 1979. – 411 с.
2. Тимофеев Л. Советская литература. – Москва: Советский писатель, 1964. – 524 с.
3. Пospelов Г. Теория литературы. – Москва, 1978. – 351 с.
4. Гинзбург Л. О лирике. – Москва, 1964. – 384 с.
5. Тебегенов Т. Ақындық поэзиядағы фольклор мен әдебиет дәстүрі. Әдеби процесс. Авторлық поэзия. Ақындық өнер психологиясы: Филол. ғыл. д-ры дис. автореф. – Алматы, 2002. – 65 б.
6. Кәрібозұлы Б. Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты: Филол. ғыл. д-ры дис. автореф. – Алматы, 1997. – 23 б.

ӘОЖ 347.3

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ – БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ НАРЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛЫ

Б. С.Насырова

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Информатика кафедрасының оқытушысы, магистр*

Аңдатпа: Қашықтан оқыту технологиясының құралдары мен қызметтерін зерттеу. Қашықтан оқыту форматындағы ата-аналармен жұмыстың ерекшеліктері. Ерекшеліктері модулінің өзі бірнеше өзекті тақырыптармен, оқытушылар қауымына қажет ақпараттармен қамтамасыз етілген екен. Алғашқыда синхронды оқытудың асинхронды оқытудан айырмашылықтары, қашықтан оқыту барысында оқытушының қызметі мен қашықтан оқыту барысында студенттің іс-әрекеті сияқты мәселелерге қарастырылды.

Тірек сөздер: қашықтықтан оқыту, модель, технология, құрал-саймандар, білім беру, принцип, жүйе.

Аннотация: Изучение инструментов и услуг дистанционной технологии обучения. Особенности работы с родителями в формате дистанционного обучения. Сам модуль функций обеспечен несколькими актуальными темами, информацией, необходимой преподавательской общественности. Первоначально рассматривались такие вопросы, как отличия синхронного обучения от асинхронного, деятельность преподавателя в процессе дистанционного обучения и деятельность студента в процессе дистанционного обучения.

Ключевые слова: дистанционное обучение, модель, технология, инструмент, образовательный, принцип, система

Annotation. Study of tools and services of distance learning technology. Features of working with parents in the distance learning format. The function module itself is provided with several relevant topics, information needed by the teaching community. Initially, such issues as the differences between synchronous and asynchronous learning, the activity of a teacher in the process of distance learning and the activity of a student in the process of distance learning were considered.

Key words: distance learning, model, technology, tool, educational principle, system

Бүгінде, ақпаратты өңдеу мен халықаралық деңгейде еңбек түрлерін бөлу әлемдік экономиканың ең негізгі ерекшеліктері болып отырған кезде, білім алу кез келген маманның жеке және кәсіби табысының негізгі көзі болып қала береді. Білімнің адамның жұмысқа түру мен өмір сүру деңгейіне тигізетін әсері бұрынғыға қарағанда анағұрлым күшейе бастады. Әрине, білімге қойылатын талаптар да өзгеріске ұшырады: әрбір жанның негізгі білімі мен оның тұрақты жаңарып отыруымен қатар қазіргі маман информациялық қорларды табысты пайдаланып, заң және экономика негіздерін де игеруі тиіс. Қазіргі мамандардан шығармашылық тұрғыдан ойлай білуі, соның негізінде шешім қабылдауы және өмір бойы оқып үйренуі талап етіледі.

Функциональдық дайындау тұжырымдамасынан жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына ауысу. Бұл ауысудың негізі тек приоритеттер ауысуы ғана емес, мұнда мамандарды мемлекеттік тапсырыс бойынша дайындаудан жеке тұлғаның талаптарын қанағаттандыруға көшу жүзеге асырылады. Жаңа тұжырымдама әрбір нақты адамның өз мүмкіндіктерін есепке ала отырып, соны іс жүзінде көрсету мен жетілдіру арқылы білім беруді жекелеп жүргізудің сипат алғанын көрсетеді. Бұл студенттердің және оқытушылардың өздерінің әртүрлі жеке мүмкіндіктеріне сәйкес алуан түрлі білім беру бағдарламаларын жасау арқылы іске асырылады. Білім беруді жетілдірудің осы бағытындағы маңызды фактор болып оқушылардың қазіргі және болашақта қолданылатын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (ИКТ) пайдалану арқылы оқуға деген өз ынтасын (мүмкіндігін), өздерінің жеке басының когнитивті іс-әрекет жасауға икемділігін қалыптастыру ісі саналады. [1]

Бұдан бұрынырақ көркем етіп қолмен жаза білудің өзі қартайғанша қам жемей тыныш өмір сүруге кепілдік бере алатын еді. Соңғы онжылдықта әр түрлі қызмет салаларында технологиялар мен білім түрлерінің жаңаруының жылдам үрдіс ала бастағаны байқалды. Мектептен, тіпті жоғары оқу орнынан алған білімнің өзі ұзақ уақыт өмірге тірек бола алмайды.

Үздіксіз білім беру тұжырымдамасы, оның іс жүзінде пайдалануға ұмтылу қоғамдағы ересек адамдардың білім алу мәселесін қиындатып жіберді. Ересек жандардың білім алуына деген көзқарас және оның қазіргі замандағы рөлі түбегейлі өзгеріске ұшырады. Ол қазіргі білім беру жүйесі кризисін аттап өтудің және жаңа заманға сәйкес білім жүйесін қалыптастырудың тікелей жолы ретінде қарастырылып отыр.

Білімді негізгі қоғамдық капиталға айналдыру және білім алуға байланысты табыстың өсуі осы тауарды пайдаланатын адамның, жалпы қоғамның және нақты бір мекеменің пайда табуына байланысты болып отыр. Осыдан барып білім беру саласын аралас түрде қаржыландыруға, осы саладағы нарықтық қатынастарды дамытуға негіз болатын мүмкіндіктер пайда бола бастайды.

Жоғарғы оқу орындарындағы информациялық технологиялар және информация курстарын бағдарламалау тілдерінің элементтері бар компьютер құралы алғашқы білім түрлері ретінде қарастыру - кейіннен зиян тигізетін өте қарапайым көзқарас. Компьютерлік ғылымдар пәндерін инженерлік білім негіздерсіз (жоғары оқу

орындарына емес) нашар техникалық жабдықталған ортада үстірт оқып үйренуге талпыну - студенттің көзі алдында ИКТ мүмкіндіктерінің рөлін төмен түсіру деген сөз. Балалардың мұндайда Компьютерге байланысты теріс көзқарасы қалыптасып, кейіннен оларды көптеген қиындықтарға душар етуі мүмкін.

Компьютер студенттің шығармашылық белсенділігін дамытуға көмектеседі, әсіресе егер оған үйренуді емес, оны құрал ретінде пайдалануды игерсе, яғни ИКТ-ның техникалық жағына ғана қарастырмай, оның танымдық жағына көңіл бөлу керек. Мұндайда оны дұрыс пайдаланса, компьютер білімді жетілдіру құралы рөлін жақсы атқара алады. [2]



Компьютер мен студенттің өзара әрекеттесуі қызғылықты процесс, ол педагогикалық новацияларда есепке алынып отыруы қажет.

Педагогиканың негізгі қозғаушы күші ретінде барлық тәрбиелік әрекеттер негізі ынта болып саналатынын айтқан артық болмас. Өндірісте де ынталандыруға байланысты менеджмент ең бағалы ресурсты - кадрларды жетілдірудің негізгі құрамды бөлігі болып табылады емес пе? Балалар ересек адамдар тәрізді егер оқу нәтижесі ертеңгі күні пайдалы болатынына көзі жетсе, оған зор ықыласпен қарап, тез үйренуге тырысады. Егер оқу процесі дұрыс құрастырылып, компьютер оның жылдам игерілуіне көмектесетін болса, студенттер мақсаттарына жылдам қол жеткізе бастайды.

ЖОО-да аппараттық, телекоммуникациялық және программалық жабдықтар аймағында тәжірибелік (немесе арнаулы) емес, индустриялық, яғни әрекеттік шешімі бар жұмыстарды енгізуге тырысу керек - олар практикалық қажеттілік пен ол істі жалғастырудың тиімділігіне кепілдік бере алады. Информациялық технологиялардың екпінді түрде жылдам дамуы аппараттық және программалық жабдықтар өндірісі өзіндік құнының арзандауына, оған қоса ИКТ-ның негізгі даму бағытында программалар мен құрылғылардың бір-бірімен сәйкес келіп үйлесуіне әкеліп отыр. [3]



ИКТ-ны практикаға енгізу жолында туындайтын мәселелерге салқын қандылықпен қарап, оларды шешу кезінде мектептегі информациялық жүйелердің мынадай негізгі элементтеріне әсер ететінін айту керек:

- әдістемелік жабдықтау жағына;
- оқытушылар мен әкімшілік органдарын дайындауға;
- қолданбалы программалық жабдықтамаларға (энциклопедиялар, меди-ресурстар, модельдеу, әкімшілі-шаруашылық кешенін басқаруға)

- базалық программалық платформаға (Windows операциялық жүйесі + Office);
- аппараттық кешенге (компьютерлер, жергілікті желі, Интернетке қосылу).

Интеллектуальды ұлттық қорларды дамытудың басыңқы бағыттарына бағытталған бағдарламалар мен білім технологияларын жетілдіру - саяси маңызды стратегия.



Мұндай процестің маңыздылығы экономикалық ынтымақтасу және жетілдіру ұйымына кіретін көптеген елдердің осындай жоспарларды тиянақты түрде құрастыруынан көрінеді. Мысал ретінде "The National Grid for Learning" (Ұлыбритания) және "Schulen und Netz" (Германия) жоспарларын көрсетуге болады, осындай жоспарларды АҚШ, Қытай, Индия, Индонезия, Оңтүстік Корея, Тайлан мемлекеттері де жүзеге асыруда. 2000 ж. аяғында АҚШ Білім министрлігі жасап шыққан Білім технологияларының ұлттық приоритет ретінде құрастырылуы тиіс. Олар білім беру процесінің шет жағында қалмай, оның негізгі ядросы болып қалыптасуы керек". [4]

Жаңа жоспар негізінде электрондық оқыту (e-Learning) тұжырымдамасы жатыр, оның стратегиялық рөлі бұған дейін кең тараған электрондық бизнес ұғымынан гөрі маңызды болып саналады.

Осындай жағдайда біз не істеуіміз керек? Біздің білімге деген көзқарасымызды қайта қарайтын кез келді. Алдыңғы қатардағы дамыған елдердің білім саласындағы АКТ-ны өмірге енгізу тәжірибесін өз жағдайымызға сай икемдеу қажет. [5]




Президентіміздің ықпал етуі тарапынан Қазақстан Республикасы орта білім беру жүйесін ақпараттандыру туралы мемлекеттік бағдарламасында «Қазақстан Республикасы дүние жүзінің дамыған елдері сияқты жоғарғы орта білім беру жүйесінен ақпараттандырудың нақты жолына түсуі тиіс, яғни, бірыңғай ақпараттық білім беретін желіге негізделіп оқыту жүйесін жасау қажет» - делінген.

«Қашықтан оқыту – білім саласындағы нарықтық қатынастарды жетілдіру жолы» тақырыбында зерттелген жұмыс бойынша төмендегі мәселелер анықталды:

- білім беру жүйесіндегі қашықтықтан оқыту технологиясының мәні мен рөлі;
- Қазақстан Республикасының білім мекемелерінде қашықтан оқыту технологиясының қолданылу барысы.

Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне еркін қол жеткізуге болады.



Қорыта келе айтарым, қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауға зор мүмкіндік алады.

Қашықтықтан оқыту ақпараттық мәдениет деңгейі дидактикалық бағдарламалар білім саласында оқытуды басқару мен бақылауды автоматтандыру, студентке өз бетінше қайталанбайтын көпнұсқалы, көпденгейді дидактикалық шарттар негізінде тапсырмалар беру, білім мен дағдыны объективті бағалау, ерекше ақпараттық материалдарды мультимедиалық формада беру, виртуалды өмірге енгізу т.с.с. жаңа мүмкіндіктер ұсынылады. Сонымен қатар, мұндай бағдарламалар қашықтықтан оқытудың материалды өз бетінше игеру жетілдірілген психологиялық педагогикалық әдістерді пайдалану, қашықтықтан оқытуды студенттің жеке психофизиологиялық ерекшеліктеріне қарай таңдауға мүмкіндік береді. [6]

АКТ-ны білім жүйесіне енгізуді қолға алатын Республикалық координациялық (үйлесімдік) кеңес ұйымдастыру керек. Ол соңғы кезде көбейіп бара жатқан сапасыз электрондық оқулықтар шығаруды азайтып, өз ұсыныстары арқылы оқу орындарындағы істеліп жатқан жұмыстарды дұрыс жолға қоюға мұрындық болар еді. Жақсы электрондық оқулық - информациялық технологиялар аймағындағы білікті мамандар мен педагогтар жұмысының нәтижесі, мұндай жұмысты техникалық жағынан жүзеге асыру біраз қаржы жұмсауды керек етеді. [7]

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1) Халықова С.А. «Информатиканы оқыту әдістемесі», Алматы. – 1999 ж
- 2) Балапанова Е.К., Бөрібаев Б., Дәулетқұлов А.Б. Информатикадан 30 сабақ, Алматы, 2005 ж., 400 б.
- 3) Камардинов О., Информатика, Алматы, 2008 ж., 360 бет.
- 4) Жапарова Г.Ә. Информатика негіздері : Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2006 ж., 296 бет.
- 5) Балапанов Е.К., Бөрібаев Б., Бекбаев А., Дәулетқұлов А., Спанқұлова Л. Информатика терминологиялық қазақша-ағылшынша-орысша сөздігі. Алматы, «Сөздік-словарь» 1998 ж., 176 бет
- 6) <http://www.topobzor.com/obzor-10-oblachnyx-xranilishh-dannyx/.html>
- 7) <http://efsol.ru/technology/cloud-technology.html>

СИНГАПУРДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОНТЕКСТІНДЕ

Даулетова А. Б.,

*Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің
оқытушысы*

Кублашева Ж. С.,

*Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің
аға оқытушысы*

Түйін. Білім беру сапасы қоғамның тұрақты дамуының, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі мен ұлттық қауіпсіздігінің маңызды факторларының бірі болып табылады. Қазақстанда білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі мен білім сапасын арттыру мәселесі қазіргі уақытта басым мәселелердің бірі болып табылады. Осыған байланысты халықаралық тәжірибені, атап айтқанда жоғары сапалы көрсеткіштері бар елдерді зерделеу мәселесі өзекті болып қала береді. Бұл мақалада білім сапасы бойынша халықаралық зерттеулерде ең жоғары рейтингтерді көрсететін және сарапшылармен әлемдегі ең үздіктердің бірі ретінде бағаланатын Сингапурдың білім беру жүйесіне талдау әрекеті келтірілген. Зерттеудің тұжырымдалған мақсатына жету үшін авторлар соңғы жылдардағы журнал мақалаларынан, есептерден, диссертациялық зерттеулерден көптеген әдебиет көздерін қарастырды, таңдады және талдады. Құжаттарды талдау және әдебиеттерге шолу жасау кезінде Scopus және «Google Scholar» сияқты бірнеше электрондық мәліметтер базасы қолданылды. Іздеу "Singapore education system" және "singapore technology" сияқты бірқатар кілт сөздер бойынша жүргізілді. Содан кейін авторлар Сингапур тәжірибесінің қазақстандық кеңістікте қолданылуын анықтау үшін жиналған деректерді мұқият зерттеп, талдады. Осы талдаудың нәтижелері бойынша зерттеу тақырыбы бойынша негізгі тұжырымдар жасалды. Авторлар Сингапурдың білім беру жүйесін түбегейлі көшіріп алу пайдасыз деген қорытындыға келді, дегенмен мақалада аталған тәжірибенің кейбір аспектілері назар аударуға тұрарлық.

Түйін сөздер: Сингапур, білім беру жүйесі, білім сапасы, нәтижелер, тиімділік факторы.

Аннотация. Одним из важнейшим фактором устойчивого развития общества, конкурентоспособности и национальной безопасности государства признается качество образования. Проблема повышения качества образования в Казахстане является в настоящее время одной из приоритетных. В этой связи актуальным остается вопрос изучения международного опыта, в частности опыта стран с высокими качественными показателями. В данной статье представлена попытка анализа системы образования Сингапура, которая демонстрирует самые высокие рейтинги в международных исследованиях по качеству образования и оценивается экспертами как одна из лучших в мире. Для достижения сформулированной цели исследования авторами было рассмотрено, отобрано и проанализировано множество источников литературы последних лет из журнальных статей, отчетов, диссертационных исследований. При проведении обзора литературы и анализа документов поиск проводился по ключевым словам «Singapore education system» и «singapore technology» в нескольких электронных базах данных, таких как Scopus и Google Scholar. Затем авторами тщательно изучены и проанализированы собранные данные, чтобы определить применимость опыта Сингапура в казахстанских реалиях. По результатам данного анализа были сформулированы основные выводы по теме исследования. Авторами было заключено, что слепое копирование сингапурской системы образования нецелесообразно, хотя отдельные аспекты этой практики, отмеченные в статье, заслуживают внимания.

Ключевые слова: Сингапур, система образования, качество образования, результаты, фактор эффективности.

Abstract. The quality of education is one of the most important factors in the sustainable development of society, competitiveness and national security of the state. The problem of improving the quality of education in Kazakhstan is currently one of the priorities. In this regard, the issue of studying international experience, in particular, countries with high quality indicators, remains relevant. This article presents the analysis attempt of the Singapore education systems, which demonstrates the highest ratings in international studies on the quality of education and is rated by experts as one of the best in the world. For achieving the purpose of the study, the authors reviewed, selected and analyzed many recent literature sources from journal articles, reports, and dissertation researches. During the literature review and document analysis, searches were made for the keywords "Singapore education system" and "singapore technology" in several electronic databases such as Scopus and Google Scholar. The authors carefully reviewed and analyzed the collected data to determine the applicability of Singapore's experience to Kazakhstan realities. Based on the results of this analysis, the main conclusions on the topic of the study were formulated. The authors concluded that blind copying of Singaporean education system is useless, although some aspects of this practice is noted in the article deserve attention.

Keywords: Singapore, education system, education quality, results, efficiency factor.

Кіріспе

Білім беру сапасы қоғамның тұрақты дамуының, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі мен ұлттық қауіпсіздігінің маңызды факторларының бірі болып табылады. Тиімді білім беру саясатын іске асыру мақсатында Қазақстанда білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды, оның негізгі мақсаты қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Сонымен қатар, білім беру сапасын әртүрлі халықаралық салыстыруда еліміздің көрсеткіштері әрдайым көңіл толарлықтай бола бермейді. Сөйтіп, 2019 жылы білім беру сапасына қатысты бірнеше халықаралық салыстырмалы зерттеулердің (PISA, PIAAC, ICILS) нәтижелері бірден жарияланды. Барлық зерттеулердің қорытындысы бойынша қазақстандықтар (оқушылар мен ересектер) қиындықтың 2 деңгейін еңсермей, төмен нәтижелер көрсетті. Атап айтқанда, PISA халықаралық тестілеуінде – 2018 қазақстандық оқушылар оқу сауаттылығы бойынша 387 балл жинады (шартты түрде 77–ден 69-орын), математикалық сауаттылық бойынша 423 балл (78-ден 54-орын), жаратылыстану сауаттылығы бойынша 397 балл (шартты түрде 78-ден 69-орын). Осылайша, Қазақстан осы рейтингте функционалдық сауаттылығы төмен елдер тобында орналасқан. Сонымен қатар, PISA 2009, 2012 нәтижелерімен салыстырғанда ұпайлардың төмендеуі байқалады [1]. TIMSS-2019 нәтижелері бойынша да Қазақстан өткен көрсеткіштермен салыстырғанда (2007, 2011, 2015) өз көрсеткіштерін төмендетті.

Осыған байланысты халықаралық тәжірибені, атап айтқанда жоғары сапалы көрсеткіштері бар елдерді зерделеу мәселесі өзекті болып қала береді. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында Қазақстан АҚШ, Сингапур, Эстония, Франция, Ресей Федерациясының тәжірибесіне аса қызығушылық танытатыны атап өтілген [2].

Біздің зерттеуіміздің тақырыбы Сингапурдың білім беру жүйесін талдау әрекеті болып табылады, ол білім сапасы бойынша халықаралық зерттеулерде ең жоғары рейтингтерді көрсетеді және сарапшылар оны әлемдегі ең үздіктердің бірі ретінде бағалайды.

PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study) зерттеуіне сәйкес, Сингапур халқының функционалдық сауаттылық деңгейі әлемдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады. Сингапурлық мектеп оқушылары 1995 жылдан бастап

математика және жаратылыстану ғылымдарынан салыстырмалы халықаралық тестілерінде (TIMSS) әлемдегі ең жақсы білім нәтижелерін көрсетуде. McKinsey консалтингтік компаниясы 2008 жылы Сингапурдың білім беру жүйесін әлемдегі ең тиімді деп атады, әсіресе мұғалімдерді даярлауды ұйымдастыру ерекше атап өтілді. 2018 жылы PISA нәтижелері бойынша Сингапур жаратылыстану, оқу және математикалық сауаттылық бойынша сәйкесінше 556, 535 және 564 ұпай жинап, 1-орынға ие болды [3].

45 жыл ішінде қатты ресурстары жоқ мемлекетте әлемдегі ең табысты білім беру жүйелерінің бірін құру ғалымдардың қиялын таң қалдырады және оны зерттеуге ынталандырады. Сонымен, Алишев Т.Б. және Гильмутдинов А.Х. (2010), Держицкая Е. В. (2004), Deng Z. (2019), Жук А. А. (2017), Лесин С.М. және Шевелева Н.Н. (2019), Xin Liu және т. б. (2022) еңбектерінде Сингапурдағы жүйелер білім беруді дамытудың негізгі кезеңдері ұсынылған және жалпы білім берудің жоғары сапасына қол жеткізу мәселелері қаралған [3, 4, 5, 6, 7, 8]

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеу Сингапурдың білім беру жүйесінің сәттілік факторларын анықтау үшін соңғы жылдардағы журнал мақалаларынан, есептерден, диссертациялардан көптеген әдебиет көздерін қарастырды және талдады. Әдеби дереккөздерге талдау жасау кезінде Scopus және Google Scholar сияқты бірнеше электронды мәліметтер базасы қолданылды. Іздеу "Singapore education system" және "singapore technology" сияқты бірқатар кілт сөздер бойынша жүргізілді. Содан кейін авторлар Сингапур тәжірибесінің қазақстанда қолдану мүмкіндігін анықтау үшін жиналған деректерді мұқият зерттеп, талдады. Осы талдаудың нәтижелері негізінде зерттеу тақырыбы бойынша негізгі тұжырымдар жасалды.

Нәтижелер және талқылау

Сингапур Республикасындағы білім беру жүйесінің құрылымы мен жұмыс істеуінің ерекшелігін және осы жүйенің элементтерін Қазақстанға әлеуетті алу ауқымын түсіну үшін елдің маңызды ерекшеліктері туралы түсінік болуы қажет.

Бұл Азия мемлекеті Малайзия мен Индонезия аралдарының арасында орналасқан. Халықтың 76%-дан астамы қытайлар, 14% - малайлар, 8%-дан астамы үндістер. Бұндай этникалық құрам, географиялық орналасуы және тарихи жолы (бұрынғы британдық колония) төрт ресми тілдің жариялануына себеп болды: қытай, тамил, малай және ағылшын, соңғысы білім беру мекемелерінде оқытудың жалғыз тілі. Британ империясының құрамында Сингапур 1867 жылдан 1963 жылға дейін болды, содан кейін 2 жылға Малайзияға қосылды және тек 1965 жылы ғана тәуелсіздік алды. Өзінің егемендігінің алғашқы онжылдығында республика осындай мемлекеттерге тән кедейлігі жоғары деңгейлі, өлім-жітім, халықтың сауатсыздығы, қолдан жасалған өндірістің үлкен үлесі, өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының және қандай да бір табиғи ресурстардың жоқтығы – отаршылдық өткеннің мұрасы және аумақтың шағын көлемінің салдары бар дамушы елдердің қатарына кірді. Алайда, барлық кейінгі реформалардың негізінде жатқан, білім экономикасына көшу, экономикада ғажайып жетістіктерге қол жеткі мүмкіндік берді: Сингапур қысқа мерзімде дағдарыс жағдайынан шығып, әлемдегі ең дамыған мемлекеттердің қатарына қосылды (2017 жылы өмір сүру деңгейі бойынша ол 149 елдің тізімінде 17-орынға ие болды [9]. Сингапурлық ғажайыптың әртүрлі факторлары анықталды, соның ішінде елді халықаралық сауда, технологиялық және қаржы орталығына айналдыруға бағдарлау; шетелдік инвестициялар мен экспортқа бағдарлау [10]; патриоттық білімді элиталардың билікке келуі, саяси "даму диктатурасын" және меритократия принципін белгілеу; сыбайлас жемқорлыққа қарсы қатаң күрес [11]; жоғары білікті ғылыми-техникалық және әкімшілік кадрлар нарығын құру. Олардың арасында білім беру факторы маңызды рөл атқарады, өйткені дәл осы білікті мамандар жаңғыртуға сүйенген банк, туристік, көлік секторларын құруға және қолдауға тиіс болды. Шағын елдің үкіметі

азаматтардың жоғары біліктілікке деген жеке қызығушылығына әділ бәс тігіп, халыққа тиісті жағдай жасады: білім беруді дамыта отырып, ол ең жақсы жұмысшылар үшін пропорционалды жоғары жалақы жүйесін енгізді [12; 13]. Бұл адамдар үшін ынталандыру тудырды, өндірістегі бәсекелестікті арттырды және тұтастай алғанда мемлекеттің дамуына ықпал етті. Бірте-бірте сингапурлықтар ұлттық және жеке әлауқатын жақсарта отырып, шетелдік мамандарды ығыстырды. Байыту мысалдары мен қалыптасқан меритократия жоғары білімге жақсы жарнама жасады, осылайша оқушылардың жоғары сыныптарға ағынын арттырды және білім беруде бәсекелестікті қалыптастырды. Оған шыдап шығуға азиялық қоғамдар үшін дәстүрлі тәртіп пен еңбекқорлық көмектесті [13; 14]. Бүгінде республикада 350-ден астам жалпы білім беретін мектеп, жарты миллионға жуық оқушы және 33 мың мұғалім жұмыс істейді [15].

Сонымен, нәтижесінде құрылған білім беру жүйесі жоғары өнімділікпен ерекшеленеді, ал сингапурлық білім алушылар ең жоғары білім жетістіктерін көрсетеді. Бұл жүйенің ерекшелігін әлеуметтік-мәдени жағдайға байланысты және Сингапур мектептерінің білім беру қызметінің тиімділігін қамтамасыз ететін оның жеке элементтерінің сипаттамасымен нақтылауға болады: білім беру мазмұны, оқыту әдістері мен формалары, бақылауды ұйымдастыру, ресурстармен қамтамасыз ету, педагогикалық құрам.

Білім беру мазмұны өзектілігімен, объективтілігімен, нақты практикалық бағдарымен, пәнаралық байланыстарымен ерекшеленеді және 1980 жылдардан бастап стандартталған. Сингапурдағы мектеп жалпы білім беруді ғана емес, сонымен қатар қосымша білім беруді де жүзеге асыруға міндетті, сондықтан барлық оқушылар мен мұғалімдер сабақтан кейін қосымша курстарға, ғылыми жобаларды іске асыру, спортпен және шығармашылықпен айналысу сияқты қосымша іс-шараларға қалады. Бұл тәжірибенің артықшылығы мынада: бұл тәсіл оқушыларға қосымша даму мүмкіндіктерін ұсынуға немесе олардың мүдделерін қанағаттандыруға ғана емес, сонымен қатар үлгеімі төмен оқушыларға уақтылы көмектесу және дарынды оқушылардың пәндерді тереңдетіп оқу үшін тиімді қолданылады.

Білім беру мазмұнында математикалық және жаратылыстану-ғылыми цикл пәндеріне ерекше рөл беріледі, бұл мемлекеттің жоғары білікті техникалық кадр корпусын құрудың стратегиялық міндетіне сәйкес келеді.

Сингапурдағы мектептік білім берудің жоғары өнімділігінің келесі факторларын атап өтуге болады: мектептегі сабақта және сабақтан тыс әрекеттесараланған дайындығын білім беру орталықтарындағы қосымша сабақтармен үйлестіру; білім берудің беделі және отбасы тарапынан белсенді мотивация; оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістерін қолдану; білім беруді стандарттау (80-ші жылдардан бастап); бірқатар дидактикалық принциптерді сақтау: қол жетімділік принципі, саналылық, бекіту, белсенділігі мен көркемөнерпаздығы, көрнекілігі мен практикалық бағыты. Соңғы жылдары білімді іздеуде, иемденуде, қайталауда, бақылауда оқушылардың еркіндігін арттырумен қатар жүретін оқытуды ақпараттандыру да үлкен рөл атқарады. Материалды зерделеу кезінде мән-жайларға көп көңіл бөлінеді: мұғалімдер қазіргі түсінбеушілік курсты одан әрі игеру кезінде проблемаларға әкелетініне сүйене отырып, балалардың материалды толық түсінуіне қол жеткізуіне тырысады. Егер мұғалім бұл үшін сабақта көп уақыт бөле алмаса, онда оған басқа мұғалім көмектеседі немесе ол басқа уақытта артта қалушылармен қосымша айналысады, бұл жаппай оқыту жағдайында даралау принципі көрсетеді.

Жалпы білім беру мазмұнын таңдау принциптеріне келетін болсақ, басқа жетекші Азия елдеріндегідей, олардың арасында когеренттілік (бағдарламаның барлық бөліктерінің дәйектілігі мен келісілдігі), фокусталу (материал бөлінген негізгі тақырыптарды мұқият зерттеу), қатандық [16], сондай-ақ материалдың эргономикасы, тәжірибелігі, ғылымилығы.

11. Манжуева, О. М. К вопросу об истории возникновения информационной этики / О. М. Манжуева // Вестник Московского государственного областного университета. – 2014. – № 3. – С. 65–71.

12. Шляпников, В. В. Цифровые технологии и цифровая этика / В. В. Шляпников // Психолого-педагогические проблемы безопасности человека и общества. – 2021. – № 4 (53). – С. 5–9.

13. Ямщикова, Е. Г. Проблема формирования сетевого этикета и профессионально-этических качеств педагогов в информационной среде / Е. Г. Ямщикова // Человек и образование. – 2017. – № 1 (50). – С. 54–58.

14. Герман Н.Д. К вопросу о цифровой грамотности [Электронный ресурс] // Современные исследования социальных проблем. 2017. № 6-2. С. 35–38.

15. Шариков А.В. Концепции цифровой грамотности: российский опыт // Коммуникации. Медиа. Дизайн. 2018. Т. 3. № 3. С. 96–112.

УДК 82-2(574)

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ «ӨМІР-ӨЛІМ» КОНЦЕПТІЛЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

К.Хамитова

Манап Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің ҚТӘ-21-2 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Г.С.Хамзина,

Ф.ғ.к., доцент,

Манап Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ.

(Gulzada_76@mail.ru)

Андатпа: Қазіргі қазақ әңгімесіндегі өмір мен өлім концепті (танатологиялық сарын) де қазіргі прозада баса назар аударатын сала. Адамдар күнделікті өмірде жан мен тән, өмір мен өлім сөздерін көптеп пайдаланады. Бірақ әркім оны әртүрлі түсінеді. Аталмыш тақырыпта қарастырылған әңгімелер әртүрлі болғанымен, қаламгерлердің айтары бір. Ол – әрқашан да, тіпті өлім алдында өзінің болмысыңды төмендетпей биік ұстау. Авторлардың ұсынатын тұжырымдамасы – нендей жағдай болса да, осалдық танытып, күнәһар болып, өзіне-өзі қол салудан жирендіру.

Аннотация: концепция жизни и смерти в современном казахском повествовании (Танатологический) также является областью, которая подчеркивается в современной прозе. Люди используют в повседневной жизни много слов души и тела, жизни и смерти. Но все понимают это по-разному. Несмотря на то, что истории, рассмотренные на эту тему, разнообразны, писатели говорят одно и то же. Это всегда, даже перед смертью, держать свое существо высоким, не опуская его. Концепция, которую предлагают авторы, состоит в том, чтобы проявлять уязвимость, грешить и ненавидеть самоубийство, несмотря ни на что.

Abstract: The concept of life and death in modern Kazakh narrative (Thanatological) is also an area that is emphasized in modern prose. People use many words of soul and body, life and death in their daily lives. But everyone understands it differently. Despite the fact that the stories discussed on this topic are diverse, the writers say the same thing. It is always, even

before death, to keep your being high without lowering it. The concept that the authors propose is to show vulnerability, sin and hate suicide, no matter what.

Түрлі ұлттардың өзіне тән санасы мен дүниетанымын жеткізетін көркемдеуіш тілдік бірліктер бар. Мәдениет дамыған сайын ұлттық сана дами түседі. Ұлттық сананың дамуына әсер ететін факторлар: мәдениет, ұлттық құндылықтар, технологиялық даму, дін т.б

Дүниенің тілдік құрылымын құрайтын ол тұлғаның дүниеге деген көзқарасы. Ал дүниеге деген көзқарас концептілер жүйесін құрайды. Концепт ақиқатты когнитивті тұрғыдан тануға, болмысты тілдік тұрғыдан тануға мүмкіндік береді.

Дүниенің болмысы ол адамның өмірі. «Өмір-Өлім» адамзатқа ортақ концептілердің бірі. В.Н Телияның пайымдауынша: «Концепт – біздің сол нысан туралы білетініміздің барлық жиынтығы, соның мағынасының барлық экспрессиясы» [1, 97].

Адамдар күнделікті өмірде жан мен тән, өмір мен өлім сөздерін көптеп пайдаланады. Бірақ әркім оны әртүрлі түсінеді. Сөз мағынасын түсіну ол адамның өмір тәжірибесіне тіл құдыретін түсіну деңгейіне байланысты әртүрлі деңгейде болады.

«**Өмір**» 1. Материяның қозғалу, даму, өсу көріністерінің жалпы жиынтығы, тіршілік. 2. Адам мен жан – жануарлардың, өсімдіктердің физиологиялық тіршілік ету, өсу процесі. 3. Өсу, даму процесінің белгілі бір кезеңі, сатысы; тірі организмнің тіршілік ету мерзімі ғұмыры (Қ.т.т.с. 653-б.).

Жазушы шығармаларында «Өмір» концептісі негізгі бірлік ретінде алынады. Адамзат үшін өмір – ол негізгі құндылық, ал оған деген көзқарас әртүрлі оған себеп, ұлттық менталитет, ұлттық сана. «Өмір» концептісінің болмысын тану қиын. Өмірдегі сан қилы оқиғалар сынды өмір концептісінің тілдік көрінісі де әртүрлі болып келеді.

Автор теңеу, метафора, эпитеттер белгілі бір концептіні жасауда шебер қолданылған. Әсіресе метафизикалық концептілер жазушы повестерінде көптеп кездеседі. «Метафизикалық перцептивтік, сенсорлық қабылдау, яғни сезіну әрекеті арқылы рухани құндылықтарды тану нәтижесінде ғана хабарланады. Адам тәжірибесі арқылы ғана танып білуге болатын, құбылысты даму барысында ғана түсінуге болатын ұғымдарды көзбен көріп, қолмен ұстап тану мүмкін емес. Сондықтан философиялық мәні басым, адамның қажеттілігін өтейтін абстрактылы ұғымдарды нақты тұрақталған дефинициялармен танытуға болмайды. Оны адам қалай сезінеді, қалай басынан өткереді, сол әсері арқылы танытады» [2, 10].

Анасы жайлы ойлағанда артта қалған өмірінің сонау бір түкпірінен осы бір шуақты сәттер алыстағы жұлдыздай сәуле шауса, одан кейінгі бір сәт сәуленің бәрін өшіріп, кеудесіне өксік пен қасірет құйып өтеді. «Менің айтқанымның бәрін істеп не көгертерсің, жазған бала-а. Мен саған не айтармын, қаршадай боп сен не тыңдырмақсың. Бесіктен белі шықпаған балаға азап сыйлардай бұл неңді алып еді, о, сұм өмір!». Басына қара күн туса да ебіл-дебіл еңіреп жылаумен ғана тынған, қайғырғанмен қабырғасы қайысып, ой толғауға өресі жетпей өскен Тұңғыш дәл осы сәт өз өмірінің қор өмір екенін, тіпті, ес біліп, етек жапқалы диуанашылықпен ыстықаумет тауып келе жатқан мына диуана кемпірдің өзінен әлдеқайда бақытты екенін алғаш рет ой жіберіп, бордай үгітілді (Д.И.). Осы мысалдарда «өмір» концептісі адам санасындағы қозғалыс, көңіл-күй, күйзелу, ренжу, ішкі-сезім арқылы танылады.

Ал «Өкпек жолаушы» повесінде «өмір» концептісін «сағымдай өтіп жатқан дүниеге» теңеуі арқылы, өмірді – өткіншілік, тұрақсыздық, мұңарту, бұлдырау күйімен бейнелеген. *О-oh шіркін, сағымдай өтіп жатқан дүние-ай десейші (Д.И.).*

«Өмір» концептісі арқылы дүниенің тілдік бірлігін, көркем бейнесін «жалған», «дүние», «тіршілік», «дәурен», «тірлік» секілді философиялық аспектілер тұрғысынан талдауға болады. *Бұ жалғанда жұмыр басты пенде үшін өлімнің хақ екенін, одан нелер дүлділ нелер бұлбұлдың да құтыла алмайтынын еске алысты. Е-ей, жалған-ай, ол бір*

өкініші жоқ қадам болып, өз қызығы өзімен **өткен дәурен** екен-ау. Ой, **дүние-ай**, десейші, сол сапар Алтыбай ауылынан оралған Абзалдың жан-дүниесіндегі өзгеріс әлі есімде. Ой, **дүние-ай** десейші. Өлдің-өштің деген сол әне... Одан Сахи салдың **тірлігі** қошқардың иіні түседі деп соңынан ерген бөрінің **тірлігімен** ағайын десейші...

Басымды тау-тасқа соғып, ат үстінде күн кешіп, **елден ерек тірлік** құрғанда іздегенім өзің екенсің. Уа, **десеңші өткен ғұмыр өрмекшінің торындай** шатылып, елес берген соң бірді айтып, бірге кетіп жатырмын ау. **Шеккен ғұмыр, көрген тірлігімізде** ауыр бейнеттен басқа түгіміздің жоқ екені де рас. **Тіршілігінде тартқан азабы** аздай-ақ, туған жердің бір уыс топырағын томпайтқанын көпсіндіңдер ме енді».

Бұл **тіршіліктің темір қамыты** қашанғы бұлғақтатар дейсің, - деген. **Тағдырдың жазуының** қайсысына кез келсем де, Ақбілекке қосыла алмаудан ауыр болар деймісің?! Бәрібір **тыныш өмір** болмас (А.С.).

Жазушы шығармаларында **ит өмір**, **тұщы дүние** эпитеттері көрініс тапқан: Сонда жиенінің тілеуін тілеп, ала көңіл болып отыр, қуаныш пен қайғыға кезек бой алдырып отыратын Санжар қария: «Талабыңа нұр жаусын, шырағым... Маған тірелген іс болса, қылша мойным үзілгенше көтеремін. Бұл **ит өмірдің** сенен аяғанда көретін қай бір қызығы қалды ғой дейсің?!» - деп иегі дірілдеп көзі қызарушы еді... ой, **жалған-ай** десейші... Осы жерде, бұл **тұщы дүниені** қойсаңшы, әлгі күмістен тастаған ат әбзелі ай сәулесімен жарқ-жұрқ етіп, көздің жауын алады ғой. Мұнысы **тұщы дүниенің** дәмін талмап құныққандығы да емес, қулық-сұмдықты шиырлап індету де емес (А.С.).

Өмірге налумен қатар оның әр секундына қуану, әр секундты бағалау қазақ жазушыларының шығармаларында кездеседі. Мысалы О.Бөкейдің «Қайдасың, қасқа құлыным» шығармасында «Өмір» концептісін жанның қиналысы, күйзелісі ғана байқалады. Мысалы: Сарқынды жан айқайын жасыра алмай, ағыл-тегіл жылап тұр екен. Қызығы мол қызулы өмірінің сірнеленіп, жүрегінің басына беріш боп байланып қалғаны, беріш болып байланып қалса да, оқты-оқтың лоқсытып, запыранша атылары немесе алапат бір долылық қысқанда, айқай дәуренінен қалып қойған намыс шоқтарының қызуына шыдай алмай шыңғырған өр кеуде жанның айғайы шығар – Сарқынды шал өз өзінен күркіреп, қатты қазымырланып, кектенетіні бар екен.

«Тіршілік» «өмір» концептісінің баламасы ретінде жиі қолданылады. Қолданыстағы «тіршілік қамы», «тіршілік қылу», «тіршілік ету» секілді тіркестері тура емес ауыспалы мағынада «өмір сүру» деген күрделі мағыналық тұтастықты білдіреді. Онда көңілімізде көлеңке жоқ, жылдағы әдетпен **тіршілік қамы үшін** артынып-тартынып, Қоянды жәрмеңкесіне баратын мезгіл келді. «Жаттың дәулетінен жанын қиғанын қойсын, – депті Түнқатар, – **тіршіліктің қандай зұлматына** тап болсаң да, өз **тағдырыңның тізгінін** өзің ұстағаннан артығы жоқ. Сірә, тағдардың тартқан жолының үстінде ұстаған тізгінінің бір болған соң да солай болса керек қой (А.С.).

А. Сейдімбектің шығармасында «өмір» концептісін «**сағымдай өтіп жатқан дүниеге**» теңеуі арқылы, өмірді – мәңгі емес, өткіншілік, тұрақсыздық күйімен бейнелейді. О-оһ шіркін, **сағымдай өтіп жатқан дүние-ай** десейші, Сенжекеңдер жөнімен қартайған қадірлі қария еді ғой («Қыз ұзатқан»).

Өмір концептісіне қарама-қарсы концепт ол «**өлім**» концептісі. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» өлімге мынадай анықтама берілген: 1.Тіршіліктің бітуі, ажал, қаза. Қазақ халқының дүниетанымында, тілінде өлім құбылысын тікелей атамай, оны эвфемизмдермен алмастырады. Бұлай жасау себебі – өлім деген ауыр құбылысты жұмсартып, адамның қабылдауына оңай болу үшін. Марқұм: «Түнқатым, жаным, артымда қалар тұяғым!..» – деп жатып **көз жұмған** соң, бір жұма өтті ме өтпеді ме, сол Түнқатар әкесінің ақ таяғына сүйеніп қозы соңынан кетті ғой. Тіл тартып, тұяқ серпуге шамасы келмейді, сол жерде **жан тәсілім** береді. Мұндай алыпқашпа сөздің қырық құбылатын қашанғы әдеті, біреулер: «Ойбай, бағаналының батыры Наймантайдың қолынан **мерт болыпты...**» десе, екіншісі: «Жоға тәйірі, бірме-бірге

Аламанның алдыра қоюы қисынға келмейді, онан да ұрлығы мал десейші» деп, үшінші біреулер мұның түбі жақсылық болмайтынын, екі елдің арасы бүлінетінін айтып уайым төкті. Үлкендер айтып отыратын: «Қажекең дүниеден қайтқан соң, көк мойынның құт берекесі Боздақ байға ауды» деп. Абзал сегіз-тоғызға келгенде араларына жыл салып, **дүниеден қайтыпты**. Боздақ бай Жамалдан басқа екі әйел алған адам. Оның бірі біздің жас кезімізде баладан қайтты дейді (А.С.).

Өлімнің адамның қабырғасын қайыстырып, мең-зең күйге түсіретіндіктен өлім жайлы хабарды адамның сағын сындырмай жеткізуде мынадай тілдік бірліктер пайдаланылады: *Жай танып-біліп қана қоймай, ер-тұрман әбзелімен, сауыт-сайманымен келген иесіз аттан тіксініп, сан саққа жүгірген суық сөз ел үшін кеулеп кеткен* (А.С.).

«Өлім» концептісін білдіруде қара түс қолданылған. «Қара» лексикалық бірлігі өмірдің соңғы шегін, өлімді, қайғы-қасіретті білдіреді. Қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша, өлімге қатысты ұғымдар «қара» тілдік бірлігі арқылы объективтенеді.

- *Әне, ол жалғыз өзі мен білмейтін, бірақ, әйтеуір, түбі бармай қалмайтынқара түнек сапарға аттанды...* (Д.И.) Осы мысалда «өлім» концептісі қара түнек эпитетімен беріліп, өзіндік прагматикалық семантикаға ие болған. Мұнда қара атауы жер асты, суық, қараңғы көр деген халық танымындағы ассоциациялық байланыс негізінде дамыған мағынасы. Қазаны білдіруде ұлттық ерекшелік этнотанымдық символдан, түр-түс символынан көрінген. Ал қазақ халқының тілдік қолданысында қара түс өлімді де суреттейді.

Өмір бойы көргенінің қиындық екенін, он бір құрсақ көтеріп, онын қара жерге тапсырғанын, әсіресе арыстай-арыстай үш ұлын қуарған қу соғыстың жалмағанын айта келіп, «тар құрсағымды кеңіткен, тас емшегімді жібіткен сол құлынишақтарым аман болса, осы халге түсер ме едім-ай» дегенде, Торғынның да сай-сүйегі сырқырап, ықылық ата көзіне жас алды – Бізді қара жер ғана айырар,- деді Наймантай Аққызды құшағына қысып тұрып,-белгің беріліп хабарың жеткен күні жаныңда болармын (А.С.). Халқымыздың дүниетанымында қара жер суықты, көрді білдіріп өлімді сипаттайды. Сонымен қатар, үлкен жасқа келіп, өмірмен қош айтысқан кездегі өлімді тойға балап, оны қараның антонимі ақ түспен сипаттаған. Мысалы: *Түнекеңнің дүние салуын «ақ сапар, армансыз сапар» десті. Біреулер бұл қазаны тойға теңеп, «Түнекеңнің жасына жетсек, арман бар ма» деп тәбәріктік жыртыс дәметіп жатты* (А.С.).

Автор шығармаларында «өлім» концептісін «жансыз дене» эпитеті арқылы көрсетеді. *Абзалдың жансыз денесін құшқан Ақбілек пен Санжар ботадай боздап, қасірет-қайғыға белшесінен батып Күмісбұлақтың басында қала берді...* (А.С.).

Көптеген жазушылар өз шығармаларында «өмір-өлім» контраст концептілерін қолданады. «Контраст концептілер – бірінсіз бірі болмайтын, бірін екіншісі толықтырып отыратын немесе бірінен кейін бірі жүретін, тіпті бір біріне қарама-қарсы тұратын ақиқат дүниелердің жұптасып қана танылуы» [2, 3].

Олар тірліктің мәні, өліктің жолына қатысты алуан түрлі әңгіме өрбітіп, соның қай-қайсысын да Түнқатар марқұмның тіршілігіндегі қылық, қасиеттеріне әкеліп тіреп отыр. Бұл, әсіресе, Санжекеңе жақсы болды. «Өлгенім тіріліп, өшкенім жанды емес пе!» деп отыратын жарықтық. «Өліге деген құрмет тірілер үшін емес пе, жақсы болсын, жаман болсын, жарық дүние сыйлаған ата-анам зой, басын қарайтсам ба деймін. Мүрделерінің жер жұртқандай болып жоғалып бара жатқаны қабырғама бір батса, сырт көздің сыны екі батады. Қайдан білсін, мені тап бір қоралап тауып, қосақтап айдап жүргендей көретіндер бар емес пе? Осыған қол ұшың бермесеңіз болатын емес», - деп мә-жайын айтады (А.С.).

Жұмыр жер аппақ қар: суық әлем, сол суық әлемнің бір пұшапында өлім мен өмірдің қақпалына айналып, шыбын жаны шырқыраған жиырмадан жаңа асқан үш бойдақ; қолында қаруы, алдында атысар жауы жоқ, өз-өзінен жынданған, өз-өзімен

майдандасқан мақтаулы бейбіт күннің үш содаты... үш қояншық, үш есалаң – үш батыр...

Алыса-алыса әбден дымы құрып, амалы таусылғандай үш жігіт енді өлмес күннің қамын ойлаған. Ішкері жақтың түкірік қатып түсер сақылдаған саря аязы буып, аппақ дүниенің... жалмауыз түні иектей бастады. От жағып жылынайын десе, жуық маңайда тіс шұқыр ағаш жоқ, өңкей бір жұп-жұмыр тақыр тауларға қарап тұрып қарның ашып, қасқырша ұлығың немесе ботадай боздап жылағың келеді. Әлемнің осыншалық қатыгез, жанға жат, тәнге салқын сезілуі – жиырмадан жаңа гана асқан үш бойдақты ал дегенде жасытып тастады. Абырой болғанда кеңес өкіметі орнап, жанымыз қалды ғой. Ақ патшаның атына арыз жазып, Алтайдағы әкемнің ең құйқалы жерін кесіп-кесіп алды да, ауласынан аттаған малымыз бен жанымызды бытырлатып атты-ай дейсің, әй дейтін әже, қой дейтін қожә жоқ(О.Б.). Бұл мысалдарда О.Бөкей жан мен тән аясында ой қозғап отырып, өлім мен өмірдің концептісін осы екі ұғыммен байланыстыра берген.

О.Бөкейдің «Қайдасың, қасқа құлыным» повесіндегі «Өлім» концептісін алатын болсақ, автор бұл ұғымды көбіне шығармадағы кейіпкер тұлғасын бейнелі түрде ашу мақсатында көп қолданған. Тілдік қолданыста «Өлім» концептісіне қатысты тілдік деректер аз болғандықтан Оралхан Бөкей өзінің шығармасында адамның рухани бейнесін сомдау үшін «жан» конгнетивті моделіне көбірек мән береді. Және де ол «Жан – адам, кісі, тірі пенде», – деген теориялық ұғымға жиі сүйеніп отырған. Мысалы: *Ғұмырында аузы аққа жарып көрмеген біздің үй мен Таңатардың туған жер, өскен елін тастап тұра қашатынындай басына не күн туды; мен ойлаймын: мейлі, құмырсқа теріп жеп жүр, мейлі бір көзіңнен қан, бір көзіңнен жас ағып, теперіш көр, мейлі сулы жерде асып, сусыз жерде қуырып жесін – ата қазған жерошақты басқа жұрттың мәңгі сөнбес отына айырбастама, өйткені **өзекті жанға қайда барса бір өлім**, тойған да – бір, татқан да – бір, қара жердің қойнына кірген соң.* Бұл мысалдағы негізгі түйін – «өлім» сөзі, яғни, «өзекті жанға бір өлім» деген фразеологиялық тіркесті қолдана отырып, шығарма кейіпкері Таңатардың бір сәттегі бейнесін суреттейді. Тікелей Таңатарға қаратылып айтылған сөз тіркесі болмаса да, автор осы тіркестегі «өлім» сөзі арқылы оның қандай мағынада қолданылып отырғандығын нақтылай түседі.

*Ең ғажабы – сол, өз өнерін тірі жанға үйретпей өзімен бірге **арғы дүниеге** алып барады. Менің шешем әкемді **о дүниеде** де бар болмысымен жақсы көріп өтетін секілді. Мынау қара тастың түбінде қанға бөгіп, мыж-мыж болып жатқан жерінде үстінен түстік. Бейшара, жан бермек оңай ма, қарсыласымен көп алысқанға ұқсайды. Жарақаттанбаған мүшесі, жыртылмаған киімі жоқ, дал-дұл. «Жан бермек оңай ма» – өлімнің иісін сездіріп тұрған тілдік қолданыс.*

Ең бақытты өлім – ақылдан алжаспай өлу ғой, балам. Ақылың бұрын өлсе – кірпігің қимылдап жатқаннан не пайда (О.Б.). Бұл мысалда өлейін деп жатқан шалды сипаттау, екінші жағынан философиялық толғаныс байқалады. Аппақ боп сұлаған аруақ көргендей сезіндім. Маған шал әлдеқашан өлген, тек рухы гана жарық дүниені қимай, қиналып жатқандай еді (О.Б.). «Аруақ» пен «рух» сөзіне көңіл аударатын болсақ, тәннен айырылған жанның аруаққа айналуын білетін автор осы арқылы құп-қу, боп-боз болып өлгелі жатқан жанның дүниені қимайтын қиналысын бейнелеген көрініс.

*Бірақ **өлімнің аты өлім** ғой, қазаға жиналған қалың қауымның қазіргі тұнжыр кейіпінде белгісіз бір құдіретке бас иген дәрменсіздіктің табы бар еді. Түнқатар марқұмды **өлім төсегінен** көтеріп оң жаққа шығарарда жастығының астынан қос шақша шыққаны сөз болды (А.С.).*

*Күні кеше гана Дәулетбайдың келіні боп ырғала басып жүр еді, бүгін кеп жазықсыздан-жазықсыз бір төмпешікке айналып қала берді. Енді қайтып бұл жалғанды көре алмайды. **Өмірге не үшін келді, не деп келді?***

Мәнсіз, мағынасыз тіршілік. Бүгін бар, ертең жоқ.

Өлімге иман, тіріге мал керек. Өлі мен тірінің арасынада бес кетпен гана топырақ. Сол топырақ көзге құйылмай тұрғанда **өлім** дегенге ешкім сенбейді. Бұ дүнеуден кәрі де кетіп жатыр, жас та кетіп жатыр, **бүгінгі тірінің ертең марқұм боп**, аласұрған әрекетінің бәрі әдіре қалғанын жұрт көріп жүр, біліп жүр, сонда да барға қанағат тұтып, атақ пен байлыққа жалған намысқа көзі тойған емес (Д.И.).

Бір тіршілік үзіліп, бір тіршілік жалғасыпты, бір өмірдің жолында бір өмір құрбан бопты. Мына **қараңғылықтың ар жағында не бар, ертеңгі таңы қалай атпақ**, тураған еттей боп зу ете шығатын **қып-қысқа өмірдің** енді былайғысында жаны шықпаған кеудесін тағы қайда сүйретеді, алда не күтіп тұр? Ол мұның бір де біріне көз жіберіп ой тоқтатпады, тоқтауға шамасы да болған жоқ, тіпті өзінің қайда кетіп бара жатқанын да білмеді (Д.И.).

Осы мысалдардағы трагедиялық жағдай, әділетсіз өмірдің объективті бейнесі. Жазушылардың көрсетпек болғаны – адамның мына өмірдегі кері кету процесі. Автор өмірдің трагедиялық суретін жасай отырып, сол өмірге жеке адамның панасыздығы мен қорғансыздығын, жалғыздығын, тағдырының мәнсіз, мағынасыз екендігін меңзейді. «Өмір-Өлім» концептісі халық дүниетанымында лингвофилософиялық мәнділігі жоғары бірлік болып саналады. Өмір, өлім – адамзаттың алғашқы таным түсініктерінен, бастап осы күнге дейін адам санасынан кептеген философиялық құбылыс.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Телия В.Н. Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М., 1995. – С.97.

2. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (*М.Мақатаев поэзиясы бойынша*): филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2006. – 26 бет.

ӘОЖ 373.3

О.ӘУБӘКІРОВТІҢ САТИРАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТЕҢЕУ МЕН ЭПИТЕТТІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

А.Бекмуратова,

ҚТӘ-21-2 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Г. С. Хамзина,

Ф.ғ.к., доцент,

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ.

(Gulzada_76@mail.ru)

Аңдатпа: Оспанхан Әубәкіров десе, езу тартпайтын қазақ кемде кем. Әсіресе, орта буын – аға ұрпақ. 60-жылдары хат таныған халқымыздың қай баласы да Осекенді оқып мәз болған, қарадан-қарап күлген, күле тұрып күрсінген. Өйткені сатирик ақын сайқымазақ еткен шұбартілді қыздар да («Екі қыздың әңгімесі»), ә десе мә дейтін ұлдар да («Сотқарбек»), арақтан аузы босамайтын әкелер де («Әке мен баласы»), өсек десе өлгенді көрінен аунататын қатыннан әрман еркек те («Сіз туралы слух бар») жандарында жүрген, жандарын ауыртқан. Демек Оспанхан Әубәкіров шығармалары кешегі, бүгінгі ұрпақты былай қойғанда, ертеңгі де талай буынның кәдесіне жарайтыны сөзсіз.

Аннотация: Оспанхан Аубакиров-Казах кемде кем, который не тянет езу. Особенно среднее поколение-старшее поколение. В 60-е гг. любой из детей нашего

народа читал Осекена, смеялся от смеха до смеха и вздыхал. Так как в душе были и девочки-сатирики («Повесть о двух девочках»), и мальчики, которые говорили а-МЕ («Соткарбек»), и отцы, у которых рот от водки был свободен («отец и сын»), и каждый мужчина, от которого сплетники видели мертвого («о тебе слух»), причинил боль душам. Поэтому произведения Оспанхана Аубакирова, не говоря уже о вчерашнем, сегодняшнем поколении, несомненно, подойдут многим поколениям завтрашнего дня.

Abstract: Ospankhan Aubakirov is a Kazakh who is someone who does not pull the ride. Especially the middle generation-the older generation. In the 60s, any of the children of our people read Osokin, laughed from laughter to laughter and sighed. Because there were satirical girls in the shower ("The Tale of Two Girls"), and boys who spoke a-ME ("Sotkarbek"), and fathers whose mouth was free from vodka ("father and son"), and every man from whom gossips saw dead ("a rumor about you"), caused pain to souls. Therefore, the works of Ospankhan Aubakirov, not to mention yesterday's, today's generation, will undoubtedly suit many generations of tomorrow.

Сөзді ажарлап қана қоймай, оны мазмұн жағынан да, пішін жағынан да, құбылта құлпыртып, әрқашан «тілге жеңіл, жүрекке жылы тигізудің» тәсілдері көптен-көп. Бұл арада тіліміздегі жай сөз де, көркем сөз де – бәрі бір-бірімен тығыз байланысты екені дау туғызбайды. Құбылта қолданылған тілдік құралдар көркем әдебиет тілінде жұмсалатын ертеден келе жатқан көріктеуіш тәсілдер болып табылады. Олар – тілдің көркемдік құнын көтеруде тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлігі үшін де орасан қажет. Көркем тілдік тәсілдер арқылы сөз қызықты әрі тірі құбылысқа айналады. Шығармалардағы сөздер тізбек, тіркестер болсын, тіпті сөйлемдер болсын өз бетімен өмір сүрмей, кесек ойдың бөлуге келмейтін жарқыншағы болып, көркем тәсілдердің барлығымен де тұтасып кетеді. Қарапайым тілдік элементтердің өзі құлпырып, көркем стильдік өзгеріске ұшырап отырады. Сол арқылы құбылыстар көбіне тура айтылмай, белгілі көркемдік әдістер арқылы образбен тыңдаушы сезіміне әсер етеді.

Шығарманың көркемдігін кемелдейтін шарттар дәлдік, ықшамдылық, қарапайымдылық, сөз сұлулығы, олар арқылы берілетін мазмұн байлығы, мағына тереңдігі болса, жазушы (ақын) өрісін танытар жеке – тіл байлығы, сөз төркінін, оның барлық қырын терең де нәзік, оның өз шығармашылығында орын тауып қолдана білуі қажет. Әрбір шығарманың тілі – белгілі дәрежеде автордың суреткерлік дәрежесін, стиль ерекшелігін көрсететін фактор.

Көркем шығарма тілін қалай талдау керек дегенге ғалым Қ. Өмірәлиев пен З. Қабдоловтың мына сөздері жауап бола алады: «... әрбір құрал белгілі бір қажеттіктен, керектен туған. Өз қызметін сол керекке жұмсаған. Сондықтан да бұл әрбір құрал қызметімен бірлікте алынып барып қаралғанда ғана танылмақ, бағаланбақ» [1, 19 б.], «тілдің көріктеу құралдарының бәрі – бірімен-бірі өзара тығыз байланыстағы, қарым-қатынастағы, аралас-құралас жатқан және жарыса қолданылып, бірін-бірі үстеп, толықтырып жатқан нәрселер» [2, 247 б.].

Бұл айтылған ой-пікірлер сатиралық шығармалар тіліне де қатысты. Сатираның тілдік тәсілдері ретінде көріктеуіш құралдардың теңеу, метафора, эпитет, әсірелеу (гипербола), шендестіру (антитеза), астарлау (символ), қайталама т.б. сияқты түрлері қолданылады.

Сатиралық шығармаларда көркем тілдің орны ерекше. Сөз кестелеудің осындай дәстүрлі түрлерінің ауыз әдебиеті мен байырғы әдеби тіл мұраларында және жаңа әдеби тілімізде жасалған небір айшықты классикалық үлгілері бар. Әр дәуірдің, әр кезең авторлары сол тұстың талабына, мазмұнына, айтар ой-идеяларына қарай, өздерінің өмірге көзқарастары мен идеялық-саяси бағытына қарай тың белгілер тудырып, оны жаңаша қолданып жатады. «Меніңше, әзілде көркем тіл мен көрікті ой болуға тиіс, жазушы кейіпкердің бойындағы рухани кемшілікті мінеу арқылы оқушысын терең ойландыратын тәрбиелік мәні бар ғибрат айтуға тиіс» [3],- деген еді

Ғ.Қабышев. Қаламгер шеберлігіне қарай, сатиралық шығармаларында көріктеуіш құралдарды еркін қолданады. Олар қандай көріністі алса да сықақпен сырлап, әсерлі етіп жеткізеді.

Сөз бейнелеу, көріктеуіш құралдарының бірі – **теңеу**, сатирада жиі кездесетін категорияның бірі. Теңеу – көркемдеу құралдарының ішіндегі ең бастысы. Сөзді көріктеудің басқа түрлері өз бастауын осы теңеуден алады. Ахмет Байтұрсынұлы: «Көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанмен, нәрсенің бейнесін сүгіреттеп көрсетуге жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсетеміз»-деп өз еңбегінде жазған [4, 156 б.].

Кез келген сатиралық шығармаларда теңеу молынан пайдаланылады. Қаламгерлер теңеулерді «ойнатып», оларды өздерінің сатириктік мақсаттарына сәйкес қолданады. Теңеулерде халықтың өмірі, рухани дүниесі, ұлттық бояу-бедері, дүниетанымы, әдет-ғұрпы, шаруашылығы, қысқаша айтқанда бүкіл тарихы көрініп тұрады. Сөйлем ішінде теңеуді орнын тауып қалауы, сырлы да сымбатты, бейнелі де бедерлі болуы сатирик ақын-жазушылардың стильдік ерекшелігін танытады.

Көріктеу тәсілдерінің ішіндегі теңеу категориясын жан-жақты зерттеген ғалым – Т. Қоңыров. Ол мынадай анықтама береді: «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипаттаушы нәрсені бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивті сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы», – деп айтады [5, 7 б.].

Теңеудің басты мақсаты- ойды бейнелі де көркем, әсерлі де тартымды етіп жеткізу. Ал, эмоционалды-экспрессивті қасиет осы бейнелеу, көркемдеу тәсілдерінің басты компонентінің бірі болып табылады. Сондықтан да болар, теңеулердің эмоционалды-экспрессивті бояулары ерекше анық, ашық болады, бірден көзге көрініп, көңілге қонып тұрады. Теңеулер бір сөз емес, бірнеше сөздердің тіркестерінен де жасалады. Ал сөз тіркестерінің эмоционалды-экспрессивті мағына жасау мүмкінділігі, жеке сөздерге қарағанда әлдеқайда мол екендігі мәлім. Сатирада жағымсыз образды, оның қимыл-әрекетін жан-жақты бейнелеуде, суреттеліп отырған оқиғаға жағымсыз мағына үстеу үшін эмоционалды-экспрессивтік теңеулер автор тарапынан әдейі алынады.

Сықақ жанрында теңеу мынадай мақсатта қолданылады:

1. кейіпкерлердің жағымсыз бет-пішінін, сыртқы тұлғасын жасау үшін;
2. кейіпкерлердің жағымсыз іс-әрекеті, мінез-құлқын беруде;
3. кейіпкерлердің сезімдерін, ішкі психологиялық халін, әсерлері мен ойларын да нақтыландырып, әшекерлеуде;
4. кейіпкердің іс-қимылын, әдетін мысқылдауда, бейнелеуде жұмсалады.
 - а. теңеліп отырған объекті мен теңеп отырған құбылыстың арасында логикалық байланыс;
 - ә. үйлесім, сурет дәлдігі үшін.

Теңеулік конструкцияларды көркемдеп, бейнелеп жасау тәсілдерінің бірі – теңеу мүшелерінің бір-бірімен дыбыстық жағынан үйлесіп, үндесіп келуі де шеберлік көрінісі.

Қ. Жұмалиевтің зерттеулерінде белгілі бір ақын-жазушының шығармаларындағы теңеулер және олардың жасалу тәсілі жөнінде айтқан мынадай пікірлері бар: «Теңеулердің көпшілігі зат есімге, есімше, етістікке жалғанған -дай, -дей, -тай, -тей, дайын, -дейін, тайын, -тейін, -ша, -ше жұрнақтары арқылы жасалады» [6, 45 б.].

Т. Қоңыров қазақ тіліндегі теңеулердің 10 түрлі тәсілмен жасалатынын атап көрсеткен: 1) -дай, -дей, -тай, -тей, дайын, -дейін, тайын, -тейін жұрнақтарының көмегімен; 2) -ша, -ше, жұрнағының көмегімен; 3) шығыс септігі жалғауының (-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен) көмегімен; 4) секілді, сияқты, тәрізді, іспетті сөздерінің көмегімен; 5) бейне сөзінің көмегімен; 6) тең сөзінің көмегімен; 7) ұқсас сөзінің

көмегімен; 8) параллелизм тәсілі көмегімен; 9) аралас тәсілдің (**бейне** және –дай, –дей; **бейне** және секілді көмегімен; 10) қосалқы тәсілдер көмегімен;

Зерттеуші теңеудің өзіне тән белгілі-белгілі жұрнақтарын атап көрсеткен. Белгісіз нәрсені жұртқа мәлім белгілі нәрселерге салыстыру осы жұрнақтар арқылы орындалады. Сатиралық мағына тудыруда да теңеулер осы тәсілдер арқылы жасалып, түрленіп, молынан кездеседі. Әрине, бұлардың теңеу жасаудағы үлес салмағы бірдей емес. Бұлардың ішінде ең пәрмендісі – -дай, -дей, -тай, -тей жұрнағының көмегімен жасалатын тәсіл. «Бұлардың ішінде ең көп кездесетіні -дай, -дей, -тай, -тей жұрнағы. Бүкіл қазақ теңеулерінің 70% -тен астамы осы тәсіл арқылы дүниеге келеді» [6, 17 б.].

Мысалы: «Аршылған сәбіздей қып-қызыл боп ол отыр» (О.Ә., 38-б.). «Көздері қыдыра жортып, бәрімізді де бір- бір тінтіп шықты, бірінің көзі қара тышқандай тіміскіленіп келіп менің көк ала галстугіме қадалғанда, мен мойыныма қылбұғау түскендей булыға кеттім (О.Ә., 342-б.). «Әкесі қалақтай баланың қай жерінен періп қалуды білмей, жыны қысып тұр. Бетінен шапалақпен салып қалайын десе, күректей алақанының астында тобықтайбастың беті де, беткейі де, шықшыт-шеке құлағымен қалып қойғалы тұр – аяды. Ұрмайын десе, мына түйсіксіз «түйнегі» түймедей сөзге түсінбей қинап тұр» (О.Ә., 10-б.). «Жылқайдаров «дегенде жұрт ұры ит кіріп кеткендей болатын болды» (О.Ә., 347-б.). 12. «...аш қасқырдай жалаңдаған араққұмарлар бір қаңтарылды» (Сонда, 351-б.). «Бастықтардың алдында қолға су құяр баладаймын. Ал басқалардың алдында маңдайға сыймас данадаймын. Сонда мен өспегенде кім өседі...» (О.Ә., 93-б.).

Көрсетілген теңеулер зат есімдерге, есімшеге, етістіктерге -дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары жалғануы арқылы жасалған. Эмоциялық-экспрессивтік әсері күшті теңеулік образдар жасалған. Образдардың қимыл-әрекетінің жай-күйін, сапасын білдірген.

Сондай-ақ, -дай, -дей, -тай, -тей қатарлы өнімді жұрнақтар сатиралық шығармаларда өз қызметінде өте жиі кездеседі. Белгісіз нәрсені жұртқа мәлім белгілі нәрселерге салыстыру осы жұрнақтар арқылы орындалады. Мысалы, 1. Басыңыз киіз үйдей, кеудеңіз есік пен төрдей, танауыңыз үңгірдей, аузың ызапалдай. Сонша тұлғаңызбен қуықтай ғана құмыраға сыйды дегенге кім сенеді? (О.Ә., 89-б.). 2. Түйенің жап-жалпақ табаны нағашымның сопақ бетімен қарама-қарсы кездеседі... Нағашымның добалдай мұрны орнынан қозғалып, жайылып-жалпайып, құлақтың ылдиына қарай көшіп кетеді... (О.Ә., 48-б.).

Бұл мысалдарда киіз үйдей, есік пен төрдей, үңгірдей, ызапандай, қуықтай, добалдай деген сөздер кейіпкердің ұсқынсыз кейпін әзіл-қалжыңмен оқырманға жеткізіп тұр. Бұл сөздер арқылы бірінші кейіпкер екінші бейненің портретін мысқылдап суреттеген.

Жалпы теңеулер сықақ мағына тудыруда -дай, -дей, -тай, -тей жұрнағының көмегімен жасалып, түрленіп, молынан кездеседі. Теңеулердің көпшілігі зат есімге, есімше, етістіктерге жалғанып келеді. Мысалы: 1. Сықырлауық етік киген кісідей, тісіңізді қайрағаныңыз қызық екен. 2. Ұлыған иттей есінегеніңіз қалай жаман (О.Ә., 63-б.). Бұл екі мысалда адамның теріс қылықтарын екінші нәрсеге теңеу арқылы ащы күлкімен суреттеген. Ал, «Кезекті нөмірі шыққан газетке көңілі қоқылтақсыған. Қалаған ұжымды бидайдай қуырып, дүниені тар қауызға сыйдырады» болса (О.Ә., 165-б.) кейіпкердің мінезін танытуда -дай жұрнағы, есімше тұлғалы қоңылтақсыған сөзі арқылы кейіпкер мінезі жеңіл әзілмен берілгенін көреміз.

Шығыс септігінің жалғаулары арқылы теңеулік образ жасау тәсілі бар. Бұл тәсілдің көмегімен сапалық ұғымдар бір-бірімен салыстырылып, сол салыстырудың нәтижесінде теңеулік образ жасалады. «Мұндай тіркестер бір нәрсенің екінші бір нәрседен артық, не кем екенін көрсету үшін өздері «сұранып тұрады» [5]. Мысалы, «-Ай, осы ауылнайды иттің етінен жек көремін, – деп Сандыбай шоқпар таяғына таянып тұра бастады (О.Ә., 71-б.). Бұл мысалда есім тұрақты теңеу түрінде қолданылған.

Синонимдік, антонимдік теңеулер сатирада қолданылатын ұтымды тәсіл. Қазақ сатирасының тілінде толып жатқан ұғымдарды сипаттайтын тұрақты теңеулердің синонимдік қатарлары баршылық. Солардың бірі- ірілік, кесектік ұғымына қарама-қарсы ұсақтық ұғымы. *Биттей, титтей, құрттай, құртақандай* т.б. образдары. Бұлар – өздерінің семантикалық табиғаты жағынан ірілік, кесектік ұғымын сипаттайтын теңеулік образдардың антонимдері. Ірілік образдары сияқты бұлардың да сықақ мағыналы қыртыстары, стильдік иіндері, эмоциялық әсерлері әр қилы. Мысалы, - Неге болмасын: түйедей қыз беріп, түймедей ет жемедім (О.Ә., 351-б.).

Егер «түйедей қыз» дегеннің орнына «сиырдай қыз», «қолақпандай қыз», «дардай қыз» деп қолдансақ, теңеудің жалпы мағынасы ойсырай да қоймайды. Бірақ бұдан оның гармониясы бұзылып, үні өзгереді, эмоциялық бояуы оңып, экспрессивті әсері мейілінше әлсірейді. Өйткені, бұл теңеудегі «түйедей» және «түймедей» образдары – үлкендік пен кішілік ұғымдарының қазақ тілінде ежелден қалыптасқан образдары. Бұл екеуі – бір-біріне қарама-қарсы қойылып айтылатын, тілде әбден қалыптасқан антонимдік образдар. Сонымен қатар бұл екеуі бір-бірімен дыбыстық жағынан үндесіп, аллитерациялық қатынаста тұр. Сол себепті де «түйедей»-дің орнына жоғарыда көрсеткен образдардың бірін қойсақ, онда бұл үндестік, бұл қатынас бұзылар еді.

Сықақ жанрында теңеудің «тәрізді», «сияқты», секілді», «ұқсас» көмекші сөздері арқылы жасалу тәсілі бар. Мысалы, 1. Бір кезде шырадай жанып тұратын жап-жас жанар қайда, ішіне жете алмай қансырап өлген суырдың көзін көр де, Дүрімбайдың көзін көр. 2. Күлкі үйіріліп тұратын көркем ерні *жидігентеріге ұқсас* (О.Ә., 67-б.). 3. Мұрын деген-бюрократтардың өзге заттардың барлығынан жоғары ұстайтын *ашамай сықылды* бір жабдығы (О.Ә., 71-б.).

Тілімізде теңеу жасаудың басқа да қосалқа амалдарын байқауға болады. Мысалы, Дәрігерім сүзеген сиыр *көзденіп* қарайды. Құлақ деген бастың екі жағында қалқайған пішіндес пельмен шеміршек (О.Ә., 48-б.).

Сатиралық шығармаларда сықақ мағыналы болымсыз теңеулер тобы қолданылады. Олардың өздеріне тән жасалу әдістері, стильдік мақсаты, қолданылу заңдылықтары бар. «Сырт қарағанда, бұл теңеулердің образдары предметтегі ойға қарама-қарсы сияқты болып көрінгенмен, болымсыздық мағынаның көмегімен, керісінше, сол предметтегі ойды айқындай, саралай түседі» [5]. Мысалы, «Өзі бұрыннан құрсақты молда іші кеңіген сайын, айы жақындаған әйелдей айналып отыра алмай, тек сүйретіліп отыр» (О.Ә., 314-б.). Мұнда болымсыз теңеу **-ма** жұрнағы көмегімен пайда болған.

Сықақ мағыналы синонимдік теңеулер мен антонимдік теңеулер көркем әдебиет тілінің баю үстінде екендігінің көрсеткіші болса керек. Теңеулердің табиғатын толық ашу үшін оларды өздеріне ұқсас тілдік құбылыстармен қарым-қатынаста зерттеудің теориялық және әдістемелік мәні зор.

Образды айқындап, оны әр қырынан танытып, өрісін кеңейтетін көріктеу құралын әдебиеттану ілімінде **эпитет** деп атайтынын білеміз. Эпитеттер кездейсоқ қолданылмайды, суреттеліп отырған жайдың мәнін аша түсу үшін пайдаланылады да, әсіресе, кейіпкердің портретін жасаудағы қызметі айрықша. Олар кейіпкерлердің сын-сипатын бейнелей отырып, оның мінезіндегі ерекше бір жайды, жағымды-жағымсыз қасиетін не әлеуметтік иерархияда алар орнын дәл байқатады.

Жалпы эпитетті А. Байтұрсынов «көркейтеу, көркейте анықтау», З. Қабдолов «айқындау», Қ. Жұмалиев пен Р. Сыздық «эпитет» деп атаған. «Тіл көрнекі болу үшін дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сапа-саңылауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек. Қалыпты түріндегі сөз ондай дәрежеге жету үшін түрлі әдістер істеледі» [6, 320 б.]. «Эпитет – адамның, заттың, құбылыстың бір белгісін: сырын, сипатын, қасиетін атап көрсететін сөз, бірақ осы қызметте келетін жай анықтауыш сөзден эпитеттің айырмасы бар. Жай анықтауыш заттың, құбылыстың, адамның өзіне тән қалыпты сынын (белгісін, қасиетін, түрін,

түсін т.б.) білдірсе, эпитет өзі атайтын белгіні бейнелеп (образдап) көрсетеді; өйткені бұл белгі сол заттың, адамның, құбылыстың табиғи, қалыпты белгісі емес». «Эпитеттер тұрақты, тұрақсыз немесе тавтологиялық (үйреншікті, көп қайталанатын) және метафоралық, синкреттік деп бөлінеді. Тілдердің қай-қайсысында да бір нәрсенің (адамның, заттың, құбылыстың, ұғымның) белгілерін бейнелеп, әсерлі түрде атайтын әрі сол атаумен үнемі бірге қолданылатын эпитеттер болады. Олардың көбі өздерінің тура мағынасында келеді, бірақ анықтап тұрған сөзімен тіркесіп, белгілі бір образ үшін жұмсалады. Атап айтқанда, образдың эстетикалық зонасында оның өзіне тән анықтамасы болады. Бұлар тұрақты, тавтологиялық эпитеттер болып саналады» [7, 19 б.].

Сықақ жанрында көріктеуіш тәсілдердің ішінде эпитеттің алатын орны ерекше екенін мамандар ерте байқаған. Эпитет жеке сөз, жеке сөз тіркестерінде кездесе береді. Автор көбінесе жағымсыз образдарды айқындау үшін, эпитеттерді кеңінен қолданады.

Шығармада эпитет анықтап тұрған сөзімен тіркесіп, образды одан сайын ажарландырып, оқырман сезіміне ерекше әсер беретін тіркеске айналады. Сатиралық кейіпкерлердің әрқайсысының мазмұн-сапасын ашып тұратын тұрақты эпитеттер болады: «Қаратасты балқытатын Жаманқара, Қарақожалақ Майлыбас, аш арыстандай ақырған Айбалта, секпіл бет шофер, қызыл молда, кетік шал, бүкір кемпір» дегендегі эпитеттер сабаздардың ішкі-сыртқы сапасынан хабар береді».

Әдетте қаламгер жағымсыз кейіпкерлердің мінезін айқындауда, эпитет үстіне эпитет қосып, ойды нақтылай көрсетеді. Осы тұрғыдан келгенде, жазушы-ақынның қай-қайсысы да эпитетті көркемдік белгілердің константты (тұрақты) жиынын да, өз қаламынан туған авторлы түрлерін де пайдаланады. Мысалы, 1. *...азайын деген адам бүгін кекілін, ертең бұрымын кеседі, ышқырын қынап, балақты тонайды. Шошаңдаған қолдар, сумаңдаған тілдер, ақшаңдаған көздер.* 2. *Сақалы сапсиган шалдар таяқтарына сүйеніп, ербиіп, есіктерінің алдына шықты. Шүйделі желке, шермиген қарындар да термен быршып, кештің самал-салқынына шығып бойларын жазған сияқты болды...* 3. *Ортадағы қоңыр төбел үйден төрт-бес жігіт самсап шыға келді...* 4. *... - Қазақ баласы бұл күнге шейін солдат болып көрген жоқ. Енді бүгін мал орнына айдалып соғыс табанына бара қоймас, мұны да болыс ойласын! – деп, сирек сақалды, жалпақ қара кісі қамшымен жерді бірер нұқып қойды.* 5. *... Иманберді де, Бөлкебай да бұл сөйлеушіге жалт қарады, үсті-басы жалба-жұлба еңгезердей сұр жігіт үйге арқасын сүйеп, бұлардың әңгімесін тындап тұр екен.*

Алынған мысалдарда адам образы, тұлғасы автордың қаламынан туған эпитеттер арқылы анық көрсетілген. Яғни, кейіпкер портретін, мінез-құлқын жан-жақты айқындап беруде қолданылған эпитеттер адамның түр-түсі мен мүшелеріне, пайдаланатын бұйымдарына ұнамсыз сыық, сұрқай, сықпыт беріп тұр. Қол мен тілге, көз бен бет-пішінге берілген өткір эпитет арқылы образ сықақталған. Айталық, байсалды қимылдап, сабырмен іс тындыратын қолдың шошаңдап кетуінің өзі әсерлі.

Кейіпкерлердің келбеті біркелкі қалыпқа түскен, жауыр болған эпитеттер арқылы емес, бірін-бірі қайталамайтын белгілерімен дараланады. Мысалы: *...Сол ербиген шаштың* астында бір елідей маңдайдың мезіреті байқалады. Маңдай жүрген жерде көз жүретіні, сірә, белгілі. Бейтаныс қонақтың екі көзі *қаз-қатар қадаған екі кішкене мүйіз түйме секілді* еді. Ағы да көрінбейді, қызылы да көрінбейді, майлап қойғандай, бір қалыпты жылтырайды. Кішкене бетке зорлық жасамай-ақ қояйын деп *ұяла біткен тәмпиш мұрынның* астында айналасы *оншақты қылтанақтан аспайтын кішкене мұрт* едірейеді. Мұнда портрет мысқылды әуенмен келетін күрделі эпитеттерден жасалған.

Кейіпкер портретін, сын-сипатын бейнелеуде эпитеттің жүгі ерекше. Сатиралық кейіпкердің түр-тұлғасын тереңдеп, мысқылдап, айқындап беруде эпитет зор рөл атқаратынын қайталап айтуға тура келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры және стилі. – Алматы, 1983. – 250 бет.
2. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 бет.
3. Қабышев Ғ. «...Изация». – Алматы, 2005. – 283 бет.
4. Байтұрсынұлы А. Шығамалар. – Алматы, 1989. – 292 бет.
5. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы, 1988. – 192 бет.
6. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы, 1960. – 214 бет.
7. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991. – 285 бет.

УДК 82-2(574)

МИФИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ КАК ФОРМА МИРОПОНИМАНИЯ КАЗАХСКОГО ЭТНОСА

Амангелдиева Г., студент
ОП «Русский язык и литература
в школах с нерусским языком обучения»

gizamangedi@gmail.com

Умарова Г. С.,
науч.рук.,к.ф.н., доцент
ЗКУ им.М.Утемисова,
г.Уральск, РК
umarova_1959@mail.ru

Аннотация. Статья содержит толкование понятий «миф», «мифология». Излагаются некоторые результаты исследований проблемы по мифической модели как формы миропонимания казахского этноса. Исследование отражает основные положения научных трудов казахского ученого в области мифологии, а также культуролога З.Наурызбаевой.

Ключевые слова: казахский этнос, миропонимание, миф, мифическая модель.

Annotation. The article contains an interpretation of the concepts of "myth" and "mythology". Some results of research on the problem of the mythical model as a form of worldview of the Kazakh ethnic group are presented. The study reflects the main provisions of the scientific works of the Kazakh scientist in the field of mythology, as well as the culturologist Z.Naurzbayeva.

Keywords: Kazakh ethnos, worldview, myth, mythical model.

Обратимся к толкованию термина «миф». Понятие «миф» пришло в литературоведческую науку с греческого языка: «*mythos*» обозначает «сказание, предание». Миф как повествование о богах, духах, героях, отражающее донаучные представления людей о мире, – объясняет автор учебника по теории литературы Э.Я.Фесенко. Ею подчеркивается, что полнее всего до наших дней дошли древнегреческие мифы, а сведений о древнерусских мифах очень мало, но отдельные их образы отразились в сказках, былинах [1].

Миф (от греч. *mythos*–слово, речь) в двух значениях дается С.П.Белокурова в «Словаре литературоведческих терминов» следующим образом:

1) Древнее народное сказание о богах и легендарных героях, о происхождении мира и жизни на земле, передающее представления людей о мире и месте человека в нем; создание коллективной общенародной фантазии, обобщённо отражающее действительность в виде конкретных персонификаций и одушевлённых существ, которые мыслятся первобытным сознанием как вполне реальные. В дальнейшем мифы, их мотивы и образы часто служили источником для произведений изобразительного искусства и художественной литературы (вплоть до настоящего времени).

2) Определённое представление о мире, воплощенное в отвлечённых сюжетах и образах. Образом может служить образ Прекрасной Дамы в поэзии А. Блока [2] как символ новой наступающей жизни.

Древнейшее сказание, являющееся неосознанно-художественным повествованием о важных, часто загадочных для древнего человека природных, физиологических и социальных явлениях, происхождении мира, загадке рождения человека и происхождении человечества, подвигах богов, царей и героев, об их сражениях и трагедиях, значение греческого слова «mythos» как предание, миф, – объясняет А.Н.Николюкин, автор «Литературной энциклопедии терминов и понятий» [3,561].

Мифология – это главный из ключей, отворяющих дверь в заветный мир для вернувшегося домой странника. Мифология – это возможность прочесть утраченные страницы прошлого, вспомнить былой Дух, Сакральность, Нравственную сущность, Миросоприятие... Миф – это не досужий вымысел, а отзвук той правды, которой жили наши далекие предки. Мифология – это не памятник лжи сознательному искажению прошлого, это старинная витая камча, в которой многократно свёрнутая истина переплелась с невольными ошибками и заблуждениями, а потому стала незаметной, – читаем рассуждения по нашей теме исследования у известного казахского ученого в области мифологии Серикбол Кондыбай (1968-2004), в его книге «Мифология предказахов» [4,10]. С.Кондыбай – автор уникальных исследований по мифологии «Введение в казахскую мифологию» (1999), «Казахская степь и германские боги» (2000), «Есен-казах» (2002), «Гиперборея: история эпохи сновидений» (2003), «Книга воинского духа» (2006), «Казахская мифология. Краткий словарь» (2005) и многие другие труды.

На вопрос: Как можно правильно прочитать мифологию, чтобы понять историю казахского народа?, культуролог Зира Наурызбаева отвечает, что мифы – это отражение менталитета, через которую можно реконструировать древнейшие пласты истории, не отраженные ни в какой литературе. Этим занимался знаменитый востоковед Юрий Зуев, Серикбол Кондыбай независимо друг от друга. В частности, когда в средние века в казахскую Степь приезжали путешественники, они описывали ее со стороны, как представители иной культуры, где-то они могли неправильно понять, истолковать. Ведь и переводчиков на нашем современном уровне тогда и не было. А мифы отражают историю и быт народа.

Почему у казахов все антагонистские образы женщины? У индоевропейцев хозяева природы – мужчины, громовержец Зевс, Тор и т.п. А у тюркских народов хозяевами стихии являются старухи. Так, у туркмен старуха Громовница, у казахов – «Кемпірқосак». Такова особенность прототюркской и тюркской мифологии, матриархальный характер которой прекрасно показал С.Кондыбай. Тюрки – охотники, скотоводы и воины – поклонялись своим матерям [5].

Получается у казахского народа было очень много мифологических женских персонажей и когда у какого-то народа появляется новая религия, герои и боги старой религии превращаются в нечисть. Соответственно все эти женские персонажи, которые олицетворяли стихии, природные явления превратились в нечисть.

Во время расцвета матриархата среди демонов выделяются образы, обладающие женскими чертами, они обобщаются в образе Великих матерей или Богинь-матерей. В

мифологических традициях большинства народов мира есть мифологический персонаж Богиня-мать (Великая мать, Мать богов).

Богиня-мать – древний образ, в узком смысле соотносимый с Землей, в широком смысле – с женским творческим началом в природе. Этот образ можно было бы называть также Мать-земля, Мать-вода, т.к. в каждой мифологической традиции этот образ имеет множество названий и разновидностей. Тем не менее, на образно-функциональном уровне можно заметить, что все эти варианты восходят к одному первоначальному образу[6].

Архетипы и архесюжеты казахских сказок. Профессионально реконструкцией мифологических сюжетов первым системно занялся Серикбол Кондыбай. У него есть очень интересные сюжеты мифов. Он вывел несколько сказок со схожими сюжетами, где детали распались и соединил их воедино. Например, сюжет о первом охотнике. Это начало сказки о Жезтырнаке[7].

Сказка о калекях. Младший сын в семье очень удачливый, герой. Прославленный батыр, находит себе и своим братьям жен, но его жена красивее. Братья начинают ревновать и привязывают в косяке юрты его саблю, потому что его единственное уязвимое место – это его ноги. А срезать ему ноги можно только его собственным оружием. Они, привязав ночью на косяке саблю, кричат снаружи «Аттан! Аттан!». Батыр выбегает сонный и ему отрубают ногу. Братья после этого прекочевывают, забирают жену. Жена очень преданная, успевает спрятать для мужа еду и оружия. Так выживает главный герой. Потом он находит безрукого человека, они начинают охотиться вместе: безногий сидит на спине безрукого и они охотятся. Позже они находят слепого, начинают уже втроем охотиться. Затем они похищают одну девушку и она начинает жить с ними в качестве их сестренки. Однажды девушка не уследила и потушила огонь. Не дождавшись братьев, она пошла искать огонь. Увидела вдали мелкающий огонек и встретила за костром «жалмауыз». Она взамен высосала у девушки кровь и начала преследовать ее. Увидев состояние своей сестренки, калекинапали на «жалмауыз» и победили. «Жалмауыз» просила не убивать ее, а взамен предлагала исцелить всех.

